

ОРАЗОВ НҰРҒАЛИ

АҚ ҰЛПА

*Балалар мен жасөспірімдерге арналған
хикаяттар мен әңгімелер*



Алматы
2022

УДК 821.512.122-93

ББК 84 (5Қаз)

О-65

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

О-65

Оразов Н.

Ақ ұлпа: Балалар мен жасөспірімдерге арналған хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: «Асыл сөз» баспасы ЖШС, 2022. – 336 бет.

ISBN 978-601-80713-8-6

Халықаралық «Алаш» және Махмұт Қашқари атындағы сыйлықтардың лауреаты, жазушы, драматург Нұрғали Оразовтың бұл жинағына балалар мен жасөспірімдерге арналған хикаяттары мен әңгімелері топтастырылған. Мұндағы шығармалардың оқиғасы қызықты, тілі көркем, ең бастысы, айтар ойы мәнді, маңызды. Сондықтан да жас оқырман сүйіп оқитын жақсы кітап екендігіне сеніміміз кәміл.

УДК 821.512.122-93

ББК 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-80713-8-6

© Оразов Н., 2022

© «Асыл сөз» баспасы ЖШС, 2022



АҚ ҰЛПА

(Сегізінші сыныптың оқушысы Саянның күнделігінен)

Сіз қалай ойлайсыз?..

Меніңше, алғашқы махаббат – алғашқы жауған қарға ұқсайды.

«Неге?» дейсіз бе?..

Мысалы... Қоңыр күздің аяқталып қалғанын білесіз. Қыр астында қылышын сүйретіп қыс келе жатыр. Көп ұзамай-ақ аспаннан қылаулап ақша қар – алғашқы қар жауады. Бірақ оның дәл қай күні, қай мезетте басталатынын ешкім де білмейді.

Міне, махаббат та тап сондай жұмбақ құбылыс. Мысалы... Биыл біздің жасымыз он алтыға толады. Бойымыз да, ойымыз да күн санап өсіп, есейіп келеміз. Сондықтан да біз енді «балалық-шалалық» деген сияқты көңіл толмас, келеңсіз қылықтардан бірте-бірте аулақ болуымыз керек.

Ендеше, алдағы күндерде бізді де бір тамаша, тәтті шақтың – «махаббат қызық, мол жылдардың» күтіп тұрғаны анық емес пе. Бірақ... Бірақ сол бір ғажайып, сиқырлы сәттің қашан, дәл қай күні туатыны, әрине, белгісіз.

8 қараша 2008 жыл.

Қызық сабақ. Періште қыз. Терезенің ар жағындағы тіршілік

Бүгін біздің Мәнсия апай ауырып қалыпты. Сондықтан да әдебиет сабағында Бегасыл ағай «а» сыныбы мен «б» сыныбын қосып, екі сыныпқа бір-ақ сабақ өткізді.

– Ой, ағай, біз физикаға дайындалып келгенбіз! Әдебиет сабағының болатынын білгеніміз жоқ, – деп шулағанмызға қарамай, қабағын қарс түйіп алған күйі қолын бір-ақ сілтеді.

Бұл сабақ сондай күлкілі, қызықты болып өтті. Екі сыныптағы алпыс шақты оқушының күбір-сыбыры мен дабыр-дүбірі бар ғой, шын мәнінде, біздің күнделікті құлағымыз үйренген ушудан мүлде басқа, мүлде күшті, тап бір үлкен мерекедегі ұлы дүбір сияқты еді.

Тақтаға шығып, сабақ айтып тұрған баланың даусы ешкімге естілмейді. Көзі бақырайып, аузы ғана жыбырлайды. Содан соң, енді қайттым дегендей, ауық-ауық жалтақтап, Бегасыл ағайға қарай береді.

Кенет арт жақтағы партадан шу шықты. Біздің сыныптың әйгілі Бобчинскийі мен Добчинскийі – Төретай мен Бөлетай әлденеге келісе алмай, қызылкенірдек болып, ұрысып-таласып жатыр.

– Әй, не болды сендерге?! Тоқтатындар! – деп зекірген Бегасыл ағай бір аяғын сылти басып олардың жанына жеткенше, екеуі бір-бірінің жағасына жармасып та үлгерді.

Сыныптың іші у-шу. Балалар екеуінің алысып-жұлысқанын қызық көріп, тап бір көшеде ит таластырғандай бір-біріне қарай айтақтап, мез болып жатыр. Оларға, әрине, осындай бір оқыс оқиғаның болғаны керек, әдебиет сабағының дәл осылай айқай-шумен өте шыққаны керек. Бірақ Бегасыл ағайдың да кеудесінде жан бар емес пе, әлгі екеуінің құлағынан шап беріп ұстап алды да, тақтаның алдына дедектетіп сүйреп әкелді. Содан соң ашуға булығып, екі беті кып-қызыл болып:

– Қане, шығындар сыныптан! – деп, сұқ саусағымен есік жақты нұсқады.

Міне, тап осы сәтте мен мынау даңғаз, у-шуға түк те мән бермей, терезеден сыртқа қарап, өзімен-өзі ойға шомып отырған «а» сыныбының әдемі бір оқушысын көрдім. Ол – Гүлжанат еді. Мен оны көрдім де, таң қалдым.

Оның сондай сұлу да сабырлы, балғын да алаңсыз жүзі және сондай бір ұқыпты қолмен өрілген жіңішке бұрымы тап бір сикырлы қаламмен салынған таңғажайып сурет сияқты еді.

Оны мынау Төретай мен Бөлетай – Бобчинский мен Добчинский қызылшеке боп айқасып, бірін-бірі жағадан алып жатқан жалған дүние мүлде қызықтырмайтын секілді. Жер бетіндегі біз сияқты пенделермен мүлде ісі жоқ, бейкүнә, сұлу періште іспетті.

Сыңғырлап қоңырау соғылды. Мен одан көзімді алмай, сыртынан бақылап, өз орнымда қозғалмай отыра бердім. Ол болса,

алдындағы кітап-дәптерін асықпай жинап, сөмкесіне салды. Қасында отырған құрбысына қарап, сыпайы ғана жымып, орнынан тұрды. Бірде-бір артық қимыл жасаған жоқ. Тіпті жан-жағына көз салып, қарамады да. Бойын тіп-тіке ұстаған қалпы, ешқайда бұрылмай, есікке қарай беттеді.

Оқушылар у-шу болып сыныптан шығып кеткен соң мен әлгі періште қыз отырған партаға келіп отырдым. Содан соң терезеден үңіліп сыртқа қарадым.

Сол баяғы аула. Сол баяғы қараағаштар. Соңғы жапырақтарымен қоштасып, жаңбырдан соң әлі кеуіп үлгермеген қара жер мен суыра соққан қара желге тапсырып жатыр. Бегасыл ағай мана сабақтан қуып жіберген Бобчинский мен Добчинский қайта татуласып, түк болмағандай аулада қуаласпақ ойнап жүр. Мен еріксіз езу тартып, басымды шайқадым.

Ол екеуінің Бобчинский, Добчинский атанып кетуіне бірден-бір себепкер болған кісі – орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Нағима апай еді. Өткен жылы, бірінші мамыр мерекесі күні біз мектеп сахнасында әлем әдебиетінің клас-сигі Н.В. Гогольдің «Ревизорын» қойған болатынбыз. Сол кезде Нағима апай әрқайсымыздың түр-түсімізге, мінез-құлқымызға қарай роль бөліп берген. Дуанбасы болып – Сәду, Хлестаков болып – Арман, дуанбасының қызы болып Бибі ойнады.

Ең қызығы, Бобчинский мен Добчинский бейнесін сомдауға келгенде, осы Төретай мен Бөлетайдың оларға сойып қаптап қойғандай ұқсас болып шыға келгені еді.

10 қараша 2008 жыл.

Шолақ көшедегі әдемі үй. Мойнымды созып қарай беремін

Олардың үйі ауылдың күн шығыс жақ бетіндегі шолақ көшеде. Мүмкін менің бұл сөзім сіздің құлағыңызға біртүрлі ерсілеу естілетін болар. Бірақ ол көшенің дәл осылай аталуына менің түк те қатысым жоқ.

Бар мәселе біздің ауылдың сыртындағы ұшы-қиырына көз жетпейтін боз даланың бір шетінен жаңа көшенің енді бастала беріп, төрт-бес үй салынғаннан кейін-ақ тоқтап, үзіліп қалғандығында.

Өзі бір қызық көше. Алыстан қарағанда биік шатырлы ақ шаңқан жаңа үйлер боз далаға келіп қонған бір топ аққу-қазға ұқсайды. Ол жаққа бару үшін біздің ауылдың екі шетін жалғап жатқан күре жолдан әдейі бұрылып, аумағы ат шаптырымдай ашық алаңқайдан өткен адам бірден көзге түседі. Оның үстіне... Ол жақта өңшең ауыл басшыларының, оның ішінде мектеп директорының да үйі тұрады.

Шолақ көшенің басынан санағандағы үшінші үйдің қызыл түнике шатыры, жасыл қақпасы, қора-шарбағы – бәрі де менің көзіме ыстық көрінеді. Өйткені онда Гүлжанат тұрады ғой.

Мен оны қазір алыстан болса да бір көріп қалуға ынтығып, шолақ көше жаққа қарап мойнымды созып қарай беремін.

12 қараша 2008 жыл.

Жұмбақ дауыс. Мені ұялтқан кім?..

Енді не істесем екен?..

Мектептен қайтқанда Гүлжанатты үйіне дейін шығарып салсам ғой, шіркін. Бірақ... Өкінішке қарай, ол екеуміздің жолымыз екі бөлек. Шолақ көше қайда, біздің үй қайда-а?! Біреуі – ауылдың батысында, енді біреуі – шығысында. Оның үстіне, өз үйіңе қарай баратын түп-тура жолдан тапа-тал түсте бұрылып, басқа сыныптың қызын шығарып салу дегенің – мектептен қайтып келе жатқан бір топ баланың көз алдында минаға түсіп, жарылып өлгенмен бірдей.

Бүкіл оқушының, әсіресе, өзіміздің сыныптың күлегеш қыздары мен қит етсең болды, келеке-мазақ етуге дайын тұратын балалардың алдында ондай әбес қылық жасауға әсте болмайды.

Бәлкім, түстен кейін шолақ көше жаққа «аса маңызды» бір шаруамен барып қайтқаным жөн шығар. Бірақ... Қандай шаруамен?!.. Міне, гәп қайда!

Осы бір жерде ептеп тосылғандай боламын. Өйтсе де мен үшін дәл қазір Гүлжанатты алыстан болса да бір көріп, көңілімді демдеп қайтудан артық қандай маңызды шаруа болуы мүмкін.

Ал, кеттім!!!

Апам ақ кесеге құйып, мен ішсін деп дайындап қойған бір кесе қою айранды бір үзім нанмен апыл-ғұпыл іше салып, асығып-үсігіп сыртқа ұмтылғанмын. Кенет... Ақыл-санамның ба,



жоқ әлде, жан дүниемнің бе, алы-ы-ыс түкпірінен шыққан бір жұмбақ дауысты естідім.

«Қайда барасың?» – деді ол мені есік алдында қалт тоқтатып. Селк ете түстім.

«Шолақ көше жаққа...» – дедім ақырын ғана күбірлеп.

«Гүлжанаттың үйіне ме?!»

«Иә».

«Ол жаққа сен мынау кір-қожалақ түріңмен ұялмай қалай бармақсың?!»

Мен үндемей, тосылып қалдым. Содан соң өзімнің үсті-басыма қарадым. Кәдімгі күнделікті ойынға киіп жүрген жейдем мен шалбарым, шынында да, саппақ-саппақ екен. Оп-па! Бұған қалай мән бермегенмін, ей?! Тапа тал түсте тоғайдан шыға келген құбыжық сияқты мынау маскара түріммен Гүлжанаттың көзіне қалай түспекпін?! Ұят-ай!

Жүгіріп барып, дәлізде ілулі тұрған киім шөткені дереу қолыма алдым. Көптен бері үтік көрмеген қара шалбарымды әбден ысқылап, қағып-сілкіп тазартқан болып жатырмын. Содан соң төргі үйдегі сандықты ақтарып, басқа бір таза жейдемді іздедім.

Айнаның алдына келіп, өзімнің ұсқыныма үңіліп, олай-былай қараймын. Кекілім жалбырап, онсыз да сығырайып, әрең ашылып тұрған көзімді жауып қалыпты. Келте мұрным тәмпиіп, ернім дүрдиіп... сондай бір ұсқынсыз болып көрінемін. Екі қолым торлама қауынның қабығы сияқты тор-тор болып, жарылып кетіпті.

Жо-жоқ! Бүйтіп, бейшара құсап, азып-тозып шолақ көше жаққа қалай бармақпын?! Бүгіннен бастап өзімді-өзім тәртіпке келтіріп, апам айтқандай, адам қатарына қосылмасам болмас, сірә!

Шолақ көше жаққа содан кейін барармын...

14 қараша 2008 жыл.

**Міне, жігіт! Шаштаразға емес,
театрға келген сияқты**

Біздің ауылдың ортасында алақандай базар бар. Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге керекті ұсақ-түйек нәрсенің бәрі осында сатылады. Сондай-ақ әртүрлі әжет-қажетімізге жарап тұрған

үлкенді-кішілі дүңгіршектер де осы базардың айналасында. Етігің жырттылып қалса, шалбарыңның балағын қысқартпақ болсаң, иә болмаса, шашыңды алдырамын десең, әрине, осында – базарға келесің.

Міне, мен бүгін шаштараздың есігін қағып тұрмын. Іштен: «Кіре бер, есік ашық!» деген көңілді дауыс естілді.

Бәкене бойлы, тығыншықтай, тақыр бас шаштараз ағамыз қойлы ауылдан келген жуан денелі, мұрны қолағаштай бір атайдың сақал-мұрттын басып жатыр екен.

– Иә, бала? – деді маған көзінің қиығымен қарап.

– Шашымды алдырсам ба деп едім...

– Ой, азамат! Шаш алдыратын болсаң, төрге шық! Қазір мынау атаңның бетіндегі қыл-қыбырын қырып тастаймын да, сенің басыңа кірісемін.

Көзін жұмып, тас мүсін сияқты тапжылмай отырған атай оның бұл сөзіне әуелі жымысып, күлмек болды да ұстараның жүзінен қаймығып, езуін жиып ала қойды.

– Иә, сөйтіп, Балтабай құдаңыздың тойына барады екенсіз ғой, – деді шаштараз оған қарап, жаңа мен кірген кезде үзілген әңгімесін қайта жалғап. – Дү-ре-е-ес! Ондай-ондай сыйлы, құрметті кісілер келетін жерге әрине, шашты алдырып, сақал-мұртты бастырып барған жөн. Реті кеп жатса, мынау мойын мен қойынға былай-былай әтір сеуіп алыңыз. Үйбай-ау, құда-құдағи дегеніңіз үйіне барғанда күліп қарсы алғанымен, қашан ауылға қайтып кеткеніңізше сынап отырады ғой. Ой-ой!.. Басыңызды қимылдатпаңыз! Қимылдатпаңыз, байеке!.. Менің қолымдағы мына ұстара қылпып тұр, қылпып тұр!

Шаштараздың бос сөзін одан ары қарай тыңдағым келмей, терезенің алдындағы үшбұрышты кішкентай үстелдің үстінде жатқан ескі журналға көз салдым. Киім киюдің, шаш киюдың әртүрлі сәндік үлгілерін көрсететін түрлі түсті суреттері бар екен. Шаштаразға келген талай кісінің осы журналмен «сауатын ашқаны» әбден жұлым-жұлым болып, жырттыла бастаған беттерінен көрініп-ақ тұр. Қасы-көзі қиылған сұлу қыз-келіншектер мен сымбатты жігіттердің көпшілік жұртқа жарқыратып көрсету үшін киген сәнді киімдері тойдан сілесі қатқанша тойып шығып, бұраңдап мас болып келе жатқан Әбзәкір көкемнің кәстөм-шалбары құсап мыж-тыж болып қалыпты.

– Әп-бәрекелді! – деді бір кезде шаштараз алдында отырған мұрны қолағаштай атайды енді ғана танығандай, екі қолын бір-

біріне сарт еткізіп соғып, – Міне енді, құда болып барсаңыз да, күйеу болып барсаңыз да, құшағын жайып қарсы алатын жұрт: «Паһ, мынау қандай жігіт!» деп, таңдайын қағып, таң қалатын болды. Әне, қараңыз айнаға! Қатып кетті!

Атай цирктегі аю секілді орнынан қорбандап тұрып, қабырғадағы айнаға қарап, бет-аузын сипап:

– Ой, айналайын, – деді шаштаразға риза болып. – Көп жаса! Бала-шағаңның қызығын көр. Артық-ауыс қыл-қыбырдан құтылып, бетім жүдә тазарып қалды ғой!

– Оу! – деді осы кезде шаштараз ағай, сахнада ойнап тұрған артист секілді екі қолын екі жаққа жайып жіберіп. – Тазарып қалдым дегенше, жасарып қалдым десеңізші!

– Әй, шаштаразым-ай! – деп атай сылқ-сылқ күлді. – Шаш алып, сақал-мұрт баспай-ақ, әртіс болатын жөнің бар ғой!..

Сөйтті де шаштараздың қолына екі жүз теңге ұстатып, сыртқа шығып кетті.

– Әне, көрдің бе, – деп енді шаштараз маған қарай бұрылды. – Бұл жұрт шашын алдырып, сақал-мұртын бастырған соң, шаштараздан емес, тап бір театрдан шыққандай болады.

Сонсоң ол қолындағы ұстарасын қабырғаға ілінген қайыс белдікке жанып-жанып жіберді де, тап бір менің шашымды емес, басымды алатындай бетіме шұқшия қарап:

– Кел, отыр! – деді.

Мен өткір ұстарадан көзімді алмай, аяғымды имене басып, қара терімен қапталған жалпақ орындыққа отыра кеттім.

– Қалай, мына тікенек шашыңды түгел сыпырамыз ба?

– Жо-жоқ! – Мен басымды шайқадым. – «Молодежный» етіп алыңыз...

– А-а! – деді шаштараз әлденеге қиналғандай көзін жұмып, басын шайқап. – Оның бағасы қымбаттау болады, бала. Білесің бе?

– Білемін ғой. Төлеймін, ағай.

Жалма-жан қалтамадағы бес жүз теңгені алып, қарсы алдымдағы айнаның алдына қойдым.

– Әй, жарайсың, – деді шаштараздың жүзіне күлкі үйіріліп. – Міне, жігіт!

15 қараша 2008 жыл.

Басты жуу керек. Менің құлағым қырман емес

Қалай?..

Шолақ көше жаққа енді ұялмай, қызармай-ақ бара беруге бола ма?..

Үйдегі айнаның алдына келіп, өзіме өзім үңіліп, олай-бұлай қараймын. Кекіл шашы түп-түзу қиылған, дөңгелек жүзді, томпақ бет қараторы бала маған қарап ыржиып күледі. Мен көзімді қыссам, ол да қысады.

Ендеше, есік алдында тұрған Зымыран атты тұлпарға (мен өзімнің белесебетімді осылай атаймын) мінейік те, әйт-шу деп, тартайық!

Табалдырықтан енді аттай бергенім сол еді. «Әй, тоқта!» деген өктем дауыс естілді ішкі дүниемнен.

Қалт тоқтадым. «Иә?.. Не боп қалды тағы да?!»

«Құлағыңды жумапсың ғой!» – деді ол.

«Аа?...» Іші толған шаш, кір...Жалпы, сенің жуынғаның жөн екен!»

«Мәссаған!»

Құлағымды шұқып көрсем, расында да, іші толған шаштың қиқымы. Әй, мынау шаштараз не істеген өзі?! Шашымды алып бер дегенге, соншама... Қырманда бидай суырғандай, қиқымға толтырып жіберіпті ғой.

Енді не істесем екен, а?..

«Басыңды жу!» деді осы кезде іштегі өктем дауыс бұйыра сөйлеп.

Сосын шылапшынға су құйылды, бас жуылды... Қысқасы, шолақ көше жаққа бүгін де бара алмадым.

Иә, айтпақшы, түнде жатарда өзіме-өзім: «Қайыр қылсаң бүтін қыл, Саятжан» дедім де, ертең мектепке киіп баратын кәстөм-шалбарым мен таза жейдемді де жақсылап өтектеп қойдым.

– Құлыным-ау, томпаңдап не істеп жүрсің? Мектепке кәмәсия келейін деп жатыр ма, немене? – деп сұрады апам менің бұл тірлігіме таңғалып.

– Иә, – дедім басымды қайта-қайта шұлғып. – Астанадан келейін деп жатыр!

Әй, апам-ай! Бұл машақат тірліктің мүлде басқа себебі бар екенін енді сізге қалай айтып түсіндірсем екен?! Білмеймін...

17 қараша 2008 жыл.

**Мен үшін бұл соншалықты маңызды емес.
«А» сыныбындағы ең үздік оқушы, әрине, Гүлжанат**

Мен бүгін мектептегі өте тәртіпті баланың бірімін. Үзіліс кезінде әдеттегідей Төретай, Бөлетай секілді сыныптастарыммен алысып-жұлыса кетпей, олардан бойымды аулақ ұстаймын. Сабақты да үн-түнсіз, тып-тыныш отырып тыңдаймын. Бірақ өзімнің ойым басқа жақта қалқып жүреді. Іштей «а» сыныбын ойлап, аландаймын. Иә, Гүлжанат не істеп отыр екен қазір? Тағы да терезеден далаға көз салып, ойға шомып кетті ме?.. Сонда... Не туралы ойлайды екен? Қандай арманы бар?.. Нені (бәлкім, кімді) жақсы көреді?..

Мүмкін, ол қазір тақтаға шығып, сабақ айтып тұрған шығар. Қызық. Гүлжанат үздік оқушы болар-ау. Әлде... Оны қалай білсем екен? Бірақ мен үшін бұл соншалықты маңызды нәрсе емес. Өйткені... Өйткені мен оны жақсы көремін.

Гүлжанатпен бірге «а» сыныбында оқитын Құбаштың үйі біздің көшеде. Кей күндері екеуміз сабаққа бірге барып, бірге қайтамыз. Бүгін мен одан:

– Құбаш, сендердің сыныптарындағы ең үздік оқушылар кімдер? – деп сұрадым.

Ол кірпігін қағып-қағып жіберіп, мұны неге сұрадың дегендей маған таңдана қарады да:

– Ұлдарды айтасың ба, қыздарды ма? – деді.

– Бәрібір емес пе. Жақсы оқушының аты – қашанда жақсы оқушы, – деп жалтардым мен.

– Иә, – деді ол менімен келіскендей болып басын шұлғып. – Мен де жақсы оқуға тырысып жүрмін.

«Түу, ақымақ-ай, маған сенің жақсы оқығаның керек-ақ еді!» деген ой аспандағы найзағайдай жарқ ете түсті менің басымда.

Құбаш соны сезгендей-ақ:

– Біздің сыныптағы е-ең үздік оқушы – Гүлжанат! – деді тап бір балмұздақ жеп тұрғандай тамсанып.

«А, солай ма?» дедім мен іштей қуанып.

20 қараша 2008 жыл.

Алдағы асу. Тұр-пішін, ақыл-парасат және намыс

Әуелде мен де жақсы оқитынмын.

Ол кезде көкем мен апам менің кітапқұмар екенімді, әр сабаққа ынты-шынтымды салып дайындалатынымды үлгі етіп, өзімнен кейінгі інілеріме жыр қылып айтып отыратын. Бірақ кейін сыныптан сыныпқа көшіп, ержете бастағанымда сабаққа деген бұрынғы ынта-ықыласым да, үлгерімім де төмендей берді. Оның себебін дәл қазір өзім де дөп басып, нақты айтып бере алмаймын. Бәлкім, ойынқұмар болып кеткен шығармын, әлде менің бойымдағы қарым-қабілетімнің бар жеткен жері сол ма, кім білсін.

Енді, міне, өзіміздің сыныптағы «үш» алса өкінбейтін, «төрт» алса тоқмейілісмейтін орташалардың жуан ортасындамын. «Бес» деген басы қақиған тәкаппар баға кей-кейде түсіме енетіні болмаса, күнделігіме келіп қонбағалы қа-ша-ан-н!

Ал Гүлжанаттың «а» сыныбындағы ең үздік оқушы екендігі мен үшін қазір алдағы тұрған бір биік белес, асқар асу сияқты болып көрінеді. Өйткені «Тең теңімен, тезек қабымен» деген бар емес пе. Міне, сол бір мәтел сөздің мәнін мына пақырыңыз жап-жақсы-ақ түсінеді.

Ендеше, Гүлжанатпен тең дәрежеде сөйлесіп, аяғымды нық басып жүруім үшін менің оған сыртқы тұр-пішінім ғана емес, ішкі ақыл-парасатым да әбден лайықты болуы керек.

Сондықтан да...

Иә, сондықтан да мен енді барынша жақсы оқуға тиіспін!

Күнде-күнде шолақ көше жаққа қарай мойнымды созып, алыстан көз салып қарайтыным болмаса, әзірге батылым жетіп, Гүлжанатты іздеп баратындай халде емеспін.

Бірақ, біз енді мектепте жиі кездесіп қалатын болдық. Өйткені үлкен үзілістің кезінде мен ылғи да «а» сыныбының алдынан өтуге тырысамын. Және де Гүлжанатпен кездесе қалсам, күлімсіреп, басымды ізеп сәлемдесемін. Ол әуелде маған сәл таңырқап қараушы еді. Кейін өзі де күлімсіреп, жылы қабақ таңытатын болды.

24 қараша 2008 жыл.

Жаңбырдан кейінгі жұпар иіс. Жолда жатқан қойтастар

Біздің ауыл бау-бақша екпейді. Кәдімгі қараағаштың өзі де мұнда сирек кездеседі. Өйткені атам заманнан бері ауыз суға да, ағын суға да аса зәруміз. Ауыл шетіндегі артезиан құдығына орнатылған мотор бұзылып қалған күні үйге суды терең сайдағы тас құдықтан есек арбамен, ат арбамен тасимыз.

Мектептің, кеңсенің, теміржол бекетінің алдындағы азынаулақ қараағаштардың сарғайған жапырақтары күн сайын саудырап түсіп, таусыла бастады. Күн суытып келеді. Кеше сіркіреп салқын жаңбыр жауып еді, ала жаздай аңқасы кеуіп, сор татып жатқан сар даладан дымқыл топырақ пен сарғайған шөптің иісі аңқып қоя берді.

Мен әлі шолақ көше жаққа ат ізін салған жоқпын. Бірақ мынау жаңбырдан кейінгі даланың хош иісі маған сол жақтан келіп жатқандай көрінеді...

Сырттай қарағанда, сыныптастарыммен бірге күнделікті сабаққа үлгеріп, мектепке келіп-кетіп жүргеніммен, өзіміздің сыныптағы үздік оқушылардың қатарынан біртіндеп-біртіндеп қара үзіп, қозыкөш жерде қалып қойғанымды анық сезіне бастадым. Өткен күндердегі әрбір оқылмай қалған сабақ, әрбір орындалмай қалған тапсырма менің алдымнан шыққан үлкен-үлкен қойтастар секілді жолыма кедергі болып, алға қарай бастырмауға тырысады. Әрине, олардың салмағы ауыр. Бірақ мен енді, өз жолымды өзім ашып, алға қарай тоқтаусыз жүре беруім керек.

27 қараша 2008 жыл.

Алғашқы тілдесу. Мен оқымаған кітап. Құбаштың өкпесі

Бүгін мен ойламаған жерден Гүлжанатпен тіл қатысып, сөйлесіп қалдым.

Үлкен үзілістің кезі еді. Әдеттегідей «а» сыныбының алдынан өтіп бара жатқанмын. Кенет... Иә, кенет Гүлжанаттың қарсы алдымнан шыға келмесі бар ма.

– Сәламатсың ба, – дедім мен басымды изеп.

– Сәлем, – деді ол күлімсіреп.

– І-і... Гүлжанат, сендерге қазір қандай сабақ болады?

– Орыс әдебиеті.

– Қандай тақырыпты өтіп жатырсыңдар?

Япыр-ай, мен емес, менің ішімдегі бір жұмбақ дауыс тіл қатып тұрған сияқты.

– Чеховтың шығармаларына келіп тоқтадық, – деді ол. – Кеше «Шенеуніктің өлімін» оқыдық.

– О-о, – дедім мен таңғалғандай кейіп танытып. – Сен әдеби шығармаларды көп оқитын шығарсың?

– Иә, оқимын ғой, – деді ол екі бетінің ұшы сәл қызара түсіп. – Таяуда ғана «Шұғаның белгісін» оқыдым. Маған қатты ұнады.

Мен осы жерде тілімді тістеп, не айтарымды білмей қалдым. Өйткені бұл шығарманы мүлде оқымаған едім. Енді, міне, сол үшін қатты өкініп қалдым. «Қап, әттеген-ай, «Шұғаның белгісін» оқығанымда ғой, Гүлжанат екеуміздің арамыздағы әңгіме бұдан да ары қарай созыла түсер ме еді» деп ойладым. Осы кезде сыныптан жүгіріп шыға келген Құбаштың дәл жанымызға келіп, тұра қалғаны бар емес пе. Содан соң, амал жоқ, Гүлжанат екеуміздің екі жаққа бұрылып кетуімізге тура келді.

Түс ауа мектептен қайтып келе жатқанымда Құбаш менің соңымнан қуып жетті. Қатты жүгіргендіктен ыр-ыр етіп, еңтігіп қалыпты. Маған бір шұғыл хабар жеткізетіндей, танауы делдиіп, көзі бақырайып келеді.

– Не болды соншама? – дедім мен.

– Сендер бүгін не туралы сөйлестіңдер, а?! – деді Құбаш тамағына құрғақ талқан тұрып қалғандай, қақырынып қойып.

– Немене?.. Кіммен?!

– Гүлжанат екеуіңді айтамын да...

«Ал, әйтпесе! Онда сенің шаруаң қанша?!..» Бірақ Құбаш менен көзін алмай, тесірейе қарап, жауап күтіп келеді.

– Жай әншейін, – дедім мен жерге шырт түкіріп. – Орыс әдебиетінен қандай тақырыпты өтіп жатқандарыңды сұрап едім.

Құбаш сәл кідіріп, әлденеге түсінбегендей басын шайқады.

– Оны менен сұрасаң да болатын еді ғой, – деді содан соң маған ренжігендей қабағын түйіп.

– Ой, саған не болды? – деймін оған таңдана қарап. – Сол үшін маған өкпелеп қалдың ба, немене?!

– Кім?! Мен бе?.. – деді ол төмен қарап күмілжіп.

– Иә, сен.

– Мен... мен ешкімге де өкпелеген жоқпын. Жай әншейін, сұрауға болмай ма, не?..

Түкке де түсінбедім. Мынау Құбашқа бүгін не болған өзі?! Тоқта, тоқта... Бұл, бәлкім-м, Гүлжанатты менен қызғанып келе жатқан болар?..

– Құбаш, – дедім біраздан соң оған бұрылып қарап. – Сен «Шұғаның белгісін» оқып па едің?

– Немене? – деді ол, менің сөзімді жөнді ұқпай қалғандай, бетіме бажырая қарап.

– Жай әншейін... Сондай бір қызық кітапты оқыдың ба деп сұрағаным ғой.

– Жоқ, – деді ол басын шайқап. – Оқыған жоқпын. Оны неге сұрадың, а?!

Ал енді Құбаштан құтылып көр!..

28 қараша 2008 жыл.

Гүлжанат та Шұға секілді сұлу, ақылды қыз. Мен қателескен жоқпын

Сабақтан соң мектептің кітапханасына кіріп, «Шұғаның белгісін» сұрадым. Кітапханашы апай менің қолыма қалыңдығы кірпіштей бір қызыл кітапты ұстатты. Оның мұқабасындағы «Бейімбет Майлин. Таңдамалы» деген жазуды оқыған кезде барып, «Шұғаның белгісі» кімнің шығармасы екені есіме түсті. Ұят-ай! Қазақ әдебиетінің классигін білмеу – маскара ғой!..

Құбаш мені аңдып жүрген сияқты. «Қандай кітап алдың?» деп, бір бүйірден шыға келді. Мен оған кітаптың мұқабасын ғана көрсеттім.

«Шұғаның белгісі» – шағын ғана хикая екен. Бас көтермей, бір-ақ күнде оқып шықтым. Қандай ғажап, ә?! Мұндай қызық шығармаға мен бұрын-соңды кездеспеген шығармын, сірә. Аузымның суы құрып, қайта-қайта қайталап, оқи бергім келеді.

Шынымды айтсам бар ғой, Шұғаның бейнесі менің көз алдыма тұп-тура Гүлжанат болып елестейді. Қандай сұлу, қандай ақылды қыз деп таң қаламын. «Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. Аққудың көгілдіріндей осы, аппақ. Үстінде шетін кестелеген ақ көйлек, омырауын түрлі

ілігіштермен безеп тастаған қызыл пүліш қамзол, басында үкі таққан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды одан да жаман жандандырып, құбылдырып тұрды» деген әңгімесінің сөзі Шұғаға ғана емес, Гүлжанатқа да арналып айтылғандай.

Ал Әбдірахманға менің жаным ашиды. Шұғадай сұлудың көңілі қалаған сүйкімді, білімді, өнерлі азамат болса да аңсағанына жете алмай, арманда қалды.

«Жо-жоқ. Біз бақытты болуға тиістіміз!» деймін мен ішімнен күбірлеп.

Өйткені менің Гүлжанаттан көз жазып, өмір бақи мұңға батып, бақытсыз болып қалғым келмейді.

«Сен қателескен жоқсың!» дейді менің ішкі жан дүниемнен шыққан дауыс.

2 желтоқсан 2008 жыл.

Құбаш қайда барады? Қулық. Гүлжанаттың үйіне қалай келді?..

Құбаш маған ренжіп қалған сияқты. Бүгін мектептен бірге қайтқысы келмей, алыстан бұрылып кетті.

«Мәссаған, мынау қайда барады, ей?!»

Өз көзіме өзім сене алмай, оның соңынан қадала қарап, бір орнымда қалшидым да қалдым. Құбаш шолақ көшені бетке алып, маймандап барады. Күре жолдың бойында бір топ қызбен бірге кетіп бара жатқан Гүлжанат құрбыларынан бөлініп, оны күтіп тұр. Құбаш қолын бұлғап, бірдеме деп айқайлайтын сияқты.

Түкке түсінсем бұйырмасын! Бұл не жұмбақ өзі!..

Адамның ойына аяқ астынан «қулық жасасам» деген ой қайдан келе қалады деп ойлаушы едім. Сөйтсем, оған да себеп болатын нәрселер көп екен ғой.

Міне, мен енді жалма-жан Гүлжанаттың үйіне барып, одан «Шұғаның белгісін» сұрамақ болып жиналып жатырмын. Үйге келген бойда үстіме бар жақсымды киіп, шашымды тарап, айнаға қарап, сыланып-сипанып сыртқа шықтым.

Әрине, Гүлжанат менің «Шұғаның белгісін» кітапханадан алып, оқып шыққанымды білмейді. Сондықтан да ол кітапты ешқандай қысылып-қымтырылмай-ақ сұрай беруіме болады. Өзінде бар болса, кітап сөресінен суырып алып, қолыма ұстата

қояр. Ал енді, болмай қалса... Онда тіпті оқасы жоқ. Тым құрыса, әлгі маймақ аяқ Құбаш екеуінің не туралы әңгімелесіп отырғанын біліп қайтармын.

Белесебетіме міне сала зымырап, шолақ көшеге тез-ақ жеттім. Жүрегім дүрс-дүрс соғады. Жасыл қақпаның алдына келген соң, жақтаудағы қоңырауды басуға жүрексініп, қолымды создым да, қайтадан тартып ала қоямын. Ауланың ішінен арпылдап ит үре бастады. Менің қолым дірілдеген сайын оның да даусы үдей түсті. Бір кезде үйдің есігі ашылып, сыртқа қарай шығып келе жатқан қарт әжейдің: «Әй, Алапар, жат енді! О несі-әй, бүкіл даланы басына көтеріп!» деп зекіген даусы естілді. Содан соң ол кісі бері қарай жүрді.

Гүлжанаттың әжесі екен. Басына ақ кимешек салған, ақ сары жүзді кейуана маған жылыұшырай қарап:

– Иә, балам, кел, – деді.

– Амансыз ба, әжей!

– Бар бол, қалқам.

– Ме... мен Гү... Гүлжанатқа... Шү... шү... – деп, қапелімде үлкен кісінің алдында өтірігім ашылып қалардай, өзімнен өзім тұтыға бастадым.

– Ө-ә, – деді әжей ақырын ғана басын шұлғып. – Біздің Гүлжанатқа бір шаруамен келдім дейсің бе?! Ішке кір, айналайын. Атам қазақ шаруасын далада тұрып айтпаған ғой!

Әжей мені үйге қарай бастады. Ауланың бір бұрышынан тесіле қараған дәу ақ итті көзімнің астымен бағып, үн-түнсіз еріп келемін. Есік ашылды. Бәтіңкемді шешіп, дәліздегі қаз-қатар тізілген аяқ киімдердің жанына қалдырдым. Үйдің іші тап-таза екен. Жалтырап жатқан еденге байқамасаң тайып жығылатын сияқтысың. Әжей оң қол жақтағы бөлменің есігін ашты да:

– Гүлім-ай, саған тағы да бір қонақ келді, – деді.

Терезенің алдына қойылған дөңгелек үстелдің басында Гүлжанат пен Құбаш кітапқа шұқшиып отыр екен.

– С... сәлем! – дедім мен оларға қарап басымды иіп.

– О-о, Саян, сәләмат па! – деп Гүлжанат орнынан ұшып түрегелді. – Кел, төрлет!

– Біз бүгін амандақсан едік қой, – деді маймақ Құбаш өзінше кісімсініп, орындықтың арқалығына қарай шіреніп.

– Ме... мен се... сенен, – дедім мен енді Гүлжанатқа қарап асып-сасып. – Шү... шү...

Әй, осы мен бүгін біржола кекеш болып қалатын шығармын, сірә. Екі бетім дуылдап ысып барады. Аяқ-қолым дір-дір етеді.

– Шұ... «Шұғаның белгісін» сұрап келіп едім, – дедім тілім ерең икемге келіп.

– А-а, – деді Гүлжанат басын изеп жымыып. Түрім сірә, кісі күлерліктей болып тұрса керек. Тап осы сәтте Гүлжанаттың әжесі:

– Мен сендерге шай демдеп берейін, – деді ас үйге қарай бұрылып.

– Қазір, мен сізге көмектесемін, – деді Гүлжанат әжесінің соңынан дауыстап. Содан соң бізге қарай бұрылып: – Сендер осында отыра тұрындар. Мен өзім келіп шайға шақырамын, жарай ма, – деп бөлмеден шығып кетті.

Мен әлгінде ғана Гүлжанат отырған орындыққа келіп отырып, үйдің ішін көзіммен шола бастадым. Бір бұрышта айнасы бар үстел тұр. Оның үстіндегі әдемі құтылар – хош иісті әтір, опа-далап секілді қыздарға қажетті бұйымдар болса керек. Төрдегі қабырғаға әдемі картина ілініпті. Онда тау бөктеріндегі қалың орманның, сарқырап ағып жатқан асау өзеннің суреті салынған екен.

– Сен ол кітапты менен де сұрап едің ғой, – деді менің әрбір қимылымды аңдып отырған Құбаш енді тілге келіп. – Соншалықты қызық кітап па, немене?

Мен оған бірден жауап қатқан жоқпын. Әуелі сәл аптығымды басып, есімді жиып алуым керек. Әйтпесе, мынау маймақ Құбаштың алдында да кекештеніп қалсам, өлім емес пе?

– Ал өзің не істеп отырсың мұнда? – дедім біраздан соң оның өзіне қарсы сұрақ қойып.

– Мен бе?.. – Құбаш ернін жымқырып, айтсам ба, айтпай-ақ қойсам ба дегендей ойланып қалды. – Мен Гүлжанатпен бірге сабаққа дайындалуға келдім. Ол... ол мені өз қамқорлығына алған.

– Не-ме-не?! – Мен Құбаштың бетіне жалт қарадым. – Қандай қамқорлыққа?!

– Әй, – деді Құбаш әлденені ұнатпағандай мұрнын тыржи-тып, қолын сермеп. – Кеше біздің сыныпта жиналыс болды. Сонда сынып жетекшісі үлгерімі орташа балалар үздік оқушылармен сабақты бірге оқысын деп... мені Гүлжанатқа тапсырды...

Мәс-са-ған! Маймақ Құбаш, қайран Құбаш!..

Сөйте-е-еп, қосақталып отырмын десеңші! Өйдөйт деген! Қосақшылын мұның!.. Мен де болса...

– Балалар, ас үйге келіндер, шай ішеміз, – деп дауыстады осы кезде Гүлжанат.

Құбаш орнынан ырғатыла тұрып, тап бір өзінің үйінде жүргендей-ақ маң-маң басып, ас үйге қарай беттеді.

Әй, бүйтіп шай ішкені бар болсын! Қарадай қарап отырып, кара терге түстім-ау.

Шынымды айтсам, бір кесе шайды әрең тауыстым. Шекемнен шып-шып етіп шыққан тер сырғанап көзіме, мойныма құйылды.

Алдымдағы кесенің бетін алақаныммен жауып:

– Рақмет, – дедім бір кезде.

– Балам-ау, неге ішпедің? – деді Гүлжанаттың әжесі шын пейілімен жік-жапар болып.

– Іштім, апа. Шөлім қанды....

Менің қатты қысылып отырғанымды сезген Гүлжанат:

– Жарайды, мен саған жаңағы сұраған кітабыңды әкеліп берейін, – деп орнынан лып етіп тұрып, шыға жөнелді.

Сол кезде барып, уһ деп жеңіл тыныс алдым. Ал Құбаш болса, асықпай, мұрны пысылдап, сүт қатқан қою шайды үстін-үстін сораптайды.

– Міне, – деді ас үйге қайтып келген Гүлжанат маған Бейімбет Майлиннің кірпіштей қызыл кітабын ұсынып. – «Шұғаның белгісі» осында!

Мынау менің кеше кітапханадан алған кітабымның дәл өзі. Бірақ оны алғаш рет көріп отырғандай басымды иіп, рақметімді айтып, қолтығыма қысып жатырмын. Кенет Құбаштың қолындағы кесе аузына жете бере қалт тоқтады. Ыстық шайдың буына балбырап, эне-міне жұмыла жаздап отырған көз бірте-бірте ашылып, үкінің көзіндей болып үлкейіп барады.

– Е-ей, – деді ол ендігі бір сәтте кітапқа қарай сұқ саусағын шошайтып, маған таңдана қарап. – Мына кітапты сен мектептің кітапханасынан да алып едің ғой!..

Ойда жоқта қулығым ашылып қалған мен асып-сасып, басымды шайқап:

– Жо-жоқ, ол басқа кітап болатын, басқа кітап, – деп жатырмын.

«Қап, мына маубас Құбаштың қорлығын-ай, ә?!»

Кенет менің ішімдегі дауыс біртүрлі қысылып, кекештене сөйлеп: «Ө-өйтіп ө-өтірік айтуға бо-болмайды ғой,» деді.

5 желтоқсан 2008 жыл.

Енді не істесем екен?
Таяуда біздің ауылда жаңалық болады

Гүлжанаттың ыстық алақанының табы қалған қызыл кітапқа қайта-қайта үңіліп қарай беремін. Ұқыпты қолдан шыққан тап-таза, жап-жаңа дүние. Бір бетіне сызат түспеген. Мұқабасының қызыл бояуы қанық. Әріптері анық. Мен «Шұғаның белгісін» тағы да бір рет қайталап, бас көтермей, қызығып оқып шықтым.

Неткен сиқырлы сурет, көркем тіл, әдемі де мұнды хикая. «Шұға десе Шұға. Шұға, ой, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін» деп, Шұғаның бейнесін асқақтатып, биікке самғатады.

Оны оқып отырған мен де Гүлжанатты сол бір аяулы, асыл Шұғаға ұқсатамын. Біз есейген кезде оның да Шұға секілді сұлу, Шұға секілді махаббатқа адал жар болатынына титтей де шүбә келтірмеймін.

Ең бастысы, мен оны шын жүрегіммен жақсы көремін.

Бірақ әзірге оған өзімнің тау бұлағындай таза да мөлдір сезімді қалай жеткізетінімді білмеймін.

Енді не істесем екен, а?!

Жақында біздің ауылда бір қызық жаңалық болайын деп жатыр. Күнде мектепке барған сайын біз ұбап-шұбап дәл жанынан өтетін жаңа клубтың құрылысы осы таяу күндерде бітуге тақап қалған көрінеді. Ауылдағы басқа үйлерден әлдеқайда биік, ақ кірпіштен өрілген сәнді ғимарат алыстан-ақ мен мұндалап көзге түседі. Әсіресе теміржол бекетіне келіп тоқтаған пойыздан түскен жолаушылар оны бірден байқайды.

Алдағы Тәуелсіздік мерекесін біздің ауыл осы жаңа клубта қарсы алмақ болып жатыр. Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысатын балалар күн сайын сабақтан соң қалып, ән салып, би билеп, қызу дайындық жасауға кіріскен. Бір өкініштісі, Гүлжанат бұл үйірмеге қатыспайды. Содан ба, менің де аса құлқым жоқ. Бірақ Нағима апай қатты қыспаққа алып, «Байжан серінің ұрпағы ән айтпаса, бұл дүниенің қараң қалғаны ғой!» деп қадалған соң, амал жоқ, сабақтан соң сүйретіліп үйірмеге барып жүрмін.

Рас, менің бабам Байжан серіні білмейтін адам бұл өңірде жоқ. Өйткені біздің жақта дүрілдеген той-томалақ, дүркіреген жиын өтер болса, оның әндері шырқалмай, термесі айтылмай қалған емес.

Әліме қарамай, мына менің де ештеп домбыра шертіп, әу деп ән салатын әдетім бар. Бұл өнерді әрине, атамнан үйренгенмін. Ал ол болса, өзінің атасынан үйренген. Сөйте-сөйте бәріміздің де барып тірелетініміз – сол баяғы Байжан серінің өнері.

Жайшылықта, бәлкім, мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне қуана-қуана барар ма едім, бірақ бұл жолы жүрегім дүрсілдеп, өзімнен өзім қысылып, біртүрлі тартыншақтай беретін секілдімін. Өйткені жаңа клубта болатын мерекелік кешке Гүлжанат та келеді ғой. Дүйім жұртпен бірге ол да мені тыңдайды. Ал содан соң, ұната қойса жақсы-ау, ұнатпай қалса ше?!

Міне, мені мазалайтын ой да осы...

16 желтоқсан 2008 жыл.

Көңілді кеш. Айнакөлдiң жағасындағы ару.

Шолақ көшенің күлкісі.

Мен неге өкіндім?..

Сірә, мұндай тамаша кеш бұрын-соңды біздің ауылда болмаған шығар-ау!

Жаңа клубтың шамы жарқырап, түн көрпесін жамылған төңірекке күліп қарайды. Алыс-жақындағы әлі ұйықтамай, ояу жатқан тіршілік иелерінің бәрі де солай қарай мойнын созып, таңырқап, қызықтап қалған.

Бүгін тұс-тұстан ағылып келіп, ән тындап, би билеп, көңіл көтерген жұрт енді клубтан шығып, жан-жаққа тарап кетіп барады. Олардың қазіргі ашық-жарқын даусы, бір-біріне әзіл айтып, күлген күлкісі түнгі далада алысқа естіледі.

Білесіздер ме, мен бүгінгі кеште Гүлжанатты биге шақырдым ғой. Екі бетінің ұшы қызара күлімсіреп, ол құрбыларының арасынан бөлініп шықты да, екеуміз жеңіл музыканың ырғағымен тербеліп, билей жөнелдік.

– Саян, сен бүгін сондай жақсы ән салдың, – деді ол.

– Шын ба?! – деп қуанып кеттім. – Ал мен... саған ұнамай қала ма деп уайымдап едім.



Ол менің бетіме күлімсірей қарап, бір нәрсе айтпақ болды да, басын шайқап, үнсіз қалды. Рас, мынау жаңа клубтың ішінде жаңғырып, құлақ тұндырған көңілді музыкамен жарыса сөйлесудің өзі қиын. Сөйтсе де, кеудемді кернеген мол қуаныш пен бақыттан басым айнала бастағандай болған менің бойымда бір батылдық пайда болып:

– Гүлжанат, бүгін сені үйіңе дейін шығарып салсам бола ма? – дедім.

Ол үндеген жоқ.

Енді, міне, екеуіміз жаңа клубтан бірге қайтып келе жатырмыз. Біздің алдымызда шолақ көше жақтан келген бір топ адам кетіп барады. Кеше күні бойы суық жаңбыр жауып еді. Бүгін жер біраз дегдіп қалғанымен, жол әлі лайсаң. Гүлжанат екеуіміз аяғымыздың астына үңіле қарап, кей тұстарда кібіртіктеп, көлкілдеп жатқан шалшық суларды айналып өтеміз.

Бір жақсысы, ай сүттей жарық. Ауылдың да, жолдың да сұлбасы көзге анық шалынады. Менде үн жоқ. Гүлжанатқа қарап бірнәрсе айтқым келеді-ақ, бірақ соны неден бастарымды білмеймін. Қиын... Иә, қиын.

– Саян, шыныңды айтшы, сен ән салатын кезде... осы ән Гүлжанатқа ұнай ма, ұнамай ма деп ойладың ба? – деді кенет Гүлжанат.

– Иә, – деп мен басымды изедім. – Әуелде тіпті қорықтым...

– Сонда қалай... мен әнді түсіне алмайтын сияқтымын ба?

Ол менімен емес, өзімен-өзі сөйлесіп келе жатқандай.

– Жо-жоқ, – дедім мен Гүлжанатты ренжітіп алдым ба деген ойдан шошып кетіп. – Сендер қазіргі эстрадалық әндерді ғана ұнатасындар ма деп ойлаушы едім-м... Ал менің айтқан әнім баяғыда-а туған, Байжан серінің әні ғой.

– Білем, – деді Гүлжанат басын ақырын ғана шұлғып. – Керемет ән. Айнакөлдін жағасында өмір сүрген бір сұлу қызға арналған...

– Иә.

Содан соң екеуіміз де үнсіз қалдық. Байжан сері әнге қосқан мұңлық қыздың кейінгі тағдырын мынау мақпал түн, аспандағы ана-а-ау жарық жұлдыздар ғана білетін болар.

– Саян, саған «Шұғаның белгісі» ұнады ма? – деді Гүлжанат.

– Әрине, ұнады! Мен бар ғой... мен оны бас көтермей, екі рет оқып шықтым.

– Солай ма?! – деді Гүлжанат қуанып. – Мен де ауық-ауық кайталап оқимын. Не деген мұнды хикая!.. Махаббат күйігінен құрбан болған Шұғаның тағдыры қысқа да болса, естен шықпайтындай қызықты, мәнді, мағыналы, шұғылалы тағдыр ғой.

«О-о, – дедім мен енді оның сөзіне іштей таң қалып. – Гүлжанат, сен қандай ақылды, қандай сүйкімді қыз едің!..»

– Жаңағы сен айтқан ән де Шұға сияқты бір мұндықтың қиын тағдыры жайында емес пе?!

Менің атам: «Өнер – жүректегі шер» деуші еді. Енді, міне, мынау Гүлжанаттың сөзінде де сондай бір түпсіз, терең мағына бар сияқты көрінеді маған.

Тап осы сәтте қарсы алдымыздан көрінген бір жарық көзімізді қарықтырып, бізге жақындай түсті. Лайсаң жолдың ойшұқырына қарамай зымырап келе жатқан машина екен. Таяқ тастам жердегі көлкіп жатқан шалшық суды біздің үстімізге қарай шашыратып өте шықты.

– Түу, мынаның көзі жоқ па, немеңе?!

Гүлжанат ақ түсті плащына шашыраған лай суды қағып-сілкіп, ойламаған жерден әбігер болды да қалды. Менің де үстім сатпақ-сатпақ. «Ой, әкең!.. – дедім ішімнен кіжініп. – Жын соққан ба, ей?! Кім өзі?!..»

– Қап, үстіміздің бәрін бүлдірді-ау, – деймін Гүлжанатқа қарап, не айтарымды білмей.

– Иә, қандай жексұрын өзі...

– Тап бір соқыр адам жүргізіп бара жатқан сияқты, – дедім мен ұзап кеткен машинаның соңынан түйіле қарап. – Жаңа байқап қалдым, алдындағы «дворнигі» істемейді екен!

– О несі тағы да?!

– Жай, әлгі машинаның алдыңғы сүрткішін айтамын да!..

– А-а, солай ма, – деді Гүлжанат басын шайқап. – Ол сонда жолды қалай көріп келеді?

– Түк те көріп келе жатқан жоқ! Жай, әншейін, ауыл өзіміздікі деп, аңыратып келеді де!..

– Ой, сұмдық-ай, өстіп жүріп, ойында түк жоқ, бейшара біреуді қағып кетсе қайтеді?!

Осы кезде алдыңғы жақтан тағы да бір жарық көрінді. Бұл енді ыңыранып, күшеніп, баяу қозғалып келе жатқан жүк машинасы екен. Салмағы ауыр болғандықтан, жолдағы шалшықтарды кешіп өткенде су жан-жаққа жайылып, маңайдың бәрі көлкіп, өзі де лай суға белшесінен бата түседі. Ол жанымыздан өте бергенде:

– Ой, мынаның «брызговигі» жоқ екен! – дедім мен тағы да білгішсініп.

– Ол немене?! – деп Гүлжанат күліп жіберді.

Түнгі ауада күміс қоңырау сыңғыр ете қалғандай болды. Күлкісі қандай әдемі... Менің атам айтушы еді: «Жаны таза адамның күлкісі де таза болады» деп.

– Машинаның дөңгелегінің артқы жағына бір жапырақ ре- зінке тұтып қояды, – дедім мен Гүлжанатқа түсіндіріп. – Сол кезде лай, су көп шашырамайды. Әне, соны «брызговик» дей- ді!..

– Ой, – деді ол таңғалып. – Әр нәрсенің өзіне лайық аты бар екен ғой! Міне, біздің көшеге де келіп қалдық. Шығарып салға- ның үшін, Саян, саған көп рақмет!

– А-а, қа-қалайша, ке-келіп қалдық, – дедім мен жан-жағыма жалтақтай қарап, асып-сасып.

Расында да, шолақ көшедегі үйлер: «Әй, бала, әр нәрсені бір айтып, мұнда қалай жеткенінді өзің де білмей қалдың ба?!» – деп күліп тұрған сияқты. Әне, таныс қақпа. Ол да жымыңдап, Гүлжанатты шақырады...

Япыр-ай, бүгінгі кештің шынымен-ақ осылай, көзді ашып- жұмғанша тез-ақ өте шыққаны ма?

Қақпаның алдына жеткенімізде:

– Ал жақсы, сау болып тұр, – деп Гүлжанат маған қолын ұсынды. Алақаны жып-жылы екен. Ұзағырақ ұстап тұрғым келген, бірақ ұялдым... Ол қақпаның есігін ашып, ішке кіріп кетті. Мен көшеде жалғыз қалдым.

«Түу, не деген ақымақ, не деген кеше бала едім?! Көптен күткен тамаша кешті бостан босқа, құр әншейін салпақтап жү- ріп өткіздім. Әй, өзім де... нағыз сужүрек, нағыз су ми шығар- мын, сірә! Енді мұндай кеш, дәл осындай сәтті күн қашан бола- ды екен десеңші?! Өйткені біздің ауылда күн сайын жаңа клуб ашылып, күн сайын мереке болып жатқан жоқ қой!...»

Әне, ана-а-ау орталықтағы клубтан мынау шолақ көшеге жеткенге дейін оған өзімнің ойымдағы сөзімді айтып, көңілімді білдірудің орнына... қай-қайдағы бір көшеден өткен машина- лардың «дворнигі», «брызговигі» туралы мылжыңдап, айдала- ға лағып кеткенімді айтамын-ау!..

Өзімді өзім оңдырмай сыбап, жер-жебіріме жете ұрсып, ма- нағы «дворнигі» жоқ машина сияқты жолдағы шалшық сулар- ды шалп-шалп кешіп, ызаға булығып келемін.

Сүттей жарық айдың бетін бұлт басыпты. Айнала-тө-
нірек тастай қараңғы. Қарсы алдымнан соққан қара суық
желдің екпіні бірте-бірте күшейіп, кей тұстарда тіпті кеу-
демнен қатты итеріп, шолақ көше жаққа қарай қайтарып
жібермек болады...

17 желтоқсан 2008 жыл.

**Ақ ұлпек қар. Ауыл суреті.
Алдағы күннен күткен қуаныш**

Қыламықтап қар жауып тұр.

Кешегі лай, батпақтың бәрін бүгін аппақ ақ ұлпа басып қа-
лыпты. Ой-шұқырға үймелеген шалшық судың бетіне жұп-жұ-
қа мұз қатып жатыр.

Үйден сыртқа шыққан бойда сарайынды ашып, көңіліңді
әп-сәтте сергітіп жіберетін саф таза ауадан маң даланың мамы-
ражай, еркін тынысы сезіледі. Бет шымшып ойнайтын шыңыл-
тыр аяз қойны-қонышыңды аралап, аздап дененді тітіркендіре-
ді.

Ақ ұлпек қар жамылған ауылдағы үйлер дәл қазір ақ кенеп-
ке қара бояумен салған сурет сияқты болып көрінеді. Мектеп-
тің ауласындағы бір топ қараағашқа келіп қонып, дүр етіп ұша
жөнелген қараторғайлар да аздан соң, аппақ кеңістіктегі бір-бір
ноқат болып, тоқтап қалатындай. Әне, анау бір тұста көк түті-
нін будақтатып, ауылдан ұзап бара жатқан трактордың соңында
қалған қос қара сызық – біздің ауылды бүкіл әлеммен жалғас-
тырып жатқан күре жолдың суреті...

Менің кешегі түнде жабығып, торыққаным да, Гүлжанат
екеуімізге мұндай оңаша кездесудің сәті енді қашан түседі деп
қамығып, қорыққаным да бекер екен. Өйткені біздің өміріміз
тек кешегі, бүгінгі оқиғалармен ғана шектелмейді.

Ендеше, алдағы күндерде де әлі талай мереке, той болады
емес пе. Сол кезде... Иә, сол кезде мен тағы да Байжан серінің
әнін шырқайтын болармын.

«Дұрыс айтасың!» деді кенет менің ішімдегі дауыс мәз бо-
лып.

Ақ ұлпа сезім – ақша қар!

Сен қандай таза, кіршіксіз едің!..

ОРАЛБАЙ АТАМ ОРАЛМАН ЕМЕС

Түкпірдегі ауылға мынау дүниенің төрт бұрышында болып жатқан жаңалықтың бәрі кешігіп жетеді. Сондықтан да, біз өзгелерге қарағанда кеш қуанып, кештеу күліп, кейінірек жылап, кейіндеу қамданып жатамыз.

Бұл жолы да солай болды. Менің әжемнің Өзбекстанда тұратын жалғыз інісі – Оралбай атамның үй-іші туған елге, яғни Қазақстанға қоныс аударғанын елдің ең соңы болып бір-ақ білдік.

Орталыққа қоңыр күзде келіп жеткен жеделхатты біздің ауылға көктемде әкелген пошташының сүйіншісіне әжем кетпен құйрық қызыл қойды атап, үш аяқты ескі мотоциклінің қорабына төрт аяғын тең буып, тырп еткізбей салып жібергенде, бәкене бойлы пошташы басындағы сұр кепкісін бір шешіп, бір киіп, ыржың-ыржың етіп күле берді. Сөйтіп тұрып: «Апыр-ай, мұны білгенде, бұл тілгірәмді биыл қыста шанамен болса да жеткізетін едім ғой» деп шынын айтты.

Ертеңіне әжем екеуіміз тездетіп жолға жиналып, біздің ауылдағы кәнігі шопыр Қамбатырдың су таситын машинасымен сапарға шықтық.

* * *

Шеті, шегі көрінбейтін шөлейт далада бір дәу көк шыбын соңымыздан қалмай, ызыңдап еріп келеді. Құлаққа маза берер емес тіпті. Машинаның терезесінен басымды шығарып, жан-жаққа алаңдап қараймын. Ештеңе көрінбейді.

Бірте-бірте ауылдан ұзап кетіп барамыз. Кең даланы жиектей керілген көкжиек – көз ұшында бұлдырап жатқан көк теңіз сияқты. Күн дөңгелеп, көгілдір аспанның биігіне қарай көтеріліп келеді. Жапатасқа қарай өріп бара жатқан бір отар қой көрінді. Олар күн ысығанша жерден бас көтермей, қоңыр бас, ноқатек, атқұлақ секілді шөптерді бырт-бырт үзіп, қарны тойғанша жайылады. Содан соң, Жапатастың үстіндегі жақпар тастардың қуыс-қуысындағы көлеңкеге үймелеп, қыбыр етпей жатады.

Шіркін, қой дегенің қоңыр мінезді, ешкімге зияны жоқ, момақан жануар ғой. Оны біздің ауылдың нағыз құты, сарқылмайтын берекесі, таусылмайтын қазынасы деуге болады. Өйткені:

Қонақ келсе, қой соямыз!

Сүйінші сұраса, қой береміз!

Тойға барсақ, тоянаға қой апарамыз!

Қаржы-қаражат керек болса, қой сатамыз!

Сондықтан да, біздің жақта кімнің қойы көп болса, сол кісі – бай, сол кісі – жомарт, сол кісі – беделді болып есептеледі.

Бірақ, мұның бәрі түгелдей менің өз ойым емес. Ішінара әжемнен, көкемнен, тіпті, көршілерден де естігендерім бар.

Күн ысып және оған мотордың қызуы қосылып, кәбіңкенің іші «қайнай» бастады. Екі бүйірдегі есіктің терезелерін аңқайтып ашып тастадық. Машина ауық-ауық ой-шұқырға кезігіп, сәл тежеле бастаса болды-ақ, арт жағымыздағы шұбатылған қою шаң бұрқырап қуып жетіп, ішке қарай лап қояды. Сол кезде мен терезені жауып та үлгермеймін. Көзімді жұмып, мұрнымды басып, қақалып-шашалып, булығып, тұншығып қала беремін.

Ал Қамбатыр болса, селт етпейді. Оған бұл жол да, анау шаң да үйреншікті. Алдағы жолға қарап, рульді тастай қып ұстаған күйі үндемейді.

Әжетайым... айналайын, ақ әжем менің, аппақ кимешегімен аузы-мұрнын тұмшалап алған. Көзі ғана көрінеді.

Иә, мен осы, қаладағы бауырларымның қой туралы түсінігіне қайран қаламын. Олар қойды ақымақ, топас, момын, басында түк миы жоқ жануар деп ойлайды.

Жыл сайын көктем мезгілінде біздің ауылға Шотбай көкем үй-ішімен сау етіп қыдырып келеді. Екі-үш күн қонып, ет жеп, айран ішіп, көкке шығып, қозықұйрық теріп, таза ауа жұтып, аунап-қунап қайтады.

Шотбай көкем – әжемнің ортаншы баласы, яғни, менің әкем Балтабайдың туған інісі. Ол біраз жылдан бері Астанада тұрады. Ауыл шаруашылығы министрлігі деген мекемеде білдей бір қызмет істейді. Бір өкініштісі, әжем екеуіміз оның нақты қандай қызмет екенін, ресми түрде қалай аталатынын білмейміз. Былтыр күзде шарбақ қораның ішінде қой қырқып жатқанымызда ол туралы көкемнен жәйлап сұрап көргенмін. Сонда көкем қолындағы қырықтығына ары қарап, бері қарап, ойланып отырып: «Білдей қызмет істейді ғой!» деген де қойған. Демек, ол да білмейді...

Міне, осы Шотбай көкемнің үйелменді-сүйелменді екі ұлы бар. Үлкені Артур – сегізінші сыныпта, кішісі Бектұр – алтыншы сыныпта оқиды. Әжем олардың атын айтуға қиынсына ма, әлде өз тілімізді менсінбегендей, өзге тілде шүлдірлегенін ұнатпай ма, әйтеуір, екеуін ылғи да: «Әрітұр, Берітұр!» деп шақырады.

Әне, сол Артур мен Бектұр бірде есік алдында аяқ киімдерін киіп жатып, әлденеге келісе алмай, бір-біріне қарап шақ-шұқ етіп ұрсып қалды. Үлкені, сірә, кішісіне бірдеме деп ақыл айтқан болуы керек. Бірақ, оны інісі құлағына да ілмей, қыржия қалған.

Сол кезде ағасы:

– Ах ты, баран! Тупой! – деп, оны желкесінен түйіп кеп жіберді.

Інісі де қарап қалмады. Тап бір мойны үзіліп кеткендей шыңғырып, бүкіл ауылды басына көтерді.

Сол күні кешке бәріміз есік алдындағы сыпада қаз-қатар тізіліп, аспандағы жұлдыздарға қарап ұйықтайын деп жатқанымызда:

– Артур, сен неге қойды жек көресің, а? – деп сұрадым мен одан.

– Не понял? – деді ол басын көтеріп, менің бетіме бағжиып қарап.

– Бағана сен Бектұрға «баран» деп ұрыстың ғой!

– Ну, правильно. Он же тупой, как баран.

– Жо-оқ... Бектұр ақымақ болса, ақымақ шығар, бірақ қойлар ақымақ емес.

– Ты что... думаешь, я ваших баранов обидел?!

Мен үндемедім. Есіме былтыр күзде біздің қораға бір телешкі шөп әкелген қызыл трактор қозысын басып кеткенде, қоңыр төбел қойдың көзінен пора-пора жас ағып, өлі қошақанын иіскеп, маңырап жылағаны түсті...

* * *

Ұзақта-а-ан қарауытып қос сызық көрінді. Ол – теміржол. Ал ана-а-ау, бір топ қараағаштың тасасындағы тас үй – теміржол бекеті. Қаракөк фуражка киген кезекші қолындағы қызыл таяқшасын көтеріп, платформада қазықтай шаншылып тұр. Маң даланың бүйірін солқылдатып, ұзақ-шұбақ созылып жүк пойызы өтіп барады.

Қамбатыр теміржолдың бойындағы жанар май бекетіне қарай бұрылды. Машина тоқтаған сәтте манадан бері мазамызды алып, ызындап келе жатқан көк шыбын да ұшты-күйлі жоқ болды. Кім білсін, ол енді әлгі жүк пойызына ілесіп бара жатқан болар...

Теміржолдың арғы бетіндегі үлкен ауылға соқпай, айналма жолмен орағытып өте шықтық. Біраздан соң, сүргіленген тақ-

тайдай теп-тегіс асфальт жол басталды да, машинаның жүрісі түзелді. Міне, тап осы сәтте бізден біраз уақыт көз жазып қалған көк шыбын тағы да ызындап, соңымызға түсті...

Қызық-ай өзі, не көзге көрінбейді, не машинаның ішіне кіріп, беті-қолымызға қонып, мазамызды да алмайды. Бірақ осылай, бір қалыпты ызындап, соңымыздан ереді де отырады.

Әжем ақ кимешегінің түйінін босатып, аузы-мұрнын ашып, емін-еркін тыныс алды. Сонсоң, көз ұшында қарайған қоңыр таудың қос өркеш егіз шыңына қадала қарап, бір уақ ойға батып отырды да:

– Әне, анау – Қоңыртау! – деді әлденеге көңілі толқып, даусы жарықшақтанып. – Біз бара жатқан ауыл сол таудың күн шығысындағы сулы да нулы аймақта.

– Туу, қандай алыста! – дедім мен алдымыздағы жолға қарап алаңдап. Бірақ, менің көңілімде қынжылудан гөрі қызығушылық, бұрын өзім көрмеген тау жақтағы аймақты тезірек көрсем-ау деген ынтығушылық басым еді.

– Рас, балам, жол ұзақ, – деді әжем жайбарақат қана.

Иә, дұрыс айтасыз дегендей, Қамбатыр ақырын ғана басын шұлғып қойды. Мен тау бөктеріндегі сулы да нулы, ертегідегідей сұлу аймақты ойша көз алдыма елестетіп:

– Әже, ол жақта өзен, көл бар ғой, ә? – деп сұрадым.

– Бар.

– Терең бе?

– Иә. Тереңі де, саязы да бар, балам.

– Менің бойымнан... қалай? Асып кете ме?

Осы тұста Қамбатыр мырс етіп күлді.

– Шөлде өскен бала жүзу білмейді, – деді басын шайқап. – Терең судан қорқып келесің ғой, ә?!

Мен үндемедім. Қамбатырдың «қорқып келесің ғой» деген сөзін ұнатпасам да, іштей шындықты мойындадым. Өйткені, жүзу білмейтінім рас. Біздің жақта өзен, көл тұрмақ, сылдырап ағып жатқан бір арық су да жоқ. Бірінен бірі аумайтын бел-белестер мен бөріктей-бөріктей төбелері ғана бар шөлейт далада қырық құлаш шыңырау құдықтардан басқа су көзі жоқ.

Қамбатырдың сөзінен кейін әжем менің басымнан сипап:

– Қорықпа, – деді. – Ол жақта өзің қатарлы балалармен бірге ойнап-күліп жүріп, әлі-ақ суда балықтай жүзетін боласың!

Сонсоң әжем Қамбатырға қарап:

– Анау төбенің басына шыққанда тоқтап, таңғы шайымызды ішіп, жүрек жалғап алайық, – деп, оны мақұлдатқандай өзі басын шұлғып қойды.

О-о! Мына кабинаның бір түкпірінде бүйірі томпайып жатқан қара сөмкенің іші толған тамақ. Әжем оны кеше түнде сықитып толтырып қойған. Ал анау қызыл термоста қайнаған су бар. Біз тіпті, шай демдейтін ақ шайнегімізге шейін алып шыққанбыз.

Әжем айтқан әлгі төбеге жетіп тоқтауымыз мұң екен, ауылдан шыққалы бері қыр соңымыздан қалмай келе жатқан көк шыбын тағы да ізім-қайым боп жоғалып кетті. Сірә, бір жерге қонып, ентігін басып, демалып отырған болар. Жарайды. Біз де енді, қара сөмкенің аузын ашып, ішімізге ел қондырып алмасак болмас.

Көк шөптің үстіне кішірек дастарқан жайып, жұп-жұмсақ тандыр нан мен тоңазыған жақана етті, бір уыс өрік-мейіз бен шақпақ қанттарды шығарып, реттестіріп қойып жатырмын. Кенет бір кішкентай құс пырылдап ұшып келіп, құлқайырдың сабағына қона кетті де, біздің дастарқанға қарап, таң қалғанын жасыра алмағандай шықылықтап сайрап қоя берді. Мен еріксіз басымды шайқап, күліп жібердім.

Әжем ақ шайнекке шай демдеп, Қамбатыр екеуміздің алдымыздағы кеселерге құйып жатыр. «Қане, қанып ішіп алыңдар. Жолда шөлдемейсіндер» деп қояды.

Шындығында, бұл аймақта «шөл» дегеніңіз жай ғана, ермек үшін айтыла салатын сөз емес. Ол – өте қауіпті, жаза басып, уысына түсе қалсаң аяушылық дегенді білмейтін қатыгез жау.

– Әже, ол жақта жүзім, алма өсе ме? – деп сұрадым мен тау бөктеріндегі сулы да нулы өлкеге тезірек жетуге асығып.

Әжем менің бұл сұрағыма күліп: «Әй, көкөніс көрмей өскен шөлдің қу баласы-ай!» дегендей:

– Иә, – деді басын шұлғып. – Ол жақта жеміс-жидектің түр-түрі өседі! Қазіргі уақытта өрік пен шиі гүлдеп, алма ағаштары бүршік жарып жатқан болса керек.

Қоңыртау ұзақтан көрінген сәттен бастап, әжемнің көңілін шерпе күй сияқты тербеп, толқытып келе жатқан сағыныш енді көмейіне қарай жылжып, тағы бір сөз айтса лықсып, ақтарыла жөнелердей даусына діріл араласып, көзі жасаурап қалды. Оны қазір өзі де байқап, ыстық шайдан бір-екі ұрттап үнсіз қалды.

– Әже, – дедім мен енді оның көңілін басқа жаққа аударғым келіп. – Осы біздің өңірде неге бір де бір өзен, көл кездеспейді?!

– Е-е, қарағым-ай, бұл аймақ шөлейт дала, кең адыр ғой, – деді әжем енді даусын қатайтып. – Ілгеріде біздің аталарымыздың қыстауы мынау күн батыс жақтағы Ұлы өзеннің жағасында болады екен. Қар ери бастаған кезде олар шөлейт жердің көктемі ерте шығады деп, осылай қарай жылжитын көрінеді. Қайсы-бір жылы әдеттегісінше ұзын-сонар көш болып келіп, үйлерін тігіп, бірін-бірі қонаққа шақырып, арқа-жарқа боп қуанып жатқан шақта күтпеген жерден бір топ қызыл әскер сау ете түсіп, сәбет өкіметін орнатып, байларды тұтқындап, дүние-мүлкін тартып әкетіпті. Содан бері бұл ел көктеу, жайлау, күздеу, қыстау деп, жер таңдап, сән-салтанат құрып, көшіп-қонып жүруді біржола ұмытып, осы шөлді біржола мекен етіп қала беріпті.

Қарны тойған соң, Қамбатырдың да түксиген қабағы жазылып, жан-жағына қарап ыржиып күле беретін болды. Мұрнының астынан ыңылдап, әлдебір ескі әуеннің сүрлеуіне түсіп алып, өз бетінше жобалап, қиыстырып келеді.

Оған әлгі көк шыбын да қосылып ызыңдайды. Көз ұшындағы Қоңыртауды бетке алып, су таситын машина алға қарай зымырайды..

– Ілгеріде сенің нағашы атаң кәмпіскеге ілігіп, бүкіл малын қызылдар тартып алғанда, бәйгеге шабатын ақ боз атымды бермеймін деп, қуғыншыларға жеткізбей, қашып кеткен жер – осы, – деді әжем айналадағы кең жазықтан өткен күндердің елесін көріп келе жатқандай төңірекке қарап, ойға шомып отырып. – Жарықтық, үш жыл бойы құла түзде жортып, қыр мен сайды паналап, қызылдардан бой тасалап жүрді. Ақ боз ат расында да, адамнан артық дос еді ғой атаңа. Иесі әлденеден сезіктеніп, тақымын қысқан кезде, есті жануар желмен жарысып, құстай ұша жөнеледі екен.

Күндердің бір күнінде, қырық жыл бойы атаңның есігінің алдында күнелтіп жүрген Құрақбай жалшы қызылдарға жағынып: «Ақ боз ат мінген Адамбайды қай жерде, қалай ұстауға болатынын мен білемін!» деген көрінеді...

Әжем әңгімесін кілт үзіп, үнсіз қалды. Сонан соң, терең күрсінді. Жолдың оң жақ қапталынан ескі сағаналар, көне бейіттер көріне бастады. Әжем күбірлеп дұға оқып, алақанымен бетін сипады. Біз де сөйттік.

Үн-түнсіз отырмыз. Біраз жер ұзаған соң:

– Әже, содан соң не болды? – деп сұрадым мен ақырын ғана. Әжем тағы да бір уақ ойланып қалды. Біздің үнсіздігімізді пайдаланып, әлгі мазасыз көк шыбын өзінің әлі де қалмай, еріп келе жатқанын есімізге салғысы келгендей, қаттырақ ызындай бастады.

Мынау елсіз даланы ақ боз атты Адамбайдың елесі қазір де кезіп жүрген жоқ па екен дегендей, әжем алдағы бел-белестерге қадала қарап қалыпты.

– Е-е, карағым-ай, – деді біраздан соң терең тыныс алып. – Атанның сырын білмесе де, аттың сырын жақсы білетін Құрақбай ақ боздың қай жерге жайылып, қай жерден су ішетінін өзінің бес саусағындай анық біледі ғой. Неше мәрте Адамбайдың соңына түсіп, көз жазып қалған қызыл қуғыншыларды ол Аңқи жайлауындағы жапа тастардың тасасына жасырып, өзі сайдағы терең құдыққа келіп-кеткендерді аңдып жүреді.

Бір күні ымырт үйіріліп, көз байлана бастаған апақ-сапақта қыр жақтан қарайып, бір салт атты түсіп келе жатады. Құрақбай оған қанша үңіліп қараса да, кім екенін ажырата алмай дал болады. Содан әлгі қара ат мінген кісі құдықтың басына келіп, қауға шелекпен су тартып, атын суарады.

Бір түп шеңгелдің түбінде бұғып отырған Құрақбайдың көзі жыпылық-жыпылық етіп, әй, бұл кім болды екен деп, көз алмайды. Тұрқы биік, мойны ұзын қара аттың тек түсі демесең, түр-сипаты ақ боздан аумайды-ақ екен.

Кенет әлгі ат иесіне қарап, аяғымен жер тарпып, бұл жерден тезірек кетуіміз керек дегендей, оқыранып қалады. Сол кезде Құрақбай ақ боздың даусын танып, орнынан ұшып тұрып: «Мырза, әй, мырза, бұл мен ғой! Құрақбаймын ғой!» – деп айқай салады. Әп-сәтте атына қарғып мінген Адамбай таныс дауысты естіген соң тізгінді тартып, оған секемдене қарап: «Өй, сен неғып жүрсің мұнда?» деп сұрайды. «Байсеке, мені сізге ауылдағылар жіберді. Азын-аулақ азық әкеліп едім» деп, әлгі байқұстың беті бүлк етпей өтірік айтады. «А-а, – дейді Адамбай атаң ойланып қалып. – Қоржын қайда?» «А-анау жерде, шеңгелдің түбінде!» «Тез алып кел!» «Құп болады, мырза! Қазір... қазір! Ақ боз атты танымай, қара басып... Сөйтсем, үстіне қара жабу жапқан екенсіз ғой!» – дейді Құрақбай қалтырап.

Әне, сол кезде ақ боз ат қатты кісінеп, аспанға шапшиды. Оған: «Тәк әй, тәк!» – деп дауыстап, айналасына жалт қараған Адамбай өзінің алданғанын енді сезіп, ат тізгінін босатады.

Бірақ, кеш қалған екен. Әлгіндегі Құрақбайдың «Мырза!» деп айқайлаған даусын ести салысымен, бұқпантайлап келіп қалған қуғыншылар жан-жақтан оқты қарша боратып қоя береді. Сөйтіп, құдық басында атаң да, ақ боз ат та оққа ұшады. Әлгі сатқын Құрақбай да тіл тартпай кетеді.

Содан кейін... арада алты жыл өткенде алапат аштық басталды. Қалың елдің тігерге тұяғы қалмай, тоз-тоз болып тентіреп, басы ауған жаққа көшті. Сол жылы біздің әулет те түн жамылып шекара асып, Өзбекстанға қарай ауды. Оралбай атаң ол кезде бесіктегі бала еді...

* * *

Біз жақындадық па деген сайын, Қоңыртау алыстай беретін сияқты. Қамбатыр жолға қарап, қозғалмай отыр. Тіпті, кірпігін де қақпайды. Машина ыңыранып бір белден асқанда, алдымыздан тағы да бір бел көрініп, ұзақ жолдан шаршай бастаған біздің көңіліміз тағы да жасып қалады.

Әжем үнсіз. Тек көк шыбын ғана тынбай ызындап келеді. Әсіресе, машина өрге қарай шыққанда, ол да ышқынып, жанын қоярға жер таппай, қалтырап-дірілдеп кетеді.

Қоңыртау таңертеңгі мезгілдегідей емес, қазір сарғыш мұнарға оранып, бұлдырап қана көрінеді. Көзіме ұйқы тығыла бастады. Қалғып бара жатып, селк етіп ояндым. Содан соң, тағы да қалғып кеттім білем...

– Кенжетай, тұра ғой, балам! Көзіңді аш, – деген әжемнің даусынан ояндым.

Әжемнің иығына басымды қойып, қатып ұйықтап қалған көрінемін.

Машина тоқтап тұр екен. Төңірек жым-жырт. Есікті ашып, былқ-сылқ етіп жерге түстім. «Мәс-са-ға-а-н, мына тауды қара!» Денем дір ете түсті. Ұйқым шайдай ашылды.

Біз аспанға қарай тіп-тік шаншылған биік таудың дәл түбінде тұр екенбіз. Мұнда қалай жеткенбіз, қашан жеткенбіз?.. Білмеймін. Мен, сірә, машинада ұзақ ұйықтап қалсам керек.

Жерге түскен бойда, тау аңғарынан ескен салқын самал қойны-қонышымды аралап, қатты тоңып, бүрсеңдеп кеттім. Машинаның капотын ашып, радиатордағы қайнаған суды суытып жатқанын Қамбатыр маған қарап ыржиып:

– Қалай? Жаурадың ба? Бері кел, – деп өзінің қасына шақырды.

Тісім-тісіме тимей сақылдап, аппақ бу аузынан бұрқырап шығып жатқан радиатордың қасына жетіп бардым да, тап бір пешке жылынғандай сүйкеніп тұра қалдым. Мотордағы майдың иісі аздап мұрнымды қытықтағаны болмаса, қайнаған судың жып-жылы лебі бойыма майдай жағып барады.

– Бұл жақ әлі салқын екен, ә?! – деді Қамбатыр тауға қарап.

– Иә. У-у-у, иш-шай!

Үстінде қара қыжым қамзолы бар қоңырқай жүзді әжем бөктерден ескен салқын самалға бетін тосып, көзін жұмып, рақаттанып тұр. Бойым жылынған соң мен де Қоңыртауға қызыға қарадым. Ақ шағи аспанға қарай найза сияқты тіп-тік шаншылған биік шыңдардың беткей-беткейінде аппақ қар жатыр. Тау аңғары ап-анық көрінеді. Ойда-жоқта әлгі шыңдардың бір қалтарысынан әлдеқандай аң шыға келсе, ол да біздің көзімізге бірден шалынатын секілді.

Ау, айтпақшы, әлгі көк шыбын қайда? Ауылдан шыққалы бері тынымсыз ызындап ұшқан байқұс енді енгігіп, бір жерде бүрісіп отырған болар. Мен машинаны айнала, үңіліп қарай бастадым.

– Не іздеп жүрсің? – деп сұрады Қамбатыр.

– Әлгі... – деймін мұрнымның астынан міңгірлеп, – көк шыбын...

– Немене? Шыбын дейсің бе?

– Иә.

Түкке түсінсем бұйырмасын дегендей Қамбатыр маған таңдана қарап, иығын қушитты. Әрі-бері қарап, көк шыбынға ұқсайтын ештеңе көзіме түспеген соң, оның қасына қайтып келдім.

– Сен не, шынымен-ақ шыбын іздеп жүрсің бе? – деді Қамбатыр.

– Иә. Біз ауылдан шыққалы бері ызындап, құлаққа маза бермеді ғой тіпті!

– Е-е, – деді кенет Қамбатыр басындағы кепкісін сәл көтеріп, маған ыржия қарап. – Сен мынау мотордың ызыңын шыбын деп ойлап келе жатқансың ғой, сірә?!

Бәсе! Неғып көзге көрінбейтін шыбын десем...

Қамбатырдан ұялғанымнан құлағымның ұшына дейін дуылдап қызарып кетті. Сонау бір түкпірден ағараңдап, бейтаныс бір ауылдың сұлбасы көрінеді. Сол жаққа қарап мойнымды созып, елеңдеп:

– Әже, біз келе жатқан ауыл ана-а-ау ма? – деп сұрадым сау-сағымды шошайтып.

Ол кісі мен нұсқаған жаққа көз тігіп, бажайлап қарап алды да:

– Япыр-ай, соның қай ауыл екенін қазір өзім де білмей тұрмын, – деді көңілін уайым торлап.

– Енді қайттік? – Жүрегім су ете түсті. – Адасып кетеміз ғой?..

– Жо-оқ, – деді әжемнің жүзі жылып, – адасып не көрініпті?! Ел-жұрт бар емес пе. Қазақ атам айтқандай, «Сұрай-сұрай Мекеге барасын».

– А-а...

Осы сәтте Қоңыртау да менің мынау аңғал кейпіме күле қарап тұрғандай болып көрінді.

* * *

Ендігі жол ауыл-ауылды аралап, тау бөктерлеп созыла береді екен. Жол жиегінде бұлдырап қалып бара жатқан үйлердің шарбақ қоршауларына, бау-бақшалары мен биік-биік тал, теректеріне қызыға қарап келемін.

Ауық-ауық Қамбатырға машинаны тоқтат деп ымдап, жол бойында кетіп бара жатқан кісілерден:

– Қаратал ауылы қайда? – деп сұрайды әжем.

Әлгі кісілер алдыңғы жақты нұсқап, басын шұлғып, қолын сермеп қала береді.

Күн батып барады. Қоңыр таудың шыңдары алқызыл шуаққа оранып, қызара бөртеп, жарқырап көрінеді. Біріне бірі жалғасып жатқан үш ауылдан өткен соң, мидай жазық дала басталды. Айнала-төңіректі бірте-бірте қараңғылық тұмшалап, жол шетіндегі шоқ-шоқ талдар, арагідік-арагідік шошайып көрінетін қарауыл төбелер түксиіп, көңілге үрей ұялатады.

Кенет жалтыраған кең айдыны ай сәулесіне шағылысып, баяу толқыған үлкен өзенге келіп тірелдік. Қамбатыр машинаны кілт тоқтатып, енді қайттік дегендей әжеме қарады жалтақтап.

– Япыр-ай, бұл қай өзен болды екен? – деп, әжемнің де ойы айран-асыр болды. – Ілгеріде атпен жүзіп өте беретінбіз... Мәшине деген түсімізге де кірмеуші еді.

Есікті ашып, сыртқа шығып кеткен Қамбатыр сәлден соң:

– Ойбай-ау, мынау тіпті, теңіз ғой! – деп, таңдайын қағып, басын шайқап келді.

– Көктемде судың көбейетіні рас. Бірақ, бұл аймақта теңіз бар дегенді естіген де, көрген де емеспін, – деді әжем оның сөзіне сеніңкіремей.

– Енді не істейміз?

Қамбатырдың қабағы салбырап, салы суға кетіп тұр.

– Сәл сабыр етіп, жан-жаққа қарайық. Осы маңда бәлкім, бір көпір бар шығар.

– Машина жүретін жол осы жерден бітетін сияқты, – деді Қамбатыр тап бір жер шетіне келіп тоқтағандай шаршаңқы күйде күйзеле сөйлеп.

– Қой әрі, – деді әжем мырс етіп. – Осы күні жерді қойып, айға ұшып жатқан адамның баласы мынау алақандай өзеннің арғы бетіне өте алмай қалды ғой дейсің бе?! Тәйт әрі, өйтіп ұн-жырғанды түсірме. Азар-тегі, таң атқанша мәшинеден отырып ұйықтармыз. Күн шыққан соң, бір амалы табылар!..

Тап осы сәтте өзеннің арғы бетінен түнгі даланы басына көтеріп ақырған есектің даусы естілді. Артынша: «Тәк әй, тәк! О несі-әй, түге?! Жамандатқыр!» деп келе жатқан бір кісінің сөзін құлағымыз шалды.

Сәлден кейін, жаңа ғана Қамбатыр теңіз деп бағалаған өзеннің суын шылп-шылп кешіп, есекке мінген біреу бергі бетке өтті. Әжем машинадан түсіп, оған «Армысыз!» деп амандасты.

– Оу, бар бол! – деп саңқылдаған қарияның даусы қараңғыда ап-анық естілді. – Кімсіңдер? Жол болсын?!.

– Қаратал ауылын іздеп жүрміз?..

– Е-е, алыстан келе жатқан жолаушы екенсіңдер ғой! Мынау өзеннің ар жағы – Қаратал.

– Ол жаққа мәшине өте ала ма?

– Е, өтпегенде... Тобықтан ғана келетін жайылма су ғой бұл. Асты қиыршық тас. Батып қалады екенбіз деп қорықпаңдар!

Қария ұзап кеткен соң, әжем екеуміз Қамбатырға қарап мәз болып, күле бердік.

– Қайдан білейін, қайдан білейін, – деді ол күмілжіп, басын қасып. – Қараңғыда жылтырап, теңіз сияқты болып көрінгені рас...

* * *

Міне, Қараталға да жеттік. Оралбай атамның үйі ауылдың арғы шетінде екен. Тастақ жолмен Қамбатырдың су таситын машинасы ыңыранып келіп, қораның сыртына тоқтағанда, ауланың шамы жарқ етіп жанды. Артынша:



– Оу, кемпір, біздің үйге мейман келді-ау, сірә, – деген ашық-жарқын дауыс естілді.

Оралбай атам – ұзын бойлы, ақ сары өнді, көзі алақандай жайдары кісі екен. Менің басымнан сипап, маңдайымнан иіскеп, қайта-қайта айналып-толғана берді. Жаңа ғана жалғыз інісін құшақтап, мауқын басып, көз жасын көл қылып төккен әжем енді көзін сүргіп, келініне қарап күліп, үй-ішінің амандық-саулығын сұрап жатыр.

Ал Қамбатыр болса, таң атқалы бергі жүрістен әбден қалжырап, шаршағанын енді сезіп, қалың қыжым көрпенің үстіне бір жастықты жамбастап құлай кетіпті.

Сәлден соң ортаға ақ дастарқан жайылып, оның бетіне түрлі-түрлі тағамдар қойылды. Біраздан соң буы бұрқырап, жез самаурын келді. Ыстық-ыстық шай ішіп, маңдайы жіпсіген үлкендердің арасында көңілді әңгіме басталды.

– Иә, жаңа жұртқа көшіп келіпсіңдер, құтты болсын! – деді әжем нағашы атам мен апама қарап жымыып. – Мұндағы ел қалай екен? Бір-бірінді жатырқамай, қоян-қолтық араласып жүрсіңдер ме, әйтеуір?

– Е-е, құдайға шүкір! – дейді Оралбай атам басын шұлғып. – Біз бұл жерге бөтен емеспіз. Ағайын-туыс құшақ жайып, қуана қарсы алды. Жер бөліп берді, үй салуға жәрдемдесті. Одан артық не керек бізге?..

– Иә, әуелі келгенімізде бізді «өзбек» деп, күлгендері болмаса, – дейді орта бойлы, жылы жүзді, өзбек әйелдері сияқты басына жылтырақ орамал байлаған нағашы апам жымыып.

– Е-е, өзімізден де бар, – деп Оралбай атам да езу тартып қояды. – Әліге шейін сөз арасында «шұндақ», «мұндақ» деп, өзбекше қосып сөйлейміз ғой!

– Үйбай-ау, менің атлас көйлек киіп келгенімді айтсаңшы. Ой, Алла-ай! – деп нағашы апам өз қылығына өзі таң қалып, оң қолымен бетін шымшиды. – Бұл жақта оны өзбек көйлек дейді екен ғой! Қайдан білейін!..

– Ештеңе етпейді, өзбекше көйлек кигенмен, өзіңнің қазақ болып келгеніңді айтсайшы, – деп, оның бұл сөзіне әжем мәз болып, қолын сілтеп, сылқ-сылқ күледі.

Бәрі де көңілді. Оларға қарап ыржиып, өзімнен өзім қуанып отырып, қалай ұйықтап қалғанымды білмеймін, тіпті...

Таңертеңгілік терезенің алдынан өтіп бара жатып ақырған есектің даусынан оянып кеттім. Күн көтеріліп, төңірек ай-жай

боп қалыпты. Қара есекке екі флягті таңып алып, Оралбай атам тоғайдан су әкелуге бара жатыр екен.

– Мен де барайыншы, – деп, құлдырандап ере жөнелдім.

– Ой, айналайын, балам, жүре ғой! – деді Оралбай атам күліп.

Тау жақтан басталатын ұзын шатқалдың іші қалың қамыс, ши, құрақ екен. Беткей-беткейдегі қараағаш, тал, теректер жаңа ғана жапырақ жая бастапты. Тіп-тік жартастың түбін үңгіп, шатқалдың бойымен сарқырап өзен ағып жатыр. Тоғайға қарай түсетін жалғыз аяқ жолдың жиегіндегі бір шоқ қамыстың ішінен бүлкілдеп шығып жатқан мөп-мөлдір тұма бұлаққа жетіп тоқтадық. Содан соң, мен шелекті суға толтырып, атама ұсынып тұрдым, ал ол қара есекке теңдеп байланған флягтерге құйды.

Бір қызығы, флягтерді толтырып, аузын мықтап жапқаннан кейін, Оралбай атам күректей алақанымен қара есектің арқасынан бір қақты да, «Ықы!» деп үйге қарай айдап жібере салды.

– Ой, ата, ол қашып кетпей ме? – дедім көзім бақырайып.

– Жо-оқ, – деді атам жымысып, басын шайқап. – Үйді өзі тауып барады. Қалдықыз апаң флягтерді түсіріп алған соң, оны бастырманың астына апарып байлайды. Ал ақырда азғантай жем бар. Бұл соған әбден үйренген.

–А-а, қара есек сөйтіп, еңбекақысын алады екен ғой!

– Иә, иә, сөйтеді! – деді атам менің сөзіме кеңк-кеңк күліп. – Сөйтеді ол!.. Ал енді, екеуіміз анау тау жақта арқандаулы тұрған ақ боз атты үйге жетектеп қайтамыз.

– Ақ боз атты?! Қа... қалай? – дедім мен таң қалғанымнан тұтығып қала жаздап. – Қа... қайсы ақ боз атты?..

– Кәдімгі, өзіміздің ақ боз атты?!

– О... о... ол әлі тірі ме еді?

– Не?.. – Атам маған таңдана қарады. – Балам-ау, тірі ме дегенің қалай? Әрине, тірі!

– Ура! – деп қуанғанымнан екі қолымды көкке көтеріп, секіріп-секіріп кеттім. – Адамбай атамның ақ боз аты тірі, тірі!

– Ау, ау... балам, тоқта! – деді Оралбай атам қауапалақтап, менің қолымнан тас қылып ұстай алып. – Сен оны қайдан білесің?

– Нені?

– Адамбай атаңның ақ боз атын?..

– Ә-ә, оны маған әжем айтқан!

– Е-е, солай де, – деді Оралбай атам енді менің қолымды жіберіп. – Өте жақсы, балам, өте жақсы! Өткен күндердің оқи-

ғасын, Адамбай атаңды, ақ боз атты біліп жүргенің сондай жақсы...

Оралбай атам риза болып, менің арқамнан қағып-қағып қойды.

– Бірақ, мұны әжем білмейді! – дедім мен.

– Иә, – деп атам басын шұлғыды. – Бірақ, бұл баяғы ақ боз ат емес. Оның тұяғы!

– А-а...

– Солай, балам.

– Ал мен... мен... – деп атама қарап, аяқ астынан күмілжіп қалдым.

– Е-е, – деді атам даусын созып, тауға қарап көз тігіп, – одан бері тала-а-ай, тала-а-ай жыл өтті емес пе?! Талай-талай ақ боз ат өмірге келіп-кетті ғой!.. Бірақ, бұл ат, сол баяғы Адамбай атаң мінген ақ боз аттан аумайды. Өзі сондай жүйрік. Құс сияқты ұшады! Өткен жылы екі рет бәйгеге қостым. Екеуінде де оқ бойы озып келді. Сөйтіп, мені «оралман» деп жүрген құрдастарымның алдында абырой-беделім өсіп, Ореке атандым. Мұндағы жұрт енді мені ақ боз атты Оралбай дейтін болды!

Атам сөйлеп келеді. Мен тыңдап келемін. Сәлден соң екеуіміз көпірден өтіп, биікке қарай өрледік.

Ақ боз атты тезірек көрсем екен деп ынтығып, алға қарай жылдам-жылдам адымдай түсемін.

БАЛА-МАХАББАТ

Сол жылы біздің ауылда жүгері өте қалың өсті. Жасыл желігі желбіреп, жібек шашағы үлбіреп, жаңа түскен келіншектей иіліп, жүгеріліктің шетіндегі күре жолдың бойымен ары-бері өткен жолаушыларға сызылып сәлем беріп тұрды.

Сол жылы жазда мен алғаш рет көрші ауылдағы бір күлегеш, аздап еркелеу, сәмбі талдың шыбығындай нәзік қызға ғашық болдым.

Шынымды айтсам, әлі күнге шейін балалық шақтағы қимас күндерімді – бала-махаббатымды есіме түсіре қалсам, көз алдыма сол бір күлегеш қызбен бірге жап-жасыл жүгерілік алқап қосыла елестейді.

* * *

Сол күні тал түске дейін ерінбей-жалықпай шұқылап, ысылдап, пысылдап, ұзақ отырып белесебетімді жөннедім. Үсті-басым қап-қара май болды. Басымнан күн өтті-ау деймін. Көз алдым қарауыта бастады. Оның үстіне шекемнен шып-шып шыққан ыстық тер де қайта-қайта көзіме құйылып, ашытып барады. Кір-қожалақ қолымның сыртымен олай-бұлай сұрткен сайын сорғалайды.

Мен түбіне келіп отырған алма ағашының көлеңкесі әлдеқашан қиыстап, басқа жаққа ауып кеткен. Бірақ оны қуалаймын деп тоңқандап, ыстықтан бас сауғалап жатуға да мұршам жоқ. Өйткені таң атқалы бері танауым пысылдап істеп жатқан тірлігім әне-міне бітуге тақау.

Әбден тозығы жетіп, сілікпесі шыққан ескі белесебетімнің кәмірі кеше кешке өрістен қайтқан малдың алдынан шыққанымызда тағы да тесілген. Бұдан бұрын да көрмеген құқайы жоқ, қырық қырау кәмір болатын. Енді міне, кісі қарайтындай сиқы қалмады. Әр-әр жерінен буылған, түйілген, жамалған қара жылан секілді.

Бірақ, амал қанша, біздің ауылдың дүкеніне дөңгелек түспегелі қай заман. Тіпті резіңке жамайтын желім де жоқ. Міне, мен сондықтан да қырық құрау ескі кәмірдің тесілген жеріне қиыршық тас салып, оны сыртынан бұлтитып түйіп тастамақ болып азапқа түсіп отырғам жоқ па.

– Ұсқынын-ай мынаның! – деп күңкілдеп ұрсып қояды қазан-ошақ жақта күйбеңдеп жүрген апам. – Үстінің майын қарашы...

Біздің апамның қолы мен аузы қатар қимылдайтын әдеті. Үнемі біреуге кейіп, ұрсып, не болмаса жер-көкке сиғызбай мақтап жүріп тірлік қылмаса ісі өнбейді. Көбінесе ұрсатыны өз үйіміздің адамдары, ал мақтайтындары басқа жақтан.

– Құдайдың бір әуреге салып қойғаны-ай! – деді апам. – Осы салдырлаққа мінбей-ақ, жан тыныштығын қыле-еп жаяу жүрсең болмай ма?

– Болмайды, – деп мінгірледім мен қолымдағы жіптің екі ұшын күшене тартып жатып. – Жаяу жүріп ештеңе үлгермейсің...

– Пып! – деді апам менің сөзімді жақтырмай ернін шүршіттіп. – Со белесебет болмаса, үйден шыға алмай омалып қалады екенсің ғой, шіркін!

– Қазір жүгеріге барамын. Собық әкелемін.

– Иә, сен собық теріп әкелмесең, аштан өлейін деп отыр ек! Пып... Бірақ, апам собық пісіріп береді екен деп ойлаушы болма! О несі екен-ай, онсыз да сүйек-сүйегім сықырлап, ілініп-салынып әрең жүрмін.

Мен белесебетімді жөндеп болып, шарбақ қораның есігінен зымырап сыртқа шығып бара жатқанымда:

– Ергелі-кеш сүйретіліп қазан-ошақтың қасында күйелеш-күйелеш боп жүргенім аздай-ақ, енді бұларға собық қайнатып беруім керек екен ғой. Кеше энебіреусі талайдан бері түшпара жемедік деп, құлағымның құрыш етін жеп еді. Ойбай-ау, үнде-мегенге тіпті есіріп барады-ай бұлар. Тапқан екенсіңдер желкілдеп жүрген жас келіншекті!

Біздің апамның соңғы кездегі үлкен арманы осы үйге бір жас келін түсіру. Сөйтіп, мынау қазан-ошақтың жанындағы қыбыр-жыбыры таусылмайтын қу тіршіліктен құтылып, екі қолын жылы суға малы-ып отыру.

Ол өзінің аяулы арманы орындалатын күн жақындап қалғанын сезген сайын біртүрлі ашуланшақ, әрі шыдамсыз болып барады. Сәл нәрсеге шырт ете қалады. Тіпті бізге тамақ істеп бергенін де, кір-қоңымызды жуғанын да міндет қылады.

Кеше әкем күн сайын ет жей бергеннен әбден жалыққан болуы керек, кешкі асты енді алдымызға ала бергенімізде:

– Апыр-ай, осы біз түшпара жемегелі де талай бопты-ау! – дегені бар емес пе қараптан-қарап отырып қиялға батып. – Ертең бір жақсылап түшпара түйші...

Несін жасырайық, біраздан бері біздің үйде еттен басқа астың иісі сезілмеген еді.

– Урра! – деп мен де қуанып қалдым.

Апам әзірге сыр бермей, көзін төмен салып үнсіз отыр. Әне, басын көтерді. Көкем екеумізді жеп қоярдай тесірейе қарады. – Иә, тағы да не жегілерің кеп отыр? – деді қатқылдау үнмен. – Айтындар. Неге үндемей қалдыңдар?

Біз енді бір бәленің боларын сезіп тұқшындап, алдымыздағы табаққа амалсыз қол соза бастадық. Мұнымыз «Дүниеде еттен дәмді ештеңе жоқ. Күнде пісіріп берсеңіз де жей береміз, жей береміз. Тек әйтеуір, бізге бұлай қарамаңызшы, ұрыса көрмеңізші...» деген үнсіз тілек еді. Бірақ апам біздің аяқ астынан ашыла қалған тәбетімізге пысқырып та қараған жоқ.

– Мүмкін сендерге дүнгеннің созбасын, өзбектің палауын пісіріп беруім керек шығар? – деді онсыз да жүніміз жығылып, тығыларға жер таппай отырған көкем екеумізді біржолата ықтыра сөйлеп. – Жоқ әлде, орыстың кәпөсте көжесі керек пе? Айтындар кәні... заказ беріндер. Осы күні ділбұзардан көрсетіп жүрген аңқыл-бенс, ыс-с-пагеті де әзірлеп бере алам!..

– О-о! – дедім мен апамның «кулинарлық біліміне» еріксіз таң қалып.

– Кісінің жынын келтірмей, тыныш отырындар түгі! – деді апам енді нығырлай сөйлеп. – Мен сендерге қалаған тамақтарыңды істеп беріп отыратын рістірән емеспін. Білдіңдер ме?! Осы үйге отыз жыл күң болғаным да жетеді. Ертеңнен бастап әрқайсың өз қалаған тамақтарыңды өздерің істеп ішесіндер. Ыспагеті жейсіндер ме, жоқ әлде, тышқан етін жейсіндер ме, онда менің жұмысым жоқ! Әйда, пошол! Шорту, ертеңнен бастап маған отпуск! О несі-әй, түгі, мен осы үйдің жаңа түскен келіні ме екем!

Біз жым болдық. Бұдан да апама қарап бірнәрсе айтудың өзі қорқынышты еді. Көкем екеуміз іштей басқа тамақтың түрлерін армандай отырып, апамның қалай болса солай қалыңдау етіп жая салған қамырына қосып сүр етті сылпылдатып соға бердік.

Егер әңгіменің шынына келсек, бұл жолы біздің ешқандай да кінәміз жоқ еді. Тіпті осы үйге таяу күндерде келін түсе ме, жоқ па, оған да қатысымыз шамалы.

Апамның алыстан қаһарын төгіп, ашу шақырып отырған адамы, менің ойымша, тап қазір үлкен шаһарда қыдырып, көңілі қалаған тамағын ішіп-жеп, ойында түк жоқ, сайран салып жүр. Ол – менің қалада оқитын студент ағам Қыбырай.

Біздің үйде біреу үйленіп, апам байғұсты ауыр тірліктен құтқаруы керек болса, ең алдымен сол әрекет жасауы керек. Оның жолына елендеп көз тігіп, тәтті қиялымен талай түнді тербетіп, талай таңды үмітпен атырып келе жатқанына қай заман...

Мен ауладан оқтай атылып шықтым да, зымыраған күйі ауыл ортасындағы күре жолға келіп түстім. Теп-тегіс асфальтқа табаны тиген соң белесебетімнің жүрісі түзеліп, өзімнің де көңілім көтеріліп сала берді.

Жүгерілік алқап біздің ауылдың сыртынан басталатын да, осыдан бес-алты шақырым жердегі көрші ауылдың іргесіне тіреліп бір-ақ тоқтайтын. Мен, әрине, майда-пашақ балалар секілді шет жақтан кіре салғанды өз бойыма лайық көрмедім. Алқаптың ортасына таман, жүгерінің ең қалың әрі бойшаң тұсына барып, собықтың ең ірісін, сүттісін таңдап үзбек болдым.

Түс әлетінде жүгеріліктің іші қапырық болады. Тымырсық ауа демінді буып, тынысыңды тарылтады. Белесебетімді жетектеп сілгідей тынып тұрған жүгеріліктің ішіне кіріп едім, сәлден соң-ақ қан сорпам шықты. Тап бір моншаға киімшене кіргендей ақ тер, көк тер болдым. Оның үстіне жүгерінің сояудай-сояудай жапырақтары жалаңаш білегімді, мойнымды тілгілеп, желкемнен түйреп, собықтарын қызғанып жатқандай. Әрі-беріден соң оларға тіпті ызам келіп, жолымды кес-кестегендерін аяусыз жапырып кете бердім.

Өзіммен ала келген сөмкем әлдеқашан толған. Әйтсе де жуандығы білектей-білектей аппақ собықтарға әлі көзім тоятын емес. Кейбіреулері тіпті биікте, бойым жетпейді. Төменірек иіп жатқанымда жүгерінің ұзын паясы шыдай алмай шарт сынады.

Жол жақтан әлдекімнің:

– Әй! – деген даусы өктем естілді. – Өк-ай, өк!

Жүрегім су ете қалды. Жүгерілікті қоритын Жетпісбай шалдың даусы. Сыыр түсіп кеткен ғой деп, ат үстінен мойнын соза айқайлап тұр. Әдетте сиыр атаулы Жетпісбайдың даусын ести сала, жүгерінің арасынан өздері-ақ бөкілдеп шауып шыға бастайды. Егер зәуіде бірлі-жарымы мұндай жазылмаған заңға бағына қоймаса, жүгері қоритын шал астындағы бесті күреңімен қалың жүгерілікті кемедей қақ жарып өтеді де, сегіз өрім дырау қамшысымен жондарынан таспа тіліп, шықпырта сабап шығарады. Байғұс сиырлардың сондағы бөкілдеп қашқанын көрсеніз ғой, жаныңыз ашиды.

Жетпісбайдың айқайын естіген бойда бұғып қалдым. Жүгерілікті жапырып жүргеніңді көрсе, жынды шал адам екенсің-ау деп аямайды. Спырға ұқсатып алдына салып алып, тырқырата қуып шығады.

Менің ойымша, осы шал құр босқа арам тер болып жүр. Фермадағылар да оған бостан-босқа айлық төлейді. Неге десеңіз, Жетпісбай шал жаз бойы қорыған жүгері күзде орылып, сүрлем боп жерге көміледі. Ал қыста оны малшылар қайтадан аршып алып, буын бұрқыратып сиырларға береді. Көрдіңіз бе, Жетпісбай шал қаншама шаң жуытпай қорығанымен, түптің түбінде жүгеріні жейтін сиырлардың өзі.

– Өк-ай, өк!

Оның айқайынан қорқып, бөкілдеп қаша жөнелгендей мен ақымақ сиыр емеспін. Жүгерінің түбінде бұғып тырс етпей отырмын.

Ол мойнын созып жан-жағына қарап тұрды да, атын тебініп қалып бері қарай жүрді. Мен белесебетімді жүгеріге сүйей салып, тышқанша жорғалап қаша жөнелдім.

– Қарасан келгірді жер жұтып кетті ме?! – деп Жетпісбай шал жүгерілікті ары-бері аралап көрді де, қолқаны қапқан қапырық ыстықтан тезірек құтылғысы келгендей, өз жөніне кетті.

Мен қайтадан жорғалап келіп белесебетімді алдым да, жүйектің ішімен бұқпантайлап төмен қарай түстім. Сай жақта сылқ-сылқ күліп Келес өзені ағып жатыр. Осы бір тұста оның арнасы доға жасап иіліп, анау көрініп тұрған ауылды теріскей беттен орап өтетін де, оңтүстік батысқа қарай бет алатын. Сылқым Келестің мөлдіреген тұнық айдыны күн сәулесіне шағылысып жалт-жұлт ойнайды. Қазір аспандағы Күн-сұлудың өзі де мынау оттай ыстыққа шыдай алмай, суға түсіп шомылып жатқан секілді. Құлама жардың қапталындағы қалың мияның арасынан әрең байқалатын жалғыз аяқ жолмен белесебетімді жетектеп өзенге қарай дедектеп түсіп келемін.

Жағаға жете бере көйлек-шалбарды құмның үстіне атып ұрып, күмп беріп суға сүңгітім. Дем арасында жаным жай тауып, рақаттанып қалдым. Құлаш ұрып біраз жүзе түскім келіп еді, бірақ өзеннің бұл тұсы жайылма, тайыз екен.

Судан шығып, көйлек-шалбарымды қолыма ала бергенімде, арғы беттен маған күле қарап отырған бір қызды көзім шалды. Жаңа ғана маңайда ешкім жоқ сияқты еді. Қайдан ғана сап ете қалды екен?

Шалбарымды апыл-ғұпыл кие бастадым. Асыққанда киіле қоюшы ма еді. Бір балағы ішіне қарай қайырылып, асығамын деп тапырақтап жүргенде шалынысып кеттім де, мап-майда киыршық құмға құйрығыммен топ ете түстім.

Арғы бетте отырған қыз сықылықтап күліп, мәз-мейрам болды.

– Неге күлесің?! – дедім.

Ол езуін жимаған қалпы:

– Егер менен ұялатын болсаң, теріс қарап тұрайын, – деді.

Сөйтгі де лып етіп түрегеліп, алысырақ барып, теріс қарап тұрды. Мен суға қайта түсіп шығып, шалбарымды киіп алғанға дейін қозғалған жоқ. Оның бұл қылығына біртүрлі ішім жылып қалды.

– Болды енді, қарай беруіңе болады! – дедім дауыстап.

Қыз күлімсіреп бері бұрылды. Неге екенін білмеймін, беле-себетіме мініп ап ауылға қарай тартып отырудың орнына, мен оған таңдана қарап бөгеліп қалдым. Ол да мені қимай, біртүрлі жалғызсырап тұрғандай көрінді.

– Ой, собығың қандай көп, – деді тор қалтаға көзі түсіп.

Шынымен-ақ қызығып тұр ма. Мен оның көңілін қимай, өзеннің тайыздау тұсынан белесебетімді жетектеп арғы бетке өттім.

– Керек болса, бәрін ал! – дедім тор қалтаны жерге қойып жатып. – Біздің апам бәрібір пісіріп бермейді.

– Неге? – деді ол таң қалып.

– Білмейм... – деп күмілжідім мен көзімді төмен салып. – Әйтеуір жүгеріні ұнатпайды...

– Қызық екен, – деді ол шашын желп еткізіп артына қарай қайырып қойып. – Ал менің апам тауықтың етін жемейді. Қожаның қызымын дейді.

– Немене, қожалар тауық етін жемеуі керек пе екен?

– Иә. Жемеуі керек екен. Ал сен нешінші класқа көштің?

– Жетіншіге.

– Ой, рас айтасың ба? Мен де биыл жетіншіге көштім. Қызық, ә?! Биыл көктемде біздің мектептің оқушылары сендер жаққа волейболдан жарысқа барған.

– Сен де келдің бе?

– Жоқ. Тамағыма суық тиіп, ауырып... – Ол өзінің сол кезде ауырып қалғанына қазір шын өкінгендей көзін төмен салды. Содан соң тор қалтадағы собықтарға қарап, қайтадан күлімсіреді.

– Мынау собықтарды арғы беттен тердің бе? Қарауылдан қалай қорықпадың?

Мен оған Жетпісбай шалдың әлденені сезіп қалғанмен, жүтеріге кірген сиыр екен ғой деп ойлап, ары-бері іздеп таба алмай кеткенін әсірелеп айтып, мақтанып қойдым. Ол маған қызыға қарап, сықылдықтап күліп алды.

– Ой, қандай қызықсың өзің?! – деді қолын ақырын ғана сермеп қойып. – Атың кім?

– Жәми. Ал сенің ше?

– Жанар.

– Ертең тағы да келесің бе осы жаққа?

– Білмеймін. Апам бұзауларды қарап кел деп жұмсаса, келемін ғой.

– Онда мен ертең де собық теріп әкелемін.

– Ой, осының өзі де көп қой. Бұның бәрін әкете алмаймын. Көтергенімше шақтап қана алайын, жарай ма?

Мен басымды изедім. Жанар біраз собық алды да, қоштасып кетіп қалды. Ұзап бара жатып артына бір-екі рет бұрылып қарады. Ол шеткі үйдің тұсына жетіп, ары қарай бұрылып кеткенге шейін орнымнан қозғалған жоқпын.

* * *

Таңертеңгілік күн өте салқын болды. Күндегісінше қорадағы қойлар маңырап, бау-бақша жақтан құстар сайраған жоқ. Ауладағы қызыл қораз да мойнын ішіне тығып, бүрісіп отыр. Бұл алдағы қоңыр күздің таяп қалғанын, енді бұдан былай күн өткен сайын салқын демі тым жақыннан сезіле беретінінің белгісі еді.

Бүгін апам мені ерте оятқан. Үйде су таусылып қалған екен. Тоғайға барып, Құлаған жардың төменгі жағында арқандаулы тұрған көк есекті мініп келдім. Сосын апам екеуміз қыл арқанмен бір-біріне қосақтап байланған қос флягті қолдаса көтеріп есектің үстіне салдық.

Енді міне, таңсәрідегі уыз тыныштықты ер-тоқымның қос капиталындағы екі үзеңгінің бос флягтерге соғылып, даң-дүң еткен дыбысы бұзып келеді. Әрине, оларды бұлайша құр босқа салтақтатпай, тоқымның астына қайырып қойсам да болар еді. Бірақ, қазір соған еңкейіп, қол созып жатуға зауқым жоқ.

Ағамның оны-пұны шаруаға киетін ескі пиджагін киіп, көк есектің үстінде бүрісіп отырмын. Біздің ауыл тап бір мылқау

кинодағыдай әр-әр тұстан у-шусыз оянып, үн-түнсіз өз шаруаларына кірісіпті. Биесін алып қайту үшін тоғайға түскен Бай-казак ақырын қимылдап, аяғын еппен ғана басып бара жатқан сияқты. Қазан арықтағы су да баяу ағады.

Кенет бүгінгі таңды тағатсыздана, асыға күткенім есіме түсті. Түнде көпке шейін кірпігім айқаспай, ұйықтай алмай жатқанмын. Күлегеш Жанар қайта-қайта көз алдыма елестей берген. Шіркін-ай, тезірек таң атып, күн шықса екен деп тіледім. Жанарды тезірек көргім келді.

Енді міне, сол тілегімнің бүгін орындалатыны есіме түсуі мұң екен, кеуде тұсым бір түрлі жылынып сала берді.

Өгем тауының ар жағынан күн көтеріліп келеді. Көк шалғынға тұнған таңғы шық моншақтай жылтырайды. Түнімен суып қалған үйдің пешіне от жағылғандай, мынау салқын дүние бірте-бірте жылынып келеді.

Шалқар атаның бастауынан флягтерге су толтырып алып, көк есекпен итіндеп тоғайдан шығып келе жатқанымда қасқа жолдың оң жақ бүйіріндегі шарбақтың ішінен:

– Е-ей, Қарабай, – деп шіңкілдеген жіңішке дауыс естілді. Мен мойнымды қанша созып қарасам да, қалың ағаштың арасынан ешкімді көре алмадым.

– Е-ей, Баян сұлудың әкесі! – деп жырқ-жырқ күлді әлгі дауыстың иесі. Сонда ғана білдім, таң атпай алма ағашының басына өрмелеп шығып алған Әнтай екен.

Қарабай – ауылдағы менің лақап атым. Балалар түріме қарап, өстіп мазақ қылады. Жалпы бірен-саран Әнтай секілді шікіл сарылар болмаса, біздің ауылдың бәрі де күнге күйген қараторылар ғой. Сірә, ауыл бойынша Қарабай атануыма қарағанда, менің түрімнің қаралығы олардан да қоюлау болса керек. Апам мені еркелеткен кезде «Жылтыр қарам» деп айналып-толғанамды. Лақап атымның сыры енді түсінікті болған шығар. Әйтпесе, менің әйгілі эпостағы Қарабаймен үш қайнасам сорпам да қосылмайды. Ол сияқты мыңғырған бай емеспін. Бай болмаған соң, әрине, сараң да емеспін.

Әнтай қудың қай жақтан айқайлап тұрғанын білген соң:

– Әнтай, Әнтай,

Атаңның артынан қайқай! – деп айқай салдым.

Бұл да оның жалғыз менен емес, Қызыл атаның бүкіл балаларынан естіп жүрген үйреншікті мазағы болғандықтан қыңқ еткен жоқ.

– Қай жақтан келе жатырсың? – деді ол.

– Бастаудан. Өзің ше, таң атпай ағаштың басында неғып отырсың?

– Алма теріп жатырмын. Бүгін апам базарға барады. Екі шелек құм алма теріп берсем, маған қап-қара көзілдірік сатып әпермекші.

– Оны қайтесің?

– Тағып жүрем де! Кинодағыдай болмаймын ба? Түп-тура Шварцнегер сияқты.

– Кім сияқты дейсі-і-ің?!

– Шы-варцы-неге-е-ер!

«Дәмесін қарай гөр жаманның!..»

Мен қанша тырыссам да шикіл сары Энтайдың көзіне қап-қара көзілдірік тағып алып, бүкіл әлемге әйгілі кино жұлдызына ұқсап жүргенін көз алдыма елестете алмай қойдым.

Апам сары жез самаурынға су құйып, от тұтатты. Түп-тұнық ауаға көкшулан түтін жайылды. Қураған жыңғылды үстеп салған сайын сары самаурын көмейінен от шашып, жыланша ысылдай бастады.

Сөйтіп біздің үйдің күйбің-күйбің тірлігі тағы да жалғасты. Апам күндегі әдеті бойынша сыпаның үстіне көрпеше төсеп, дастарқан жайды. Жаңа ғана байқадым, биыл өзі кәдімгідей жүдеп, қартайып кетіпті. Амалының жоқтығынан ғана эзер қимылдайды. Сірә, апамды іштей қинап жүрген нәрсе, алдағы күннен күткен қызығының алдамшы сағымдай бұлдырап, әне-мінемен жеткізбей келе жатқаны-ау деп шамалаймын.

Ал біз, көкем екеуміз осы бір үйреншікті қоңыр тірлікке әбден көндігіп алған секілдіміз. Таңның атуымен басталып, күннің батуымен ғана толас табатын күнделікті күйбің-күйбіңге етіміз өліп, көнтерілі болып кеткенбіз бе, қайдам. Біраз жылдан бері ақталмай, әр жер-әр жерінің сылағы түсіп, алақат-алақат боп тоза бастаған біздің мынау ескі үйімізде ешқашан да тосын жаңалық, алабөтен қуаныш болмайтындай, оның ішіндегі қоңторғай өмір осылайша бірқалыпты ырғағынан, бірсарынды ызыңынан жаңылмай, баяу жылжып өте беретіндей көрінеді.

Көкем түнде жатқанда ғана болмаса, басқа уақытта аяғынан тастамайтын керзі етігін тырп-тырп басып жүріп, қысы-жазы мал бордақылайды. Алты ай жаз малға шөп шабамыз, тасимыз, алты ай қыс малға шөп саламыз, қараймыз. Бұйырған бағасына сатамыз. Біздің үйдің әзірге бар кәсібі осы. Айтуға жеңіл бол-

ғанмен: атқа жем беру, сиырға шөп салу, қойды қораға қамап, қозыны бөлектеп алу, малдың астын тазалау сияқты машақаты көп ауыр еңбек, өмірі бітпейтін өнімсіз тірлік.

Апам күніне үш-төрт мезгіл бие сауады, қымыз ашытады. Есік алдындағы күзетші сияқты үнемі қақшиып тұратын арша күбіні көкем екеуміз үйге кіргенде, шыққанда күрпілдетіп пісіп жүреміз. Бірақ қымыздың иесі – апам. Көңілі қалаған кісіге мейімдетіп құйып береді, көңілі қаламаған кісіге бір тамшы да татырмайды. О-о, бұл өлкеде біздің апамның қымызындай бал татыған қымызды қанша іздесеңіз де таба алмайсыз.

Түске таман белесебетпен зымырап отырып Келестің жағасынан бір-ақ шықтым. Бүгін біртүрлі көңілім өрекіп, жан-жағыма жаутаңдап қараймын. Өзен жағасында ешкім жоқ. Сол баяғы арнасымен сылдырап ағып жатыр. Қыр жақтағы жүгерілік қалғып кеткендей, басын төмен иіп қыбыр етпейді. Мен Жанарды күтіп ұзақ тұрдым. Ол келмеді. Келмеген соң, басқа нәрсенің бәрі де қызықсыз болып көрінді. Бұл маңай ешкімге керек болмай, құлазып қалғандай. Өзеннің арғы бетіндегі ауылға екі көзім жәудіреп көп қарадым. Кенет басыма бір ой сап ете қалды. Адам баласы өзі аңсаған арманына қашан оп-оңай қол жеткізіп еді. Сол үшін ерсілеу болса да бір әрекет жасап, әйтеуір бір қимыл көрсетпеуші ме еді!

Жанарды осы өзім іздеп барсам қайтеді! Мыңбұлақ аулына шақырусыз келіп қалыпсың ғой деп, ешкім менің шапанымды шешіп ала қоймас...

Міне енді, қара жолдың ой-шұқырына қарамай, сол ауылға қарай белесебетпен ызғытып келемін. Көңілім алып-ұшып, Жанарды тезірек көрсем-ау деймін.

Шеткі үйдің тұсынан дәу сары ит үріп шықты. «Кімді іздеп келе жатырсың, не керек саған» дегендей арс-арс етеді. Бірақ бас салып қуа жөнелуге зауқы соқпай ма, жоқ әлде, қорқа ма, әйтеуір жол жиегіндегі арықтан бері өтпей, ар жақтан айбат шегіп қала берді.

Көше-көшеде ойнап жүрген майда-пашақ балалар да ойындарын доғара қойып, мен жаққа күдіктене қарайтындай. «Мынау өзі тапа-тал түсте неғып жүр тентіреп, біздің ауылда не бар бұған? Бұл жүрісі сірә, тегін емес-ау!» дегендей іштерінен арам ой ойлайтын сияқты. Жай күндері болса, мен оларға пысқырып та қарамас едім. Бірақ бүгін өзімнің де ішім қуыс...

Біздің ауылдың біраз жігіттері осы Майбұлақтың қыздарына үйленген. Бір кездері олар да әр нәрсені сылтауратып келіп, өздері ұнатқан қыздарды көріп қайтқан шығар-ау...

Дегенмен, «Өлімнен ұят күшті» деген сөз ып-ырас екен. Дәл қазір менің бұл ауылға қандай мақсатпен келгенімді ешкім біле қоймаса да, өз ойымнан өзім қуыстанып, екі бетім дуылдап қызарып барады.

Жанардың үйі екенін білмегендіктен, әр ауланың тұсынан өткенде көзімнің қиығымен ұрлана қараймын. Өзірге көшеде ойнап жүрген балалардан басқа ешкім көрінбейді. Ал олардың ойында түк жоқ. Жанардай әдемі қызбен бір ауылда тұрып, күн сайын кездесіп жүрсе де селт етпейді.

Бір үйдің тұсына жеткенде, шарбақтың жанындағы сәкіде сылқ-сылқ күліп, сыбырласып отырған екі қызды көрдім. Жандарынан өтіп бара жатқанымда олар күлкісін кілт тиып, үнсіз қалды. Бөтен ауылдың баласы екенімді біліп отыр қу қыздар. Шашы жалбырап, ескі белесebetін қиқалақтағып келе жатқан бұл кім дей ме, әлде басқа бір ойлары бар ма, кім білсін...

«Жо-жоқ, мен енді Жанардан басқа қызды көзіме де ілмеймін!» Алға қарай, тек алға қарай тарта бер деп жетелейді бір сиқырлы күш.

Ирек-ирек үлкен көшенің шетіне шығып, енді келесі көшеге қарай бұрыла бергенімде қыр жақтағы клубтың тасасынан үш-төрт бала жүгіріп шыға келді. Бағанадан бері мені алыстан аңдып, әдейі тосып отырған секілді. Маған қарап қолдарын бұлғап, ысқырып қояды. Көрсем де көрмегендей болып кете бермек едім, топырлап жүгіріп келіп алдымды орады.

– Иә, сен біздің ауылда не істеп жүрсің? – деп тиісе кетті ә дегеннен-ақ.

Дәл қарсы алдыма келіп тұра қалған сопақ бас, бадырақ көз, ұзынтұра баладан тіксініп қалдым. Ол сырықтай қолымен белесebetтің рөлінен шап беріп ұстай алып, кірпік қақпай тесірейе қарады.

– Жай әншейін...

– Нім! Жайдан-жай жүре ме екен адам?! – оның даусынан шатақ іздеп тұрғаны анық аңғарылды.

Мен үндемедім. Бұлар көп қой. Әрі ауыл да осылардыкі.

– Әкелші бері, бір теуіп келейік, – деп әлгінің жанындағы аяқ-қолы шидей, танауы таңқиған шәлтік қара бала белесebetке

жармасты. Мен оған ұстата қоймақ едім, бірақ қарсы алдымда тұрған ұзынтұра тесірейген күйі:

– Түс! – деп зілдене әмір етті.

Амал жоқ, түстім. Шәлтік қараның аяғы педальға емін-еркін жетпейді екен. Ол өзіне үйреншікті машығына басып, қос қапталына кезек-кезек қисайып, құйрығы бұлтындап жөнеп барады.

– Осы ма еді?! – деп ұзынтұра енді қасындағы бұйра бас, китар көз балаға қарады. Ол тек осы сөзді ғана күтіп тұрған болуы керек. Басқа ауылдан емес, басқа планетадан келіп тұрған адамды көргендей басын біресе оң иығына, біресе сол иығына қисайтып шұқшисын-ай келіп. Бір кезде ұзынтұраға жағымпаздана қарап:

– Осы! – деді маймөңкелеп.

Ұзынтұра енді менің жағамнан бүріп ұстай алды. Қолы темірдей қатты екен.

– Біздің ауылдың баласына неге тиесің? – деп бетіме ежірейіс қарап.

Түкке түсінсем бұйырмасын-ей.

– Қа-қашан? Кі-кім, мен бе?

– Иә, сен. Өткен жолы базарда мынау Міркәрімнің теңгесін тартып алып қойыпсың!

– Тұп-тура елу теңгемді қағып алған...


Қап, мына китардың қорлығын-ай, ә?! Мен оның теңгесін тартып алмақ түгілі, өзін өмірімде бірінші рет көріп тұрған жоқпын ба.

– Жала жаппа өйтіп! – деп, китарға қарап шап ете түсіп едім, ұзынтұраның қолы кеудемнен қаттырақ түйіп қалды.

– Ол мені басқа біреумен шатастырып тұр!..

Дегенмен, ұзынтұрада аз да болса ұят бар ма деймін, қайтадан бұрылып китарға қарады. Бірақ анау нағыз имансыздың өзі екен.

– Өткен базарда атам екеуміз қызыл сиырды осылардың ауылындағы базарға сатуға апарғанбыз. Сонда атам маған сиыр айдап келгеніңнің ақысы деп елу теңге берген. Со... со елу теңгені алып, жайма дүкенге бара жатқанымда о-осы біреу алдымнан шығып... қо... қорқытып... тартып алып қойған, – деп балпылдай бастады. Өп-өтірік жыламсырап, менен қорлық көрген адамға ұқсап, аяқ астынан әртіс бола қалғанын қайтерсің-ай иттің.



Әлгінің сояудай кірпіктері жұмылып, қитар көзінен қос тамшы жас атып шыққанын көрген ұзынтұра шыдай алмай ішімнен ыңқ еткізе қойып қалды. Бүгіле бергенімде құлақшекеден де қонжитып кеп жібергені. Борпылдаған май топыраққа бұрқ етіп ұшып түстім.

Бұдан ары ешқандай да жақсылық күтуге болмайтынын түсініп, жан-жағымды сипалап жұдырықтай тас тауып алдым. Ұзынтұра тағы да ұрмақшы болып жақындай бергенде, құлаштап тұрып жіберіп кеп қалдым.

– Ой-бай! – ол тізесін ұстап, бүкшиіп отыра кетті. – Ой, акең...

Мен осы сәтті пайдаланып тұра қаштым. Құйындай зымырап келе жатып белесебетімді тартып алған шәлтік қараны қуып жеттім де, желкесінен бір нұқып жіберіп тартып алдым.

Ұзынтұра бұл кезде есін жиып, қасындағы нөкерлермен бірге тасырлатып қуып келе жатыр екен. Белесебетке бір мініп алған соң, оларға оңайлықпен жеткізе қоярмын ба?

Ой-шұқыры көп, ирек-ирек көшемен зымырап келемін. Соңымдағы қуғыншылардың ызаланып, боқтап лақтырған кесектері маған жетпей, арт жағымнан тарс-тұрс түсіп жатыр. Әлгі қитар иттің даусы-ау деймін, әйтеуір, шәңкілдеген бір ащы дауыс әке-шешеден, ата-бабадан түк қалдырмай сықпыртып келеді. Тілі удай екен бәленің...

Кенет алдыңғы жақтан көшені кесе-көлденеңдеп бір кішкентай баланың жүгіріп шыға келгені. Ол да біреуге ұстатпай қашып бара жатқан секілді. Томпаңдап жолды кес-кестеп өте берген. Әне, оның соңынан жүгіре шыққан әпкесі көрінді.

Жолдың қай жағымен өтерімді білмей қатты сасқалақтадым да қалдым. Белесебетпен зымырап келе жатқан мені көріп, әлгі баланың әпкесінің де көзі атыздай болды.

– А-ай! Тоқта, баланы басасың!

Оқыс шыққан дауыстан шошып кетіп рөлді кілт бұрғанымда, жол жиегіндегі арыққа барып шалп ете түстім. Екі аяғым аспаннан келіп оңбай құладым.

Әйтсе де есімді тез жиып алдым. Қуғыншылар жақындап ақ қалған екен. Үсті-басым сорғалаған су, белесебетке қайтадан қарғып мініп жатырмын. Жаңа ғана шошына айқайлаған қыз енді маған таңдана қарап, жүрегім тоқтап қала жаздады. Өз көзіме өзім сенбеймін! Жанар ғой мынау! Жанар...

Ендігі абыройдың айрандай төгілгенін сезіп, алды-артыма қарамай зыттып барамын. Қош, Жанар! Аялдауға мұрша жоқ, арт жақтан жау жақындап қалды.

* * *

Өзімді-өзім қоярға жер таба алмай жүрмін. Ақымақ басым десейші! Не деген кеше едім-м... Қайдан ғана бара қойып едім сол Мыңбұлаққа?! Енді мен Жанардың бетіне қалай қараймын?!

Әлгі бір сүмелектерден қорқып қашып келе жатқаным аздай-ақ, жолда інісін қағып кете жаздағанымды айтсаңшы. Бәрінен де сорақысы, сүйген қызыңның алдында арықтағы лай суға шалп етіп құлап, одан соң бір ауыз тіл қатуға шамаң келмей зыта жөнелген екен ғой!..

Осылайша өзімді өзім іштей мүжіп жеп, жігерім құм болумен біраз күн өтті. Жүгерілікке қарай аяқ баспайтын болдым. Әлгі Мыңбұлақтың үш-төрт баласынан көрген қорлығым етімнен өтіп, сүйегіме жеткен. Әттең, өз ауылы болған соң сөйтті ғой. Әйтпесе маған әкіреңдеп күш көрсетіп, қол жұмсайтындай кім еді олар?!.

Базарға бір келерсіндер-ау, бәлем! Сонда сендердің сазайларыңды тарттырамын!

Базар біздің ауылда. Үлкенді-кішілі зат та, ірілі-уақты мал да осында сатылады. Жан-жақтан келетін адамдар да сол жерде кездесіп, сол жерде танысып, сол жерде саудаласып, керек десеңіз сол жерде ұрысып-керісіп, төбелесіп жатады.

Әрине, ауыл біздікі болғандықтан, базар да біздікі. Ол жерде басқаларға қарағанда біздің мерейіміз үстем.

Мен енді Мыңбұлақта өзіме қорлық көрсеткен балаларды сол базардан күттім. Олардың бұл жаққа келмеуі мүмкін емес. Оқу жылы болса таяп қалды. Мектепке киіп баратын жаңа киім, кітап-дәптер керек болса, қалайда келеді.

Қасымда екі-үш сыбайласым бар, аумағы ат шаптырымдай базардың ішін сумаңдап кезіп жүрміз. Жайма дүкендер тізілген жақты да, мал сатылатын жерді де аңдимыз.

Құмырсқаның илеуіндей құж-құж қайнаған қан базардың іші у-шу, азан-қазан. Әсіресе мал сатылатын жерде әртүрлі қызықтар көп болып жатқан сияқты. Үсті-басы қи сасыған делдалдардың аузына да, аяғына да тыным жоқ.

– Әй, жарқыным, саған өзі сүтті сиыр керек пе, етті сиыр керек пе?!

– Шырағым, сен бұның бергенін азырқанба, ал се-е-ен өйтіп сарандық жасама, білдің бе?! Бар береке, әкел қолыңды, сегіз мың теңге болды!

– Әй... әй, мынау қайтеді-ей, әуелгі сауда менікі, мен алам!

– Ақсақал, бөгет жасамай, ары тұрыңыз. Сауда сақал сипағанша!

– Игерме деймін! Әй, әдепсіз!.. Өгіздей боп өңмендеп қайда барады-ей?!

– Жап аузыңды!..

– Жаппаймын, ал қайтесің?!

– Е-е, ендеше сөйтіп ашып жүре бер! Басқа бір жерінді де аш...

– Әй, немене, сен екеуің мал болып кеттіңдер ме?!

– Білмеймін. Әйтеуір, базарға мал сатып алуға келгенбіз!..

– Пай, пай, мына қошқардың құйрығы тегенедей ғой.

– Алмайтын болсаң, сұқтанбай аулақ жүр! – деген дауыстар жарыса естіледі жан-жақтан.

Біз іздеп жүрген Мыңбұлақтың балалары көрінбейді. Көзімізге түсе қалса, жүндей түтіп жібермекпіз. Олар да бұл жолы соны сезіп, базарға әдейі келмей қалған болуы ықтимал. Қақпаның алдында пісте сатып отырған кемпірлерден бір стақан пісте сатып алып, автостанция жаққа қарай бардық. Бұл жерде де жұрт абыр-сабыр. Таңертеңгілік базарға артынып-тартынып келген адамдар енді буынып-түйініп қайта алмай әлекке түсуде.

Іші лық толған автобус есіктерін әрең жауып, орнынан ыңырана қозғалып барады. Бірақ автостанциядағы жұрт көбеймесе, азаймайды. Ақ қалпақты ұзын кісінің сөмкесі кетті де, өзі қалып қойды. Жаңағы жапатармағай талас-тартыста көзіне түсіп кеткен қалпағын көтеріп, жан-жағына қарманып, есін жиып үлгергенше автобус ұзап бара жатыр.

– Әй, әй, сөмке кетті ғой аптауызда!

– Ойбұй, ол енді тоқтамайды-ау!

– Ішінде не бар еді?

– Бала-шағаға деп алған оны-пұны... Мал жетектеп әкелген арқан бар.

– Е-е, бала-шағаға құдай тағы да жеткізер...

– Арқан табылар...

– Ойбай-ау, қазір бір арқанның бағасы бір қой болып тұрған жоқ па!

– Қап, әттеген-ай, ә!

Олардың қызығына қарап, шырт-шырт пісте шағып, ыржиып күліп біз тұрмыз. Сөмкесі кетіп, өзі қалып қойған кісі шыр-пыр боп сол маңайда біраз жүрді де, қолын бір сілтеп, қайтадан базарға кіріп кетті.

Қабырғадан ойыла салған кішкентай тесіктің (кассаның) алдында иін тіресіп тұрған жұрттың ішінен біреу кенет:

– Жәми! – деп менің атымды атағандай болды.

Кім екен деп бұрылып қарадым да, өз көзіме өзім сенбей, сілейіп қалдым. Опыр-топыр кезектің ортасында қысылып-қымтырылып, терлеп-тепшіп Жанар тұр. Маған қарап күлген болады.

Жұрттың арасынан кимелеп өтіп, жанына қалай жетіп барғанымды білмеймін.

– Сәлем! Бері шық, Жанар! – дедім ып-ыстық алақанынан ұстай алып. – Билетті саған біз алып береміз.

Екеуміз топтың ішінен сытылып шықтық.

– Алғаш көргенімде мынау тұрған сен бе, сен емес пе деп өз көзіме өзім сенбедім, – дейді ол күлімсіреп.

Қуанғанымнан көңілім алып-ұшып, тіпті оған айтатын сөз де таба алмаймын.

– Пісте шағасың ба? – деймін қалтам тола пісте болған соң.

Ол күліп басын шайқайды.

– Ой, базарда кісі қандай көп! – деді Жанар қиналғандай болып. – Ауылдан әпкем екеуміз бірге келіп едік. Одан адасып қалдым. Енді өзім қайта беретін шығармын.

– Мыңбұлақ – мынау тұрған жер емес пе! Мен-ақ шығарып саламын ғой.

– Қызық ә, Жәми! Базарда адам қандай көп болса да, екеуміздің кездесіп қалғанымызды айтамын да. Бүгін сені көремін деп мүлде ойлаған жоқ едім.

– Мен де...

– Базардан өзім моншақ сатып алдым. Көрсетейін бе? – Ол қолындағы кішкентай сөмкесінің аузын ашпақ боп оқтала берді де, жанымыздан ары-бері өтіп жатқан кісілерден қысылғандай тосылып қалды. – Жарайды, кейін көрсетермін, иә?!

Екеуміз бір-бірімізді қимай тұрмыз. Менің сарбаздарым анандай жерде иіріліп, біраз тосып тұрды да, жақын арада қолтаса қоймайтынымызды білген соң өз жөндеріне кетті.

– Өткен жолы...

Жанар сәл тосылып қалды. Менің екі бетім ду ете түсті. Өрт боп жанып бара жатқандай. «Айтпашы, Жанар! Өтінемін, айтпашы... Өткен жолы сенің алдында қас маскара болдым ғой. Енді соны еске алмай-ақ қойшы...»

– Өткен жолы сен әкеліп берген собықтарды апам екеуміз пісірдік. Керемет, дәмді болды!

Уһ! Арқамнан бір ауыр жүк сырғып түскендей жеңілдеп қалдым ғой. Үп етіп жел соғып өтті. Біз екеуміз көлеңкесінде тұрған ағаштардың қураған жапырақтары қалықтап арықтағы суға түсті де, ескексіз қайықтай қалт-құлт етіп ұзай берді...

– Ертең өзен жағасына келесің бе?

– Сен ше...

– Мен қалайда барамын!

– Онда мен де келемін.

Жолдың ар жағында тұрған біреу:

– Жанар! – деп дауыстады.

– Ой, әпкем келе жатыр, – деп қуанып қалды ол. Бізге қарап қолын бұлғап тұрған бойжеткенді мен де көрдім. Жанардың әпкесі сұңғақ бойлы, сымбатты қыз екен. Даусы да күміс қоңыраудай сыңғырлап тұр.

– Жанар-ау, қайда жүрсің? – деп ол сіңлісін құшағына қысып.

– Саған көйлек қарап жүрсем, өз бетіңмен кетіп қалғаның не?! –

– Мен адасып қалдым-ау деп ойлады.

– Қорықтың ба?

– Жоқ. Жәми екеуміз әңгімелесіп тұрдық.

Жанардың әпкесі жалт етіп маған бір қарады да, сіңлісінің шашынан сипап:

– Жүр енді, ауылға қайтайық, – деді.

Бізге амалсыз қоштасуға тура келді. Жанардың қасына тағы да жақындап баруға бата алмай, мен оларды көзіммен ұзатып салып қала бердім.

* * *

Біреу табанымды қытықтап оята бастады. Тәтті ұйқымды қимай, аяғымды бауырыма тартып, бүрісе түстім. Енді танауымды жыбырлата жөнелді. Көзімді ашсам, үстімнен төне қарап Қыбырай ағам тұр ыржиып.

– Әй, батыр, түске дейін осылай жата бересің бе? – дейді.

Атып тұрып, мойнына асыла кеттім. Мен ағамды жақсы көремін. Ол оқудан келген күн мен үшін ұлы мереке. Қыбырай да

бізді сағынып келеді. Әсіресе, жалғыз інісі болғандықтан, мені барынша еркелетіп бағады.

Есік алдында көкем шалғы қайрап отыр. Қыбырай ағамның үйге келгенін пайдаланып баудағы жоңышқаны орғызып алмақшы. Ағам да құлшынып тұр. Жайқалып өскен жоңышқалыққа қарап:

– Шалғы түсетін мезгіл де жеткен екен! – деп екі алақанын ысқылап қояды.

Бір-екі күнге демалысқа келсе де, Қыбырай ағам үйде қол қусырып қарап отырмайды. Шаруаға қолғабыс тигізіп, көмектесіп кетуге тырысады. Түске таман ол баудағы жоңышқаны оруға кірісті. Көкем жүзін қылпылдатып қойған қара шалғы сыр-сыр еткен сайын белуардан келетін көк балауса десте-десте боп жапырылып жатыр.

– Жәми, бидай көжеден құйып әкел! – дейді Қыбырай шөлдеген кезде. Мен үйге қарай тұра жүгіремін. Үш литрлік банкіге құйылған сап-салқын көжені алып келемін. Жұтқыншағы бүлкілдеп рақаттана сіміріп алады. Көкем болса қора жақта қой сойып жатыр.

– Жәми, мына теріні тұздап, шарбаққа іліп қой! – дейді ол дауыстап.

Енді мен қора жаққа қарай жүгіріп бара жатамын. Жаңа сойылған қойдың жып-жылы терісіне тұз сеуіп, шарбаққа іліп болғанымша:

– Жәми, ошақтағы от сөніп қалатын болды. Тезек әкеп берсеңші, құлыным-ау, – дейді апам.

Бұлар өстіп тыным таптырмайды енді. Бірақ мұндай ұсақтүйек тірлік ешқашан көзге ілінбейді. Апам түскі шай үстінде де оны-пұны әкелуге мені жұмсап отырады.

Түстен кейін жоңышқа баулайтынымыз мәлім болды. Осыны естігенде ішім қылып ете қалды. Енді бір ретін тауып сытылып шықпасам, кешке дейін жұмысқа жегіп қоятындары белгілі.

Бір нәрсені іздеген болып сипақтап сыртқа шығып белесетіме жармаса бергенім сол еді, көкем мені андып отырғандай артымнан ере шығып:

– Әй, Жәми, көк есекті арбаға жек! – деді іс-міс жоқ. Бауланған жоңышқаларды бастырманың астына тасып тастайық. Ертең жауын жауып қалса, босқа рәсуа болар.

Қайдағы жаңбыр?! Бір шөкім бұлт жоқ. Күн шақырайып тұр. Бұл әшейін, Жәмиді жұмыссыз қалдырмаудың амалы ғой.

Е-ей, өмірдегі осындай бір қиын сәттер-ай! Не дерсің енді бұған?! Көке, бүгін Жанармен өзен жағасында кездесуге уәде байласып қойып едім деп айтуға тіл бар ма менде?!

Үлкендер де қызық-ау осы. Бір мезет біздің жан дүниемізге үніліп, онда қандай аласапыран өзгерістер болып жатқанын көрсе ғой. Өздері де бір кезде бала болды емес пе.

Жо-жоқ. Олар бәрін ұмытып кеткен. Мына біздің көкемді айтамын да... өмір бойы ешкімге ғашық болып көрмеген, ешкімді сүймеген сияқты!

Басым салбырап, ұнжырғам түсіп кетті. Қайран Жанар, бүгін сені шынымен-ақ көре алмайтын болғаным ба?

«Әй, сен де бір келмейтін кезде келіп!» – деп осы жолы Қыбырайдың келгеніне тұңғыш рет өкіндім.

«Жоңышқаны да ормайтын күні орып, бауламайтын күні баулап!..» Қурап қалғыр, қу тірлік-ай!..

Бірақ іштей қанша бұлқынсам да, сыртқа сездіруге амалым жоқ. Шана секілді жайпақ арбаға жегілген көк есектің үстіне қожырайып отырмын. Су жоңышқа ауыр болады. Жеті-сегіз бау салған соң-ақ, көк есек өрге қарай мықшындап әрең тартады.

«Е-ей, Жанар бүгін мені күтіп, өкпелеп қалатын болды-ау!» деп ойласам, көкірегім қарс айырылады.

«Әй, мынау да бір келмейтін кезде келіп!.. Жоңышқаны да да ормайтын күні орып, бауламайтын күні баулап!..»

Кешке қарай жоңышқаны бастырманьң астына тасып бітірдік.

Әне, Қыбырай жүгіріп тоғайға түсіп барады. Соңынан мен де құстай ұшып келемін. Табанымыздың астындағы қасқа жолдың май топырағы борп-борп етеді. Қыбырай өзенге жеткен бойда күмп беріп сүңгіп кетті. Ақ пен қызылдың арасынан алқаракөк айдыны тұнжырап, тұңғыық мұңға шомып жатқан Келестің күміс моншақтары аспанға атылды-ай!

Өрістен қайтқан сиырлар Құлаған жардың тұсына таяп қалыпты. Кешкі тымырсық ауада ара-тұра: «Һайт-һайт!» деген бақташының айқайы естіледі. Беткейдегі жоңышқалыққа қарай көзін сүзіп, ебін тапса бөкілдеп қаша жөнелуге оңтайланатын аймүйіздерді жыланша ысылдаған үлкен бишігімен жасқап, қақпайлап айдап келеді.

Бақташы – Әжібай. Қыбырай ағамның түйдей құрдасы. Екеуі бір класта оқыған. Бірақ Әжібайдың әкесі ертеректе дү-

ние салып, кәрі шешесі екеуі қалған соң, ол мектеппен жетінші класта жүргенде-ақ қоштасып кеткен.

Сиырлар өзеннен өтіп, енді ешқайда алаңдамай ауылға беттеген кезде Әжібай бізге қарай бұрылып кеп атынан түсті. Қыбырай екеуі бірін-бірі көргенде қуанып, құшақтасып амандасты. Әжібайдың мінезі жуас, қашан көрсең ыржиып күліп жүретін ақ көңіл жігіт. Қазір де:

– Ауылға қашан келіп қалдың? – деп, Қыбырай көкемнің арқасынан қағып, шын қуанып тұр.

Әжібай біздің Қыбырайға қарағанда әлдеқайда басалқалы, үй шаруасын көбірек ойлайтын салиқалы кісі болып қалған. Өзі ертелеу үйленген. Қазір екі-үш баласы бар. Әжібайдың күнге күйіп тотыққан өңінен, қалай болса солай киіне салған олпы-солпы түрінен ауыр тірлікке ерте араласып, тағдыр тәлкегіне тым ерте көндіккен қарапайым жанның кейпі аңғарылып тұрады.

Алайда оған қарап жатқан Қыбырай жоқ, алпамсадай құрдасын қайта-қайта түрткілеп, жас балаша алысып-жұлысып ойнауға эзір отыр.

Әжібай біздің ауылдың түйе палуаны. Қыбырай ағам да бұлшық еті бұлтылдаған шымыр жігіт. Өткен жылы өзі оқып жүрген қаланың еркін күрестен чемпионы болған. Содан бері Қыбырай ағамның бір арманы осы түйе палуанның жамбасын жерге тигізу екенін іштей сезуші ем. Өйткені бұл өңірде әлі Әжібайды жеңген ешкім жоқ. Кейде маған Қыбырай ағам қалайда осы Әжібаймен күш теңестіру үшін ғана ерінбей жалықпай күреспен шұғылданып жүргендей болады. Қайткен күнде де ағамның көңілінде бала күннен қалған осындай бір арманы бар екені анық.

– Қойшы-ей, немене, бала болып кеттің бе?! – деп Әжібайдың қытығы келіп, сылқылдап күле береді.

Бірақ Қыбырай қалжындағанын қояр емес, ойнап күрескен болып түйе палуанды қалың ажырықтың үстіне алып ұрды. Олай-бұлай бұлқынғанына да жіберетін емес. Кенет қарқылдап күліп, орнынан атып тұрып, қаша жөнелді. Ойынға еліге бастаған Әжібай аюдай қорбаң-қорбаң етіп қуған болды. Енді жете алмасын біліп, бері қарай бұрыла бергені сол еді, Қыбырай арт жағынан білдірмей келіп шалып түсірді. Көк шөпке бір жамбастай құлаған Әжібай палуан орнынан ақсия күліп түрегелді де:

– Әй, шынымен-ақ күресесің бе? – деді гүжілдеп.

Қыбырайдың да күткені осы болса керек, көздері шоқтай жайнап, екі алақанын ысқылап жіберіп:

– Келші, Әжеке, – деді құлшынып.

Әжібай үстіндегі қорбиған күпәйкесін көк шөпке атып ұрды да, отыра қалып етігін шеше бастады. Оның да бойына жастық жігер, қызу қайрат қайта оралған сияқты. Енді тек мәйкі-трусимен ғана қалған Әжібай аяқ астынан бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнаған жап-жас жігітке айналып шыға келді.

Олар әуелі әзілдеп бастап, бірге-бірге мындап белдесуге көшті. Қара күштің иесі Әжібай бұл жолы қарсыласын ә дегеннен еңсеріп әкете алмай, айла-тәсілі мол Қыбырай да оның қапысын таппай, екеуі бірдей қара терге түсті. Ол түйе палуанның қыспағынан бұлт етіп шығып, арт жағынан қапсыра құшақтай алып, шалқалап тастамақ болады. Бірақ оған Әжібай былқ етпейді. Қайта өзін шыркөбелек айналдырады. Құдды бір қорбандаған аюға аш қасқыр андаусызда атылғандай қызық көрініс!

Екі палуанның айқасын көзі шалғандар өзен жағасына жан-жақтан жиналып келе бастады. Көрермен көбейген сайын күрес те қыза түсті. Енді тек күш сынасу ғана емес, намысқа тырысу, абыройды ойлау басталған секілді.

Бұл жолғы күрес тепе-тең аяқталды. Екеуі де ентігіп, әлдері құрып, көк шөпке сылқ етіп отыра кетті. Біріне-бірі қарап күледі-ай тағы!..

– Бүгін көрші ауылда той бар еді, – деді Әжібай алқына сөйлеп. – Жаңа сенімен күресемін деп жүріп, тарс есімнен шығып кетіпті ғой. Ойбұ-үй! Той иесі біздің үйдегі құрдасыңның тату құрбысы еді. Оған қалайда бару керек. Сен де бірге жүрсеңші, Қыбырай. Бірге барайық. Тойға келген қыздармен танысып қайтасың...

Бұл жаңалық Қыбырайға қатты ұнап кетті білем, көздері күлім-күлім етіп:

– Тек танысып қайту үшін бе? – деді қуанып.

– Ihe-ihe! – деп тау тұлғалы түйе палуанның екі иығы селкілдеп күлді. – Ар жағын... өздерің білесіңдер де, ihe-ihe!

– Әй, Әжеке-ай, маналы бері ырсылдап құр бекерге арпалысқанша, осындай бір онды жаңалығыңды айтпайсың ба?!

Қыбырай орнынан ұшып түрегелді.

Міне, біз өзен жағасында Жанар екеуміз кездесіп тұрмыз. – Кеше сен мені күттің бе, Жанар?

– Иә.

– Жоңышқа баулаймыз деп... көкем жібермеді. Өкпелеген шығарсың, ә?

– Жоқ.

Ол езу тартып, күлімсірегендей болды. Көздері қандай әдемі. Күн шуағындай жып-жылы.

– Сен мені кешірші, жарай ма?

– Жарайды. Бір ретке кешіремін.

Содан соң екеуміз өзеннің түбіне үңіле қарап біраз отырдық. Оқта-текте қараң етіп жүзіп өткен балықтарды көзіміз шалды.

– Ой, әне, жүзіп барады! – дейді Жанар қуанып, саусағымен нұқып. Кенет ол менен:

– Сенің балық болғың келе ме? – деп сұрады.

Мен не дерімді білмей, мүдіріп қалдым. Шынында да, кейде менің балық болып, өзім бұрын көрмеген алыы-ыс бір жақтарға жүзіп кеткім келетін. Бірақ қазіргі көңіл-күйім мүлде басқа. Өйткені менің жанымда Жанар бар ғой. Оны тастап, жалғыз өзім қайда кетпекпін? Жо-жоқ. Жанар бар кезде менің тек адам болып қана өмір сүргім келеді.

– Жоқ, – деймін басымды шайқап.

Осы кезде су жағасына тұмсығы біздей, аяқтары жіп-жіңішке, секектеген бір әдемі құс келіп қонды. Оның қанаттары қызыл-жасыл, бауыры сұрғылт түсті. Мен бұл құсты бұрын көрмеген сияқтымын.

– Ой, қандай әдемі құс! – деп Жанар қуана айқайлап жіберді. Құс болса, оқыс шыққан дауыстан үркіп, пыр етіп ұша жөнелді. Аздан соң ауаға сіңіп кетті.

– Жәми, сенің құс болып ұшқың келе ме?

– Әрине!

Бірақ менің ондай таңғажайып қасиетім болса, бұдан былай ешқашан да жалғыз өзім ұшпас едім. Мен өзімнің осы ойымды көзіммен ұқтырғым келіп, оның жүзіне күлімсірей қарадым. Ол да жымиды. Түсінді.

– Сен шөлдеген жоқсың ба? – деп сұрадым.

– Ал сен ше?

– Мен... мен шөлдеген сияқтымын.

– Мен де...

– Ендеше, Сынтасқа барайық, – дедім.

– Алыс емес пе?

– Жо-жоқ. Белесebetпен тез-ақ жетеміз.

Мен орнымнан ұшып тұрып, белесebetіме қол создым.

– Кел, екеуміз мінгесіп барайық!

Ол маған таң қалып қарап, мұндай да қызық болады екен-ау дегендей сықылықтап күліп жіберді.

– Міне, мына жерге отыр, – деп белесebetтің алдыңғы жағын көрсеттім.

Ол ернін жымқырып, аяғының ұшымен басып келді де, бір қырындап отырды. Сынтас осыдан екі-үш шақырымдай жердегі биік жота. Өзеннің төменгі сағасында. Биік жотаның етегінде бұлақ бар.

Ылдиға қарай белесebetтің өзі-ақ зымырап келеді. Андасанда педальді бір басамын. Кей-кейде қара жолдың ойдым-ойдым тұстарынан өткенде ғана аздап мықшындаймын. Сол кезде мұрнымның ұшы алдымда отырған Жанардың мойылдай қара шашына тиюге аз-ақ қалады. Танауымның астынан айранның иісіне ұқсас бір жағымды иіс келеді. Және сол иіс біртүрлі тұла-бойымды шымырлатып, кеудемді қытықтағандай болады.

Біз бұлаққа келіп қолымызды жуып, уысымызды толтырып алып су іштік. Сап-салқын екен. Шөлінді бірден басады.

– Жәми, сен білесің бе, – деді Жанар бір кезде Сынтастың биігіне үрейлене қарап. – Анау жоғарғы ауыл жақта бір әулие кісі бар екен. Сол осы Сынтастағы әруақтармен сөйлеседі дейді. Тіпті олардың қабірде қалай жатқандарына шейін анық көреді екен. Кей үйлер қайтыс болған жақын адамдарын еске алмай, ұмытып кетсе, әулие кісі барып ескертетін көрінеді. Егер бұл дүниедегілер артына дұға оқытпаса, аруақтар о дүниеде қатты қиналып, жүдеп жүретін құсайды.

– Е-е, ол Мамадияр сопы ғой... – дедім мен. – Өтірік айтады!

– Неге?

– О дүние деген жоқ.

– Тс-с-с... – деді Жанар саусағын ернінің ұшына апарып. – Сынтастың жанында ондай сөз айтуға болмайды...

Ол жотаның басындағы ескі қорым жаққа үрейлене қарады.

– Бәрібір Мамадияр сопы өтірік айтады!

– Сен өзің сенбесең, сенбей-ақ қой, – Жанар құдды бір ызақор баланы жұбатқандай жылы-жылы сөйледі. – Бірақ басқаларға қарсы тұрушы болма. Кім қалай ойласа да өз еркі емес

пе?! Солай ғой. Біреулер оған сенеді, ал енді біреулер сенбейді...
Бәрі құдайдың өз қолында. Біздің әжем осылай деп отырады.

– Сен әжеңе сенесің бе?

– Иә.

Осы кезде сауыншылар фермасына су алуға келе жатқан трактор көрінді. Ол гүрілдеп біздің даусымызды бір-бірімізге естіртпей жіберді. Аздан кейін бұлақтың жанына келіп тоқтап, тракторшы жігіт моторды сөндірмеген күйі жерге секіріп түсті. Біз келген жолымызбен кері қайттық.

* * *

Осы жазда Жанар белесебет тебүді үйренбекші болған. «Өй, ол тіпті оңай ғой, былай педальді басып...» деп, ең алдымен қызықтырушылардың бірі өзім едім. Енді міне, белі майысып, нәп-нәзік қолдары қалтырап, белесебетті игере алмай, азапқа түсіп жүр. Бір рет оңбай құлап, қиыршық тасқа тізесін қатты сырғызып та алды.

«Көп ойнаған бір жылар» деген осы ғой. Белесебеттің жүрісі енді түзеліп, өздігінен зырлап бара жатқан соң, арт жағынан арсалаңдап жүгіріп келе жатқан мен бірте-бірте кейіндеп қала бергенмін. Өзенге қарай бұрылатын жолайрыққа жеткенде Жанар тоқтай алмай, қалт-құлт етіп сайға қарай зымырай жөнелді. Өне, кетіп барады, кетіп барады... Суға күмп беріп түсіп кетердей ентелеп келіп, жағаға бір-екі қадам қалғанда оң жағына қисая бере гүрс етіп құлады.

– Жанар! Жанар, не болды саған, аяғыңды ауыртып алдың ба?! – деп, соңынан тапырақтап жүгіріп жеткен мен оның асты-үстіне түсіп, бәйек болып жатырмын. Егер Жанардың көзінен қазір бір тамшы жас үзіліп түссе, менің өкпе-бауырым да қосыла суырылып кетердей. Соны сезді ме, ол маған қарамауға тырысып, теріс қарап, алақанымен бетін басып отырып қалды.

– Жанар, неге үндемейсің? – деймін мен даусым дірілдеп. – Бір жерің ауырып қалды ма?

Ол үндемейді. Мен оны қалай жұбатыарымды білмей, әйтеуір, аузыма келгенді сандырақтап айтып жатырмын.

– Ой, белесебеттен құлаған деген сөз боп па? Мен... мен де талай рет құлап жүрмін. Алдыңғы жылы аттан да құлағанмын. Сонда да жылағаным жоқ.

Жанар басын көтермейді. Үн-түнсіз тістеніп отыр. Бәрінен де оның осы үнсіздігі жаныма батып барады.

– Жанар, есінде ме, өткен жолы менің арықтағы суға шалп етіп құлағаным? Сен бәрін де көріп тұрдың ғой. Сонда қалай болды, ә?..

Ол төмен қарап отырып басын изеді. Кенет екі иығы селкілдеп жылай бастағандай болды.

– Жанар, жыламашы! Жыламашы...

Ол басын шайқады.

– Мен... мен жылап отырғам жоқ!.. – деді ол қыстыға сөйлеп.
– Күліп отырмын.

– Шын айтасың ба?

– Иә.

Жанар басын көтерді. Шынында да жыламапты. Көзі құпқұрғақ. Тек аздап қана қызарып тұр. Өзі біртүрлі қинала күлімсірейді. Мен де қуанғанымнан күліп жібердім...

Қыбырай ауылға жиі келетін болды. Бұрын оны көргенде қатты қуанушы едім, қазір біртүрлі әрі-сәрі күйде қарсы аламын. Өйткені ол келген кезде біздің үйде әртүрлі жұмыстар көбейеді. Демек Жанармен біраз күнге шейін қоштаса тұруға тура келеді.

Бұл жолы Қыбырай бір апталық демалысты бір-ақ алған екен. Үш күннен бері екеуміз Қостөбе жақтағы аңыздан шанақ арбамен сабан тасып жүрміз. Егін орылып бітіп, егіншілер қосын жығып кеткен кезде комбайннан қалған сабан маялары төбе-төбе болып үйіліп жатады. Оларды колхоздың әбиеншіктері қара күзге шейін қорыған болады. Бірақ жинап алуға бәрібір ешкім келмей, есіл сабан қар астында босқа шіріп жатады...

Міне, біз биылғы егіннің сабанын Қыбырай екеуміз таптал түсте шанақ арбамен үйге әкеле жатырмыз. Мұнымызға әзірше қой деп жатқан жан баласы жоқ. Емін-еркінбіз. Мен Қыбырай ағама сенемін. Ал оның кімге сенетіні өзіне ғана аян. Сабан артқан арбаның үстінде шалжиып жатырмыз. Көк есек үйді өзі тауып барады.

Шайдай ашық аспан. Кірпік қақпай ұзақ қарасаң көзің жа саурайды. Кейде осы жер бетінде не болып, не қойып жатқанын тарс ұмытып, көгілдір кеңістікке сүңгіп, із-түзсіз жоқ болып кеткің-ақ келеді. Сабан артқан шанақ арбаның үсті жұп-жұмсақ. Былқ-сылқ етіп тербетіліп, көзімізге ұйқы тығылады.

– Әй, тоқта!

Арба қалт тоқтай қалды. Қыбырай екеуміз жарыса басымызды көтердік. Қарсы алдымызда жолды кесе-көлденеңдеп әбиеншік Әбдібай тұр. Көк есек болса «кінәлі мен емес, мы-

налар» дегендей құлағын салпитуып, қайта-қайта пысқырынып қояды.

– Не болды, көке? – деді Қыбырай ұйқылы-ояу басын көтеріп.

Әбдібайдың түрі өрт сөндіргендей түтігіп кеткен. Қамшысын сығымдай ұстап, ызаға булығып қалш-қалш етеді.

– «Не болдың» не-әй сенің! Өкіметтің сабанын неге ұрлайсың?!

– Ә-ә! – деді Қыбырай сабан әкеле жатқанымыз енді ғана есіне түскендей жайбарақат. Содан соң арбаның жақтауына қолын тіреп, жерге дік етіп секіріп түсті.

Екеуі оңаша шығып ұзақ сөйлесті. Әуелде ешкімге дес бермейтіндей болып екпіндеп, ат үстінен кеудесін соза ентелей сөйлеген Әбдібайдың даусы бірте-бірте саябырсып қалды. Біраздан кейін басын қайта-қайта шұлғып, Қыбырайдың айтқандарын мақұлдай бастағандай болды. Енді бір кезде, мәмілеге келгендей, екеуі қол алысты да, Әбдібай атын қамшылап өз бетімен шаба жөнелді.

Күн бата біз тағы да сарғайып жатқан маяға келіп, сабан арттық. Шанақ арбаны орталап қалған кезде аңыздың бір шетінен Әбдібайдың төбесі көрінді. Ол бірте-бірте үлкейіп, жақындай берді. Бағанағы екпін, бағанағы ашу-ыза жоқ түрінде. Асықпай аяндап келіп, жанымызға тоқтап, атынан түсті.

– Жәми, дорбаны әкел! – деді Қыбырай маған қарап көзін қысып қойып.

Арбаның артында ілулі тұрған дорбаны жып еткізіп әкелдім. Оның ішінен бір-екі таба нан, бес-алты түйір помидор, жуа, қағазға оралған тұз және екі бөтелке арақ шықты. Бәрін де әбиеншіктің алдына тізіп қойып жатырмыз. Маяның түбіне жайғасып, молдасоқынып отырып алған Әбекең бүгін маңғаз. Тап бір қой сойып күтіп жатқандай паң.

Олар мені өздерімен бірге «дастарқанға» отырғызбады. Қолтығымнан демеп, шанақ арбаның үстіне шығарып жіберген Қыбырай көк есекті шыбықпенен бір салып қап:

– Ал енді, сендер үйге қарай зымырай беріңдер! – деді.

Мая мен ауылдың арасы едәуір жер, көк есек те күні бойы әбден діңкелеген болуы керек, митындап жүрісі өнетін емес. Шанақ арба былқ-сылқ етеді. Ымырт қоюланып келеді. Батып бара жатқан күннің шеті ғана көрінеді қылтиып. Қызыл-қоңыр далада сары күздің салқын лебі еседі. Маңайдан бір таныс иіс келеді. Қураған шөптің, орылған егіннің, мезгілі өтіп, сарғая бастаған жоңышқаның иісі.

Жалғыз жейдеден бойым тоңазып, қалтырай бастаған соң, сабанды үңгіп, ішіне кіріп отырдым. Мен ауылдың шетіне ілінген кезде мая жақтан барқырап ән салғандардың дауысы үзіліп-үзіліп жетті. Құлағымды тосып, тыңдай қалдым. Әбдібай ма, Қыбырай ма?.. Токта... тоқта... тағы да бір дауыс қосылды. Екеуі де қызып алып, қосыла шырқап отырған секілді.

Жайнайды гүлдер далада,
Сүйгенім менің қалада-а...

* * *

Биыл күзде Қыбырай ағам үйленетін болды. Апамның қуанышында шек жоқ. Көптен аңсаған арманы ғой. Алдағы тойдың қамын ойлап, қолды-аяққа тұрмай зыр жүгіріп жүр. Өзі бір-екі күннің ішінде-ақ жасарып кетті. Басының сақинасы ұстайтыны, аяқ-қолының сырқырайтыны – бәрі ұмытылды. Әкемнің жайбасарлығына, менің үй бетін көрмейтін қаңғыбастығыма ренжіп, ұрсып жүріп, барлық істі бір өзі тындырады. Жалғыз өзі үлгереді. Ашуының зілі жоқ. Қайта сол ашудың астарында жатқан үлкен қуаныш бар. Ол қуаныш күннен-күнге апамның кеудесіне сыймай, көктемдегі өзендей арнасынан аса тасып, сыртқа ақтарылатын күн жақындап келеді.

Әрине, менің күні бойы үй бетін көрмей қай жақтарда жүретінімді ол білмейді. Жанар екеуміз өзен жағасында күн сайын кездесіп тұрамыз. Кезектесіп белесебет тебеміз, жүгері орып жатқан комбайндардың қыбыр-қыбыр жүрісін тамашалаймыз, мектепте болған қызықтарды айтып күлеміз, шөлдеген кезде Сынтасқа барып су ішеміз. Әйтеуір, бізге уақыт зымырап өтіп, күн тез батып қалады.

Бүгін Жанар бір түрлі көңілсіз жүрді. Екеуміз күндегідей қол берісіп амандасқан сәтімізде ол маған жалт қарап, бірнәрсе айтуға оқталып тұрды да, аяқ астынан ол ойынан айнып қалғандай көзін тайдырып әкетті. Көңілінде бір жасырын түйткіл бар сияқты. Ойынға да, күлкіге де самарқау. Әлде мені біреу оған жамандап қойды ма екен? Жоқ әлде, мектептегі кейбір теріс қылықтарымды естіп қалып, соған ренжіп жүр ме деп, өз-өзімнен қуыстана бастадым.

- Саған не болды, Жанар?
- Ештеңе...
- Бүгін біртүрлі көңілсізсің ғой?
- Жай әншейін...



Ол осыдан кейін күндегідей серпіліп, күліп, ойнағысы келгенімен де, көңіліндегі сол баяғы түйткіл кетпей қойған секілді. Содан ба, бүгін күндегіден сәл ертелеу қоштастық. Тек қоштасар сәтте ғана ол, өзінің бүгінгі көңіл-күйінің пәс болғанына кешірім өтінгендей қынжыла езу тартып:

– Ал енді... кездескенше... – деді. Содан соң қолын менің уысымнан тартып алып жатып, кінәлі жандай көзін төмен салған күйі:

– Жәми, жақында сендердің үйлерінде той бола ма? – деп сұрады.

– Иә. Той болатын сияқты. Ағам үйленейін деп жүр, – дедім.

Мен бұл жаңалықты Жанарға әлі айтқан жоқ едім. Өйткені оған «Біздің үйде той болады. Ағам үйленейін деп жатыр» дегенді айту мен үшін «келесі кезек менікі. Болашақта екеуміздің де тойымыз болады ғой» деп емеурін танытқандай ерсі көрініп, өзімнен-өзім қуыстанып жүретінмін. Себебі Жанар екеуміздің арамызда әзірге ондай әңгіме бола қойған жоқ. Ал бірақ болашақта, әйтеуір бір күні сондай сөздің айтылатыны және айтылуға тиіс екендігі анық.

– Тойға шақырасың ба мені?..

– Әрине, шақырам!..

Қуанғанымнан бұл сөздің аузымнан қалай шығып кеткенін білмеймін. «Әрине, шақырам!..» Апыр-ау, ол тойға Жанарды шақырмай кімді шақырмақшымын. Менің де тойға өз бетімше кісі шақыруға хақым бар емес пе?! Бұл ой менің басыма бұрын неге келмеген?..

Ол өзі біздің үйде өтетін той болса! Және бірінші рет өтейін деп отырған тойымыз болса, оған біздің үйдің адамдарының бәрі де жақын адамдарын, тамыр-таныстарын шақырса, оның не сөкеттігі бар! Міне, қызық, бәлкім тойдың ең үлкен қуанышы да осы шығар!

– Әрине, шақырам! – дедім мен қуанғанымнан айқайлап жіберуге шақ қалып. – Келесің бе, Жанар?

Ол күлімсіреп басын изеді.

– Баратын шығармын...

Ауылға қайтып келе жатқанда да жүрегім қуаныштан алып-ұшып, өз-өзімнен жымыып күле бердім. Үйге жеткен бойда арсаландап жүгіріп барып ошақтың маңында жүрген апамның арқасынан құшақтай алдым.

– Көтек! – деді бейғам тұрған апам шошып кетіп. – Мұнысы несі?!

Бірақ одан бүгін не үшін қуанғанымды жасырып қалдым. Бұл әзірге ешкімге айтуға да, сездіруге де болмайтын ең ыстық, ең қымбат, құпия еді.

* * *

Қыбырай ағам қалыңдығын алып қашып келді...

Түс кезінде үйдің жанына бір мәшине гүр етіп тоқтады да, оның ішінен үш жігіт және екі қыз түсті. «Ал кәне, келіндеріңізді әкелдік! Орамалдарыңыз қайда?!» деді. Осы сөзді күтіп тұрғандай-ақ, көрші-қоландар демнің арасында у-шу боп жиналды да қалды. Бәрі оларды қоршап алып, мәшинеден түскен әлгі екі қыздың біреуінің басына ақ жібек орамал салды. Апам қуанғанынан бір күліп, бір жылап жүр. Қыбырай ағам енді мен міндетімнен құтылдым дегендей, машинаның жанында өзімен бірге келген жігіттермен жайбарақат сөйлесіп тұр. Басына орамал салған сұнғақ бойлы қыз иіліп, төргі үйге қарай еніп барады. Ауылдағы екі жеңгеміз оны екі жағынан қолтықтап алған. Әнтайдың апасы табаққа салған кәмпит-күлшелерді оңды-солды лақтырып, шашу шашып жүр.

Үйленген деген осы екен!..

Түс ауа менің жаңа түсіп жатқан жеңгемнің ауылына әбиеншік Әбдібай мен Әжібай палуан хабаршы болып аттанды. Ол екеуі бүгін сабанды да, сиырды да ұмытқан. Әрине, ауылда ақ түйенің қарны жарылып, дәл мынандай арқа-жарқа қуанышқа кенеліп жатқанда, бір күндік жұмыс дегенің не, тәйірі?!

Түйе палуанның хабаршы болып аттануын өзімше былай түйемін; егер жеңгемнің ауылының жігіттері тапа-тал түсте қарындасымызды неге алып қашасындар деп тарс мінез көрсетіп, тарпа бас салса, қасындағы Әбдібайды да, өзін де қорғап қалуға шамасы келеді ғой. Дегенмен, көптің аты көп. Ол екеуінің бастарын жарып, көздерін көгертіп жіберуі де ғажап емес.

Кешке таман хабаршылар ауылға мас болып келді. Көк «Москвичтен» бұлғақтап әрең түсіп жатыр. Құдды бір құда болып, Қыбырай ағамды өз қолдарымен үйлендіргендей аяқтарың алшаң-алшаң басады.

Олардың айтуынша, біздің болашақ құдағиымыз да, төргі үйде келіншек боп сызылып отырған жеңгемнің ағалары да алғашқыда тымырайып, хабаршыларды салқын қабақпен қарсы алған. Бұлардың қандай хабар әкеліп отырғанын білген. Содан кейін Әбдібай айтайын деп отырған сөзінің төркінін әріден қоз-

ғап, қазақ елінің рулық-тайпалық құрылысын дәріптеуден бастаған. Біздің жақта қандай-қандай батыр, би, шешен, бай балаларымыздың болғанын жырдай қылып айтқан. Тіпті тарихта аты тентектігімен, сотқарлығымен қалған аталарымыздың бар екенін де жасырмаған. Әйтеуір, Әбекең өзінің шамасының жеткенінше көсіліп, тілінің жеткенінше шешілген ғой баяғы. Бірақ сол ұзақ әңгіменің әсері шамалы болған. Екі жақ сөйтіп ымыраға келе алмай, ымдасып, ырғасып отырған кезде құдағидың аузына құдайдың өзі сөз салып:

– Иә, өзіңізді... құда дейміз бе, жоқ әлде, қызымызды әкеткен қарақшы дейміз бе, қайдан білейік. Әйтеуір, ашық күнде төбемізден жай түсіргендей қылып айтып жатырсыз, айтып жатырсыз. Ал енді, мына қасыңыздағы кісі неге үндемейді? – деп, Әбдібайды бүгін көргендей аузы ашылып, ұйып тыңдап қалған Әжібайға қарайды.

Әжекең сасқалақтап қалады. Осы үйдің ішінде үшінші бір хабаршы жоқ па дегендей жан-жағына жалтақтап қарап алады. Әңгіме емес, ән айтқысы келгендей қайта-қайта тамағын кеней береді. Бірақ ар жағынан дайын тұрған сөз шыға қоймай, терлеп-тепшіп қысыла бастайды. Ақыры ол отырып-отырып:

– Құдағи, болар іс болып қалған екен!.. – дейді таудан тас домалатқандай қылып. – Амал нешік...

– А-а, не дейді, құдай-ау?! – деп құдағи шошып кетеді. Жаулығының ұшымен бетін басып мырс-мырс жылап қалады. Ал жеңгемнің екі ағасы болса, Әжібай мен Әбдібайға қарап кіжініп, жұдырықтарын түйіп атып-атып тұрады.

– Тәйт әрі! – дейді сол кезде құдағи оларды тоқтатып. – Құдаға қол көтергенді қай атаңнан көріп ең?! Барындар, анау қорадағы семіз ісекті сойындар! Қонақ күтіп көрмегендей, о несі, түгі! Неғып тұрсындар мелшиіп?!

Сөйтіп, біздің ауылдан барған хабаршылар ет жеп, қымыз ішіп, араққа да сылқиып тойып қайтқан. «Қымыз бен арақ қосылған соң оңбай қалып-пе-ез! – дейді қайта-қайта ықылық атып отырған Әжібай палуанның басы кеудесіне құлап. – Ы-ық...» Көзін бір ашып, бір жұмып төрде жамбастап жатқан Әбдібай быдықтың сөзінен ұққанымыз, біздің әлі көрмеген құдағиымыздың ептеген қулығы да бар көрінеді. Өйткені ауылға жаңа түсіп жатқан келіншек, ендігі менің жеңгем кетерінде бұл жолы қаладағы оқуына емес, қыз баланың пешенесіне әу баста-ақ құдайдың өзі жазған жолмен жат жұртқа бара жатқанын

айтып, үйдегілерге бір парақ хат жазып қалдырғанға ұқсайды. Олар хатты үй ішімен түгел оқып, қапаланып отырғанының үстіне біздің хабаршылар барған ғой!..

Бұны естігенде апамның да көңілі босап:

– Қайтсін енді, ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген анасы емес пе?! – деді көзін сүртіп. – Бірақ бүгінгі жастар біздің көңілімізге қараушы ма еді?! Өз білгендерін істейді ғой!..

– Оған өздерің кінәлісіңдер! – деді Әбдібай төңірегінде отырған әйелдерге қоқырая қарап. – Осы біздің інішектер ешкімді ренжітпей-ақ, от души алайын десе... қайдағы бір қалың-мал, кит-сит деп миды ашытасыңдар. Сосын... міне, өстіп... олар қыздарды алады да қашады! Маладес...

Сонымен біздің үй тойға әзірленіп жатыр.

* * *

Абыр-сабыр басталды да кетті. Тойдың жабдығын қамдап зыр қағып жүрміз. Ертелі-кеш тыным жоқ. Баудың ішін тазалап, ұзын-ұзын тақтайларды жымдастыра шегелеп стол жасалды. Көкем үш-төрт кісімен бірге қора жақта жылқы сойысып жатыр. Қазан-ошақтың басындағы тірлікке апамның өзі баскөз болып жүр.

Айтпақшы, мен бүгін жеңгемнің жүзін бірінші рет көрдім. Таңертеңгілік ол есік алдына шығып, басындағы орамалын түзеп тұр екен. Маған қарап езу тартып күлді. Өңінен біз енді бір үйдің адамдарымыз ғой дегендей жылулық сезіледі. Жеңгем әдемі екен. Қаланың қыздары секілді ақ құба, сымбатты. Әсіресе маған оның сұңғақ бойлы болғаны ұнады. Бұл жеңгемнің басқа қыз-келіншектерден ерекшелігі, артықшылығы секілді.

Оның жылы да шуақты күлкісіне қалай жауап қатарымды білмей, тосылып қалдым да:

– Сәләматсыз ба, – деп мектептегідей ізет сақтап амандастым.

– Сәлем, Жәметай! – деді ол мақтадай жұп-жұмсақ үнмен. Бұл сөз оның аузынан бүгін шықты ма, әлде күні бұрын ойлап тапқаны ма, «Жәметай» деп еркелеткен жылы лебізі тұла бойымды шымырлатып өткендей болды. Мен апамның талайдан бері аңсап, талайдан бері тағатсыздана күткен арманының терең мәні бар екенін енді ғана ұққандаймын. Апам байқұс біздің үйге осындай бір жарық сәуле түсіп, көктем күніндей жылы шуаққа бөленгенін қалайды екен ғой.

Мен жеңгемді алғашқы күннен, алғашқы сәттен бастап-ақ жақсы көріп кеттім. Ол біздің үйге ойда-жоқта келіп қонған

бақыт құсы сияқты. Бұдан былай баяғы қоңторғай тіршілігіміз бен мимырт тірлігімізден жұрнақ та қалмайтындай.

Бір ғажабы, мен бұрын да жеңгемді бір жерден көрген сияқтымын. Жүзі сондай таныс.

Қайдан көрдім, өнімде ме, түсімде ме? Бәлкім, қиялымда көрген шығармын... Жоқ, әлде бұл жат босағаға келін болып түсіп, ана болып сіңетін осындай абзал, осындай ардақты жандардың алғаш көргеннен-ақ көзге жылыұшырап, баяғыдан таныс, бұрыннан жақын адамдардай болып кететін әдетінен бе екен.

Жеңгемнің Анар деген есімі де менің құлағымға ыстық естілді. «Анар, Жанар! Қандай тамаша үндестік, қандай керемет үйлесім!»

Бүгін кешке той. Бүкіл ауыл біздің үйге құтты болсын айтып келіп жатыр. Кешке таман жеңгемнің аулынан да бір топ адам келеді екен. Біз оларды асыға күтудеміз.

Күн бата баудың ішіне жиналған кісілердің ойын-күлкісі, эзіл-қалжыңы көбейді. Ауданнан шақырылған Темірбаевтар отбасылық ансамблінің көңіл тербеп, жүрек толқытқан әндері естіле бастады. Шіркін, той дегеніңіз осы екен ғой!

Осы біздің ауыл тойды неге жақсы көреді, «Той дегенде қу бас домалайды» деп неге айтады деп ойлаушы ем. Сөйтсем, осындай қуанышы мен шаттығы, қызығы мен күлкісі, әні мен күйі үшін екен ғой!

Бір кезде дарбаза жақтан біреудің:

– Әнеки, құда-құдағилар да кеп қалды! – деген көңілді даусы естілді.

Бәріміз қарсы алуға шықтық. Қақпа алдына тоқтаған пұшық автобустан бір топ адам түсіп келе жатыр. Бір-екі үлкен қариялар мен кейуаналардан басқасы, қызылды-жасылды киінген өңшең қыз-бозбала екен. Ішінде бізбен қатарлары да бар.

– Амансыз ба, күдеке!

– Есенбісіз, құдағи!

– «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» деген, құдайға шүкір, сіздерді де көретұғын күн бар екен-ау!

– Тапа-тал түсте қызымызды алып қашып, бұл қай басынғандарыңыз, а?! Кәне, қызымызды көрсетіндер!

– Айналайын, жеңешетай, айып бізден... айып бізден боп қалды! Енді не қыламыз десеңіздер де өз қолдарыңыздамыз ғой.

– Иә, мынау сұлу қыз кім? Біздің құдаша ма? – деген қуанышты дауыстар жан-жақтан жарыса, жамырай шығып, айна-

ла төңіректі ыстық ықылас пен мейірімге, шапағат пен нұрға бөлеп жіберді.

Тойға келушілер мен оларды қарсы алушылар бірін-бірі қолтықтап алып, біріне бірі құтты болсын айтып, қаз-қатар ілінген шамдардың әсерімен күндізгідей жарық тартқан баудың ішіне қарай беттеп барады.

Кенет менің дәл қасымнан:

– Жәми!.. – деген соншалықты таныс, соншалықты ыстық дауыс естілді.

Жалт қарадым да, қуанғанымнан:

– Жанар! – деп күліп жібердім. – Сенің келгенің қандай жақсы болды! Мен біртүрлі... сенбеп едім.

– Келмей не бопты, келуге тиіспін ғой... – деді ол жымыып менің көзіме тура қарап. Содан соң жұрт назарын ала бере, ыпыстық еріндерін менің құлағымға тақап: – Сенің Анар жеңген менің туған әпкем ғой!.. – деп сыбыр ете қалды.

Мен алғашқыда түкке де түсіне алмай, оған аңырайып қарай бердім. Ал сосын бірте-бірте санама жетіп, әлгі сөздің шын мағынасын ұға бастағанымда мынау абыр-сабыр қуаныштың үстінде біреу байқамай жүрегіме жуалдыз сұғып алғандай шаншып, тұла бойым шымырлап кетті:

«Апыр-ау, не?.. Қалай?.. Не боп барады өзі?..»

Жанар... менің Жанарым қалайша Анар жеңгемнің туған сіңлісі болып шығады. Қуаныш пен қызыққа, бақыт пен күлкіге толы той күні де осындай кездейсоқ, бұрын ойламаған қателіктер кездесе береді екен-ау?!

Әне, енді түк те білмегендей томпыып Жанар өзінің аға-жеңгелерінің қасында жүр. Қызық. Ол қазір не ойлайды екен?..

Дәл қазір менің ішкі дүниемді беймәлім үрей жайлап алған. Алдағы күннен, болашақтан күткен, бірақ әзірге не болары белгісіз үрей. Бүгін тойы өтіп жатқан жеңгемнің туған сіңлісіне бұдан былай ғашық болуға, үйленуге бола ма, жоқ па?! Мен үшін енді ең басты мәселе осы. Жайшылықта ешкім ескермейтін, ешқашан да, еш жерде жазылмаған біздің жақтың қызық та жұмбақ заңы мұндайға барынша қатал, мүлде мейірімсіз боп аларын, есіңнен танып, ес-түссіз ғашықтық дертіне шалдығып жатсаң да жібімейтінін, өлдім-өштім дегенді естіген сайын өршеленіп, қылбұрауын аяусыз тарылта түсерін, керек десеңіз Еңлік пен Кебектей, Қалқаман мен Мамырдай еңіретіп, ел іші-

нен бездіріп, ажалыңнан бұрын көрге апарып тығарын іштей сезетін сияқтымын.

Басқа ел, бөтен жұрт көнсе көнер, бірақ біздің ауыл көне алмайды. Туған құдашаңнан басқа қыз құрып қалып па деп қорлайды. Оны да сеземін. Өйткені мен енді түк ұқпайтын жас бала емеспін ғой. Аз да болса алдағы күнімді ойлап, болашағымды болжай алатындай күнге жеткен жоқпын ба. Егер түк ұқпайтын, түкке де түсінбейтін боқмұрын болсам, Жанардай аяулы, Жанардай сүйкімді қызға ғашық болар ма едім?!

Түн ортасынан ауып барады. Тойдың қызық думаны нағыз қызған шақ. Жұрт билеп жүр. Біреулер қазан-ошақ жақтан апамды қоярда-қоймай сүйрелеп келеді. Жүріңіз, бізбен бірге билеңіз. Көп күтіп, сарыла тосқан қуанышыңыз емес пе. Енді міне, сол қызық күнге де жеттіңіз. Жо-жоқ, тартынбаңыз бүйтіп, сіз бүгін билейсіз, сіз бүгін ән саласыз, сіз бүгін көлдей толқып, өзендей тасисыз дейді.

Иә, апа, сізге бүгін бәрі де жарасады. Сіз бүгін алпысқа таянған қарт ана емес, алыста қалған аяулы жастық шағы қайта оралған періштесіз. Көңіл шіркін шырқаса, асып өте алмайтын асу, жете алмайтын қиыр бар ма. Кәнеки, сол қызық та қымбат шағыңызды, жайдарман жас күніңізді бүгін бір еске алыңызшы...

Апам қаумалаған қалың жұрттан қысылса да, ортаға шығып бүгежектеп билеген болып жүр. Абысындары айнала қол соғып, бірін-бірі түртіп мәз боп күледі.

Апатай... қайран апатайым менің, көптен күткен қуаныштың өзегінді талдырса да жеттің-ау ақыры. Қарашы әне, алқаракөк аспан да, жымыңдаған жұлдыздар да сенің билегеніңе қуанып, жымың қағып тұр!..

Би аяқталып, қонақтар дабырлап орын-орындарына отырған соң Әнтайдың апасы ортаға шығып, әуелетіп ән бастады. Әуелде даусы сәл қарлығып, тарғылданып шықса да, бірте-бірте ашылып, жүректі баурап әкетті. Әсіресе әннің:

Аха-ха-хау, ала қарға,

Қонады жардан жарға-а, – деп созылатын қайырмасына жеткенде көңілдерді толқытып, көзге жас үйірді. Бұл әнде бір ғажап сағыныш бар. Әншейінде көзге ілмейтін ала қарға бұрын біз көріп-білмеген сиқырлы құсқа айналады. Оның бір орнында байыз тауып отыра алмай, жардан-жарға ұшып-қонып жүруінің өзінде де ешкім білмейтін құпия сыр бар...

Бұдан соң Қыбырай ағамдармен қалада бірге оқитын бәкене бойлы қара торы қыз шығып, өзі гитарамен сүйемелдеп тұрып

біздің жаққа әлі жете қоймаған, біз әлі естімеген мұңды да назды, сырлы да сазды жаңа әнді сызылтты. Жастар орындарынан тұрып, екеу-екеуден құшақтап вальс билеп, бақ ішінде шыркөбелек айналды. Оларға қарап отырған қарттар жастық дәуренін еске алып, көңілі бос кемпірлер жаулықтарының ұшымен көзін сүртті.

Бұл тойда бәрінің де ән салғысы келді, бұл тойда үлкеннің де, кішінің де билегісі келді. Біреулер күлді, біреулер іштей күрсінді...

Әбдібай да ән саламын деп ортаға шығып, жұртты қыран-топан қызыққа батырды. Оның сөзін де, әуенін де ешкім түсінген жоқ. Бірақ, қарқылдап күліп, улап-шулап отырып тыңдады. Тек қайырмасына келгенде ғана өзімізге таныс таулардың атын естіп, біз естімеген бұндай да ән бар екен-ау деп аң-таң қалдық.

Алатауым ай-ай, Қаратауым-ай-ай,

Қаратауым ай-ай,

Қазығұртым ай-ай,

Қайран жұртым ай-ай! – деп қызып алған Әбдібай өзімен-өзі теңселіп билеп жүр. Ел дуылдап қол соғып, оның қазіргі қимыл-қозғалысына ішек-сілелері қатып күледі-ай.

Қақ төрде Қыбырай ағам екеуі иық түйістіріп отырған менің аппақ жеңгем де төмен қарап, басындағы сәукелесін түзеткенсіп, әпенді қайынағасының қылығына байқатпай ғана жымияды. Анар жеңгемді бұрын қайдан көргенім енді есіме түсті. Біз Жанар екеуміз ойда-жоқта базар маңында кездесіп қалатын күніміз ше! Иә, тап сол күні көргенмін...

Осы тойдағының бәрі де менің көз алдымда өтіп жатқан қызық кино тәрізді. Мен оларды көремін, қызығамын, күлемін, бірақ өзім орталарына еніп, алаңсыз қосылып кете алмаймын. Біреу оқыста байқамай жүрегіме сұғып алған жуалдыздың ізі әлі де шаншып ауырып, сыздап тұр.

Қызық пен думанға, қуаныш пен күлкіге толы түннің де түндігі көтеріліп, таң құланиектеніп атып келеді. Тойға жиналған жұрт біртіндеп тарқай бастады. Мен қораның шарбағына сүйеніп жылап тұрмын. Көзімнен аққан ыстық жас бетімді жуып ба-рады. Оны сүрткім де келмейді. Мейлі, көрген жұрт көре берсін, күлген жұрт күле берсін... Маған енді бәрібір сияқты.

Біртүрлі жүрегім езіліп, сақаға құятын қорғасындай еріп барады.

– Сен не, жылап тұрсың ба? – деді кенет дәл жаныма келіп қалған біреу. Көзімді алақаныммен тез сүртіп, жалт қарадым. Бетіме үңіліп тұрған Әнтай екен. Шошып кеттім. Көзіне қап-қара көзілдірік тағып алыпты. Не үшін?.. Жынданған ба, немене?! Қараңғыда қап-қара көзілдірік тағып жүргені несі?..

– Жай әншейін... – дедім оған ештеме сездірмеуге тырысып. – Көзім ауырып тұр...

Таңның салқын екенін енді ғана аңғардым. Бойым тітіркеніп кетті. Жылағандыкі ме, жан дүнием босап, жеңілдеп қалғандаймын. Бірақ сол ішкі сарайымда пайда болған бос кеңістікті жел аралап, қуыс-қуысы азынап қоя берген тәрізді.

Жаңа ғана лүпілдеп соғып тұрған жүрегім кенеттен ып-ыстық боп еріп, содан соң сақаға құйған қорғасындай бір түйір боп қатып, бір түрлі ауырлап бара жатқандай.

ЖҰМБАҚ ҮЙ

Қаланың шет жақ тұсындағы бес қабатты қызыл кірпіш үйдің үшінші қабатындағы менің пәтерімнің терезесінен қарсы беттегі балабақшаның ауласы ап-анық көрініп тұратын-ды. Бүгін далада бет қаратпайтын сарышұнақ аяз болғандықтан ондағы ойыншық аттар, әшекейлі әткеншектер, баспалдақпен шығып-түсетін сырғанақ үсті – бәрі де жым-жырт, өздерінің кішкентай иелерінің қайда жүргенін білмей аң-таң күйде жетімсіреп қалған секілді.

Неге екені, бірталай заманнан бері сырланбағандықтан тот басып, тозып кеткен қызыл қоңыр түсті түніке шатыр сән үйдің еңсесін басып, жабырқатып тұрғандай көрінеді. Бұл үй менің есіме баяғыда-а, түкпірдегі ауылда, май топырағы борпылдап жатқан қасқа жолдың үстінде жауаңдап қай күні қалып қойғаны белгісіз бейкүнә балалық шағымды түсіргендей болады.

Күннің суық райына қарап, бүгін балаларды тәрбиешілері сыртқа жібере қоймас деп ойладым. Қаланың орталық жақ тұсында тұратын қарт досымның үйіне барып, реті келсе бір-екі партия шахмат ойнап, әңгімелесіп қайтуға аңсарым ауа берді. Сірә, менің оны дос тұтып, өзімсіне сөйлеуім де қызық. Өйткені Жәкең (қарт досымның азан шақырып қойған аты – Жәнібек) өткен жылы, күздің соңғы айында аттай алпыс жасқа толды. Өзіміз жұмыс істейтін заводта кішігірім отырыс жасап, мүшелтойға тән салт-жоралғыларымен думандатып атап өттік. Шынымды айтсам, екеуміздің достығымыз да сол кештен кейін басталған-ды.

Жылы үйден сыртқа шығуым мұң екен, сықырлаған сары аяз бетімнің, құлағымның ұшын тызылдатып, сұп-суық сау-сақтарымен шымшылап ойнай бастады. Мойнымды жағамның ішіне тығып, бүрісіп, кірпікшешендей жиырыла қалдым. Боп-боз аспанның алыс түкпірінен сығалап, күн көзі жер бетіне жарық тарата алмай, өлеусіреп жанған шамға ұқсайды. Аяз буған шыңылтыр ауа шыныдай шытынап, сәл нәрседен күл-паршасы шығып сынып түскелі тұрғандай. Ақша қар аяқ басқан сайын сықыр-сықыр етеді.

Мен бүрсендеп көше жаққа бұрыла бердім де, қарсы беттегі балабақшаның қақпасынан шығып келе жатқан қалың бөкебайлы талдырмаш қызды көріп, қалт тоқтай қалдым. Ол жүгіре басып жанымнан өте бергенде:

– Қарындас... – дедім суық сорған ернім әзер икемге келіп.
– Қарындас, сіздер осы сенбі, жексенбі күндері де жұмыс істей-сіздер-ау, шамасы?!

Ол маған таңдана қарап бір сәт бөгеліп қалды да:

– Иә-ә, – деді сұраулы пішінде.

– Қызық екен... – Мен онымен қатарласа аялдамаға қарай жүрдім. – Елден ерекше бұл қандай балабақша сонда?

– Шынымен-ақ білмейсіз бе? – деді ол көзінің қиығымен сынай қарап:

– Қайдан білейін?.. Менің мұнда көшіп келгеніме небары бір-ақ айдың жүзі болды.

– А-а, – деді қыз. – Қалай десем екен сізге, бұл... бұл балабақша емес! Сәбилер үйі...

II

– Иә, кел, төрлет! – деп қуана есік ашты Жәкең. Содан соң мен табалдырықтан аттап үлгермей жатып-ақ құлағыма сыбырлап, – Әй, сенің тап қазір келе қалғаның мұндай жақсы болар ма, – деді кутындап. – Мені бір қиын жұмыстан құтқардың, достым, құтқардың!

Ас үйден әлденеге қабағы қатулы шыққан Мәриям жеңгей де мені көріп жүзі жадырап, жымыып күліп:

– А-а, бұ шал кімге сыбырлап мұңын шағып жатыр десем, өзіміздің Айдаржан екен ғой! – деді алжапқышқа қолын сүртіп тұрып. – Қалай, жаңа пәтерің жайлы ма? Қоныс тойыңды қашан жасайсың?

– Рақмет, жеңгей, жағдайым жаман емес. Күн жылынсын деп, қоныс тойды кейінге қалдырып жүрмін. Әйтпесе, қала шетіне жеткенше Жәкең екеуіңіз жаурап қалуларыңыз мүмкін.

– Сен өйтіп сылтауратпа, – деді Жәкең жымың-жымың етіп. – Біз сенің тойыңа баруға боранды күні де сақадай саймыз. Үйіңді бізге қашан көрсетесің-ей өзі, соныңды айт!

Дегенмен, өзі жымындап, дымың ішінде болсын дегендей, жеңгейге сездірмей көзін қысып қояды. Ішім қылып ете қалды. Өйткені мен жаңа пәтерге көшкен күні Жәкең екеуіміз ептеп тойлап, түннің бір уағына шейін отырғанбыз. Жалпы, Жәкең көңіл көтерген сәттерде біздің мынау қарама-қайшылығы мол өміріміз жайлы ұзақ-ұзақ философиялық ойлар таратқанды тәуір көреді.

Бірақ, шынымды айтсам, соның бәрі де маған: «Екіні екіге қоссаң төрт болады, ал екіні екіге көбейтсең тағы да төрт шығады» деген аңғал да албырт ойлар сияқты еді...

– Ал, кәне, бір партия көріп жібереміз бе? – деді ол стол үстіндегі шахмат фигураларына қарап алақанын ысқылап.

– Түу, сенің осы әдетің-ай, – деп кейіді ас үйден қайта шыққан жеңгей. – Сол шахматты күнде шайға салып езіп ішсеңде, бәрібір Каспаров бола алмайсың! Босқа бас қатырып әуре болғанша, біржола жылы жауып қоя салсаң ғой. Сонда «құда да тыныш, құдағи да тыныш» дегендей, өзің де тыныштық тауып, үйге келген қонақтың да мазасын алмас едің-ау!..

– Е-е, сен олай деме, – деп қарсыласты Жәкең сұқ саусағын үйдің төбесіне қарай шошайтып. – Елдің бәрі шетінен Гарри болып кетсе, басқа жұмысты кім істемек сонда?! Бұл өзі әркімнің қабілетіне қарай қызық ойын. Сана-сезімінің сергектігі мен ой-қиялының жүйріктігін дәйім сынға салып отырады. Айталық, мына мен бар ғой, шахмат пен дойбыны ажырата білмейтін саған қарағанда, әлем чемпионы сияқтымын.

Жәкең өз теңеуіне өзі риза кейіппен кеңк-кеңк күліп алды.

– Иә, бөсе түс, шалым, – деді жеңгей қолын сілтеп. – Бірақ спорттың барлық түрінде де әйелдер өз алдына бөлек екенін ұмытпа. Әйтпесе, маскара болып, әйелдер командасына қосылып кетіп жүрсең елден ұят-ты!

– Әй, бала, мынау бәйбіше алжапқышқа қолын сүртіп тұрып-ақ маған «мат» қойды-ау, ә, байқадың ба?! Қой, әйелмен сөз жарыстырып бәйге алған еркекті көрген емеспін. Кел, одан да екеуіміз бір партия...

– Жо-жок, – деді жеңгей басын шайқап үзілді-кесілді қарсылық білдіріп. – Айдаржан әуелі ас үйге кіріп шай ішеді. Содан соң екі дос қосылып анау ваннадағы алақат-алақат болып түсіп жатқан кафельдерді өз орнына қайта жапсырып қоясыңдар.

Сүт қатқан қою шайдан соң Жәкең екеуіміз ваннаға кірдік. Ескі кафельдердің біразы шытынап түсіп, олардың орны шынында да, теміреткінің ізіндей алақат-алақат болып қалған екен.

– Иә-ә, – деді Жәкең бүйірін таянып тұрып алабажақ қабырғаға ренжи қарап. – Бүгін біз екеуіміз ойнай алмайтын болдық. Дегенмен, бұл да бір ойда жүрген шаруа еді, шахматтағыдай, а 2-а 4 деп, іске кірісіп кетелік.

Жәкең бұрышқа жиналып қалған кафельдерді бір-біреулеп әпере бастады. Ерітілген желім жағып, мен оларды қабырғаға жапсыруға кірістім.

– Жәке, – дедім бір кезде, – «Сәбилер үйі» дегенді естуіңіз бар ма?

– Иә, білемін, – деді ол басын көтеріп алып, маған бір түрлі тіксіне қарап. – Оны неге сұрадың?

– Менің жаңа пәтерімнің жанында «Сәбилер үйі» бар екен...

– Тоқта, тоқта-а! Сенің үйің қай көшеде еді өзі? Ұмытпасам, Кургузова көшесінде ғой. Иә, есіме енді түсті, ол көшеде сондай бір үй бар. Ол әлгі... тастанды балаларды қабылдайтын үй ғой...

– Тастанды балаларды дейсіз бе?..

– Бұрын біздің қалада ондай үй болған емес. Жо-жоқ. Болған емес. Тіпті соғыс жылдары да болған жоқ. Рас, «Жетімдер үйі» дегенді естуіміз бар-ды. Ал енді тастанды балалар дегенді... жоқ, ағай көрмеңіз, беті аулақ. Кіп-кішкентай нәрестелерді шырылдатып бөтен үйге қалай тастап жүре беретінін ойласам, төбе шашым тік тұрады. Бүгінгінің жастары тым безбүйрек, қатыгез болып бара жатыр ғой.

– Жастар, жастар... – дедім мен оның сөзіне шамданып қалып, – қит етсе болды, жастарды кінәлай жөнелуге әзір тұрасыздар...

– Әй, – деді Жәкең даусын көтеріп, – сен өйтіп қызарақтама, білдің бе? Қит еткені сол болса, қыңқ еткені қалай болмақ сонда?!

– Сіз немене, – дедім енді мен де даусымды қатайтып, – сол үйдегі тастанды балалардың бәрінің де әке-шешесі жастар екеніне толық көз жеткізіп пе едіңіз? Барып көріп пе едіңіз әуелі?!

– Жоқ, барғам жоқ. Бармаймын да, көрмеймін де! Ондай масқараға менің кәрі жүрегім шыдамайды. Соғысты көрген, қантөгісті көрген, аранын ашқан ажалды көргенде дір етпеген бұл жүрек, кіп-кішкентай кінәсіз сәбидің жазықсыз төгілген көз жасын көруден қорқады.

Жәкеңнің көздері шатынап, екі иінінен дем алып, еңтігіп тұрып қалды.

– Сабыр етіңізші... – дедім мен оның әлсіз жүрегінен секем алып. – Артық кетсем, кешіріңіз...

– Рас, – деді ол біраздан соң сабасына түсіп, даусын жұмсартып. – Қай заманда да кәрі-құрғаң кемпір-шалдардың өздерінен кейінгі жастарға көңілі толмаған. Бірақ содан өмір тоқтап қалды ма?! Тоқтаған жоқ. Адамзаттың ақыл-ойы ойлап тапқан

жаңалықтар да, жетістіктер де көбеймесе, азайған жоқ. Кейінгі ұрпақтардың санасы да, сауаты да жетіле берді, бірақ... бірақ олар жасайтын қиянаттар мен жауыздықтардың да түр-түрі қаптап кетті. Сірә, адам баласының ақыл-ойы артқан сайын бір-біріне жасайтын жауыздығының түрі де сонша көбейіп кетеді ғой деймін... Әлгі «Сәбилер үйі» дегеніңіз де, сондай сұмдықтардың бірі...

– Сонда тарихта бұрын ондай үйлер болмады ма екен?

– Қайдан білейін... болса, болған шығар. Бірақ солар әу баста ешқандай ресмиліксіз, таза ниеттен, жанашыр көңілден тұғанына сенімдімін. Ал қазір ше? Қазір байғұс балаларды өмірге әкеледі де, өкіметке жұмыртқа тапсырғандай апарып өткізе салады!

– Егер оларды қабылдамай қойса ше?

– Қабылдамауға хақысы жоқ, білдің бе, хақысы жоқ! Міне, мәселенің қиын түйіні де сонда емес пе. Кәдуілгі балабақшаларға кәдімгі қарапайым жұрттың, өз ұрпағын ешқашан да далаға тастамайтын, шыбын жанын қиса да шырылдап жүріп баласын қорғайтын тәрбиелі, зиялы кісілердің балаларын «орын жоқ, төсек жоқ» деп қабылдамауға хақылары бар да, өз құлынынан өзі жеріген безбүйректерден қабылдамауға хақылары жоқ!

– Неге?

– Неге, неге?.. Өйткені олар өз ұрпағын өзі тұншықтырып өлтіре салудан да тайынбайды. Сөйтіп, түптеп келгенде адам емес, қоғам кінәлі болып шығады. Енді түсіндің бе?!

Осы кезде аяғындағы жеңіл тапочкасын тырп-тырп басып ваннаға қарай келе жатқан жеңгейдің:

– Әй, сендерге не жетпей қалды? – деп кінәлай сөйлеген мамыражай даусы естілді. – Сол баяғы қоғамдық мәселелер ме, көкейлерінді тесіп бара жатқан?! Бұл бейшара қоғам сендер сияқты жалқауларға жақсы ермек болды-ау!..

III

Қыстың қысқа күні бүгін де таң атқалы бері сарышұнақ аязбен айқасып, ақыры оның сағын сындыра алмағанына өкінгендей, жалпақ жаһанға ал қызыл шұғыласын аямай шашып, қимай-қимай қоштасатын баяғы әдетін де ұмытып, ешкімге білінбей ізім-ғайым батып кетті. Ақ көрпесін қымтана жамылған байтақ даланы қою қараңғылық тұмшалаған сәтте мен өз пәте-

рімнің терезесінен қарсы беттегі «Сәбилер үйінің» маңдайшасындағы сығырайған жетім шамға ойлана қарап тұрдым.

«Көзі қиып, өз баласын өзі қалай тастап кетеді екен?.. – деп ойладым мүлде бейтаныс, жұмбақ жандарды есіме алып. Адам болған соң, оның бойында мейірім, әкелік, аналық махаббат болмаушы ма еді. Егер баланы ата-анаға, ал ата-ананы балаға іңкәр етіп, ет-жүрегін елжіретіп қоятын сондай бір жұмбақ та киелі сезімдер болмаса, дүниеге ұрпақ әкелудің не қажеті бар. Тіпті аң екеш аңның өзі де өзегін жарып шыққан баласы үшін шыбын жанын қимай ма...

Сәби кезде біздің бәріміз де қорғансызбыз, жалғыз-ақ сүйенеріміз де, сенеріміз де әке-шешеміз. Ал сол асқар таудай әкешеше бізді тылсым сырын ішіне бүгіп, тым-тырыс жатқан мынадай бөтен үйге әкеліп тастап жүре берсе, не болмақ?..»

Маңдайшасында жалғыз ғана жетім шам сығырайған жұмбақ үйге қадала қарап тұра беруге дәтім жетпей, теріс айналып кеттім.

«Егер реті келсе, бұл үйдегі балалармен танысып, тіл табысып көрер ме еді», – деп ойладым іштей.

Әкем маған бала күнімде: «Ер жігіттің көпшіл болғаны, көңілшек болғаны жақсы, кінәмшіл бола көрме», – деп жиі айтып отырушы еді. Сірә, сол бала кезде естіген ақыл-өсиеттер кейін де есімде берік сақталып қалды білем, осы бір көмірлі қалаға келгелі бері мұндағы үлкен-кішінің бәрімен емен-жарқын, етене-жақын араласып кетуге тырысып бағатынымын.

Бірақ қарсы беттегі мынау үй маған мүлде басқаша әсер етті. Қаланың басқа тұсынан орын тимей, түп-тура осыған көрші қонуым да жан дүниемді екіұдай аласапыран күйге түсіргені анық еді.

IV

Тал түске дейін бір орнымнан тапжылмай, кіп-кішкентай бөлшектің жаңа үлгісін әлденеше қайтара есептеп, қайта-қайта қағазға көшіріп сызумен болдым. Бұл өзі кен қазушылар «қырсық» деп атап кеткен кінәраты көп, әлжуаз бөлшек еді. Біз қызмет істейтін тау-кен машиналарын жасау зауыдынан құрастырылып шыққан алып машиналар терең шахталарда ұзаққа шыдамай, тап осы бір «қырсықтың» кесірінен тоқтап қалып жататын-ды.

Бірақ менің жанымдағы бадырақ көз, бұйра шаш, ат жақты жігіт Мұраттың айтуынша, осының бәрі де құр әурешілік. Өйт-



кені бұл бөлшекті маған дейін де шыр айналдырған шақша бас инженерлер көп болған, бірақ соның бәрі де сан түрлі формасын тапқанымен, үлкен өндіріске енгізе алмай арманда кеткен.

Түскі үзіліс кезінде Жәкең екеуміз тағы да шахмат тақтасына үңілдік. Біздің арамыздағы жас айырмашылығы осы қызықты ойын кезінде жоғалады әрі мейлінше анық сезіледі. Өйткені біз тең құрбыдай қалжындасып отырамыз. Бірақ мен жастыққа тән алып-ұшпа мінезбен әрбір партияны тез бітіруге ұмтылып, тақта үстіндегі ситуацияны күші басым фигуралар арқылы өз пайдама шешкім келсе, Жәкең қарттыққа тән сабырлы кейіппен ұзақ ойланып, ойынды соңына дейін сағызша соза түсіп, ең ақырында қаһарлы күшке айналатын дәрменсіз пешкалардың артықшылығын пайдаға асыруға тырысады. Сөйтіп, ойын эндшпильге жеткен сәтте міндетті түрде мен ұтылуға тиіспін. Өйткені баяу жылжып, бірін-бірі қорғап, қол ұстасып жүретін пешкалардың жүрісін есептеуге келгенде мен мүлде шорқақпын әрі олардың іш пыстырарлық өгіз аяңына қарап отыруға тағатым да жете бермейді.

Сондай бір сәттерде Жәкең орындықтың арқалығына шалқая беріп:

– Шахмат тақтасындағы шиеленіскен ойында да өмірдің ежелгі заңдылығы сақталады, – дейді жеңімпаз ойыншының өктемдеу мақамына салып, – өйткені өмірде жеңіс пен жеңілістің үлкен-кішісі болмайды. Әдетте, ұсақтан іріні, іріден ұсақты көре білетіндер ғана әрдайым жеңіс тұғырына көтеріледі. Менің бір ойым айтады, осы өмірдегі ірілердің ұсақ қасиеттерін, ал ұсақтардың ірі қасиеттерін мұқият зерттеу қажет...

Оның күзгі тұмандай бұлыңғыр философиясының түйінін мен іштей былайша дәйектеймін: «Мәселенки, біздің заводтан шығатын кен қазушы алып машиналардың күрделі формасына шектен тыс көп мән берілгендіктен, ішкі механизмдерінің бірқалыпты айналымға түсуіне септігін тигізетін кішкентай бөлшектер көзден таса, назардан шет қалған. Олардың атқаратын қызметіне жеткілікті мән берілмеген. Сол себепті керік секілді алып машиналар, амал жоқ, «соқыр ішектен» жантәсілім етіп жатады. Міне, Жәкең философиясындағы ұсақтың іріге, ірінің ұсаққа деген үздіксіз әсер-ықпалы осы. Қысқасы, екіні екіге қоссаң – төрт, екіні екіге көбейтсең – тағы да төрт!...»

Сөйтіп отырып ол мені қатарынан екі рет ұтып кетті. Жеңілістің әсері ме, білмеймін, түскі үзілістен кейін көңілім кәдімгі-

дей жабырқап қалды. Маған енді ескі бөлшектің жаңа жобасы да күдіктілеу көріне бастады.

Кешке үйге келе жатып тағы да «Сәбилер үйінің» алдынан өттім. Неге екені белгісіз, оның маңдайшасындағы жалғыз шам үнемі сығыраяды да тұрады. Өшіп те қалмайды, жарқырап жарық та түсірмейді. Мынау жұмбақ үйдің ішіндегі бейкүнә сәбилердің үлкен өмірге деген әлсіз үмітіндей сығырая жанады...

Бойым біртүрлі шымырлап, көңіліме үрей енгендей болды. Енді мен бұл үйге өз баласын өз қолымен әкеліп, мүлде бөтен, жат қолдарға тапсырып жүре берген әке-шешелері туралы ойлай бастадым. Туған әке-шешенің қолынан мейірім табын сезінбеген сәби, жат қолдан жан жылтуын таба ала ма?..

Бірақ әзірге бейкүнә сәбилерге сыртта жүріп жанашырлық білдіргеннен басқа мен не білемін, сол балаларды дүниеге әкелу мен «Сәбилер үйіне» тапсырудың екі аралығында қаншама тағдырлардың тәлкегі, қайғы-қасірет пен тақсіретке толы өмірдің арпалысы, нақақтан төгілген көздің жасы жатқан болар, кім білсін. Кінәні тек әке-шешенің безбүйректігінен ғана тауып, үкім шығара салу білместік болар?..

Әйтсе де, өз құлынынан өзі жеріген хайуандай өз перзентіңнен өзің қалай бас тартуға болады, мен соны түсіне алмай далмын. Түсінгім де келмейді. Хайуан екеш хайуанның ішінде де мұндай қаталдық ілуде бір-ақ рет кездеспей ме?..

V

Таңертеңгілік қызметке бара жатып кешегі қалың бөкебай тартқан талдырмаш қызды тағы да көрдім. Ол қысқы пальтосын иығына желбегей жамылған күйі қолына шелек ұстап, «Сәбилер үйінен» шықты да, ақша қарды күреп салған жалғыз аяқ жолмен жүгіре басып, ауланың түкпір жағындағы қоқыс төгетін жәшікке қарай беттеді. Темір шарбақтың сырт жағынан өзіне тесіле қараған көзқарасты сезді ме, қайтар жолда маған мойнын бұрып, бас изеп сәлемдескендей болды.

Бүгін түскі үзіліске дейін түк өндіре алмадым. Кіп-кішкентай бөлшектің қырық қайтара сызылған үлгісінің бір де біреуі көңілімнен шықпады.

Ақыры оның жұмыс үстіндегі кемшілігі мен кінәратын өз көзіммен көріп, анықтап алу үшін шахтаға түсіп қайтуым керек деп шештім.

Алайда бұл ойым Жәкеңе ұнамады.

– Қайтесің, бала, соны? Басқа бір өтімдірек нәрсемен айналысып көрсенші, – деді ол жақтырмай. – Тіпті ішің пысып, екі қолын алдына сыймай бара жатса, қыздарды ертіп киноға бар. Бастық тексере қалса, өзім бір сылтау тауып айтармын. Айтпақшы, сен осы қашан үйленесің, ә?! Ондай ой бар ма өзінде? Тездетсенші соны... тойыңда өзім тамада боламын, біліп қой.

«Қырсық» бөлшектің жаңа түрін, ешкімге де, ештеңеге де қырсығын тигізбейтін түрін ойлап тауып, оны үлкен өндіріске тезірек енгізуді мен іштей қалай армандайтын болсам, Жәкең де менің әйтеуір бір күні болатын үйлену тойымда тамада болуды солай армандайды. Осы тақырыпқа әңгіме қозғала қалғанда ол ерекше көңілденіп, жадырап сала берді. Күліп отырып маған қалжыңдайды. Неге екені, ол осы әңгімені қозғаған сайын, соңғы күндері менің көз алдыма «Сәбилер үйіндегі» талдырмаш қыз елестейтін болып жүр...

VI

Күн бесінге таянған кезде мен шаршап-шалдығып, аяғымды сүйрете басып шахтадан қайтып келе жаттым. Аттай бір аптаға созылған сары аяздың бүгін сағы сынып, бұғат-бұғаттардан тамшы тама бастады. Ақыры өзінің жеңіске жеткеніне қуанғандай, ашық аспанда күлімдеген күн жарықтық жылы шуағын жер бетіне аса бір жомарттықпен мейірлене төгеді.

Менің қиялымдағы жаңа бөлшектің құрылысы енді мүлде күрделене түсті. Оған дейін ерінбей-жалықпай шұқшиып отырып еңбек еттім дегенімнің бәрі де жай әншейін қағаздан ойыншық жасап ойнаған жас баланың ермегі сияқты көрінеді. Енді ол «қырсық» бөлшек жатсам, тұрсам ойымнан кетпейтін болды.

Ең көрімі – біздің завод құрастырып шығарған кен қазатын машиналардың терең шахталарда жер асты патшалығының музейіне қойылған экспонаттардай қаз-қатар тізіліп, сап түзеп қимылсыз қалғаны. Көне замандардағы цивилизацияның әлдеқашан құрып біткен жетістіктерінің әдейі көрсетуге алып қалған соңғы үлгілері секілді. Олар біздің, жер бетіндегілердің дәрменсіздігін білдіретін үнсіз куәлар іспетті...

Әйтсе де, сол терең шахталарда сартылдап жұмыс істеп жатқан шет елдік машиналарды көргенде, оларға қарап қашанғы алақан жая бермекпіз деген отты намыс оянады кеуденде.

«Сәбилер үйінің» ауласында ойнап жүрген бүлдіршіндерді байқап, күн сайын тұсынан өтіп жүрген таныс шарбақтың жанында біраз бөгеліп тұрып қалдым. Неге кідіргенімді өзім де білмеймін. Көзім соларда болғанымен, ойым мүлде басқа жақта, әлгі шахталарда «өлген» машиналардың жанында қалған секілді.

Кенет:

– Егер бізбен ойнағыңыз келсе, ауланың ішіне кіріңіз, – деген дауысты естіп, селк ете түстім. Темір шарбақтың ар жағынан қалың бөкебайлы қыз күле қарап тұр екен.

– Тәрбиеші апай рұқсат етсе, мен мына балалармен шынымен-ақ ойнар едім, – дедім қуанып кетіп.

– Онда ішке кіріңіз! – деді ол ашық жарқын үнмен. – Бүгін күн жылы болғандықтан бәріміз де далаға шықтық!

Шынында да, бүгін күн ашық еді. Көп ұзамай көктем келерін білдіргендей төңіректен бір жылы леп есіп, «Сәбилер үйінің» бұғаттарындағы сүңгілер еріп, тырс-тырс тамшы тамып жатыр.

Балалар әткеншек теуіп, қар домалатып ойнап жүр. Олар жасаған аққалалар да өздері секілді кіп-кішкентай.

Сықырлаған сары аязда уыстап алсаң, құмшекер секілді сусып алақаныңда тұрмайтын қар бүгін, күн жылынған соң, беті жылтырап еріп, оңай жабысып жатыр. Мен үстімдегі жылы курткамды шешіп тастап, балалармен бірге қар домалатуға кірісіп кеттім. Біз жасаған аққала өте үлкен, бойы биік болып шықты. Бәріміз оны қоршап алып, жан-жағынан қызықтап қарап тұрғанымызда, кенет бір тәмпіш мұрын, көзі қысықтау қара торы қыз:

– Айгүл апай, егер бұл аққала түнде тіріліп кетсе, қайтеміз, – деп тәрбиешіге аңтарыла қарады. Біз ду күлдік.

– Сіздің есіміңіз Айгүл екен ғой, – дедім мен бір оңаша сәтті пайдаланып ақ бөкебайлы қызға. – Менің атым Айдар.

Мен қолымды созып, оның нәзік саусақтарын қыстым. Сірә, көбірек ұстап қалсам керек, ол ақырын ғана тартып алды. Неге екені, екі бетінің ұшы ду етіп қызарып, көзін төмен салды.

Осы сәтте күн де қызарып, айнала төңірекке алқызыл шұғыласын шашып, алаулап батып бара жатқан болатын. Есік алдына шыққан ақ халатты, жасы егде тартқан, етжеңді сары әйелдің:

– Айгүл-ау, бүгін саған не болған?! Балаларды ішке кіргізеуші ме ең. Қас қарайып барады ғой. Кәне, балалар, үйге кіріңдер! Бүгін онсыз да көп ойнадыңдар! – деген даусы естілді.

Айгүл маған қарап, ұяң ғана жымыып:

– Сау болыңыз! Маша апай бізді шақырып жатыр, – деді кешірім өтінгендей биязы үн қатып. – Уақытыңыз болса, тағы келіп тұрыңыз!..

Балалар да жан-жағымнан жамырасып:

– Сау болыңыз!

– Тағы да келіңіз!

– Біз сізбен ойнаймыз... – деп жатыр.

– Сау болыңдар, балалар!..

Күні бойғы шаршағанымның бәрін ұмытып, үйге көңілденіп қайттым.

VII

Бүгін сенбі болғандықтан, жылы төсектен қашан тұрам десем де, қайда барам десем де өз еркім. Терезеден ішке құйылған жылы шуаққа қарап, дала жылы екен ғой деп қуандым. Рахаттана керіліп-созылып жатып бүгінгі күннің жоспарын ойша құруға кірістім. Қайда барсам екен? Не істесем екен?.. Әлде көптен бері қонаққа шақырып жүрген Қарқаралыдағы досымдыкіне тартып кетсем бе? Бірақ бұл ойымнан тез айнып қалдым. Өйткені дәл қазір ол жақта ешқандай да қызық жоқ. Жазда болса бір сәрі, көлге шомылып, күнге күйіп, қармақ салып балық аулар едік. Сол себепті бұл сапарымды жазға шейін, тым болмаса көктемге дейін шегере тұруыма тура келеді. Бүгін тіпті, қарт досымның үйіне барып, шахмат ойнап қайтуға да зауқым соқпай қалыпты.

Кенет Айгүл... Айгүл есіме түсе кеткені. Иә, иә! Ол қалайша бірден ойыма келмеген десеңші?! Не деген кеше едім. Мен бүгін Айгүлге баруым керек. Онымен жүзбе-жүз кездесіп, қалай да сөйлесуге тиіспін. Басқа ешқайда да бұрылмаймын, тұп-тура Айгүлдің жұмыс орнына – «Сәбилер үйіне» кіремін де, бүгін кешке киноға барайық деп шақырамын. Ол, әрине, маған таңдана қарап, жымыып күледі. Үнсіз ғана келіседі... Осы бір тәтті ой көңілімді тербеп өтуі мұң екен, жылы төсектен қалайша атып тұрғанымды өзім де сезбей қалдым.

Бүгін күн жылы болса да, бүлдіршіндер сыртқа шықпапты. Мен өзіме жақсы таныс аулаға бұл жолы еркін кіріп, «Сә-

билер үйінің» есігін қақтым. Бірақ жуық арада ешкім аша қоймады. Бөтен босағаның алдында состиып тұра беруді ыңғайсыз көріп, тот басқан темір тұтқаны ақырын ғана тарттым. Сыртқы есік өзінен-өзі сықырлап ашыла берді. Қаракөлеңке ұзын дәліздің бойымен жүріп өтіп, оң жақтағы есікке қарай бұрылдым. Бұл бөлменің іші жап-жарық екен. Төрдегі столдың ар жағында өткен жолы балаларды кешкі тамаққа шақырған Маша апай қонжиып отыр.

– Сәламатсыз ба, – дедім мен табалдырықтан біртүрлі имене аттап. Ол сонда ғана басын көтеріп, маған шұқшия қарады.

– Сізге мұнда кіруге кім рұқсат берді?! – деді қатқыл үнмен. – Бізде карантин. Тұмау...

– А-а... Солай ма еді, кешіріңіз, мен Айгүлге келіп ем... Егер мүмкін болса...

– Жоқ, – деді ол менің көңілімдегі тәтті үмітті әп-сәтте аспанға бу қылып ұшырып жібергендей. – Ол бүгін болмайды!

– Неге? Үйіне кетті ме?

– Қала сыртында тұратын апайыныкіне кетті.

– Онда... сау болыңыз, – деп кері бұрыла бергенім сол еді, Маша апай орнынан түрегеліп:

– Балаңызды көріп кетпейсіз бе? – дегені.

– Қа-қайдағы бала? – Мен қорыққанымнан кекеш болып қала жаздадым. – Ме-менің ешқандай да ба-балам жоқ...

– Сірә, мен жаңылысқан болдым ғой, – деді Маша апай да енді маған таңдана қарап. – Сен... сіз Айқанаттың әкесі емессіз бе?

– Жо-жоқ, – дедім мен қаша жөнелуге оқталғандай есік жаққа жаутаңдап қарап. – Оның әкесі емеспін. Мен... мен Айгүлдің жай ғана танысымын.

– Түу, – деді Маша апай арқасынан ауыр жүк түскендей жеңіл тыныстап. – Сіз біздегі Айқанат деген балаға өте ұқсайды екенсіз. Ол да сіз сияқты тәмпіш мұрын, қара торы...

– Қазақтардың көбісі-ақ тәмпіш мұрын, қараторы емес пе, – деп әзілдеп күлген болдым. – Қызық екен...

– Иә – деді ол кенет мені еркінсітіп алмайын дегендей қайтадан сыздана қалып. – Сөйтіп, Айгүлге келіп едім деңіз...

– Иә.

– Жай ғана танысы болдыңыз ғой...

– Иә, жай ғана...

– Отырыңыз, – деді ол аяқ астынан түсін суытып, қарсы алдындағы орындықты нұсқап көрсетіп. – Сізбен дұрыстап сөйлесуім керек!

Мен енді не істерімді білмей, жан-жағыма алақтап қарап алдым да бөтен бір қауіпті сезбеген соң, сылқ етіп отыра кеттім.

Маша апай мені шындап тергеуге көшті. Әйтеуір, оның Айгүлмен бірге жұмыс істейтінін білгендіктен, көңіліне қаяу салмауға тырысып, шама-шарқымның келгенінше барлық сұрақтарына мәдениетті түрде жауап беруге тырысып-ақ бақтым. Көмірлі қалаға қызметке қашан келгенімді, туған ауылымның қай жақта екенін, әке-шешемнің қайда тұратынын, қанша аға-әпкем, іні-қарындастарымның бар екендігін, тіпті Айгүлмен қалай танысқаныма шейін жіпке тізіп, шып-шырғасын қалдырмай айтып шықтым.

Сонда ғана Маша апайдың мені алғаш көргеннен-ақ түйілген қабағы жазылып, бұлттан шыққан күндей жадырап сала берді. Міне, енді, «сыйға – сый, сыраға – бал» дегендей, ол да өзінің бастан кешкендерін маған сыр қылып шертіп, ағынан жарылып отыр. Шынымды айтсам, Маша апайдан мұндай мінезді күтпеген едім. Әрі алғашқыда осының өзі не керек, көлденең көк аттының бәріне бірдей сыр ақтара беруге бола ма екен деген ойдың шырмауында болғаным да рас-ты. Бірақ ол мені өз өмірінің өткен күндеріне қарай жетелеген сайын, бірте-бірте өзге дүниені ұмытып, беймәлім тағдырдың тарау-тарау соқпақтарына қызығып, құмарта тыңдай бастадым. Маша апай да қарсы алдында отырған тыңдаушысының көңіліндегі өзгерісті сезіп, жанарында көл бетіне түскен күн сәулесіндей бір жылы ұшқын жылт етіп оянып, ендігі әңгімесін ерекше ықыласпен, жүрек жылуымен сабақтады. Сонау соғыстың ауыр жылдарындағы ашқарын, жарымкөңіл балалық көңілдегі нәзік сағыныш, қиын-қыстау кезеңдердегі еңсені көтертпеген тұрмыс-тіршілік тауқыметі – оның да, менің де көз алдымыздан тырнадай тізбектеліп өтіп жатты. Содан соң Маша апай жібек түткендей біткендеп отырып бүгінгі күннің тақырыбына қалай ауысып кеткенін мен тіпті байқамай да қалыппын.

– Кеше түнде тағы бір бейкүнә сәбиді қабылдап алдым, – деді ол көкірегі қарс айрыла күрсініп. – Мен тап осы жерде... Міне, былайша, қалғып-шұлғып кезекшілікте отырғанмын. Кенет алдымдағы телефон шар ете түсті де көзімді ашып алдым. Трубканы көтеріп, «Әлеу» десем, ар жақтан біреудің дегбірі

кашып, демігіп сөйлеген үні естіледі. «Қазір ғана табалдырықтың алдына баламды қалдырып кеттім, қабылдап алыңыздар» дегенді үзіп-үзіп әрең айтты да трубканы тастап жіберді. «Қалай? Неге? Кім?..» деп сұрауға да үлгермей қалдым. Шамасы жап-жас қыз, даусы дірілдеп, жылап тұрғандай көрінді маған. Жүгіріп есік алдына шықсам, құдай-ау, құндақтаулы нәрестесін басқыштың үстіне қойып кетіпті. Танауы пыс-пыс етіп, тағдыр өзіне осы сәттен бастап қандай сый тарту еткенінен мүлде бейхабар моп-момақан періште ұйықтап жатыр...

– Есік алдына қалдырып кеткені несі?! – деп мен Маша апайға шошына қарадым.

– Ой, айта берсең, ондай сұмдықтар көп қой! – деп ол амалы таусылғандай қолын сермеді. – Бәрі де осы қаладағы жас жігіттер мен қыздардың қырсығы. Кейбір қылықтарына қарасаң, құдай-ау, солар да өзіміз секілді ет пен сүйектен жаралған адамның баласы ғой дегенге сенгің келмейді. Кеудесінде жұдырықтай жүрегі бар, екі аяқты, жұмыр басты пенденің ондай сұмдыққа қайтп қолы барсын... Олар, сірә, басқа бір жақтан, бөтен планетадан келген діні басқа, қылығы жат ерекше құбылыстар болса керек. Әйтпесе... – Маша апай сөзімізді біреу естіп қоймасын дегендей, есік жаққа құлақ түріп біраз үнсіз қалды да, ендігі әңгімесін ақырын сыбырлап жалғастырды.

– Бұдан біраз жыл бұрын бір кісі азық-түлік дүкенінің алдында жинаулы тұрған бос қораптардың ішінде жылап жатқан нәрестені тауып алып, осында әкеліп тапсырды. Әбден өлуге айналған екен байғұс бала... Көгеріп-сазарып қатыпты да қалыпты, кеудесінде шығар-шықпас жаны ғана бар. Бір апта бойы көзін аша алмай жатты да, ақыры қайтыс болды. Ешкім де ажалға араша бола алмады... Неге келді өмірге, не үшін өлді?.. Бәрі де жұмбақ күйінде қалды... Енді бірде қаладағы үлкен қызметкер кісінің пәтерінің алдына тастап кеткен нәрестені қабылдап алдық. Олар бізге телефон соқты. Әлгі қызметкер кісінің де, әйелінің де үрейі ұшып кеткен. Тіпті кіп-кішкентай нәрестені қолдарына алып қарауға қорқады. Сол күні мен кезекшілікте едім. Әлгі үйге барып, баланы көрген соң, жөргегін ашып, құрғақ жаялыққа орап алдым. Сол кезде бұзаудың тіліндей бір жапырақ қағаз жерге сусып түсті. Әлгі қағазға жазылған үш-төрт ауыз сөз әлі күнге шейін есімнен кетпейді. Білесіз бе, онда не жазылғанын?.. «Мен де сіздер секілді адамның баласымын, – деп жазыпты әлгі бейтаныс әйел маржандай тізілген

әріптермен үй иелеріне арнап. – Менің де дәл сіздердей бақытты өмір сүргім келеді. Он екіде бір гүлім ашылмай жатып солып, жанбай жатып сөнетіндей Алланың алдында да, адамның алдында да ешқандай жазығым жоқ. Ал сіздерде бәрі бар, бәрі де жеткілікті... Тым құрыса соның кішкентай бөлігін қиыңыздар. Тумай жатып жетім қалған мынау бейбаққа пана болып, әкелік қамқорлығыңызға алыңыз. Құдайға шүкір, сіздің бір басыңыздағы байлық мұндай жетімектердің біреуін емес, мыңын асырауға жететініне сенімім кәміл. Ал, қош-сау болыңыз. Мен де өмірден өз үлесімді тартып алуға кетіп бара жатырмын. Иә, айтпақшы, бағы ма, соры ма – білмеймін, бұл жетімектің аты – Айқанат. Әзірге фамилиясы жоқ, бәлкім, өз фамилияңызға жаздырып аларсыз. Оған жүрегім жарыла қуанбасам, бармағымды шайнап өкіне қоймаспын. Өйткені мен секілді дәрменсіз, құр сүлдері ғана жүрген бейшара жаннан гөрі, сіздің құдіретті фамилияңыздың өзі бейшара балаға әлдеқайда күшті қорған, берік қамал бола алатынына көзім жетеді. Қош... Мені іздеп әуре болмаңыздар. Бәрібір табыла қоймаспын». Әлгі бір парақ хатты оқыған кезде сол үйдің қабырғасынан сұп-суық екі көзі маған кірпік қақпай тесірейе қадалып, өңменімнен өтіп бара жатқандай көрінді. Бар-жоғы беймәлім, әлдебір жұмбақ жанның үнін естігендей болдым.

Неге екені белгісіз, сән-салтанатқа, қымбат жиһазға толы әлгі үйдің ішінен әлдекімді іздегендей жан-жағыма қарай беріппін...

Маша апай көзін төмен салып, үнсіз отырып қалды. Кенет осының бәрін не үшін айтып отырмын дегендей, басын көтеріп маған жалт қарады.

– Зейін қойып тыңдағаныңа қарағаныңда, жаман жігіт көрінбейсің, – деді ақырын ғана салмақты үн қатып. – Бірақ... қайдан білейін, сырт көзге бәрің де жылтырап, адал да аңғал сияқты боп тұрасыңдар ғой. Қарағым, бөтен ойың болса, Ай-гүлден аулақ жүр!..

VIII

Күндіз Маша апайдан естіген әңгімелер есіме түсіп, түннің бейуағына шейін көз іліндіре алмай дөңбекшіп жаттым.

«Бұл өмірде кімнің бақытты болғысы келмейді дейсіз, – деп ойладым мен Маша апай айтқан жұмбақ хаттың иесін есіме алып. – Тіпті сол үшін де адам баласы өзіне берілген өлшеулі

ғұмырдың соңғы күндеріне дейін күресумен өтпей ме. Айталық, мына менің де бақытты болғым келеді. Бір қызығы, бақытсыз болармын-ау деп мүлде ойлаған емеспін. Бірақ сол бақыт дегеніміздің өзі қайда?.. Өз құрсағыңнан жаралып, жарық дүниеге келген бейкүнә сәбидің көз жасын кешіп жүріп те бақытты болуға бола ма?.. Оған адам баласының хұқы бар ма?!..»

Екінші қырыма аударылып жаттым. Қап-қара түнекті қарап келіп көз алдыма Айгүлдің бейнесі елестеді. Ол да мұнайып, әлденеге жабырқап тұрғандай көрінеді.

«Айгүл-ау, сен талшыбықтай солқылдаған нәзік қалпыңмен «Сәбилер үйінде» қалай тәрбиеші болып жүрсің? – деймін мен оған біртүрлі жаным аши қарап. – Қорықпайсың ба? Әлдебіреулердің сұп-суық қолының ызғары сезілетін кіп-кішкентай нәрестелердің құндағын шешіп жатқанда талдырмаш бойыңды үрей билемей ме?! Меніңше, ондай қорқынышты үйде тек қана Маша апай секілді кексе әйелдер ғана жұмыс істеуі керек сияқты. Саған не бар, жаным-ау. Аждаһалар ғана келіп-кетіп жүретін ондай қорқынышты көлге қалайша адасып барып қонған аққусың?!..»

Менің бұл көңілсіз ойларымнан соң Айгүл шыдай алмай екі қолымен бетін басып, солқылдап жылап жібергендей болады.

«Сен маған ренжіме, Айгүл, – деймін мен оған даусымды барынша жұмсартуға тырысып. – Мүмкін, қанатымен су сепкен қарлығаштай шырылдап бейкүнә сәбилердің тағдырына араша түскің келген болар. Олар қатал тағдырға өкпелеп, жетім қозыдай тасбауыр болып кетпесін дейтін шығарсың. Бірақ, жат емес, жау емес, ол бейшараларды бөтен босағаға тастап кете барған өздерінің әке-шешелері ғой!..»

Сен менің жанымды түсіне алмадың дегендей Айгүлдің бейнесі бірте-бірте алыстай береді. Маған көңілі қалып, өкпелеп бара жатқандай. Соңынан қуып жанұшыра жүгіргім келеді, тоқта деп айқай салып, жер тепкілеп жылағым келеді. Бірақ өйтуге менің бойымда қуат та, дәрмен де қалмағандай. Шамасы, бүгін әбден қалжырап шаршаған болуым керек, көзім ілініп барады...

Сәрсенбінің сәтіне қарай мен өзімше жаңа бөлшектің жобасы толық бітті деп есептедім де, жүрегім лүпілдеп тұрып, ғылыми кеңестің талқысынан өткізуін өтініп, завод директорының қолына ұстаттым. Ол жас инженердің ынта-жігерінің мол екеніне риза болғандығын білдіріп, ағалық қамқор алақанымен арқамнан қағып, сыпайы шығарып салды. «Көп кешіктіре қоймаспыз, – деді менің іскерлігімді барынша қолдайтынын, әрдайым менің жағым-

да екенін сездіріп. – Таяу күндерде ғылыми кеңестің мүшелері түп-түгел жиналуға тиіс. Бәрін де алдын ала хабардар етерміз...»

Қысқасы, мен оның кабинетінен көңілді шықтым. Екі езуім жайылып екі құлағыма жетіп, өз-өзімнен маз болып күліп келемін.

«Егер ортаңғы біліктің ішкі жағын төрт қырлы кедергілері бар шеңбер тәрізді жаңа құрсаумен бекітсе, тау-кен машиналарының кінәраты жойылады... жойылады... жойылады...» деп күні бойы ішімнен қайталай бердім, қайталай бердім.

Бір таңқаларлығы, біздің бөлімдегі қызметкерлер менің бұл алғашқы табысыма мүлде самарқау қарады. Тіпті ештеңе сезбегендей, әркім өз ойымен болып қала берді. Бұл не? Қызғаныш па екен...

IX

Түні бойы қар жауды. Аппақ ұлпа қар. Таяу күндерде көктем шыға ма деп күтіп жүргенде, айналаның аяқ астынан тағы да ақ көрпеге орана қалуы бәрімізге тосын әсер етті. Тек адамдар ғана емес, ағаштар да, үйлер де, тіпті бүкіл қаланың жанды-жансыз тіршілігінің бәрі де қаңтарылып, енді не істерін білмегендей дағдарып тұрып қалған секілді көрінеді. Күн жексенбі болғандықтан, мен түске таман «Сәбилер үйіне» бардым. Бұл жолы есікті Айгүлдің өзі ашты.

– Сәламатсыз ба! – деп қуанышым қойныма сыймайыр-жиып күле берішпін.

– Сәламатсыз! – деп ол да жымия қарады.

– Аулаға қашан шығасыздар? Мен сіздермен бірге ойнауға келдім.

– Ә-ә, солай ма?! Сіз де бала болып кеттіңіз бе?

– Иә!

– Бірақ... біз бүгін сыртқа шыға алмай отырмыз.

– Неге?

– Көрмейсіз бе, біздің аулада аяқ басып жүретін жол жоқ. Қар әлі күрелмеген.

– Ой, сол да сөз болып па?! – дедім мен екі алақанымды ысқылап. – Кәне, күрегіңіз қайда?..

– Өне, тұр ғой! – деді Айгүл сарай жақты қолымен нұсқап. – Мен де қазір тез киініп шығып, сізге көмектесемін.

Ол киініп шығамын дегенше, мен ақ мақтадай жеп-жеңіл ұлпа қарды құлшына күреп, қақпаға дейін жол салып та үлгердім.

– Ой, – деді қалың бөкебайын жүре байлап сыртқа шыққан Айгүл таңқалып. – Сізге тіпті жұмыс шақ келмейді екен ғой. Мына түріңізбен бүкіл қаланың қарын жалғыз өзіңіз күреп шықсаңыз да түк етпес! Шынымды айтсам бар ғой, мен үшін бұл бір күндік жұмыс. Жаңа ғана балаларды аулаға шығара алмайтын болдым-ау деп қатты уайым жеп отыр ем...

Көптен бері қара жұмыс істемегендікі ме, шекем шып-шып тершіп, демім жиілеп, алқына бастағандаймын. Айгүл де әткеншектердің үстіндегі қарды түсіріп, зыр қағып жүр.

– Өткен жексенбіде келіп едім, – дедім мен оған көзімнің астымен ұрлана қарап қойып. – Сіз қала сыртында тұратын апайыңыздың үйіне кетіпсіз. Маша апай екеуміз біраз әңгімелескен болдық.

Неге екені, Айгүлдің күлімдеп тұрған жанары кенет бұлтты күнгі айна көлдің айдынындай тұнжыра сала берді.

– Біздің Маша апай әңгімешіл кісі ғой, зерікпеген боларсыз, – деді астыңғы ернін тістелеп, көзін төмен салып.

– Иә, солай екен! Ол мені әуелі осындағы Айқанат деген баланың әкесі екен деп ойлап қалды, – дедім алғашқыда Айгүлдің жүзіндегі өзгеріске мән бере қоймай дәудірлеп. – Сіз қалай ойлайсыз, ол екеуміз бір-бірімізге ұқсаймыз ба?

– Кім екеуіңіз?.. – Ол менің не айтып тұрғанымды түсінбегендей селк етіп басын көтеріп, қайталап сұрады.

– Әлгі Айқанат деген бала екеумізді айтам...

– Білмеймін... – Ол маған таңдана қарап, басын шайқады.

Біраздан кейін балалар аулаға шығып, бір-біріне қар лақтырып ойнай бастады. Өткен жолғыдай Айгүл екеуміз оларға үлкен аққала жасап береміз бе деп ем. Бірақ ол манағы әңгімеден кейін біртүрлі ойға батып, қабағы тұнжырап, ауладағы ойынды сырттай ғана бақылап тұра берді.

– Егер мен сізді Айқанатпен таныстырсам, қалай қарайсыз? – деп сұрады кенет Айгүл менің қасыма таяп келіп. Оның өңінен мынау ұлпа қардай кіршіксіз сәби көңіліне байқамай қаяу түсіріп алмас па екенсіз дегендей алаңдаушылық бар екені білінді.

– Білесіз бе, балалармен... әсіресе, біздің үйдің балаларымен сөйлескенде өте сақ болғаныңыз жөн, – деді Айгүл менің осы ойымды растай түскендей. – Өйткені олар адамдардың көзқарасындағы, даусындағы сәл ғана салқындықтың өзін тез сезе қояды. Ыстық ықылас пен мейірімге де дәл солай әп-сәтте жылынып, тез бауыр басып қалады...

Мен бұл жолы өзіме сенімсіздік көрсетілгендей, бір түрлі ыңғайсыз күйге түсіп, жан-жағыма жалтақтап қарап, үн қатпай тұрып қалдым.

– Сіз, әрине, жетім баланың көңілі түндегі жарық айдай ашық та таза болатынын білетін шығарсыз, – деді Айгүл менен көз айырмай қадала қараған күйі. – Әйтпесе, алғашқы күннен кейін-ақ мұнда келмей кетер едіңіз, мынау кішкентай бүлдіршіндердің ой-арманындай таза, ұлпа қарды күреп, жол салып бермес едіңіз. Білесіз бе, менің не ойлап тұрғанымды. Мен... мен олардың болашағы да осы салған жолдай даңғыл, тап-таза қалпында сайрап жатса, алдағы күндеріне анық бағыт сілтеп, қол бұлғап шақырып тұрса екен деп ойлаймын...

– Айгүл, мен сізді түсінген сияқтымын. Әрі қарай ештеңе айтпай-ақ қойыңыз... – Үнім бір түрлі дірілдеп шықты. Мен бір көзге көрінбейтін, бейтаныс, жұмбақ әлемнің шекарасынан байқамай өтіп кеткендей сезіндім өзімді.

– Меніңше, сізге сенуге болады, – Айгүлдің даусы аяқ астынан құбылып, көңілінде дақ қалмағандай жадырап күлді. Оның жаңа ғана тұнжырап тұрған жанарынан сүп-сүйкімді, ойнақы бір ұшқын ойнап шыға келді.

– Айқанат, ау Айқа-нат! – деп дауыстады ол ойнап жүрген балаларға қарап. – Бері келші!..

Бір топ баланың ортасынан төрт-бес жастар шамасындағы тәмпіш мұрын, қара домалақ бала бөлініп шықты. Дөңгелек қара көздеріне сәбиге тән аңғал сұрақ үйіріліп, бізге қарай томпаңдап жүгіріп келеді...

Мен мынау, кәдімгі қараторы қазақтың қай баласынан да ешқандай айырмасы жоқ, кіп-кішкентай сүйкімді бүлдіршіннің әке-шешесіз жетім өсіп келе жатқанына тап осы сәтте өзімді-өзім сендіре алмадым...

X

Алғашқы кезде Айқанат маған біртүрлі тосырқай қарап, бөтенсіп жүрді. Ә дегенде бауыр басып, еркелеп асыла кетуге батылы жетпей, мен басынан сипап, құшағыма тартқан сайын тұнжырап, ойланyp қала беретін-ді.

Бір күні оған дүкеннен әдемі ойыншық машина сатып алдым. Ол ешқандай қуанышын да, қызығушылығын да сыртқа білдірмей, өзіне арналған сыйлықты үнсіз қабылдады да, енді бұнымен ойнай берсем бола ма дегендей маған сұраулы жүз-

бен жаутаңдап қарады. Мен оның не айтпақ болғанын іштей түсіндім де:

– Иә, бұл – сенің ойыншығың! Онымен қалғаныңша ойнауға болады, – дедім басымды изеп.

Ол күлімдеп тұрды да, бұрылып алып жүгіре жөнелді.

Сол оқиғадан кейін арада біраз күн өткенде Айгүл маған:

– Сіз әкелген ойыншықты Айқанат қолынан тастамайды екен. Тіпті түнде қойнына алып жататын көрінеді, – деді бір түрлі таң қалғандай. – Ал «Сәбилер үйінде» ойыншықтан көп нәрсе жоқ. Бірақ сіз әкелген ойыншықтың орны ерекше...

Мен осыдан соң Айқанаттың өзіме бірте-бірте бауыр басып келе жатқанын, кей-кейде екеуміз ғана оңаша қалған сәттерде еркелеп мойныма асылла кеткісі келетінін аңғара бастадым. Бірақ үнемі бір беймәлім күш оны тежей беретін. Сәби жүзіне жараспайтын, тек маған ғана емес, айналасындағы бүкіл тіршілік атаулыға арналғандай бір үлкен сұрақ үйіріліп тұратын еді жанарында.

Бір қызығы алғаш рет Айқанаттың жанарынан көрген сол бір құпия сұрақтың ұшқынын кей-кейде мен Айгүлдің көздерінен де байқап қалатынымын.

Өткен жолы Айгүл екеуміз киноға бардық. Бұл пәниде қосыла алмай арманда өтетін екі жастың арасындағы мұңлылау махаббат хикаясы жайлы фильмге ол барынша ынта-зейінін салып, бастан-аяқ кірпік қақпай қадалып отырып көрді. Тіпті, экраннан бір сәт көз айырмағанына қарап, кинотеатрға бірінші рет келіп отыр екен-ау деп ойлап қалуға болар еді. Әйтеуір, өз басым көптен бері тап мұндай ықыласты көрерменді кездестірген емеспін. Біз бала күнімізде ғана ауылға кино келгенде дәл осылайша телміріп, кірпік қақпай қадала қараған болармыз...

Кинодан шыққаннан кейін ол біразға дейін үн-түнсіз, өз ойымен өзі әуре болып келе жатты. Сүйікті аппақ саусақтарының ұшынан ақырын ғана ұстап едім, бір түрлі жүрісі кібірткітеп, қысылып-қымтырыла бастады. Қолын тартып алуға жасқанғандай әлсін-әлсін бетіме жәудіреп қарады. Сол сәтте мен оның көздерінен алғаш рет Айқанаттың жанарынан көрген жұмбақ сұрақтың ұшқынын байқадым да, тұла бойым шымырлап сала берді.

«Сізге сенуге бола ма?..»

Меніңше, сол бір жұмбақ сұрақтың нышаны осылай сияқты еді!.. Бірақ оған не деп жауап беруге болады. Не деп?! Ең қорқыныштысы сол – бүгінгі сенімің мен үмітіңе ертең өзге түгі-

лі өзің илана аласың ба?! Таудағы селдей бұрқ ете қалған асау сезіміңнің арты алдамшы емес пе? Күні ертең, болары болып, бояуы сінгеннен соң көңілің қоңылтақсып, көкірегің аңызда қалған сабанның өзегіндей ызындап опық жеп қалмайсың ба?..

Осындай бір көңілсіз ойлардан кейін мен де бойымды жиып ала қойдым. Ерте көктемнің түнгі ызғары өн бойымнан өтіп дірілдеп тона бастағандаймын.

– Айгүл, сіздің үйіңіз қайда еді? – деп сұрадым мен одан. – Такси тоқтатайын...

Ол маған қадала қарап, сәл үнсіз тұрды да:

– Жаяу-ақ барайықшы... – деді ақырын ғана сыбырлағандай үнмен.

Енді міне, көше бойлап екеуміз қатар аяндап келеміз. Неге екені, мана өзіміз келген таныс жолмен жүріп, таныс бұрылыстарды бетке алдық. Жол-жөнекей мен оны көңілдендірмек болып, Жәкеңнің жұмыстағы қызық мінездері туралы айта бастадым. Айгүл да жайраңдап күліп, әлгіндегі болмашы нәрседен туған салқындықты мүлде ұмытып кетті.

Біздің жолымыз тағы да «Сәбилер үйінің» қақпасына келіп тірелді. Мен Айгүлге таңдана қарап:

– Бүгін де кезекшілікте боласыз ба? – дедім.

– Иә, бүгін де... – деді ол жымыып. Бірақ көздерінде күлкі емес, мұң үйіріліп қалғандай. – Ертең де, бүрсігүні де кезекшілікте боламын. Менің үйім – осы... Басқа ешқайда да бара алмаймын. Ал, қош болыңыз... Жайлы жатып, жақсы ұйықтаңыз. Ең бастысы, ешкімді де, ештеңені де ойламауға тырысыңыз. Ұйқыңыз тыныш болсын...

XI

Қайдағы ұйқы?.. Түні бойы кірпігім айқаспады. Айгүлдің менен жасырып жүрген қандай сыры бар екен?! Ол: «Менің үйім – осы. Басқа ешқайда да бара алмаймын» деп неге айтты. Неге?.. Жүрегім бір жаманшылықты алдын ала сезгендей кобалжи береді. Бірақ өзім әлі де түкке түсіне алмай дал боламын. Бұл не жұмбақ? Ерте ме, кеш пе тағдырдың суық ызғары маған қарай бұрылып алып соғатын секілді. Соны ойлауым мұң екен, күні бұрын көңілімді үрей торлап, қалтырай жөнелгендей болдым...



ХІІ

Бүгін жаңа бөлшектің жобасын талқылау үшін ғылыми кеңестің бас қосатын күні.

Қабырғадағы сағат тілі төртке жақындағанда біздің бөлімге біртіндеп ғылыми кеңестің мүшелері кіре бастады. Олар бірін-бірі көптен көрмегендіктерін, бәрінің де жұмысбасты болып бара жатқандарын, тіпті өстіп жүріп бір күні біреуі өле қалса, оны да естімей қалулары мүмкін екендігін айтып, кеңк-кең күлісіп алды. Бірақ сол күлкімен-ақ, жақын арада ешқайсысының да өлім сапарына әзірлене қоймағандары аңғарылып қалғандай, сонымен қатар жаңа бөлшектің жобасы жайындағы әңгіме де өз кезегі жеткенде ғана басталады, ал әзірге асығып-аптықпай, сабыр сақтағаныңыз жөн дегенді де сыпайылап сездіріп өткендей.

Сағат тілі төртті көрсеткенде, олар бір-бір орындықты сықырлатып асықпай жайғаса бастады...

ХІІІ

Сарыарқаның түбіттей жұмсақ самалы ертелі-кеш толассыз есіп, мәңгі мызғымастай сіресіп жатқан көксіреу қардың көбесін сөгіп, бір-екі күннің ішінде шұрық тесік қылып еріте жөнелді. Бір айға жуық сілікпесі шығып, ылжырап еріп жатқан көмірлі қаланың лас көшелері жер дегди келе көркейіп, бойжеткен қыздай күннен күнге құлпыра берді.

Көктем шыққалы бері Айқанат екеуміз жиі қыдыратын болдық. Бірін-бірі сағынып көріскен әке мен баладай жұбымызды жазбай, қала көшелерін ұзақ аралаймыз. Ара-тұра циркке, киноға да барамыз. Балмұздақ алып жейміз. Ойыншықтар дүкеніне соғып тұрамыз.

Алғашқы кезде мен оның мінездеріне түсіне алмай жүрдім. Көшеде екеуміз қатар келе жатқанымызда:

– Балмұздақ жегің келе ме? – деп сұрап қалатынмын.

Ол үндемейді. Жан-жағына жәудіреп қарап, аяқ астынан кінәлі болып қалғандай бір түрлі кібірткітеп қалады. Мен жүгіріп барып балмұздақ әкеле қоямын. Айқанат маған күлімсірей қарайды да, кіп-кішкентай қолымен саусағымды қысып, іштей алғыс айтқандай болады. Тағы бірде мен байқамай:

– Ойыншық сатып алайық па? – деп қалдым, ойыншықтар дүкенінің жанынан өтіп бара жатқанымызда.

Ол үн қатпады. Жан-жағына жәудіреп қарап, тағы да кібірткітеп қалды. Сондай сәттерде менің жүрегім бір түрлі шымыр-

лап қоя береді... Әлгі бір аңғал сұрақтың аузымнан қалай шығып кеткеніне өкінемін...

Бір күні екеуміз саябақтағы сәкіде демалып отырғанымызда, ол менің мойнымнан тас қып құшақтай алды. Бетіме бетін тақап, сәби көңілінің сағынышын сездіргендей жабыса түсті. Сол кезде мен оның лүп-лүп сокқан кішкентай жүрегінің тынысын тыңдағандай болдым. Бауырыма тартып, ақырын ғана бетінен өптім. Айқанат құшағын жазып, қайтадан жаныма отырған кезде жанарына мөлтілдеп үйіріле қалған жасты көріп, денем дір ете түсті. «Апыр-ау, мына баланың көңілі неткен нәзік еді, – деген ой жан дүниемді толқытып жіберді. – Ол бәрін де... бәрін де түсінеді екен ғой!..»

Бір қызығы Айқанат адамдардың жүрегіндегі бауырмалдықты, мейір-шапағатты нәзік көңілімен тез аңғаратын да, қым-қиғаш тіршіліктің кейбір шарттылықтары мен дағдылы қарым-қатынасын қанша тырысса да ұға алмайтын.

– Аға, – дейтін ол, – ойыншықтар неге дүкенде тұрады?

– Аға, біздің үйдегі балаларды неге циркке апармайды?

– Аға, – дейтін енді бірде, – неге оларға ешкім балмұздақ әпермейді?..

Менің бір таң қалатыным, Айқанат «Сәбилер үйіндегі» басқа балалардың алдындағы өзінің артықшылығын сезінбеуге тырысар еді. Оны қыдыртуға барғанымда іштей қатты қуанса да, есіктен шыға бере аулада қалып бара жатқан балаларға жалтақ-жалтақ қарап, «сендер мені кінәламаңдаршы... жарай ма!» дегендей болатын.

Сол кезде мен де олардың алдында өзімді кінәлі сезініп, соңымыздан қадалған бейкүнә сәби жанарларынан қысылып, іштей дәрменсіздігімізді мойындайтынмын...

XIV

Соңғы кездері Жәкең маған жиі ренжитін болып жүр.

– Біздің үйге келуді қойдың ғой, бала, – дейді шахмат тақтасынан көз алмай отырып. – Жеңген де сені қайта-қайта есіне алып, Айдаржанның көңіліне тиіп, өкпелетіп қойдың ба деп мені кінәлайды. Өткен жексенбіде үйіңе іздеп барып, таба алмай қайттым. Қайда жүрсің, а, бала?! Жаман ағаңның мынау үлке-ен қаладағы жалғыз сырласы едің, енді сен де сырғи бастадың ба... Әлде қыздармен көп қыдырып, қолың тимей жүр ме...

Мен оған Айгүл туралы әлі күнге дейін тіс жарып, сыр ашқан жоқ едім. Тым ертелеу емес пе екен деп ойлайтынмын. Егер Айгүл екеуміз қосыла қалатындай күн туса, әрине, ең бірінші Жәкеңді шақырар едім ғой. Өзі айтқандай, ол тамада болар еді!..

Бір жағы мен қарт досымның ғылыми кеңесте кішкентай бөлшектің жобасы талқыланып жатқанда жақ ашпай, төмен қарай түнеріп отырып қалған қылығын іштей кешіре алатын емеспін. Аттай төрт сағатқа созылған талқылаудан кейін аппақ жылтыр қағазға сызылған жоба завод директоры Берік Баймұратұлының қолтығында кеткен болатын. Содан бері еш хабар жоқ. Көңіліме күдік ұя сала бастады...

XV

Кеше Қарқаралы жақта тұратын досымнан хат алдым. Ол мені бұ жолы да қонаққа шақырыпты. Осы күнге дейін неге келе алмай жүргеніме түсінбейтінін, егер тағы да кейінге қалдыра беретін болсам, шындап өкпелейтінін жазыпты. Енді қалай да баруым керек деп шештім де, іштей алдағы сапарымның қай күні сәті түсетінін ойластыра бастадым. Шіркін-ай, досымның аулына Айгүл екеуміз барсақ қой деген арман ұялай бастады көкейіме. Бірақ оны Айгүлдің өзіне айтуға батылым жетпей, кейінге қалдыра бердім.

Бүгін өзіме жақсы таныс қақпаның есігін біртүрлі жүрексіне аштым. Өкінішке қарай, Маша апай таңертеңгі автобуспен Айгүлдің қала шетінде тұратын апайыныкіне кетіп қалғанын айтты.

Содан соң мен «Сәбилер үйінен» рұқсат алып, Айқанатты қасыма ерттім де қалааралық автобустар жүретін автовокзалға қарай тарттым. Жол-жөнекей ол көңілденіп, маған қайта-қайта сұрақ қоюмен болды.

- Аға, біз қайда бара жатырмыз?
- Қарқаралы жақта тұратын досымның үйіне.
- Олар алыста ма?
- Иә, өте алыста.
- Аға, мынау жерде автобустар неге көп?
- Өйткені жолаушылар да көп. Бұл – автобекет қой.
- Жолаушылар неге көп болады?
- Себебі, әркімнің өз шаруасы, қыдырып баратын ағайын-туысы бар емес пе.
- Ал ағайын-туыс деген кімдер?

– Ол... ол адамның ең жақын туыстары.

– Аға, менің де туысым бар ма?

– Иә, – деп мен мүдіріп қалдым. Сосын оның жәудірей қа-
раған жанарынан қысылып: – Мен сенің туысыңмын ғой... –
дедім.

– Сонда... сонда біз үйіне қыдырып бара жатқан ағай да біз-
дің туысымыз бола ма?

– О-о, ол біздің ең жақын туысымыз болады. Әйтпесе, ол
бізді соншама алыстан қонаққа шақырмас еді ғой!

Осы кезде Қарқаралыға қарай жүретін автобус та келіп тоқ-
тады. Біз бір топ жолаушылармен бірге қысыла-қымтырыла
ішке ендік. Қаладан шығып, тақтайдай тегіс ұзақ жолға түскен
автобус Қарқаралыны бетке алып зымырай жөнелді.

– Аға, Маша тәтейдің жанында қалған балалардың туыста-
ры қайда? – деді Айқанат маналы бері көңілінде іркіліп қалған
сұраққа жауап іздеп.

– Олар алыста тұратын шығар.

– Аға, біздің бәріміздің де туыстарымыз көп, бірақ әке-ше-
шеміз жоқ, иә?

Мен оған табан астында қандай жауап тауып айта қоярым-
ды білмей, үнсіз отырып қалдым. Әңгімеге алдыңғы жақта
отырған дәу кісі араласты. Ол біздің сөзімізді күлімсірей тың-
дап келе жатса керек:

– Олай деме, балам, әке-шешесіз адам болушы ма еді? – деді
Айқанатқа бұрылып қарап.

– Болады, – деді Айқанат томсырайып, сөйтті де терезеден
сыртқа көз салып, үнсіз қалды. Әлгі кісі ештеңе түсіне алмаған-
дай маған таңдана қарап, иығын қиқаң еткізді.

Содан кейін Айқанат жол бойы үн қатқан жоқ. Тек терезеден
сыртқа телміріп қараумен болды.

Біз өзіміз келе жатқан ауылдың тұсынан түсіп қалдық. Үл-
кен жолдың екі шеті мидай жазық дала еді. Боз жусан жаңа
ғана бүршік жарған көкөзек шақ. Айналадан көктемнің жанға
жайлы жылы лебі аңқылдап еседі. Алыстан мұнартып көрін-
ген көгілдір таулар біз көрмеген таңғажайып бір сұлу әлемге
қарай қол бұлғап шақырғандай болады. Алдымыздан Айқанат
екеуіміз беттеп келе жатқан ауылдың үйлері ағарандап көзге
шалынады. Алты айға созылған қыстың әбігерінен құтылған
қара жол бүгін қуанып, кез келген жолаушыға құшағын айқара
ашып, жосылып жатыр.

Айқанат жол жиегінде тұрып айналадағы жазық далаға, алыстан қол бұлғаған көгілдір тауларға қызықтап қарай бастады. Мен оның көңіліндегі таңданысты іштей түсіндім де:

– Міне, мынау – біздің даламыз, ал анау алыста тұрған – таулар, – дедім көктемгі даланың көркіне көңілім шалқып, масаттана түсіп. Дәл осы сәтте шегі мен шетіне көз жетпейтін шалқар дала да, зеңгір аспанды шоктығымен тіреген биік таулар да бізге ғана тиесілі секілді кеудемді көл-көсір шаттық кернеді.

Кенет Айқанат мені қайран қалдырып:

– Білемін ғой, аға, – дегені, – даланы да, талдарды да білемін ғой!

Ес білгелі қаладан алысқа алғаш рет ұзап шығып, кең далаға таңдана қарап тұрған кішкентай баланың көңіліндегі бұл ерекше сенім маған бір түрлі қызық әрі жұмбақ көрінді.

– Сен оны қайдан білуші ең... – деймін сенімсіздеу үнмен.

– Білемін, – деді ол ашық аспанға шалқая қарап тұрып. – Мен бұл дала мен тауларды ғана емес, ана-а-ау биік таудың ар жағындағы көкпеңбек көлді де білемін.

Оның даусы тым сенімді шыққаны соншалық, маған бір сәтке Айқанат осынау өлкені бес саусағындай жатқа білетін сияқты көрініп кетті.

– Аға, мен сізге бір қызық айтайын ба?.. – деді ол өзімен-өзі сөйлескендей көк аспанға шалқая қарап тұрған күйі. – Сіз білмейсіз ғой, мен...

Оның үнінен әлденеге қатты толқып тұрғаны сезілді.

– Сіз білмейсіз ғой, – деді ол тағы да қайталап. – Мен... мен мынау даланың, анау алыстағы таулардың, оның ар жағындағы үлкен көлдің үстімен бір рет ұшып өткенмін. Бірақ ол кезде түн болатын. Айнала қап-қараңғы еді. Мен дәл бүгінгідей анық көре алмағанмын...

– Қа-қалайша?! – дедім мен тұтығып қала жаздап. – Сен... сен самолет пен ұшқан жоқ едің ғой?

– Жо-оқ, аға, – деді басын шайқап. – Мен самолетпен емес, өзім ұшамын. Иә, аға, мен бірде түн ішінде, адамдардың бәрі ұйқыда жатқан кезде аспанға ұшып кеткенмін...

«Мәссаған керек болса, «Сәбилер үйі», – деп ойладым мен оның сөзі енді ғана санама жеткендей. – Кәдімгі қара шаңырақтағы бесік жырының орнын ол үйде балалардың өз ойынан туатын осындай бір таңғажайып тәтті қиялдар алмастырып жа-тады екен ғой!»

Біз досымның үйінде бір күн қонақ болып, ертеңіне таңсәріде жүретін автобусқа шықтық. Ол бізді күре жолға дейін шығарып салды. Кешегі ізімізбен аяндап келе жатқанымызда мен одан:

– Анау көгілдір таулардың ар жағында не бар? – деп сұрадым Айқанаттың қиялын есіме алып.

– Ол жақта бір үлкен көл бар, – деді досым жайбарақат қана. – Баяғыда жағасы ну қамыс болатын, қазір сирексіп кетті. Жазда асықпай келіндерші, сол көлге барып балық аулаймыз!

Мен Айқанатқа жалт қарадым. Ол ештеңе де естімегендей үн-түнсіз, аяғының астындағы қара жолдан көз алмай келе жатты.

XVI

Жаңа үлгінің ендігі тағдырын білмек болып, таңертеңгілік Берік Баймұратұлының кабинетіне кірдім.

– Иә, кел, жас инженер, – деп ол мені көңілді қарсы алды. – Ал, кәне, не бұйымтайың бар, тезірек айт! Мен министрлікке асығып бара жатырмын. Түп-тура қазір кабинеттен шыққан бойда аэропортқа тартуым керек.

Моншадан жаңа шыққандай екі бетінің ұшы албырап жүретін қызыл шырайлы, орта бойлы, жүріс-тұрысы жинақы, шапшаң ойлап, жылдам қимылдайтын осы кісіні өзіме іштей үлгі тұтатынмын.

– Берік Баймұратұлы, – дедім мен барынша әдепті, мәдениетті көрінуге тырысып. – Өнеукүнгі жаңа үлгінің жай-жапсарын білмек болып келіп едім...

– Біз оны ғылыми кеңестің талқысынан өткізіп едік қой, – деді ол үстелдің суыrmасынан әлдебір қағаздарды алып жатып.

– Кеңес мүшелерінің сен жөнінде пікірі жақсы. Маған жас инженеріңіз талапты жігіт екен, оны бөлімде көп ұстап қалуға болмас, өсіру керек деген пікірлер түсіп жатыр.

– Рахмет... оның бәрі де жақсы-ау, – деп мүдірдім мен. – Бірақ әрбір жаңа үлгі өндірісте қолданылу үшін жасалмай ма?!

– Иә-ә... – Берік Баймұратұлы ернін жымқырып, маған қадала қарап қалды. Оның жанарында: «Саған осы не керек?!» деп таңданудың ба, әлде кінәлаудың ба жалт еткен ұшқыны пайда болған сияқты. – Сонда қалай, мен соны білмейді ғой деп ойлайсыз ба? – деді ол кенет сізге көшіп. Үнінде сыпайылық пен қатар салқындық та сезіле бастады. – Егер менің еркімде болса, бүгін-ақ жіберер едім өндіріске. Бірақ барлық күрделі мәселелердің кілті завод директорының ғана қолында тұр деп ойласа-

ңыз, қатты қателесесіз. Сол бір кішкентай бөлшекті жиырма-отыз жыл бұрын, сіз әлі жоба, үлгі дегеннің не екенін білмейтін бала кезіңізде-ақ өндіріске енгізіп жіберсек болар еді. Оған біздің инженерлік дарынымыз да, талантымыз да жететін...

– Ендеше неге бөгелдіңіздер? Біздің завод жасап шығарған машиналар сол бөлшектің қырсығынан түкке жарамсыз болып, түп-түгел шахтада тоқтап тұр емес пе!

Сірә, мен інілік пен ізеттіліктің шекарасынан байқамай атап өтіп, Берік Баймұратұлының қызмет дәрежесіне сай кінәмшіл сезімінің сарайына аңдаусызда лас аяғыммен кіріп кеткен секілдімін. Ол шикандай қызарып, орнынан атып түрегелді де мені көзімен жеп жіберердей тесіле қадалды.

– Иә, тоқтап тұр! – деді ол даусын көтеріп. – Бірақ сіз конструкторлық бөлімде емес, мынау менің орнымда отырсаңыз, сол бір кішкентай бөлшекті өндіріске енгізу үшін әлгі түкке жарамай қалған машиналардың бүкіл құрылысын мүлде қайта жасап шығу қажет екенін түсінер едіңіз. Өйткені бұл туа біткен кесел, білдіңіз бе?! Ал оларды қайта жасап шығару үшін мынау қаланың үштен бір бөлігін алып жатқан заводты өзгерту керек болар еді! Міне, осыған құдыретіңіз жете ме?! Кіпкішкентай бөлшек үшін ешкім де үлкен өндірістің ырғағын тоқтата алмайды. Қысқасы...

Ол орнынан жылдам қозғалып, қабырғадағы қызылқоңыр емен шкафтан бір құшақ папканы алды да менің алдыма тастай салды.

– Қысқасы, сіз мынау жобаларды мұқият қарап, танысып шыққаныңыз жөн болар еді. Сонда өзіңіз-ақ біраз жәйтке қанығатын шығарсыз. Ал, мен енді бір минут кешіксем, самолеттен қалып қоюым мүмкін. Сау болыңыз, жас инженер!

Бөлімге келген соң, әлгі папкаларды ашып қарап отырып, «қырсық» бөлшектің үлгісі бұл зауытта маған дейін де сан мәрте сызылып, сан мәрте ғылыми кеңестің талқысына түскеніне көзім жетті. Шаң қауып қалған «жаңа үлгілердің» ішінен мен өзіме жақсы таныс қарт досымның аты-жөнін оқығанымда, таңданысымда шек болмады. «Жәнібек Сейіткәрімов!» Құдай-ау, мынау біздің Жәкең ғой! Демек, ол да... Мен оның жаңа үлгі жайлы неге жақ ашпағанын енді ғана түсінгендеймін...

XVII

Танертеңгілік есік қоңырауын әлдекім қайта-қайта үздіксіз басумен болды. Тәтті ұйқымды қия алмай манаурап келіп аш-

тым да, біреу төбемнен мұздай су құйып жібергендей сілейіп қаттым да қалдым. Бұл келіп тұрған Айгүл еді!..

– Айдар, – деді ол табалдырықтан бері өтпей алқына сөйлеп.

– Айқанатты әкетейін деп жатыр...

– Кім? Қай жаққа?.. – дедім ұйқылы-ояу абдырап. – Қазір шығамын...

Жейдемнің түймесін асыға түймелеп, Айгүлдің соңынан сыртқа ұмтылдым.

– Таң атпай келді де, әй-шәйға қаратпай, – деді ол жолда келе жатып үзіп-үзіп әрең сөйлеп, – баланы әкетемін де, әкетемін деп қасарысып тұрып алды. Маша апайға не болғанын түсінбеймін, әлгі кісімен жайбарақат шай ішіп, әңгімелесіп отыр. Тіпті, Айқанатты атқа мінгестіріп әкете салмақшы.

– Атқа мінгестіргені несі? – деймін мен қапелімде түсіне алмай.

– Ол кісі атпен келген...

Біз осы сәтте «Сәбилер үйіне» жақындап та қалған болатынбыз. Әуелі ауладағы биік қараағаштың түбінде байлаулы тұрған ақбоз атты көзім шалды. Содан соң қарияны көрдім. Жанында Айқанат тұр екен монтиып. Әлгі қарияның жүрегінен ерекше бір жылылықты сезгендей, қолынан тас қып ұстап алыпты.

– Мұныңыз қалай? – дедім мен әлгі кісінің жанына жетіп барып. – Айқанатты неге алып кетейін деп жатырсыз?!

Ақ қалпақты қария жүзін маған қарай бұрып, бас-аяғымды асықпай бір шолып өтті де:

– Амансың ба, қалқам! – деді жай ғана. Өзі асығып тұрған секілді көрінгенімен, үні соншалықты жайбарақат шықты.

Амандық жоқ, саулық жоқ, жасы үлкен кісіге дүрсе қоя бергеніме бір түрлі ыңғайсызданып қалдым.

– Айқанат деген баланы іздеп келген атасы мен едім, қарағым, – деді қария енді жылыұшырай қарап.

– Солай екен ғой... Кешіріңіз, біз оның атасы бар екенін осы күнге шейін неге білмей келгенбіз?!

– Шырағым-ай, күні кешеге дейін өзім де білгенім жоқ қой. Егер білсем... – Қарияның даусы қарлығып, жарықшақтанып шықты. – Жаутаңдатып қояр ма едім осылай... Әлгі қалада оқып жүр дейтін жалғыз қызымның ұлы, туған немерем!

Мен Айқанаттың бетінен сүйіп, қайта-қайта бауырыма тартып қимай-қимай қоштастым. Ол төмен қарап, үнсіз тұра берді. Содан соң ақ қалпақ киген ақбоз атты қарияның атына мінгесіп, ұзап бара жатты.

«Сәбилер үйінін» алдында Айгүл екеуміз көпке дейін мұңайып, үнсіз тұрып қалдық. Көз алдым бұлдырап, көмейіме бір түйін кептелгендей болды...

XVIII

Сол күннің ертеңіне біз күтпеген тағы да бір оқиға болды. Түс ауа Айгүл менің қызмет орныма телефон соқты.

– Айдар, біздің үйде бір қызық болды, – деді ол әлденеге толқи сөйлеп. – Маша апай екеуміз балаларды тамақтандырып болып сыртқа шықсақ, аулада әткеншектің үстінде Айқанат отыр!

Жүрегім су ете түсті. Дегбірім қалмай:

– Айқанат?! Ол қалай келіпті? – дедім жан даусым шығып. – Аман ба екен өзі...

– Әрине, – деді үні баяу естіліп. – Аман ғой... Мен сені қуантайын деп едім...

– Қазір, қазір барамын! – дедім мен мүлде сабырымнан айырылып.

Жалма-жан сыртқа ұмтылдым.

Қақпаның есігінен алқын-жұлқын кіріп келе жатқанымды көріп, Айқанат маған қарай құшағын жая ұмтылды. Оны бауырыма қысып, аймалап сүйіп жатып:

– Сен мұнда қалай келдің? Қалай?.. – деп қайталап сұрай беріппін.

Ол менің құлағыма сыбырлап:

– Ұшып келдім, аға, – деді. – Ұшып келдім...

– Атаң қайда?

– Ол ауылда.

– Сені біреу ренжітті ме?

– Жоқ. Мен сіздерді сағындым...

«Апыр-ау, мына қорқынышты үйді де сағынуға болады екен ғой! – деген ой сынаптай сырғып өтті санамда. – Біз, үлкендер, қалай ойласақ, олай ойлайық, ал мынау бүлдіршіндер осы үйдің балалары екен ғой!»

Бесін кезінде арып-ашып, асып-сасып кешегі ақ қалпақты қария жетті автобуспен. Көз жасын сығымдап, айналып-толғанып, әке-көке деп асты-үстіне түсіп, жалынып-жалбарынып жүріп тағы да алып кетті. Бұл жолы қария мен немересін Айгүл екеуміз автобекетке дейін шығарып салдық.

«Ойпыр-ай, қаршадай болып қалаға қалай келіп қалғанына таңым бар, – дей береді қария қайта-қайта басын шайқап. – Зәремізді ұшырдың ғой, тентек-ау. Азанда кемпір екеуміз

мал жайлап келсек, ұшты-күйлі жоқ. Ары іздейміз, бері іздейміз сабылып. Әйтеуір, аман болғаныңа шүкіршілік, құлыным. Аман болғаныңа... Е-е, құдая тоба-а, қартайғанда мұны да көрдік... Апыр-ай, ә, қаршадай баланың жалғыз өзін аптауызға мінгізіп алған бұл елде ес жоқ!»

Ал мен болсам, Айқанаттың «ұшып келдім, аға» деген сөзіне іштей иланып қалған секілдімін.

Кім білсін, Айқанаттай балада ондай таң-тамаша қасиеттің болуы да мүмкін ғой!

Автобусты күтіп тұрып Айгүл екеуіміз оған кезек-кезек ақыл айтумен болдық. Атаң мен әжеңді тастап, өзің жалғыз кетіп қалма. Сағынған кезде біз сені өзіміз іздеп барамыз деп уәде бердік. Ақ қалпақты қарияның қай ауылдан екенін, қалай табатынымызды тәптіштеп сұрап алдық. Ол кісі шын ниетімен, ақ жүрегімен ақтарыла тұрып бізді қайта-қайта қонаққа шақырды.

Айқанат атасына ілесіп автобусты беттеген кезде көзіме қалай жас үйіріліп қалғанын байқамай да қалыппын. Бірақ бұл қуаныштан шыққан жас болатын. Мен көп ұзамай-ақ Айгүл екеуіміз қол ұстасып Айқанатты іздеп ауылға баратынымызға берік сенімді едім.

Автобус қала көшелерінің біріне бұрылып, көзден тасаланған кезде:

– Бала күнімде мен де ауыл жақтан осындай бір қайырымды қария келіп, алып кетсе деп армандайтынмын, – деді кенет Айгүлдің даусы дірілдеп. Ол қатты толқып тұр еді. Өңі бір бозарып, бір қуарады. – Саған айта алмай жүрген сырым да осы еді, Айдар. Мен де Айқанат секілді «Сәбилер үйінің» перзентімін... Қала маңында тұратын туыс апайым емес, өзімнің туған анам... Ол баяғыда, басқа кісіге тұрмысқа шыққан, қазір үй-жайы, балалары бар. Ал әкемді... әкемді көрген емеспін. Кім екенін де білмеймін!..

Мен оның дір-дір еткен нәзік саусақтарынан ұстап, алақанымға салып аялай бердім. Ол бұл жолы қолын тартып алған жоқ.

XIX

Содан бері біріне-бірі ұқсас күндер жылжып өтіп жатыр. Алғашқы кезде Айқанат тағы да ұшып келіп қалатындай елеңдеп жүруші едім. Бірақ ол келген жоқ. Бірте-бірте оның сол жолы ауылдан автобустен оралғанына менің де күмәнім қалма-

ды. Екеуміз қалада талай рет бірге қыдырдық емес пе. Қарқаралыға да бірге бардық қой. Айқанат қалаға қалай келудің жөнін білген болар...

Бүгін түскі үзіліс кезінде Жәкең екеуміз тағы да шахмат ойнауға кірістік.

– Сіздің де ғылымға қосқан үлесіңіз бар екен ғой, – деп қалдым мен қарт досыма сынап қарап, мырс ете түсіп. Ол басын кегең еткізе көтеріп алды да:

– Нені айтасың? – деді бетіме бажырая қарап.

– Жәй... әншейін...

– Жоқ, сен айт! – Оның даусы қатқылданып, түсі өзгеріп бара жатты. – Жұмбақтамай-ақ айта бер, бала! Аяма...

– Жәй әншейін, жаңа бөлшектің үлгісін менен жиырма жыл бұрын сызып қойғаныңыз есіме түсіп отыр-дағы.

– А-а, – деді ол шахмат тақтасына қайтадан үңіліп. – Түркістан жақта бейіт басына жазылған бір әйгілі сөз бар деп естуші ем: «Біз де сіздей болғанбыз, сіз де біздей боларсыз». Демек, сен жалғыз емессің, бала!

– Әйтеуір жалғыз қалмағаным қуаныштымын...

– Қайтесің, – деді ол енді даусын жұмсартып, – шахмат дегеніңнің өзі бір тәуір ойын, ойлай білсең, ұтасың. Әрі уақыт өткізуге жақсы... Ал, уақыт, ол – өмір! Иә, өтіп бара жатқан өмір...

– Мүмкін, – дедім мен келіскен сынайда ойға шома түсіп, – біздің өміріміздің күрделі механизмдері де сондай кішкентай бөлшектерге мән бере қоймағандығымыздан тоқтап қалған болар. Әркім өзінше жалғыздықтың тұтқынына айналып жабырқау тіршілігімізді жалғастыра берер ме екенбіз, кім білсін.

– Мүмкін, – деді ол да күбір етіп. – Сенің жағыңнан бір жақсы жүрісті көріп отырғандаймын, ойың бөлініп, аңдамай қалмасан етті.

Ал мен ойынды ары қарай жалғастыруға зауқым соқпай, орыннан тұрып кеттім. Бұл біздің аяқталмай қалған ең алғашқы партиямыз еді...

XX

Ертең Айгүл екеуміз Айқанатты іздеп ауылға бармақшымыз.

ҚАШҚЫН БАЛА

Таң алдында Жаманқаладан шыққан қызыл «Икарус» автобус күн сәскеден ауғанда Ақжар аулының тұсынан өтіп бара жатты. Үстінде қолпылдаған кең күпәйкесі бар қараторы бала орнынан тұрып, шопырға қарай жақындады. Тү-у, сонау алыстан көгілдір теңіздей бұлдырап көрінген көкжиекті қуып, ұзыннан-ұзаққа созылған тақтайдай тегіс жолдың бірқалыпты ырғағына бойлары үйреніп, қалғып-шұлғи бастаған жолаушылардың біразына бұл жер елсіз құла тұз сияқты елестеген-ді. Олар мына баланың айдаладан түсіп қалмақ болғанына іштей таңырқап та қалғандай еді. Бірақ шопыр өз жолаушысының ниетін іштей жақсы түсінгендей ләм-мим үн қатпастан, автобусты тоқтатты...

Күрең күздің аулы әлі алыс екендігіне қарамай қалың киініп алған баланың басында ескілеу әрі арзанқол малақай, ал аяғында әкесінікіндей дәу керзі етік. Өзі сірә, кішкентайынан шаруаға бейім пысық, иә болмаса, еш нәрсенің парқын білмейтін бір бозымбай болар-ау. Автобустағы жолаушылар көп ұзамай-ақ оны ұмытып, жайлы орындарында шалқайып отырған күйі қайтадан қалғып-мүлгуге кірісті.

Бала жол жиегінде айналаға біраз аңтарыла қарап тұрды да, жүгіре жөнелді. Кең даланың боз жусаны биыл бойшаң әрі қалың екен. Тұп-тура белуарынан күмп беріп батып кете жаздағандай болды. Хош иісі бұрқырап, танауын жыбырлатып, түшкіріп-түшкіріп жіберді. Содан соң бір уысын сындырып алды да, дәл мұрнының ұшына тақап, құшырлана иіскеп-иіскеп қойды.

Сонсоң көзі шоқтай жайнап, төңірекке тағы да көз жүгіртті. Бұл жолы күлімсіреп, риза бола қарады. Айналадағы таныс төбе, таныс қыраттардың бәрі де жылыұшырап, көңілі өрекіп қуанып кетті. Біртүрлі кеудесін шаттық кернеп, кең даланың төсінде шаттанып жүгіре жөнелгісі, айқайлап бір ән айтқысы да келді. Бірақ қапелімде қандай ән саларын білмеді. Әуелгіде:

Әридө-дөй-дөй,
Әридө-дө-дөй,
Дәй-дөй-дім-м-ай, –

деген бір қызық әуен тілінің ұшына қайта-қайта орала берген. Әйтсе де, сөзімен айтпаған соң, бірте-бірте сәні кетіп, қожырай бастайды екен.

Ол өзіне әрбір қойнау-қолаты, сай-саласы мен бұрылыс-қалтарысы әбден таныс өлкемен қайта табысып тұрып, бір ән тауып айта алмағанына іштей өкініп те қалғандай болды. Қай-қайдағы: «Белая армия, черный ворон» деген ән бір бүйірден кимелеп, басқасын ығыстырып жібере беретін сияқты. Құрысын. Ол әнді айтпайды енді. Айтпақ түгілі есіне де алмайды.

Көңілге де, көзге де ыстық мына өлкені ол бес саусағындай жатқа біледі, жақсы көреді. Бірақ... бірақ, бір ән тауып айта алмағаны өкінішті-ақ!..

Қазір қалың жусан арасынан көзге көрінер-көрінбес болып жатқан аяқ астындағы ескі сұрлеуге түсіп алып, ерінбей-жалықпай жүре берсе, айналасы екі-үш сағаттың ішінде ол туған аулының дәл төбесінен түседі. Сонсоң, ауылға жеткен соң, әрине, Әскербекті көреді. Екеуі қол алысып амандасады. Жо-жоқ. Құшақтасады. Өйткені бұл оны қатты сағынды ғой. Ол да бұны сағынған болар...

Бірақ көк дөнен көңілің қанша алып-ұшса да, тап қазір асығудың түкке керегі жоқ. Ауылға күн бата, адам аяғы басылған кезде жеткені жөн. «Қазір Әскербек не істеп жүр екен?..» – деп ойлады күпәйкелі бала қалың жусан арасындағы ескі сұрлеумен қырға қарай асықпай өрлеп келе жатып. – Менің бүгін келетінімді білмейтін шығар. Қайдан білсін. Хат та жазғам жоқ қой... Кешке қарай үйге көктен түскендей болып кіріп барғанымда, Асан ағам келді деп, орнынан атып түрегеледі ғой! Әрине, қуанады. Өзім де сол үшін, Әскербекті бір рет қуанту үшін қашып келе жатқам жоқ па...»

Ол кеше қас қарая колониядан қашып шыққан-ды. Бәрі де күтпеген жерден болды. Алдын ала ойлап, күні бұрын әзірленген де жоқ еді. Бірақ, оңтайы келсе, алды-артыма қарамай зытып кетермін деген ой әмәнда болған. Қайда барса да сол ой соңынан көлеңкедей ілесіп, қалмай жүрген. Несін айтасың, кеше аяқ астынан соның сәті түсе кеткені...

Әуелі олар қаздың балапандарындай тізіліп, асханаға беттейтін. Құрдан-құр бара салмайды. Кезекші офицердің әмірімен бәрі бір кісідей қосылып ән айтып барады.

Белая армия, черный ворон...

Сосын ішінде бір түйір еті жоқ сұйық сорпаны қалайы қа-сықпен сылпылдатып ашқарақтана соғып алған соң, тағы да қаз-қатар тізіліп, керзі етікпен асфальт ауланы сарт-сұрт басып келіп, біп-биік темір қақпаға маңдай тірейді. Сәлден соң сұс-ты қақпаға жан біткендей екі жаққа қарай ақырын ысырылып ашылады. Кезекші офицердің бақылауымен бәрі де үсті бер-зентпен жабылған машинаға мініп, қала сыртындағы цехқа қа-рай тартады...

Машинада балалар қойны-қоныштарына жасырып салып жүрген шылымдарын алып шеге бастады. Кезекші офицер ка-бинаға, шофердің қасына отырған. Бірақ, ол бәрібір біледі, се-зеді ғой. Өйткені кабинаның артқы терезесінен бәрі де көрініп тұрады.

Сондықтан жолда келе жатып машинадан секіріп түсіп қа-шып кетемін деп ойлаудың өзі нағыз ақымақтық. Екі аттап үл-гермей-ақ қолға түсесің. Анау бір жолы ұзынтұра Саша Пашков сөйтті ғой. Асфальтқа оңбай түсіп, тізесін құшақтап домалады да қалды. Оның үстіне ызғып бара жатқан машинадан секіріп түскен офицердің жұдырығының дәмін де жақсылап татты...

Сол есіне түскенде күпәйкелі бала кеше өзінің тапқырлық танытқанына масаттанып, жүзіне күлкі үйіріліп, риза кейіпте жымыып қойды.

Машинада отырған Дөңке – Алексей бұның бүйірінен түрткіштеп:

– Ей, Түйе, мен түнде өлең шығардым, – деп еді құлағына сыбырлап. – Тыңдайсың ба?..

– Оқы...

Дөңке тамағын бір кенеп алып, ақырын ғана оқи бастады. Өлеңі жақсы екен. Бұл оны бір тыңдағанда-ақ жаттап алды. (Мүмкін, өлеңнің өзі-ақ жатталып қалған болар). Тіпті қазақша-ға да тез аударып ала қойғаны. Дәл қазір де тілінің ұшында тұр.

Тікенек сымдар тартылған,

Қоршаулар биік сазарып.

Жүрек бар бізде жыртылған.

Жоқ, бірақ мұнда тазалық..

Сол кезде нақ желке тұсынан тырқ-тырқ күліп:

– Күйеу жігіт пен қалыңдық сияқты неғып сыбырласып отырсындар?! – деп Сумақай – Ысмайылдың киліге кеткені. Оны балалардың бәрі де у-ду қоштай жөнелді.

Езуіне шылымын қыстырып, көк түгінді рақаттана бұрқыратып отырған Мүйізтұмсық:

– Әй, жігіттер, Түйе мен Дөңкенің үйлену тойын жасап жіберейік, – деді алақанын құшырлана ысқылап.

Ал сосын тұп-тура сайқымазақ спектакль басталды да кетті.

– Орамал әкеліндер! – деді біреуі салтанатты түрде. – Ә-ә... міне, табылды. Сен бұдан былай мұрныңды сұртпей-ақ қойсаң да болады!

– Қайсысының басына салайық мұны?

– Бұл құрғырлардың күйеуі қайсы, қалыңдығы қайсы өзі?

– Түйе күйеу болсын!

– Дөңке қалыңдық!

– Ойбай, орыстың қызын қазақтар ала ма?

– Ала береді!

– Қазір қазақтарға бәрібір!

Тағы да ду күлкі. Әлдекімнің қалтасынан шыққан кір-кір бет орамал Дөңкенің басына салынды. Ол бұлқынып, басын алып қашып еді, біреуі құлағынан тартып, енді біреуі мұрнынан қысып, желкесінен басып, еріксіз көндірді.

Сосын балалар жұдырықтарын «стақан» етіп отырды да, олардың бәріне Сумақай ұзын қолын сумандатып, тұп-тура тойдағыдай «ішімдік құйып» шықты. Сөйтіп, тілек айту басталды.

– Ал... құрметті Түйе, айдай ажарлы Дөңке, – деді Мүйізтұмсық маңғазсып. – Сендердің екеулеріңнің махаббаттарың маздап жана берсін. Сөнбейтін болсын. Бірақ, достым Түйе, сен жүніңді күйдіріп алма. Ал сен, Дөңке, түгің қалмай жанып кетіп жүрме. Сақ болғайсындар! Махаббат – өте қауіпті нәрсе...

– Сөз-ақ, шіркін!

– Мүйізтұмсық қалай-қалай бөседі-ай!

– Тура сақтандыру мекемесінің жарнамасы...

– Ей, ей, маған да сөз беріндерші!

– Тоқтай тұрындар! – деп оң қолын жоғары көтерді Мүйізтұмсық. – Сөзді тамада береді. Ал... күйеужан Түйе, асыл жар



Дөңке, ендігі сөзді сендердің екеуіңнің де ортақ аналарың Ашықау... Ә-ә, кешіріңіздер, Анна Петровнаға береміз.

Бір бұрышта балалардың бұл сайқымазақ ойынына аңырая қарап отырған Ашықауыз – Андрей Петров асып-сасып қалып:

– А-а... мен не деймін? – деп алақтап жан-жағына қарағыштап, кір-кір қолымен желкесін қасыды.

– Аха-ха-ха-ха!

– «Шешейдің» түрін қара!

Балалардың ішек-сілесі қата қарқылдап, сықылықтап күліп жатыр. Сол сәтте машина кілт тоқтай қалды. Кезекші офицер брезент есіктен мойнын созып ішке үңілді де:

– Қане, тынышталындар! – деді жекіре үн қатып. Енді біреуіңнің жыбырлағаныңды көрсем, менен жақсылық күтпендер!

Сосын машина қайтадан зымырай жөнелді. Балалар жымжырт. Кенет біреуі:

– Құрметті Түйе, сүйікті Дөңке-е... – деді сыбырлап. Балалар тағы да ду күліп жіберді. Тіпті қызарақтап, ашуланып отырған Дөңке де өзінің қалайша езу тартып қойғанын байқамай қалды.

Көп ұзамай олар қала шетіндегі желдеткіш шығаратын цехқа жетті. Сол жерде тағы да қаздың балапандарындай тізіліп сапқа тұрды. Әлгі бір көңілді сәтті аңсаған әлдекім «Еh» деп күрсініп жіберді...

Балалар жол үстінде келе жатқанда ғана осылайша өздерін еркін сезіне алатын. Ал қазір күні бойы станоктың жанында қаздитып қоятын қызықсыз жұмыс басталады. Қызықсыз болатыны – күн сайын қайталана береді, қайталана береді.

Содан соң олар тағы да үсті брезентпен жабылған машинаға мінеді. Жол бойы аздап көңілденеді. Сосын тағы да темір қақпа ашылады. Үстіне тікенек сым тартылған биік қоршаудың ішіне енеді. Сұп-сұр асфальт ауланы сарт-сұрт басып өтеді...

Биік қоршау балалардың көңілін құлазытып, төңіректегі қызық өмірден, тынымсыз тіршіліктен бөліп тұрады. Қайда қарасаң да назарың сұп-сұр, сұп-суық тас қабырғаларға тіреледі. Жүрегің сыздайды. Көзіңе жас тығылады. Тамағыңа өксік кептеледі...

Тас төбеңдегі төңкерілген алақандай аспанға қарайсың телміріп. Түпсіз, тұңғыық кеңістікке құс болып ұшып кеткің-ақ

келеді. Өттен, қанатың жоқ. Адамдар неге ұша алмайды екен осы?.. Шіркін, құстарға рақат қой. Олар ашық аспанда қанша қалықтаса да, қай жерге қонып, қай жаққа ұшамын десе де өз еркі.

Кей күндері бір-екі батыл шымшық биік қоршаудың ішіне келіп қонатын да, секектеп жүріп-жүріп, жып-жылтыр ауладан түк таппаған соң қайтадан ұшып кететін. Сұп-сұр биік қабырға да, тікенек сымдар да оларға бөгет бола алмайды.

Балалар азат аспанның шымшықтарына қызыға қарап, көзімен ұзатып салады. Құстар оларға еркіндіктің, ертегідегідей таңғажайып сиқырлы өмірдің жаршысындай көрінеді...

Түйенің... Ә-ә, кешіріңіздер, бұл оның колониядағы лақап аты ғой. Қазір қалың жусан арасындағы ескі сүрлеумен құлдырандап келе жатқан күпәйкелі бала Асанның онда жүргеніне жарты жылдай болып қалып еді... Содан бері о шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін кең даланы, көгілдір көкжиекті, ашық аспан мен азат өмірді әбден сағынған-ды.

Әсіресе, өзінен екі жас кіші інісі Әскербекті ойлағанда жүрегі сыздап, көзіне жас толып қалатын. Түнде колонияның темір кереуетін сықырлатып, ұйықтай алмай дөңбекшіп жататын кездерінде: «Әскербек қазір ауылда не істеп жүр екен?.. Ойнап жүр ме екен. Өзінен үлкен балалар әлімжеттік көрсетіп, жылатып жүрген жоқ па екен?.. – деп ойлаушы еді. – Егер біреу тиіссе: «Асан ағама айтамын» дейтін шығар. Иә, сөйтіп айт, Әскербек! Мен ауылға барған соң саған ешкім де тиісе алмайтын болады әлі».

Бір қызығы, ол Әскербектен басқа ешкімді сағынған жоқ. Тіпті туған әкесін де көңілі елжіреп есіне алған емес. Қайта оған деген реніші күн сайын ұлғайып, кішкентай кеудесін кернеп бара жатқан секілді.

Ең болмаса бір рет те іздеп келмеді-ау артынан. Ал Асан оны қаншама күтті. Басқа балалардың әке-шешелері апта құрғатпай артынып-тартынып келіп, кездесу бөлмесінде айналып-толғанып, жылап-сықтап отырғандарында ол тіпті, төбесін де көрсетпеді. Асанды ауылдан ешкім іздеп келген жоқ...

Түнде ол колонияның кереуетін сықырлатып, ұйықтай алмай дөңбекшіп жататын кездерінде анасы туралы ұзақ ойға бауышы еді.

Егер анасы болғанда, Асанды іздеп келер еді ғой. Әрине, ол да қабылдау бөлмесінде көз жасын сығымдап, айналып-толғанар еді. Әскербекті де қасына ертіп келер ме еді...

Асанның апасы мейірімді ғой. Көздері үнемі күлімдеп тұратын. Бірақ қанша тырысса да, апасының бет-пішінін көз алдына анық келтіре алмайды. Тек мейірім төгіп тұнып тұратын қара көздері ғана есінде...

Бұл бірінші класты бітірген жылы жазда апасы төсек тартып жатып қалды. Шілінгір шілденің жер-дүниесі отша қарыған аптап ыстығына қарамай қалың көрпе жамылып, қалшылдап тоңа берді. Үйде бір күн жатты, екі күн жатты... Ал үшінші күні оны аудан орталығындағы екі қабатты ауруханаға алып кетті. (Кейін, интернатта оқып жүргенде Асан ол аурухананы сыртынан талай рет көрді ғой).

Белінде қызыл жолақ сызығы бар, ақ жұмыртқадай «жедел жәрдемге» екі кісі сүйемелдеп мінгізіп жатқанда апасы қинала тіл қатып:

– Асантай, кішкентай ініңе өзің қарайлап жүр. Оны жылатпа, – деп тапсырып еді. – Мен біраз күннен кейін, тәуір болсам, қайтып келермін...

Бірақ Асанның апасы сол сапарынан қайтып келмеді. Жоқ. Келді... Алайда Асан да, Әскербек те оны көре алған жоқ.

Сол күні үйге жиналған кісілер оларды қақпайлап, ішке кіргізбей қойды. Келген қонақтардың бір-бірімен неге жылап көрісіп жатқандарына бұлар алғашында онша түсінбеді. Өйткені біреулер қора жақта қой сойып, бір топ әйел қазан-ошақтың басында ет асып, бауырсақ пісіріп, әлденеге абыр-сабыр дайындыққа кірісіпті. Інісі екеуі бүгін өз үйлерінде той болып жатқанын, не болмаса басқа бірнәрсені басталғанын түсіне алмай дал болды. Неге жылайды бұл жұрт? Неге бауырсақ пісіреді, неге қой сояды?.. Бәрі де жұмбақ...

Сол күні Әскербектің шынымен-ақ:

– Біздің үйде той болып жатыр ма, Асан? – деп сұрағаны есінде.

– Білмеймін, – деп жауап қатты бұл.

Екеуі бауырсаққа таласып, Әскербекті жылатып қойғаны да есінде. Сөйтсе... ертеңіне бір-ақ білді ғой. Әскербек екеуінің

ойлап жүргені барып тұрған ақымақтық екен. Апасы дүние салыпты. Солай болғанын Асан кеш түсінді...

Ертесіне бір топ кісі аққа оралған апасын ұзын сатыға салып көтеріп, зиратқа қарай әкетіп бара жатты. Сонда Асан кешеден бері болған жәйттің сұмдығын кішкентай жүрегімен сезіп:

– Апа, ап-а! – деп жылап, апасын көтеріп бара жатқан кісілердің соңынан жүгірді. Әскербек те жылады. Ол да Асанның артынан жүгіріп:

– Апа, апо-о-ой! – деді өксіп-өксіп.

Бірақ әлгі кісілер тоқтамады. Олардың арасынан әкесі бөлініп шығып, ебіл-дебіл еңіреп келе жатқан екеуіне:

– Қайтыңдар! Үйге барыңдар!.. – деді қатқылдау үн қатып.

Бірақ бұлар үйге қайтпады. Сол жерде, май топырақтың үстінде жер тепкілеп жылап отырып қалды.

«Апа, мен Әскербекті енді жылатпаймын, – деді Асан өксіп-өксіп. – Кешірші, апа. Бауырсақтың бәрін де Әскербек жесін. Тек сен тезірек үйге келші. Зират жақта қалып қоймашы, апа. Жарай ма. Мен... мен Әскербекті енді ешқашан да өкпелетпеймін. Кеше бауырсаққа таласып жылатып қойғанымды ұмытшы. Біздің үйде той болып жатыр екен ғой деп ойлап қалдық. Сен бізді кешірші, апа...»

Әйтсе де, әлгі бір топ кісі ауылға қайтып келгенімен, бұлардың апасы сол сапардан оралмады. Зират жақта мәңгілікке қалып қойды...

Келер жылы күзде әкесі көрші ауылдағы Биғаным дейтін басқа бір әйелге үйленді. Өзі кербез, тәкәппар Биғаным алғаш келген күннен бастап-ақ Асанды ұнатпады. Бұл да оны жақсы көрген жоқ. Көзінің астымен алайып бір қарап алды да, үн-түнсіз көшеге ойнап кетіп қалды. Кешке дейін үйге кірмей қойды.

Соны сезген болар, қыстыгүні әкесі шанаға ат жегіп, Асанды аудан орталығындағы интернатқа алып кетті. Әскербекті қимай, басқа жаққа бармаймын деп қыңқылдағанына да қарамады.

Қыстың сол бір қытымыр күні Асанның есінде ешқашан ұмытылмастай болып қалып қойды.

Қар қалың еді. Күннің көзі жылтырап тұрғанымен, шыңылтыр аяз құлақтарының ұшын қайта-қайта шымшылап, тызыл-

датып шыдатпай бара жатқан соң, малақайының бауын шешіп, екі жағын төмен түсіріп алған. Сол кезде айналадан естіліп тұрған дыбыстың бәрі сап басылып, тым-тырыс тына қалған. Біраз күннен бері неше түрлі көліктің ізі түсіп, ақсырғактанып жатқан жолдың үстімен ат шана зырлап келеді. Алдыңғы жақта әкесі делбені оқта-текте бір қағып қойып, темекісін бұрқыратып ойға шомып отыр. Күрең ат болса, басын жиі-жиі шұлғып, желіп барады. Танауынан жылы бу бұрқ-бұрқ етеді. Тоқ ат енгігіп келеді-ау шамасы. Бірақ оның пысқырғаны да, сырт-сырт желгені де естілмейді. Бәрі де дыбыссыз кинодағыдай өзгеше қызық көрінеді.

Сәлден соң малақайының құлағын қайтадан жоғары көтерді. Шананың табаны бір ғана ырғақпен сырылдайды. Күрең ат сырт-сырт желеді. Артта қалып бара жатқан ауыл жақтан иттің үргені естіледі. Әкесі әлі де үнсіз. Соңына бұрылып та қарамайды. Шанада Асан отыр ма, жоқ па – онымен ісі де болмай барады. Егер Асан кулық ойлап, тап қазір шанадан домалап түсіп қалса да сезер емес. Тұп-тура осы бетімен ауданға дейін кете беретіндей... Әлгі бір аңқау балықшы сияқты...

Асанның есіне ку түлкі туралы ертегі түсті. Оны мектепте, ана тілі сабағында Біләл ағай айтып беріп еді.

Баяғыда-а бір балықшы шал болыпты. Ол қыстыгүні де өзенге барып, сүйменмен мұз ойып, балық аулайды екен. Күн сайын бір ку түлкі оны сыртынан бақылап, сілекейі шұбырып, тамсанып жүріпті. Бір күні аңқау шалды алдап соғайын деп, жолда өтірік өлген болып жата қалыпты. Өзеннен қайтып келе жатқан балықшы шал аппақ қардың үстінде өліп жатқан қыпқызыл түлкіні көріп қызығып, шанадағы балықтарға қоса салып алады. Енді, несін айтасың, кемпірім бір қуанып қалатын болды деп ойлапты. Ал ку түлкі болса, біраздан соң оған сездірмей, балықтарды бір-бірлеп жолға түсіре беріпті, түсіре беріпті. Ең ақырында өзі де шанадан түсіп қалыпты. Ал балықшы болса, өз үйіне жете бере, анадайдан айқайлап:

– Әй, кемпір, мен саған не әкелгенімді білесің бе?! Құдай өзі жарылқады. Сенбесең, далаға шығып қарашы өзің! – дейді.

Кемпірі жүгіріп келіп қараса, шанада түк те жоқ.

– Есуас шал-ау, не айтып тұрсың сен?! Қартайғанда мені мазақ қылайын дегенің бе! – дейді кейіп.

Аңқау шал енді артына бұрылып қараса, шанада түлкі де, балық та жоқ. Сасқанынан көзі жыпылықтап, кемпіріне бір, шанаға бір қарай беріпті...

Дәл қазір сол қу түлкі сияқты мен де шанадан домалап түсіп қалсам, әкем түк те сезбей кете берер еді-ау деп қулана ойлады Асан.

Сосын әкесінің интернатқа жападан-жалғыз барғанын, ондағы мұғалімдермен сөйлесіп болып, аяғын маңғаздана басып қайтып келгенін, шанадан ешкімді де таппай аңтарылып тұрып қалғанын көз алдына елестетіп, үнсіз күліп қойды.

Иә, айтпақшы, қу түлкінің тағы бір қасқырды алдап соғып, мұзға құйрығымен шоңкитып кететіні бар емес пе...

– Шүү, жануар! Әйт-шу! – деп делбені қақты алда отырған әкесі.

Күрең ат бір оқыранып алып, желіске көшті. Ақсырғақ жолдың үстімен шана зымырай жөнелді. Жылы ішікті қымтана түскен Асан аздан соң маужырап, қалғи бастады.

Содан ол ат-шана ауданға жетіп, интернаттың алдына келіп тоқтағанда көзін бір-ақ ашты...

Алғашқы кезде ауылға қайтқысы келіп, интернаттың тірлігіне үйрене алмай жүрді. Бірақ қанша күтсе де, ол жақтан ешкім де ат ізін салмады. Бәрі де Асанды біржола ұмытып кеткендей...

Екінші тоқсанның каникулында жоғары кластың балаларына ілесіп, өзі де келіп қайтты. Әскербектің бойы әжептәуір өсіп қалғандай көрінді. Асан кәстөмінің қалтасына салып бір уыс кәмпит әкеліп еді. Соны берді. Ол ұртын бұлтыңдатып кәмпит сорып тұрып: «Аға, қайтар кезінде мені де өзіңмен бірге ала кетші, иә ма?..» – деді өтініп. «Үйді сағынасың ғой, – деді Асан оған өзінің есейіп қалғанын білдіріп. – Сен түгілі, менің өзім де кейде әрең шыдаймын. Сосын... әлі мектепте оқымайтын балаларды интернатқа қабылдамайды».

Көзі жауаңдап, біраз үндемей тұрып қалған Әскербек: «Ал мен қазірден бастап мектепке бара берсем бола ма? Сөйтейінші а, Асан?..» – деді қиылып.

- Жоқ, болмайды. Мектепке баруға сенің жасың жеткен жоқ әлі.
- Қашан жетеді, а?
- Енді... бір жылдан соң.
- Сол кезде мен де интернатқа барамын ба?
- Иә...
- Бір жыл қашан өтеді, а?
- Бір жыл... бір жылдан соң өтеді.
- А-а...

Бірақ бір жылдан соң Әскербекке интернатқа барудың сәті түспеді. Биғаным кішкентай бөпелі болған. Соны жұбатып жүресің, ауылдағы мектепке барасың деп, олар Әскербекті жібермей қалды.

Асан ауылға келген сайын Әскербек әр нәрсені айтып, солардың бәрін де әкеліп берші дейтін өтініп. Біресе автомат, енді бірде батареймен жүретін танкі алғысы келеді. Басқа балалардікіндей ойыншығы көп емес екенін айтып шағынады.

Ол айтқан нәрсенің бәрін де Асан қуана-қуана әкеліп берер еді-ау. Бірақ көкесі ақша бермейді. Кітап, дәптер, түрлі-түсті қарындаш сатып алудың өзіне бір-екі сомды қинала тұрып қалтасынан әрең шығарады. «Қалғанын интернаттың өзі береді. Сендерге киім-кешек, кітап-сітапты солар әперуге міндетті, сол үшін нан тауып жеп жүр», дейді қабағын түйіп.

Биғаным да бұның ақша сұрағанын жүдә жақтырмайды. Тіпті каникул сайын үйге келіп-кетіп жүргенін де ұнатпайтын сияқты. Бесікте бөлеулі жатқан бөпесі сәл жылай бастаса болғаны: «Әй, жұбатсаңшы ана баланы! Тербет бесікті! Қолың сынып қалмас. Әлде оған да ақы сұрайсың ба?! О, тасбауыр...» – деп шапылдап ұрса жөнеледі.

Асан түк те тасбауыр емес. Егер сондай екені рас болса, интернатта шай ішуге берілген кәмпиттерін өзі жемей жинап, інісіне әкеліп жүрмес еді ғой. Әзірге одан басқа әкелер ештеңесі де жоқ. Биғанымның бөпесі Әскербек сияқты кәмпит сораптын болған кезде оған да әкеліп береді. Көрерсің әлі-ақ...

Бірақ Биғаным бостан-босқа кінәлап, жиі-жиі ұрса берген соң, оның бөпесін тербетпей қашып кетіп қалатыны бар. Ондайда Әскербекті қасына ертіп алып, жоғарғы ауылдың балаларымен асық ойнап қайтады.

Ал ол ауылдың балалары көбінесе асыққа тиын тігіп ойнаушы еді...

Әуелде біреуінен бес тиын қарызға сұрап алып, ойынға қосылған соң, Асан ынты-шынтысымен кіріскен. Бір көзін қысып тұрып, көздеп атқан сайын мүлт жібермеуге тырысты. Әлде өзі мерген бе, әлде ойынға жанын сала кіріскендіктен бе, ол көбінесе дәл тигізе бастады.

Шеңбердің ішіне тігілген асықты да, оның үстіндегі сары сақаларды да сыпырып ұшыра берді, ұшыра берді. Ойынның ақырына қарай түгі қалмай ұтылған жоғарғы ауылдың балалары шатақ шығарып, соқтығуға сылтау іздеді.

– Асан қосылмасын! – деді шикіл сары Шерәлі шіңкілдеп. – Ол арам ойнайды!

– Қашан?! Қашан арам ойнадым?! – деді Асан оның бұл әділетсіздігіне шыдай алмай қызарақтап.

– Иә, сен көзбояушылық жасайсың! Шерәлінің айтқаны рас!

– Арам ойнайсың-н...

– Қашан олай ойнадым? Өз көздеріңмен көрдіндер ме?!

– Өз көзімізбен көрдік.

– Немене, басқа біреудің көзімен көреді ғой деп пе ең?!

– Ойынның басында менен қарызға алған бес тиынымды қайтарып бер!

– Мә-ә.. Ала ғой.

– Бұл емес. Ол басқа тиын болатын.

– Бәрібір емес пе?!

– Жо-о... Бәрібір емес. Маған өзімнің тиыным керек.

– Мә, ендеше, оның орнына он тиын ал...

Бағана өзіне қарыз берген бәкене бойлы бала Асан ұсынған он тиынды алсам ба екен дегендей көзі жыпылықтап, тосылып тұрып қалып еді. Оның қасындағы достары:

– Арамның қолынан бір тиын алма!

– Он тиынға бола біздің бәрімізді сатып кетейін деп тұрсың ғой, ә?! – деп оны жан-жақтан қаумалап, тоқтатып тастады.

– Қарашы мұны, бізбен ойнауға келген кезде бір тиыны да жоқ еді. Енді сенің бес тиыныңмен жалданып, қалтасын томпайтып алып тұр ғой!

Асан олардың бұл сөзіне қатты қорланды. Әскербекті қолынан жетектеп үйге кетіп қалайын деп еді, бір ызақор бала:

– Жабылайық! – деді еліріп. – Бәріміз жабылсақ, мылжа-мылжасын шығарамыз ғой!

– Қоршандар!

– Қорықпаңдар!

Ағасын жан-жақтан қаумалай бастаған балалардың ызалы түрінен шошып, Әскербектің иегі кемсеңдеп, жыламсырай бастады. Бір-екі қадам артқа қарай шегіншектеген Асан кенет беліндегі қайыс белбеуін тез шешіп алды да, бір шетін білегіне орап:

– Қане, жақындап көріндерші! – деді тістене үн қатып. Көзі ызғар шашып тұр. Тап осы қалпында еш нәрседен де тайынбайтын секілді. Балалар оның бұл түрінен тайсақтап, иіріліп тұрып қалды.

Осылай біраз арбасқан соң:

– Әскербек, жүр, үйге кетеміз, – деді Асан інісінің қолынан жетектеп.

Олар ұзай бергенде, әлгі ызақор бала сондарынан:

– Тиынымызды қайтарып бер! Әйтпесе, біз сен интернатқа кеткен кезде інің Әскербектің мұрнын бет қыламыз! – деді айқайлап.

Асан қалт тоқтап, тосылып қалды. Шынында да, өзі интернатта жүргенде бұлардың жазықсыз Әскербекке тиісетінін білді. Кенет ол топтанып тұрған балаларға бұрылып, күлімсірей қарады да:

– Жарайды! Сендер бес тиыннан, мен он тиыннан тігіп ойнайық. Сонда өздерің-ақ ұтып аласыңдар! – деді.

Жоғарғы ауылдың балалары оның бұл ұсынысына бір ауыздан келісе кетті. Әлгінде ғана балалардың аяғымен тапталып қалған шеңбер қайтадан сызылып, ойын жаңадан басталды.

Ә дегенде-ақ Асан біраз тиындарын ұтқыза бастап еді. Бірақ ойын қызған кезде ол бәрін тағы да қалай ұтып алғанын өзі де байқамай қалды. Енді тіпті, ызасы шегіне жетіп, көздері шатынап, өре түрегелген балалар:

– Сен тағы да арамдық жасадың!

– Сызықтан шығып кетіп аттың! – деді ұрынуға сылтау таппай.

– Қашан сөйттім-м?..

– Тура қазір! Осы жерде!

– Өкшенді бүйтіп... сызыққа қойып аттың!

– Өзінің аяғы да бір... түйенің табаны сияқты екен!..

– Жарайды! – деді Асан олардың у-шуынан шаршағандай ақырын ғана үн қатып. Сосын шып-шып тершіген шекесін алақанымен сүртіп тұрып: – Мен сендерден бір қадам алыс тұрып атайын, – деді тағы да бір амал тауып.

– Ал кәне, бастайық!

– Бастасақ, бастайық!

Бірақ олар бұл жолы да ұтылып қалды. Алыстан Асан тіпті жақсы көздеп ата бастады. Кейде әдейі мүлт жіберейін десе де, шенбердің ішіндегі «едірейген» асықтарды сақасының өзі-ақ іздеп тауып жатқандай.

Енді олардың басқа қоятын кінәсі қалмаған соң:

– Көзбояушылық жасайсың!

– Сақанның сиқыры бар... – деп шәңкілдей бастады.

– Мә, ендеше, сақа ауыстырайық! – деді бұл бір қызарып, бір бозарып.

«Сақанның сиқыры бар» деген бала Асанның сақасын қолына сенімсіздеу алып, салмақтап көрді де:

– Жо... Керек емес. Біз енді сенімен бәрібір ойнамаймыз, – деп өзіне қайтарып берді.

Сол кезде тағы бір бала:

– Бұл... бұл интернатта оқимын деп бұзылып кеткен! – деді қасындағыларға тапқырлық танытып.

Асан бір сәт үнсіз тұрып қалды да, кенет қалтасындағы тиындардың бәрін уысына толтыра шығарып:

– Мә, алыңдар! – деп оларға қарай шашып жіберді. Сөйтті де, інісін қолынан жетектеп жүре берді. Бұлар ұзап кеткенше сондарынан көз алмай қарап тұрған бір топ бала орнынан қозғалмады.

Олар Асанды жек көріп тұр ма, әлде өздерінің босқа қиянат жасағандарын түсіне ме, ол жағы белгісіз...

«Сол бір сотқар балалар қазір Әскербекке тиісіп жүрген жоқ па екен?..– деп ойлады күпәйкелі бала Асан жолда келе жатып. – Бірақ Әскербек те оларға есесін жібермейтін шығар. Үлкейіп қалды ғой. Дәл қазір не істеп жүр екен өзі?.. Мектепке кеткен болар. Кеше бірінші қыркүйек, сабақ басталатын күн болды...»

Күн шақшиып төбеге көтерілгенде маң даланы аптап буа бастады. Ол күпәйкесін шешіп, қолтығына қысып алды. Аяғындағы керзі етік те бірте-бірте ауырлап барады. Әр қадам басқан сайын тырс-тырс етіп, қонышы бір-біріне қажалады. Ол тағы да ойға шомды...

* * *

Бір күні Асан интернаттың ауласынан шығып, орталықтағы ойыншықтар сатылатын дүкен жаққа барды. Қалтасында бір тиын ақшасы жоқ болса да, жәй әншейін, қызық үшін бұрыла салып еді. Дүкен ішіндегі әр түрлі ойыншықтарды көріп, оларға қатты қызықты. Әсіресе, қорабы қызыл, кабинасы сары, батареймен жүретін машинаны қолына алып, қайта-қайта қарағыштап ұзақ тұрды. Оны Әскербекке сатып алғысы келді. Егер осы машинаны апарып берсе, оның қуанышы қойнына сыймай жүретінін білді. Бағасына қарап еді, 1 сом 40 тиын екен. Ондай ақша Асанда қайдан болсын. Е-е... Ақыры дүкенші қыз:

– Әй, бала, ойыншық сатып алатын болсаң, тезірек ал! Әйтпесе мен түскі үзіліске жабамын, – деген соң, амал жоқ, сыртқа шықты.

Сосын орталықтағы екі қабатты аурухананың жанына келді. Оның темір шарбағына асылып ұзақ тұрды. Аула ішінде аурухананың халатын киіп жүрген науқас адамдарға қарады. «Былтыр апам осы ауруханада жатты ғой, – деп ойлады ол кеудесін сағыныш кернеп. Бұл жер алғаш келген кезде-ақ оның көзіне тым ыстық көрінген болатын. – Қай палатада жатты екен? Терезесі қай тұста?.. Шіркін, маған дәрігерлер апамның жатқан төсегін көрсетсе ғой... Алақаныммен бүйтіп... ақырын сипап, бетімді басар едім-м... Егер апам тірі болғанда... тіпті осы ауруханада науқастанып-ақ жата бергенде, мен күнде келіп тұрар едім. «Апа, ойыншықтар дүкенінде Әскербекке лайықты бір әдемі машина бар екен. Кінәпкесін басып қалсаң бітіп жатыр,

зырлай жөнеледі. Соны Әскербекке сатып алсақ қайтеді», дер едім ғой. Сосын ауылдан көкем келгенде, апам ақша сұрап алып берер еді...»

Кешке интернатқа келгенде де сол бір қорабы қызыл, кабинасы сары, өзі батареймен жүретін машина Асанның ойынан кетпей қойды. Оны қайткенде де Әскербекке апарып бергісі келді. Ол үшін біреуден қарыз сұрап алуы керек сияқты...

Түнде ұзақ ойланып жатты. Әнеугүні интернатқа Спандиярдың көкесі келген. Орталыққа совхоздың бір машина алмасын тиеп әкелген екен. Соны қоймаға тапсырып, қайтар жолда әдейі бұрылыпты. Спандиярдың шашынан сипап: «Қарның ашып жүр ме?.. Интернаттың кәпөсте көжесі қайбір тамақ болады дейсің. Өзің былай... орталық жаққа барып мәңті, самса алып жеп жүр» деп, кетерінде біраз ақша беріп жатқан.

Ертең Спандиярдан қарызға ақша сұрап алса қайтер еді. Кейін ауылға каникулға барғанда, жоғарғы ауылдың балаларымен асық ойнап, ұтып алса, (әрине, ұтады ғой) қайтарып берер.

Сөйткені жөн болар. Е-ех, Әскербек қалай-қалай қуанар екен десеңші... Спандиярдан қалайда қарыз сұрау керек.

Егер жоғарғы ауылдың балалары бұнымен ойнамаймыз десе, жазғы каникул кезінде совхоздың шөпшілерімен бірге шөп шабуға шығып, жұмыс істеп айлық алады. Иә, сөйтеді.

Осы жолы Әскербекке сол әдемі машинаны қайтсе де апарып береді... Ол осылайша ой кешіп жатып, қалай ұйықтап кеткенін өзі де байқамай қалды.

Ал ертеңіне...

– Не?! – деп шошып кетті Спандияр бұл екі сом қарыз сұраған кезде. – Мені бір... шіріген бай ғой деп жүрсің бе?! А?! Көкем берген ақша баяғыда-а таусылған. Елу үштік мәңті сатып алып жегем!

– Қанша-а?..

– Қырық шақты...

– Соның бәрін бір-ақ күнде жедің бе?

– Енді... күнде екі-үшеуден...

– Ех-х, – деді Асан оның өтірік айтып тұрғанын біліп. – Маған өте керек еді...

– Хм! – деді Спандияр ернін шүйіріп. – Ақша кімге керек емес дейсің!

Тағы да бір күн өтті...

Асан алдыңғүні өзі көрген қорабы қызыл, кабинасы сары, батареймен жүретін ойыншық машинаны бүгін де барып көріп қайтты. Сол орнында тұр екен. Әлі ешкім сатып ала қоймапты. Енді аз ғана күннен соң бірінші тоқсан аяқталып, бұлар ауылға қайтады... Сол кезде Әскербекке апарып берсе ғой, шіркін! Оның қуанышы қойнына сыймас еді-ау...

Ақыры, келесі күні ол Спандиярдың кәстөм-шалбарының қалтасына ұрлыққа түсті. Балалардың бәрі сыртта ойнап жүрген кез болатын. Интернаттың тай шаптырымдай ұзын бөлмесінің ішінде ешкім жоқ еді...

Асан өтірік кітап оқыған болып, осы оңаша сәтті андып жатқан. Көзінің қиығымен Спандиярдың төсегінің бас жағында, қабырғаға қағылған шегеде ілулі тұрған кәстөм-шалбарға жиі-жиі қарап қояды. Сәлден соң орнынан түрегеліп, аяғын мысықша басып солай қарай жақындады.

Жүрегі атқақтай соғып, үрейден бе, ұяттан ба – буын-буыны дірілдеп бара жатқандай. Қолы да қалтырап, Спандиярдың кәстөм-шалбарының қалтасын әрең тапты. Сол кезде ол тұңғыш рет рұқсатсыз алған біреудің бөтен заты өз қолын шоқтай қарып бара жатқанын сезді...

Спандиярдың залымын-ай! «Мені шіріген бай ғой деп жүрсің бе?!» дейді міз бақпай. Ал шалбарының қалтасында бүктеп-бүктеп салып қойған тұп-тура жеті сомы бар екен. Асан оның екі сомын дір-дір етіп қорқып тұрып алды да, қалғанын орнына қайтадан тез-тез салып, сыртқа атып шықты.

Әй, сол күні Спандиярдан қорыққаны-ай! Жүрегі жарылып кете жаздап, әрең шыдап жүрді. Ол болса, терлеп-тепшіп футбол ойнап келген соң, пырылдап ұйқыны соқты-ай! Кешке қарай сол кәстөм-шалбарын киіп, асханаға тамақ ішуге барды. Бірақ түк те сезген жоқ. Ертеңіне де, бүрсігүні де ештеңе байқамады. Тіпті ешнәрсе болмағандай...

Асан енді Спандиярдай арамзаның қалтасынан байқатпай екі сом ұрлап алғанына іштей қуана бастады. Оның есіне баяғы Біләл ағай айтып берген қу түлкі туралы ертегі түсті...

Бүгін өзі де сол қу түлкіден аумай қалған сияқты. Сондай епті, шапшаң, айлалы да ақылды болып шыға келгендей...

Жоғарғы кластың балалары ауылға ертең қайтамыз деп жиналған күні ол дүкендегі қорабы қызыл, кабинасы сары, өзі батареймен жүретін әдемі ойыншық машинаны сатып алып келді.

Оны ауылға әкелгенде, Әскербектің қуанғанын көрсең ғой. Асан ағасына шексіз ризашылық білдіргендей көздері күлімдеп, қайта-қайта жымыып қарай береді. Ұзын жіп байлап алып, жаңа машинасын күні бойы сүйретіп ойнады. Сәл шаң болып қалса, тоқтай қалып алақанымен қайта-қайта сүртеді...

Дәл қайтатын күні ол:

– Асан, енді маған автомат әкеліп берші. Жарай ма? – деді қиыла өтініп.

Асан біраз ойланып тұрып қалды да:

– Жарайды, – деп уәде берді.

Сосын екінші тоқсан аяқталар кезде Спандиярдың қалтасынан тағы да төрт сом ұрлап алып, Әскербекке ойыншық автомат әкелді.

Спандияр бұл жолы бір нәрсені сезіп қалған болуы керек. Өйткені ауылына кететін күні өзінің кішкентай шабаданын ақтарып, барлық киімдерінің қалтасын тінгіп, аударыстырып-төңкерістіріп, мұрны пышылдап ұзақ қарап шықты. Ақыры іздегенін таппаған соң, әлденені есіне түсіре алмағандай әрі-сәрі күйде отырып қалды.

Асан болса көзінің қиығын салып қойып, ішінен күлкісі келіп жатты. «Әп, бәлем, тарттың ба сазайыңды?.. – деп ойлады мысқылдап. – Сараң болған өз соруң!..»

Кешкі тамақтың кезінде де қомағай Спандиярдың түнерген қабағы ашылмады. Ол сөйтіп, ертеңіне ауылына көңілсіз қайтты...

Спандияр кеткен соң дүкенге барып Әскербекке ойыншық автомат сатып алған Асанның көңілі шат-шадыман еді. Ол да сол күні түс ауа автобусқа мініп, ауыл қайдасың деп тартып кетті...

Автобустың ішінде өзі де автоматпен ойнап отырып, қу түлкі туралы ертегіні тағы есіне алды...

Бұл жолы да Әскербектің қуанышында шек болмады. Ойыншық автоматты Асанның қолынан ала сала, алақайлап көшеге жүгіріп шығып, жолында кезіккеннің бәрін де тырылдатып «ата» бастады.

Оның осы ойыншығына Биғаным да қатты қызыққан сияқты. Есік алдында еңбектеп жүрген бөпесін еркелете отырып:

– Әй, Асан, тапқан-таянғаныңның бәрін Әскербекке таси бергенше, мынау кішкентай бөпеңе де бірдеме әкелмейсің бе? – деді.

Сол кезде Әскербекке ойыншық автомат сатып алған ақшаның қалғанына өзінің төрт мәңті алып жегеніне Асан іштей ұялып қалды.

Интернатқа қайтатын күні Әскербек:

– Келесі жолы келгеніңде маған бұдан да жақсы ойыншық әкел! Мақұл ма, Асан?! – деді.

Осы жолы ол бұрынғыдай қиылып өтінген жоқ, ағасына деген нық сеніммен айтты. Содан ба екен:

– Мақұл! – демеске Асанның амалы қалмады.

Енді ол Спандиярдың ғана емес, басқа балалардың да қалтасына ұрлыққа түсе бастады. Көп өтпей-ақ интернатта бір ұры пайда болғанын бәрі де біліп, бәрі де сезіп қойды. Әркім өз үйінен алып келген қымбат киімдерін, ақшасын жасырып, шабаданының аузын құлыптап жүретін болды. Бір нәрсе ұрлап алу Асанға да күннен-күнге қиындай түсті. Өзіне солай көріне ме, әлде шынымен сезіп қойды ма, балалардың көбі осыдан күдіктенетін сияқты. Әсіресе, Спандияр бұдан көз жазбай, басқан ізін аңдып жүр. Бір рет бөлмеде оңаша қалғанда, біраз күннен бері қалтасына салып жүрген ұшы қисық шегемен Жорабай деген баланың шабаданын ашпақ болып әуреленіп жатқан еді. Соны байқап қалғандай зып етіп Спандияр кіріп келді.

– Ә-ә, тағы да ұрлық жасайын деп жатырсың ба?! – деді ол көзін ежірейтіп.

– Немене?! – деп Асан да ежірейіп түрегелді. – Не деп өтірік айтып тұрсың!

Спандияр одан мұндай үзілді-кесілді қарсылықты күтпеген болуы керек, жөпелдемеде не айтарын білмей тосылып қалды.



– Көзіңмен көріп айт, білдің бе?! Әйтпесе, жала жаппа өйтіп! – деп бастырмалатып жіберді Асан. Қолындағы шегені жып еткізіп қалтасына тығып үлгерді.

– Ендеше, Жорабектің төсегінің астынан не іздедің?

Спандиярға тіл біте бастады.

– Мен әншейін...– деп күмілжіп қалды Асан. – Әшейін оның шабаданын төсегінің астына қарай жылжытып қойдым. Бері... шығып жатыр екен.

– Оны неге жылжытасың, а?!

– Өзің де білесің ғой, интернатта ұры бар. Ашылып-шашылып жатқан шабаданды көрсе, үптеп кетеді...

– Мен білсем, нағыз ұры сенсің! – деді кенет Спандияр нық сеніммен. – Екінші тоқсанның аяғында менің төрт сомымды ұрлап алғансың. Давай, өзіме қайтарып бер! Әйтпесе... әйтпесе, «сенің шабаданыңды ақтарды» деп Жорабекке айтамын.

– Мен алғам жоқ... – деді Асан көзін төмен салып. Үні соншалықты бәсең әрі сенімсіз шықты.

– Давай, өзіме қайтар! – деді Спандияр енді бел алып, бұйыра сөйлеп. – Әйтпесе...

Асан ойланып қалды. «Қап, мына залымды-ай! Жорабекке айтса... ол мені аямайды,– деді іштей. – Енді бұл бәленің аузын жабу керек...»

– Жарайды, – деді Асан сұлқ түсіп. – Сол кезде қарыз сұрағаным есінде ме?..

– Есімде!..

– Өзің бермеген соң, көрсетпей алғаным шын. Бірақ басқа ешқандай затыңа тиіскенім жоқ.

– Әкел төрт сомымды!

– Мә... – деді Асан біреуден ұрлап алған ақшасынан төрт сом санап беріп жатып. – Бірақ, есінде болсын, егер жан адамға мені ұры деп айтсаң-н... жақсылық күтпе! Тура бар ғой...

– Немене?..

– Құдыққа тастап өлтірем!

– Шын ба...– Спандиярдың көзі бақырайып кетті.

– Имандай шыным, – деп Асан сұқ саусағымен тамағының тұсын бір сызып көрсетті. – Бауыздап тастаймын-н...

Спандиярдың зәресі ұшып, төрт сомын алған бойда тайып тұрды. Ол ұрылар қан төгуден танбайды деп ойлайтын болуы керек...

* * *

Күпәйкелі бала Асан біраздан соң биік өрдің үстіне көтерілді. Қашан шығып боламын дегенше алқынып, ырсылдап, шаршап қалыпты. Маңдай терін сүртіп, осы жерде отырып аздап демін алғысы келді. Бұл тұстан айналаның бәрі анық көрінеді екен. Алыста теңіздей бұлдыраған көкжиекпен астасып жатқан маң дала мынау дүниеде тек қаталдық қана емес, дарқандық пен кеңдік, жомарттық пен мырзалық та бар екенін үнсіз ұқтырып тұрғандай. Ол күпәйкесін қыр үстінде тырбыып өскен нәзік қоңырбастың үстіне төсеп жатқанда байқады, кеше өзі омырауынан жұлып тастаған ақ жолақ матаның ізі кәдімгідей-ақ білініп қалған екен. Колонияда жүргенде бұзаудың тіліндей ғана сол бір ақ жолақ матаға өзінің аты-жөні жазылған еді. «Бөрібаев А.» деп...

Кенет оның дәл төбесінен бозторғай шырылдады. Көк жүзінде ілініп қалғандай, бір орнынан тапжылмай безектеп әнге басты-ай келіп. «Асан мұнда жатыр! Асан мұнда жатыр!» дегендей бола ма-ау өзі, немене?..

Бірақ боз далада Асан Бөрібаев қорқатындай түк те жоқ. «Шырылдасаң шырылдай бер, бозторғай! Тынбай шырылда? Мен саған бәрібір тиіспеймін. Мен сенің ұяңа салған жұмыртқаларыңды ұрламаймын, – деп ойлады Асан. – Тіпті бұдан соң ешқашан да, ешқашан да ұрлық жасамаймын. Өйткені ұрлық жасаған адамды жұрттың бәрі жек көреді...»

Иә, сөйтеді. Асан ұрлық жасап ұсталған кезде балалардың бәрі де жек көріп кетті ғой оны...

Бір күні ол аудан орталығындағы дүкендерді аралап, интернетке қарай қайтып келе жатты. Оның бұл жолғы үміті тіпті үлкен еді. Бүгін дүкенге жаңадан әдемі велосипедтер түсіп жатыр екен. Асан оларды алғаш көргенде-ақ көзі жайнап, қызығып кетті. Сол жерде айналшықтап қарап, ұзақ тұрды. Өлгі велосипедтердің жиналып-құрастырылуы да оп-оңай. Жиналған кезде кіп-кішкентай бола қалады. Ал құрастырылған кезде

Асан мен Әскербек мінгессе де көтере беретіндей үлкен. Бірақ шіркіннің бағасы удай қымбат. Тұп-тура сексен сом. Ал Асанда ондай ақша қайдан болсын!.. Мүмкін...

Кенет ол өзі келе жатқан көшенің екі шетіндегі үйлерге біртүрлі үрейлене қарады. Анау бір шеттегі үйдің иелері үнемі бола бермейтін сияқты. Түнге қарай терезесінен шам жарығы көрінетін кезі сирек. Оны Асан бұрын да байқаған. Тап қазір аяғы өз-өзінен солай қарай бұрылып, қиыстап бара жатқан сияқты. Енді бір қараса, әлгі үйдің қақпасының алдына жетіп қалыпты. Есікті ақырын итеріп көріп еді, ашық тұр екен. Жан-жағына алақтап, ұрлана басып ауланың ішіне кірді. Сол сәт: «Егер біреу алдымнан шыға қалса, адасып жүр едім, аурухананы көрсетіп жібермейсіз бе деп сұраймын» деген бір сақтық ой санасында зу етіп жүзіп өтті. (Қазір ойлап отырса, онысы барып тұрған ақымақтық. Тек ақымақтық қана емес, нағыз сатқындық. Апасы соңғы рет жатқан аурухананың атын сату...)

Мұның бағына ма, әлде сорына қарай ма (әрине, сорына, оны кеш білді) үйде ешкім жоқ екен. Есік ашық тұр. Тұп-тура ертегідегі кейіпкердің алдынан кездейсоқ шыға келетін құпия камал секілді. (Әрине, оның ішінде сиқырлы қазына болуға тиісті). Кенет оның көңіліндегі қорқынышы сейіліп, бойын батылдық билеп алғандай болды. Аяғын мысықша басып төрті бөлмеге өтті...

Қызыл сандық, сары сандық, көк сандық... Жо-жоқ. Бұл бөлмеде қоңыр шкаф, қоңыр шифоньер, қоңыр тумба бар екен. Бәрі коп-қоңыр. Бөлме де қоңыр. Ол шифоньердің, шкафтың ішін тез-тез ақтарып қарай бастады. Еденде әр түрлі киім-кешектер қобырап шашылып қалды. Бірақ әлгі шкафтың да, шифоньердің де ішінен қалтаға сүңгіте қоятындай түк таба алмады. Сосын бұрыштағы стол үстінде жатқан сағат пен жылтырауық алқаға көзі түсті. Жып еткізіп қалтасына тыға салып, сыртқа қарай мысықша басып шығып бара жатқаны сол еді...

Бір әлеуетті қол шап беріп білегінен ұстай алғаны. Тырп етуге мұршасын келтірмей, қысқаштай қатты да қалды. Әрі бұлқынды – жібермеді, бері бұлқынды – жібермеді. Қайта онан сайын қыса түсуде. Асанның жаны мұрнының ұшына тақалып, ыңырсып бүктетіле берді. Ол – ол ма, кенет әлгі темірдей қат-

ты қолдың екінші сыңары дәл тұмсығын көздеп сақ ете қалды. Көзінің алдынан көгілдір от жарқ етті...

Есін жиғанда, қарсы алдында қос бүйірін таянып, өзіне төне қарап тұрған бұйра бас, қоңқақ мұрын, қырма сақал қорқынышты кісіні көрді. Жаздық көйлегінің ашық омырауын жүнжүн кеудесі керіп тұр.

– Ағатай, мен... – деп мінгірледі Асан. Аузына жылымшы, кермек дәм келді. Қан... мұрнының қаны. Беті дуылдап ауырып барады. Мұрны орнында жоқ секілді. Жо-жоқ, бар екен. Дір-дір қаққан саусақтарына қан жұқты. – Ағатай, мен... мен адасып жүр едім...

Әлгі жүн төс мысқылдап күлгендей болды. Түп-тура ертегідегі дию секілді... Токпақтай жұдырығы Асанның бір уыс бет-аузын көздеп тағы да төніп келе жатты...

– Ағатай, адасып... – деп ыңырсиды Асан екі бүктетіліп. – Аурухананы таба алмай...

Сөйтті де қан түкірді...

Енді бір кезде есін жиса, екі милиционер келіп қалған екен. Олар мұны қолтықтап әкеліп машинаға тастай салды.

Кейін білді ғой. Әлгі жүн төс сол үйдің иесі екен. Бұл ұрлыққа түсетін күні ауласының ішінде жекеменшік машинасын жөндеп отырыпты.

Аудан орталығында сот болғанға шейін бір ай шамасы Асан изоляторда жатты. Қарсы алдында кісінің тұла бойын көзімен тінтіп, жек көре қарағандай болып отыратын дүрдік ерін, жалпақ бет тергеушінің бір ай бойы күн сайын қайталап сұрағаны екі-ақ сұрақ...

«Не ұрладың?»

«Неге ұрладың-ң?»

Кей-кейде ыңыранып: «Сендерге осы не жетпейді-і...» деп қоятыны бар тағы.

Асан жауабын айтады. Айтады да қайтады. Есік-терезесі темір тормен бекітілген қуықтай тар камерада арық шалдың күрк-күрк жөтелгені естіледі. Жағы қушыып, көзі бадырайып қалған қу сүйек, жүдеу шал екеуі көп күннен бері бірге тұрып келеді. Шалдың түрі тым қорқынышты. Жөтелген кезде шіпшидей қол-аяғы дір-дір қағады.

– Ә-ә, келдің бе, балам? – дейді шал жөтелі басылған кезде қырылдай үн қатып. Қара көлеңке тар бөлменің ішінде оның даусы жаңғырығып шыққандай болады. – Тергедей ме?.. Ә-ә, тергедейді бұлар. Сөйтеді... Оларға мұндай правоны кім берді? Өкі-ме-ет берді. Өкі-ме-т! Бірақ құдай берген жоқ. Қық-қық...

Сосын шал тағы да жөтелге булығады. Жөтелі басылған соң қуықтай камераның ішінде әрлі-берлі теңселіп жүре бастайды. Өз-өзінен мырс етіп күліп, басын шайқайды.

– М-маған енді бәрібір, – дейді біраздан кейін тағы да үн қатып. – Ол-л... қақпасты өлтіргеніме өкінбеймін. Ол-л... менің қанымды ішті. Өмір бойы өлтіріп, тірідей жерге көміп келді. Ал мен оны бір-ақ рет. Балтамен... қақ маңдайдан... Жо-жок, арт жағынан келіп ұрған екенмін ғой!..

Шал бұл сөздерін түнде ұйқысырап жатып та қайталайды. Сол кезде Асан одан қатты қорқады. Күндіз ештеңе емес. Оның осы бір қорқынышты сөздеріне мұның құлағы үйрене бастағандай. Бірақ түнде бәрібір қорқады.

«Ол кімді өлтірді? Неге өлтірді? Шынымен-ақ, мынау аруақтай шал біреудің ажалына жетті ме? Әлде өтірік айтып жүр ме?» Бұл ойларына Асан жауап таба алмайды.

Әйтеуір, тергеушілер шалды соңғы күндері көп әурелемейтін болды. Олар бұдан күдер үзген болар, сірә. Асан да шалдың есі ауысқан шығар деп ойлады. Бүгін күзетші қолындағы көп кілттің біреуімен темір есікті салдырлатып ашты да:

– Әй, шал! – деді камераның түкпірінде тізесін құшақтап, бір уыс болып бүрісіп отырған шалға. – Қуана бер, кемпірің өлмепті! Ауруханадан хабар айтты. Бүгін көзін ашыпты байғұс! Енді сенің жазаң жеңілдейтін болды!

Шал алғашқыда тосын хабарға қуанғандай орнынан атып тұрып, есікке қарай қолын жайып ұмтыла түсіп, кенет сілейіп қатты да қалды. Алға қарай созылған қолы дірілдеп, бірдеме айтпақ болып оқтала беріп, тас еденге сылқ етіп құлап түсті.

Күзетші есікті шапшаң ашып ішке енді де, жеп-жеңіл арық шалды жерден балаша көтеріп алды.

– Су... су әкел, – деді ол Асанға алақтай қарап.

Бұл да бір орнында тас болып қатып қалған екен. Өзінің не көріп отырғаны енді ғана миына жеткендей орнынан ұшып тү-

регеліп, бұрыштағы флягтан темір ожаумен су алып ұсынды.

Күзетші қимылсыз жатқан шалдың бетіне су бүрікті.

– Уу, – деді кенет арық шал ақырын ғана үн шығарып. – Енді мен өлуім керек...

Оның ерні болмашы ғана күбірлеп, бұл сөздерді эзер айтты. Әйтсе де, қуықтай камераның ішінде шалдың даусы ап-анық естілгендей болды...

Сол күні ол түнімен сандырақтап шықты.

– Фрося, мен сені өлтірейін деп ойладым ба?! Өзің ғой қанымды қайнатқан. Өзің-ң... – Шал шықырлатып тісін қайрады. – Былтыр Миша келгенде...кхе-кхе... күңкілдеп миын ашыттың. Келін екеуін үйден қуып шықтың ақыры. Екі қабатты, патшаның сарайындай үй қалды қаңырап. Онда кім тұрады? Өрмекшілер мен тышқандар той жасап жатқан шығар қазір. Кхе-кхе...

Таң атқанша шалдың жағы сембеді. Әр нәрсені бір айтып сөйлей берді, сөйлей берді. Ақыры, темір торлы терезеден бозала таңның белгісі біліне бастаған шақта Асан қалжырап ұйықтап кетті.

Бұл оянған кезде шал камерада жоқ екен. Оны басқа жаққа алып кетіпті. Содан қайтып Асан оны көрмеді... Бірақ сол жұмбақ шалдың бейшара кейпі көз алдында мәңгі қалып қойды. «Өмірде әр түрлі адамдар болады екен ғой, – деп ойлады Асан сонда. – Көшеде көргенде адамдардың бәрі де бірдей сияқты. Ал оңашада әркімнің өзіне тән бір қайғысы бар...»

Сот болатын күні ауылдан көкесі ғана келді. Интернаттағы бір-екі тәрбиеші апай мен кірпі шаш, шегір көз директор қатысты. Асан сотты жүргізіп отырған орта бойлы, ақ сары кісіден емес, осы шегір көз директордан көбірек қорықты. Балалар келмепті. Оған бұл қуанбаса, өкпелеген жоқ. Спандияр болса, масайрап, күле қарап отырар еді ғой... Әскербектің де келмегені жақсы болды. Ол сот залында басы салбырап, төмен қарап отырған Асанды аяп, жылап жіберуі мүмкін...

Сол күні ешкім де бұған аяушылық білдірген жоқ. Асан ұрлыққа түскен үйдің жүн төс иесі аудан орталығында бұл сияқты ұрылардың соңғы кезде көбейіп кеткенін айтып, даусы шаңқылдап ашына сөйледі. Интернаттағы тәрбиеші апайдың

біреуі оны қоштады. Бірақ интернаттағы балалардың да заты жиі ұрланатынын жасырып қалды. Сосын кірпі шаш директор тұрып сөйлеп, мұндай оқиға бұрын-соңды мектеп оқушыларының арасында болмағандығын, болуы да мүмкін еместігін айтты. Бұдан былай тәртіпті тіпті күшейтеміз деп уәде берді. «Ал мынау, шектен шыққандық! – деді Асанды сұқ саусағымен нұсқап көрсетіп. – «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген. Мұндай құмалақтарды... мұндай құмалақтарды!» – деп тұтығыш қалды. Залдан біреу: «Күреп тастау керек десеңіші!» – деді айқайлап. Жұрт ду күлді.

Үкім оқылып біткен соң, көкесі жанына келіп, үнсіз түнере қарап тұрды да, өз баласынан өзі түңілгендей бұрылып кетті. Асанның көзінен қос тамшы жас ыршып түсті...

* * *

Күпәйкелі бала көгілдір аспанға қарап шалқайып жатып, өткен күндердің сол бір оқиғаларын көз алдынан тізіп өткере берді, өткере берді. Біраздан соң, көп сериялы фильмінің соңына жете алмай шаршағандай қалжырап, көзі жұмыла бастады...

Асан оянған кезде, күн сонау бір биік төбенің үстінде отқа салған бақырдай қызара балқып, айнала төңірекке соңғы сәулесін шашып батып барады екен. Күндізгі аптап ыстықтың беті қайтып, кең даланың қоңыр салқын кеші түсіпті. Бойы аздап тоназып қалған ба, әлде боз жусанның қышқылтым иісі танауын қытықтады ма, ол аузын кере қарыс ашып, түшкіріп жіберді.

Орнынан тұрып, күпәйкесін киді. Малақайын қолына ұстап, таныс сүрлеуге түсті де, ауыл қайдасын деп тартып кетті.

«Әскербек сабақтан мана-а келген шығар, – деп ойлады ол жолда келе жатып. – Тамағын ішіп болып, ойнауға кетті ме? Жоқ әлде Биғанымның бөпесін жұбатып жүр ме екен? Мен үйге кіріп барғанымда, жүдә, қатты қуанатын шығар. Асан ағам келді деп, асыр салады ғой. «Маған не әкелдің?» деп сұраса қайтемін?.. «Аға, біржола келдің бе? Енді мені тастап ешқайда кетпейсің бе?» десе ше?..»

Ол өзінің бұл ойларына жауап таппай, іштей мүдіріп қалды. Аясы ашық, дөңгелек көздеріне мұң ұялап, жүзінен әлденеге қиналған кескін байқалды. Осылайша өз-өзін іштей мүжіп, біраз

жерге шейін тоң-торыс келді де, кенет көңілі сергіп: «Әскербекке бәрін де түсіндіріп айтып беремін. Түсінеді ол! Есейіп қалды ғой. Түсінеді. Қазірдің өзінде бойы маған жетеғабыл болып қалған шығар, – деді қуана күбірлеп. – Ұрлық жасама деймін оған. Ол өте жаман нәрсе. Бір күні болмаса, бір күні қалайда қолға түсесің. Ал ұрыны жұрттың бәрі де жек көреді деймін. Ешкімнің де оған жаны ашымайды, ешкім де оған араша түспейді... Мен кейін үлкен кісі болып, жұмыс істеп, айлық алатын кезде Әскербек нені қаласа, соны алып беремін. Ақшаны да аямаймын одан. Ол менің жалғыз інім ғой. Мен оны жақсы көрем. Бүгін Әскербекті құшақтап жатып ұйықтаймын. Ертегі айтып беремін оған. Қу түлкі туралы ертегіні ғана айтпаймын. Қайырымды да адал жігіт жайлы ертегі айтамын... Ал сосын... сосын, мені милиция іздеп келіп, ұстап әкетсе де бәрібір. Керек десе өлтіріп жіберсін. Мен олардан қорықпаймын...»

Асан алдыңғы жақтағы бір биік төбенің үстіне шыққанда алыстан ағараңдап ауыл да көрінді. Сол сәт оның жүрегі лүпілдей соғып, көзіне жас толып кетті.

Сағынған екен. Осы бір тұйық ауыл өзіне қаншама қаталдық танытып, ыстық бауырына басқысы келмей сыртқа тепкенімен, жүректен алар орны бәрібір өзгеше екен!

Оның әрбір көшесі, тал-терегі мен шарбағы көзіне оттай басылып, көңіліне жылы ұшырап барады. Өне, өзінің туған үйі. Ол да алыстан мен мұңдалап, қол бұлғап шақырғандай болады...

Асан тап осы сәтте, бүгіндікке алғаш рет әкесін есіне алды. Оған деген өкпе-ренішін ұмытып та кеткендей болды.

«Е-ей, көке, Әскербек, мен келе жатырмын ғой!» деп шаттанып айқай салғысы келді оның. Бірақ оған айқайлауға болмайтын еді.

«Еhe-he-he-ей! Мен өзімнің туған аулыма жеттім!» деп асыр салып, алақайлап жөнелгісі келді оның. Бірақ оған ел көзіне түсуге болмайтын еді...

Әрине, ол шаттанып айқайлаған жоқ, асыр салып, алақайлап жүгірмеді де. Қайта керісінше, көнетоз күпәйкесінің жеңімен көзін сүртіп, қорсылдап жылап келе жатты.

Неге екенін де білген жоқ. Тек әйтеуір, туған ауылды көр-

генде біртүрлі жүрегі елжіреп, көңілі босап сала бергені анық.

Тап осы сәтте қызыл күн алаулай түсіп, алыстағы биік қырдың ар жағына батып бара жатқан болатын.

Үйге тезірек жеткісі келіп, ол аяғын жылдамдата басты. Керзі етігінің қонышы бір-біріне тиіп қажалып, тырп-тырп етіп барады.

Шеткі үйдің тұсынан өте бергенде бір кемпірдің:

– Бұ кім-ай?! – деген қарлығыңқы үні естілді. – А-а? Неге жауап қатпайсың? Астапыралла, адам ба, басқа ма өзі...

Асан үндемеді.

– Әй, шал-ау, қораның есігін мықтап бекітіп пе ең? – деді кемпір енді басқа жаққа қарап дауыстап.

– Тастай қып бекіткенмін, – деген шалдың даусы естілді. – О несі екен-ай, не болса содан үрейленіп!..

– Қайдан білейін... бұ күнде кім көп, ұры-қары көп...

Асан өз үйінің арт жағынан келіп, таныс шарбақтан секіріп түсті де, баудың ішімен өтті. Есік алдында Биғаным кір жуып отыр екен. Ту сыртынан шыққан аяқ дыбысынан шошып кетіп:

– Аһ! – деп орнынан атып түрегелді. – А-а.. құдайым-ай, бұл сен бе едің?!

Көзі шарасынан шыға үрейленіп қарады Асанға.

– Қорықпаңыз, – деді Асан ақырын үн қатып. – Мен... мен, Асанмын ғой... Саламатсыз ба!

– Саламат... туу, зәремді ұшырдың ғой. Қайдан сап ете қалдың өзің?! Көктен түстің бе?!

– Әскербек үйде ме?

– Жо-оқ. Әскербек... Ол интернатта. Оқып жүр. Кеше кеткен. Әкең жұмыста. Ал сен біржолата босанып келдің бе?

Асан үн қатпады. Биғаным болса, бұған тағы таңдана қарап тұрды да, кенет бәрін түсіндім дегендей аузын алақанымен баса қойды.

– Апа, ... нау көке ме? – деді аяғын апыл-тапыл басып жүрген кішкентай бала оның етегінен тартқылап.

– Ә-ә, иә, бұл көке ғой, – деді Биғаным біртүрлі селқос үн қатып. Асан кішкентай жортпаш баланы көтермек болып:

– Келе ғой. Келші маған, – деп шақырды. Бірақ Биғаным қасында тұрған баланы өзі қолына көтеріп алды да:

– Сен үйге кірсейші, – деді Асанға. – Жолдан шаршап келген боларсың. Қарның да ашқан шығар. Біз... тамақ әзірлейік...

Асан үйге кіріп, бұрыштағы орындықта ұзақ отырды. Күпәй-кесін де, малақайын да шешкен жоқ. Әскербектің ауылда болмағанына көңілі қатты жабырқап қалды. «Оны да интернатқа жіберген екен ғой бұлар, – деп ойлады қабағын түйіп. – Е-ех...»

Кенет Асанның көз алдына қалың қар жамылған атырапта қараңдап бара жатқан жалғыз ат шана, балықшы шал, шана үстіндегі қып-қызыл түлкі және жол-жөнекей шашылып қалып жатқан балықтар елестеді...

Біраздан соң ауланың есігі ашылып, екі адам ішке қарай күбірлеп сөйлей кірді. Алдыңғысы бөпесін бауырына қыса көтерген Биғаным да, ал соңғысы осы ауылдағы учаскелік милиционер еді. Олар бері таман жақындаған кезде, Биғаным қолымен ымдап үй жақты көрсетті...

Милиционер әуелі мысықша басып келіп, терезеден сығалады. Сосын есікті сарт еткізіп ашып, ішке шапшаң кіріп барды.

Үйде ешкім жоқ еді. Шам жанып тұр. Көлденең жатқан бөгде зат көзге шалынбайды. Бәрі тап-тұйнақтай. Тіпті бұл үйге көптен бері ешкім бас сұқпаған да секілді.

Ол фуражкасының күнқағарын сәл көтеріп қойып, үнсіз сыртқа шықты. Есік алдындағы теректің түбінде тасаланып тұрған Биғаным оған таңдана қарады.

– Жоқ, – деді милиционер көңілсіз ғана. – Ешкім жоқ...

– Жоғы несі?! – деді Биғаным көзі атыздай болып. – Жаңа ғана... мен кір жуып отырғанда келіп еді ғой. Демнің арасында... мүмкін емес...

– Не?

– Ұшты-күйлі жоқ болып кетуі мүмкін емес деймін!

– Мүмкін, – деді кенет ұзынтұра, кексе милиционер өзін кінәлағандай. – Бәрі де мүмкін. Ұшты-күйлі жоқ болып кетуі де, тіпті құс болып ұшып кетуі де мүмкін. Өйткені бала – періште ғой! Балаларды сақта, Биғаным...

Бұл кезде Асан түнделетіп Әскербекті іздеп аудан орталығына қарай жаяу тартып бара жатқан болатын. Түн тастай қараңғы еді. Тіпті аяқ астындағы жол да көрінбейді. Маң дала маужырап ұйқыға шомған. Тек қарабарқыт аспан аясында сұл-

баланып, жол жағасында сап түзеген электр бағаналарының ұшар басы ғана қарауытып көзге шалынады.

Тап осы сәтте сол бағаналардың сәл төменгі жағында ызыңдап тұрған телеграф желісінің бойымен аудан орталығындағы ішкі істер бөліміне сонау Жаманқаладан суыт хабар жетіп жатқан-ды.

– Ал-лоу, бұл Шенгелді ауданы ма? – деді Жаманқаладағы кезекші офицер үнін созып.

– Иә, соның дәл өзі, – деді мұндағы кезекші де сол мақамға салып.

– Сіздің ауылдың тұрғыны Асан Бөрібаев кеше кешкісін балалар колониясынан қашып шығыпты...

– Өйдөйт деген! Ол қалай қашып кетіп жүр-ей? – деді мұндағы ерігіп отырған кезекші қалжыңға ерік бермек болып. – Кеше қашып шықса... бүгін тез-ақ байқап қойыпсыздар ғой...

Бірақ ар жақтағы дауыс сәл тосылып барып: «Балалар жұмыстан оралып, қақпадан кіріп жатқан кезде ол күзетшінің бункеріне жасырынып қалған, – деп кәдімгідей салмақты жауап қатты. – Сіздің қызметтегі шеніңіз қалай еді өзі? А-а... Старшинасыз ба? Капитанмен бұлай қалжыңдасуға кім рұқсат берді сізге?! Тез арада бақылау жүргізуді бұйырамын! Ол бала өз үйіне соқпай кетуі мүмкін емес».

– Күп болады, жолдас капитан! Қалайда табамыз! Құ-құдай үшін...

– Немене? Кім үшін?..

– Құ-құдай үшін кешіре көріңіз деймін, жолдас кап... капитан!

– Жарайды енді...

Көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы түнде телеграф бағаналарына оқта-текте бір қарап қойып, қыбырлап жүріп келе жатқан кішкентай жолаушы бұл кезде жол ортасына жетіп те қалып еді.

ТАСБОЛАТ

Шілденің күні шыжғырып барады. Түбінде бір тамшы су қалмаған дөңгелек қызыл цистернаның айналасында үйіріліп жатқан бір отар қойды, күнге қаңсып қалған ағаш науалардың жанында бастарын төмен тұқырып, қалғып-мүлгіп тұрған торы ат пен қызыл биені, дөң үстіндегі іргесі түрүлі қара құрым киіз үйді үйітіп жібергісі келгендей тас төбеге шығып алып шақырайған да қалған.

Шөп біткен сарғайып, қуаң тартқан шөлейт дала. Көз ұшында бұлдыраған алтын сағымға шомып, шым-шым батып кеткен көкжиек. Сол көкжиекке дейін созылып жатқан сайын далада қыбырлаған тіршілік белгісі сезілмейді. Күні от шашқан осынау өлкеде де жылдың төрт мезгілі алмасып; қыс түсіп, көктем туып, жаз шығып, күз келіп жатады-ау дегенге дәл қазір сенгің де келмейді.

Әлден соң шілденің аптабына қуырылып жатқан даладан шыбынның ызыңына ұқсас бір дыбыс талып естілді. Бірте-бірте әлгі ызың машинаның гүріліне ауысты. Киіз үйдің көлеңкесінде манаурап отырған тақыр бас қара бала бұл келе жатқан су тасушы машина екенін бірден білді. Орнынан атып түрегеліп, босағада қалғып жатқан қара сабалақ итті бүйірінен бір теуіп оятты да, «Водовоз! Водовоз келе жатыр!» деп айқайлап жүгірді. Асығу керек. Тезірек жетіп тоқтату керек. Әйтпесе ол зымыраған күйі цистернаның жанына келіп бір-ақ тоқтайды. Онда бар қызықтан құр алақан қаласың. Ал неғұрлым тезірек жетсең, соғұрлым рақатқа батасың. Ондай рақат үшін бар жылдамдыққа басуға әзір.

Сары сабалақ ит тәтті ұйқысын бұзған иесіне самарқау қарады. Су тасушы машинаның даусын ол да таныды. Сол машина көрінгеннен-ақ кішкентай иесінің жүгіре жөнелетінін біледі. Тек ол өте жай жүгіреді. Ит бір-екі қарғығанда-ақ одан озып кетеді де, осылай қарай зымырап келе жатқан машинаға көзді ашып-жұмғанша жетеді. Бірақ ең бастысы кішкентай иесінің жеткені ғой. Тек сол ғана адырдағы жолдың шаңын аспанға көтерген машинаны тоқтата алады. Кейде сары ит иесінің соншалықты жай жүгіретініне назаланып, машинаны өзі тоқтатпақ болып, алдын кес-кестеп бір-екі рет жүгіріп өтеді. Амал қанша, зымырауық машина жүрісін сәл тежегені болмаса, тоқтай қоймайды. Күнге күйген қара бала оны цистернаға жеткізбей

тоқтатты. Өзіне күле қарап, кабинаның есігін ашқан шопырға алғысын ұшқын атқан көздерімен білдіріп, мықшындап шапшаң мініп алды. Енді ол цистернаға жеткенше «мазашка» болып, рақаттанып қалады. Қайдан тапқаны белгісіз, машинаға мініп қыдырғанды ол «мазашка» дейтін.

Таң сәриден бері өріске кетпей, шөлдеп жатқан қойлар машинаны көргенде өре түрегелді. Айнала лезде у-шу, азан-қазан болған отардың үніне толды. Қойлар да су таситын машинаны таныды. Дөңгелек цистернадағы су кеше ақшам жамыраған кезде таусылған еді. Соңғы шелек суды қызыл бие ішкен. Ал бүгін елең-алаңда оянған қойшы қанша қуса да, қойларды өріске шығара алмай-ақ қойды. Ақыры күйініп, жатсандар жата беріндер жабысып дегендей шарасыз күйде қолын бір-ақ сілтеген. Қойлар болса, қойшы күндегі әдетінен неге жаңылды, өріске шығарда бізді суғарушы еді ғой дегендей оған одырая қарасып алып науалардың айналасынан ұзамай қойды. Шөл даланың шөбі тұзды келеді. Қойшының айтуынша, таулы жерде жайылған малдың етіне қарағанда, шөлейтте жайылып өскен малдың еті әлдеқайда дәмді. Бұны осы жердің шақырайған ыстық күніне қақталып өскен тау жаңғақтай шып-шымыр қара бала да біледі.

Су таситын машинаның келгенін көріп, қара құрым киіз үйден шыққан қойшы бері қарай аяндады. Қолындағы тобылғы сапты қамшысын саптама етігінің қонышына қыстырып алған, асықпай баппен аяндайды. Асыққанда қайтесің, күн болса тас төбеге көтеріліп қалды, енді бесін ауғанша қой өріске шықпайды. Шыкса да жайылмайды, әр жантақтың түбіне бір барып, үйіріліп тұрады да қояды.

– Әй, шу, шу! – Машинаны төңкеріп жіберердей ентелеп, жан-жақтан қаптай жөнелген қойларды қуа алмай шопыр әлек.

Ойпыр-ай, бөшкенің жақтауына шығып, шланганы алуға да мұрсат бермейді ғой. Бөшкеден салқын судың лебін сезіп, ан-талап барады.

– Ыр-р-райт шу-у! – деген қойшының әмірлі даусы естілуі мұң екен, қойлар жасқаншақтап шегіне бастады. Иелерінің даусын танитын секілді. Қойшы даланы азан-қазан етіп бастарына көтерген отарды айдап апарып, аулаққа үйіріп қойды. Сол екі ортада киіз үй жақтан қара баланың былтыр жазда оныншы бітірген әпкесі де келген. Енді қойларды сол қайырып тұрды.

Дөңгелек қызыл цистернаға су құйып жатқан шопырдың жанына келген қойшы ағаш науалардың ішін сыпырып, тазалай бастады.

– Балам-ау, тым кешіктің ғой, – деді азаннан бері ішінде булығып жүрген ренішін жасыра алмай. – Күн сәскеге көтерілді...

– Кешелі бері машина бұзылып жүр, аға, – деді шопыр кепкісінің күнқағарын түзеп қойып. – Күн де ысып кетті. Бір қырға шығасың да тоқтайсың, радиатордағы су қайта-қайта қайнайды.

Су көзді ашып-жұмғанша құйылып бітті. Қара балаға солай көрінді. Сәлден соң машина тағы қайтып кетеді. Сөйтіп күн бартарда бір-ақ келеді.

Көкесі шүмекті бұрап, науаларға су жіберді. Қойлар ұмтылып келіп, сап-салқын суға бас қойды. Шопыр жігіт бірден кете қоймады. Таяқ тастам жерде Шынар екеуі әңгімелесіп тұр. Осы екеуі кездесе болды-ақ, әпкесі сықылықтап күле береді. Сірә, әңгіменің ең қызығы осы бадырақ көз, арық, сары жігітте шығар. Әрине, ауылда әңгіме де, жаңалық та көп қой. Сонда да су тасушы жігіттің қайдағы бір әңгімелерге бола машинасын қаңтарып қойып тұратынын қара бала түсінбейді. Егер оның орнында өзі болса, бір сәт те аялдамастан, мынау жүйрік машинаны зымыратып жүрер еді. Бәрінен де машина айдаған рақат қой. Рульді тас қып ұстап, домбыраның қос шегіндей жарыса созылып жатқан шаңдақ жолға тесіле қарап отырып, зулатқанға не жетсін, шіркін! Тек, тезірек ер жетсе ғой... Әзірге мынау бензин иісі мүңкіген қапырық кабинаның ішінде рульді оңды-солды бұрап отыра беруден ол еш жалықпайды.

– Әй, дос, түс енді, – деген үннен қара бала селк ете түсті. – Мен кетейін. Кешке таман және бір рейс жасаймын ғой, сонда тағы да мінесің...

Көзді ашып-жұмғанша машина алтын сағымға сіңіп, көрінбей кетті. Жол бойында ұзыннан-ұзақ шұбатылып шаң ғана қалды.

Былтыр көктемде қара бала осы машинаға мініп бір рет қыдырған еді...

Бір күні көкесі Ақшұқырдағы тойға барып келемін деп жинала бастады. Апасы да бірге бармақшы еді, қас қылғандай дәл сол күні басының «сақинасы» ұстап қалды. Көкесі таң сәріде торы атты ерттеп, Тасболатқа отыруға ыңғайлы болсын деп ердің артына құрақ көрпеше төседі. Тойға атаған ала тананы

жетекке алып, көкесі екеуі күн көтерілмей тұрған шақта жолға шықты. Жол бойы ол әр нәрсеге таң қалып, көкесінен сұрай берді, сұрай берді...

– Көке, осы жол Ақшұқырға тура апара ма? – деп сұрайды, дәл бір көкесі басқа жолға бұрылып кеткендей көңілі аландап.

– Иә, түп-тура Ақшұқырға апарады.

– Егер осы жолмен одан әрі қарай жүре берсек, жүре берсек, қайда барамыз?

– Стансыға барамыз.

– Одан әрі қарай жүре берсек ше?

– Стансыға барамыз.

– Одан әрі қарай жүре берсе ше?

– Стансыда темір жол бар. Ол жерден адамдар пойызға мінеді.

– Егер пойызбен жүре берсек ше?

– Пойызбен жүре берсек қалаға барамыз.

– Көке, пойыз қатты жүре ме?

– Қатты жүреді.

– Біздің торы аттың шабысынан да ма?

– Одан да қатты жүреді.

Сөйтіп ауылдың төбесі көрінгенше көкесінен әр нәрсені сұрай берді, сұрай берді. Көкесі де жалықпай, торы атты бір қалыпты аяңға салып қойып, оның әрбір сұрағына жауап беріп отырды.

Ой, сондағы Ақшұқырда өткен тойдың қызығы-ай! Өмірі естен кетпестей болды. Неше түрлі: қызыл, сары, жасыл, қара, ауа көк, сия көк, үлкен, кішкентай, пұшық, талпақ, әйтеуір не керек, машинаның түр-түрін көрді. Бірге ойнайтын бала да көп екен ол жақта. Әлгі сан түрлі машиналардың арасынан өздеріне су таситын сары «водовозды» да көрді. Жаңағы көп машиналардың ішіндегі ескісі де, шаң басқан кір-қожалағы да сол екен. Бірақ қанша дегенмен өздері бағып отырған отарды шөлден сақтайтын сол емес пе, қара баланың көзіне оттай басылды. Шопыры бір топ кісілермен бірге палау жеп отыр екен. Түу, сондағы палаудың дәмдісі-ай! Ондай дәмді палауды өмірінде бірінші рет жеп отырған еді. Көкесімен бірге палау жеп, қолын жуу үшін сыртқа шыққан. Қолжуғышқа су құйып жүрген бәкене бойлы, пысық сары қыз бұны көріп, ашпақ тістерін көрсетіп ыржиып күлді.



– Балалар! – деп айқайлады қазан жақта ойнап жүрген бір топ балаға қарап. – Мына қап-қара баланы қарандар!

Әшейінде апасы: «Қара балам, қара қозым», – деп еркелеткенде көңіліне алмаушы еді, сол жолы сары қызға қатты өкпеледі. Сары қыздың даусын ести сала бір топ бала ентігіп жүгіріп келген.

– Ой-бай, мынаң қара-ей! – деді кетік тіс, кірпі шаш, қортық бала ішегін тартып. – Қап-қара ғой.

– Пештен шыққан сияқты екен,- деді біреуі. Бәрі сықылықтап күліп, саусақтарын шошайтып бір-біріне Тасболатты көрсетіп маз болды. Шидіған бір сары бала тіпті бет-аузын қисандатып, мазақтай бастады.

Бір кезде ұзын бойлы біреуі:

– Күресесің бе? – деп сұрады қоқиланып. Күрес дегенді естігені болмаса, қара бала осы күнге дейін ешкіммен күресіп көрмеген еді.

– Білмеймін, – деді жасқаншақтап.

– Қорқасың ғой, ә?!

– Жоқ. Қорықпаймын.

– Кел, ендеше, кел, кел, – деп ұзынтұра бұның белінен шап беріп ұстады да, аяғынан шалып қалып, шаңға бұрқ еткізді. Бір топ бала күлкіге қарық болды. Ал бұл ызаланып жылап жібере жаздады.

– Қайтадан, – деді тістеніп.

– Мынаң қара-ей, тағы да күрескісі келіп тұр, – деп ұзынтұра бір мұқатып алды да, қайта белдесті. Өзі онша күшті емес екен. Тасболат оны шиырып әкеліп топ еткізді. Тек жауырынын жерге тигізбей жиырылып, бүктетіліп тұрып кетті. Қоршап тұрған балалар Тасболатқа қарап, ішегін тартып, таң қалды. Жығылып қалған ұзынтұра:

– Итжығыс, – деді үстінің шаңын қағып жатып. Үні жуасып шықты. – Өзі керемет күшті екен-ей!

Ұзынтұраның аты Кәлен екен. Өзі қол беріп, танысты. Оны көрген балалардың бәрі де шеттерінен үлкен кісілер сияқты қолдарын ұсынып, аттарын айтып, танысып шықты. Ең соңында қолжуғыштың жанында тұрып қалған қыз – Батпа да қолын берді. Содан соң олар «Тақ-тақ» деген ойын ойнады. «Тақ-тақ» деген кәдімгі соғыс ойыны. Кім бұрын «ақтарды» не «қызылдарды» көріп қалса, саусағын кезеніп «тақ-тақ» дейді. Бітіп жатыр. Сол атып өлтіргенің. Бірақ омырауына орден тағып алған

бір атай ойнатпай қойды. «Соғыс деген жаман ойын. Ойнамаңдар» деп ұрсып тастады.

Ең өкініштісі, қызық той тез бітіп қалды. Есінде қалғаны – өзімен күрескен Кәлен, әжесімен бірге самолетке мініп, Сібірдегі ағасына қонаққа барып қайтқан көп білгіш Мұрат, бойы қортық, кірпі шаш Айдар, содан соң «қара бала» деп күлген Батпа ғана.

Көп білгіш Мұраттың самолетке мінгені, алыс жақтағы Сібірге барғаны рас екен. Алғашқыда балалар айтқанда сенбеген. Бірақ Мұрат көзі бақырайып, ентігіп тұрып:

– Ол жақта орман кө-ө-өп, – дегенде сенді. – Самолеттен қарағанда олар кіп-кішкентай-ау, кіп-кішкентай.

Қара бала – Тасболат ешқашан орманды көрген емес. Әйтсе де, біледі. Бір рет көкесі шөп қораның ішіне қаптап шыққан жыланбастарды көріп: «Түу, орман болып кетіпті ғой», – деген. Көкесіне еріп жүрген ол: «Орман деген не?» – деп сұрады сонда. Көкесі бәрін де түсіндіріп берген.

Сол тойдан қайтарда ғой машинаға мінгені. Көкесі торы атпен желіп отырып арттарыңнан барамын деп, бұны машинаға мінгізіп жіберген.

Ол кезде көктем еді ғой. Айнала тегіс жасыл түске боялған. Төңіректен қалың өскен көк шалғынның иісі бұрқырайды. Жол да қазіргідей шаң емес, біреу су сеуіп сыпырып қойғандай таптаза, дымқыл. Әлібек машинаны ұшырта айдайды. Машинаның ашық терезесінен басынды шығарып алға қарасаң, самал жел бетінді өбеді. Тап-таза жұпар ауамен рақаттана дем алып, еріксіз көзінді жұмасың. Қызылқияның тұсына жеткенде Әлібек машинаны тоқтатты. Кабинаның ашық терезесінен үлдеген жел сап тиылып, төңірек сілтідей тына қалды.

– Жүр, бәйшешек терейік, – деді ол күлімсіреп. Тасболат қуана-қуана келісті. Сол жолы Әлібек екеуі көп бәйшешек теріп алды. Қызыл қияның бөктерінде тұнып өскен екен. Бір уысын Тасболат машина әйнегінің алдына қыстырып қойды.

– О-о, тауып кеттің, – деді Әлібек қуанып. – Ойыңа қалай келіп жүр-ей?!

Олар үйге келгенде, Әлібек теріп алған бәйшешектерінің бәрін Тасболатқа берді де:

– Шынар әпшене апарып берші, – деді өтініп.

– Не үшін Шынарға?.. – деп қасарысты ішінен қара бала. – Немене, оның өзінің қолы жоқ па теретін?! Бір қыр асса бітті, қалағанынша теріп әкеледі.

Сонда да болса ол бәйшешектерді өзінің ұрысқақ әпкесіне апарып берді.

– Тойдан бәйшешек беріп жіберген бе? – деп күлді әпкесі.

– Жоқ, – деді бұл салмақты түрде. – Әлібек екеуміз жолда теріп алдық. Ол «бәйшешектерді саған бере сал» деді.

Тасболат «бере сал» дегенді өз жанынан қосып айтты. Өйткені өздерінің соншама әуреге түсіп терген бәйшешектерін үйде қол қусырып қарап отырған Шынарға бергендерін жаратпаған. Әрі өзін күнде мазақ ететін әпкесіне бәйшешек сыйлап неге керек деп ойлады.

– Бере сал десе, онда ала салайық, – деп әпкесі кербезденіп бәйшешектерді алып, бос банкіге су құйып, салып қойды.

Сол күні әпкесі қашан төсек салып, ұйқыға бас қойғанша ыңылдап ән айтып жүрді.

2

Күндізгі оттай ыстық аптапқа қарамай, шөл даланың түні салқын болады. Қаракөк көлдің түбінде жатқан асыл тастардай аппақ жұлдыздар жарқырап, көз қысып, жымыңдайды. Кей күндері олар тым-тым жақын келіп, төбеңнен құлап түсердей зәренді алады. Жаздыгүні далада ұйықтаған рақат. Қырқадан ескен желге бетінді өптіріп, түнгі ауада жұпар шашқан әртүрлі шөптердің иісін құшырлана жұтып жатып ұйқыға шомған қандай тамаша! Қара бала Тасболат та, оның Ақшұқырдағы достары Кәлен, Мұрат, Айдар және Батпа да жаздыгүні есік алдындағы ағаш сәкіде ұйықтайды. «Егер, – деп ойлайды Тасболат қаракөк аспанға қарап жатып, – көп білгіш Мұрат айтқандай алыс жақтармен сөйлесетін тіліпоным болса, онда осындай тыныш түндерде Кәлен, Мұрат, Айдар және Батпа... бәрімен сөйлесіп жатар едім». Сөйтіп, ол қиялдап, Ақшұқырдағы балалармен ойша сөйлеседі.

«Кәленсің бе?» «Иә, менмін». «Бұл мен, Тасболатпын ғой». «Қай... қай Тасболат?» «Ұмытып қалғансың ба, тойда танысып ек қой». «Ә-ә, екеуміз күрескенде мені жығып кеткен сен бе?» «Иә. Бірақ итжығыс болды ғой». «Сен керемет күшті екенсің! Мені Ақшұқырда ешкім жеңіп көрген емес еді. Сол жолы сен ғана жеңдің. Қазір күш жинап жүрмін. Енді келгенінде тағы да күресіп көремін». «Екеуміз достасып едік қой». «Айтпақшы... солай екен-ау». «Мен сендерді сағындым». «Біз де сені сағындық».

Ол осылай өзімен-өзі сөйлесіп жатып ұйықтап кетеді. Таң сәриде қойлардың маңыраған үнінен оянады. Бір отар қой түні бойы тәтті ұйқының құшағында жатқан даланы азан-қазан қылып өріске ұзайды.

Таңғы салқын ауада жылы қораның ішінде жатып бір сәт көкесінің қойларды өріске айдағанына, апасының қолына шелек алып, ақ сиырды сауғанына қызықтап қарайды. Сөйтіп жатып қайтадан ұйықтап кетеді. Енді ол күн төбеге көтерілген шақта, киіз үйдің көлеңкесі қысқарып, бетіне күн сәулесі түскенде бір-ақ оянады. Күннің алтын сәулесі әуелі көзіне түседі. Сол сәт қара бала ұйқысырап жатып көрпені басына бүркейді. Шәйі көрпе біраз уақытқа дейін қалқан болады, бірақ күн бірте-бірте одан да өтіп пысыната бастайды. Енді ол жастықтың салқын жағын бетіне қойып жатады.

Сол кезде:

– Тасболатжа-а-ан, тұра ғой, көкем, – деген апасының дауысы естіледі. Оянуын оянса да, тұрып кеткісі келмей маужырап жата береді. Апасы айналып-толғана бастайды.

– Айна-а-лайын қара томпақ баласынан! Тұра ғой, құлыншағым. Күн сәскеге көтерілді ғой. Ақ көкем, аппақ ботам, қоңыр қозым, әншейін. Кәне-кәне, «әуп!» деп тұрып кетер ме екен...

Тасболат сөйтіп біраз уақытқа дейін біресе «құлыншақ», біресе «қара томпақ», біресе «ақ бота», біресе «қоңыр қозы, ақ көке» болып жатады. Бірақ оның ұйқысы әрі тәтті, әрі қатты ғой. Апасы қанша айналып-толғанса да, тұрғысы келмей жата береді. Содан соң, апасының төзімі таусылып:

– Тасболат, а Тасболат! – деп қатқылдау дауыстайды. – Тұрмайсың ба енді тырысып-бырыспай, не жатыс бұл шаңқай түске дейін. Апыр-ай, осы балам менің кімге тартып ұйқышыл болды екен?..

Апасының таң қалатынындай-ақ бар. Көкесі де, әпкесі де ұйқышыл емес. Ал апасы екі бастан солай, қай кезде жатып, қай кезде тұрып жүргенін білмейсің. Ұрыс естіген соң барып ұйқышыл қара бала көрпені жайлап көтеріп, тыриған денесіне мәйкісін киеді. Бауы үзіліп қалған тәпішкісін іледі аяғына.

Бүгін апасы оны күндегіден ерте оятты. Басқа күндері болса оянбай, көрпенің астына тығылып жата берер еді, ал бүгін өзі-ақ атып тұрды. Тіпті сұп-суық мәйкісінің өзі де жауратқан жоқ, өйткені бүгін Ақшұқырға, одан әрі стансуға барады ғой...

Ақыры әпкесі қалаға оқуға кететін болды. Сол үшін де апасы кешеден бері қамығып, жылап жүр.

– Тағы да жалғыз қаламын ба сопиып, – дейді дамыл-дамыл жасаурай берген көзін жаулығының ұшымен сүртіп. – Жолы-на қарай-қарай көзіміз талып, он жыл оқығаныңды күтіп едік. Енді қолымызды бір пәс босата ма десек, және оқимын-шоқимын деп алысқа кетесің бе?!

Апасы тіпті гөй-гөйге басып бара жатқан соң, көкесі қабағын түйіп:

– Жә, – деп тыйып тастады. – Баланың бағын байлама, оқимын десе өзі біледі. Барам десе, барсын. Оқысын. О несі-ай! Көзінің сорасын ағызе-е-еп отырғаны.

Сөйтіп бүгін Шынар қалаға жүреді. Су тасушы жігіттің машинасымен кетпек. Оны шығарып салуға көкесі де, апасы да бармайды. Қойларды иесіз тастап кетуге болмайды ғой. Қызыл биенің сауыны өтіп кетеді деп апасы қия баса алмайды.

– Жанашыры жоқ адамға ұқсап кете ме, Тасболатжан бірге еріп барсын, пойызға шығарып салған соң, Әлібек көкесі өзі әкеліп тастар машинасымен зыр-р дегізіп, – деді апасы.

– Міне, жігіт болды деген осы, – деп қостай жөнелді көкесі де. – Алыс жолға шығарып салады әпкесін. Тіпті бар ғой, әпкесі аман-сау оқуға түсіп келген кезде алдынан шығып қарсы алады өзі-ақ. Ой, айна-а-алайын, қара томпақ баласынан!

Тасболаттың қуанышында шек болмады. Тасырандап өз құйрығын өзі сабалап ат болып шаба жөнелді. Әбден шаршаған кезде барып бір-ақ тоқтады. Киіз үйдің көлеңкесінде жатқан Алапардың әжептәуір үлкейіп қалған күшігімен әңгімелесті.

«Төрткөз, сен білесің бе, – деді оның басынан сипап отырып. – Біз ертең стансыға барамыз. Шынар әпкем қалаға оқуға кетейін деп жатыр. Соны шығарып салуға барамыз. Сен стансының қай жақта екенін білесің ғой, а. Алыста-а, ол жақта пойыздар жүреді. Ә-ә, сен пойызды да білмейді екенсің ғой. Қайдан білесің... Туғалы бір рет те көрген жоқсың. Мынау тұрған Ақшұқырды да көрмеген екенсің әуелі. Пойыз... Пойызды мен де көрген емеспін. Бірақ оның қандай екенін білемін. Кітаптан суретін көргенмін. Ақшұқырдағы Мұрат бар ғой, ол пойыз түгілі самолетке де мінген. Шіркін-ай, самолетке мініп ұшсаң ғой. Қандай рақат, ә! Әлде... үлкейген соң шофер болмай-ақ, ұшқыш болсам ба екен?... Төрткөз, сен қалай ойлайсың, ұшқыш болған жақсы ғой, ә?..»

Қара баланың қиялы шарықтап, сонау төбеде қалықтап жүрген ұлпа-ұлпа бұлттардың ар жағына бір-ақ шықты...

Ол жылдамдығына көз ілеспейтін өте ұшқыр самолет айдап келеді. Төменде шөкім-шөкім бұлттар қалқып жүр. Самолет ақ тамақ құс секілді бірде төмен шүйіліп, бірде биікке қайта қалықтап шығып, жеп-жеңіл ұшады.

Кенет ақша бұлттар лезде түнеріп, қара сұр түске боялады. Жаңбыр селдетіп құйып кеп береді. Жер беті дария тасығандай көл-көсір суға айналады. Жауыннан қорғалаған адамдар жүгіріп барып үйлеріне тығылып жатыр. Бәрінің де үсті-басы малмандай болып суға малшынған. Шаштарынан су сорғалап көйлектері денесіне жабысып қалған. Түрлері өте аянышты. Өне, иен далада қой қайтарып, үстіне көнетоз сұр плащ жамылған көкесі жүр ат үстінде. Апасы да бие байлайтын бастырмадан үйге жете алмай, лайға аяғы қайта-қайта тайып қарбаласып жүр. Шынардың түрі кісі күлерліктей. Бет-аузы балшық-балшық. Сатпақ-сатпақ. Ол төмендеткіш тетікті басып қалды да, жерге жылдам қонып, үшеуін де мінгізіп алды. Зу етіп қайтадан қап-қара бұлттардың үстіне, күн көзі жадырап тұрған мөп-мөлдір, түп-тұнық кеңістікке шықты.

«Уһ, бір апаттан аман қалдық-ау, – деп қуанады апасы. – Тасболатжан болмағанда суға ағып кетер ме едік?..»

«Қап, жауынның астында қалды-ау!» – деп өкінеді көкесі.

«Байғұс-ау, өзіңнің аман қалғаныңа шүкіршілік етсеңші, – дейді апасы. – Былтыр қыста боранда ығып кеткен қойларды іздеймін деп өлім аузынан қалып едің. Соныңды ұмытқан екенсің ғой».

«Ой, Тасболат-ай, сен болмағанда мен селге ағып кетер едім-ау!» деп ыржияды бет-аузы сатпақ-сатпақ Шынар.

Ал жаңбыр әлі толастайтын емес. Шелектеп құйып тұр. Сөйтіп келе жатқанда бұлар жерде машинасы батпаққа батып тұрған Әлібекті көрді. Ол кабинадан басын қылтитып аспанда гүрілдеп келе жатқан самолетке телміре қарайды. Қайтадан жерге қону керек. Әлібекті де мінгізіп алмаса болмайды. Түу, мынау жүгіріп келе жатқан кімдер?.. Жаңбырдан, селден қашқан адамдар ғой. Енді қайтпек? Бәрі бірдей самолетке сыймайды ғой. Егер бәрі мінсе самолет аударылады.

– Ауф!

Төрткөз қолын қауып ала жаздады. Қиялданып отырып, оның салпиған құлағын бұрап жіберіпті. Сірә, самолетті қондыратын тұтқа деп қалған ғой.

Ақыры станцияны да көретін болды. Тек енді су таситын машина тезірек келсе екен. Бағана киініп алған ол тағатсыздана күтіп жүр. Сандықта жатқан ақ көйлегін, қара шалбарын киді. Көйлек шап-шақ екен. Шалбарының балағы ұзынырақ болған соң, оны екі-үш қайырып алды. Таңсәриден әндетіп жүріп, әпкесі шашын тарады. Қасы-көзін бояды. Ернін шие жегендей қып-қызыл қылып алды. Көк ала гүлді көйлегін киіп құлпырып кетіпті.

Күн көкжиектен тұсау бойы көтерілгенде қасқа жолдың ақ борпылдақ шаңын аспанға көтеріп су таситын машина да келді. Бүгін Тасболат оның алдынан жанұшыра жүгірген жоқ. Өйткені үстіндегі киімін бүлдіріп алады ғой.

Әпкесінің киім-кешегі салынған сары шамаданды Әлібек көтеріп апарып машинаға салды. Апасы көзінің жасын сығымдап-сығымдап қояды. Көкесі болса қамшысының сабымен керзі етігінің қонышын ұрғыштай береді. Тасболат ортаға отырды. Сары шамадан аяққа оратылып, емін-еркін отыруға мүмкіндік бермейді. Сонда да болса оның көңілі көтеріңкі, жымың-жымың етіп қояды.

Сағым ойнаған сар далада сары тұмсық «водовоз» зымырап келеді. Машина Ақшұқырға соқпай қыр үстіндегі жолмен кетті. Тасболат іштей өкініп қалды...

Пойыздың келуіне әлі жарты сағаттай уақыт бар еді. Станция қара бала ойлағандай өте үлкен емес еді. Тастан қаланған көк үй. Едені әбден тозып кетіпті. Іштегі жалпақ ұзын орындықтың беті айбақ-сайбақ жазу. Қабырғадағы кішкентай терезенің алдында кезек күтіп үш-төрт кісі тұр. Әпкесіне билет алған соң, үшеуі станцияның алдындағы зәулім ағаштардың көлеңкесіндегі орындыққа келіп отырды. Әлібек пен әпкесі бүгін сықылықтап күлмейді. Өзгере қалыпты. Екеуі де үнсіз. Сәл отырған соң әпкесі:

– Тасболат, анау ағайдан ыдыс сұрап алып, су әкелші, – деді терезеден басы ғана көрініп отырған кезекші ағайды көрсетіп. – Шөлдеп отырғаным...

Су ағып тұрған құбыр онша алыс емес болатын. Көрініп тұр.

– Өзің барып ішіп келе салмайсың ба, анау тұр ғой, – деді ол қыржиып. Су әкелуге ерініп отырған жоқ, су әкелетін ыдыс сұрауға ұялып отыр.

– Ой, жалқауым-ай, – деді әпкесі жымыып. – Мен кішкентай бала емеспін, тіл алғыш едің ғой, жүгіріп барып әкеле қойшы енді.

Тасболат әпкесінің алдаусыратып отырғанын білді. Үйде жүргенде де талай рет өстіп өтірік мақтап, артынша мақтаншақ деп мазақтап кететін. Бірақ бүгін алыс жолға жүрейін деп отырған әпкесін өкпелетіп алмауды да ойлады.

– Мақтаншақ деп мазақтамайсың ба, – деп пысықтап сұрап алды.

– Мазақтамаймын, – деді әпкесі.

Су алатын жерде қара бала едәуір бөгеліп қалды. Өйткені қара есекке екі флягті артып алған екі бала су алып жатқан болатын. Басында шүберек кепкісі бар, дамбалшаң сары бала шелекке су толтырып әперіп жатыр. Оған қарағанда бойшаңдау, үлкендеу екіншісі балағын тізесіне дейін түріп алып, флягтерге алма-кезек су құйып тұр. Сары бала Тасболатқа қарап тілін шығарып, қутыңдап қояды. Бұл мұрнын көрсетті. Анау оған ашуланған жоқ. Қайта ыржиып күліп еді, кетік тістері көрініп қалды.

– Қағынбай, шелекті толтыр! – деп әмір беріп қояды оған үлкені.

– Сенің атың кім? – деп сұрады кетік сары. – Қайдан келдің? Пойызға мінейін деп тұрсың ба?

– Менің атым Тасболат, ал сенің атың кім?

– Қағынбай. – Ол тағы да кетігін көрсете ыржиып күлді.

– Қағынба дедім ғой мен саған, – деп осы кезде үлкені тағы да тоңқ етті. – Қағынба, алдындағы шелекті толтыр! – Содан соң Тасболатқа бұрылып: – Өтірік айтады, бұның аты Бүркітбай, менің атым Мерген. Қағынбай деген... қағынбай тұр деген менің сөзім ғой.

Ұзынтұра Мерген құйған судың жартысы флягке құйылса, жартысы есектің үстіне төгіледі. Есек байғұс қарнынан су сорғалап қыбыр етпей тұр. Орын жетпегендей бірін-бірі итерісе орналасқан станция маңындағы он шақты үйге Тасболат қызықтай қарады. Бірінің қорасы екіншінің ауласына, екіншісінің әжетханасы үшіншінің бақшасына түсіп кеткен ығы-жығы үйлер.

– Хи-хи-хи, – деп кетік тіс Бүркітбай кетіп бара жатып та жөн-жосықсыз күліп қояды.

Әлібек пен Шынар қызу әңгімеге кірісіпті. Жандарына келген Тасболатты да байқамады.

– Мен күтемін, Шынар, – дейді Әлібек.

– Егер екеуміз оқуға бірге кеткенде қандай жақсы болар еді, Әлібек! Сен неге менімен бірге жүрмейсің?

– Мен бәрібір оқуға түсе алмаймын ғой, – дейді Әлібек, шып-шып терлеген шекесін алақанымен сүртіп. – Тіпті барғым да келмейді сол оқуға... Мектепте жүргенде-ақ сабаққа құлқымның болмағанын білесің ғой. Одан да ауылда шопыр боп жүргенім өзіме ұнайды. Шіркін, өзіміздің ауылға не жетсін!..

– Түу, ауыл, ауыл деп сен де... Немене ауыл! Өмір бойы шаңға батып жүргеннің несі жақсы.

– Ой, Шынар-ай, сен білмейсің ғой... Әскерде екі жыл бойы табиғаты тамаша жерде қызмет еттім. Біздің бөлімше өзен жағасындағы тоғайға орналасқан еді. Айнала жап-жасыл орман. Өзеннің суы түп-тұнық. Бірақ саған қалай десем екен... бәрібір мен сонда жүріп те өзіміздің Ақшұқырға ешқандай жер жетпейді екен деп ойладым.

– Әпке, су ішпейсің бе? – деген Тасболаттың даусынан екеуі селк ете түсті.

Осы сәт бағанаға ілінген «ақ шелек» сарнап қоя берді.

– Жолаушы жолдастар, Ташкент-Москва пойызы бірінші жолға келіп тоқтайды. Сақ болыңыздар!

– Әне, пойыз да келіп қалды, – деп әпкесі орнынан ұшып түрегелді.

– Көріскенше, Шынар! Бара салысымен хат жаз!

– Жазамын. Ал, Тасболат, сау боп тұр. Бұзық болма. Апамның тілін алып жүр. Барған соң хат жазамын.

– Сау бол, әпке.

Көк пойыз көп аялдаған жоқ. Бес-алты жолаушы мәйкішен қалыптарында жүгіріп шығып, қолдарындағы бос бөтелкелерге су толтырып алайын дегенінше орнынан қозғалып бара жатты. Қоштасарда әпкесі бетінен сүйді. Әпкесінен әтір иісі аңқып тұр. Сөйтіп ол Тасболат әкелген суды да ішуге шамасы келмей, көк пойызбен ұзақ сапарға аттанды. Әлібек екеуі соңғы вагон қашан бұлдырап көрінбей кеткенше қарап тұрды.

Сары тұмсық машина тағы да шаңдақ жолмен зымырап келеді. Бұл жолы кабинада екеу ғана. Көпке дейін олар үнсіз отырды. «Әпкем жолда шөлдейтін шығар, – деп ойлады Тасболат қамығып. – Су ішпей кетті ғой...»

– Әлібек көке, қалаға дейін олар ұзақ жүре ме? – деп сұрады ол бір кезде.

– Иә. Шынар бара жатқан қалаға дейін пойыз бір тәулік жүреді.

– Түу, әпкем қатты шөлдейтін болды ғой.

Әлібек оған қарап жымыып күлді де, басын шайқады.

– Шөлдемейді, Тасболат. Пойыздың ішінде бәрі бар. Минералды су, лимонад, шай, ыстық тамақ... қысқасы, не керектің бәрі бар.

Тасболат көздері күлімдеп, қуанып қалды. Пойыздағылардың шай мен ыстық тамақты қайдан алатынын білгісі келіп отырса да сұрамады. Алдымен Шынар әпкесі қалаға жетіп алыншы.

Ол әпкесін қазір-ақ сағына бастаған секілді. Өйткені шығарып салушылар тез сағынады екен. Ал, жолаушылап кеткендер ше? Олар сірә, жақын арада сағына қоймас. Өйткені олардың алдында ұзақ жол жатыр. Айтпақшы, шандақ жол шынымен-ақ станцияға жетіп тұйықталады екен. Одан әрі қарай адамдар пойызбен кетеді. Ал темір жолдың қай жерге жетіп аяқталарын ол білмейді.

3

Ақшұқыр үлкен ауыл емес екен. Биік төбенің етегінде шашырап жатқан елу-алпыс үй. Бас аяғын түске дейін-ақ шарлап шығасың. Орталықтағы қиыршық тас төселген үлкен көшемен жүрсен, көп өтпей-ақ ауылдың шетіне жетесің. Алыста-а-ан мұнартып көрінген көкжиекке дейін созылып жатқан қасқа жолды, ұлан-байтақ боз даланы көресің. Боз даладан тозақ басқан жусан иісі сезіледі.

Ол өзіне өте таныс даланың иісін құшырлана жұтқанда қойнауда қалған үйін, көкесі мен апасын, Алапар мен оның күшігі Мойнақты есіне алады. Есіне алған соң көзіне жас үйіріледі.

Оның интернатта жатып оқып жүргеніне бір ай уақыт өтті. Көкесі мен апасын қатты сағынды. Тіпті Алапар мен Мойнақты да сағынып жүр.

Шынарды пойызға шығарып салғаннан кейін бір ай өткенде, көкесі екеуі Әлібектің машинасымен Ақшұқырға келген. Тасболатты кішкентай қара шамаданымен бірге интернаттың тап-таза, тап-тұйнақтай, сыр мен әк иісі шығып тұрған бөлмесіне орналастырды. Үрпий-үрпий бұрыштағы орындықтарда бес-алты бала отыр екен. Құлағы қалқиған, сопақ бас біреуі: – Алақай! Бөтен бала келді, – деп айқайлап жіберді. Бөтен бала деген сөз Тасболаттың зәресін алды. Көкем кеткен соң бәрі жабылып төмпештейтін шығар деп ойлады. Өлгі баланың сөзіне қарқ-қарқ күлген көкесі:

– Әй, сен әлгі зәләтірдегі Тоқсанбайдың баласы емесісің? – деді.

– Соның баласымын, – деді сопақ бас тақылдап.

– Тоқсанбайдың баласы болсаң, біз саған бөтен емеспіз, – деді көкесі. – Тасболат екеуің бөле боласыңдар. Қарақтарым-ау, бірге жатып, интернаттың нанын бірге бөліп жеген соң ешқайсы да бір-біріңе бөтен болмайсыңдар. Сен де, сен де... – деп көкесі балалардың басынан бір-бір сипап қойды.

– Сашка да ма? – деді сопақ бас тағы да тақ ете түсіп. Шашын ұстарамен тақырлатып алдырып тастаған көк көз, сары бала жауатндап Тасболаттың көкесіне қарады.

– Сашкі де.

– Қанша атадан қосылатын?

– Әй, сен өзің әкеңе тартқан қусың ғой, – деді көкесі жымыш. Балалар ду күлді.

Сөйтіп, көкесі қойлы ауылдағы үйге қайтып кетті. Қайтарында: «Қолым босағанда келіп тұрамын», – деп еді, содан бері әлі жоқ.

Тасболат кейде ауыл шетіне шығып, боз далаға тесіліп ұзақ карап тұрады.

Адыр-адырды қуалап, ирелендеп созыла беретін шаңдақ жолға көз тігеді. Қыр жақтан көкесі келіп қалмас па екен деп ойлайды. Боз дала, шаңдақ жол бала қиялын алысқа самғатады.

– Е-е-ей, Қияли! – деген дауыс Тасболаттың құлағына алыстан, сағым торлаған бұлдыр дүниенің арасынан талып жеткендей естілді. – Тауасары-ы-ып!

Ол селк ете түсті. Алақтап жан-жағына қарады. Шеткі үйдің шарбағының жанында үшінші класта оқитын Құдияр айқайлап тұр екен.

– Тауасары-ы-ып! Түскі тамаққа шақырып жатыр!

Тасболат аяғын санай басып жанына барғанша, ол ерінбей күтіп тұрды. Содан соң білегінен ұстап алып, дедектей жөнеледі.

– Шынымен-ақ, қиялисың ба, неменесің өзі?! – деп қояды безектеп келе жатып. – Бір айқайласам – естімейсің, екі айқайласам – естімейсің... Үйінді сағынып жүрсің, ә! Айтпасаң да білемін ғой. Қорықпа, әлі-ақ үйреніп кетесің. Бірінші класта мен де өстігем, сосын үйреніп кеттік қой.

Құдиярдың көкесі де қой бағады. Олардың отары Шелектегі қорада. Бірақ ол үйін көп сағынбайды. Өзі айтқандай әбден үйреніп кеткен.

Қияли деген ат әнеугүні сурет сабағында жабысты. Қызық, қайдағы бір ат тағыламын десе бір-ақ күнде екен. Гүлжамал апай күннің суретін салындар деп тапсырма берген еді. Балалар бар ынта-шынтысымен салып-ақ бақты. Батпа «бес» алды. Кәлен мен Мұратқа «төрт» қойды. Тасболатқа баға қоймады. Өйткені ол салған Күн кластағы ешбір баланыкіне ұқсамайтын еді. Батпаныкімен салыстырсаң да, Кәлендікімен салыстырсаң да ұқсамайды. Батпа әуелі дөңгелек шеңбер сызды. Тіпті Күннің көзін, мұрнын, аузын да салып қойды. Күнбағыс секілді Күн сурет дәптерінің бетінен күлімсіреп шыға келді. Оп-оңай сияқты. Апай да күлімсіреп келіп «бестік» бағаны қонжитты. Қолына жалау ұстап, секектеп кетіп бара жатқан бала секілді «бестік» Батпаның дәптерінде тұр. Мен сабақ айтайыншы деп, қол көтеріп отырған бала секілді «төрттік» Кәлен мен Мұраттың дәптерінде бар. Ал Тасболаттың сурет дәптерінде түк те жоқ. Өйткені апай оған баға қоймады.

Тасболат болса... алдымен шоқтығы аспан тіреп жатқан биік белдерді, ирелендей созылып жатқан ұзақ жолды алып еді. Биік жоталарды көк қарындашпен бояды. Сосын жоталардың үстін қызыл қарындашпен бояп тастады. Алаулап қызыл жалқынданып батып бара жатқан күн ғой ол. Жайлауда күн батар сәтте айналадағы бел-белестерді осындай қып-қызыл бояуға малындырады. Әуелі сонау қыр басында жұмыртқадай сары уыз секілді дөп-дөңгелек болып тұрады да, бірте-бірте кішірейе береді. Сәлден соң жарты таба нанға, одан кейін бір тілік қауынға ұқсайды. Апай Тасболаттың салған суретіне таңдана қарап тұрды да:

– Тауасаров, сен немене салғансың? – деп сұрады. – Күн қайда?

– Күн... ол қырдың ар жағында.

– Қызық екенсің, Тауасаров. Мынау жалпайған-жалпайған тастар сеніңше Күн бе?

– Ол – жоталар ғой. Күн солардың ар жағында. Ол ұялып тұр...

– Ұялып тұр?.. Кімнен ұялады?

– Бізден... адамдардан.

– Түкке түсінсем бұйырмасын. Неге ұялады?

– Күн өз ұясына қонған соң, жер бетін қараңғылық жабатынын біліп ұялады.

– Қызық екен... – Апай біз өкше туфлин тық-тық еткізіп тақтаның алдына қарай өтіп кетті. Тасболатқа баға қоймады. Балалар оны осы бір сөзі үшін де Қияли деп атап кетті.

Әнеукүні дүкеннің жанынан Әлібектің машинасын көрді. Көзіне жылы ұшырап, үйін сағынып жүрген бала көңілін әлем-жәлем етіп жіберді. Ол жүгіріп дүкенге кірді. Әлібек пен дүкенші ағайдан басқа ешкім жоқ екен.

– Ассалаумағалейкум, – деді Тасболат үлкен кісілерше даусын созып, қолын ұсынып.

– Уағәләй-ку-у-м-әс-салам, – деді толықша келген дүкенші ағай әндетіп.

– Оу, Тасболатсың ба? – деп Әлібек те қуанып қалды. – Жағдайың жақсы ма? Сабағың қалай? Беске оқып жүрсің бе?

Тасболат не деп жауап берерін білмей мүдіріп қалды. Сурет сабағынан апай баға қоймаған күн еді ғой.

– Жағдайым жақсы, – деді төмен қарап. – Әлібек көке, сіз біздің үйге су тасисыз ба?

– Жақын арада бара алмайтын шығармын, – деді ол. – Машина әбден ескірді білем, қайта-қайта бұзылып қала береді. Алыс жолға жарамайды. Біраз күннен бері ауыл арасындағы жұмыстармен жүрмін.

– Әлібек көке, мен үйді сағындым...

Ол қалтасын қарманып, дүкеншіге:

– «Маймақ аюдан» бір кило тартып жіберіңізші, – деді. Тасболат оның кім үшін алып жатқанын түсіне қойды.

– Әлібек көке, керегі жоқ. Кэмпит жегім келмейді, – деді.

– Ой, бәрекелде-е-е, – деді дүкенші ағай таңқалып. – Кэмпит жемеймін деген баланы өмірімде бірінші рет көріп тұрғаным осы. Әй, қу бала, ұялып тұрсың, ә?! Ұялма. Ағаң өзі әперейін деп тұрғанда көп-көп алмайсың ба қайта. Ал, қара бала, ал...

Қағазға оралған қос уыс «Маймақ аюды» ұсынып, Әлібек те «ал, ал» деп қоймады. Тасболаттың кэмпитті емес, көкесі мен апасын ойлап тұрғанын қайдан білсін олар.

– Бригадир ауданнан запчастылар әкелген соң, машинаны жөндейміз, – деді Әлібек. – Сонан соң екеуміз зымырап қойдағы үйге жиі-жиі барып тұрамыз. Өзірге сабағыңды жақсылап оқып жүре бер.

Содан бері оншақты күн өтті арада.

...Ол сурет салды. Бұл бір ғаламат таңғажайып сурет еді. «Боз дала» деп аталады. «Боз дала» десе боз дала өзі. Хош иіс-

ті жусан, сұлу құлқайырлар, әуелеп ұшқан бозторғай, адыр-адырды қуалап ирелендей созылып жатқан шаңдақ жол, алтын сағымға шомып шым-шым батып кеткен көкжиек – бәрі де бәрі қаз-қалпында салыныпты-ау. Ақша бұлттар жүзіп жүрген мөлдір аспанның астындағы қара құрым киіз үй де, қой қайырған шопан да (ол, әрине, көкесі ғой), самаурынға шай қойып жатқан апасы, Алапар мен Мойнақ та аумайды-ау, аумайды. Өне біреу немене, ә, шаңдатып келе жатқан су тасушы машина екен ғой...

– Балалар! Ба-ла-лар! Таң атты, тұрындар!

Әп-әдемі суретті шым-шытырық етіп жіберген кім өзі? Ә, тәрбиеші апай екен ғой. Сәл күте тұрса қайтер еді?! Тұу, бір айтқанын қайта-қайта айтып қоймайды-ау енді. Сәл жата тұрар ма еді, шіркін! Жаңағы таңғажайып суретті тағы бір көрер ме еді! Тасболат тәтті түсін кимай, орнынан қинала тұрды. Көйлегін киді. Содан бір шұлығын киді де, екіншісін қолына ұстаған күйі мәңгіріп отырып қалды. «Қандай ғажап сурет еді! Түсі болып шыққаны өкінішті-ақ».

– Тауасарып, қиялданы-ы-ып отырсың ба? – деді бағана киініп алған Құдияр. – Тұрсайшы, енді, отыра бересің бе өстіп?

– Сурет салдым, – деді Тасболат ұйқылы-оюу күйде міңгірлеп. – Кереме-е-е-ет сурет еді!

– Қа-шан?

– Түсімде...

– Қызық екенсің өзің. Қияли десе – қиялисың. Жүр, кеттік тамаққа. Тез жуынып кел. Мен саған қасымнан орын алып қоямын.

Ол есік алдына шығып, қолжуғыштың жанына барды. Жеңін түріп, енді жуынайын деп жатыр еді, көкжиектен баяу көтеріліп келе жатқан Күннің шеті көрінді. Тандырдан жаңа шыққан нанға ұқсайды. Күн биік қырдың тасасынан сығалап: «Тасболат-ау, сенің салған суретінде мен жоқпын ғой» дейтін секілді. Айтпақшы, түсінде көрген ғажайып суретте күн жоқ екен-ау. Қалай ғана ұмытты екен?.. «Күн, дөңгелек Күн, кешір мені, – деді ол күбірлеп. – Егер мен енді сондай кереме-е-ет сурет салсам, сені ешқашан да, ешқашан да ұмытпаймын».

Сол сол-ақ екен, Тасболаттың кешірім сұрағанына қуанғандай дөп-дөңгелек Күн де күлімсіреп, алыс-алыс қырлардың тасасынан шығып келе жатты. «Таң сәріде көрген түс шынға айналады» деуші еді апасы. «Мен көп ұзамай бір ғажап сурет салатын шығармын» деп қуанды ол.

– Е-е-ей, Тауасары-ы-ып! Әпкең келіп тұр!

Тасболат сыртқа атып шықты. Есік алдында күле қарап әпкесі тұр екен. Түү, әпкесі қандай әдемі. Құлпырып, гүл-гүл жайнап кетіпті ғой. Аппақ көйлегі де өңіне сондай жараса қалған. Омырауындағы қызыл кестелері әйбат-ау, әйбат. Интернаттың барлық баласы есіктің алдына топырлап, Тасболаттың гүл-гүл жайнаған әпкесіне қызыға қарап тұр. Ол жүгіріп барып құшақтай алды. Әпкесі де Тасболатты құшақтап, бетінен сүйді. Оның үстінен әлі де әтір иісі шығып тұр екен.

– Сабағың жақсы ма?

– Жақсы, – деді Тасболат көздері күлімдеп. – Әпке, қашан келдің? Үйге бардың ба?

– Жаңа ғана түстім пойыздан. Станцияда осылай қарай жүрейін деп тұрған көлік те оңай кезікті.

– Әпке, енді үйге барамыз, иә?!

– Әрине, барамыз.

– Апайдан бір күнге сұранайын ба? Жіберетін шығар. Ертең күн жексенбі ғой.

– Саспа, балақай, – деді әпкесі күліп. – Гүлжамал апайдан өзім өтініп сұраймын. Үйді әбден сағынған шығарсың.

– Әрине... Онда мен Әлібек көкеме жүгіріп барып келейін. Ол кеше сапқозға запчастылар келді, гаражда машинамы жөндеп жатырмын деген. Барайын ба, әпке?

– Бара ғой.

Тасболат жүгіріп гаражға келді. Қаз-қатар тізілген машиналардың арасынан өзіне таныс «водовозды» тез тауып алды. Әлібек май-май болып машинаның астында жатыр екен.


– Шынар әпкем келді! – деп алқынып жанына жетіп барды.

– Кәні... қайда? Осында ма? – деп Әлібек те қуанып кетті.

– Жоқ, мұнда емес, интернаттың алдында.

– Мейлі, интернаттың алдында болса, қазір-ақ жетіп барамыз. Сен күте тұр, – деп су ағатын құбырға қарай жүгіре жөнелді. Шүмекті бұрап жіберіп, суды шалпылдатып жуына бастады. Бұлар машинамен зымырап келіп интернаттың жанына тоқтаған кезде, әпкесі мектептің алдында Гүлжамал апаймен сөйлесіп тұр еді. Тасболат бірінші болып байқады да:

– Өне, өне, – деді танауы делдиіп, саусағын шошайтып, мектеп жақты нұсқап.



Әпкесі машинаны көрген соң, Гүлжамал апаймен қоштасып бері қарай жүрді.

– Саламатсың ба? – деді Әлібек ыржиып.

– Амансың ба, Әлібек, – деді әпкесі де қолын ұсынып. – Жағдайың қалай? Ауылда қандай жаңалықтар бар?

– Жүрміз, міне, май-май болып! Ауылда жаңалық көп. Бүгін кешке Ұлбосынның тойы. Дәл келдің, бүгін тойға барамыз. Сен естіген жоқ па едің?

– Солай ма... біздің кластың Қыз Жібегі де кетті десеңші!

– Сөйтті, – екеуі қосыла күлді. – Жарайды, тарттық Түлкісайға!

– Е-е-е-ей, Тауасары-ы-ып! Қашып бара жатырсың ғой, ә?! Апайға айтамын.

Тасболат жалт қарап еді, есік алдында шәлтиіп Құдияр тұр екен.

– Апайдан сұрандым! – деп айқай салды.

– Бұл қай дөкей? – деді Әлібек.

– Біздің бөлменің старостасы ғой.

– Ә-ә...

Машина гүр-р етіп от алды.

Сол баяғы машина... сол баяғы үшеуі тағы да жусан иісі танауыңды жаратын боз даланың төсінде зымырап келеді. Кабинаның ашық терезесінен жел тынымсыз гүлдейді. Шөбі сарғайып қуаң тартқан далада қалықтап мизам ұшады. Тозаң басқан құлқайырға қонып отырған зарғалдақ зырлап келе жатқан машинаның даусын есітіп пыр етіп ұша жөнеледі де, серейген құлқайыр ұзын бойын билей алмай тербетіліп қалады.

«Боз дала» деген сурет салсаң ғой, шіркін! – деп ойлады Тасболат. – Жазық далада зымыраған «водовоз», оның соңында шұбатылып түйдек-түйдек шаң қалып барады. Машинаның дәл төбесінде бозторғай ұшып жүр. Шалқар дала емін-еркін тыныстап жатыр...

Осы бір суреттің көз алдына айқын елестегені сонша, ол тіпті рақаттана күліп жіберді. Бірақ оның бүгін көп қиялдануға уақыты да жоқ еді. Жол бойы әпкесінен әр нәрсені сұрап келеді.

– Әпке, сен үлкен қалада оқисың ба?

– Онша үлкен емес, – дейді әпкесі. – Бірақ өте сұлу қала.

– Ол қаланың аты қалай?

– Ақтау.

– Таулар көп пе ол жақта?
– Тау жоқ, теңіз бар. Теңізді айнала қоршап тұрған жарқабақтар бар.
– Балмұздақ көп пе?
– Көп.
– Маған ала келмедің бе?
– Жолда еріп кетеді ғой.
– Әпке, сен неге соншама алысқа кеттің? Апам айтады, жақын жердің оқуын неге оқи салмайды екен дейді.
– Тасболат, мен өзім сол қалада оқығанды ұнатамын ғой.
– Ал сен оқуды бітірген соң кім боласың?
– Мұнай инженері боламын.
– Ал мұнай дегенің не?
– Оны кейін айтып беремін.
– Үйге барған соң ба?
– Үйге барған соң.
– Әпке, шашынды неге қырқып тастағансың?
– Туу, Тасболат-ай, сұрамайтын нәрсені сұрайды екенсің өзің.

Боз даладағы шаңдақ жолмен машина зымырап келеді. Өне, Құмдауыт төбе. Сол төбеден асып түссең, ар жағында қыстау бар. Жылда қара күзде Тасболаттың көкесі осы қыстауға келіп қоныс тебеді.

– Ботақандарым-ау, келдіңдер ме, әйтеуір. Сағындым ғой, сағындырдыңдар ғой, – деп апасы бұларды көргенде көзінің жасын сығымдап-сығымдап алды. Қора жақтан көкесі келіп:

– Жә, боздай бермей былай тұр. Құлыншақтарымның маңдайынан иіскейінші, – дегенде тағы да біраз соза беретін еді апасы. Көкесі де еміреніп келіп, әуелі Тасболаттың, содан соң Шынардың маңдайынан иіскеп, арқасынан қақты. Шынар күліп:

– Апа-ау, қызықсыз ғой өзіңіз, – деп жатыр. – Пора-пораңыз шығып егілгеніңіз не?

– Сағынғаным ғой сендерді, сағындым ғой...

Шай іш дегенге қарамай Әлібек Ақшұқырға асығыс қайтып кетті.

– Уәде ғой, – деді Шынарға көзін қысып, жымыңдап. – Кешке келіп алып кетемін.

– Альп кеткені несі, көкем-ау, – деді апасы аң-таң қалып.

– Бүгін кешке Ұлбосынның тойы ғой, Кәмшат апа.

– Е-е, бәсе, сөйдемеймісің.

Шынар сықылықтап күліп жатыр. Көкесі де «бәтшағар» деп, езу тартты.

Шай ішіп отырғанда апасы Тасболатты қайта-қайта айналып толғанды. Әпкесі қаладан әкелген базарлықтарын көрсетті. Көкесіне шибарқыт пиджак, апасына күміс білезік, Тасболатқа көйлек әкеліпті. Иығында кішкентай пагоны, омырауында екі қалтасы бар әдемі көйлек екен. Тасболат қуанышы қойнына сыймай, сол заматта-ақ киіп көрді. Құйып қойғандай шап-шақ екен. Сөйтіп бәрі мәре-сәре болып жатқанда, үйге бес жасар баласын ертіп көрші қыстаудағы шопан Ерасыл келді.

– Бәсе, бәсе, – деді ол дәлізде етігін шешіп жатып. – Әй, осы үйде бір қуаныш бар-ау деп өзім де ойлап едім. Аман ба, Шынар? Оу, Тасболат деген дәу жігіт те келіп қалған ба?! Бәрекелде-е-е...

– Мақтап жүреді екенсіңдер. Кәне, шайға келіңдер, – деп көкесі мен апасы бәйек болып жатыр.

Әкесіне еріп келген қазан бас сары бала әй-шай жоқ Шынардың алдына отырып алды. Тақылдап:

– Әпке, сен қалада оқисың, ә?! – деп қояды. – Кәмпит әкелдің бе?

– Әкелдім, – дейді Шынар күліп. Қазан бастың қылығына сүйсініп бетінен шөп дегізіп сүйіп алды. – Көп кәмпит әкелдім. Ал да, жей бер, тойғаныңша же, – деп дастарқанға қойылған кәмпиттердің бірнешеуін оның қолына ұстатты. – Атың кім сенің?

– Бағдат.

– О-о, атың да әдемі екен, кәмпит же.

Бағдат уысындағы кәмпиттердің бәрін қалтасына сала бастады.

– Мынау Әселге, мынау Айнұрға, мынау Науат пен Медетке, – деп қояды.

– Әй, ұят болады, – деп әкесі қызарқтап қалды. – Бұның осындай әдеті бар тағы...

– Алсын, алсын, – деп Тасболаттың апасы күлді. – Іні-қарындастарын ұмытпайтын сарамжал бала ғой бұл қара домалақ.

– Мен сары томпақпын, – деді ұртын кәмпитке толтырып алған ол қомпылдап. – Апам сөйтіп айтқан.

– Сары томпақ болсаң, сары томпақ бол!

Шайдан соң Тасболат пен Бағдат сыртқа шықты. Өзін сары томпақпын деген Бағдат қызық бала екен.

– Сен бірінші класта оқимын деп мақтанба, – деп қояды өзінен-өзі Тасболатқа тиісіп. – Ендігі жылы мен де барамын мектепке. Көкем әнеукүні сөмке сатып әперген.

– Мен саған мақтанған жоқпын ғой, – деді Тасболат.

– Жоқ, сен бір түрлі мақтанып жүрген сияқтысың.

Тасболат үндемеді. Мойнақ қораның көлеңкесінде жатыр екен. Бұларды көріп, арқасын дүрдитіп орнынан тұрды. Өзі өсіп, үлкейіп қалыпты. «Келдің бе?!» дегендей Тасболатқа түксіе қарап тұрды да назарын Бағдатқа аударып «ыр-р» деді. «Сен қайдан келіп қалдың мұнда» дегені сияқты.

– Мойнақ, күшкә, күшкә! – деп Тасболат оны өзіне қарай шақырды. Шынымен-ақ танымай тұр ма, Мойнақ орнынан қозғалмады.

– Ол қабаған ғой, – деді Бағдат қорыққанынан көзі бақырайып. – Шақырма, қауып алады.

– Қаппайды. Қорықпа. Мойнақ, күшкә, күшкә, – оған Тасболат өзі жеймін деп алып шыққан кәмпитін лақтырды. Мойнақ бір басып, екі басып бері жақындап келеді. Әлі де сенбей тұрған сияқты.

– Ойбай, қауып алады, – деп Бағдат даусы дірілдеп, кейін шегіншектеді. – Әнеукүні мені тістеп ала жаздаған. Сенбесең, міне, балағымды жыртқан, – деп балағындағы жамауды көрсетті.

Мойнақ кәмпитті жерден лып еткізіп алды да, қылғытып салды. Кәмпиттің дәмі ұнап қалған-ау, тағы да бересің бе дегендей басын бір жағына сәл қисайта, көздері ойнақшып Тасболатқа қарады. Ол және біреуін лақтырды. Мойнақ оны да қақшып алды.

– Қарашы-ей, жағымпазданып тұр, – деді Бағдат, телміре қараған Мойнаққа қарай саусағын шошайтып.

– Жағымпазданып тұрған жоқ, еркелеп тұр, – деп түсіндірді оған Тасболат.

– Жағымпазданып тұр, – деп қасарысты сары томпақ.

– Жоқ, еркелеп тұр.

– Иә саған, жағымпазданып тұр.

– Мойнақ жақсы күшкә. Ол жағымпазданбайды.

– Ол жаман. Менің балағымды тартқан. Өне қара, әлі жағымпазданып тұр.

– Сен өзің жағымпазсың! – деді Тасболат күйініп.

– Иә, саған, сен, сенің күшігің екеуің де жағымпазсың, – деді сары томпақ ызаланып. – Кәмпитіңді қызғанып тұрсың ба? А?! Мә саған, мә саған, – ол әлгінде өзі толтырып алған қалтасындағы кәмпитті оңды-солды лақтыра бастады.

– Лақтырма, лақтырма деймін, – деді Тасболат әпкесі әкелген кәмпиттерге жаны ашып. – Сен лақтырсын деп әкелген жоқ оларды.

– Мен лақтырсын деп әкелді!

Бағдат нағыз қырсықтың өзі екен. Қалтасындағы кәмпиттің бәрін лақтырып тастады да:

– Көкеме айтам сені, – деп жыламсырап үйге қарай кетті.

Ол лақтырып тастаған кәмпиттің рақатын Мойнақ көрді. Бірінен соң бірін қылғытып жеп алды да, еркелеп келіп, Тасболаттың алақанын жалады. Құйрығын бұлғаңдатып, басын Тасболаттың аяғына сүйкеп қояды. «Рақмет. Тәтті екен» дегені. Тасболат пен Мойнақ қайтадан достасып кетті.

Бағдат үйге сол кіргеннен әкесі қайтарда бір-ақ шықты. Ерасыл аға өте көңілді екен. Атына мінді де, Бағдатты алдына отырғызып:

– Таубай көке, осылай қуаныштарда кездесіп тұрғанға не жетсін, дастарқаныңыздағы дәмге, сый-сыяпатыңызға рақмет, – деді.

– О не дегенің, Ерасыл-ау, о не дегенің, – деп көкесі мен апасы шын пейілдерімен қауқылдасып қалды. – Қайта, қуанып жатыр екенсіздер деп сыйлап келген саған мың да бір рақмет.

Сөйтіп олар үйлеріне қайтты. Бағдат сол күйі өкпелеп кетті. Олар біраз ұзап шыққанда, ымырт үйіріліп келе жатқан кең далада қалықтап ән естілді.

Ұшып жүрген әуеде-е ұлар ма екен,

Атып алсам баласын жылар ма екен?..

Ерасылдың ашық қоңыр даусы кешкі ауада шарықтап, көпке дейін естіліп тұрды. Есік алдында әнге елітіп қалған апасы басын шайқап, тамсанып:

– Ілгеріде-е-е, біздің жас күнімізде айтатын әніміз еді, – деді.

Ән Тасболатқа да қатты ұнап қалды. Түнде жатқанда апасынан:

– Ұлар деген не? – деп сұрады.

– Құс қой, – деді апасы.

– Сонда құс жылай ма?

– Иә, – деді апасы ойланып қалып. – Баласын атып алса, жылайды, әрине.

– Кімдер оны ататын?

– Аңшылар шығар...

– Апа, аңшылар жаман адамдар ма?

– Жоқ. Жақсы адамдар.

– Онда неге атады?

– Табиғаттың заңы да, балам, – деді апасы күрсініп. – Аңшы болған соң аң-құсты атпай тұра ала ма...

– Аянышты екен...

– Иә, аянышты-ақ, – деп құптады апасы.

– Апа, осы Алапар қайда? – деді кенет Тасболат басын жастықтан жұлып алып. – Мойнақ жүр, ал ол болса жоқ...

– Алапар әбден қартайып өлді ғой, – деді апасы баяу үн қатып.

– Қалайша?!

– Күзеуге көшетін күннің алдында ұшты-күйлі жоқ боп кетті.

– Сіз жаңа оны өлді деп едіңіз ғой.

– «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген бар, балам.

Тасболат үнсіз қалды. Шынар да ояу жатыр екен, бері қарай аунап түсіп:

– Жақсы ит еді, обал-ақ болған екен, – деді аяныш білдіріп. – Баяғыда кішкентай кезімде талай бірге ойнап едім.

Тасболаттың көзі атыздай болды. Таң қалып:

– Әпке, сен де кішкентай күніңде Алапармен ойнап па едің? – деп сұрады.

– Иә. Ол кезде Алапар кішкентай күшік еді, ал мен төртінші класта оқып жүретінмін...

– Тіпті бертінге шейін ойнадың ғой, – деп апасы да құптай сөйледі. – Бағана су тасушы бала келемін деген сияқты ма еді?..

– Анау салдырлауық ескі машинасы сынып орта жолда қалған шығар.

– Обал-ай, – деді апасы уайымдап. – Айдалада түнеп қалма са игі еді...

– Қорықпаңыз, апа. Жігіт қой, бір амалын табар...

Қараңғы түнді қақ айыра гүрс еткен мылтық даусы естілді. Көзі ілініп бара жатқан Тасболат селк ете түсті. Апасы оның жан-жағын қымтап жауып жатып:

– Әкең ғой, – деді жайбарақат, – ит-құсты үркітіп жүр.

Ертегіне олар Шынарды қайтадан қалаға шығарып салды. Әпкесінің бір-ақ күнге келгені қандай өкінішті. Айтпақшы, Әлібектің машинасы шынымен-ақ кеше кешкілік, апақ-сапақта жолда сынып қалған екен. Айдалаға түнеп шығыпты.

5

Кәлен екеуі дос бола алмай қойды. Ол алғашқы күні-ақ Тасболатқа қабағын түкситіп, көзін аларта қарап еді. Танымай қалды ма деп ойлаған. Жоқ, таныпты. Атын да ұмытпапты. Бірақ былтыр тойда күресіп жеңіліп қалғаны әлі де есінен шықпаған ба, Тасболатты жақтырмайды-ақ. Өзі тіпті сотқар болып алыпты. Қашан көрсен де қодырандап балаларға тиісіп жүргені. Қыздардың да шашынан тартып, аяғын басып, тыныштық бермейді.

Әнеугүні қызық болды. Кәлен күндегі әдетіне басып, кімге тиісерін білмей жүрді де, жанынан өтіп бара жатқан Зәмзәгүлдің тұлымшағынан тартып қалған еді. Оның бантигі жұлынып түсті. Бойы серейген ұзын, қолдары тастай қатты Зәмзәгүл де ақысын жіберген жоқ. Қолындағы «Әліппесімен» құлаштап тұрып Кәленді қақ бастан қойып қалды. Кітап сарт еткенде, Тасболат еріксіз көзін жұмды. Көзін қайта ашқанда, Кәлен сол орнында әлі қалшыып тұр екен. Есі ауысып қалды ма, әлі тапжылмайды... Тасболат жүгіріп барып оны саусағымен жай түртіп көрді. Ол ұйқыдан шошып оянғандай селк ете түсті де, жанары тұманданып Зәмзәгүлге бір, Тасболатқа бір қарады. Сөйтіп тұрып әй-шай жоқ, Таболатты құлақ шекеден салып жіберді. Дәл мұндай кесірлікті күтпеген еді. Беті дуылдап, бойын ыза буып қалшылдап кетті. Екі білегін түрініп шықса, тау жаңғақтай шып-шымыр Тасекеңе жан шақ келе ме. Әйтсе де тәртіпті бала төбелеспейді ғой... Бірақ Тасболат ашуланған соң бәрін де ұмытты. Кәленге жұдырығын ала ұмтылды. Қорғануға мұршасын келтірмеді. Партаға жығып салып төмпештеді. Сол сәт класқа мұғалиманың кіріп келмесі бар ма. Ол кісі Кәленнің ұрғанын көрген жоқ, ал Тасболаттың жұдырық сілтеп жатқанын көрді. Сол үшін де бұл кінәлі. Баяғы Тауасаро кінәлі! Үндемей жүріп-жүріп, аяқ астынан бүлінетін қара бала жазықты...

Тақтаның алдына шығарып қойып мұғалима апай әбден ұрысты. Бүйте берсең әке-шешенді шақыртамыз мектепке, интернаттан қуыласың деді. Кенет бағаналы бері үндемей отырған Зәмзәгүл қолын көтерді. Апай:

– Иә, Тұрғанбаева, айта ғой, – деп оған сұраулы жүзбен қарады. Орнынан атып тұрған Зәмзәгүл апайға тіке қарап тұрып тақ-тақ етіп бәрін айта бастады.

– Апай, біздің кластағы бұзық бала – Кәлен. Соның өзі кінәлі. Жаңа ол менің бантигімді тартып жұлып алды. Оның басына «Әліппемен» салып қалдым. Сосын... – деп ол мүдіріп қалды.

– Содан соң Тауасаров оны төмпештей бастады ма, – деді апай.

– Жоқ... Ол Кәлен есінен ауып қалған жоқ па деп, жай саусағымен түртіп көрді. Ал ол болса Тасболатты жұдырығымен қойып-қойып қалды.

– Иә, саған, – деді осы кезде төмен қарап тұқырып отырған Кәлен шыдай алмай. – Қойып-қойып қалған жоқпын ғой. Бірақ рет ұрдым...

– Демек, ең алдымен сен ұрған екенсің ғой, – деп апай енді Кәленге қарады. Ол үндемеді. – Әй, балалар-ай, бұларың жарамаған екен. Мендібаев, Тауасаров, бірінші тоқсандағы тәртіптерің екі...

Содан соң Әлібек екеуі әпкесін станция басында Ақтауға шығарып салып келген күні Кәленмен тағы шекісіп қалды. Үзілісте ол Тасболаттың жанына келді де, бір қырындап тұрып:

– Жездең екеуің барып келдіңдер ме станцияға, – деді кекетіп. Кекеткені даусынан білініп тұрды. Тасболат әуелі шошып қалды.

– Жезде?! Ол немене? – деп сұрады.

– Өтірік білмегенсімей-ақ қой.

«Жезде» дегенді Тасболат шынымен-ақ білмейтін. Оған бір түрлі оғаш естілді. Кәленнің жанындағы ұзынтұра, дегелек сирақ Сәлім мырс етіп күлді. О екеуінің мына қылығы Тасболаттың жынына тие бастады.

– Жезде дегенді мен білмеймін, – деді қабағын түйіп.

– Өтірік, – деді Сәлім кетік тісін көрсете күліп.

– Білмеймін.

– Білесің. Әлібек пен сенің Шынар әпкең екеуі үйленеді.

– Өтірік айтасың! – Тасболат ызалана бастады. – Олар әншейін... әншейін дос!

– Дос дегеніңе болайын, олар үйленеді, – деп Кәлен де жырқ-жырқ күле бастады. – Қалыңдық пен күйеу, қалыңдық пен күйеу!

– Мә, саған! – Тасболат оған ұмтыла бергенде, зып етіп қаша жөнелді. Сол кезде қоңырау соғылып, класқа мұғалима келді. Әйтпесе Тасболат оның сазайын беретін-ақ еді.

Сол күні Тасболат түннің бір уағына дейін ұйықтай алмай жатты. Шынар әпкесін, сосын Әлібекті ойлады. Олар шынымен-ақ үйленейін деп жүр ме екен. Дос секілді еді ғой. Сабақтың соңында Сәлім айтты: «Қыз бен ұл дос болмайды» деді. Ал Мұрат басқаша айтады. «Қыз бен ұл дос бола береді» дейді. Жетінші класта оқитын әпкесінің альбомынан оқыпты. «Достықта жоқ шекара». Сонда ол қандай шекара? Әлде Мұрат қате оқыды ма екен. Жоқ, олай емес. Мұрат кластағы ең үздік оқушы ғой. Қазірдің өзінде судыратып, ежіктемей оқи береді. Тасболат болса әлі ежелеп оқып жүр. Жақсы оқуы керек қой. Әйтпесе көкесін ұятқа қалдырады. Әнеугүні бірінші тоқсанды аяқтап, төрт күнге демалысқа барғанда өстіп айтқан. Енді бұрынғыдай үйді көп сағынбайды. Интернатқа үйреніп қалды. Құдияр жақсы бала екен. Екеуі дос болып алды. Ол Тасболатқа күрестің тәсілдерін үйретіп жүр. «Қара күштің мол, бірақ әдіс білмейді екенсің» деп қояды. Сөйтеді де, бұны интернаттың сырт жағындағы шөптесінге ертіп апарып, алып жығуды да, шалып жығуды да үйрете бастайды.

Ол осылайша ойы сан-саққа жүгіріп жатып ұйықтап кетті. Таңертең ояғанда көрді, айналаны аппақ қар басып қалыпты. Түнімен жауғанға ұқсайды. Тобықтан келетіндей қар түсіпті.

Сол жылы қыс аса суық, бұрқасынды болды. Апталап соғатын үскірік жел қиыршық қарды құмша суырып, бет қаратпайды. Сай-салаға үрінді қар толып, төңіректің бәрі бір тегіс, қалың қар басқан аппақ жазыққа айналды. Интернаттың күзетшісі Иса шал түнімен көз ілмей отырып, от жағады. Бүгін Тасболат таң ағарып атқанша қорқынышты түс көріп шықты.

Әлібек екеуі машинамен зымырап келе жатыр екен. Аяқ астындағы жол жып-жылтыр көкше мұз. Машина аударылып кете ме деп Тасболаттың зәресі ұшады. Қорқатындай-ақ бар. Жолдың екі шеті терең шыңырау. Әлібектің қаперінде түк жоқ, бұған қарап күлімсіреп қояды. Менің машинама мінгеніңе өте қуаныштымын деп шаттанатын секілді. Әне-е-еу күнгі Кәленнің сөзінен кейін Тасболат онымен кездесуден қашқақтап жүретін. Кенет терең шыңыраудың ішінен әлдебір құс ұшып шықты да, тура бұлар келе жатқан мұздақ жолдың үстіне барып қонды.

Әлгі құс өте үлкен екен. Тіпті машина өтетін жер қалдырмапты. Бірақ машина тоқтамайды. Сол құйындатқан бойы келе жатыр. Белгісіз дәу құс та үп-үлкен дөңгелек көздері шырақтай жанып, қаймығар емес. Олар әні-міне соқтығысуға жақын қалғанда әлгі құс қанатын жайып жіберіп, далпылдап ұша жөнелді. Көкке самғап бара жатқан құстың жанарындағы қос тамшы жасты Тасболат анық көреді... «Ой, тоба-ай, – дейді құдды көкесінің даусына салып. – Мына құстың көзінде жас бар ғой. Жылап жүргеннен сау ма өзі?..» «Бұл қандай құс? – деп таң қала қарайды Әлібек. – Мен өмірімде дәл осындай үлкен құсты көрген емеспін». «Әлібек көке, бұл – ұлар ғой. Оның балапанын аңшылар атып алыпты. Соған жылап жүр ғой ол!»

Бірінші сабақ бітті. Балалар үзіліске шықты. Алқын-жұлқын жүгіріп сабақтан кешігіп қалған Сәлім келді.

– Балалар, Әлібектің машинасын жаңа қыр жақтан трактормен сүйреп әкелді. Ішінде Кәленнің көкесі екеуі өліп қалыпты, аурухананың алды топырлаған адам...

Кәлен «Көке!» деп қатты шыңғырып жіберді. Тасболаттың жүрегі су ете түсті. Пальтосын да киместен сыртқа ата жөнелді. Ауылдың ортасындағы «п» әрпіне ұқсас ақ үйге қарай зымырап келеді. Аурухананың алдына көп кісі жиналып қалған екен. Күбір-күбір әңгімелесіп тұр.

– Апырым-ай, кеше бесін шамасында отар аралауға кетіп бара жатқандарын өз көзіммен көріп едім.

– Тіршіліктерінен үміт бар дей ме, қалай?

– Ауылға бір-ақ қыр жетпей тоқтапты ғой өздері. Түнде жолдың бағдарын ажырата алмай қалған-ау, әйтпесе омбыласа да жететін жер емес пе?!

– Жазым деген, ә!.. Жарты сағаттан соң ауданнан вертолет келіп алып кетеді. Апыр-ай, соған дейін шыдаса екен.

Тасболат пен Кәленнің соңынан бүкіл класс жүгіре шыққан екен. Кәлен жеткен бойда есікке ұмтылды. Бірақ оны бір-екі кісі ұстап қалды. Айналып-толғанып жұбатып жатыр. Кәлен олардың қолынан бұлқынып шықпақ болып қайта-қайта жүлқынады. Ал үлкен кісілер жіберетін емес. Олардың бірі Тасболаттың арт жағында үрпиіп-үрпиіп тұрған бір топ баланы енді байқап, бері қарай бұрылды.

– Әй, балалар, не бар сендерге?! – деп кейістік білдірді. – Бар, тараңдар. Сабақтарына барыңдар!

Балалар қозғалақтап, шегіншектей бастады. Тасболат сол тұрған орнынан қозғалмады. Жүрегі кеудесіне сыймай, дүрс-дүрс соғады. Аурухананың есігіне қарап жауаңдайды. Кәлен амалы құрып табалдырыққа отыра кетіпті. Тасболаттың да Кәлен сияқты ұмтылығысы келеді. Әлібек көкесін көрсем екен дейді. Қиналып жатқан шығар-ау... «Әлібек көке, мына кісілер не айтып тұр? Қатты тоңып қалдың ба, немеңе?»

– Әй, бала, сен неғып тұрсың мұнда?! – деді бір кісі. Тасболаттың көзі бұлдырап, оны жөнді көре алған жоқ.

– Апырым-ау, мына бала жылап тұр ғой. Бұл кімнің баласы?

– Қайдам, танымадым.

– Қарағым-ау, қатып қалдың ғой. Үстің жұқа екен.

Сол сәтте сонау аспаннан вертолеттің дыбысы естілді. Жұрттың бәрі елеңдеп, көкке көз тікті. Жасыл шабындыққа қонғысы келген инелік секілді ауылдың үстіне жеткенде, төмендей бастады. Вертолет қонған кезде бір топ адам ауруханадан Әлібек пен Кәленнің көкесін зембілге салып алып шықты. Олардың үстін ақ матамен жауып қойыпты. Екеуі де қыбырсыз жатыр. Тасболат:

– Әлібек көке! – деп шырқырай ұмтылып еді, зембілді қаумалап қоршап тұрған бір топ кісі жібермеді.

Одан соңғысы еміс-еміс есінде. Вертолет бірте-бірте биіктеп, аспанға көтеріліп бара жатты. «Құлыне-е-ем, құлыне-е-ем, қандай күйге душар болдың, ботам?» – деп ақ жаулықты ана ашпақ қардың үстінде отырып ағыл-тегіл еңіреді. Ал вертолет болса бірте-бірте биіктей берді, биіктей берді...

Ендігі үмітіміз өзінде, биікте ұшқан вертолет!!!

БАҚЫРШАНЫҢ БАЛАЛАРЫ

Мына даланың ұшы-қиыры жоқ-ау, сірә. Қыбырлаған тіршілік атаулы бір орнынан тапжылмай тас төбеде шақырайып тұрып алған күннің аптабынан бой тасалап, көлеңке қуып кетіпті. Шырылдауық бозторғайлар қадау-қадау жусан түбін қорғалап, пыр етіп ұша жөнелуге жасқанып, ұйқылы-ояу, мең-зең күйде отыр. Жылан екеш жыланға дейін сасық кеуректің сабағына оратылып, қыбыр етсем оттай ыстық тақырға бауырымды күйдіріп алармын дегендей, қимылсыз қалған. Маң даладағы гүл біткеннің сұлуы құлқайырлар тәкаппар мойнын жерге иіп, мүлгіп тұр. Шоқтығы аспан тірейтін биік төбе – Жапатастың етегіндегі шағын ауылда да әзірге тіршілік нышаны сезілмейді. Бір де бір есік ашылып-жабылмайды, бір де бір адам сыртқа аттап шықпайды. Шөлейт даланың осынау маужыраған тыныштығын әлде-е-ен соң қырқадан шандатып көрінген су тасушы машина ғана бұзады. Су әкеле жатыр... күн қақтаған апайтөс далаға тіршілік әкеле жатыр. Байқаусызда түсіп қалған алыптың белбеуіндей шұбатылған қасқа жолдың шаңын аспанға көтеріп, салдырлап-гүлдірлеп келіп ауыл шетіне тоқтауы мұң екен, ауылдың әр тұсынан шелек ұстаған адамдардың төбесі көрінді. Олардың соңынан әлдебір қызықтан құр қалатындай бірін-бірі итерісе түсіп, қабаттаса шыққан он шақты қара домалақ баланың да бастары қылтиды.

– Әй, отыр үйде, табаның күйеді! Қарашы бұның, жалаң аяқ, жалаң бас дедектеуін.

– Басыңнан күн өтеді деймін!

– Осыларға не жоқ-ей, аяққа оратылып, – деген наразы дауыстарға карамастан алақайлап қуанып, жүгіріп барады. Оларды сірә да, тоқтату мүмкін емес. Өйткені ойын баласының қызығы сол су таситын машина келгеннен кейін басталады.

Мөп-мөлдір, сап-салқын судың жан-жақтан тосылған шелектерге сарқырап құйылып жатқанының өзі қызық. Көп бөгелмей бүкіл ауылды әбігерге салған сары бөшкелі машина қайтып кетеді. Абыр-сабыр болған жұрт та тарайды. Бірақ балалар тарқай қоймайды.

Жаңа ғана машина тоқтаған жерге үйіріліп қалған шалшық суды жарыса кешеді. Оның үлкен мәні бар. Табаныңа лай жабысқан соң, тандырдай ыстық айтақыр жалын секілді шарпы-

майды. Қанша жүгіргің келсе де жүгіресің. Сөйтіп ойынның қызығы осыдан басталады.

Жапатастың етегіндегі ауылдың тіршілігі де өз алдына бір қызық. Басқа жақтағы ауылдарға ешбір ұқсамайды. Өйткені бұл жақта өзен, мал дегенің тіпті түсіңе де кірмейді. Ағаш өспейді. Ағаш өспеген соң жеміс-жидек қайдан болсын. Айнала – маңқиған маң дала.

Жапатастың биігінен қарағанда бұл ауыл ұшы-қиырына көз жетпейтін жусанды даланы теңіз екен деп, биік төбені жарқабақ деп жағасына қона кетіп, өз қиялдарына өздері алданып, мәңгі мекендеп қалған бір топ шағалаға ұқсайды.

Бұл ауылдың балалары шеттерінен күнге күйген қара торылар, басқа ауылдың балаларына ұқсамайды десе де болады. Бірақ олардың бірінің де куәлігінде Бақыршада дүниеге келген деп жазылмаған. Өйткені бұрын мұнда ауыл болмаған ғой. Ал мына ауыл көктен түскен бе деп аң-таң қалатын шығарсың. Жоқ, көктен түспеген! Бұл ауыл осы жерден отыз шақырым жердегі Арай совхозының жаңа құрылып жатқан бөлімшесі. Сондықтан да бұл жерде әлі көп нәрсе жетіспейді. Ең бастысы, су жоқ...

Жоғалған су

Азанда алдына қойған бір шелек суға қанбай қалған еді. Әлдекімге мұның шаққандай қорада тұрып ұзақ-ұзақ мөңіреді. Бірақ күнделікті суғарып тұратын ақ жаулықты қария су әкелмеді. Үйде екі-ақ шелек су қалған. Оны үй иелері қомағай сиырға берсін бе, әлде өздері ішсін бе?! Сөйтіп, көк сиырдың жалынышты мөңірегеніне ешкім де назар аудармады. Бақташы табынды өріске айдаған кезде Күлиман әже келді де, мүйізінен шалып байлаған арқанды шешіп, босатып жіберді. Бірақ ол үйді айналшықтап қашып, ақыры бақташының назары өзге сиырларға ауған кезде таса жерде көзге шалынбай қалып қойды.

Табын әбден ұзап кеткенде ғана олармен қоштасқандай бір-екі рет даусын соза мөңіреді де, одан соң көзін сүзіп айналасына қарады. Тұяғын сыртылдатып аулада олай-бұлай ояқтастап жүре бастады. Әуелі ашық-шашық жатқан сарайға кірді. Онда екі дөңгелекті мотоцикл тұр еді. Көк сиыр сүзіліп қарады да, тілімен жалап-жалап алды. Оның тамақ жібітетін ас емес екеніне көзі жеткен соң, ол жерден шығып шошалаға кірді. Бұрыштағы бір қап ұнды мүйізімен түрткілеп құлатты. Әзірге осы оспадар-

лығын ешкім де байқаған жоқ. Жолында кезіккеннің бәрін жайпап жүр. Ошақтың маңын да біраз жағалады. Қазан бос тұр еді. Мүйізімен бір қағып қақпағын ұшырып түсірді. Жерде жатқан қақпақты аяғымен басып тұрып қазанның түбін жалады. Көк түтінге әбден ысталған ағаш қақпақ оның салмағына шыдай алмай морт сынды. Енді тіпті еркінсі түскен көк сиыр үйге қарай бет алды. Сыртқы есік ішінен ілулі-тұғын. Бір сүзіп еді, ашыла қоймады. Саңылаудан ілгекті көрді. Сол сәт оның санасына қырсық есіктің құпия сырын ашатын саналы бір ой жүгірді. Ақырындап мүйізін саңылауға салып, ілгекті түрте бастады. Екі-үш түрткенде ілгек сырт ете түсті де, есік шалқасынан ашылып кетті. Дәлізде екі шелек су тұрған. Көк сиыр тұмсығын малып жіберіп, қомағайлана сімірді.

Іштен:

– Бұ кім-әй, – деген дауыс естілді. Бірақ көк сиыр қайдан түсіне қойсын. – Қобалақ, тапырақтап жүрген сен бе бұл?! – Әлгі дауыс қайта естілді. – Ақырын жүрсеңші, балам-ау! Жау қуды ма сонша. Сыртқы есікті жап, үйге шыбын кіргізесің.

Содан соң ол дауыс қайтып естілмеді. Сәлден кейін екі шелек суға тыңқия тойып алған көк сиыр өріске қарай маң-маң басып бара жатты. Қобалақтың әжесі төргі бөлмеде сотқар немересінің шұлығының өкшесіне жамау салып отырған. Әлгінде сыртқы есік ашылып, ішке біреу кірген сияқты еді. Артынша жым-жырт болды да қалды. Қайтып тырс еткен дыбыс естілмеді. Әлде... есікті құйын ашып кетті ме?.. Кейде ұршықша үйірілген құйын шатырдың шипырына шейін ұшырып әкетуші еді. Қарт кісінің көңіліне күдік ұялай бастады.

– Әй, Қобалақ, Қо-ба-лақ!

Қобалақ түпкі бөлмеде жүк аяққа арқасын сүйеп, «Якут ертегілерін» оқып отырған. Ертегінің қызығына түсіп кеткені сонша, әжесінің дауыстап шақырғанын да естімеді. Бес-алты мәрте айқайлағаннан барып, орнынан ұшып түрегелді.

– Балам-ау, сусыз қалдық қой! Мынаны қарашы... Қағынғыр, ит ішіп кеткен бе?..

– Әже, Құттыаяқ шынжырлаулы ғой!

– Апыр-ай, ә, мысық ішіп кетті ме екен?.. Бірақ бір топ мысық жабылып ішпесе, бір мысық тауыса қоймас. Сиыр бағана өріске кеткен. Сонда... кім ішіп кеткен екен, а?!

– Әже, тайгадан келген аю шығар, – деді «Якут ертегілерінің» әсерінен әлі айыға алмай тұрған Қобалақ көзі бақырайып.

– О не? – деп сұрады әжесі әдепкіде түсінбей қалып.

– Аю шығар.

– Ә-әй, балам-ай, қашан адам болар екенсің?! Аю дейді ғой, аю қайдан келсін. Ол мына далада шөлдеп өлер...

Қобалақ бәтенкесін аяғына қоңылтаяқ сұға салып, сыртқа жүгіріп шықты. Жақын маңда саяқ жүрген ит те, құс та, өріске кетпей қалған бірен-саран мал да көрінбеді.

Әжесі екеуі сол күні кешке дейін ойланды. Бірақ ойлап-ойлап суды ішіп кеткен не екенін таба алмай-ақ қойды.

Ал көк сиыр кешқұрым маң-маң басып өрістен қайтты.

* * *

Қобалақтың шын аты – Оразкелді еді.

Кейін қылығына қарап немересін Қобалақ атандырып жіберген де сол әжесінің өзі. Әй, өзі де бір Қобалақ десе, Қобалақ!

Бір қызығы, ол қанша жалаң аяқ жүрсе де табанына бір де бір тікен, шөгір қадалмайды. Табаны да табан-ақ! Аяғын соңғы рет қашан жуғанын Қобалақтың өзі де білмейді. Ал тікен қадалмайтын себебін ол басқаша түсіндіреді.

– Баяғыда, Тоғансайда жүргенде бұлдырықтың қанын жаққанмын, – деп мақтанады.

Терең сайдағы тас құдық

Ауылдың шет жағында арнасы кең, көктемеде қырқалардан аққан қар суы құйылатын терең сай бар еді. Тасқыннан соң жусан мен дермене қаулап өсіп, былтырғы жылы шалғы тимей қалған сары шөппен ұйысып, арасынан тышқан жүгіріп өте алмайтын қалың жынысқа айналатын. Шыжыған шілдеде жазық жердің жусаны қызғыш тартып, сабағы қатайған шақта ол жердің жусаны желкілдеп тұрушы еді. Көктемдегі тасқынның әсері ме, әлде тас құдықтың киесі ме, ол жағын жан баласы білмейді. Сол сайда ескіден қалған тас құдық бар. Бағзы бір заманда әлдебіреу ерінбей қазып, жиегін жалықпай қой тастармен қалап, су шығарған екен. Осы маң даламен сапар шеккен жолаушылар жанына ат шалдырып, қауға шелекпен су алып ішіпті. Сөйтіп ұзақ жолда қажып келе жатқан жолаушының бойына жаңадан әл-қуат бітіп, тыңайып сала береді екен. Күндердің бір күнінде жалғыз ұлы жау қолынан мерт болып, соның қасіретін көтере алмай есінен ауысқан кейуана жапан түзде қаңғып келе жатып сол құдыққа кезігіпті. Құдықтың мөп-мөлдір суынан ол да



ішіпті. Сол сәт жүрегі жаралы, көңілі қаралы қарт ананың есі қайта кіріпті. Бірақ жанына батқан қайғы жүрегін қайта сызда-тып, тағы да шалықтай бастайды. Дүние көз алдында шыр кө-белек айналып, ботасынан айырылған аруанадай боздап, соңғы жоқтауын айтқан кейуана терең құдыққа құлап түсіпті. Ел ара-сында айтылатын осындай аңыз бар...

Сол күні тас құдықтың суы тартылып қалған. Содан бері тас құдықтың жанына ешкім де бармайды екен. Бара қалса кейуа-наның соңғы жоқтауын естіп, аза бойы қаза тұрады екен...

Тас құдық жатса да, тұрса да Жылтыңбайдың есінен шық-пайды. Өзі онша қашық жер емес. Су таситын машинаны күнде күтіп жүргенше тас құдықты неге аршып алмайды екен адам-дар. Ол жаққа қарай әжесі де аттап бастырмайды. Естіп қалса ұрсады. Өрістен қайтқан сиырдың алдынан шыққанда тас құ-дықтың маңынан аулақ жүр деп, күнде құлағына құйып отыр-ғаны. Жалғыз баруға Жылтыңбайдың өзі де қорқады. Ол түгілі, терең сайдың іші де тым үрейлі.

Бір күні сиыр айдап келе жатып сол маңнан өткен еді. Жан-жағына қарауға сескеніп, шөбі қалың сай ішінде жайылып тұ-рып қалған қара сиырды алдына салып қуып келе жатқан. Ойда жоқта әлдекім арт жағынан шынғырып қалғандай болды. Жыл-тыңбайдың жүрегі тас төбесіне шықты. Қара сиырды тастай сала, аяғы жерге тимей ауылға қарай зымырады. Содан бері ол терең сай жаққа баруға да қорқып жүр.

Бірақ Жылтыңбайды қоян секілді қорқақ екен деп ойлап қалмаңдар. Ол анау айтқан сужүрек емес. Үйдің іргесінде үюлі жатқан құмға шатырдан секіріп түскенде қорықпайды. Былтыр жазда нағашысының аулына қыдырып барғанда, жаңадан үй-ретілген асау тайға да мініп шапқан. Бойы ұзын. Өзі күшті-ақ. Балалар жиналып күрескенде жалғыз-ақ Дидардан жеңілген. Қалғандарының бәрін атып ұрған. Күн өткен сайын тас құдық сиқырлап қойғандай-ақ оны өзіне еліктіріп, қызықтыра түсті. Бүгін шаңқай түсте жер-дүниені қуырып тұрған аптаптан та-саланып, жұрт үйлерінен шыға алмай отырған шақта ол вело-сипедіне мініп, тас құдыққа қарай жалғыз кетті. Қайткенде де жалғыз барып қайтуға тәуекел еткені ме екен?.. Өзінің қайдағы бір ескі құдықтан қорқып жүргені намысына тиді ме, кім біл-сін. Әйтеуір, жалғыз кетті...

Әне, ол шаңдақ жолмен зымырап отырып ауылдың шетіне шықты. Содан соң терең сайға апаратын жалғыз аяқ жолға түс-

ті. Тас құдыққа жақындаған сайын бойын үрей билей бастады. Бірақ ол енді алған бетінен қайтпауға, бір қадам да шегінбеуге бекінген.

Қап, мына қырсықты-ай, ә! Пы-с-с... Велосипедінің дөңгелегі жарылып қалды. Түсіп қарап еді, бармақ басындай ошаған кадалыпты. Ол велосипедін кеуректің көлеңкесіне қалдырды да әрі қарай жаяу тартты.

Әне, тас құдық! Төңірегіне адыраспан, кеуіл, жантақ, жусан араласа өсіп, тракторшы Әбдібектің қалың бұйра шашындай ұйысып қалған. Ол жан-жағына қарап, жақындай түсті. Кенет аяқ астынан шыққан оқыс дыбыстан селк етті. «Бе-е!» Енді болмаса қаша жөнелуге әзір еді. «Туу, кебенек келгір-ай, сен екенсің ғой!» «Бәлем, зәреңді бір алдым ба?!» дегендей құдықтың жанында жатқан ақ ешкі шошаң етіп тұра келді. Одырайып қарады да, тұяғын сыртылдатып ұзай берді. Өздерімен бір класта оқитын Зәурештің үйінің ешкісі ғой. Ақ ешкі оқыстан оқсатып бір шошытса да, көңіліндегі басқа үрейді сейілтіп жіберді. «Зәурештің ешкісі де қорықпай келіп жүр екен ғой, мен қорқамын ба сонда» деп ойлады ол.

Жылтыңбай ескі құдықтың ішіне үңілді. Терең екен, түбі көрінбеді. Қабырғасына өрмекші тор құрған көне құдықтың іші қап-қараңғы. Жылтыңбай жерден жұдырықтай тас алып тастап жіберіп еді, ішінен екі шымшық пыр етіп ұшып шықты. «Неткен тынышсыз бала едің!» – деп назаланғандай тынымсыз шықылықтап бара жатыр. Ескі құдық күрсінгендей көмейінен «У-у-ух!» деген дыбыс шығарды. Тас түбіне түскенде топ ете қалды. «Су жоқ, – деп ойлады Жылтыңбай. – Әйтпесе шолп ете түсер еді ғой. Құдықтың қайнар көзі бітеліп қалған...» Көне замандардан бері күтім көрмеген соң сөйткен ғой. Қазып көрсе, шіркін, су шығар еді-ау. Түбі терең бе екен?! Беліңе арқан байлап түссең... Әйтпесе түсуін түсіп алып, қайта шығып қаласың. Түбінде жылан жатуы да мүмкін-ау, мұндай иесіз құдықтарда олардың неше түрі өріп жүреді. Ол үшін резеңке етік, қолғап кию қажет, күрек, қайла әкелу керек. Сөйтіп, қаза бастасаң, шіркін... Бірақ жалғыз өзі қалай қазбақ?.. Дидар мен Қобалаққа айтып көру керек. Қобалақ – қияли. Ол бірден-ақ еліте кетер. Дидар «Том Сойерді» оқып жүр. Бәлкім, ол да қуана-қуана келісер, ә?! Тас құдық түк те қорқынышты емес екен ғой! «Ақ ешкі қорықпағанда біз қорқамыз ба?!»

* * *

Жылтыңбайдың шын аты – Жақып. Оны Жылтыңбай атандырып жіберген бір құрылысшы ағай ғой. Бірде балалар әлі құрылысы біте қоймаған үйдің жанында жасырынбақ ойнап жүрген. Жақып шатырға жасырынды да, жылтындап шатырдан күле қарап отырған. Шеге қағып жатқан құрылысшы ағай көріп қалып:

– Әй, Жылтыңбай, түс, құлап кетесің, – деп айқай салды. Сол күннен бастап ол Жылтыңбай атанып кетті.

Жүрек жұтқан

Әдетте, шөлейт даланың тіршілігі таң елең-алаңнан басталып, күн сәскеге көтерілгенше жалғасады. Содан соң күннің аптабы қайтып, кешкі қоңыр салқын шақ орнағанша жан баласы сыртқа шықпайды. Кейде сол қоңыр салқын шақ та түсе қоймай, құбыладан ып-ыстық керімсал соғады.

Бүгін Қобалақ, Жылтыңбай және Дидар үшеуі сәске түс кезінде тас құдық жаққа қарай тартты. Қобалақ басына панама киген, үстінде жеңі келте жейдесі мен шортигі бар, жалаң аяқ. Жылтыңбай мен Дидар газеттен қалпақ жасап киіпті. Үстерінде жеңіл футболка, аяқтарына жеңіл кроссовка киіпті. Шалбарының балағын тізеден жоғары түріп алған. Резеңке етіктерін байластырып, иығына асыпты. Күрек, қайла секілді оны-мұны заттарды Дидардың велосипедіне тиеген.

– Әй, Жылтың, – деді Дидар. – Тас құдыққа үңіліп қарағының рас па?

– Өгірік айтып жын соғып па мені?!

– Шын пионерлік сөзім деші.

– Шын пионерлік сөзім! Түк те қорқынышты емес екен.

– Рас па-ей?! – деп таң қалды Қобалақ.

– Қорықсаң ауылға қайт.

– Жоқ, қайтпаймын. Әншейін... ішінде жеті басты айдаһар жоқ па дегенім ғой.

– Бар болса Зәурештің үйінің ешкісін әлдеқашан жалмап қояр еді.

Ақ ешкі бүгін де тас құдықтың жанында жатыр екен. Иесіз құдықты жалғыз өзі иемденіп алғанға ұқсайды. Ол тағы да мазасын алған балаларға одырая қарап тұрды да, енді бұл жерде тыныштық болмасын сезгендей, бір-екі керіліп-созылып алып,

Жапатастың бөктерінде иіріліп жатқан бір қора қойға қарай бет түзеді.

Олар қазық қағып, алып келген арқандарын соған күрмеп байлады. Күрек пен қайланы құдықтың түбіне тастады. Енді кім бірінші түсуі керек?! Қобалақтың зәресі ұшып тұр. Жылтыңбайдың да жүрегі дауаламады, өйткені жыланнан қатты қорқатын. Сөйтсе де :

– Жеребе тастайық, – деді ол.

– Бәрібір мен бірінші түспеймін, – деді Қобалақ даусы дірілдеп.

– Жеребе тастаудың керегі не? – деді Дидар батылданып. – Мен-ақ түсейін.

– Өзің де бір жүрек жұтқан екенсің, – деп Қобалақ таң қалды.

– Арқанды мықтап ұстандар, – деді Дидар резеңке етігі мен қолғабын киіп, арқанды беліне байлап жатып.

– Мықтап ұстаймыз, – деп Қобалақ қоқиланып, мұрнын бір тартып қойды.

Сыртта тұрған екеуі арқанды бірте-бірте босата бастады, сәлден соң Дидар құдық түбіндегі қараңғы түнекке сүңгіп, жоқ болды. Біраздан соң арқан жылжымай, төмен тартылған күйі тұрып қалды.

– Е-е-ей, Дидар! – деп айқайлады Жылтыңбай. Ешкім үн қатпады.

– Дидар, Ди-дар!

Құдық түбінен:

– Бұ-бұ-ұ-ұ жа-а-а-та са-а-ын! – деген дауыс естілді күңгірлеп.

– Не дейді-ей?! – деді Қобалақ көзі бақырайып. – Ди-да-а-ар, не дейсің?!

Бірақ ол үн қатпады.

– Е-ей, – деп айқайлады Қобалақ. – Сен нағыз жүрек жұтқан е-кен-сің-ң!!!

Арқан екі рет діріл қақты. «Сыртқа шығарындар» деген белгі. Екеуі тырмысып тарта бастады. Тас құдықтың шегеніне аяғын еппен басып, Дидар сыртқа шықты.

– Ищ-щай, тоңып кеттім, – деді ол қалш-қалш етіп. – Қызық-ай! Сенесіндер ме, тас құдықтың ішінде он екі қап бидай жатыр. Өзім санап көрдім. Тұп-тура он екі қап. Міне, бір уысын алып шықтым.

Ол уысындағы бидайды көрсетті. Ана екеуі үңіліп қарады. Қобалақ көзі атыздай болып, ішегін тартты.

– Түкке түсінгенім жоқ, – деп Жылтыңбай иығын қикаң еткізді. – Қайдағы бидай? Он екі қап...

Дидардың уысындағы бидайға қарап үшеуі селтиіп тұрып қалған. Олар көне құдықтың ішіндегі он екі қап бидайдың қайдан келгенін ойлап айран-асыр болды, ал Дидар бүгіннен бастап өзінің Жүрекжұтқан атанып кетерін білген жоқ.

Анду

Тас құдықтың түбіндегі он екі қап бидайдың ғайыптан пайда болмағаны анық. Әрине, мұнда бір шырғалаң бар. Қызық-ай. Біреулер көне құдықтың маңына жолауға қорқады, ал енді біреулер оны емін-еркін иеленіп те алыпты.

– Анду керек! – деді Қобалақ кенет өжеттеніп. Әншейінде су-жүрек Қобалақтың бұл ұсынысына Жылтыңбай мен Жүрекжұтқан ойланбай-ақ келісті.

– Түнге қарай андимыз, – деді Жүрекжұтқан әлдекім естіп қоярдай сыбырлай сөйлеп.

– Әрине, – деп қоштады Жылтыңбай. – Ұрылар күндіз келмейді ғой.

– Ұрылар дейсің бе?! – деді оған Қобалақ мысқылдай қарап. – Сен олардың ұрылар екенін қайдан білдің.

– Әрине, ұрылар, – деді Жылтыңбай сенімді түрде. – Қырманнан бидай ұрлап жүрген ұрылар.

– Әлгі... әлгі... – деп Жүрекжұтқан тұтығып қалды. – Қоғам мүлкін қымқырып жүрген зиянкестер.

– Газеттен оқып алғаныңды айтып тұрсың ба?! – деп мырс етті Қобалақ. – Мен білсем бұлар – қарақшылар.

– Ө-өй, қияли! Ертегі мен детективке былғып кеткен ғой сенің басың. Қарақшылардың тұқымы бұл жерден баяғыда-ақ тұздай құрыған.

– Жарайды, қойсаңдаршы, – деп Жүрекжұтқан олардың ерегісе бастағанын жақтырмай. – Ұрылар ма, қарақшылар ма... Жалпы, олардың бір-бірінен айырмасы жоқ қой.

– Иә саған, – деп тоңқ етті Қобалақ бұртиып. – Айырмашылығы бар...

– Жетер, – деп қабағын шытты Жүрекжұтқан. – Одан да не істейтінімізді ойласайық та...

Олар өздерінің көргендері жайында ешкімге тіс жармауға уәделесті. Операцияны жалғастыру керек.

Сол күнгі кешті үшеуі де асыға тосты.

Бұл жаққа әлі қуатты электр желісі де тартыла қоймаған-ды. Бүкіл ауылға жарық беретін жалғыз мотор. Ол ауыл шетіндегі әнебір кішкентай сарайдың ішінде. Мотордың қожасы Ертай. Ұзын бойлы, арық, сәл еңкіш тартып жүретін кісі. Кей күндері шам күндегі мезгілінен сәл кешігіп барып жанса, ауыл адамдары: «Әй, Ертайды көрмедің бе? Тас қараңғыда қалдырды ғой», – деп әбігерленіп жатқаны.

Олар уәде бойынша, кешкі ауаны дүр сілкіктіріп мотор от алып, ауыл оттары жарқырай жанған кезде кездеседі. Мотор от алғаны – белгі берілгені, соны ести сала-ақ ешкімге сезік тудырмай уәделі жерге зытып отырулары қажет.

Ілмырт үйіріліп, көз байлана бастаған мезгілде кешкі ауаны дүр сілкіктіріп мотор от алды.

Осы сәтті күтіп отырған Қобалақ «Әй, қайда барасың түн ішінде» деген дауысқа қарамай зып беріп сыртқа шықты. Қызыл іңірден мызғи бастаған ауыл селк етіп көзін ашып алғандай әр үйдің терезесінен жарқырап шам жарығы көрінді. Үйдің маңынан ұзаған соң, екі өкпесін қолына алып жүгіре жөнелді. Жүрекжұтқан мен Жылтыңбай одан бұрынырақ келіп тосып тұр екен.

– Кеттік, – деді Жүрекжұтқан. Жейдесінің ішінде бірдене бұлттыяды.

– Мынауың не-ей? – деді Қобалақ оның қарнынан түртіп қалып.

– Тс-с! – Жүрекжұтқан сұқ саусағын ерніне тақады. – Фонарь ғой.

– Ә-ә.

– Бе-е-е! – деп мазактады Жылтыңбай.

Үшеуі жолға түсті. Түнге қарай кең даланың тынысын кеңітетін саумал шақ туды. Төңіректен жусан мен дермене жұпар шашты. Күндіз шоқтай қарып табан тигізбей жатқан ақ борпылдақ шаңдақ та суып қалыпты. Борп-борп етіп табаныңа жұмсақ тиеді.

– Олар бізді ұстап алса қайтеміз? – деді кенет сәл кейіндеп келе жатқан Қобалақ жүрексініп.

– Зынданға түсеміз, – деді Жылтыңбай аспай-саспай.

– Рас-ей, – деп қойды алда келе жатқан Жүрекжұтқан. – Қолымызға еш нәрсе алып та шықпаппыз ғой. Шіркін, мылтығым болса...

– Мен атамның кездігін ұрлап алып шықтым, – деді Жылтыңбай сыбырлап сөйлеп.

– Қойшы-еу!
– Рас.
– Кәне, көрсетші, – деп жабысты Жүрекжүтқан.
– Міне...
– Кереме-е-ет!
– Иә деген! – деді Қобалақ ай сәулесімен жылт еткен болат кездікті көргенде иманы ұшып. – Олардың тапаншасы бар.
– Кім-дер-дің?!
– Қар... ұрылардың да...
– Қорықсаң үйіңе қайт деп, баяғыда-ақ айттым мен саған.
– Иә саған, айтқан жоқсың.
– Не?!
– Баяғыда айтқан жоқсың, бүгін айттың.
– Түу, көк мылжың-ай! Бәрібір емес пе.
– Бәрібір емес.
– Қойсаңдаршы, – деді Жүрекжүтқан тағы да олардың арасына түсіп.

Үшеуі тас құдыққа да жетті. Бірақ сайға түспей, алыстан то-руылдады. Қазанның күйесіндей қап-қара түн ұланғайыр дала-ның үстінде төңкеріліп тұр. Айнала тас қараңғы, ештеңе көрінер емес. Әлдеқайдан қойлардың маңыраған даусы естіледі, сірә, Ақ-апаның отары шығар. Түнгі дауыс алысқа жететіні рас-ау, көрдің бе, сонау Жетіқырдағы отардың у-шуы құлаққа келіп жатқанын.

– Хайт! Хайт! – бұл анық Ақ-апаның даусы ғой. Отарын ит-құстан қорып, тыным алмай жүр. Көр де тұр, ол кісі түнде де ұйықтамайды.

Қурай түбінен пыр етіп кішкентай құс ұшты. Үркіп кеткен молда торғай-ау. Қараңғы кеңістікте еш нәрсеге соғылмасын бі-леді ғой. Лақтырған тастай зу етіп қою түнекке сіңіп кетті.

Жетіқыр жақтағы жолдан бір жарық көрінді. Көп ұзамай ма-шина моторының үні талып естілді. Мынау қайтеді-ей?! Тура жолдан бұрылып, жолсызбен тас құдыққа қарай тартты. Біздің үш батырымыз демін ішіне тартып, осылай қаарай зымырап келе жатқан машинадан көз алмайды. Машина бірте-бірте жақында-ған сайын бойларын үрей билеп, отырған орындарынан қозғала алмай қалды.

– Қашайық, – деді шоқиып отырған Қобалақ тізесі дірілдеп. Тәйт десе зыта жөнелуге әзір.

– Үніңді шығарма, – деді Жүрекжүтқан. – Жатыңдар...

Машина төтелей тартып келеді. Тас құдыққа біраз жер қал-ғанда шамын сөндіріп, жүрісін баяулатты. Құдықтан он шақты

қадамдай жер алыс тоқтады. Ішінен екі адам түсті. Шофері машинада қалды. Жерге түскен екі адамның бірі машинаның қорабына шығып, күйбендеп әлденені түсіре бастады. Қимылдары шалт. Екеулеп көтеріп, бір қапты құдықтың жанына әкеліп тастады. Сосын екіншісін әкелді. Әбжіл қимылдап, қаптарды арқанмен буды да, екеулеп құдықтың ішіне түсірді. Қолдарының шаңын қаққыштап, машинаға қарай жүрді.

– Іздерді өшірдің бе? – деп сұрады біреуі.

– Әй, кім байқай қояр дейсің...

– Өшір деймін, нағылет!..

Бұйрыққа бағынғаны жерден бір түп жусан жұлып алды да, қараңғыда қарманып іздерін сыпырған сияқтанды. Сәлден соң машина келген жағына қарай құйындай зымырап бара жағты.

– Ойбай, көріп қойса машинамен таптап кетер еді-ау! – деді Қобалақ.

– Жүздерін... жүздерін көре алмай қалдық-ау! – деді Жүрекжұтқан өкініп. – Кімдер екенін байқау керек еді.

– Қараңғыда қайдан көресің? – деп Жылтыңбай орнынан түрегелді. – Фонарьды неге жақпадың?

– Қызықсың-ау сен де, олай етуге болмайды ғой. Аңдушылар бар екенін білсе, қайтып келмей қояды.

– Ойбай, олар бізді байқап қалса өлтіреді, – деп Қобалақтың үрейі ұша бастады.

– Таптым! – деп айқайлап жіберді кенет Жылтыңбай.

– Әй, ақы-ы-рын!

– Машинаның номерін білу керек, но-ме-рін!..

– Түу, тапқаның сол ма? – деді Қобалақ көңілі толмай. – Сонда номерін ұстаймыз ба немене?! Машина емес, адамдар ғой ұрлық жасап жүрген.

– Рас-ей, – деді Жүрекжұтқан. – Машинаның номерін біліп алсақ бәрі де анықталар еді.

– Ө-э, енді түсіндім, – деді Қобалақ санын соғып. – Сосын оларды милиционерге айтамыз ба?

– Ө-өй, кеңсе! Айтпаймыз, одан қайта өзіміз ұстаймыз, – деді Жылтыңбай көзі жайнап.

Жүрекжұтқан үндемеді. Үшеуі жалғыз аяқ жолға түсіп, ауылға қайтты. Алда Қобалақ, одан кейін Жүрекжұтқан, соңында Жылтыңбай келе жатыр.

– Балалар, бір нәрсе айтайын ба? – деді Қобалақ құпиялап. – Ол бар ғой, бір амалын табады қалайда. «Оқымыстыға» айтайық...

Олар ауыл шетіне іліккенде, сүттей жарық ай туған еді.

«Оқымысты»

Апасы: «Көп оқысаң адам боласың» деген. Сонда ол: «Мен қазір адам емеспін бе?» деп таң қалған еді. Апасы жымиып күлген. Содан бері көп-көп кітаптар оқыды. Тіпті балалар оның шын атын ұмытып, «Оқымысты» деп атап кетті. Бірақ әзрге ешқандай өзгеріс жоқ. Әлі де қол-аяғы жіп-жіңішке, бойы қортық, шидей арық.

Бүгін де ол апасымен бірге ерте оянды. Есік алдындағы қол-жуғышқа су құйып, беті-қолын, тісін тазалап жуды. Сосын иығына асып алған сүлгісімен ұзақ әрі мұқият сүртінді. Апасы әзірлеп қойған бір жапырақ нан мен бір кесе сүтті ішіп, жұмыртқа жеп тойып алды. Содан соң қолына кеше ғана бастаған «Гекльберри Финнің басынан кешкендері» деген кітапты алып, оқуға кірісті. Терезе алдындағы гүлдерге су құймағаны есіне түсіп орнынан қайта тұрды да, ақ шайнекпен су алып келді.

Бұл кезде Жүрекжұтқан, Жылтыңбай және Қобалақ үшеуі Оқымыстының үйіне қарай келе жатқан болатын. Кеше ғана екеуі де ойланып тұрып-тұрып ақыры келіскен. Қайткенде де Оқымыстының аты оқымысты ғой.

– Үш басқа бір бас қосылып ойланса, артық болмайды, – деген Жүрекжұтқан.

Есікті олар ақырын қақты. Оқымыстының апасы шықты тысқа. Есік алдында тұрған балаларды көріп:

– Ө-ә, сендер ме едіңдер? Үйге кіріндер. Бөтен адам құсап неғып тұрсындар далада, – деді.

– Оқы... оқы... і... – деп Қобалақ көзі жыпылықтап, тұтығып қалды.

– Нариман бар ма? – деп сұрады Жылтыңбай. Осы кезде оның өзі де шықты сыртқа.

– Саған айтатын бір сөзіміз бар, – деп Қобалақ оның жеңінен тартты.

– Осы жерде айта берсең болмай ма.

Қобалақ басын шайқады. Үйден сәл ұзап шыққан соң:

– Оқымысты, жақсылап тыңдап ал, – деді Жүрекжұтқан. – Біз саған қазір бір құпия айтайын деп тұрмыз.

Жүрекжұтқан тас құдық жайында айта бастағанда-ақ, Оқымыстының көзі бақырайып бара жатты. Сәлден соң ол:

– Сонда сендер тас құдыққа барып жүрсіндер ме?! – деп таңдана айқайлап жіберді.

– Тс-с-с... айқайлама.

– Жарайды, – деп желкесін қасыды Оқымысты. – Он екі қап дейсің, ә?! Мен ойланып көрейін. Сау болыңдар, бүгін «Гекльберриді...» бітіруім керек, – деді де, бұрылып жүре берді. Ол үйіне кіріп кеткен соң Жылтыңбай кіржің етіп:

– Өзі бір кекірейген бәле ғой. Ойланып көрейін деп қояды шікірейіп, – деді.

– Осы қырсыққа бекер айттық, – деді Жүрекжұтқан да өкініп.

Түнге қарай олар тағы да уәделескен жерде кездесті. Оқымысты да келді.

– Таптым, – деді ол келген бойда. – Аяқ киімдерінің размерін анықтау керек.

– Қалайша? – деді Жылтыңбай даусын созып. – Іздерін сыпырып жүреді олар.

– Оны анықтау оп-оңай, – деді Оқымысты тақ ете түсіп. – Ол үшін бір шәугім су керек. Құдықтың жанына төгіп, лайдан қалып жасап қоямын. Олар қараңғыда қарманып жүргенде басып кетеді де, іздері қалып қояды.

– Баспай кетсе ше? – деп күдіктенді Жылтыңбай.

– Тәуекел, – деді Жүрекжұтқан.

– Әй, Шерлок Холмс-ай! – деп Қобалақ риза болып кетті де, Оқымыстының арқасынан қағып-қағып қалды.

Олар Жылтыңбайдың үйінен бір шәугім су алып шығып, тас құдыққа қарай кетті. Түн бүгін де көзге түртсе көргісіз, тастай қараңғы. Ауыл жақтан иттердің үргені естіліп тұр. Тас құдықтың маңайы жым-жырт, үрейлі. Үш-төрт шілде қоңыз дәл табандарының астынан ұшып, ұзап кетті.

– Бір шәугім су аз ғой, – деді Жүрекжұтқан сыбырлап.

– Топырағы қалыңдау жерге төк, – деді зәресі кетіп тұрған Оқымысты қорыққанынан дір-дір етіп. Жүрекжұтқан суды құдықтың жанына төкті де, тезек шәпеттегендей, лайды алақанымен сипап қойды. Содан төртеуі алысырақ барып, жусанның арасына жасырынып жатты.

Күндегі мезгілде Жапатастың беткейіндегі жолдан машина бері қарай бұрылды. Бүгін де екі адам келіп, екі қап бидайды тас құдықтың ішіне түсірді. Ұзынтұра біреуі жанындағысына:

– Аяғым бір нәрсеге былқ ете түсті, – деді.

– Ө-э, сиырдың жапасы шығар. Кабинаны былғайтын болдың-ау.

– Іздерді өшір.

– Қойшы. Шайтан жайлаған құдыққа кім келе қояр дейсің.

- Сондағы шайтан деп тұрғаның кім, ей?!
- Осында бір жынды кемпір құлап өліпті деген әңгіме бар ғой ел аузында.
- Кеттік. Бұдан былай аузыңа келгенді оттай берме.
- Машина от алды да, жүріп кетті. Жусан арасында жасырынып жатқан төрт «батыр» орындарынан түрегелді.
- Айтқаным айдай келді ме, – деді Оқымысты. – Жаңа өздерің естідіңдер ғой, сиырдың жапасын басып кеттім деді.
- Жүріңдер көрейік, – деп Жылтыңбай жүгіре жөнелмекке оқталып еді, Жүрекжұтқан оны білегінен шап беріп ұстай алды.
- Ертең азанда, сиыр айдап шыққанда көреміз.
- Бәрі де осыған үнсіз келісті.

* * *

Сәгі түспеді. Аяқ киімнің размері анықталмады. Лай топырақты үп-үлкен із ортан белінен бір-ақ басыпты. Таңертеңгілік сиырды өріске ұзатып жіберіп, жүгіріп келген балалар қата бастаған қойыртпақ балшықты көріп, аңтарылып тұрып қалды.

Күдік

Кешқұрым астық тиеген көліктердің соңғы тізбегі орталыққа кеткенде, қос басында екі «ЗИЛ-130» автомашинасы қалып қойды. Оның бірі, қорабында толы астығы бары, ала көз, қара сұр жігіттікі. Ал екіншісі онжылдықты былтыр бітірген жас жігіт Самалбектікі еді. Бұйра шаш, сыптығыр, ақ құба жігіт. Үстіне кигені күн жеп, ақ жем тартқан джинси, былғары күрте. Қақпақты ашып, моторға үңіліп әлденені жөндеп жағыр. Оған әлсін-әлсін қарайлап тұрған қара сұр жігіт езуіндегі темекіні лақтырып жіберіп, Самалбектің жанына келді.

- Не боп қалды?
- Моторға «жөтел» тиіпті, – деді Самалбек күлімсіреп. – Өзің неге тұрсың? Орталыққа жаңа фильм келіпті деп жүр ғой жігіттер, зытпайсың ба?!
- Иә, менің машинамың да... бір жері бұзылып тұр.
- Көмектесейін бе?
- Жо... жо... рақмет, өзім-ақ жөндеп аламын, – деді ол жерге шырт түкіріп. Өзі әлденеге алаңдап, тықыршып тұрған секілді.
- Мен бүгін, сірә, осында қалатын шығармын, – деді Самалбек сәлден соң. – Тиеп алған астығым да жоқ. Моторымның кілтипанының кесірінен бүгін төрт-ақ рейс жасадым. Өрі орталықтағы кинодан да кешіктім. Бәлкім, менің машинамы осын-

да қалдырып, сенімен кетерміз, ә?! Сонда киноға да үлгерер ме едік...

– Жоқ, – деді қара сұр жігіт жұлып алғандай. Әлденеге дегбірсізденіп тағы да темекі тұтатты.

– Неге? – Аң-таң болған болған Самалбек бұрылып оған қарады.

– Ауылға соға кетуім керек. Кеше жиен әпкем орталыққа ала кетші деп өтініш жасап еді, ыңғайсыз ғой тастап кеткенім...

– Ә-ә, онда жолың болсын!

Қара сұр жігіт машинасына шапшаң мінді де, моторды гүр еткізіп, жүріп кетті. Бір жаққа асыққандай құйындатып барады. Самалбек оның соңынан ұзақ қарап, тұрып қалды. Бірте-бірте алыстап бара жатқан машинаның соңынан көз тігіп тұрған оның көңілін күдік жайлады. «Неге қипақтады сонша? Орталыққа да ала кеткісі келмеді. «ЗИЛ»-дің кабинасына әпкесін отырғызған күнде де үш адам сыяр едік қой. Тұрып-тұрып, кенет соншама асыққаны несі екен?..»

Қара сұр жігіт тістене түсіп, рульді омырып жіберердей қыса ұстап, шаңдақ жолмен құйғытып келеді. Алыстан мұнартып көрінген Жапатас бірте-бірте жақындай түсті. «Әлгі күшіктің әуресі-ай, – деді ол ызаланып. Шақыр-шұқыр тісін қайрады. – Мотор, мотор деп маймөңкелей қалуын. Соған бола жарты сағат уақытым жоғалды. Бұзылмаса одан әрі, маған десе қирап қалсын машинаң. Күл-талқаны шықсын!» Міне, межелі жерге де жақындап қалды. Өне, қапшықтарын сөмкеге салып алған Бектай мен Жантай күтіп тұр. «Қол көтереді, еше! Сонша жерден жын қаққандай құйғытып сендер үшін келе жатқаным жоқ па-ей!..»

– Кешіктің ғой, – деді Бектай кабинаға отырып жатып.

– Нім! Кешіктің дейсің, ә?! Неге кешігуші едім, бір боқмұрын аяғымға тұсау болып...

– Кім?

– Әй, қойшы соны!

Машина қайтадан зымырай жөнелді. Қара сұр жігіттің ашуы әлі басылмай отыр.

– Осы сендер көртышқан секілді жинап жүрген бидайларыңды не істейсіңдер осы?! – деп жанындағы екеуге ызалана қарады. – Қарап жүрмей менің де басымды жұтарсыңдар әлі...

– Әй, інішегім-ай, – деді маналы бері үнсіз отырған ересектеу Жантай үн қатып. – Қызықсыңдар-ау сендер, бүгін қарындарың тоқ болса соған мээсіңдер. Ертеңдерінді ойламайсыңдар, түге! Қысқа қарай бордақы байлаймыз. Қызыл бидайды күрт-күрт со-

ғып тұрады әлі-ақ! Қыс қатайғанда былқылдап, құйрығын көтере алмай тұрған біреуін соямыз соғымға.

– Сонда өзінді шақырып етке тойғызамыз, – деп елп етіп, қос-тап қойды оны Бектай.

– Қарқ қыларсыңдар, – деп қарқ-қарқ күлді қара сұр жігіт. – Сатамыз десеңдерші одан да! Көп сөзді қайтесіңдер, одан да бүгін беретін ақшанды қалтаға сал.

– Е-е, оған сөз бар ма, – деп Бектай күндегі машығымен алақанындағы үш сомдық көк қағазды қара сұр жігіттің қалтасына сүңгітіп жіберді.

Машина терең сайдың табанына жеткенде тоқтады. Екі жігіт тез қимылдап, екі қап бидай қаптады. Олар енді тас құдыққа қарай бет түзеді.

Қашу

Тұс ауа аспанды бұлт торлады. Батыс жақтан баяу жылжып келген түйдек-түйдек қою қара бұлттар ауыл үстіне жеткенде осы жерге аялдайық дегендей іркіле бастады. Кешке қарай ауа қапырықтанып, шыбын-шіркей құжынап кетті. Түн тастай қараңғы еді. Төрт бала кешегі мезгілде тас құдыққа қарай тартты. Олар бүгін тәуекелге бел буып, ең шешуші іске кіріспек. Сондықтан да бойларында үрей бар. Бір-біріне сездіргісі келмегенімен бәрі де іштей қорқып, жүрексініп келеді. Тек Жүрекжұтқан ғана батылданып:

– Бұл өте қауіпті, балалар, – деп қояды сақтық жасап. – Олар бізді байқап қалуы да мүмкін. Онда аямайды, бірден... – Ол тамағының тұсын саусағымен орып өтті. – Солай. Түсінікті ме? Егер осы бастан қорқып келе жатқандарың болса, қалыңдар.

Бірақ мен қорқақ едім деп кім мойындай қойсын. Ешкім үн қатпады. Терең сайдың іші тым-тырыс. Олар бүгін машина келетін жаққа, Жапатастың бөктеріндегі жолдың жағасына барып жасырынды.

Жусан иісі танауды жарып барады. Түн қапырық. Аспанды біртұтас жаулап алған қою бұлт шеті-шеті жоқ маң даланы тұншықтырып тұр. Лүп еткен леп жоқ. Олар ұзақ күтті. Тіпті көңілдеріне күдік те ұялай бастады.

Жапатастың бөктеріндегі жолдан жылт еткен жарық көрінді.

– Жасырыныңдар! – деп әмір берді Жүрекжұтқан.

Тақтайдай тегіс дала жолымен зымырап келеді. Енді бір сәтте жусан арасында бұғып жатқан төртеуін таптап кетердей көрінді. Олар демін ішіне тартып, қыбырсыз жатыр. Машина бұлардың

жанынан өтіп барып кілт тормоз берді де, жылдам оңға бұрылып, тас құдыққа қарай тартты. Сол сәт артындағы қызыл шам жанып, номері көрініп қалды... Жүректері кеудесіне сыймай дүрс-дүрс қағып жатқан «батырлар» бұдан әрі шыдап жата алмады. Атып-атып түрегелді де, ауыл қайдасың деп зымырай жөнелді.

Содан олар ауыл шетіне іліккенде ғана еңтігін басып, тоқтай қалды.

– Уһ, өкпем күйіп кетті ғой, – деп Қобалақ жерге домалай кетті. – Уһ, ішім-ай, ішім-ай! Ішімде бір нәрсе үзіліп кеткен сияқты тура... уһ, уһ... жаңа жүгіріп келе жатқанымда сырт етіп үзілгенін өз құлағыммен естідім. Ішегім шығар, ә?..

Бірс-ырс етіп әрең дем алып тұрған Оқымысты еңкейіп:

– Кә... кәне, көрейінші, – деп бүрісіп жатқан оны иығынан тартты. Үңіліп қарады да: – Ой, Қожанәсір-ай, көйлегінде бір түйме қалмапты ғой, – деді.

– Иә саған, – Қобалақ жалма-жан омырауын сипалап көрді. – Шын екен...

Жылтыңбай сақылдап күліп жіберді.

Күлиман әженің құлығы

Әнеукүнгі оқиғадан кейін Күлиман әже аса сақ болып жүретін. Ауладағы үйшігінде шынжырлаулы тұратын Құттыаяққа, осы үйдің жылы-жұмсағына ортақтасып, әбден семіріп алған тарғыл мысыққа күдіктене қарап, кірсе, шықса есікті тарс бекітіп қояды. Бірақ осылай сақтанып жүргеніне қарамай, дәліздегі суды кеше тағы да бір нәрсе ішіп кетіпті. «Апырым-ай, бұл қырсыққа қандай амал тапсам екен» деп күні бойы ойланды. Ақыры тапты да. Таңертеңгілік ұлы мен келіні жұмыстарына кеткен соң, есікті жауып, табалдырыққа бір жіпті көлденен байлады. Жіптің бір ұшына бақырашты, ескі қаңылтыр құтыларды ілді. Белгісіз ұры кіріп кіріп келгенде, шалынып, құтыларды қаңғырлатып жіберсін дегені. Сол кезде Күлиман әженің өзі де жүгіріп шықса болмай ма... «Айналдырған екі қасық суға ортақтасып жүрген жер жұтқырдың сазайын берейін», деп ойлап қояды. Сөйтіп көңілін бір демдеп, үйде оны-мұны шаруасын жасап жүрген. Біраздан соң сыртқы есік ашылды, жіпке байланған құтылар қаңғыр-құңғыр етті де, әлдекімнің «ыңқ-қ»... деген даусы естілді. «Ә, бәлем, түстің бе қолға?!» Күлиман әже тез-тез басып дәлізге шықты. Ұзынынан сұлап түскен Қожамқұл шал:

– Астапыралла, – деп қолымен жер тіреп тұрып келе жатыр екен. – Ойбай, құдағи, есенбісің?.. Бісміллә, бісміллә... шайтан

шалған шығар аяғымнан. Жер ұшық жасап жібер, неғып тұрсын кәнсерт көргендей состиып. Ойбай-ай...

– Үйбай, құда-ау, сен бе... шайтан емес, қара басып есіктің аузына жіп байлап қойған мен едім.

– Астапыралла, не дейді?!

– Кәне, тұрыңызшы әуелі, – Құлиман әже о кісінің қолтығынан сүйемелдеді. – Түнеукүннен бері суымызға ит пе, құс па, адам ба білмеймін, әйтеуір, бірдеңе өшігіп алды. Соған жасаған амалым ғой. Қақпаныма түсіп қалған ұрым сіз болдыңыз, о, жарықтық...

– А?! – Қожамқұл шал тіксініп қалды. – Жасаған-ай, жетпіске келгенімде, мені ұры атандырмақпысың?! Ehe, ehe... he... he... Қожамқұл су ұрлапты... апырым-ай, алтын емес, күміс емес, ehe, ehe... he... he... тым құрыса мәскуіш те емес. Тіпә, тіпә, неғылған жаман ырым, – Қожамқұл шал сыртқа ата жөнелді. Шығып бара жатып жіптің бір ұшын аяғымен тағы да іліп кетіп, етбетінен түсе жаздады.

– Оу, құда, құда, – деп Құлиман әже де абдырап қалды. – Құ-декесі... апыр-ай, осы кісінің тез тұтана қалатыны-ай, жүдә. О, жазған, сізді ұры деген кім бар, сөздің рәсімі де әншейін. Қалжындағанды да түсінбейді екенсіз өзі... О, тоқта, тоқтаңыз...

Құлиман әже соңынан қуа шықты, құдасының жеңінен ұстады.

– Үйбай, үлкен кісі-ау, бір ашуыңызды қиыңыз, – деді қиылып.

Сол кезде Жапатас жақтағы жол үстінен түйдек-түйдек шаң көрінді. Жазық даланың төсі арылдаған, гүрілдеген дауыстарға толып кетті. Есік алдында қалтаңдап жүрген бала мінезді екі қария солай қарап елендеп, көз тігіп тұрып қалды. Осы сәтте көк сиыр сумаңдап тағы да дәлізге кіріп бара жатты.

Жапатастың бөктерін шандатып, ұзыннан-ұзақ созылып келе жатқан машиналар тізбегі Бақыршаға қарай бет түзеді. Бұлар – құдықшылар еді.

Бір топ қара борбай бала жол үстінде тұтылып қалған шаңға карамай, борпылдақ топырақты бұрқырата кешіп жүгіріп барды.

– Алақай, қандай көп машина!

– Құдық қазушылар келді! – деп айқайлады олардың біреуі.

– Құдық келе жатқый! – деп айқайлайды балалардың ең алдында жүріп бара жатқан бес жасар Бөрібек жерден жеті қоян тапқандай қуанып.



– Құдық келе жатый! – Сірә, оның ауылға қандай қуаныш келгенімен ісі жоқ, әйтеуір, балалардың осылай шаттана жүтіргеніне, сол дүрмектің соңынан өзінің де ілескеніне мәз.

– Құдықшылар екен ғой, – деді Қожамқұл шал да күлімсіреп. – Қадамдарына гүл бітсін, Жетікөл, Жапатағас өңірін нуға бөледер!

Осы сәт;

– О, қарасан келгір! – деген Құлиман әженің даусы оқыс шықты. Қожамқұл шал селк ете түсті. Қолына оңай ілінген бақырашты аспандата көтеріп, Құлиман әже көк сиырды безілдетіп қуып барады екен.

Құдықшылар

Ауылға келген құдықшылар тас құдықты зерттеп, судың қанша тереңдіктен шыққанын көреді екен деген сөз ел арасына тез тарап кетті. Бала-шағаға қызық көрінгенімен, бұл хабар кемпір-шалдарға ұнамады. «Киелі жерді қайта қазады екен», «Бұның арты жақсылыққа соқтырмайды», «Басқа жер жетпегендей онда несі бар екен, түге», «Тас құдықтан бәрібір су шықпайды» десіп, дүрлігіп жүрді.

Осы хабарды естіген соң, Жүрекжұтқан, Жылтыңбай, Қобалақ және Оқымыстылар да тағат тауып отыра алмады. Бұны, әрине, түн жамылып тас құдыққа келіп жүрген кісілер де естіді. Одан соң қайтып айналып соқпай кетулері де мүмкін ғой. Қалайда бұл істің алдын алу керек.

– Енді құпиялап жатуға болмайды, – деді Жүрекжұтқан. – Бәрін де айту керек.

– Кімге?

– Бақтияр ағайға.

Балалар үнсіз қалды. Бәрі де Бақтияр ағайдың осу ауылдағы учаскелік милиционер екенін біледі. Бірақ ол кісі бүгін ауылда жоқ болатын. Олар кеңсеге барып еді, таба алмады. Орталыққа кетіпті. Ал ауыл шетіне шатыр құрып, құрал-саймандарын әзірлеп жатқан құдықшылар бүгін тас құдыққа барулары да мүмкін. Балалар кеңсенің алдынан ұзап кетпей, Бақтияр ағайды күтіп жүрген. Бір кезде Балта ағай терезені ашып:

– Әй, балалар, сендер жайша жүрсіндер ме? – деп дауыстады.

– Жайша, – деді Қобалақ.

Балта ағай осы бөлімшенің меңгерушісі. Жазық маңдай, мол денелі, жайдары кісі. Үнемі күлімсіреп жүреді. Кенет Жүрекжұтқан:

– Балалар, – деді. – Осы Балта ағайдың өзіне айтайық. Әйтпесе милиционер қашан келеді деп жүргенімізде, құдықшылар тас құдыққа барады...

Арада біраз уақыт өткенде, балалар Балта ағайдың бөлмесінде отырды.

– Сендер оларды қашаннан бері бақылап жүрсіндер? – деп сұрады ол кісі. – Ім... өткен аптадан бері дейсіндер, ә?! Күніне екі қап... иә, астық орылып біткенше осылай көртышқаншылап жүріп біраз бидайды жымқырып кетеді. Жарайды, балалар, сендерге көп рақмет. Енді қалған істі бізге тапсырындар.

– Ағай, ұрыларды ұстауға біз де қатысамыз ба? – деді аңқау Кобалак. Жылтыңбай оны бүйірінен түртіп қалды.

– Жоқ, балалар. Сендер ондай қауіпті іске араласпай-ақ қойындар. Олар өздерінің сыры ашылатын жерде еш нәрседен аянып қалмайды. Ал тас құдыққа келетін болсақ, құдықшылар бүгін де, ертең де ол жаққа бармайды. Өйткені құдықтың тереңдігі бір кездері отыз-қырық құлаштай болғанын, қазір жартысынан астамын топырақ көміп қалғандығын мен оларға айтқанмын. Көне құдықты аршимыз деген сөздің де жөні жоқ, өйткені ол ауылдан қашықтау. Ал жаңа құдықты, әне, анау дөңнің үстінен қазады, – деп терезеден ұстахана тұрған аласалау дөңді нұсқап көрсетті.

Осы кезде есік ашылып, ішке Ақ-апа кірді. Жүзін күн қақтаған қара торы шопан апаны балалардың бәрі де жақсы көруші еді. Ол кісінің келгеніне Балта ағай да қуанды. Орнынан тұрып, қол беріп амандасты. Ақ-апа балаларды көріп, аздап таңырқап қалды.

– Оу, балақандарым-ау, сендер мұнда қайдан жүрсіндер?

Балалар бір-біріне қарап, үндемеді. Балта ағай күліп:

– Ауылға келе бермеуші едіңіз, өзіңіз қайдан жүрсіз, Ақ-апа, – деді.

– Е-е, ауылға бір қуаныш келіп жатыр деп есітіп, құтты болсын айтқалы келгенім де. Су шықса жақсы болар еді ғой, шіркін.

– Су шығады, Ақ-апа!

– Иә, деймін-ау, оған анау тас құдық куә емес пе. Ілгеріде аталарымыз айтып отырушы еді, мыңғырған байдың мың сан жылқысын суарғанда деңгейінен бір түсіп, су ортайғанын көрген емеспіз деп. Айтпақшы, өзіңе айтқалы келген бір сөзім бар еді. Жайшылықтағы ұсақ-түйек шаруа емес... мына балалар отыр екен... әйтсе де уақытым жоқ.

– Иә, айтыңыз, Ақ-апа, бұл балалар да сондай бір маңызды шаруамен келіпті.

– Айтсам, Жетіқыр жақтан астық таситын машиналардың керуені менің отарымның жанынан күнде өтіп жатады. Солардың біреуі маған күдіктілеу көрініп жүр біраз күннен бері. Кешкі апақ-сапақта күнде бір мезгілде екі адам терең сайдың тұсында күтіп тұрады. Әнеукүні атпен сол жақты бір шолып едім, әлгі екеуі мені алыстан көріп, қашып кетті.

– Сірә, Ақ-апа, сіздің көргеніңіз бен мына балалардың айтқанында бір сабақтастық бар-ау деймін, – деп Балта ағай ойланып қалды.

* * *

Бүгін де кешегі мезгілде Жапатастың беткейіндегі жолдан бір машина бері қарай бұрылды. Тас құдықтың жанына жеткен соң іштен екі адам түсті де, бірі үстіне шықты. Сол сәт жан-жақтан жарқ-жүрқ қол шамдар жанды да:

– Тырп етпендер! – деген әмірлі үн түнгі ауаны қақ тіліп өтті. Бектай мен Жантай қап көтерген күйі біреу төбелерінен су құйып жібергендей селтиіп тұрып қалды. Қолдаса көтерген бір қап бидай тасқа айналып кеткендей жерге тұқырып, бүгіле берді. Айқай естілген бойда қара сұр жігіт газды басты. Соның артынша милиция мотоциклінің сиренасы естілді. Терең сайдың сол жақ қанатынан да қос жарық көрінді. Бұл Самалбектің машинасы еді. Қорабындағы сары алтындай маржан дәнді төгіп-шашып бара жатқан машинаның соңынан зымырай жөнелді.

– Қашып құтыла алмайсың! – деді рульді қыса ұстаған күйі, алдыңғы жақта кетіп бара жатқан машинадан көзін алмай.

Ертеңіне құдықшылар мұнара тұрғызуды бастады. Енді ауыл сыртындағы төбенің үстінен құдық қазушылар орнатқан үлкен мотордың қуатты үні күндіз-түні тынбай естіліп тұратын болды. Шағын ауылдың тынымсыз тіршілігін сездіріп, үздіксіз соғып жатқан жүрегі секілді.

АҚШОҚЫДАҒЫ АТТЫ ӘСКЕРЛЕР

«Өз өтірігіңмен сен ешкімге де зиян келтірмейсің, қайта жұртты қызыққа батырасың, өйткені бұл өтірік емес, өнер-тапқыштық, дәлірек айтса, жай әншейін өтірік емес, поэтикалық ой-толғамдарың».

Салас Барбадильо.

«Момыс құдайдың поштасынан»

Мен ойлаймын, қиял болмаса, біздің рухани әлеміміз әлдеқашан иесіз үйдей қаңырап бос қалар еді де, рухымыз жадап-жүдеп, жарық дүниеден баяғыда баз кешіп кетер еді-ау...

Оның есімі Әлімтай ма еді, әлде Әлімжан ба еді... дәл қазір анық есімде жоқ. Одан бері талай жыл өтті ғой. Біз оны Әнөш деп айтатынбыз. Еркелетіп айтамыз ба немесе әу баста солай әдеттеніп кеттік пе, білмеймін.

Бойы ұзын, аяқ-қолы сырықтай жіңішке, арық, қара торы бала болатын. Атасы мен көкесіне еріп, біздің ауылға анда-санда бір келіп-кетіп жүруші еді. Өз үйі ауылдан жиырма-отыз шақырымдай қашықта. Ақшоқы деген жерде. Әкесі қой бағатын.

Әңгімемді өткен шақтан бастап отырған себебім, Әнөш қазір үйлі-баранды, балалы-шағалы, үлкен кісі болып кетті ғой. Тіпті оны Әнөш деп атаудың өзі де енді ыңғайсыздау болар. Әрі...сол бір алаңсыз шақ жүйрік пойыздай зымырап, біздің балалық развезімізден әлдеқашан өтіп кеткен. Қайта оралып соқпайды енді. Тек қана балалық шақтың балдай тәтті күндеріне қарай жетелеп, екі аралықтағы жылдар салған қамалдардан, уақыт атты ұлы көш жүріп өткен шың-құздар мен тар шатқалдардан шалдықтырмай алып өтіп апарар жалғыз ғана соқпақ – қиял соқпағы. Ал сол сиқырлы соқпақпен желдей есіп желер жүйрік – қиял жүйрігі.

Әнөштің бір ерекшелігі, жыл бойы Ақшоқыда жүріп Қиял жүйріктің жалынан жалғыз тартып мінетін де армансыз желе-тұғын. Сондықтан да ауылға ат ізін салған сайын, дорбалап әңгімелер әкелер еді...

Ол ауылға келген сайын біз қатты қуанатынбыз. Ал Әнөштің әуелде бізден ұялып, қызарақтай беретін бір қызық әдеті бар-ды. Және сол әдетін әрбір келген сайын қайталайтын. Жан-

жақтан жамырап жүгіріп шығатын бір топ баланы алғашқыда өп-өтірік көрмеген сияктанып, ешқайда бұрылып қарамай, арбаның үстінде қаздып отыратын да қалатын.

– Өнөш келді!

– Өнөшті қараңдар!

– Дәу жігіт болып қалыпты ғой! – деп айқайлап сөйлеп, бәріміз көріп тұрсақ та саусағымызды шошайтып, бір-бірімізге көрсетіп жатамыз. Ол болса, ешнәрсе естімеген адамдай қыбыр етпей отыра береді. Бірақ ауыл ортасындағы тастақ көшенің бойымен селкілдеп келе жатқан арбаның соңынан қалмай жүгіріп жүрген біз оның барлық сөзімізді естіп отыратынын қызарған жүзінен, ұяла күлімсіреген көздерінен біліп қоямыз.

– Өнөш!

– Өнөш, бері қарасаңшы! – деп айқайлаймыз.

Күні бойы ойыннан қолдары босамайтын Бесіктас аулының бір топ қара борбай балаларына, яғни бізге қарап, арбаға төселген шөптің үстінде отырған ақ жаулықты шүйкедей қара кемпір – Өнөштің әжесі:

– Өй, айналайын, біздің Өнөштайдың достары екен ғой бұлар, – деп, мейірлене күлетін. Атасы да бізге жымия қарап, қаққан қазықтай шаншылып отырған немересінің шынтағынан камшысының сабымен түртіп қойып:

– Өй, ана балалар сені шақырып жүр ғой. Адам құсап амандаспайсың ба?! – деуші еді немересінің қылығына көңілі толмай.

Өнөш сонда да ұялып, біз жаққа қарамауға тырысады. Атасының сөзін естімеген адамдай арбаның үстінде шаншылып отыра береді.

– Өй, ұсқының құрғыр, ынжық неме! – деп, кейіп тастайды атасы оған. – Далада жүріп, әбден жабайы болып кеткен ғой бұл!

Олар көбінесе ауылдағы той-томалаққа немесе жаназаға келетін.

Той өтіп жатқан үйдің алдына жетіп тоқтап, арбадан түскен соң ған, Өнөш бізбен үлкен кісілерше қол алысып амандасады. Оның қолын бір қысып қалуға бәріміз таласа-тармаса ұмтыламыз.

– Ассалаумағаликөм!

Өнөш міндетті түрде той иелерінің де қолын қос қолдап қысып, «Ассалаумағалейкүмді» мәнерлеп, созып айтады. Кейде үні эзер естіліп, қысылып тұрып: «Той көбейсін...» деп қоятыны да бар.

– Ой, бәрекелде! Айтқаның келсін! – деп, риза болып қалады ондайда той иесі. Кейбіреулері оны арқасынан еркелете қағып, ыстық ілтипатпен қарсы алып, қонақтар отырған үйге қарай бастайды. Ал біз бір қызық спектакль көріп жүргендей, шұбырып соңынан ілесеміз. Тіпті сол шұбырғаннан шұбырып қонақтар отырған үйге де бірге кіріп кететін кездеріміз жиі болып тұрады. Онда біздің құдайымыз берді дей бер! Дастарқандағы кәмпит-күлшенің біразын аузымызға, біразын қалтамызға тығып, мәз болып шығамыз. Неге екені, той жасаған үйдің тамағы тәтті болады ғой.

Әнөштің ауылдағы бір қорқатыны – Айғанша деген ақ құба, толықша келген, әдемі, әзілқой әйел. Шынын айтсақ, қорқатын емес, қатты ұялатын кісісі. Әйтпесе Әнөшке қорқу деген қайда-а-а! Қаперіне де келмейді ғой. Әнөш дегенің... жарайды, ол турлы әңгіме кейінірек болсын.

Айғанша Әнөшті көрген жерде:

– Әй, осы жылтыр қараға қызымды беріп, күйеу бала қылып аламын-ау! – дейді қалжыңдап.

Әнөштің ұяттан өртенетін жері – осы. Әлгі сөзді естіген бойда ауланың сыртына бір-ақ атып шығады да, той тарқағанша Айғаншаның көзіне түспеуге тырысып, қашқақтап жүреді.

Айғаншаның екі қызы бар. Біреуі бізбен жасты, шашын жіп-жінішке қос бұрым етіп өріп жүретін бадырақ көз, апасына тартқан әдемі Гүлшаһар. Екіншісі өзінің басына өзі құм сеуіп ойнап отыратын жалбыр шаш, балпиған семіз Гүлжауһар деген кішкентайы. Айғаншаның айтатыны да сол – балпиған семізі.

– Үйбай, күйеу баламның ұялшағын-ай, – деп, сықылықтап күлген Айғаншаға қосылып біз де мәзбіз.

Сосын той өтіп жатқан үйдің дуалының түбіне жиналып асық ойнаймыз. Әнөш өзімен бірге бір қалта асық ала келген. Оның бәрі де боялған, ірі асықтар. Кенайының өзі біздің сақамызбен бірдей.

О-о, Әнөштей асық ойнау қайда-а! Ол бір көзін қысып тұрып, он шақты қадамдай жерден көздеп шиіріп ұрғанда, Әжіғали әкеліп тігетін титтей «төшкінің» асықтары да мұрттай ұшып жатады. Әрине, ол біздің бәрімізді «қақтап» ұтып алады. Үнемі дүптен шықпайтын Барақбай да «қағылып» қалады. Бірақ оған ешқайсымыз да өкпелеп, шатақ шығармаймыз. Өйткені ойын соңында асығымызды өзімізге таратып береді. Кейде тіпті өзі әкелген асықтарды да бәрімізге төрт-бесеуден үлестіріп кетеді.

Ал ең қызығы – Әнөштің әңгімелері еді ғой! Ойыннан соң дуалдың түбіне қаз-қатар тізіліп отырамыз. Ол шып-шып тершіген шекесін көйлегінің омырау қалтасына салып жүретін кішкентай кестелі орамалымен сүртіп қойып, әңгімесін бастайды.

Біз болсақ, аузымыз аңқайып: біріміздің сілекейіміз шұбырып, біріміз меңірейіп, біріміз тесірейіп, енді біріміз саусағымызбен мұрнымызды шұқып отырып тыңдаймыз, жалықпай тыңдай береміз...

Әнөштің әңгімесі:

«Ақшоқыға келген ақгвардияшылар»

– Бір күні біздің Байтөбет Ақшоқының биігіне шығып алып, ұзақ-ұзақ ұлыды. Сөйтсек, жау келе жатқанын күні бұрын сезген екен ғой. Ертеңіне Ақшоқыға ақтардың әскері сау ете түсті, – деп бастады ол әңгімесін.

Мың тоғыз жүз алпыс төртінші жылдың шыжыған шілдесінде, ел аман, жұрт тынышта қайдағы қаңғырып жүрген ақгвардияшылардың әскері екенінде Әнөштің де, біздің шаруамыз болмайды. Сол себепті арамызда күдік келтірушілер табылмайтын.

Әнөш қызықты етіп айтады, біз қызығып тыңдаймыз – бар болғаны сол ғана.

– Күн ұясынан көтерілмей тұрған шақта, қойды өріске айдап кеткен көкем ақтардың қолына түсіп қалыпты. Қолын артына қайырып байлап, мойнына арқан салып, дедектетіп сүйреп әкелді. Жалғыз өзі айдалада ақтармен әбден айқасқан болуы керек, көкемнің үсті-басы қан-қан.

Жүз шақты солдат аттарын ойнақтатып келіп, біздің үйді қоршап алды. Беті бұжыр, мұрны қып-қызыл, көзі тұздай атаман жыланша иретілген мұртын шиіріп, ат үстінде тұрып:

– Мынау сенің балаң ба?! – деп ақырды есік алдына шыққан атама қарап. Қабағы қатулы. Қолында бесатары бар.

– Иә, менің балам, – деді атам.

– Коммунист пе?!

Атам оның сөзін естімеген адамдай көзін сығырайта аспанға қарап:

– Күн түс болып қалыпты-ау! – деді аспай-саспай.

– «Коммунист пе?» деп сұрап тұрмын мен сенен! – Атаман ызаға булығып, шикандай қызарды. – Айт жаныңның барында! Әйтпесе атамын!

– Тақсыр, шөлдеген шығарсыз, үйге кіріп шай ішпейсіз бе?
– Һм! Шай дейсің бе?! – деп, атаман кезерген ернін тілімен жалап, ойланып қалды. Сол кезде оның жанындағы бір қора солдат:

– Шөлдедік!

– Шай ішкіміз келеді!

– Шай! – деп дегбірсіздене айқайлады. Атаман аспанға дүркін-дүркін оқ атып, астындағы ақ боз атын ойнақтата:

– Қысқартыңдар! – деп айқайлады. – Бұл қақпас әуелі мына баласы коммунист пе, жоқ па – соны айтсын.

– Коммунистпін дедім ғой мен саған! – деді көкем осы сәт атаманға ала көзімен қарап. – Шалды босқа әурелеме!

– Жо-жоқ! – деді атаман мысқылдай күліп. – Біз сенің коммунист екеніңе әуелі көз жеткізіп алуымыз керек. Мүмкін, сен бізді алдап тұрған шығарсың. Билетің қайда?

– Оны саған көрсетпеймін!

– Көрсетпегенді көрсетейін мен саған! – Атаманның жанындағы тақыр бас, торсықтай іркілдеген томпақ солдат көкемді қақ шекеден қамшымен осып жіберді.

Көкемнің маңдайынан қан бұрқ ете түсті.

– Көке! – деп жан ұшыра ұмтыла беріп едім, екі солдат шап беріп ұстай алды.

– Қозғалма! Бұлқынсаң, жарып тастаймыз! – деп, қолдарындағы қылышын дәл иегімнің астына тақады.

Апам ошақ жақта бауырсақ пісіріп жүрген еді. Төрт-бес солдат шарадағы бауырсаққа таласа-тармаса ұмтыла бергенде, қолындағы кәкірмен қақ маңдайдан салды-ай дейсің! Біреуі сол жерге жалпасынан түсті. Қалғандары еңбектеп атаманға қарай қашты.

(...Ақтың солдаттары Өнөштің апасынан таяқ жейтін тұста біз ішек-сілеміз қатқанша күліп, мәз болып қаламыз).

Атаман астындағы атын тебініп, апама қарай омыраулатып келді де:

– Әй, сен менің солдаттарымды неге ұрасың? – деді қалшылдап. – Кәне, тез шай қойып, дастарқан жаса! Бауырсақтарды бізге бер! Өйтпесе мынау Өнөштің көкесін атып тастаймыз!

Осы жерде атам атаманға қарап жалбақтап:

– Шай бар, тақсыр. Дастарқан да бар. Үйге кіріңіздер! – деп, қос қолымен есік жақты нұсқап, оларды үйге шақыра бастады. Білмей жүр екенбіз, біздің атам сатқын екен.

Ақтар үйге кіріп, бір-бір жастықты ала жамбастап шәниіп жатып алған кезде, мен зып беріп далаға шығып кетпек болдым. Соны сезіп қалған атаман:

– Токта! Ешқайда кетпе! Сен бізге бір қастандық жасағалы жүрсің ғой, ә?! Біле-е-емін! Тырп етпе! Менің қасымда отыр! – деді бұйырып.

Олардың әрқайсысы жиырма-отыз кеседен шай ішіп, үйдің ішін көк ала түгін қылып темекі шегіп, дәудірлеп сөйлей бастады. «Өткен түнде бір отрядты тас-талқан қылып жеңіп, бір ауылды түгел қырып салдық. Тіпті түнімен ұйқы көргеніміз жоқ» деп мақтанып қояды.

– Бүгін түнде Бесіктасқа шабуыл жасаймыз! – деді бір кезде атаман. – Коммунистердің бәрін құртамыз. Балаларын құл қылып жұмсаймыз!

Атаманның жанындағы кеңірдегі қылқиған нөкері:

– Балаларын да өлтіру керек! – деп жалма-жан тапаншасын суырып алды да, үйдің төбесіне қарата атып-атып жіберді.

Сол кезде киіз үйдің шаңырағы гүрс етіп құлап, ақтардың үстін басып қалды. Тырбандап шыға алмай, кейбіреулерінің шекесі жарылып, белі шойырылып, қызық болды-ай. Біразына шәугімдегі ыстық су шашырап, бет-ауыздары күлдіреп күйіпті, – деп жымияды Әнөш.

...Біз де жымың-жымың күле бастаймыз.

– Босаға жақта шай құйып отырған атам сол кезде маған қарап көзін қысты. Мен оған ашуланып отырғанмын.

– Әнөш, сен мынау тақсыр-мырзаларға ыстық-ыстық шай құйып бер. Мен бұлардың аттарына жем салып келейін, – деді атам.

Шаңырақтың астынан сүйретіліп шығып келе жатқан бір солдат ыза болып:

– Өзіміз жидіп өлейін деп жатқанда, ыстық-ыстық шай құйып бер дейді ғой, – деп күңкілдеп ұрысты.

Атаман оған ала көзімен ата қарап:

– Тыныш отыр! Шал дұрыс айтады, – деп жекірді. – Аттарға жем беру керек. Бұл шал – жақсы шал екен.

Атам сыртқа шығып кетті. Мен амалсыздан шай құюға кірістім. Өдейі қасарысып, бірде шайдың қызылын тым көбейтіп, енді бірде аппақ ақ су құйып беріп отырмын. Атаман жақтырмай тыжырынып қояды. Жақтырмаса қайтейін. Егер менің ерімде болса, шай емес, у құйып берер едім ғой.

Олар үстеріне құлап түскен шаңырақты сыртқа шығарып, лақтырып тастамақ болғанда, қолдарынан жұлып алдым да, төрге апарып сүйеп қойдым.

Атаман:

– Әй, сен неге қиқарланасың? – деді қаһарына мініп.

Мен:

– Шайымызды ішсендер іше беріңдер, бірақ шаңырағымызға тиіспендер! – дедім қаймықпай, көзіне тура қарап.

Кенет ол жастықтан басын жұлып алып, жан-жағына құлағын түріп тыңдай қалды да:

– Әй, осы үйде тағы біреу бар сияқты. Ана шал... иә, иә, енді түсіндім. Шал бар жерде, кемпір де болуға тиісті. Кәне, үйді тінтіндер! – деп аласұрды.

Сөйтіп, олар үйдің астан-кестенін шығара тінтіп, сандықтың ішінен әжемді тауып алды.

Біздің әжем қорқақ қой. Сандықтың ішіне тығылып алып, үнін шығармай жатыр екен. Ақтардың солдаты мылтығын кезеніп:

– Тұр орныңнан! – деп ақырғанда, сасқалақтап қалып:

– Ойбо-о-ой, Әнөштай-ау, айдалада қой бағамыз деп бір бәлеге тап болдық қой?! – деп зарлап қоя берді.

(...Әнөш әжесінің даусын айнытпай салады. Біз оның бұл әртістігіне риза болып, қыран-топан күлкіге батамыз).

Түн ортасында Бесіктасқа шабуыл жасаймыз деп атаман тез жоспар құрып, картаға сызып көрсетті де:

– Ал енді түні бойы шайқасамыз деп бәрің де шаршаған шығарсыңдар. Жатып ұйықтаңдар, жақсылап тынығыңдар. Бұл үйдің көрпе-төсегін аямаңдар, қабат-қабат төсеп алып жата беріңдер. Ақшоқының үстіне күзет қойыңдар! Біраз тынығып, күш жинап алған жақсы, – деп, жатып қалды. Жастыққа басы тиюі мүң екен, өзі бірінші болып қор ете түсті. Басқалар да тез ұйықтап қалды. Тек бір көзі соқыр, бір аяғы ақсақ солдат ғана көпке дейін ұйықтамады. Жалғыз көзін жұмып, қалғып-шұлғып отырады да, селк етіп оянып, маған күдіктене қарайды. Бір кезде ол да қалжырап ұйықтады-ау, әйтеуір.

Мен сыбысымды білдірмей сыртқа шықтым. Есік алдындағы бақанға таңулы тұрған көкемді екі солдат күзетіп отыр екен. Апама кір киімдерін жуғызып қойыпты.

Көкем маған қабағының астынан түксие қарап:

– Өнөш, сен оларға сатылып кетіп жүрме! – деді.

– Жоқ, көке, ешқашан да сатылмаймын, – деп жауап қаттым мен. – Көке, қам жеме, сені қалайда құтқарып аламын!

«Қайтсем де пулеметтерді қолға түсіруім керек, – деп ойладым сосын. – Бірақ қалайша, қайтіп?..» Міне, мәселе сонда ғой. Өздерімен бірге әкелген екі пулеметті олар әлдеқашан Ақшоқының төбесіне орнатып қойған. Ол жақта төрт солдат күзетте тұр.

Сөйтіп, әрі-сәрі ой кешіп тұрғанымда атам ақырын ғана аяғының ұшымен басып жаныма келді. Мен де әуелгі кезде сендер сияқты атам ақтарға сатылып кеткен екен ғой деп едім. Жоқ. Олай емес екен.

– Мен аттардың жеміне ұйықтататын дәрі қосып бердім, – деді атам құлағыма сыбырлап. – Енді олар Бесіктасқа жете алмайды. Өйткені аттар ертеңге дейін оянбайды.

Қора жаққа қарасам, аттар, шынында да, түрегеп тұрған күйі тас боп ұйықтап қалыпты.

– Бір атқа ғана дәрі берген жоқпын, – деді атам. – Сен қазір соған мінесің де Бесіктастағыларға барып хабар бересің.

Біздің атам қу ғой. Соның бәрін демнің арасында қалай ойластырып қойған десейші.

Мен үйге кіріп, ұйықтап жатқан атаманның бесатарын байқатпай алып, мысықша басып сыртқа шықтым. Қораның тасында атам ерттеулі атты тізгінінен ұстап, күтіп тұр екен. Жүгіріп барып қарғып міндім.

– Жолың болсын, – деп, атам аттың сауырынан алақанымен қағып қалды. – Ақшоқыдағы күзеттен сақ бол!

(...Сол кезде біз де Өнөшке іштей сәт сапар тілеп, қауіптеніп, әңгіменің жалғасын дегбірсіздене күтеміз).

Атам жел жүйріктің нағыз өзін таңдаған екен. Құстай ұшты-ау жануар. Ат дүбірін естіген Ақшоқыдағы екі күзетші арт жағымнан тарс-тұрс мылтық атып, дүрсілдетіп қуа жөнелді. Бір оқ құлағымның түбінен ысқырып өтті. Жел жүйріктің жалына тас кенедей жабыса түсіп:

– Жеткізбе, жануарым! Құстай ұш! Бесіктасқа қарай зымыранша заула! – деймін күбірлеп.

Ертектегідей ақылды ат екен. Айтқанымды үнсіз ұғып, атқан оқтай заулады-ай!.. Артыма бұрылып қарап едім, күзетшілер де аттарына үстін-үстін қамшы басып, құйындатып келе жатыр. Аттың бір бүйіріне қарап жантая беріп, алдыңғысын қарауылға алдым да, шүріппені басып қалдым.

Пах-пұх! Пах-пұх!

Әлгі солдаттың басындағы қалпағы ұшып кетті. Іле-шала тағы да көздеп атып жібердім. Енді оның қолындағы мылтығы сусып жерге түсті. Оқ саусағына тиіпті. Бір қолымен аттың мойнынан қапсыра құшақтап бүгіле берді. Сонда да болса қалысар емес...

(...Әнөштің әңгімесінің әуеніне елігіп отырған біздер шыдамнан мүлде айырылып:

– Дәлдеп атсаңшы!

– Міне, былай... пах-пұх-х!

– Қақ маңдайдан тигізсеңші!

– Атын – атып құлатпайсың ба?! – деп, Әнөш ақтардың солдаттарымен тап қазір атысып келе жатқандай бүйірінен түрткілеп, иығынан тартқылап, мазасыздана бастаймыз).

– Атты атуға аядым, – дейді ол шып-шып тершіген шекесін кестелі бет орамалымен сүртіп қойып.

Ымырт үйіріліп, күн ұясына қона бастаған шақ еді. Алыста-а, күн батыс жақта алқызыл шапаққа малынып, қалың орман қызғылттанып көрінеді. «Шіркін, сол орманның шетіне бір ілінсем ғой, әрі қарай қорқыныш жоқ. Сыңсыған ағаштардың арасында аш түлкідей сандалтып, адастырып кетер едім-ау...» – деп ойлап қоямын.

Алдымыздан сарқырап ағып жатқан асау өзен кезікті. Біз жақындаған сайын, даусы зорайып, гүрілі күшейе түсті. Өзен жақтан ескен дымқыл леп сезілді. Сол өзеннен жүзіп өте бергенімде, арт жағымнан ата ма деп зәрем ұшты. Кенет аспа көпір есіме түскені. Ат басын солай қарай бұрдым.

Өзеннің жағасы қалың қопа қамыс еді. Соның арасына түсіп алып, адастырып барып, аспа көпірден дүрсілдетіп шауып өттім. Олар да көпірге келіп шықты. Ортаңғы тұсына жете бергенімде, қолымдағы қылышпен көпірдің діңгектерін шауып-шауып түсірдім. Аспа көпір сықырлап сынып бара жатқанда, анау екеуі жанұшыра айқайлады. Ағыны қатты өзенге аттарымен бірге өздері де гүрс-гүрс құлап түсті. Аттар жағаға тез жүзіп шығып кетті де, ол екеуі су бетінде бір көрініп, бір батып ағып бара жатты...

(...Табан астында қылышты қайдан тауып ала қойғанын Әнөш айтпайды, біз сұрамаймыз. Бар болғаны, оның қуғыннан аман-есен құтылғанына іштей қуанып, «уһ» деп демімізді бір-ақ аламыз.

Біздің Бесіктастың маңайында сарқырап ағып жатқан асау өзен де, сынсыған қалың орман да жоқ. Ауыз суды жер астынан атқылап шығатын артезиан құдыққа орнатылған құбырдан аламыз. Дәмі сор татитын жып-жылы су.

Теміржол станциясының айналасында ғана бес-алты түп қаратал өседі. Алыстан қарағанда белінен бір буа салған жусан сыпырғыға ұқсайды.

Ал Ақшоқыда, Өнөштің үйі тұратын жақта ағыны қатты асау өзен де, сынсыған қалың орман да болғаны ғой. Қандай рақат, ә!..)

– Сөйтп, түн ортасына таман Бесіктасқа жеттім, – деп жалғастырады ол әңгімесін. – Ат басын бірден Анарбектің ағасының үйіне қарай бұрдым. Ол кісі милиционер ғой. Жалма-жан киініп шықты. Сосын Дәулеттің, Әжіғалидың, Нұрланның, Шерәлінің, Үміттің көкелеріне бардық. Олар да тез киініп, мылтықтарын асынды.

(...Осы кезде ортамызда отырған Гүлшаһар:

– Менің көкем ше? – деп, елең ете түседі.

– Иә, айтпақшы, сенің көкең де келді, – дейді Өнөш оған. Айғаншаның үйіне барғанын ұялып әдейі айтпай отырғанын біздің қу жүрегіміз сезеді).

– Сөйтп, Ақшоқыға қарай бір топ атты әскер андыздап шаба жөнелдік, – дейді Өнөш. – Асау өзеннен аттарды бір-ақ қарғытып өтіп, ақтарды тырқыратып қудық. Жалаң аяқ, жалаң бас, жаяу қашты. Ур-ра-а!

– Ур-ра-а!

– Үр-ре-е-е!

– Өнөш командир, баста алға!

Біз орнымыздан ұшып-ұшып түрегеліп, Қалипа шешейдің маңғазсынып жүрген бір топ үйрек-қазын тым-тырақай етіп жан-жаққа қуамыз. Ет қызуымен еліріп, онсыз да құлағалы тұрған дуалын қолымыздағы таяқ қылыштармен «турап-турап» өтеміз.

– Әй, жүгірмегіңнен жүгіргілер! Мен сендерге шайқастың қандай болатынын көрсетейін! – деп, дуалдың ар жағынан Қалипа шешей жұлқына шығып қуып кеп береді. Біз де әлгі өзіміз қуған үйрек-қаздар сияқты тым-тырақай қашамыз.

Қалипа шешейдің тілі – шоқ, ашуы – ақыр заман. Қолына түссең сенің кім екеніңе де қарамай, көк тамырлары адырайған тап-тастай жұдырығымен көк желкеңнен аямай түйіп-түйіп жібереді.

– Жуадай солғырлар өңшең! Мұрындарыңнан маңқаларың ағып жүріп әскер ойнаған не теңдерің! Шекелеріңнен қызыл кандарыңды ағызайын, түге! – деп, қос бүйірін таянып, көпке дейін біздің соңымыздан өршелене айқайлап тұрады.

Кешқұрым Әнөш үйіне қайтады. Тобылғы торы ат жегілген арба адырдың ойқы-шойқы жолымен селкілдеп ұзап кетіп бара жатады. Алғашқы келгендегідей емес, арбаның арт жағында отырған Әнөш бұл жолы бізге қарап қол бұлғап, қимай қоштасады. Ал оның ар жағында, өзара әлденені шүйіркелесе әңгімелесіп, қу шал мен қорқақ кемпір отырады...

Әнөштің әңгімесі: «Қазақша сөйлейтін фашист»

Жарты сағаттан соң Ақшоқының ұшар биігінен терең окоп қазып алып, фашистерді күтіп жаттық.

Алыста-а-ан қаптаған тасбақалар көрінді. Анықтап қарасақ, тасбақа дегеніміз – фашистердің басындағы каскалары екен. Сап болып тізіліп, автоматтарынан оқ сеуіп, біреулер жасырынып жатқан жоқ па дегендей, айналасындағы бұта-қарағанға шейін атқылап, баудай қиып түсіріп келеді.

– Қазір оқ шығармаңдар! Жақындай түссін... – деді көкем сыбырлап.

– Бұларды Ақшоқыда күл-талқан етпесек, Бесіктастағы қамсыз жатқан елді қырып салады-ау, – деді атам қауіптеніп.

– Берік бол, Әнөш!

Жау құмырсқадай қаптап жақындап келеді. Түсі суық, алпамсадай өңкіген немелер екен өңшең. Қолдарындағы автоматтары күнге шағылысып, жарқ-жүрқ етеді. Тап бір ата-бабасының мекеніне келгендей аяқтарын алшаң-алшаң басады.

Жетісіп қалуын шіркіндердің, біз қазір оларды жер жастандырамыз. Ақшоқыда азамат жоқ, Бесіктаста ел жоқ деп ойлап па едіңдер?

Олар оқ жетер тұсқа келгенде көкем:

– Атыңдар! – деп бұйрық берді.

Сол кезде оқты бораттық-ай. Қоғадай жапырылып, сұлап түсіп жатыр. Әуелде олар қайдан, кімдердің оқ боратқанын білмей, әйтеуір, жандалбасалап жан-жағына ата берді.

(...Әнөш орнынан ұшып түрегеліп, жау солдаттарының қалай құлайтынын көрсетеді. Біз оған мәз болып, ішімізді басып, күлкіден түйіліп қала жаздаймыз.

– Әнөш, қайтадан көрсетші!

– Ой, қызық-ай!

– Мынау дәл ұқсатады!

– Ах-ха-ха-ха!)

Кенет Әнөш түсін суытып:

– Шынжыр табан танкілер көрінді! – дейді. – Тіпті жақындап қалды...

– Танкілер келе жатыр! – деп айқайлады көкем. – Гранаттарыңды сайлап, ұрысқа әзірленіңдер!

Шынжыр табан танкілер жолында кезіккеннің бәрін жапырып өтіп, таяп қалды. Үрейлі ұзын ұңғыларынан от бүркіп жібергенде, маңайдағы кішігірім төбелер жермен-жексен болып жатты.

Біреуі ентелеп Ақшоқыға өрлей бергенде, атам дәлдеп тұрып гранатын лақтырды. Дәу танк күрк-күрк жөтеліп тоқтады да, лапылдап жана бастады. Содан соң тағы да біреуі, тағы бірі... Көкем он шақты танкті қиратты. Мен де төрт-бесеуін құрттым. Кенет аспаннан самолеттердің гүрілі естілді...

– Апыр-ай, жау самолеттері ме деймін?.. Біздікілер көрінбейді-ау... – деп, атам қамыға бастады.

Жау ұшақтары бүйіріндегі крестер анық көрінді. Біреу емес, екеу емес, төртеуі бірдей түйіліп келеді. Біз оларды нысанаға алып ата бастадық. Сәлден соң біреуі соңынан қара түгінді будақтатқан күйі төмен қарай құлдылады. Қызық болғанда, фашистердің тап ортасына барып түсті де бұрк етіп жарылды. Сөйтіп, өз солдаттарының мың шақтысын жермен-жексен етті. Соның ізінше екіншісіне де оқ тиіп, ол да солай қарай құлады.

Сол кезде әуеден жарқ етіп біздің ұшақ көрінді. Ұшқыш төмен қарап қол бұлғап, жымыып күліп, бас бармағын шошайтты.

Біздің истребитель жау ұшақтарының соңына түсіп алып шүйіліп кеп берсін. Біреуін аспанда қиратты. Екіншісін қуып жетіп құлатты...

Біз фашистердің он солдатын, бір офицерін тұтқынға алдық. Қолдарын жоғары көтеріп, қорыққандарынан дір-дір етеді. Шыжыған шілденің күнінде тістері сақылдайды. Сиырдың тісіндей үлкен екен тістері. Көздері қып-қызыл. Шашы аппақ. Адам шошиды тіпті. Көкем екеуіміз күзетіп тұрдық. Атам офицерді тергей бастады.

(... – Сенің атаң немісше білетін бе еді? – дейді осы кезде ортамыздағы бір бала таң қалып.



– Жоқ. – Әнәш сәл бөгеліп қалады. Содан соң: – Фашистердің біреуі қазақша біледі екен, – дейді тапқырлық танытып).

– Сендер не үшін бізге қарсы соғыс аштыңдар, а?! – деді атам.

– Жерлеріңді тартып алғымыз келді.

– Немене, сендерге жер жетпей ме?

– Жетеді. Бірақ ол аз.

– Неге?

– Өйткені дүние жүзінің қожасы болғымыз келеді. Сондықтан да жер бетін түгел жаулап алуымыз керек.

– Қызық екенсіңдер өздерің! Сонда біз ше? Бізге жер керек емес деп ойлайсыңдар ма?

– Сендер құл болуға тиістісіңдер!

– Өй, атаңның көрі!.. Бізден сенің қай жерің артық?!

– Қару-жарағымыз бен техникамыз артық!

– Сондағы сендердің жеңіске жеткендерің кәне!

– Біз қапыда қалдық...

– Ал, жарайды, сен – қожайын, біз – құл бола қойдық делік. Сен қазақша білесің, ал мыналарың білмейді, қай тілде сөйлесеміз сонда?

– Немісше.

– Астапыралла, сонда мен құдайға да немісше құлшылық жасаймын ба?– деп, атамның көзі ағыздай болды.

– Иә.

– Өй, атаңның көрі!..

Осы кезде Ақшоқыға ұшақ келіп қонды. Өлгінде жауды жайратқан истребитель ше. Сол.

Ұшқыш күлімсіреп:

– Мен бәрін де көрдім. Сендер нағыз ерлерше шайқастыңдар! – деді. – Ал мына құзғындарды... қазір алып кетемін.

Сөйтіп ол фашистердің қолын артына байлап, желкелеп ұшаққа мінгізді де ұшып кетті...

(...Біз ұзақ отырып қалдық. Шіркін-ай, сол фашистермен шайқасар ма едік деп ойладық.

Әнәш бір түрлі қиялданып отырып:

– Ең бастысы Бесіктасты жаудан қорғап қалдық, – деді.

Біз оған риза болдық. Туған жерімізді жаудан қорғап қалғаны үшін іштей алғыс айттық).

* * *

Біз үшінші класты бітіретін жылы жазда баяғы ақтардың атаманын алдап соғып, фашист офицерін қазақша тергеп жүретін Әнөштің атасы дүние салды. Бекарыс ағай бастап, біздің кластың балалары түгел олардың үйіне көңіл айтуға бардық.

Ауылдан ұзап шыққан соң адырдың ойқы-шойқы шаңдақ жолы басталды. Автобус шоқ басқандай секіріп, ішімізді түйгіштеп, сілемізді қатырды. Ақшоқыға жеткенше тек көзіміз ғана жылтырап, бет-аузымыз шаңнан көрінбей қалды.

Сол жолы Ақшоқыға бір де бір ақтың әскерінің, бір де бір фашистің аяқ баспағанын білдік.

Оның бәрі де Әнөштің қиялынан туған қызық әңгімелер екенін түсіндік...

* * *

Сөреден бір-бірлеп құрт ұрлаған баладай, біздің базарлы балалық шағымызды уақыт байқатпай жымқырып әкетті. Есейген соң ертегідегі бақытын іздеген бала секілді әрқайсымыз әр тарапқа аттандық. Бесіктас біздің ыстық ұямыз болса, біз сол ұядан түлеп ұшқан балапандарға ұқсадық. Біреуіміз ерте, біреуіміз кеш оралып, қонып жаттық. Қуана қауышып, сағынышымызды басқан соң, қайта ұштық шарықтап.

Ақшоқы даласының төсіндегі құраған шырыштар мен құрайлар алыстан қарағанда қылтиып-қылтиып, қылышын қынабынан суырып андыздап шауып келе жатқан атты әскерлерге ұқсайды. Кім білсін, Әнөштің қиялына қанат бітірген де солар шығар... Қош болындар, балалық шақтың атты әскерлері!

СИҒЫРЛЫ АПЕЛЬСИН

Арай апельсинді сондай жақсы көруші еді. Уылжып піскен тәтті жемісті аузына салып, тамсанып, көзін жұмып, басын шайқаған кезде дөңгелек жүзіне күлкі үйіріліп, күндей жадырап сала беретін.

Алыс сапардан оралатын күні Арайдың осы бір әдеті есіне түсіп, әкесі алты килограмм апельсин сатып алды. Сөйтті де, түсі қып-қызыл машинасына отырып, Алматыға қарай зымырай жөнелді.

Алатаудың бөктеріндегі әдемі қалаға ол күн бата жетті. Бір сөмке апельсинді көтеріп, үйіне келгенде:

– Папа! – деп қуанып, Арай алдынан жүгіріп шықты.

– Мен саған апельсин әкелдім, – деді әкесі оны құшақтап, бетінен сүйіп жатып.

– Ой! – деп, күліп жіберді Арай. – Мен сізді апельсин үшін сағынбаймын ғой, папа!

– О-о, – деді сонда ерекше көңілденіп, қарқылдап күліп жіберген әкесі. – Менің қызым күннен-күнге ақылды болып келеді!

Әрине, Арай әкесі әкелген апельсиндерді сүйсініп жеді. Және оны өзі ғана жеп қоймай, үй ішіндегілердің бәріне үлестіріп берді. Ең алдымен, ауылдан қалаға қонақ болып келіп отырған атасы мен әжесіне сыйлады.

Ақ кимешек киген қоңырқай жүзді әжесі кішігірім әңгелек секілді қызыл-сары жемісті қолына алып, олай-былай үңіліп қарады, таңсық нәрсені әуес көргендей ернін сылп еткізіп:

– Апыр-ай, біздің жақта өспейтін көгеріш маған жақпаушы еді, – деді қауіптеніп.

Бірақ Арай:

– Әже, осы апельсинді жемей қойсаңыз бар ғой, мен сізге өкпелеймін! – деп, әдейі аузын бұртитып, көзін жыпылықтатқан соң:

– Үйбай-ау, мына қыз не дейді, әй?! Әпелсінге бола өкпелеп, әжесінен безе ме?! – деді басын шайқап жымиып. – Ал жейін, ендеше!..

Ал атасы болса, күректей алақанымен Арайдың басынан сипап, айналып-толғанып, қолындағы апельсинді өткір пышақпен екіге бөлді де, «ап» деп, жартысын бір-ақ асап жеп қойды. Оған Арайдың ішек-сілесі қатып, сықылқықтап күліп жіберді.

Сөйтіп, әкесі алыс сапардан келген апельсиндерді бәрі жабыла жеп, келесі күні әрең тауысты. Одан соң, атасы мен апасы жолға жиналып, кешкі автобуспен ауылға қайтатын болды.

– Ал, айналайын, аман-сау болыңдар! – деп атасы еңкейіп Арайдың бетінен сүйді. – Әпелсінге әбден тойдырдың, қызым!

– Иә, – деді осы кезде әжесі де қосарланып. – Осы жолы біз әдейі әпелсин жеуге келгендей болдық!

Оның бұл сөзіне үй ішіндегілер ду күлді.

* * *

Жексенбі күні әкесі мен шешесі Арайды саябаққа алып барады. Ой, қызық ойынның бәрі де осында ғой! Әткеншек тепкің келе ме, карусельге отырып, шырқобелек айналың келе ме, әлде кішкентай пойызға мініп алып, аз ғана уақытқа серуенге шығасың ба, әйтеуір, өз қалауың бойынша емін-еркін қыдырасың.

Арай сол ойыншықтардың бірінен соң біріне барып, әбден қызыққа батып, қуанып жүрді. Содан кейін олар кафеге кіріп балмұздақ жеп, қып-қызыл алманың шырынын ішті.

Кешкілік машинамен үйге қайтып келе жатқанда Арай өзінің кәдімгідей-ақ шаршағанын сезді. Әрі-беріден соң көзіне ұйқы тығылып, қалғып-мүлгі бастады. Шешесінің тізесіне басын қойып, біраз ұйықтап алғысы да келді. Сол сәтте кенет аяқ астындағы төсеніштің үстінде домалап жатқан бір апельсинді көріп қалды.

– Мама! – деп айқайлап жіберді Арай.

Шешесі селк ете түсті.

– Күнім-ау, не болды?..

– Апельсин, мама! Қарашы... апельсин!

– Түу, – деді шешесі енді оң қолымен жүрегінің тұсын басып. – Зәремді ұшырдың ғой, қызым-ау. Қайдағы апельсин?..

– Өне, – деді Арай өзі көрген апельсинді сұқ саусағымен нұсқап көрсетіп, – төсеніштің үстінде жатыр!

– А-а, – деді шешесі енді аяғының астына таңдана қарап. – Шынында да... апельсин...

Тап осы сәтте машина жүргізіп келе жатқан әкесі өзінен өзі қарқылдап күліп жіберді.

– Әй, ол кешегі менің сөмкемнен сусып түсіп қалған бір қу апельсин болды-ау, шамасы!

Әкесінің бұл сөзі Арайға тіпті қызық болып естілді.

– Папа, оны... алуға бола ма? – деп сұрады сиқырлы бір затты көргендей таңданып.

– Әрине, – деді әкесі көңілдене сөйлеп. – Оны тіпті, қазір жеп қойсаң да болады!

– Жо-о-оқ, – деді Арай даусын созып, басын шайқап. – Мен оны жемеймін.

– Неге?

– Жалғыз апельсинді жеп қойғым келмейді. Ұят болады...

– Кімнен? – деді әкесі таңғалып.

– Апельсиннен...

– Ха-ха-ха!

Арайдың әкесі тағы да қарқылдап күліп жіберді. Бұл жолы шешесі де езу тартты. Бірақ Арай күлген жоқ. Ол аяқ астында жатқан апельсинді қолына алып, үңіліп қарай бастады. Мұның да кешегі апельсиндерден еш айырмасы жоқ. Бірақ, жалғыз...

Үйге келгеннен соң Арай оны жылы суға жуып, сүртіп, өзінің бөлмесіне алып келді. Содан соң алақанындағы сүп-сүйкімді, доп-домалақ апельсинге қарап:

– Иә, сен қай жақтан келдің? – деп сұрады.

Апельсин, әрине, үндемеді. Өйткені ол сөйлей алмайды ғой. Бірақ Арайдың не туралы сұрағанын түсініп, күліп тұрған сияқты.

«Айтқысы келеді. Бірақ, айта алмайды» деп ойлады Арай одан көзін алмай қадала қарап тұрып.

* * *

Сол күні Арай бір қызық түс көрді. Түсінде апельсин кәдімгі адамдар сияқты сөйлеп жүр. Сүп-сүйкімді, дөп-дөңгелек жүзі күндей күлімдеп: «Арай, мен сені өзімнің өсіп-өнген жеріме шақырамын. Жүр, кеттік!» дейді.

Сөйтіп, Арай мен апельсин екеуі бір ұзақ сапарға шықты. Олар аз жүрді ме, көп жүрді ме, белгісіз, көкпенбек болып толқып жатқан теңіздің жағасына келді. Ақ желкендерін көтеріп, алыстап бара жатқан кемелерді көрді. Ондағы жолаушыларға қарап тұрып, қолдарын бұлғады. Содан соң теңіз жағасындағы жарқабақтарға қарай өрлеген жіңішке соқпақпен біраз жүріп еді, алдарынан бір жап-жасыл алқап кезікті. «Ой, мынау апельсин ағаштары ғой!» – деді Арай әсем баққа қарап таңғалып. Жап-жасыл жапырақтардың арасынан сығалап, жымыңжымың еткен қызғылт-сары, дөп-дөңгелек жемістер: «Иә, біз апельсиндерміз!» деп күлетін секілді.

Кенет осы бір әдемі бақтың ішінен балалардың даусы естілгендей болды. Арай құлағын тосып, тыңдай қалды. Иә, дабырлап сөйлеп, сықылықтап күліп жүрген балалар. Осы сәтте Арайдың қолындағы апельсин жерге секіріп түсіп, жіңішке соқпақпен алға қарай дөңгелей жөнелді.

Біраздан соң олар бақ ішінде жеміс теріп жүрген бір топ баланы көрді. Ой, мына қызықты қараңыз! Олар себет-себет апельсиндерді қолдаса көтеріп келе жатыр. Мұндай дәмді жемістің самсап піскен шағын Арай алғаш рет көрді.

Ол тіпті өзін осында ертіп келген апельсин досынан көз жазып қалмасам екен деп шошып қалды. Расында да, ол мынау апельсиндердің ортасына кіріп араласып кетсе, Арай оны қалай тауып алмақ?.. Жо-жоқ. Олай етуге болмайды. Достар ешқашан да бірін бірі жолда тастамайды. Міне, осыны сезгендей Арайдың дос апельсині жүгіріп келіп, алақанына қона кетті. Содан соң жап-жасыл, әп-әдемі баққа қарап күлімсіреп: «Мен де осында өсіп, піскенмін!» деді шаттанып.

Тап осы сәтте бақтың бір бұрышынан гүрілдеген машиналардың даусы естілді. Көп өтпей-ақ олар қалың ағаштың арасындағы жолмен тізіліп келіп, жәшік-жәшік болып жиналған апельсиндердің жанына тоқтады. Сосын бір топ жұмысшы әлгі жәшіктерді көтеріп, машиналардың қорабына сала бастады. Сол кезде Арайдың алақанындағы апельсин: «Ананы қарашы! Анау жазуларға қарашы!» деп қуанып, жерге секіріп түсті.

Арай да енді көрді. Жәшік-жәшік апельсиндерді тиеп жатқан жүк машиналардың қорабына «Қазақстанға», «Алматыға» деп жазылыпты. Арайдың жүрегі лүпілдеп, қуанып кетті. «Ой, мынау апельсиндердің бәрі де біздің еліміздегі сұлу қалаларға барады екен ғой!» деген ой оның көңілін теңіздей толқытып жіберді.

Содан соң апельсин екеуі тәсбиықтай тізіліп, алыс сапарға кетіп бара жатқан машиналарға қарап, қол бұлғады. Кенет әлгі машиналардың бірінің жүргізушісі бұларға: «Міне, мұнда қараңдар!» деп, саусағымен жүк қорабын нұсқады. Ой! Арай таң қалып, қолын шапалақтап жіберді. Алақанындағы апельсин де қуанғанынан секіріп-секіріп кетті. Өйткені, бұл машинаның қорабында үп-үлкен әріптермен жазылған «АРАЙ» леген жазу бар екен.

– Ой, аға-а-ай, мұның бәрін шынымен-ақ біздің үйге апара жатырсыз ба?! – деп айқайлады Арай. – Бұл көп қой, кө-ө-өп!

Осы кезде ұйықтап жатып айқайлаған Арайдың даусын естіген шешесі бөлмеге жүгіріп келді. Қызым бір жайсыз түс көріп, шошып қалған болар деп ойлап еді. Бірақ екі езуіне күлкі үйіріліп, пысылдап ұйықтап жатқан Арайға көзі түскенде, еріксіз жымыды.

* * *

Таңертеңгі шайдан соң Арай апельсинді қолына алып, аулаға шықты. Күн жып-жылы екен. Жаймашуақ күздің жұмсақ лебі бүкіл қаланы балбыратып, мейірім шуағына бөлеп тұр.

– Анау жерде әртүрлі жеміс-жидек сағатын дүкен бар, – деді Арай өзінің қолындағы апельсинге күлімсірей қарап. – Онда әрине, апельсин де, мандарин де көп. Бірақ сен олардың бәрінен ерекшесің!

Күн шуағына шомылып, жалт-жұлт еткен апельсин оған қуана қарап: «Неге?» деп сұрағандай болды.

– Өйткені сен өте алыстан келдің, – деді Арай оған. – Түнде маған өзіңнің туып-өскен жеріңді көрсеттін.

Дәл осы сәтте көрші үйден шығып келе жатқан Айжан көрінді. Жап-жарық күн сәулесі көзін қарықтырғандай қалт тоқтап, қолын шекесіне апарып, жан-жағына қарай бастады.

– Арай, сен қайда бара жатырсың? – деп дауыстады содан соң.

– Мен бе... Жай әншейін, аулада серуендеп жүрмін, – деді Арай.

– Онда екеуіміз әткеншек тепсек қайтеді, а?!

– Жарайды.

Содан соң олар ауладағы құм төселген ойын алаңына қарай беттеді. Онда қазір ешкім жоқ еді. Таңертеңгі мезгілде аула сыпырушы атай келіп тазалап, сыпырып кеткен құмның бетіне әлі із түсіп үлгірмепті. Арай мен Айжан әткеншекке отырып, ақырын тербетіле бастады.

– Кеше біз саябаққа бардық, – деді Арай. – Папам екеуіміз карусельге отырып, шыркөбелек айналдық. Ой, қызы-ы-ық болды!

– Ал мамаң ше?.. – деп сұрады Айжан.

– Ол бізді күтіп, қоршаудың сыртында тұрды.

– Неге?

– Өйткені, карусельге отырса басы айналады.

– А-а, – деді Айжан «түсіндім» дегендей басын шұлғып. – Мамалардың бәрі де сондай...

– Қандай?..

– Мысалы, біреуінің басы айналады, енді біреуінің басы қатады. Кеше мен қалтателефоннан шетелдік музыка тыңдап отырсам, мамам қасыма келіп: «Қызым-ау, мына шуылдағыңнан басым қатып кетті ғой, өшірші» деді.

– А-а, – деп Арай басын шұлғыды. – Үлкен кісілердің шетелдік эстраданы онша ұната бермейтіні белгілі.

– Неге өйтеді екен, а?!

– Білмеймін, – деді Арай иығын қозғап. – Менің мамам да ылғи: «Шіркін, біздің халық әндеріне жетпейді ғой!» деп отырады.

– Қызық!

– Иә, қызы-ы-ық...

– Арай, – деді кенет Айжан әлденеге таң қалғандай қасын керіп. – Кейін біз де өзіміздің мамамыз сияқты боламыз ба?!

– Мүмкін...

– Ой, қандай күлкілі, – деді Айжан сықылықтап.

Арай да күліп жіберді. Содан соң Айжан көйлегінің қалтасынан «Қазақстан» шоколады алып, ортасынан қақ бөлді де, жартысын Арайға берді.

– Рақмет.

Олар енді әткеншекті қаттырақ тебе бастады. Айналадағы үйлердің терезесі біресе лып етіп аспанға көтеріліп, біресе лып етіп жерге түсіп жатқан секілді. Аулаға шыққан балалар да жылт етіп бір көрініп, бір көрінбей кетеді. Әткеншектегі екі қыз өздерін құс сияқты ұшып бара жатқандай сезінеді.

– Уһ! – деді Айжан бір кезде. – Мен шөлдедім, Арай. Кел, екеуіміз сенің апельсиніңді бөліп жейікші.

Арай әлденеден шошығандай селк ете түсті.

– Жо-о-оқ, оны жеуге болмайды, – деді даусы дірілдеп.

– Неге? – деп таңғалды Айжан.

– Өйткені... – деді Арай күмілжіп. – Мен оны жеу үшін емес, серуендетіп қайту үшін алып шыққанмын.

– Ха-ха, – деді Айжан шын күліп отырғаны, әлде өтірік күліп отырғаны белгісіз. – Апельсинді ме? Ол немене, серуендетіп жүретіндей күшкі пе екен?!

– Ой, Айжан, мен саған бір қызық айтайын ба?.. – деді Арай енді досын өкпелеткісі келмей. – Біз бар ғой, кеше түнде апельсин өсетін елге барып келдік.

– Қалай?! – Айжанның көзі бақырайып кетті.

– Иә, солай!..

Арай оған өзінің түндегі көрген түсін түп-түгел айтып берді. Сөйтті де:

– Енді мен де апельсинге өзімнің туып-өскен жерімді көрсетуім керек. Солай емес пе?! – деп Айжанға сұраулы жүзбен қарады.

– Әрине, – деді Айжан басын шұлғып. – Бұл өзі расында да, өте бір қызық нәрсе екен!

– Иә.

– Бәлкім, оған біздің мектепті де көрсету керек шығар?!

Арай ойланып қалды.

– Жо-оқ, – деді содан соң басын шайқап. – Оны мектепке апаруға болмайды... Білесің ғой біздің сыныптағы балаларды! Біреуі болмаса біреуі бас салып, жеп қоюы мүмкін!

Иә, олардың сөйтуі ғажап емес дегендей Айжан басын шұлғыды. Өйткені сыныптағы балалар мұның қандай апельсин екенін әлі білмейді.

– Жарайды, – деді осы сәтте Арай қолындағы апельсинге қарап. – Саған бүгін ауланы көрсеттім. Айжанмен таныстың. Енді біз сабаққа барып келгенше үйде бол. Ешқайда кетіп қалма, жарай ма?!.

Сүп-сүйкімді апельсин Арайдың не айтқанын түсініп, жымып күлгендей болды.

* * *

Бүгін олардың класында бір қызық оқиға болды. Үшінші сабаққа кіруге шақырған қоңырау соғылып, оқушылар жапатармағай орындарына отырған кезде, орталарындағы Дархан деген бала жоқ болып шықты.

– Ол жаңа ғана осында жүр еді ғой, – деді апай оқушыларға сұраулы жүзбен қарап.

Сол сәтте Дарханның жанында отыратын Балташ қолын көтеріп:

– Апай, ол буфетке кеткен болатын. Бәлкім, қоңыраудың соғылғанын естімей қалған шығар. Рұқсат етсеңіз, мен барып, шақырып келейін, – деді.

Апай оған қарап басын изеді. Балташ жүгіре басып, кластан шыға жөнелді. Арада бес минут өткенде есік қағылып, ішке сығалап қараған Дархан:

– Апай, кіруге бола ма? – деп рұқсат сұрады.

– Кіре ғой.

Ол өз орнына келіп жайғасқан соң жан-жағындағы балалар күбірлеп: «Жаңа ғана Балташ сені іздеп кетіп еді ғой. Ол қайда? Сендер бір-бірінді көрмедіңдер ме?» деп сұрай бастады. Дархан иығын қиқаң еткізді. Содан соң қолын көтеріп: «Апай, Балташ мені іздеп буфет жақта кетіпті. Барып, ертіп келейінші» деді.

Тақтаға бүгінгі өтетін жаңа тақырыпты жазып жатқан апай сәл кідіріп, басын изегендей болды. Дархан аяғын жылдам басып шыға жөнелді.

Біраздан соң есік сәл ашылып, саңылаудан сығалаған Балташтың басы қылтиды. Сол сәтте іштегі балалар:

– Дархан сені іздеп кетті! – деп шу ете түсті.

Балташ күліп, басын изеді де есікті жаба қойды. Апай жаңа тапсырманы тақтаға жазып болып, бері бұрылғанда балалар жым-жырт бола қалды.

– Ал енді кешегі үйге берілген тапсырманы кім айтады? – деді апай класты көзімен бір шолып өтіп.

Алдыңғы партада отырған Меруерт қол көтерді.

– Иә, Меруерт, айта ғой!

Меруерт орнынан тұрып, жан-жағындағыларға бір қарап алды да:

– Мен білсем, апай, ол екеуі қазір буфетте лимонад ішіп отыр, – деді үйге берген тапсырмаға түк те қатысы жоқ өз ойын білдіріп.

Балалар ду күлді.

– Кімдер? – деді апай ә дегенде ештеңе түсіне алмай, иығын қозғап. – Кімдер лимонад ішіп отыр?

– Жаңағы, Балташ пен Дарханды айтам да, – деді Меруерттің даусы бірте-бірте бәсейіп. – Олар бір-бірін таба алмай жүрген жоқ, сабақтан қашып, ойнап жүр!

– А-а, – деді апай оның не айтпақ болғанын түсінгендей түсін суытып. – Білемін... Сондықтан келесі сабақта олардан үйге берілген тапсырманы барынша қатаң түрде сұрайтын боламын.

Кенет артқы жақтағы партада отырған Баһадүр қолын көтерді.

– Иә, Баһадүр?

– Апай, олар шынында да буфетте лимонад ішіп отыр ма екен, мен барып, көріп келейінші.

Апай оған қарап ойланып қалды. Сол сәтте Меруерт:

– Жоқ, – деді басын шайқап. – Сен баратын болсаң, олармен бірге қалып қоясың. Одан да мен өзім барып, ертіп келемін!

Сөйтті де, аяғын тез-тез басып сыныптан шыға жөнелді.

– Жарайды енді, тынышталыңдар, – деп апай енді үйге берілген тапсырманы сұрауға кірісті.

Бірақ балалардың көбі есік жаққа ұрлана қарап, сырттан естілген әрбір дыбысқа елеңдеп отырды. Өйткені Дархан мен Балташты ертіп келемін деп кеткен Меруерттің өзі де енді бөгеліп, кешіге бастаған еді.

Уһ, бір кезде есік қағылып, үш оқушының да төбесі көрінді-ау.

– Апай, – деді Меруерт табалдырықтан аттай бере бір жұтынып қойып. – Бұл екеуі расында да буфетте лимонад ішіп, котлет жеп отыр екен. Менің не үшін келіп тұрғанымды білген соң, маған да лимонад құйып берді. Тіпті бар ғой, бір тәтті тоқаш та алып берді... Бірақ мен оларға: «Бәрібір апайға шындықты айтамын» дедім. Дұрыс қой, ә?!

Меруерттің бұл сөзіне апай да, сыныпта отырған оқушылар да, тіпті, есік алдында тұрған Дархан мен Балташ та күліп жіберді.

– Жарайды, орындарыңа барып отырыңдар, – деді апай содан соң оларға қарап. – Келесі сабақта үй тапсырмасын ең алдымен екеуіңнен сұраймын, білдіңдер ме?!

Осы кезде қоңырау соғылды.

* * *

– Олардың саған әперген тоқашы шынымен-ақ тәтті ме екен? – деп сұрады үзіліс кезінде Айжан.

– Иә, – деді Меруерт күлімсіреп.

– Сен оны түп-түгел жеп қойдың ғой...

– Әрине.

– Менің ойымша, сенің мұның дұрыс болмаған сияқты.

– Неге?

– Өзің ойлап қарашы, лимонад құйып берген екен, оны ішіп қойыпсың. Тоқаш әперген екен, оны жеп қойыпсың... Содан соң бәрін де апайға айтып келдің, сол да дұрыс па енді?..

– Білмеймін...

– Сен өйтпеуің керек еді.

– Неге?

– Өйткені, олар әперген тоқашты жедің, лимонадты іштің ғой!..

– Бірақ, мен өтірік айтқаным жоқ, – деді Меруерт енді Айжанның көзіне тура қарап. – Оларға да, апайға да шындықты айттым. Дұрыс емес пе?..

– Әй, білмеймін! Білмеймін...

Айжан басын шайқады. Ол екеуінің әңгімесін тыңдап тұрған Арайдың есіне өзінің үйде қалдырып кеткен апельсині түсті. Оны мектепке баратын кезде хрусталь вазаға салып:

– Мен келгенше, сен осында бол, жарай ма? Содан соң екеуіміз тағы да бір қызық саяхатқа шығамыз! – деп еді.

Енді міне, төртінші сабақ басталмай жатып-ақ оны сағына бастады. «Тү-у, ол мені күтіп, есікке қарап, елендеп тұрған шығар» деп ойлаған кезде ет-жүрегі езіліп, көзіне жас үйірілді.

– Ой, Арай, саған не болды? – деді Меруерт оған жалт қарап.

Арай үн қата алмады. Бірдеңе айтайын десе көз жасы қосыла домалап түсетін сияқты.

– Расында да, – деп енді Айжан да таңғалды. – Өңің өзгеріп кетті ғой тіпті!..

– Жай әншейін, – деді Арай ақырын ғана үн қатып. – Үйдегі апельсинім есіме түсіп кетті.

– А-а! – деді Айжан оны лезде түсіне қойғандай қолын шапалақтап. – Сен әлгі сиқырлы апельсинді айтып тұрсың ғой, ә?!

– Иә.

– Немене, немене?! – деді осы сәтте Меруерт ештеңеге түсіне алмай. – Апельсин жегім келді дейсің бе?

– Жоға, – деді Арайдың жүзіне күлкі үйіріліп. – Мен оны қатты сағынып кеттім.

– Кімді?

– Кімді емес. Нені. Апельсинді...

– Апельсинді?! – Меруерттің көзі бақырайып кетті. – Түкке түсінсем бұйырмасын. Апельсинді де сағынуға бола ма?..

– Иә, – деді Арай күлімсіреп. – Менің үйде бір керемет апельсинім бар.

Содан соң Арай оның құлағына сыбырлап, әкесі алыстан әкелген апельсиндердің біреуі машинада қалай жасырынып қалғанын, оны саябақтан қайтып келе жатқан кезде өзінің қалай тауып алғанын, сол күні қандай түс көргенін айтып берді.

– Ой, қандай қызық! – деп Меруерттің көзі жайнап шыға келді. – Арай, сен ол апельсинді ертең мектепке алып келші. Сиқырлы апельсинді менің де көргім келеді.

Арай сәл ойланып қалды да:

– Жарайды, – деді. – Тек саған ғана көрсетемін, иә?!

Ол мектептен қайтып келе жатып: «Мен де апельсинге өзімнің туған қаламды көрсетуім керек, – деп ойлады. – Бәлкім, атам мен әжем тұратын ауылға да апарып қайтқаным дұрыс болатын шығар. Өйткені, Алатаудың бөктері жылдың қай мезгілінде де құлпырып, жайнап тұрады емес пе!»

Арай үйге келіп, қоңырауды басты. Есікті шешесі ашты. Ас үй жақтан жаңа ғана піскен ып-ыстық тамақтың дәмді иісі келді мұрнына. Арай қуанып, күліп жіберді.

– Күнім-ау менің, – деді шешесі оның бетінен сүйіп. – Қарның ашқан шығар?

– Иә, мама.

– Онда қолыңды жуып, ас үйге келе ғой.

– Ой, мама, сіз қандай жақсысыз, – деді Арай күлімдеп шешесінің мойнына асылып. – Мен қазір келемін!

Ол жүгіре басып төргі бөлмеге кірді де қалт тоқтай қалды. Үстел үстіндегі хрусталь ваза бос тұр. Арайдың апельсині жоқ... Әлденеден үрейі ұшқандай:

– Мама! – деп айқай салды ол шошынып. Даусы сондай қатты шықты.

Ас үйде шай қамдап жүрген шешесі асып-сасып, сүріне-қабына жүгіріп келді.

– Не боп қалды? – деді алқынып.

– Мама, менің апельсинім қайда?

– Уһ! – деп енді шешесі жүрегінің тұсын алақанымен басып, босағаға отыра кетті. – Аяқ астынан не болып қалды екен деп зәрем ұшты ғой, қызым-ау!.. Қайдан білейін... Өзің қайда қойып едің оны?!

– Міне, мынау вазаның ішіне салып қойғанмын! – деді Арай жылап жіберуге шақ қалып.

– Ой, құдайым-ай, – деп шешесі орнынан тұрып, ас үйге қарай беттеді. – Әлгі ағаларыңның біреуі жеп қойған шығар оны!..

– Қалай?! – деді Арай шыр-пыр болып, айналасына жалтақтай қарап. – Олар оны... қалайша жеп қояды?!

– Қызым-ау, бүгін саған не болған өзі?! – деп шешесі кері бұрылып, қалт тоқтай қалды. – Апельсинді қалай жейді дегенің не?..

– Мүмкін емес, – деді Арай басын шайқап, ызадан жарылардай болып әзер үн қатып. – Ол – сиқырлы апельсин еді ғой!

– Немене? Қандай... қандай апельсин дейсің?

– Сиқырлы апельсин!..

Шешесі қызына таңдана қарап басын шайқады да, үн-түнсіз ас үйге кіріп кетті.

* * *

Кешкілік Арайдың екі ағасы футболдан келді. Күні бойы ойнап, әбден шаршағандары көрініп-ақ тұр. Олар арқасына асынып алған рюкзактарын есік алдына қойып, енді аяқ киімдерін шеше бастағанда Арай өз бөлмесінен жүгіріп шығып:

– Менің апельсинімді неге жеп қойдыңдар? – деді қатты дауыстап.

Олар ештеңеге түсінбегендей Арайға таңдана қарады. «Апельсині несі?.. Жесек жеген болармыз. Онда тұрған не бар?» дейтін секілді.

– Ол... ол сиқырлы апельсин болатын, – деді Арай жыламсырап.

– Сиқырлы?.. – Үлкен ағасы Әділдің көзі бақырайып, шын айтып тұрсың ба дегендей Арайға тесіле қарады. – Бірақ мен ешқандай апельсинді көрген де, жеген де жоқпын.

Осы сәтте Әділден екі жас кіші ағасы Алмас:

– Мен жеп едім, – деді желкесін қасып.

Содан соң іші ауырғандай қабағын тыржитып, басын шайқап:

– Бәсе, менің ішімде бірнәрсе жыбырлап жүрген сияқты, – деді.

– Қой-ей, – деп Әділ езу тартты. – Одан да Арайдан кешірім сұра. Сонда бәрі дұрыс болады.

– Уһ, – деді Алмас енді ішін сипап. – Не істесем екен, а?.. Ол апельсинді Арайға қайтарып бере алмаймын ғой. Кешірім сұрағанмен, одан ешқандай пайда жоқ.

– Сен мені мазақтап тұрсың...

Арай бұртиып, тағы да өкпелеп қалды. Үлкен ағасы інісіне қарап:

– Сенің бар ғой, қай сөзің шын, қай сөзің өтірік екенін білу қиын, – деді ренжіп. – Ылғи осы, қуланасың да жүресің. Енді... Аяқ киіміңді шешпе. Үйдің жанындағы базарға бар да Арайға апельсин әкеліп бер. Сонда ол саған ренжімейді.

– Еһ!..

Алмас кері бұрылып, үйден шыға жөнелді.

– Әй, ана бала қайда кетті? – деп дауыстады апасы ас үй жақтан.

– Қазір келеді, – деді Әділ үн қатып.
Бірақ Алмас кешікті. Жарты сағат өтті. Бір сағат өтті... Содан соң Әділ:
– Мен оны ертіп келейін, – деп орнынан тұрды. – Балалармен тағы да ойынға кіріскен шығар.
Әділ шығып кеткен соң, арада он минуттай уақыт өтер-өтпесте Алмас келді үйге. Қолында ештеңе жоқ. Ол барғанда үйдің маңындағы базар жабылып қалғанға ұқсайды.
Алмас өзін ағасы іздеп кеткенін естіген соң:
– Олай болса, ол мені емес, мен оны ертіп келейін, – деп жымышып, сыртқа шығып кетті.
Біраздан соң Әділ келді. Есіктен кіре бере:
– Немене, Алмас әлі келген жоқ па? – деп сұрады.
Арай:
– Ол келді. Бірақ... Қайтадан сені іздеп кетті, – деді.
– Оп-по, – деп Әділ кері бұрылды. Оның соңынан есік сарт етіп жабылды.
– Әй, бүгін мыналарға не болған? – деді алжапқышқа қолын сүртіп, дәлізге шыққан мамасы.
– Олар бірін бірі іздеп жүр!
Кенет Арайдың есіне бүгінгі мектепте болған оқиға түсіп, сықылықтап күліп жіберді.

* * *

Арай түнде түс көрді. Түсінде оның сиқырлы апельсині қол бұлғап, алыс сапарға шығып барады екен.
– Арай, саған көп-көп рақмет! Сен менің ең жақын досымсың! – дейді күлімсіреп.
Бұл болса, Алмас апельсинді жеп қойдым деп өтірік айтқан екен ғой деп ойлайды...



КАНАЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ АУЫЛ

Триптих

1. Қара етік

- Қайдан алдың-ей?
- Түу, қандай әдемі...
- Жылтырайды өзі!

Бір топ бала шуласып Нәнайды қоршап алыпты. Бәрі де аяғындағы судай жаңа етігіне қызыға, таңырқай қарайды. Оның етігі шынында да әп-әдемі болатын. Қисық мойын Жарқынбек сыртынан сипап көріп:

– Терісі мықты-ай, – деді. Содан соң-ақ балалардың бірі қонышын көріп, бірі сірісін ұстап:

– Табаны қалың-ай!

– Қонышын көрмейсің бе? – деп жамырап кетті. Бір кезде Тортай:

– Киіп көрейінші, ә? – деп қиыла сұрады.

Нәнай үнсіз. Тортайға етігін бергісі келмеді. Оған берсе, басқаларының да сұрайтыны белгілі.

– Бір киіп көргенге өлмейсің ғой, – деді үндемей жүретін Садық та.

– Өй, қызғаншақ, – Тортай шақ ете түсті. – Мақтанасың ба, немене? Ертең көкем келгенде... Келгенде маған да әкеліп береді.

Тортай жылап жіберді.

– Аяғың шаң ғой, – деді Нәнай. Бірақ бәрібір оған бергісі жоқ.

– Жуып-ақ келем, – Тортай көздері жыпылықтап канал жаққа қарай берген еді, Садық желкесінен нұқып қалып:

– Жағымпазданасың ба, жума! – деді түйіліп.

Балалардың бәрі де жабырқап қалды. Кенет ересектеу Қайсар Нәнайды иығынан итеріп жіберіп:

– Кигізбесе кигізбей-ақ қойсын. Жүріңдер, кеттік. Біз енді онымен ойнамаймыз, – деді.

Балалар ұзай берді. Нәнай шаңдақ жолда жалғыз қалды. Ол өзінің етігіне балалардың қызығатынын білсе де дәл осылай ренжіп кетер деп ойламаған еді.

Қара етікті кеше пошташы Әжібай шал әкелген. Әжесі екеуі үйде шай ішіп отырған кезде келді.

– Өй, Қамқа, сүйінші! Ақ түйенің қарнын жара бер!

Әжібай шал ауылға қуанышты хабар әкелгенде ылғи да осылай айқайлап келеді.

– Құдай-ау, ақсарбас, ақсарбас! – әжесі қатты қауқалақтап қалды. – Қалағаныңды ал...

Пошташы шал хатпен бірге бір бумаға оралған затты қалдырып:

– Ал, Қамқа, қарық болдың. Қуанышың ұзағынан болғай, – деп шай іш дегенге де қарамастан, көк есегімен тепендеп кетіп қалды. Әжесі алдымен буманы емес, хатты ашқызды.

Көкесі хатты ұзақ жазыпты. Ауыл-аймақтың, көрші-көлеңнің, үй-ішінің амандығын тегіс сұрапты. Сөйте келе, осы қара етіктің оқиғасын баяндапты.

«...Міне, госпитальда жатқаным да біраз күн өтті. Көп ұзамай жазыламын. Содан соң, тағы да майдан... Айтпақшы, жақында бір қызық оқиға болды госпитальда. Ойда жоқта сестра әйел біздің үйдің шатырынан бір кішкентай етік тауып алды. Біздің үйдің дейтінім, госпиталь деревнядағы жай ғана бір үйге орналасқан. Соғысқа дейін бір ұқыпты кісі тұрған болуы керек.

Үйін тап-тұйнақтай етіп салыпты. Бірақ қазір ол бейшаралардың қай қиырда жүргенін кім білсін. Мына етік те сол үйдің кішкентай балаларының бірінікі болуы керек. Әлгі етікті тауып алған соң сестра әйел қоярда-қоймай, сіздің балаңыз кисін деп ауылға салғызып жіберді. Басқаларға қайдам, осы бір орыс әйел маған жүдә ықыласты. Ақкөңіл кісі. Күйеуі осы госпитальдың бастығы. Екеуінің бір арманы – бала. Байғұстар бала жайын айтсаң, қапаланып қалады. Нәнайжаным, құлыным әншейін. Игілігіңе ки!»

Хат оқылып біткен соң әжесі жылап қалды.

– Шүкірім-ай, – деді көзі жасаурап. – Өзі қиналып жатып бізді ойлайды, шүкірім-ай...

Енді міне, сол қара етік Нәнайды балалардың тәлкегіне түсірді. Тортай ғой бәріне кінәлі. Сұрамай-ақ қойса қайтер еді. Берді ал. Сонда не болды? Тортай киер, сосын Жарқын, сосын Қайсар... түү құртады ғой. Тіпті Алтынай да сұрайтын шығар.

Енді қайтпек? Кіммен ойнайды? Нәнай аяғындағы етікке жабырқай қарады. «Бәріне де бір-бір кигізсе ештеңе етпес?» деген ой келді басына.

Мақталыққа қарай тартылған арық жағасында отырған балалардың тұсына келіп, өзінше оқшау, оңаша отырды. Балаларға жалтақ-жалтақ қарайды. Олар да үнсіз. Ренжулі, әрине. Нә-

най жаңа ғана көрді, балалардың бәрі әкелерін соғысқа аттандырған жол жиегінде отыр. Бәрі де алысқа – Батысқа телміріп қарап қалған сияқты.

Осы жерден... Иә, канал жағасындағы осы жолмен ауылдан бірнеше адамды алып алғашқы арба аттанған еді. Ішінде Нәнайдың да, Тортайдың да, Қайсардың да, Алтынайдың да – бәрінің әкесі бар еді.

Бала жүрегін әлсіз ғана қытықтап, әкеге деген сағыныш сазы шертіліп жатты.

Тортайға қарап еді, ол да басын төмен салып, саусағымен жер сызып отыр екен.

– Тортай, мә, кие ғой!

Нәнайдың үні бір түрлі батылсыздау шықты.

– Кимеймін, кие бер өзің.

Біраздан соң Нәнай орнынан тұрып, ілби басып ауыл жаққа бет алды. Алтынай өксіп-өксіп жылап жіберді.

– Нәнай, тоқта, – деді оның артынан айғайлап. – Кел, бізге қосыл. Балалар, етігін Нәнайдың өзі кисінші, ә? Оған көкесі майданнан салып жіберген ғой.

* * *

Жаз өтіп, күз түсті. Ағаштардың сары ала жапырағы желге ұшып, қоңырқай күз аспанын жиі-жиі бұлт қаптады.

Канал жағасындағы он шақты үйлі шағын ауыл сол баяғы тіршілігімен әуре. Бір өзгергені – жапсарлай салынған жер үйлердің мұржаларынан қазір сыздықтап көк түгін шығады. Оқта-текте бүкіл ауылды қуантып, хат келіп жатады. Бір жақсысы кара қағаз келген жоқ әлі...

Ал балалар болса, оқып жүр. Учаскеден үш шақырым қашықтағы колхоз орталығына барып келеді. Майданнан жараланып қайтқан Мүтән ағай сырқатшыл, жиі-жиі ауырып қала береді.

Қара етік болса тозайын деген. Қонышы қажалып, басы ақтандақтанып мүжіле бастаған. Кей-кейде Нәнай етігін сипап отырып:

– Шіркін-ай, етік май болса ғой, – деп қиялдайды. – Бір майласаң-ақ жалтырап шыға келер еді.

Тортайдың ескі бәтенкесінің ұлтаны сөгіліп, түсейін деп қалған. Тілі салақтап, салп-салп етеді. Апасы жамап берер еді, үш күннен бері төсек тартып жатыр.

Тортай соңғы кездері тым жүнжіп кетті. Майданнан Нәнайға келген қара етік жиі-жиі түсіне кіреді. Сондықтан болар әрдайым пошташы шалдың алдынан бірінші болып жүгіріп шығады.

Жаңбыр жауған күндері шалшық сулардан Нәнай оны арқалап өтеді.

Бүгін де балалар мектептен ерте қайтты. Тағы да сол қыбырқыбыр жүріс.

Әуені бұлт торлапты. Демін ішіне тартып тына қалған сұрқай бұлт көз жасын әрең іркіп тұр.

Балалар ауылға жақындай берген кезде, кенет... Иә, олар үшін бәрі кездейсоқ болды. Кенеттен әлдеқалай бір тосын үн естілді. Біреу зарлап жылап жатқан секілді. Олар үрпиісіп, бір-біріне тығыла түсті. Зарлы дауыс қай тұстан, қай үйден шыққанын білмей қалды әуелі.

Кенет әлдекім көкелеп ауылға қарай тұра жүгірді. Бәрі де соның соңынан ілесті, бәрі де «көке» деп жылап барады.

Олар ауылға жақындай бергенде сезді. Дауыс Нәнайдың үйінен шығып жатыр екен. Дауыс салып отырған Нәнайдың әжесі сияқты. Ақ жаулығы иығына түсіп, аппақ шашы жайылып кетіпті. Немересін Нартай деп өз атымен де атамай, әрдайым еркелетіп Нәнайым деп отыратын қарт әже бетін тырнап ағыл-тегіл еңіреді. Нәнайдың апасы болса босағаға сүйеніп, дауыс шығаруға да шамасы келмей үн-түнсіз егіліп тұр.

Бір кезде:

– Көке! – деген Нәнайдың ащы даусы естілді.

Балалар жалт қарап еді, Нәнай бетін басып жылап, ауыл шетіндегі мақталыққа қарай жүгіріп барады екен.

* * *

Келесі күні балалар тағы да мектепке қарай жолға шықты. Ақ жауын бүркіп тұр. Дала тұманға оранған: мап-майда тамшылар көзге көрінбейді. Жер лайсаң. Сол лайсаң жолда ұлтаны сөгілген бәтеңкенің, жыртық кебістің іздері қалып барады. Оларға қарағанда жаңалау қара етіктің ізі көрінбейді. Нәнайдың ізі жоқ бүгін...

2. Ақ тұман

Дала қалың тұман жамылған. Жаңбырдан соң жер беті суға малшынып, жасыл желегінен айырыла бастаған ағаштардың

сидиған бұтақтарында эзер ілініп тұрған күзгі солғын жапырақтардан, Бүргелікке қарай баратын сайдағы жалғыз аяқ жолдың екі шетіне қаптап өскен итмұрындардан тырс-тырс тамшылар тамады. Жанап өтсең жабыса қалағын ит мұрындардың су-су бұтақшалары білегіңе, мойныңа тиіп кетсе ащы тікенегі кадалып, удай ашытады. Тұман бірте-бірте төңіректі тегіс бүркеп, айдай ашық әлемді көрсететін терезеге тұтылған боз перде секілденіп, айналаны мүлде тұмшалап алды. Суға малшынып жатқан қалың шөп аяқ басқан сайын былқ-былқ етіп, тықырыңды сездірмейді. Егер қалың бұтаның арасынан әлдекім шыға келіп, бас салса «ah» деуге де шамаң келмес.

Айналасына жалтақ-жалтақ қарап қойып, күздің осындай сыбылықты күнінде сайдағы жалғыз аяқ жолмен дедектеп бір қара домалақ бала келе жатыр. Бауы үзіліп қалған ескі малақайының жарғақ құлағы екі жаққа едірейіп, кішкентай басы көтере алмағандай былғаң-былғаң етеді. Үстінде әкесінен қалған ескі күпәйкесі бар. Оның шынтағы тесіліп, мақтасы жалбырап шығып қалған. Анда-санда мұрынды бір тартып қойып, қолтығындағы кітабы мен дәптерін қыса түсіп, құнжыңдап келеді.

Аяғындағы кебістен су өтті. Жолдағы шалшық суларды кешпей, айналып өтіп келе жатса да аяғы шылқылдап кетті.

«Бағана неге Нәнайдың етігін сұрап кимедім екен? – деп өкінді ол. – Сұрай салғанымда ғой, ол беретін еді. Қанша жүрсең де Нәнайдың етігінен су өтпейді. Тіпті онымен шалшық суды кешсең де түк қылмайды, аяғың жып-жылы болы-ы-ып жүре береді».

Қызық... Соғыста жүріп те ауылдағыларға етік салып жіберуге болады екен. Майданнан посылка келген күні ауылдағы балалардың бәрі де: «Енді біздің көкелеріміз де бір-бір етік салып жіберетін шығар» деп ойлаған. Бірақ күнде пошташы шалды күтіп, алдынан улап-шулап шығып жүрсе де ешкімге етік келмеді. Сосын бірте-бірте оны да қойды. Бірақ бәрінің көңілінде бір-бір етік арман болып қалды.

– Етікті қайтесіндер, шырақтарым, одан да көкелеріңнің аман-есен оралуын тілеңдер, – деп апалары қанша айтса да, бұлар бәрібір Нәнайға келген қара етікті ұмытқан жоқ.

Канал жағасында тұратын шағын ауылдың балаларының ішіндегі ең кішкентайы осы – Тұраш. Көкесі соғысқа кеткенде көп жылаған да осы. Көкесін ең кө-ө-өп сағынған да осы.

Бір күні Тұраштың атасы таңертеңгілік ертелеп бір жаққа кетті де түс ауа қайтып оралды. Белдік өткізетіні бар жап-жаңа шалбар әкеліпті Тұрашқа.

– Орталықтағы үлкен поштаға бардым, – дейді атасы үйге келген соң. – Ана пошташы Әшіреп ұмытып кетіп жүреді екен, әйтпесе, көкең саған баяғыда-а бір шалбар салып жіберген көрінеді. Үй-й, айналайын қара томпағым, кәне, киіп көрші.

Тұраш киіп еді, үлкен болып шықты. Сосын белін атасы ала бұзаудың мойнына байлап жүрген ескі қайыспен мықтап буып берді. Несін айтасың, шалбар жап-жаңа, бірақ кең. Жүгіріп көшеге шығып, сабаққа кетіп бара жатқан үшінші кластың балаларына көрсетіп:

– Менің көкем майданнан шалбар салып жіберіпті, – деп мақтанды.

– Иә саған, мен білсем атаң базардан сатып әкелді, – деп, қаналдың арғы бетіндегі бие сауатын үйдің Нығмет деген баласы тақылдап бәле болды.

– Егер көкең салып жіберген болса, солдатский болуы керек, ал мынау жәй шалбар, – деп Нәнай да білгішсіне бастады.

Ал Тұрғынәлі деген сотқар бала:

– Өй, мынауың шалбар емес, қап қой, – деп келемеж қылды Тұрашты. – Ішіне түсіп, адасып кетсең, сені таба алмай жүрмейік.

Ақыры олар Тұрашты жылатып тынды. Үйге жүгіріп кіріп, төрдегі қызыл көрпенің үстіне бүк түсіп жатып алды. Көкесінің етік емес, шалбар салып жібергеніне өкінді. Оның да «солдатский» болмай, жай шалбар болып шыққанына ренжіді. Апасы қайта-қайта келіп жұбатып еді, сонда да қоймады. Қайта жұбатқан сайын даусын шығарып, үдете түсті. Тіпті болмаған соң апасы ашуланып, ұрысты. Сосын:

– Ботам-ау, одан да көкеңнің аман-есен келгенін тілемеймісің, – деп өзі де қосыла жылады. – Нәнайдың көкесі оқ тиіп жараланып, бәлниседе жатқанда салып жіберген ол етікті. Әйтпесе, балам-ау, олар пәсілке салуға кетті ғой дейсің бе?

Содан кейін етік жайлы армандауды да қойды Тұраш.

Андаусызда жалғыз аяқ сүрлеуден шығып кетіп, тұмсығымен сүзе-мүзе итмұрынның арасына кіріп кете жаздады. Шеке-сін бір ащы тікен жырып кетті. Күпәйкесінің жеңін іліп қалған бұтадан қолын жалма-жан тартып қалғанда, бір шоқ бұта дір ете түсіп, сау етіп мөлдір тамшылар төгілді. Өзі содан шошып та қалды.

Көңіліне үрей еніп, ербиіп тұрған бұталардың арасынан құбыжық шыға келетіндей қорқа бастады. Күн ашық болса, тез-ақ жетіп қалар еді. Бүгін жалғыз аяқ жол шұбатылып, созылып кеткен сияқты.

Көкелері соғысқа кеткен соң ауылдағы сегіз жылдық мектеп жабылды. Өйткені онда сабақ беретін мұғалім жоқ. Жалғыз Бибіжамал апай бар еді, ол да күйеуін соғысқа аттандырып салғаннан кейін төркініне көшіп кетті.

Міне енді, балалар ауылдан бес-алты шақырымдай қашық жердегі Бүргелікке барып оқып жүр. Түске дейін жоғары класстың балалары барады сабаққа, түс қайта бұлар. Бұлар дегенде түйеқұс сияқты ұзын сирақ Айқыз екеуі.

Айқыз көбіне сабаққа бармайды. Өйткені үш жыл бойы бір кластан көше алмай қалып қойған. Соған ұялады және өзінің оқығысы да келмейді.

Алғашқы күндері мектепке жалғыз баруға қорқатын болған соң атасы ертіп барып жүрді. Қашан сабақ біткенше есік алдында күзетші шал екеуі әңгімелесіп отырады. Үш сабақ біткен соң ауылға алып қайтады.

Бір күндері атасы ауыл шетіндегі кішкентай төбенің басында қалып, бұл қашан жыңғылды сайдан өтіп кеткенше қарап тұратын болды. Өйткені одан әрі қарай тас жолға түсіп алған соң, өзі де қорықпайды. Сөйтіп жүріп, Бүргелікке жалғыз өзі-ақ барып келе беретін болды.

Тек кей-кейде, осындай тұман түскенде қиындау. Әсіресе қар жауған күндері жаман. Аппақ қардың үстіне неше түрлі қорқынышты іздер түсіп қалады.

Тұраштың сол іздерден қорқатынын біліп алғаннан соң, сотқар Тұрғынәлі әдейілеп қардың бетіне әртүрлі суреттер салып кететін болған. Бір рет сондай суреттердің біреуінен қорқып өте алмай, Тұраш ауылға қайтып барды.

Бүгін де жалғыз шығуға қорқып, Айқыздың үйіне барып еді. Ол кішкентай інісін жұбатып отыр екен. Есік алдында монтиып тұрған мұны көріп:

– Сен неге келдің? – деп сұрады таңданып.

– Сабаққа бармайсың ба? Саған ағай келсін деп жатыр, – деді Тұраш.

– О, жаны жоқ, одан да бүгін жалғыз баруға қорқып тұрмын деп шыныңды айтпайсың ба, – деп Айқыз үлкен апаларша зіркілдеп ұрса жөнелді. – Мен енді оқымаймын. Апам сөйтіп

айтқан. Сен-ақ оқы... Бірақ, өстіп жүргенде бір күні орта жолда кітабыңды бір жаққа, дәптеріңді бір жаққа қалдырып, қасқыр жеп кетпесін, байқа!

Сөйтіп ол бұрынғыдан бетер қорқытып жіберді. Айқызға жыны келіп, ауыздан жалғыз шықты да жолға түсіп алып тартып кетті. «Оқымасаң оқымай-ақ қой, – деді дедектеп келе жатып. – Ал мен өзе-е-ем оқи беремін. Жақсы оқи беремін. Көкем келген соң көреді. «Менің балам жақсы оқыпты» деп мақтайды. Ал сенің көкең үндей алмай тұрады. Көре-е-ерсің сонда... Қызым осылай да осылай, үш жыл бірінші класта қалып қойыпты деп жұртқа қалай айтады? Әлі әріптерді де білмейді екен деп айта ма? Сосын саған көкең ұрсады. «Мауыздай болып түк оқымапсың, көрмейсің бе, өзіңнен кішкентай Адамбектің баласы жақсы оқыпты» дейді.

Айқызға жыны қозып, кішкентай кеудесіне сыймаған ашуы кенет сел болып ақтарылып кетті де, өзін-өзі токтата алмай қалды. Айқыз көкесінің алдында жерге кірердей болып ұялып тұрған кезде мазақтаймын деп ойлады.

Сөйтіп келе жатып, жалғыз аяқ жолдың екіге айырылатын жерінде тас жолға қиыс тартатын сиыр сүрлеуге қалай түсіп кеткенін өзі де байқамады.

Жер бетін сұлық басып жатқан тұман сейілер емес. Лай табанына желімдей жабысып, жүрісін ауырлатты. Шаршады, шалдықты, терлеп-тепшіді. Жол ұзарып кеткен бе, тас жол әлі көрінбейді. Кенет бір ашық алаңқайға келіп тірелгенін байқап, екі көзі бақырайып, аң-таң қалды. Өзінің жолдан адасып кеткенін біліп, бойын үрей биледі. Жалма-жан артына бұрылып, тезірек жалғыз аяқ жолдың екіге айырылатын тұсына жетсем деп асықты.

Содан жүгіре берді, жүгіре берді... Қанша жүгіргені есінде жоқ. Қалың жыңғылға сүрініп жығылып, ащы тікенектер беті-қолын аямай-ақ сойып кетті. Бірақ жанұшырып қанша асықса да жалғыз аяқ жолдың екіге айырылар тұсын таба алмай қойды.

Тұман сейілер емес. Мезгілдің күн екені, не түн екені белгісіз. Ол ақырында бір бұтаққа сүрініп кетіп, қатты жығылды да, етпеттеп жатып жылап жіберді...

Айналадағы меңірейіп тұрған бұталардың арасынан аш қасқыр шыға келердей зәресі ұшады. Тұра салып, безіп қашқысы келеді. Бірақ оған дәрмені жоқ...

Кенет, расында да бұтаның арасы сыбдырлады. Қараң-құраң етіп бірдеңе осылай қарай беттеп келеді. Қасқыр... Ол көзін тарс жұмып алып, қыбырсыз жата қалды.

– Әй, балақай, – деді біреу ақырын ғана. – Сен неге мұнда жылап жатырсың?

Ол бір сәт өз құлағына өзі сенбей үнсіз қалды.

– Әй, бала...

Ол көзін ашты. Енді өз көзіне өзі сенгісі келмеді. Қалың тұманның арасынан шығып, өзіне үңіле қарап тұрған мұртты, кара сұр кісіні байқап, жай ғана елес емес пе дегендей көзін қайта жұмып ашты. Көз алдына түсіп кеткен малақайын жоғары көтеріп, күпәйкесінің өңірін басып қойды. Таныды. Сөйтті де одан әріге шамасы келмей, ұзын сұр шинельді, аяғында балшыққа баттасқан керзі етігі бар, қолтығына балдақ сүйенген кісіге қарай ұмтылды.

– Көке!..

– Балам-ау, ботам-ау, сен бе едің бұл?!

Дала әлі қалың тұманға оранып тұр. Қалың тұман арасымен қараңдап екеу – бір-бірін жетектеп әке мен бала келе жатыр...

3. Жез леген мен жетім қыз

Көзімді жұмсам-ақ әлі күнге дейін ақшұнақ аязда ақ қарды жалаң аяқ кешіп, ауылдан безіп ұза-а-п бара жатқан жетім қызды көргендей болам...

Сол күні... ауылдан шыққан алғашқы арба бір топ кісіні соғысқа әкететін сәтте елден ерек егіліп, тағдыр салған тауқыметке көне алмай ағыл-тегіл боп жылаған бір қыз есімде қалыпты. Арба жүрер кезде ағасының қолына жармасып, жібермеймін деп қиғылық салды. Ол – он үш жасар Нәзиләш еді. Қос бұрым етіп өретін ұзын шашы, боталап тұрар қою кара көздері әдемі, әсем Нәзиләш еді.

Әлі есімде, олардың үйі ауыл шетіндегі төбешіктің үстінде болатын. Кішкене-кішкене екі бөлмелі, төбесі қамыспен жабылған қоржын там еді. Соғысқа дейін ағасы үшеуі, соғыстан кейін әжесі екеуі тұрып жатты сол шаңырақта. Нәзиләштардың әке-шешесінің кімдер екенін, қай жақта екенін біз білмейтінбіз.

Біреулер айтушы еді: «Кәрі әжесі Ерболы мен Нәзиләшін жетектеп, баяғыда-а алыстағы биік таудан – қырғыз жақтан асып түсіпті», – деп.

Нәзиләш бізбен құрдас еді. Оны өмірдің өзі ерте есейтіп жіберді. Ағасы соғысқа кеткен соң, мектепке баруын да көп ұзамай тоқтатты. Өйткені әжесі екеуінің күн көрісі үшін колхоздың жұмысына шықты. Ертеңнен қара кешке дейін станцияға қарай астық тиеген ат арбалардың бірін айдап жүрді.

Бір күні апам ала сиырдың азғантай ғана артылған сүтін апарып бер деп солардыкіне жұмсады мені. Барсам, Нәзила әжесінің бір қара кемзальын жамап отыр екен. Үйдің кір-қоңын жуып берейін деп бригадирден бір күнге сұранып қалыпты.

– Ой, Алтынай, сенбісің, – деп тұнжыр қара көздері күлімдеп қуанып кетті. Өзі әлденеге көңілді секілді.

Нәзиләш көркем еді. Қырғыз қызының аш беліне оралған бұрымына, қарақаттай мөлдір көздеріне қызыға қарайтынбыз.

– Білесің бе, – деді ол қуанышын жасыра алмай. – Бүгін ағамнан хат келді. Суреті де бар.

– Қане, көрсетші?

Нәзиләш орнынан ұшып тұрып, төр жақтағы кішкентай сандықшаны сарт еткізіп ашты да бір жапырақ хат пен ақ мақтаға оралған ағасының суретін алды. Суретте пилоткасын бір жақ шекесіне қисайта киіп, әскер киімімен түскен Нәзиләштың ағасы күлімсіреп тұр.

– Әдемі екен...

– Рас айтасың ба? – Нәзиләш суреттегі ағасын шөп-шөп еткізіп сүйіп алды. – Әжем келген соң көреді ғой енді. Қуанатын болды-ау!

– Әжең қайда?

– Көрші ауылға кеткен. Біздің класта оқитын Сәду бар ғой, соның кәрі атасы қайтыс болыпты.

– Сен сонда жалғыз қалдың ба? Қорқасың ғой.

– Қорықпаймын, – деді ол күліп.

Содан соң аз-кем ойланып тұрды да:

– Алтынай, бүгін біздің үйге қоншы, – деді қиылып.

– Апам рұқсат етсе.

– Рұқсат етеді, сенің апаң жақсы кісі ғой. Шіркін, менің де сондай анам болса...

Сол күні Нәзиләштің үйіне қонып шықтым. Сағынып қалған екен, түнімен мойнымнан тас қып құшақтап, біресе бетімнен сүйіп, сықылықтап күліп, әңгіме айтып жатты. Өзі үлкен кісілерше мені:

– Кішкентайым менің, қоңыр қозым, ботақаным, қошақаным, – деп айналып-толғанып қояды.

Біресе:

– Мен аш қасқырмын, сені жеп қояйын ба? – дейді.

– Неге?

– Өйткені сен кішкентай қозысың.

– Сен ше?

– Мен қасқырмын.

– Қорқытпашы...

– Қорықпа. Қорықпай-ақ қой, күнім. Мен сенің апаңмын.

– Менен бір-ақ жас үлкенсің. Қалай апа боласың? Апа емес, әпкесің ғой сен.

– Жарайды, әпкең-ақ болайын. Сен бұдан былай біздің үйге келіп тұршы, жарай ма? Күнде-күнде келіп тұршы. Жұмыстан қайтып келген соң саған қызық-қызық әңгімелер айтып берем. Жарай ма?

Мен үнсіз басымды изеймін.

Біздің апам да станцияға қарай астық таситын арбалардың бірін айдайтын. Бір күні таңертең оянсам, апам мен әжем өзара әлденені күбірлеп сөз етіп отыр екен.

– Байғұс қызға қиын тиетін болды, – дейді апам. – Бригадир қайнаға да илікпейді-ау.

– Жіңішкесай дегенің ит өлген жер ғой. Байғұс Гүлайым кемпір қалай күн көрер екен. Қайтсін-ай, жалғыз қарашығы...

– Ол не, апа? – дедім мен үрейленіп. – Не айтып отырсыздар?

– Жай әншейін... Нәзиләшты Жіңішкесайдағы шөпшілерге жіберетін болыпты.

Сәске түс кезінде Нәзиләш түйіншегін қолына алып, Жіңішкесайға шөп оруға бара жатқан шөпшілердің арбасына мінді. Кәрі әжесі үйінен шыққан жоқ. Нәзиләш та тастүйін, қатайып алған. Тек мектептен қайтып келе жатқан бізді көргенде ғана аздап күлімсірегендей болды.

Сол кеткеннен Нәзиләш күз түскенше шөпшілердің арасында жүрді. Ауылда бір үйде бір өзі шүйкедей қара кемпір өз күнін өзі көріп жатты. Оқта-текте пошташы шал хат әкелгенде бүкір белін таянып біздің үйге келеді.

– Айналайын, Алтынай, оқышы. Ерболжанымнан келді ғой. Оқышы, оқи қойшы...

Майданнан келген үш бұрышты хатты екі-үш қайтара оқытып алған соң ғана мауқы басылып, көзі жасаурап жылап қалады.

– Шүкірім-ай, қандай күйде жүр екенсің?

Ондай күндері біздің әжем екеуі ұршықтарын алдарына алып, күн ұзаққа майдандағыларды сөз етумен болады. Өңгімелерінің соңына Нәзиләшты да қосып, Гүлайым әже қамығып тағы жылайды.

Сөйтіп жүргенде шөп біткенді сарғайтып сары күз келді. Жіңішкесайдағы шөпшілер ауылға қайтты. Нәзиләш та келді. Баяғыдай емес, әлдеқайда таралып, бойжетіп қалыпты. Ақ құба өңі күнге күйіп, қара торыға айналған. Гүлайым әжей қуанып:

– Шүкірім-ау, әншейін, – деп оны қайта-қайта айналып-толғанып жүр.

Бірақ олардың сол бір қуанышы да көпке созылмады.

Әлі есімде, апам бір күні үйге жұмыстан ертерек келді. Жүрісі суық, өңі қашып кеткен.

– Ене-ау, бұл сұмдықты қалай естіртеміз, – деді әжеме қарап. – Қалай...

Әжем кішкентай Самат пен Қанатты қасына алып жатып қалған еді. Басын жастықтан көтеріп алды.

– Не болды, соншама! Тек, бала болып кеттіңдер ме, түге! Кішкентайларды шошыттың ғой.

– Ене-ау, бұл сұмдық қой. Сұмдық қой, – апам күйзеліп босағаға отыра кетті. – Байғұс кемпір мен баланың жүректері ұшып кетпесе неғылсын. Жаңа ғана Дәрібай қайнаға айтты. «Қара қағаз Ерболдан кепті, келінжан-ау, қайтеміз», – дейді. Мен не дейін?.. Біргәд қайнаға екеуі естіртуге кетті.

– О-о, құдай-ай!. – Әжемнің даусы біртүрлі тосын естілді.

Мен жылауға шақ тұрмын. Әжем асығыс киініп жатыр.

Көп ұзамай Нәзиләштардың үй жағынан «Ой, бауырымайлаған» дауыстар естіле бастады.

Кейін әжем айтты, ағасының өлгенін естігенде Нәзиләш талықсып кетіпті.

Жалғыз ұлының қазасынан кейін Гүлайым әжей мүлде шөгіп, төсек тартып жатып қалды. Сол жатқанынан мол жатты. Үш айдан соң дүние салды.

Айналайын-ай, бір шайқалған шаңырақтың түтіні қайтып түзелмейді екен... (Апам ауыр күрсінді).

Сөйтіп, Гүлайым әжейді жерледік. Енді бір үйде Нәзиләш жалғыз өзі қалды.

Бір ғажабы әжесінің қазасында Нәзиләштің көзінен жас шықпапты. Алғашқы кезде адамдар не болды деп шошып қалған екен, әжесінің қабірінің басында бір уыс топырақ шашып тұрып: «Топырағың жеңіл болсын, әже!» – деген көрінеді.

Әжесі өлгеннен кейін Нәзиләш тіл-жағынан айрылған адамдай үн-түнсіз қалды...

* * *

Содан үш күн өткенде таңертеңгілік сиырға шөп салайын деп жүріп Нәзиләшті көрдім. Ат арбасын айдап барады екен. «Нәзилә-ә-ш!» – деп соңынан дауыстағым келді. Бірақ шақыра алмадым. Ол туралы ел айтып жүрген әртүрлі әңгімелерден қорықтым. «Нәзиләш әжесінің қазасында жыламапты. Нәзиләш ешкіммен сөйлеспейді екен. Нәзиләш дауыстасаң естімейді екен... Нәзиләш... Нәзиләш...»

Түннің бір уағында әлдекім терезені қақты. Оянып кеттім. Апам жаңа ғана келген болуы керек, төсекке киімімен қисая кеткен екен.

– Апа! Апа! – қатты ұйықтап жатқан апамды ояттым.

– О не?

– Терезені біреу қағып тұр.

– Не дейді?

– Терезені біреу қағып тұр деймін.

Апам есікті ашқан сәтте бір құшақ аяз үйге лап қойды. Ар жақтан біреу кірді.

– Нәзиләшпісің? – деді апам.

– Иә, жеңеше, стансадан әзер жеттік. Аяз буып тұр. Сізді ертең ертелеп келсін деді бригадир. Стансаға қосымша вагондар келіпті. Соны айтайын деп едім.

– Мақұл, қалқам, мақұл. Өзің тіпті үсуге айналыпсың ғой. Отыр, шай қояйын.

– Жоқ, жеңеше. Үйге қайтам.

– Қона кетсейші.

– Рақмет, апа.

– Апыр-ау, енді... Үйлеріңе от та жағылмаған болар.

– Жоқ, – деді Нәзилаш кетуге асығып. – Шаңырақты иесіз қалдыруға болмайды, әжем солай деген...

Артынша киізбен қапталған ауыр есік сарт етіп жабылды да, дәлізге шыға берген Нәзиләштың:

– А-а, – деп шыңғырған даусы естілді.

Апам соңынан жүгіре шықты. Мен де орнымнан ұшып тұрдым.

– Неден шошындың, күнім-ау, – деп Нәзиләшты құшақтай алған апамның даусы естілді.

Әлден уақытта барып:

– Уһ, құрып қалғыр-ай, – деді Нәзила есін жиып. – Леген екен ғой. Ай сәулесіне шағылысып тұрған жез леген екен ғой көзіме жарқырап көрінген.

Дәлізде сүйеулі тұрған сарғыш жез легенге расында да кішкентай терезеден ай сәулесі түсіп жарқырап тұр екен. Нәзиләш содан шошып қалса керек.

– Ой, тоба-ай, – деп үлкен кісілерше сықылықтап күлді де, жүгіре басып шығып кетті.

– Байғұс қыз-ай, – деді апам төсегіне қайта қисайып жатып. – Бір түрлі қызық өзі. Әлденеден елегізіп, қорқып жүретін болыпты.

* * *

Қыстығүні ескі мектептің тар бөлмесінде бүрісіп сабақ тыңдап отырғанбыз. Сырттан бір бала жүгіріп кеп:

– Нәзиләш жынданып кетіпті, – деп айғай салды.

– Қой, өйтіп жаман сөз айтпа, – деді Ақлима апай.

Әлгі келген бала:

– Жо, шын айтам, апай! Жаңа бригадир жұмысқа неге шықпай қалдың деп үйіне барса, ескі кебеженің үстіне шығып алып отыр дейді. Мұның не десе, көрмейсің бе, астық әкеле жатырмын ғой депті.

Иә, сол жылы қыста Нәзиләш жынданып кетті. Бір топ әйел жиналып үйіне кірсе, есі ауысқан қыз далаға тұра қашыпты. Қалың қарда омбылап, оған ешкім жете алмай қалыпты.

Сол кеткеннен Нәзиләш мол кетіп, із-түзсіз жоғалды. Ауылдағылар қанша іздеп, сан-саққа сабылғанымен, таба алмады.

Біреулер: «Баяғыда әжесімен бірге еріп келген жаққа – қырғызға асып кетіпті», – деп жүрді.

Енді біреулер: «Тау ішінде үсіп өліпті», – десті.

Тағы біреулер: «Ауыл-ауылды кезіп, тірі жүрген көрінеді», – деді.

Сондай әңгімелерді естігенде:

– Япыр-ай, ел-жұрт жиылып, істерге шара болмағаны ма, – деп апам күйзеледі үйде. – Байғұс қыз қайда жүр екен? Үсіп өледі ғой...

Неге екені, өз басым Нәзиләшті өлді деуге қимаймын...

* * *

Сол жылы қыс ортасында нағыз қызыл шұнақ аяз буды даланы. Өкпесін суық шалып, Ақлима апай төсек тартып жатып қалды. Мектеп жабылды.

Әжем қара қағаз келген үйге көңіл айтуға кеткен. Самат пен Қанат сыртта сырғанақ теуіп жүрді. Үйде жалғыз отырғам, кенет босағадан біреу сығалап тұрғандай болды.

Жалт қарадым да: «А-а!» деп қорыққанымнан қатты шыңғырып жібердім.

Қобыраған шашы жалба-жұлба, үсті-басының сау-тамтығы жоқ біреу есіктен сығалап тұр. Жалаңаяқ. Башпайлары қыпқызыл. Қыстыгүні ақ қар, көк мұзда... Кіре сала дәліздегі жез легенге жармасты. Тап бір сол үшін келгендей даңғырлатып ала қашты...

Жез леген... Жез легенді ала қашқан Нәзиләш еді. Иә, сол баяғы Нәзиләш еді. Жалаңаяқ ақ қарда зымырап барады.

Есі ауысқан қыз біздің үйді танып келді ме екен? Жез легенді әкеткені өткен күндерді есіне алғаны ма? Кім білсін?..

Содан кейін оны көрдім, білдім деген ешкім болған жоқ. Қайран, Нәзилаш!..



ӘҢГІМЕЛЕР

МЕНИҢ ІНІЛЕРІМ

Қошан

Ініме ат қоямыз деп көп таластық. Қарындастарым неше түрлі әдемі есімдерді айтып жатыр. Мен де қалысқаным жоқ. Ара-тұра біздің дүрмегімізге әкем мен шешем де араласып қояды. Сөйтіп бәріміз кіп-кішкентай танауы пысылдап, көзін сәл ғана ашып жатқан бесіктегі қызыл шақа інімді ортаға алып, улап-шулап отырғанымызда үйге Ержұман атам келді. Ол кісі қолын бір сілтеп, сол қимылымен бәрімізді тыйып тастап:

– Сәбидің атын өзім қоямын, – деді. Бесікке таяу келіп, үңіліп қарап тұрды да: – Тіпә, тіпә... – деп жан-жағына түкіріп, көз тимесінің ырымын жасады. Бәріміз сол кісінің аузына қарап отырмыз. Ержұман атам күректтей алақанымен асықпай сақалын сипап, бір сәт ойланып отырды да:

– Аты Қошқарбай болсын! – деді.

Біз шу ете түстік. Әсіресе қарындастарым тұс-тұстан: «Түү, ата-ай, бұл тіпті күлкілі ат қой» деп жамырап жатыр.

– Жә, – деп атам кейістік білдірді. – Сірә да, есім адамды емес, адам есімді көркейтеді ғой. Ілгеріде біздің ауылда Қошқарбай деген жігіт болған. Жанып тұрған от еді. Жігіттің нағыз сұлтаны болатын. Күні бүгінге дейін көз алдымнан кетпейді, күні бүгінге дейін Қошқарбай деген есімнен қадірлі есім жоқ мен үшін. Осы ауылдан майданға алғаш аттанған да сол еді...

Сөйтіп менің інім Ержұман атам айтқан жігіттің сұлтаны, біздің ауылдан алғашқы болып майданға аттанған ер жүрек кісінің есімін иеленіп шыға келді. Бірақ бұл есім қарындастарыма ұнамай жүрді. Апам оны еркелетіп Қошан деп атады. Содан соң күндердің бір күнінде Қошқарбай деген есім Қошан деген қып-қысқа, сүп-сүйкімді есімге айналды. Тіпті Ержұман атамның өзі де осыған келіскендей Қошан деп атай бастады.

Қошан үлкен кісіге үйірсек болып өсті. Ержұман атамның соңынан бір елі қалмаушы еді. Ал перзент сүймеген Ержұман атам оны кәдімгідей демеу көріп, «Менің балам» деп, жаралы көңіліне медеу тұтты. Қошан да Ержұман атай мен Мейіз әжейге бауыр басып өсті. Атам той-томалаққа барса оны қасынан тастамайтын. Екеуі көк есекке мінгесіп барады. Қошан атасының белінен тас қып ұстап алып, әр нәрсені сұрай бастайды.

Ал ол кісі болса... әкелік мейірімі иіп, ет-жүрегі езіліп, оның сұрағына бар ынтасымен жауап беріп келе жатар еді...

Әлі есімде. Жеңіс күні... 9 май күні еді. Ержұман атам кеудесіне барлық орден-медальдарын тағып, Қошанды қолынан жетелеп, клубқа тартты. Інім атайдың омырауындағы жарқыраған орден, медальдарына таң қалып, қызыға қарай береді. Біраз жүрген соң:

– Ата, – деді ол.

– Әу, құлыным.

– Біреуін маған берсеңізші... Сізде көп қой.

– Ордендердің бе?.. Мақұл... мақұл, ботам, – атам қалбалақтап омырауынан бір медальды ағытып, Қошанның өңіріне тақты. – Мен бұ... бұ ордендерді сендер үшін деп... сендер үшін деп тағып шыққан жоқпын ба, ала ғой, құлыным. Кейін, атамнан қалған бір естелік еді деп сақтап жүрерсің.

Атам сол сәт Қошанның бір ауыз аңғал тілегіне бола, омырауындағы барлық орден, медальдарын ағытып бере салуға дайын еді. Інім кеудесіне тағылған медальға шаттана қарап қойып, ол кісімен бірге қуана-қуана адымдап бара жатты.

Бірақ ол сонда Ержұман атамның «Кейін атамнан қалған бір белгі еді деп сақтап жүрерсің...» деген сөзін түсінген жоқ-ау...

Кейде ол «Кімнің баласысың?» деп сұрағандарға, «Ержұман атамның баласымын» деп жауап беретін. Сол кездегі атамның қуанған түрін көрсен ғой. Төбесі көктен екі елі асып тұрғандай болатын.

Қошанның мінезі қызық. Біз қанша өбектеп, еркелетіп жатсақ та ол бала болып бір рет те тәйтіктеніп, шектен асып кеткен емес.

Бірде апам оны ертіп қалаға барады. Екеуі «Балалар әлемі» деген дүкенге соғады. Апам сөредегі сан түрлі ойыншықтардың әрқайсысын бір ұстап көрсетіп, қайсысын аласың деп сұрайды. Ол кезде Қошан екінші класта оқитын. Апам көрсеткеннің бәріне де басын шайқай береді. Баласының көңілін таба алмаған апам шындап саса бастайды. Бір сәт мені есіне алады. Ондай күнімде ойыншық сататын дүкеннің жартысын көтеріп бір-ақ шығатынмын. Ал ол басын шайқайды... содан соң «Конструктор» деген жазуы бар қорапшаны саусағын шошайтып көрсетеді. Апам: «Әлгі Қошантай көрсеткен қорапша тым қымбат екен, – деді. – Бірақ дүкендегі соншама ойыншықты көзіне ілмей, соны аламын деген соң әпердім». Жолда автобустың ішінде жаңа сатып алған қорапшаны ашып қарап, таң қалды.

– Балам-ау, бұндай темір-терсек ауылдағы гаражда тау болып үйіліп жатқан жоқ па, – дейді.

Қошан үндемейді. Үйге келген соң тапжылмай төрт сағат отырып, бір машина құрастырады.

Апам соны көріп, одан сайын таң қалады. Ал Қошан күнде бір машина жасап шығарады. Бір күні жүк көтеретін кран, бір күні экскаватор, бір күні трактор...

– Әлгі біздің Қошантайдың қаладан алған қорапшасында жүз түрлі машина бар екен ғой, мен оны білсемші, – деп рақаттана күледі апам.

Қошан бірінші класқа баратын жылы Ержұман атам қайтыс болды. Біз оны: «Атаң алысқа-а-а, Түркістан жаққа қыдырып кетті», – деп алдадық. Ал ол көпке дейін Мейіз әженің үйіне барып: «Атам әлі келген жоқ па?» – деп сұрап жүрді.

Мен одан бір рет:

– Сенің кішкентай күніңде Ержұман деген атаң бар еді, білесің бе? – деп сұрадым. Ол бір сәт маған таңдана қарап тұрды да:

– Білемін ғой, – деді мұнайып. – Атамның менде бір медалі бар.

Ол әлденені есіне түсіргендей алысқа қарап, ойланып қалды.

Ерлан

Қошаннан төрт жас кіші тағы да бір інім бар. Аты – Ерлан. Өзі менен аумайды. Әкемнің айтуынша, сойып қаптап қойғандай. Шынында да, көзі, мұрны, құлағы – тіпті жүріс-тұрысы да аумаған мен. Менің бала кезімде түскен суреттен ғана менің – мен екенімді білуге болады. Тіпті бір рет ол мектептегі құрмет тақтасына ілетін суретін іздегенде, «Аға, сенің кішкентай күніңдегіні апара салайын ба?» деп тапқырлық танытты.

Бірақ екеуміздің мінезіміз екі түрлі. Ол қызбалау, ер көкірек және қиналған сәтте төтеден жол табатын тапқыр. Оның айтқан сөзін немесе істеген ісін қате деп айту қиын. Мынаны сен өйтпедің-ау, бүйтуің керек еді десең, сол сәтте-ақ шартпа-шұрт шайқаса кетуге қашан да әзір тұрады. Біз Қошанға тілеген ерке қылықтардың бәрін ол өз бойына жиып-теріп келген екен. Ол өз аяғына мініп, жүре бастаған күннен бастап біздің үйден тыныштық кетті. Бір қолы күйіп жатып, екінші қолымен отқа ұмтылатын сотқардың нақ өзі. Мейіз әжейдің ұршықбасын арықтағы суға лақтырып, Тойдықтың сөмкесін алып ойнап кетіп, Қошанның бәтеңкесіне құрбақа салып қойып дүрліктіріп жүретін.

Ол мені және кішкентай ала мысықты өте жақсы көреді. Кешіріңіздер, мен өзімді ала мысықпен салыстырудан мүлде аулақпын. Бірақ, амал қанша, айна қатесіз шындық осы.

Тілі де сондай қызық. Тіпті ойлап таппайтыны жоқ. Соңымнан бір елі қалмай томпаңдап ере береді. Бір күні байқасам, ол менің біресе алдыма шығып, біресе соңыма түсіп, біресе қатарласып жүреді екен.

– Тып-тыныш, қатар басып-ақ жүрмейсің бе? – деймін мен оның бұл қылығына таңданып.

– Аға, мен сенің көлеңкеңмін ғой, – деді ол аспай-саспай жауап қатып. – Сондықтан да айналып жүремін. Өйткені көлеңке біресе адамның алдында, біресе соңында жүреді ғой. Көлеңкелер адамды айналып жүреді, аға.

Бірде ол менімен бірге келе жатып қалт тоқтап, аспанға шаншыла қарап қалды да:

– Аға, – деді, – қарашы, қара бұлттар ақ бұлттарды қуып бара жатыр.

Зеңгір көк жүзіне көз салдым. Расында, тау жақтан баяу жылжып келе жатқан қара сұр бұлт уыс-уыс ақша бұлттарды ығыстырып барады екен. Аспанға бір, ініме бір қарадым...

Жазды күні өрік ағашының түбіндегі сәкіде ұйықтаймыз. Ол көпке дейін әрнені бір айтып ұйықтамайды.

– Сен қашан ұйықтайсың? – деймін оған.

– Ұйқым келмесе қайтем, – дейді ол.

– Балалар телевизордағы «Жайлы жатып, жақсы ұйықтаңдар» деген хабардан соң ұйықтауы керек.

– Оны Айнұрға айтсаңшы, – дейді ол, өзінен кіші қарындасымды айтып. – Ал менің сағат ондағы киноны көрмесем түк ұйқым келмейді.

– Әне, өзіндей Қошан ұйықтап жатыр...

– Соны қойшы, – ол тәтті ұйқыда жатқан Қошан жаққа басын көтеріп, қарап қойды. – Бесінші класс оқыса да бойы біздің кластың балаларымен бірдей-ақ...

– Жарайды, ұйықта...

Әлден соң ол мұрны пысылдап ұйықтап кетеді. Жатысы жайсыздау. Үсті үнемі ашық қалады. Мен оның көрпесін қымтап жауып, ақырын бетінен сүйдім.

Үшінші класты аяқтаған жылы «Есейгенде кім боламын?» деген ой оны кәдімгідей-ақ толғандыра бастады. Телевизордан көрсеткен әрбір кинодан көшені тап-таза, айнадай етіп сыпырып жүрген көше сыпырушыны көріп қатты ынтықты. Бірақ

бір-екі күн өткен соң одан да жалығып, басқа бір оңтайлы мамандықты іздей бастады. Космонавт боламын десе, қарындасым Тойдықтың айтуынша космонавт боламын деген бала күнде таңертеңгілік тұрып дене шынықтырумен шұғылдануы, қақаған қыста мұзды жарып, өзенге шомылуы қажет екен. Соның бәрін жасап жатуға тал түске дейін ұйықтайтын Ерекеннің мойны жар бере қоймайды. Сондықтан да ол енді оңай мамандықтарды ойша іздей бастайды. Бір күні жамбастап телевизор көріп жатқан әкеме келіп:

– Көке, сіз пенсияға қашан шығасыз? – деп сұрады.

– О... оған әлі ерте ғой, – деді әкем.

– Сонда да, әйтеуір бір күні шығасыз ғой.

– Иә, шал болғанда... сендер мені асырайтын кезде шығамын ғой.

– Сонда сіздің орныңызға мен бұғалтыр болайыншы...

– Ха-ха-ха, – деп әкем біздің шағын үйіміздің қабырғаларын селкілдете күлді.

Қызыл қарындаш

Ол кезде Қошан екінші класта оқитын еді. Бір күні оған түрлі-түсті қарындаштар әкеліп бердім. Қатты қуанды. Ерлан да қызығып, Қошанды айналшықтап қасынан шықпай жүр. Үңіліп қарап, қайта-қайта қолына алып көреді. Әсіресе қызыл түсті қарындаш оған өте қатты ұнады. Мен бір қорабын Ерланға да ала салмағанымға қатты өкініп қалдым. «Әттеген-ай, – деп ойладым іштей. – Ертең барсам таусылып кетеді-ау. Өйткені шіретте тұрған адам көп болатын».

– Сабақтан келген соң Ерланға да бер, бір уақ сурет салып ойнасын, – деп айтқаннан басқа амалым қалмады.

Қошан:

– Мақұл, – деді.

Бірақ оған қарайтын Ерлан ба. мойны қылтиып, сурет салайын деп отырған Қошанның жанынан шықпайды.

– Алманы неге қызылмен боядың, сарымен боя, – деп ақыл айтып қояды.

– Бұл – апорт қой, – деп түсіндірді оған Қошан. – Ол қызыл болады.

– Апорт?! Қай жақта өседі?

– Алматыда.

– Ал біздің бауда өсетін алмалар неге сары?

Ол осындай жөн-жосықсыз сұрақтар қойып Қошанға маза бермейді. Сәлден соң және бір өнер шығарып:

– Қызыл қарындашыңды маған берші, – деп жабыса бастады.

– Ертең, сабақтан келген соң беремін, – дейді Қошан.

– Қорғасын құйылған қызыл сақама айырбастайсың ба?

– Айырбастамаймын.

– Топырақ таситын машинамы қоса берейін, а?!

– Ештеңеге де айырбастамаймын.

– Неге, а?!

– Өйткені бұл менің өзіме қажет.

Ерлан үнсіз қалды. Қошанның бір айтқанынан қайтпайтынын біледі. Бірақ қызыл қарындашқа көңілі қатты құлап тұр. Тіпті ертеңге дейін де шыдай алатын түрі жоқ.

Ертеңіне таңертеңгілік Қошан сабаққа жиналып жатқанда, қызыл қарындаш ұшты-күйлі жоқ болып шықты. Ерлан да жоқ үйде. Ерте тұрып, бір жаққа ойнап кетіпті. Бәрінен қызыл қарындашты соның алғанын бірден-ақ білдік. Қошан жылдарман боп, ашуланып мектепке кетті.

Бір-екі сағаттан соң Ерлан келді үйге. Ойында түк жоқ, келген бойда апамның мойнына асылып:

– Айран құйып берші, қарным ашты, – деді. Апам ұршық иіріп отырған. Ерланға бейілі түсе қоймады. Бір қырындап отырған қалпы:

– Саған бүгін тамақ бермеймін, – деді түсін суытып. – Сендей ұры балаға беретін тамағым жоқ.

– Неге, а?! – деп Ерлан алғашқыда түсінбей қалып, көздері атыздай болды. – Кім, мен бе ұры?!

– Қошанның қызыл қарындашын неге ұрлап аласың?

– Мен ұрлап алғам жоқ, – деді ол көзін төмен салып.

– Е-е, тек ұры ғана ма десем, өтірікші де екенсің ғой, – деді апам жорта таң қалып.

– Алғаным... алғаным шын, – деді Ерлан күмілжіп. – Бірақ ұрлап алған жоқпын.

– Көрсетпей сұрап алған ғой бұл, – деп Тойдық күлді.

Ерлан оған ала көзімен түйіліп қарады да:

– Иә, – деді томсарып, – көрсетпедім... сұрамадым...

Жейдесінің ішінен қызыл қарындашты алып, столдың үстіне қойды да бұрышқа барып өкпелеп отырып қалды. Біраздан соң апам:

– Үйбай, белім-ай, сынып кетер ме екен, қайтер екен, – деп бір қолымен белін таянып, орнынан тұрды да аулаға шығып оны-мұны шаруасымен айналыса бастады. Мен Ерланға көзімді қысып, қолыммен ымдап столдың үстін нұсқадым. Апам оған бағана бір тостаған айран мен бір жапырақ нан әзірлеп қойған болатын. Тек үсті газетпен жабулы еді. Ерланның өкпесі тез тарқайтын. Маған қарап ыржиып күліп қойды да нанды бұралақтап аузына тығып, айранды да асығыс ұрттап іше бастады. Сірә, апамнан ұрланып айран ішкен қызық болып көрінді-ау деймін, тостағанның түбін жалап-жұқтап бітірді.

– Мен қызыл қарындашты Айдарға көрсетейін деп едім, – деді ол ақталғандай болып. – Досым ғой...

– Иә, досың не айтты?

– Ол үйінде жоқ екен. Әжесі екеуі қырдағы ауылға қыдырып кетіпті. Сосын... сосын төменгі көшенің балаларына көрсетейін дедім... Сөйтіп кешігіп қалдым. Әйтпегенде, Қошанға қайтадан әкеліп беретін едім ғой.

– Оларға көрсетемін деп нең бар? Айдар үйінде жоқ болған соң кері қайтпадың ба?

– Иә, мен үлгеретін едім. Төменгі көшенің балалары бір мысықтың мойнына жіп байлап тартып жүр екен.

– Немене, сен қосыла тарттың ба?! – деп ашу шақыра бастадым.

– Жо-оқ. Мен оны босатып жібердім. Сосын... сосын... – деп ол күмілжіп қалды.

– Сосын...

– Асқар деген бұзық бала екеуміз төбелесіп қалдық.

– Не үшін?

– Мысық үшін де, – деп ол кәдімгі үлкен кісілерше жеңіл күрсініп қойды. – Ол босатпаймын дейді. Екеуміздің де түймелеріміз үзілді.

Жалма-жан оның жейдесінің омырауына көз жүгірттім. Түймелері орнында секілді.

– Оу, түймелерің түгел ғой, – деп таң қалдым.

– Мейіз әженің үйіне барып қадатып алдым. Сен апам айттып қоймайсың ба?

Айтпауға уәде бердім. Біраздан соң ол:

– Қошан өкпелеп кетті ме? – деп сұрады.

– Иә.

– Шын, аға, мен Айдарға бір көрсетемін де сосын жүгіріп әкеліп беремін дедім. Ол үйінде жоқ. Сосын... сосын төменгі

көшенің балалары... сосын... түйем үзілді, – деп ол күмілжи бастады.

Ерланның іші пыса бастаған сияқты. Жақын маңайда бірге ойнайтын бала да қалмапты. Қошанның мектептен келуін асыға тосты. Бірақ ол жуық арада келе қоймады. Ерлан қайта-қайта көшеге шығып, мектептен қайтып келе жатқан балаларға қарайды. Бір кезде Қошанмен бір класта оқитын Тілләбай деген баланы көріп қатты қуанды.

– Тілләбай, а, Тілләбай, біздің Қошанды көрген жоқсың ба? – деп айқайлады.

– Білмеймін. Жаңа сабақтан бірге шыққанбыз.

– Сабақтарың бітті ме?

– Бітті.

– Қошан қайда, а?! Ол жоқ қой.

– Білмеймін дедім ғой саған. Біл-мей-мін!

– Мен білсем, сен сабақтан қашып келе жатырсың, – деді Ерлан тағы да қарап тұрмай.

– Соқ өтірікті, қазанбас!

– Ал сен қабақсың! Тілләбай қа-бақ, Тілләбай қа-бақ, – деп ол енді Тілләбайды мазақтап айқайлай бастады. Мен терезеден басымды шығарып:

– Әй, қоясың ба, жоқ па?! – деп сес көрсеттім.

– Өзі ғой!

– Жаның барыңда үйге кір!

– Әне, бәрің де маған ұрса бересіңдер, – деді ол жыламсырап. – Кеше Тойдық та ұрысқан маған...

Қошан кешікті. Ерлан үйге бір кіріп, бір шығып тағатсызданып жүр. Мектеп жаққа барайын десе, апамнан қорқады. Машиналар әрлі-берлі ағылып жатқан үлкен жол жаққа барма деп қатты ескертіп қойған. Ал мектеп үлкен жолдың арғы жағында. «Маған өкпелеп кеткен ғой, – деп ойлады Ерлан. – Әйтпесе қайда жүр?.. Осыдан үйге келмей қойса қайтем?..»

Жаздың ұзақ күні баяу жылжып барып ұясына қонды. Айналадағы төбелердің басын қызыл жалын шарпыды. Қошан сол кезде бір-ақ келді. Қарны әбден ашыпты. Келе сала үстіндегі киімін де шешпестен тамаққа бас қойды.

– Қошан, сен маған өкпеледің бе? – деді Ерлан кінәлі пішінмен. – Қызыл қарындашты алып кеткенім үшін...

«Оны әлі ұмытқаным жоқ» дегендей Қошан оған аларып бір қарап қойды.

– Мен... мен оны Айдарға көрсетемін де қайтамын деп едім. Сосын... сосын төменгі ауылдың балалары мысық тартып... – деп мүдіріп қалды. – Сен неге соншама кеш келдің, а?

– Сабақтан соң қалып, футбол ойнадық, – деді Қошан мұрнын қорс еткізіп тартып.

Бауырлар

Ауыл шетінде үлкен тоғай бар. Тоғайды екіге бөліп Келес өзені ағып жатыр. Су тайыз. Жаяу адамның тобығынан-ақ келеді. Сол тоғайда суы мол мөлдір бұлақ бар. Ауыз суды осы бұлақтан аламыз.

Көк есекке екі флягті артып алып, көбінесе Қошан мен Ерлан барады. Ерлан шелекке су толтырып беріп тұрады, Қошан флягтерге құяды. Күнделікті міндеті болған соң ба, көк есек әбден көндігіп алған. Су толтырып біткен соң басын бос қоя берсең үйді көзін жұмып тауып барады. Соны біліп, Қошан мен Ерлан көбінесе тоғайда ойнап қалып қояды. Бүгін де екі флягті көтерген көк есек белі майысып есік алдына келіп тұр екен. Ала арқанды шешіп, есектің жүгін түсірдім де, бастырмаға апарып байладым. Тоғай жақтан Қошан жүгіріп келе жатыр екен. Мені көріп қолын бұлғап, әлдене деп айқайлады. Сірә, өзенге шомылып шыққан-ау, үсті-басы су-су. Бұтында дамбал ғана. Қарны жалтырап шауып келеді. Жейдесін қайда қалдырды екен?..

– Аға, – деп айқайлады ол. – Аға десе, Ерлан суға батып бара жатыр!

Жүрегім тас төбеке шықты. Тоғай жаққа қарай жан ұшыра жүгірдім.

– Ана жақта, ана жақта, – деп Қошан да соңымнан безілдеп келеді.

Алқынып жетсем ауылдың балалары тас қалап, бөгеп қойған саяз тоғанның ортасында, суда басы ғана қылтиып Ерлан тұр. Жай тұрған жоқ, бақырып жылап тұр. Су дәл иегінің астынан келеді екен. Кішкентай тоғанның ең терең деген жері сол.

– Терең деп қанша айтсам да тыңдамай қойған өзі, – дейді Қошан шағынып. – Мен түсіп шығарып алайын десем, бақырып жылайды. Жолатпайды.

– Ой, ақымақтар-ай, – деймін мен жаңағы қорқынышым басылып. – Зәремді алдыңдар ғой. Қошан-ай, өзің-ақ қолынан тартып шығара салмадың ба?

– Түспе деп айқайлайды ғой өзі. Түсейін десем бақырып жылайды, жылайды...

– Иә, саған, – деп қояды әлі де дір-дір етіп отырған Ерлан тоңқ етіп. – Сен түссең, сен де батып кетесің ғой...

Қарауыл

Көкем бір кішкентай күшік әкеліпті. Топ-толық, борсаңдап әрең жүгіретін сүйкімді екен өзі. Ол келген күннен бастап Қошан мен Ерланға оңай ермек табылды. Үйдің алдындағы көгалға барып үшеуі асыр салып ойнайды. Олар қашады. Қара күшік борсаңдап қуады. Қошан мен Ерлан сылқ-сылқ күліп мәз. Алғашқы күні олар күшікке ат қоямыз деп көп таласты.

– Бим болсын! – деді Ерлан.

– Жоқ, – деп оған Қошан келіспеді.

– Арлан.

– Болмайды.

– Арыстан.

– Жо... – Қошан басын шайқайды.

– Жолбарыс.

– Жо-жок...

– Бөрібасар! – деп айқай салды Ерлан қызып кетіп.

– Өй, қайдағы бөрі? Біздің ауыл жақта бөрі жоқ қой.

– Енді... енді не деп қоямыз?

Қошан сәл ойланып отырды да, қуанып орнынан атып тұрды.

– Қарауыл! Қарауыл деп қоямыз атын. Өйткені бұның ең басты міндеті біздің үйді – қарауылдау, күзету... Сөйтіп қара күшік сол күннен бастап Қарауыл атанды.

Қошан – Шерлок Холмс

Ерлан бірінші класта оқып жүр. Кілең «4» пен «5»-ке оқиды. Тек есеп сабағына аздап шорқақтау. Кейде Қошанға мұның шағып қояды.

– Қанша шығарайын десем де есепті түк шығара алмаймын, – дейді.

– Соқ өтірікті, – дейді есепке жүйрік Қошан. – Өзің ғой қарамай жүрген. Әйтпесе есеп шығара аласың. Көп ойнай бермей жақсылап оқы. Кешегі есебінді шығарып бергенмін, ал бүгін көмектеспеймін.

– Неге, а?! – дейді Ерлан көздері жыпылықтап. – Сен менің ағам емессің бе...

– Сонда немене, сен үшін мен оқимын ба?!
– Жок. Бүгін ең соңғы рет түсіндірші, ертең өзім шығарамын.

– Мұғалім түсіндіргенде қайда қарап отырасың осы?
– Терезеге... – дейді Ерлан жасырмай шынын айтып.
– Жарайды... – Қошанның иі жұмсақ, тез көне салады.

Бүгін Ерлан математика сабағынан «2» алыпты. Мұғалім дәптеріне қызыл сиямен багтитып қойыпты. Ерлан үйге келе жатып жолда қулық ойлайды. Жазда су жүргіземіз деп үйдің жанына көп құбырлар әкеліп тастаған еді құрылысшылар. Ол дәптерін шиыршықтап-шиыршықтап соның біреуінің ішіне тығыпты да үйге түк көрмеген, түк білмегендей болып келіпті. Бірақ Қошан оны байқап қалған екен. Екеуі ойнап жүрген кезде ол Ерланға:

– Мен Шерлок Холмс болайын ба? – деді.
– he-he, – деп Ерлан күлді. – Қайтіп?..
– Қарауыл екеуміз бір нәрсені іздеп табамыз.

Ол «кә-кә» деп күшігін шақырды. Қарауыл арсалаңдап жүгіріп келді. Қошан оның мұрнына бір парақ қағазды иіскетті де:
– Ізде, – деп бұйырды.

Қарауыл «нені іздейін» дегендей Қошанға қарады. Ал ол бір парақ қағазды қайта-қайта оның мұрнына тақап:

– Ізде, ізде, – дейді.

Ерланға мына ойын қызық көрінді. Сәлден соң Қошан қақпаға қарай жүгіре жөнелді. Қарауыл да оның соңынан жүгірді. Сөйтіп олар үйдің жанында үюлі жатқан құбырлардың жанына келді. Қошан қулық жасап, күшігіне өтірік бір нәрсені іздеткен болып жүр. Ерланның іші қылып ете қалды. «Мәссаған, бұлар менің дәптерімді тауып алмасын, – деп күдіктене ойлады. – Құбырға қарай беретіні несі?..» Айтқандай-ақ, аздан соң Қошан оның құбыр ішіне жасырып қойған дәптерін «тауып» алды. Ерлан қызарқтап ұялып қалды.

Балмұздақ

Мереке күні ауылда балмұздақ сатылатын. Қыр жақтағы дүкеннің маңына сол күні балалар көп жиналады. Бүйірінде «балмұздақ» деген жазуы бар көгілдір жәшікке жету үшін олар ұзыннан-ұзақ созылған кезекке тұрады.

Бүгін міне, көңілді мереке – 1 мамыр күні сол жерге кішкентай Қошан да келген. Манадан бері алақанына қысып ұстап тұрған елу теңгесі бар. Қысылып-қымтырылып кезектің орта

тұсына да жақындап қалды. Шақырайған күн дәл маңдай тұстан түсіп тұрғандықтан, торсықтай шекесі шып-шып тершіп, ыстықтай бастады. Тіпті алақаны да терлеп қоя берді. Бірақ ол бәрібір уысын ашқан жоқ. Қатты қысып ұстап тұрған теңгесін жоғалтып алармын деп қорықты. Балалар болса, бірін-бірі итерісіп, ішінде тәп-тәтті балмұздақтар бар көгілдір жәшіктің жанындағы сатушыға қарай жақындай түсті. Қошан да тырмысып, кезектен шығып қалмауға тырысты. Шетке қарай ығысып бара жатқан кездерде өзінің алдында тұрған ұзын бойлы баланың қайыс белбеуінен бір қолымен қысып ұстай алады. Мұнда үлкен балалар көп-ақ... Қошан да бір үйдің үлкен жігіті. Көкесі мен апасы қонаққа баратын кезде үнемі солай дейді. Сосын ол өзінен екі жас кіші інісі Ерланға бас-көз боп үйде қалады.

Ол бүгін өзі үшін және інісі үшін қалайда екі балмұздақ алуы керек. Әне, оның кезегі де келді. Алақанына қысып ұстап тұрған теңгесін сатушыға қарай созып:

– Екі балмұздақ беріңізші, – деді.

Сатушы апай болса, оның қолына тез бір балмұздақ ұстата қойды да келесі балаға қарады.

– Маған екеу беріңізші, – деді Қошан сатушы апай у-шудың арасында естімей қалған болар деп қаттырақ дауыстап.

– Балақай, бір балмұздақ елу теңге тұрады, – деді сатушы күлімсіреп. – Екеу алғың келсе тағы да елу теңге әкел!

Мұп-мұздай балмұздақты қолына ұстап шетке шыққан Қошанның оны жегісі-ақ келген. Бірақ... Інісін ойлап тосылып қалды. Сонсоң бұл балмұздақты Ерланға апарып бермек болды.

Ал өзінің сілекейі шұбырып тұр. Бірақ, балмұздақ біреу-ақ.

Ол үйге қарай келе жатыр. Қолындағы тәп-тәтті балмұздаққа қарап бір жұтынып қойды. «Жартысын өзім жесем, ал жартысын Ерланға апарып берсем...» деген ой келді кенет.

Ол әдемі жылтыр қағаздың бір шетін ашып, аппақ балмұздақты сәл ғана жалап көрді. Мұздай әрі тәтті екен. Тілінің ұшына тиісімен еріп сала берді. Сосын тағы да жалады...

Сөйтіп, ол орта жолға жеткенше балмұздақтың жартысын жеп те қойды. Қалған балмұздақ ери бастады. Сәлден соң саусағының арасынан сүт сияқты тырс-тырс тамды.

Ол тезірек жүруге тырысты. Ара-арасында жүгіріп те алды. Бірақ енгігіп, шаршап қалды. Самайынан тер соғалады. Ал қолындағы балмұздақ болса азайып бара жатыр... Мұндайда жол-

дың алыстап кететіні қиын. «Енді қайттім, – деді ол жылдарман халге түсіп. – Ерланға жеткізе алмайтын болдым ба?..»

Қошан өз үйінің қақпасының алдына жеткенде, қолындағы балмұздақ түгел еріп, кіп-кішкентай уысына шөпілдеп толып та қалып еді.

– Ерлан, Ерлан! – деп айқайлады ол. – Тез кел! Балмұздақ жейсің!..

Інісі аяқ киімін қоңылтаяқ сұға салып жүгіріп келгенде Қошанның алақанындағы балмұздақ таусылып та бара жатыр еді.

– Міне, міне... – деді ол қолы да, даусы да дірілдеп. – Бол енді... тез!

Інісі келе сала ағасының алақанындағы азғантай балмұздаққа ойланбай-ақ бас қойды. Әп-сәтте жалап-жұқтап тауысып барады. Оның жұп-жұмсақ ерні алақанын қытықтаған кезде, Қошанның күлкісі келді.

Қулық

Ол ағасына хат жазбақшы болды. Ағасы болса алыста, Ленинградта оқиды. Бітірген соң суретші боламын деп жүр. Қазірдің өзінде суретші сияқты. Атасы мен әжесінің, тағы бір кішкентай тоғайдың суретін айнытпай салған. Оның бәрі төрті бөлмеде ілулі тұр. Әсіресе тоғайды әйбат салған. Бір шоқ қамыс желмен ырғалып теңселіп тұр, түбінде мөлдір бұлақ ағып жатыр. Мөлдір судың бетінде майда толқындар бар. Атасының суреті сұсты, қабағы түксііп отыр. Әжесі мейірімді, «айналайын» деп басынан сипайын деп тұрған секілді.

Ол қолына қағаз-қаламын, сөмкесін алып есік алдындағы сәкінің үстіне барып отырды. Сөмкесін тізесіне қойып, дәптерін оның үстіне ұқыптап ашып, енді жазуға кірісе бергені сол еді...

– Хат жазайын деп отырсың ба? – деп жүзім жапырақтарының арасынан ба, сәкінің астынан ба, қайдан шыққаны белгісіз, жылтың етіп Ерлан шыға келді. Әй, қу-ай! Қалай біліп қойған десейші.

– Бөгет болма, – деді оған Нұрлан көзін алартып. – Ылғи өстіп қабаттасып жүрмесен болмай ма?

– Мен бөгет жасамаймын, – деді Ерлан көздерін жыпылықтатып. – Сен жаза бер. Мен түк үндемей қарап отырамын.

Нұрлан енді оған көңіл бөліп жатуды артық санады. Өзімен-өзі болып, қаламсабының ұшын тістелеп отырып қалды. Сәлден соң ақ парақтың бетіне маржандай тізіліп алғашқы сөздер

түсті. «Сәләматсың ба, аға!» Ары қарай жалғастыру үшін ол тағы да ойға шомды. Ерлан оның арт жағынан білдірмеген болып, ақырын мойнын созып ұрлана қарап қояды. Танауы пысып етіп, көзі бақырайып қарағаны болмаса ол ештеңе түсінбейді. Өйткені өзі мектепке де барған жоқ, әріп те танымайды. Бар білетіні – ойын.

– Неғып ойланып отырсың? Тез-тез жазбайсың ба, – деді ол асықтырып. Ерланның әдеті осы. Нені болса да көзді ашып-жұмғанша тындырып тастағысы келіп тұрады. Сондықтан да кіл өзі де асығып, өзгені де асықтырып жүргені.

– Тыныш отыр, – деді оған Нұрлан қабағын түйіп. – Әйтпесе кет бұл жерден!

Ерлан үнсіз қалды. Сәлден соң ақ парақтан көз алмай қыбырсыз отырған Нұрланға қарап іші пысып кетті.

– «Сәләматсыз ба?» деп жаздың ба? – деп сұрады, не жазылғанын оқи алатындай-ақ дәптерге үңіле қарап.

– Жаздым, – деді Нұрлан. Үні бәсең естілді. Ұзақ ойға шомып, қиналып отырған секілді.

– Енді «Жағдайыңыз жақсы ма?» деп жаз, – деді Ерлан тақылдап. Нұрлан інісінің сөзіне таңданып қалды. Қалайша ойына келмеген?.. Сөйтіп жазу керек қой. Ол нәзік саусақтары майысып, жаза бастады.

– «Ол жақта ауа райы жақсы ма?» деп жаз, – деп жалғастырды Ерлан. – «Біздің жақта күн жылы. Бәріміз тегіс аманбыз. Баудағы алмалар жақында піседі. Сонда өзіңе пәсілке саламыз».

«Оны сен қайдан білесің» дегендей Нұрлан інісіне таңдана қарады.

– Жаз, жаз, – деді Ерлан енді бұйыра сөйлеп. – «Пада бағатын Бақтыбайдың баласы жақында келіншек әкелді ауылға. Сенің не ойың бар? Сол жақтан біреуді жетектеп әкеп жүрме! Өзіміздің жақын жердің қызына үйлен».

Нұрлан жазуын тоқтата қойды. Інісінің не айтып кеткеніне түсінбей қалды өзі. Үйленгені несі? Ол туралы жазудың не қажеті бар?..

– Бұлай жазуға болмайды, – деді ол қарсыласып.

– Болады, – деді Ерлан тақылдап. Өзіне-өзі сенімді болып алыпты.

– Жоқ, болмайды.

– Болады.

– Ондай сөзді мен жазбаймын!

– Әйтпесе мен енді айтпаймын!

Екеуі ұрсысып қалды. Ерлан жіп байлап сүйретіп жүрген машинасын алды да «ву-у-у» деп машина болып жүгіре жөнелді. Нұрлан тағы да ойланып отырып қалды. «Не жазсам екен?» деп басы қатты. Бүгінге дейін ол ешкімге хат жазып көрген жоқ еді. Екінші кластың оқушысы дейді-ау өзін де! Ол өзіне-өзі кіжініп, қолындағы қаламсабын қыса түсті. Әлде оқудағы ағасына емес, әскердегі ағасына жазса ма екен хатты. Оған жазу оңайырақ болар еді. «Әжем сізді сағынып жүр. Әскери формамен түскен суретіңізді көргенде жылап қалды», – деп жазар еді.

Осы кезде Ерлан қайтып оралды.

– Тағы да айтайын ба? – деді жымындап. – Мен бәрін білем.

– Кетші әрі...

– Нұрлан, а, Нұрлан... сүйтіп-ақ жаза берейікші. Ол бәрібір үйленеді ғой. Осыдан қара да тұр! Ол ақыры алады бір қызды...

Нұрлан басын шайқады. Олай деп жаза беруге болмайды. Тәртіпті оқушы ондай сөз жазбайды.

– Ендеше басқасын айтайын, – деп Ерлан қояр емес, – «Жақында қызыл сиыр бұзаулады. Үйде сүт көп. Ішіп жүрміз. Рақат болды» деп жаз!

«Әрине, мұндай жаңалықты жазуға болады, – деп ойлады Нұрлан. – Енді түсіндім!..» Ол жіңішке саусақтары майысып отырып былай деп жазды.

«Көкем энеукүні күшік әкеп берді. Атын Қарауыл қойдық. Кейін үлкен ит болған соң үйді қарауылдасын дедік. Ерлан қазір менің қасымда тұр. Сізге үйдегілердің бәрінен сәлем. Ауылға қашан келесіз? Бәріміз сізді сағындық. Сәлеммен Нұрлан». Хатты конвертке салып, әпкесіне адресін жаздырып алды да екеуі поштаға бірге апарып тапсырды.

Қайтып келе жатып, «Кішкентай болса да Ерланның білмейтіні жоқ, – деп ойлады Нұрлан. – Ол болмағанда хатты қалай жазар едім...» Ал Ерлан болса кеше үйдің жанындағы алма ағашының көлеңкесінде әжесінің әпкесіне дауыстап отырып хат жаздырғанын жасырып қалды. Ол үндемей отырып-ақ әжесінің әскер қатарында жүрген немересіне жаздырған хатын жаттап алған болатын.



ТАҢСӘРІДЕ ОЯНҒАН ЖҰЛДЫЗДАР

Апам бір күні Атабек екеумізді тау бөктеріне, отынға жұмсады. Таң енді бозарып, аспан қара көк түске бояла бастаған кәусар шақта тәтті ұйқымыздың шырқын бұзып, жылы көрпенің астынан әзер дегенде оятып алды. Үстімдегі жұқа жейдем таңғы салқынға тосқауыл бола алмай, тісім сақылдап дірдек қақтым.

Кеше кешқұрым ойыннан сілем қатып шаршап қайтып, шешінуге мұршам келмей атамның жанына құлай кетіп едім. Сірә, апам қанша жұлқыласа да оянбағанмын-ау. Өйткені аяғымның шаңы әлі бес елі екен. Азаннан кешке дейін суға түсе бергендіктен тілім-тілім боп жарылып, ақтаңдақтатып кеткен. Жылы сумен жуу дегенің – дүниедегі азаптардың азабы. Апам аяғыңды жу деген сайын без-без ететінім сондықтан. Дегенмен, кешегіге қарағанда біраз тазарып қалған сияқты. Күнұзаққа бір тыным көрмейтін менің күс-күс аяқтарым түнімен жұмсақ төсекке олай да, былай да аунап, «сүртініп» алғанға ұқсайды.

Апам: «Түнде үйге жат, танертең ерте тұрғызамын деп кеше кешке қақсағанымда жатпаған өзің ғой», – деп ұрсып жүр. Бәлкім, ұрсып емес, жай айтып жүргені шығар. Жалпы, біздің апамның қай кезде ұрсып, қай кезде әншейін сөйлеп жүргенін білу қиын. Үнемі самбырлап, дауыстап сөйлейді де жүреді.

Әрине, үйге жатсам дәл қазір бұлайша тоңып отырмас едім. Бірақ түнге қарай үйдің ауасы қапырықтанып, ұйқыға жайсыз болатындықтан біз атамның жанында, өрік ағашының түбіндегі сәкіде ұйықтағанды жақсы көреміз. Апам отханаға кірген кезде мен қайтадан жып беріп жылы көрпенің астына сүңгідім.

Сол заматта-ақ көзім ілініп бара жатқан, біреудің саусағы сумаңдап келіп табанымды қытықтады. Аяқ-қолымды бауырыма алып, кірпікшешен секілді жиырыла қалдым. Лып еткізіп үстімдегі көрпені жұлып алды. Ағабек екен. Мені мазақтап, ыржиып күліп тұр. Өзі ықшам киініп, буынып-түйініп жолға жиналып қойыпты.

Апам ескілеу пиджагімді әкеліп берді. Үйге кіріп, бір кесе қымыз ішіп, бір жапырақ нан жеп алдым. Содан соң Ағабек екеуміз жолға шықтық.

Ол дәу көк есекке, ал мен жақында өзінен аумайтын сүп-сүйкімді қодық туған қара есекке мінгенбіз. Екеумізде де шу-мақталған қыл арқан бар. Ағабек оны жайбарақат тақымына баса салған. Ал мен үшін бір әлек болды. Ағам секілді тақымға салайын деп едім, қыл арқан қытығымды келтірді. Алғашқыда тіпті күлемін деп есектен құлап қала жаздадым. Апам қытығы көп адам қызғаншақ болады дейді. Бір есептен, онысы да рас... Құрып қалғыр арқанды ақыры, ердің алдыңғы қасына қалай болса солай байлап қоя салдым.

Жүрген сайын бойым жылынып, ұйқым ашыла бастады. Бірақ оң аяғымның бас бармағы әлі де қатты тоңып келе жатыр.

Су кешіп, шағырмақ күнге қақталып, көрмеген азабы жоқ мыж-мыж сары бәтәңкемнің басы алдыңғы күні тесіліп қалған. Доп тепкенде бұлқынып тұратын асау басбармақ інінен басын қылтитқан қу тышқандай жылт етіп шыға келген сонда. Кеше ол маған күні бойы күліп жүрген сияқты көрініп еді... Ал қазір күлу қайда-а! Боп-боз боп, өңі қашып келеді. Сары бәтәңке – биылдыққа құртқан төртінші бәтәңкем. Апам енді «Саған өліп қалсам да бәтәңке әпермеймін», – дейді. Әрине, өліп қалса бәтәңке әпере алмайтыны белгілі ғой. Ал тірі жүрсе қалайда әперетініне сенемін. Азаннан кешке дейін доп тепкенімді қоймасам, әлі де талай-талай бәтәңкенің түбіне жететін шығармын. Сондықтан да, апам... Жо-жоқ, кешіріндер! Бәтәңке үшін емес, жалпы мен апамның ешқашан өлмегенін қалаймын.

Аздан соң жасырынбақ ойнаған баладай күлімсіреп, «Мені таба алмадыңдар ғой, ә!» дегендей биік жоганың тасасынан қылтиып күн көтеріліп келе жатты. Көк шалғынға түнде тұнған мөлдір шық сүңгідей созылған алтын сәулелерге шағылысып, жұлдызша жарқырайды. Таң алдында тана көз жұлдыздар қалың майсаға қонып, ұйықтап қалған секілді көрінді маған. Міне, олар кенет ұйқысынан оянып кетті де төңіректің жарық тартып қалғанын көріп, асып-сасып аспанға қайта ұшып жаттыр. Алақай! Біз жұлдыздардың арасымен келеміз...

Ауылдың шетіне шыға бере бір қырсыққа тап болдым. Бағана жол ұзақ, шаршайды ғой деп қара есектің қодығын қораға қамап тастап кетіп едік. Енді міне енесі бас бермей, ауылға қарай қаша жөнелмек болып қыңырайып келеді.

Ағабекке рақат. Оқта-текте өкшесімен көк есекті бүйірден теуіп қойып жайбарақат отыр. Бірақ ол ойлай берсең ешқашан таусылмайтын тұңғиық, терең ойдың түбіне түскен секілді...

Қара есек нағыз сойқанды бастады. Әуелі мөңкіп-мөңкіп мені ұшырып түсірмекші болды. Тас кенедей жабысып, мойнынан құшақтап қаттым да қалдым. Содан соң қалт тұра қалып, бір орнында шыр көбелек айналсын кеп. Аманкелді батырдың аты секілді тұп-тура! Онысынан да түк шықпаған соң ауылға қарап жалынышты үнмен ақырып қоя берді. Ағабек, сірә, қырсық қара есекке мініп азап шегіп келе жатқан қара домалақ інісінің бұл дүниеде бары-жоғын ұмытып кеткен болуы керек, оқыс шыққан дауыстан селк ете түсті де түс көргендей ожырайып артына қарады.

– Аға, мына қырсықты қарашы, қанша сабасам да жүрмейді.

– Жігіт емессің бе, есекке әлің жетпей ме?!

Тұу, осы Ағабектің жанында жүрсең дүниеге қыз емес, ер бала болып келгенің де бір азапты міндет. Қит етсе, «жігіт емессің бе», «сені де ұл бала дейді-ау» деп шыға келеді. Немене сонда, ұлдың бәрі Ағабектей атпал, алып боп тууы керек пе екен?! Мен секілді аяқ-қолы шидей, бойында қырым ет жоқ, әлжуаз болса көрер ем. Оның үстіне мінгенің қырсық қара есек болса... Дегенмен, ер емессің бе деген соң амал жоқ, намысқа тырысып бағасың. Бірақ, мына қара, қырсықтың басынан қанша төпелесем де аттап баспай-ақ қойғаны. Ақыры болмаған соң Ағабек қыл арқанмен оның мойнынан байлап, қара есек екеуімізді жетекке алды. Қарулы қолдың тегеурініне бағынып, енді ол амалсыз жүріп келеді. Атамның айтуынша, Ағабектің күш-қайраты екі қолында, ал менің күш-қайратым шашым мен тілімде. Ойбай, менің шашымды айта көрме! Тоғайдағы кірпікшешеннің тікенін көр де менің шашымды көр. Одан артық теңеу таба алмасыңа бәс тігемін. Ал тілім... одан тартқан азабым да аз емес. Әзірге ол тасты емес, басты ғана жарып жүр...

Жалпы, атам менен гөрі Ағабекті жақсы көреді. Сөйте тұра папам мен мамам өз қолдарына алып, қалада оқытпақ болғалы бері күнде айналып-толғанып, біресе «құлым» боп, біресе «садағам кетіп» өбектеп жүр. Қараптан-қарап отырып:

– Кімнің баласысың? – дейді маған.

– Атамның.

– Атаң аты кім?

– Әлен!

– Ой, айна-а-лайын! – деп атам маған қарап кеңк-кеңк күліп қуанып қалады.

Апам... қайран апам менің, ол бәрімізді де жақсы көреді. Бәрімізді де айналып-толғанады, бәрімізге де ұрсады. Ал мамам мені тек өзіне ғана еншілеп алғысы келеді. Өйткені ауылға келген сайын: «Аркаша (Ағабек дегені ғой) бізге бөтен боп кеткен. Ал сен біздің... тек қана менің баламсың» дейді маған. Содан соң «Солай ғой, ә, папасы» деп папама қарайды. Ол да үнсіз, бас шұлғып қостайды. Бірақ өзі ылғи да жұмысы туралы ойлап отырады. Жалпы папамның қолы жұмыстан сирек босайды...

«Кебіс құлаған» жардың үстіндегі жалғыз аяқ жолмен жүріп келеміз. Төменге көз салсаң басың айналады. Сондықтан да қарамауға тырысамын. Адам деген қызық қой, қаншама қармайын десем де мойным өз-өзінен солай қарай бұрыла береді. Рас болса, баяғы заманда отынға бара жатқан бір шалдың кебісі осы жардың үстінен өте бере аяғынан сыпырылып түсіп қалған екен. Сірә, қалғып кеткен-ау шамасы, әлде астындағы көлігін тебіне беремін дегенде түсіп кетті ме. Әйтеуір бұл жар сол күннен бастап «Кебіс құлаған» атаныпты.

Дәл қазір менің басыма да бір қызық ой сап ете қалды. Саспа! Ұшында саусақ сыярлықтай тесігі бар сары бәтеңкемен енді қиналмай-ақ қоштасуға болады. Осылайша оп-оңай реті келіп тұрғанда көзін құртпасам, апам жақын арада жаңасын әпере қоймасы белгілі. Білем ғой, «Бір айға да жеткізбедің-ау, жүгер-мек! Жүр енді солай, бас бармағың шықпақ тұрмақ, сирағың шығып тұрса да соны киесің» деп кейиді. Ал түгім жоқ, жалаң аяқ қалдым деп жылап отырып алсаң амал жоқ жаны ашиды. Өрине, мамам көрсе шыр-пыр болып дүкенге қарай жетектей жөнелер еді. Бірақ олар қазір Ялтада демалып жүр ғой. Әлде соларға бәтеңкемнің жыртылып қалғанын айтып хат жазсам ба екен. Ойба-а-й, ол хат жетіп, олар келеміз дегенше қай заман?!

Кім білсін, бәлкім, осы жар бүгіннен бастап «Бәтеңке құлаған» атанып кетер. Сонда естіген жұрт таң қалып, «Кімнің бәтеңкесі еді?» деп сұрайды ғой.

«Жәнібектің бәтеңкесі».

«Қандай, әдемі ме еді?»

«Кәдімгідей. Сары бәтеңке болатын, ұшында саусақ сыярылықтай тесігі бар».

«Апыр-ай, ә?!»

Сәлден соң сары бәтеңке «Кебіс құлаған» жардың үстінен мұрттай ұшты. Сайдың табанына барып топ етіп түскенше қарап отырдым да ағам дауыстадым.

– Ағабек! Бәтеңкем түсіп қалды.

– Қайда?

– Сайға.

– Қап-әй, ә! – Ол көлігінің басын тежеп, маған бұрылып қарап сәл отырды да асықпай қозғалып түсе бастады. Әй, осы ағамның ақ көңіл, аңғалдығы-ай! Енді ерінбей-жалықпай сайға түсіп, менің бәтеңкемді тауып әкеліп бермек.

– Қай тұсқа түсіп еді? Осы жардың үстіне келгенде түсті ме, жоқ әлде жолда түсіп қалды ма?

– Білмеймін...

– Ай қарап отырғансың ба өзі?!

– Ай жоқ қой...

Ішімнен ағам бәтеңкемді таба алмай қойса екен деп ойлап отырмын. Бірақ қандай істі қолға алса да асықпай, аптықпай, байыппен істейтін ағам бұта-бұтаның түбін үңіліп қарап, жалықпай іздеп жүр. Ал мен бәтеңкемнің қай жерде жатқанын қара есектің үстінде отырып-ақ көріп отырмын. Анау ит мұрынның бұтасына ілініп, табаны аспанға қарап қалған – сол. Маған өкпелеп жатқан секілді...

– Мә, ұста!

Ағам ақыры тауып алды да құлаштап тұрып лақтырып жіберді. Дәл лақтырды. Тіпті өзі келіп киілетін шығар деп аяғымды созып, көздеп отырғанмын... Қара есек қапы қалдырып, жалт бұрылғанда аяқ-қолым тарбиып жардың жиегіне тымақша топ ете түстім. Зәремнің ұшқаны сондай, бақырып жылап жібердім. Тап қазір аман-сау, тірі қалғанымның өзі үлкен олжа секілді. Егер жаңағы бәтеңкеме ұқсап, төмен қарай заулай жөнелсем қайтер ем... Қара есек болса алды-артына қарамай, ауылға шауып бара жатыр. Ағабек әуелі не болғанын түсінбегендей аңырайып тұрып қалды да артынша:

– Жәнібек, Жәнібек! – деп сасқалақтап, айқайлап жіберді. Ботадай боздап, орнымнан сүметіліп тұрып келе жатқанымды көрген соң ғана жүрегі орнына түсті.

– Жөкентай, мен қазі-і-р! – ол сайдың аңғарын бойлап жүгіре жөнелді. Қара есектің алдын орап шығып, ұстап алмақ.

Мен өксігімді баса алмай, әлі солқ-солқ етіп отырмын. Көк есек «Сауап болды, сауап болды» дегендей қайта-қайта пысқырынып қояды. Біраздан соң Ағабек «қашқынды» ұстап алып келді.

– Байқап отыр! Енді құлап қалма, – деп ескертті ол. Онсыз да тақымымды қысып, тастүйін боп отырғанмын.

Тауға жақындаған сайын сайдағы тоғай қоюланып, бұта-қарағанның қорамы көбейіп, қураған ши-қамыс, тал-терек жиі-жиі ұшыраса бастады. Ағабектің өзінің межелеп келе жатқан жері бар екен. «Өгіз өлген» жарға жете бере жотадағы жолдан бұрылып, тоғайдың арасына ендеп кеттік. Ұзыннан сұлап жатқан екі қураған ағаштың жанына келгенде тоқтап, көлігімізден түстік. Ағабекке отын кесу дегенің түк емес, мен бұлақтан су ішіп, бүлдірген теріп жеп келгенімше екі есекке теңдеп, артып та қойыпты.

Қайтар жолда қара есек бұлкекке салып, желе жөнелмесі бар ма. Ішек-қарным солқ-солқ. Сілікпем шығып келеді. Көк есек едәуір жер кейіндеп қалған. Мойнындағы жіпті қос қолдап қанша тартсам да бой берер емес. Әрі-беріден соң арындап, шаба жөнелуге айналды. Өйтетін болса құрығаным! Арқасындағы отынды да, мені де лақтырып тастап ауылға, қодығына қарай қашады. Соны сезді ме, Ағабек «ық-ықыны» көбейтіп, көк есекпен өкшелеп қуып жетті де жол жиегінде өсіп тұрған жабайы алманың бір түбін балтамен шауып түсіріп, қыл арқанның бір ұшымен байлап, қара қырсыққа сүйретіп қойды. Енді оның әуелгі қарқыны басылып, жүрісі баяулаған. Сонда да болса әлі көк есектен таяқ тастам жер алда келеді. Мен оның күш-қайратына таң қала бастадым...

Бұрын балаларға көк есектің күшін айтып мақтанатынмын. Өйткені үстіне артылған екі фляг суды көтеріп, ұйықтан қиналмай өте шығатын сол болатын. Ұйық демекші... тоғайға кіре берістегі Танабұлақтың суы азайып, жылымдап ағатын болған соң біз ауыз суды Шалқар-атаның бастауынан тасуға көшкенбіз. Суы азайған соң айналасы бір-екі аптаның ішінде Танабұлақтың төңірегі адам да, мал да өте алмайтын. Енді суға бара жатқанда, қайтып келе жатқанда ол жерді орағытып, айналып өтуге тура келетін.

Біз жақында бір қызық ойын бастадық. Су алып қайтып келе жатқанда есектерді әдейі сол ұйыққа саламыз. Кімнің есегі мықты болса сол арғы жағаға өтеді де, ал нашар тырақылары ұйыққа белуарынан батып қалады. Ол жарыста алдына жан салмайтын біздің көк есек пен Үбіжанның құла тайқары. Ал қара есек нағыз әлжуаздардың бірі еді. Бүгін оның бойына ға-йыптан күш құйылыпты...

Біз ауылға жақындағанда күн биік жотаның шоқтығына ілінген болатын. Бұл бір адам таң қаларлықтай ғажап сурет еді. Жотадағы қызыл күрең жез тегене сәл сәттен соң аунап түсіп, сайдағы ауылға қарай құлдилап, дөңгелей жөнелетін секілді. Бірақ ол бергі жаққа емес, ар жаққа – «Ойпатты» жаққа батып бара жатты...

«Қызыл талға» ымырт үйірілді. Ал «Ойпаттыда» күн енді батып бара жатқан болар. Өйткені ол жақтың Күні ұзақ жүріп, ұшы-қиыры жоқ жазық даланың бір түкпіріне батады.

Ауыл шегіндегі терең сайға түсіп келе жатқанымызда өрістен қайтқан мал да жердің шаңын аспанға көтеріп, Қарауыл төбе жақтан бері қарай құлады. Айнала лезде у-шу, азан-қазан үнге толды да кетті. Тоғайдағы алаңқайда доп теуіп жүрген балалар ойынды доғарып, малдың алдынан шығуға қамдана бастады.

– Айналайын, аппақ баласынан әншейін! Адам болды, апасына қолғанат болды деген осы! – деп апам мені айналып-толғанып, мақтап жүр. Апамның ойынша отынға мен ғана барып келген секілдімін. Ағабекке тіпті назарын да аударар емес. Ол болса аспай-саспай жүріп отынды отханаға апарып түсірді. Арқасындағы жүктен құтылғанын сезген қара есек ытқып қораға қарай жүгірді. Аздан соң ол жақтан ақырып қайта шықты да қораны айнала шауып қодығын іздеді.

– Ойбуй, енді қайттім? – деді апам абыржып. – Анау байқұс баласын іздеп зарлап жүр ғой...

Сол күні қара есектің қодығын іздеп олай-былай шапқаны, тоғайда арқандаулы тұрған, тұсап қойған, төрт-бестен топтанып жайылып жүрген есектердің жанына алқынып жетіп барып аңырайып қарап, бірақ қодығын ұшырата алмай тағы да ақырып, баласын шақырып жан ұшыра жүгіргені әлі есімде... Бірақ, амал қанша, тағдыр қатал екен, ол өзінің кішкентай, сүйкімді қодығын таба алмай жүрді. Шындығында, тағдырдың

емес, көпе-көрнеу біздің қаталдығымыз болар. Егер сол күні қара есекті отынға мініп бармағанымызда ол қодығынан айрылмас еді ғой. Шынында, олар үшін, бейкүнә хайуандар үшін тағдыр дегеніміз біз, адамдар емеспіз бе...

Сол күні апам қорадан тезек алуға кіргенде кішкентай қодық қабаттасып шығып кетіпті де, енесін іздеп әрлі-берлі жүгіріп жүріп көшеден зымырап өтіп бара жатқан машинаның астына түсіп қалыпты...

Түннің бір уағына дейін қара есек қораға келмеді. Жатар алдында атам:

– Қодығын тапқан-ау, шамасы, – деді мәсісін шешіп жатып.
– Ауылдан алысыраққа, ық жаққа апарып таста деп айтып ем бағана Әбзәкірге, ерінген ғой бейқасиет...

Көпке дейін ұйқым келмей, жұлдыздарға қарап ойланып жаттым. Олар да бүгін мұнайып тұрған секілді...

«Сонда... қара есек қодығының бүгін өлетінін білгені ме?.. – деп ойлады. – Жүрегі бір жамандықты сезген-ау, шамасы. Бірақ... қайдан білсін?.. Егер білсе, қорадан шықпай төрттағандап жатып алар еді ғой».

Менің есіме таң сәріде күн көзіне шағылысып, мөлдіреп тұрған көк шалғындағы «жұлдыздар» оралды. Қара есектің қодығы да солар секілді аз ғана өмір сүріп, сөніп кетті-ау деп ойлады.

Сол күні шым-шытырық түс көрдім. Қара есек қодығын тауып алып, қарқылдап күліп тұр екен деймін, папам мен мам курорттан келіп, бәріміз маз-мейрам боп жүр екенбіз деймін...

ЖЕҢІС

Әбді шал өрік ағашының көлеңкесінде немересінің жыртылып қалған бәтеңкесіне жамау салып отырған болатын. Атам қашан бітіреді екен деп шыдамсызданып, бәтеңкесін киюге асығып жүрген Жорабек оқтын-оқтын келіп, үңіліп қарап тұрады. Ол қарап тұрған кездерде алдындағы іске атасының қолы жүрмей, берекесі қаша бастайды. Бір-екі рет тіпті қолындағы бізі тайып кетіп, саусағына сұғып та алды. Содан соң:

– Неменеге сонша бакырая қалдың?! – деп кейіді Жорабекке. – Кинә дейсің бе бұл саған. Бар жүгір, ана қозы-лақтарды қарап кел. Түнеугүнгідей егінге түсіп кетіп масқара болармыз. Жер жұтқырлар бастары қақшаңдап қит етсе солай қарай жүгіреді екен.

Шал қозы-лаққа ашуланамын деп отырып саусағын тағы да бізбен түйреп алды. Сосын қолын ауырсына сілкілей отырып, Жорабекке және біраз ұрысты.

– Осыншама шұрық-тесік қылып киетіндей қай атаңның құны қалды екен. Тап қазір осы бәтеңкеңмен басыңнан бір қояйын ба, а?!

Жорабек атам шынымен-ақ ұрар ма екен деп енді қашуға ыңғайланып тұрғанда, шаңдақ көшенің шаңын аспанға бұрқ еткізе көтеріп үйдің тұсына автобус тоқтады. Ауылда жөні түзу аялдама жоқ болғандықтан, ауданнан қатынайтын автобус жолаушылардың өтініші бойынша кез келген үйдің тұсына тоқтай беретін. Жорабек көзін сығырайтып, талдың бұтақтарының арасынан үңіліп жол жаққа қарады да:

– Ата, біздің үйге қарай біреулер келе жатыр, – деді.

– Кәні? – деп атасы маңдайын алақанымен қалқалап, ұзақ қарағанымен ағаш жапырақтарының тасасынан жөнді ештеңе көре алмады.

– Әні... шашын төбесіне бүйтіп... түйіп алған бір әйел, қолында сөмкесі бар. Жа... жанында бір бала. Тура біздің үйге қарай келе жатыр. Әні, арықтан өтетін көпірді таба алмай тұр.

– Әй, жүгірмек-ау, «жатыр, тұр» дей бергенше алдарынан шықсайшы былай, адам құсап. Мен сені тыңшылыққа қойып па едім бұл жерге.

Келген атасының немере қарындасы екен. Орнынан қаулақтап көтерілген атасы қарындасын құшақтап көрісіп тұрып, көңілі босап кемседеп қалды.

– Шүкірім... шүкірім, аман-есен барсыңдар ма? Сендерді де көретін күн болады екен ғой, – дегенде даусы жарықшақтанып, жанарынан жас домалап сақалына тамды. Сосын апасымен бірге еріп келген бадырақ көз, күнге күйген қара торы баланы көргенде бұлт тасасынан шыққан күндей жадырап сала берді.

– Ау, мынау біздің әлгі дәу жиен бе? Кәні... кәні бетті әкел. Ассалау! Өй, ақымақ, қашқаны несі. О, жаман, әні бұлар өсте-өсте жат боп кетеді түге. Бір күні аптауызда орын бермей отырады әлі!.. Қайсыбір жылы үйлеріңе барғанымда бесікте іңгәлап жатқан бала еді.

Әрі-бері қашқақтағанына қоймай атасы маңдайы шып-шып терлеп тұрған жиенінің бетінен алма-кезек шөпілдетіп сүйіп жатыр.

Шай ішіліп болған соң, Жорабек үйге келген қонақ баланы сыртқа ойнауға ертіп шықты. Оның бойы Жорабектен бір қарыстай кіші екен. Бірақ бұған қарағанда етженді, тығыншықтай. Дегенмен, Жорабектің аяқ-қолы сырықтай, тарамыс, шымыр көрінеді. Алыса кетсе, әрине, оны жеңуі ықтимал.

Өзі құралпы балаларды көргенде әуелі күрес туралы ойлау оның әдеті еді. Өйткені күрес десе ішіп отырған асын жерге қояды. Бұл ауылда өзімен жасты балалардың бәрін жеңетін. Кейде сол жеңісі үшін де кейбір балалардың әке-шешесінің қаһарына ұшырап қалатын кездері бар. Әсіресе Тілләбай тырнауық жығылып қалса байбалам салып жылап, ұрды деп апасына өтірік айтып барады. Оны естіген атасы Жорабекті қуып жүріп сабайды.

Әрине, дәл қазір Жорабек үйге келген қонаққа бірден «күресесің бе» деп ұсыныс жасаған жоқ. Әйтсе де бір реті келген жерде күресіп көрсе ғой деп, ішінен ғана ойлап қойды.

Ол үлкен кісілерше:

– Жорабек, – деп өзінің атын атап, қол беріп танысты.

– Сайран.

– Мектепке биыл барасың ба?

– Мен... мен бірінші класты бітірдім ғой, – деді ол көздері жыпылықтап.

– Қойшы-ей, – деп, таң қалғаннан Жорабектің даусы қаттырақ шығып кетті. «Тіп-тигімдей боп па» деп айта жаздап, өзін-өзі эзер тежеді. – Сонда... сен менен үлкен болғаның ба?

Сайран да әдеп сақтаған болуы керек, бұның әлі мектепке бара қоймағанын іші сезіп тұрса да:

– Сен... сен нешіншіде оқисың? – деп сұрады.

– Биыл көктемде екі апта бойы нөләбайға бардым, – деді Жорабек, өзінің сонысына көңілі толмағандай мұрнын тыржитып. – Әншейін... анау-мынау... үш бұрыш, төрт бұрыш сызуды үйретеді екен. Одан да бірден әріптерді үйретпей ме екен.

– Дайындық класына десеңші, – деп түзетті оны Сайран. – Сенің айтып тұрғаның орысша, «нолевой класс» деген ғой.

– Солай шығар, – деп Жорабек желкесін қасып тұрып, өзінің қателігін оңай мойындады. – Ішім пысып, барғым келмей жүр едім. Атам бір күні: «Бармасаң бармай-ақ қоя сал. Шөп тасығанда есектің басын бұрып отыратын да бір адам керек», – деді.

Екеуі үйдің арт жағындағы пістеліктің арасынан шымшық атуға шықты. Жорабектің «рәгаткілері» көп болатын. Ішінен біреуін таңдап алып Сайранға ұсынды.

– Алам десең сәпсім бердім саған, – деп, мырзалық та танытып қойды.

Пістеліктің арасынан шымшық атқан өз алдына бір қызық. Атқанда да асқан дәлдікпен, шеберлікпен, күнбағыстың басына, сабағына тигізбей, тура шымшықты көздеп жалп еткізу керек. Мүлт кетсең күнбағысты қиып түсесің. Ал сосын атай аямайды. Қолына түскен шыбықпен сабайды.

Жорабек кәдімгідей-ақ мерген. Бір көзін қысып тұрып көздеп, тас салынған көнді босатып қалғанда, қаннен-қаперсіз пісте шоқып отырған шымшығыңды топ еткізеді. Бұл жолы да бір атқанда тигізді.

– Қа-а-алай күшті атасың-ей?! – деп ішегін тартып таң қалды Сайран.

– Бұл әне-е-гүні өйіктің басына қонып отыйған алақанатты да мұйттай ұшыйған, – деп, қастарына еріп жүрген, «р»-ға тілі келмейтін бес жасар Танабек те ағасының мақтауын асырып қойды.

– Пістенің арасынан шымшық атқанымызды атама айтып қойма, – деп ескертті оған Жорабек. Сосын Танабектің аяғына қарады да көзі атыздай болды. Атасының кебісін қолпылдатып, сырп-сырп сүйрете-е-еп жүр. – Ой-бай, жүгір үйге. Аяғыңдағыны тастап кел. Атам кебісін іздеп жатқан шығар.

Танабек ағасының тілін алған боп қораның бұрышын айнала бере жасырынып қалды. Көңілін қонақ бала қалай атар екен деген әуестік жеңіп, үйдің бұрышынан жылтыңдап, қайта-қайта сығалап қарап тұрды.

– Ал енді сен атып көр, – деді Жорабек Сайранға кезек беріп. Ол да бір көзін қысып, ұзағырақ көздеді. Толқып тұр ма, қолы дір-дір етеді. Бір кезде көнді қысып тұрған екі саусағының арасын ашып кеп жіберіп еді, бармақ басындай жұмыр тас зулап барып шымшыққа тимей, жақын мандағы күнбағыстың дөңгелек басына тиіп, жартысын опырып кетті.

– Өлө, атам көрсе өлтіреді енді, – деді Жорабек қорқып. Өлгінде ғана өзін айналып-толғанып, бетінен сүйген селдір сақал арық шалдың сондай қаталдыққа бара қоятынына сенбей тұрса да, Жорабектің даусына шейін діріл араласқанын көріп Сайран сескеніп қалды. Сол кезде қора жақтан:

– Әй, менің кебісімді киіп кеткен қайсың? – деген Әбді шалдың даусы естілді. Танабек кебісті тамның бұрышына қалдырып, жалаң аяқ бері қарай қашты.

– Апар дегенде неге апармадың?! – деп Жорабек оған көзін ежірейтіп айбат шегіп жатқанда атасы:

– Әй, жүгірмек келгірлер, сүйреткендеріңмен қоймай, енді көрінген жерге аунатып тастап кететін болғаныңдар ма? – деп зекіріп, кебісін қолына ұстаған күйі мәсішең тамның қалқасынан шыға келді.

Атасының көзі ә дегеннен-ақ бір шеті опырылып қалған күнбағысқа түсті.

– Бәсе, неғып бұлар жым-жырт бола қалды деп ем-ау! Ай, Жорабек сен бе, сен оңбассың. Пістелікке қарай айыр ағашыңды шошайтпа деп қанша айттым... қанша айттым... – деп, көзімен жерден ұруға ыңғайлы шыбық іздей бастады. Жорабек «тәйт» десе қаша жөнелуге әзір тұрған.

Ойлағандай-ақ атасы бір қу бұтақты тауып алды да қуып кеп жіберді. Тұтқиылдан кеп бас салмаса онша-мұншаға жеткізе қоятын Жорабек пе, зымырап көше жақтан бір-ақ шықты.

– Әй, тұқымың құрымағыр-ау, – деп атасы оған қарап қолындағы бұтағын сілтеп тұрып, доң айбат қылды. – Осыдан үйге бір келерсің. Келмей кетермін дейсің бе, әйтеуір келерсің. Сонда ма... сонда сенің сазайынды берермін-ақ.

– Ата, күнбағыстың басын сындыйған ол емес, анау Сайлан ғой, – деді Танабек.

– Қой. Ол Сайран ондай бала емес. Бәрін істеп жүрген анау Жорабек қой. Сол, – деді атасы енді даусын жұмсартып.

Үйде Жорабек атасының, Танабек әжесінің баласы, ал Меруерт пен Жібек көкесі мен апасының қыздары болып бөліне-

тін. Түнде жатқанда да Жорабек пен Танабек сырттағы сәкіде, атасы мен әжесінің ортасына ұйықтаушы еді. Көкесі жаз шыққалы бері есік алдындағы үлкен кереуетті жалғыз өзі иемденген. Кейде Жорабек пен Танабек сол кереуеттің үстіне қатар тұрып алып, секіріп ойнайтын. Алдыңғүні кешке көкесі:

– Кереуеттің торын босатып тастапсындар, – деп екеуіне әбден ұрысты.

Апасы, Меруерт және Жібек үшеуі үнемі үйге жататын.

Бүгін кешкілік сол қалыптасқан тәртіп едәуір бұзылды. Әжесі қонақ әйелмен бірге үйдің ішіне жатты. Атасы, Жорабек, Сайран, Танабек – бәріне төсек сәкінің үстіне салынды. Кешке қарай Қазықұрт жақтан жаңға жайлы қоңыр салқын самал есті. Мұрынға қурай бастаған сасырдың, шырыштың иісі келеді. Көкірегінді кере жұтқан сайын тоймайсың. Дәл жастыққа бас қояр кезде атасы Жорабекке:

– Сен шетке жат. Менің жаныма Сайран жатсын, – деп, Сайранды айналып-толғанып басынан сипады. Жорабек атасына іштей өкпелеп қалды. Әншейінде: «Жорабек – менің балам. «Ақ» дегенде аузымнан түсе салған», – деп отыратын атасы бүгін алыстап, жат боп кеткендей.

Ол қолын желкесіне айқастыра салып, сүттей аппақ айға қарап біраз ойланып жатты да кенет, жалма-жан атып тұрып, төсегін домалақтап орап құшақтай көтеріп алды да:

– Көкемнің қасына барып жатам, – деп кетті.

Көкесі қорылдап ұйықтап жатқан болатын. Ол әрі-бері қарап тұрды да төсегін жерге сала салды. Дәл жанында біреу ербеңдеп жүргенін ұйқылы-ояу сезіп, көкесі қорылдағанын қойып басын көтеріп қарады.

– Әй, бұ кім? – деді немқұрайлы үнмен. – Жорашпысың?

– Иә...

– Немене, түн ортасында жау қуды ма сені?

Бірақ «жау қуды ма, жоқ па» оны тыңдап жатпай-ақ, қайтадан қорылға басты. Атасы, сірә, Жорабектің тұрып кеткенін білмей де қалған болуы керек. Танабек:

– Жорабек көкемнің қасына кетіп қалды ғой, – деген соң барып басын көтеріп қарап:

– Әй, жаман неме-ау, оның не? – деп дауыстады.

Жорабек үн қатқан жоқ. Танабек болса екі ортаға тағы да қыстырылып:

– Төсегін пләмі жейге сала салды, – деп қойды.

– А-а, сөйтті ме?! Қап, мына ақымақ сарының қылығын-ай, ә? Неге өйтті екен. Құмырсқаға жем болады-ау енді. Бір күнге шыдамай атасын сатып кеткені ғой мұның. Күшік-ай... Менің жаныма жатпадым деп өкпелегені-ау, ә?! Со... – менің иісімді иіскеп жатпадым дедің-ау, ә.

Атасының қасында жатқан Танабек бұл сөзге мәз болып, тыңқ-тыңқ күліп алды. Жорабек тым-тырыс, естімеген секілді жата берді. Атасы біразға дейін тағы бірденелерді айтты да үнсіз қалды.

«Атам да қызық. Сатып кеттің дейді-ау, – деп ойлады Жорабек. – Өзі ғой бірінші...»

Арқасына тақыр жердің ой-шұқыры батқандай да болды. Бірақ оны Жорабек елемеуге тырысты. Сөйтіп жатып, біраздан соң ол да ұйықтап кетті.

Ертесіне ойламаған жерден Сайранмен күресіп, күш сынаудың сәті түсті. Түс ауа үйдің жанында, ажырықтың үстінде үшеуі асық ойнап отырған болатын. Сайран бір кезде:

– Мына жердің көгінің қалыңын-ай, – деді.

– Бұл – ажыйық қой, – деді Танабек білгішсініп. – Атам жылда-жылда отайды. Биік, бәйби қаптап шыға бейеді. Ажыйықтың тамыйын жеті жыл құлғатып, жейге тастасаң да шығар деп атам айтқан.

– Осының үстіне күрессең рақат шығар.

– Ой, рақат, – деп, Жорабектің көздерінен ұшқын атты. – Кел, күресесің бе? Қорықпа, бұл жерге жығылсаң да еш жерің ауырмайды.

– Мен... мен жығыла қоймайтын шығармын.

– Байқа, – деді Танабек Сайранға қарап сұқ саусағын шошайтып. – Бұл бай ғой, осы ауылдағы балалайдың көбін жығарды. Бұны бәйі де Сайы Қайыс дейді.

Ауылдағы балалар Жорабекті мазақтағанда Сары Қайыс деп атайтыны рас еді. Қайыстай қатып, күрескенде ұстаған жерінен ала жығылатындығынан болар, сірә. Әншейінде жаңағыдай сөзі үшін інісіне біраз ұрсып та алар еді. Бірақ тап қазір күресуге асығып тұрғандықтан оған онша мән бере қоймады.

Екеуі белдесе кетті. Сайран оңай алдыра қоятын қарсылас емес екен. Тіресіп біраз жүрді де бұлт етіп ішке өтіп, көтере тастамақ болды. Жорабек сәл болмағанда оның мойнынан аса ұшып түсе жаздады. Бұлардың белдескенін қора жақта атының басына жем дорба іліп жүрген атасы да байқап қалған екен.

– Апыр-ай, мына екі батыр алыса кеткен бе, қалай?! – деп дауыстап, екеуіне дем беріп қойды. – Қайтер екен, ә? Алыстан ат сабылтып келген батыр жеңер ме екен, жоқ, осы ауылдың батырының пысы басар ма екен. Ойпырмо-о-ой, осы Сайран батыр мықты ма деймін.

Жорабек те енді әдіске көшті. Екі қолымен Сайранның иығынан тіреп, оны өзіне жуытқысы келмегендей боп жүрді де шалт бұрылып, жамбасқа салды. Сайран жерге жауырынымен түсті.

Бірақ бұларға қызықтай қарап тұрған атасы:

– Итжығыс, – деп, жеңісті Жорабекке бермей қайта белдестірді. Бұл жолы Сайран Жорабек бұрын білмейтін бір әдісті қолданып, екеуі жерге ұмар-жұмар құлады. Жорабек жауырынын жерге тигізбей, тырмысып тұрып кетпек болғанда атасы:

– Бәрекелде-е, жеңіс Сайрандыкі, – демесі бар ма.

– Жауырыным жерге тиген жоқ қой, – деді Жорабек қызынып.

– Жо-о-оқ, тиді ғой. Тиді.

– Тиген жоқ.

– Ойпыр-ай, мен енді... мына жерде тұрып бәрін де анық көрдім ғой.

Атасының бұл әділетсіздігіне ызаланып, Жорабек жылап жіберді. Қорсылдап тұрып:

– Сіз... сіз ән... әншейін, жиеніңізге жақтасып тұ... тұрсыз ғой, – деді өксіп-өксіп.

– Қап, мына ақымақты-ай, ә? – деп атасы қаупалақтап, асып-сасып қалды. – Мен бұны ақылды жігіт пе деп жүрсем. Әй, мынау таза ақымақ екен ғой, ә?! Оу, Сайран маған ғана жиен дейсіндер ме. Әй, ол мына сенің де жиенің ғой. Сонау алыстан, Темірланның ар жағынан сендерді іздеп, нағашыларым бар еді осында деп келді емес пе. Әй, Жорабек-ай, сөйте-е-еп келген Сайранға бір жеңісінді қия алмай, қорсылдап тұрысың мынау.

Атасының сөзі Жорабекке қатты әсер етті. Ол көз жасын алақанымен сүртіп тұрып, Сайранға бір түрлі іші жылып күлімсірей қарады.



ЖОЛ

Жазда жалаң аяқ, қыста қара пимамен құлдырандаған бала-лық шағыммен бір сәтке болса да қайта табысқым келеді...

Дала боран еді. Уілдеп, аш қасқырдай ұлып үрейімізді ұшырады. Жел суырған қиыршық қар шағын мектептің терезесіне екпіндей келіп соғады. Қоңыр күзде саңылауларын мақтамен бітеп тастағанмыз қандай жақсы болған. Әйтпесе аяз гулеп масқара болар ма еді, қайтер еді. Міне, енді долы боранның сан-саққа құбылған үніне жылы бөлмеде құлақ тосып, тындап қана отырмыз. Бәрібір, қорқынышты. Кластың бір бұрышындағы дәу шойын пеште от маздап жанып жатыр. Бұрыш жақта отырған Жаппас пысынап, екі беті албырай бастаған. Үрміз ағай тақтаға төрт бұрыш сызып, сабақ түсіндіріп тұр. Сыртта боранның қаһары бірте-бірте күшейе түскен секілді. Өттең, үйдің ішінде отырсыңдар ғой, әйтпесе тақтадағы үш бұрыш, төрт бұрыштарыңмен қоса жұтып жіберер едім деп өршеленетіндей.

Бір кезде ағай:

– Ал енді, үйлеріңе қайта беріндер, – деді журналды жауып.
– Соңғы сабақ болмайды. Мынау ақ түтектің түрі жаман, – ол кісі терезеден сыртқа көз тастады. – Жарық барда үйлеріңе жетіп алмасандар болмас.

Мектептен шыға салысымен бәріміз үйді-үйімізге қарай зымырадық. Біздің үй мектепке жақын. Екі арада ашық алаңқай бар. Үрміз ағайдың айтуынша ол жер кейін саябақ болатын көрінеді. Былтыр көктемде сол алаңға ағаш отырғызамыз деп көп шұқанақтар қазып, дайындап едік. Бірақ көшет әкелуге ағайдың қолы тимей жүрген кезде жаз шығып кетті. Содан соң «жазда отырғызсақ бәрібір қурап кетеді, күзде қондырамыз» деген болатын. Бірақ күзде де көшет әкелінген жоқ.

Оуп! Омбылап келе жатып сол шұқанақтардың біреуіне күмп етіп қалай түсіп кеткенімді байқамай да қалдым. Терендеу екен. Жоғарғы кластың балалары қазған болуы керек. Тура көкірегімнен келді. Қазір-ақ шығып кетемін ғой. Бұл түгiлi былтыр жазда күйкентайдың балапанын алмақ болғанда ауыл шетiндегi тiп-тiк құлама жарға да өрмелеп шыққанмын. Шұқанақтың шетi сiрескен қар, қолыма iлiгетiн ештеңе болмаған соң сырғанап қайта құладым. Тағы да тырбаңдадым. Сәл шығамын да аяғым тайып кетiп қайта-қайта томпылдап құлай берем. Үстiмдегi пальтом да ап-ауыр. Тар шұқанаққа кептелiп, бөгет жасады. Көкем Арыстан сатып әкелген кезде: «Жылы болады, енді тоңбайсың», – деп

мақтап еді. Міне енді, тоңбағанның көкесі. Қолдарым қызарып, үсіп барады. Тырнағымның асты ашып, саусақтарым илигетін емес. Пимама қар толып қалған. Қалтырап жаурай бастадым. Тағы бір рет... тағы бір... Құлақшыным көзіме түсе берген соң қолыма шешіп алып едім, жел жұлып әкетті. Анда-санда жерге бір тиіп, қалбаңдап ұшып барады. Ызам келіп бақырып жылап жібердім. Көз жасым домалап түсіп мұзға айналып жатыр. Қасақана үйден де ешкім шықпай қойды далаға. Даусымды қаттырақ шығарып жыладым. Үйшігінде бұйығып жатқан Құттыаяқ шәу-шәу үріп, жаныма жүгіріп келді. Бірақ оның қолынан не келуші еді. Кинодағы иттер секілді жеңімнен тартып шығаруды да білмейді. Тұмсығымен басымды иіскеп қойып, шұқанақтың жанына шоқиып отырды. Мен бақырып жыласам ол үй жаққа қарап үріп-үріп қояды. Бір кезде көмір салатын шелекті қолына ұстап әжем далаға шықты. Шұқырда жылап тұрған мені көріп құрақ ұшып бері қарай жүгірді.

– Алда, құдай-ай. Өлуге айналыпсың ғой! Өйбүй, жаным-ай, әншейін, – деп шыр-пыр болып жүріп мені шұқырдан суырып алды. Үйге кірген соң атамның қалың сары тонымен орап тастады. Сары тон жып-жылы екен. Маужырап отырып ұйықтап кетіппін.

Содан екі күн ауырып жаттым да үшінші күні сауығып, мектепке бардым.

Күн ашық. Аспан шыныдай мөп-мөлдір, тып-тынық болатын. Далада шыңылтыр аяз бар екен. Ақша қар көзімді қарықтырып, жанарым қайта-қайта жасаурай берді. Боран басылған.

Әжем мені қолымнан жетектеп, есік алдына шығарды да:

– Енді мына жолмен жүріп баратын бол! – деп, қалың қарды аршып салған жалғыз аяқ жолды көрсетті. Әжемнің еңбегі екенін бірден білдім. Жол тура мектептің табалдырығына дейін созылып жатыр. Күлімсіреп әжеме бір қарадым да жүгіре жөнелдім. Мектепке кіріп бара жатып артыма бұрылып тағы да көз салдым. Ол кісі қара қыжым пальтосын қаусырына түсіп, менің соңымнан ұзағырақ қарап тұрып қалған екен.

Сол күннен бастап мектепке әжем салып берген жолмен барып жүрдім.

Бірде түнімен қар жауғаны есімде. Таңертең далаға шығып қарасам қардың қалың жауғаны сондай, үйдің биік табалдырығына дейін жетіпті. Елең-алаңда тұрып жұмысқа кеткен көкем мен апамның ізін басып далаға шықтым. Дала да, қыр да, бәрі-бәрі тегіс аппақ. Жым-жырт, үрейлі тыныштық басып жатыр.

Дірдектеп үйге қайта кірдім. Әжем әлі төсегінен тұрмаған екен. Күнде бәрімізден ерте оянып, қыбырлап оны-мұны істеп жүруші еді, бүгін ұзағырақ жатып қапты.

– Әже, қар қалың жауыпты, – дедім.

Ол көзін баяу ашып:

– Не дейсің? – деп сұрады.

– Қар қалың екен...

– А-а... Мектебіңе сол өзіңнің жолыңның бағдарымен бар, – деді де жөтел қысып булығып қалды. – Со... Сонда шұқанақтарға түспейсің. Менің... бүгін басым ауырып қалған ба, қалай?.. Бойым дел-сал, көтертпейді...

Әжеме салқын қатты тиген екен. Бұрын да о жерім, бұ жерім деп жиі-жиі қиналып айта беруші еді, бұл жолы ұзақ ауырды. Мен үнемі әжем салған жолдың бағдарымен барып жүрдім мектепке. Қыс бойы бір де бір рет шұқанаққа түскен жоқпын. Бір өкініштісі, күн жылынып, қар еріген соң ол жолдың бағдарын анықтай алмай қалдым. Сол жылы көктемде мен үшін дүниедегі ең қымбат, ең асыл жан, айналайын ақ әжем дүние салды.

БІЗ ҚЫЗДАРДЫ ҚАЛАЙ ҚҰТТЫҚТАДЫҚ?..

...Ол кезде 23-ақпан – кеңес әскері мен теңіз флоты күні ретінде ел ішінде ерекше аталып өтетін бір үлкен мереке еді. Бұл күні әйелдер қауымы әдеттегіден өзгеше көңілді, әдемі әрі мейірімді болып кетеді. Сондықтан да олар жер бетіндегі бүкіл еркек атаулыны, оның ішінде әскерге барғандарды да, бармағандарды да, тіпті, кешегі екінші дүние жүзілік соғыстан қашып келген дезертирлерді де шын жүректен құттықтай береді.

Жалпы, бұл өзі ресми түрде әскери мереке болғанымен, бейресми түрде «Еркектер күні» дегендей бұқаралық сипатқа ие болатұғын. Сол себепті біздің сыныптың қыздары да жыл сайын бірігіп ақша жинап, ауылдағы жалғыз дүкеннен ұлдарға сыйлық алып, салтанатты түрде тапсырушы еді.

Енді міне, сегізінші наурыз – қыз-келіншектер мерекесі жақындаған сайын бізге де бір тықырдың таяп қалғаны анық.

Өз басым қыз балалардың қаншалықты сараң, иә болмаса жомарт екенін онша біле бермеймін, ал енді ұл балалардан ақша жинау дегеніңіз бар ғой, нағыз азаптың азабы. «Ұмытып кетіппін...», «Ертең әкелем...», «Апам ақша жоқ деді...» деген сияқты неше түрлі сылтаулар айтып, басын салбыратып жүріп алады. Әйтсе де Құралбек араласқан соң бұл іс те көпке созылмай, бір-екі күнде тез-ақ бітті.

Жайшылықта көп сөйлемейтін, томаға-тұйық Құралбек мұндайда тіпті аузынан шыққан әрбір сөзін нық шегедей қадап, кім-кімнің де болса өңменінен өткізіп жібереді екен. Ал содан соң әкелмей көр. Жүдә болмаса сабақтан соң оңашаға шығарып алып, шойындай жұдырығын мұрнына тақап, жақсылап иіскетіп жіберуден де тайынбайды.

Сөйтіп Құралбек екеуміз мерекеге екі күн қалғанда салып ұрып ауылдағы «әмбебап» дүкенге келдік. Мұнда әрине, көз қуантатындай ештеңе жоқ. Әлгі қыздар сыйлаған дәсорамал, қалам, өшіргіш сияқты ұсақ-түйек заттардан басқа кәдеге жарайтын зат көрінбейді.

Содан соң «Енді қайттік?..» дегендей бір-бірімізге қарап иығымызды қушиттық.

Есік алдына шыққан кезде Құралбек бір тосын ұсыныс жасап:

– Монтайға барсақ қайтеді, – деді. – Қыздарға лайық сыйлықты ол жақтан оп-оңай табуға болады.

Мұны естігенде менің көзім бақырайып кетті. Өйткені Монтай – біздің Ақжардан жиырма-жиырма бес шақырымдай қашықта жатқан үлкен ауыл. Әрі теміржол бекеті. Расында да, ондағы дүкендерден қалаған затынды аласың. Бірақ қазір ол жаққа көлік аз жүреді. Тіпті ілуде біреу ғана шығады. Себебі, біздің ауыл біраздан бері басқа кеңшарға қарайды.

Мінеки, Құралбек екеуміз жол шетінде көлік күтіп тұрмыз. Әзірге ауылды қақ жарып өтетін тас жолдың үстінен қыбыр еткен нәрсе көрінбейді. Қарным аша бастады. Бірақ... «Қой, мен үйге қайттым» деп айтуға дәрмен жоқ. Өйтсем, Құралбек ренжіп қалуы мүмкін.

Бағымызға қарай түс әлетінде артында тіркемесі бар бір трактор қаңғалақтап жайылым жақтан шыға келді. Екеуміз жарыса қол көтеріп ек, тоқтайтұғын түрі жоқ. Салдырлап-гүлдірлеп өтіп барады. Содан соң арт жағынан жүгіріп барып жармаса кеттік. Бірінші боп тіркеменің үстіне топ ете түскен Құралбек еңкейіп, қолын созып мені тартып алды.

Шіркін, шалқар дала – шөлейт адыр!.. Сенің де тілмен айтып жеткізе алмайтын тамаша суретің, таңғажайып бір құбылыстарың бар-ау. Әсіресе, көктем айларында ерекше құлпырып, көз алдымызда бойжеткен қыздай бір-ақ күнде бой түзейсің...

* * *

Қайдан шыға келгені белгісіз, Монтайға кіреберісте бір үш аяқты мотоцикл басып озды да трактордың алдын кесе-көлденеңдеп тұра қалды. Салдыр-гүлдір етіп бірден тоқтаған тіркеменің үстінен біз ұшып түсе жаздадық. Өлгі мотоциклге мінген кісі – учаскелік милиционер екен.

Кабинадан секіріп түсіп, «Ассалаумалейкө-ө-өм!» деп қос қолын ала жүгірген тракторшыға қарап:

– Иә-ә, неге нарушайт етеміз? – деп талтайып тұр.

– Бі-білмейм... е-ешқандай на-нарушение жоқ, – деді тракторшы табан астында кекеш болып қала жаздап.

– Им-м... – учаскелік милиционер «осы неме ішіп алған жоқ па екен өзі» дегендей оны басынан аяғына шейін бір шолып өтті. – Ешқандай да тәртіп бұзушылық жоқ дейсің ә, сөйтіп. Алл, заңсыз адам тасу ше?

– Не-е? Кімді айтасыз?..

Тракторшы енді ғана есін жиғандай, милиционер көзімен нұсқаған тіркеме жаққа қарады да: «Е-е, мое-е! – деді даусын соза таң қалып. – Мыналар кімдер-ей?!»

Учаскелік милиционер ақырын ғана басын шұлғып, мырс-мырс күледі. Бірақ оның тап осы сәтте жол ережесінің бұзылғанына не ренжіп, не қуанып тұрғанын бірден біле қою қиын еді.

– Штраф! – деді ол енді тракторшыға ежірейе қарап.

– Н-не-е? – тракторшының даусы эзер шықты.

– Тележкаға адам отырғызғаның үшін!

– Ме... мен бұ... бұлардың қа-қашан, қай жерде отырып алғанын білмеймін!..

– Онда менің шаруам жоқ.

Кенет Құралбек шынтағымен менің бүйірімнен қатты түйіп қалды да «Кеттік!» дегендей болды.

Жалма-жан тіркемеден секіріп түсіп тұра қаштық.

* * *

Ол кезде Монтайдың орталық көшесі түп-тура қаладағыдай – қаз-қатар тізілген дүкен, кішігірім жайма базар еді. Міне, сол дүкендердің бір бұрышында бес биенің сабасындай семіз орыс әйел квас сатып отыратын.

Құралбек екеуіміз соның алдына жеткенде сәл аялдап, бір-бір күрішке квас алып іштік. Көніміз кеуіп-ақ қалған екен. Бір күрішке жұмырымызға жүк болмаған соң «сынып бюджетіне» қол салып, он тиын алдық та тағы да бір-бір күрішкеден қайталап жібердік. Орыс әйел болса біздің мұнымызға қуана құнжындап: «Пейте, ребята, пейте! Нынче такая жара!..» деп қояды.

Шөлімізді қандырып алған соң маңдайшасында «Культтовары» деген жазуы бар дүкенге бас сұқтық.

О-о, шіркін, мұнда не жоқ дейсіз?! Сөре тола ойыншық. Тағы да басқа; барабан, горн, шахмат тақтасы, теннис ракеткалары сияқты ұсақ-түйек заттар толып жатыр!.. Бірақ оларды қойшы, әне, анау бұрышта қаз-қатар тізіліп тұрған белесебеттерді айтсаңшы.

Қол жетпейтін арман ғой, шіркін! Апыр-ай, осы арғымақтардың бірін тақымға басар күн қашан туар екен?! Өне, сонда Ақжар мен Монтайдың арасы бір-ақ қадам боп қалар еді-ау бұл көкене!.. Өлгіндегідей жол машақатын көріп, қай-қайдағы бір трактордың тіркемесіне жабысып үсті-басымыз ебіл-дебіл боп жүрмес ек қой.

Мен енді солардың жанына барып, жап-жаңа велосипедтерді қолымның ұшымен сипап көре бастадым.

– Әй, бала, тиіспе! – деді кенет прилавканың ар жағында тұрған сары шашты, көк көз әйел тап-таза қазақ тілінде зірк ете қалып.

Жаңа дүкенге кіріп келе жатқанда мен оны орыс болар деп ойлағам, сөйтсем...

– Мына белесебет қанша тұрады? – үнім өзіне-өзі сенімсіз адамның даусындай күмілжіп шықты.

– Қырық сегіз сом, – деді көк көз әйел менің әрбір қимылымды аңдып тұрып. – Алмайтын болсаң тиіспей аулақ жүр!

Осы сәтте прилавканың алдында тұрған Құралбек басын көтеріп, оған қадала қарады да:

– Апай, біз сегізінші мартқа сыйлық іздеп келіп ек, – деді салмақты түрде үн қатып. – Сіз бізге қандай заттар алуды ұсынар едіңіз?..

Манадан бері біздің дүкенге кіргенімізді жақтырмай, жауыға қарап тұрған дүкеншінің жүзіне кенет жылы шуақ үйіріліп, екеумізге кезек-кезек қарап таңданып қалды.

– Сегізінші мартқа дейсіңдер ме?.. Кімге алмақшысыңдар сыйлықты?

– Қыздарға.

– О-о, қыздарға ма?! – Көк көз келіншек қасын керіп, жымып күлді. – Үйбай-ау, бізде қыздарға арналған заттар көп қой. Соның... қайсысын таңдауға кеңес берсем екен, ә?..

Ол сөрелерге тез көз жүгіртіп өтті де:

– Міне, мына әтірді алыңдар, – деп Құралбекке бір әдемі қорапқа салынған иіс суды ұсынды.

– Бұ қанша тұрады?..

Құралбек әлгі қорапқа үрке қарап, біртүрлі батылсыздау сұрады.

– Бар-жоғы сегіз-ақ сом. Өте жақсы сыйлық болады.

Мәссаған! Құралбекті қайдам, менің көзім шарасынан шығып кете жаздады. Бүкіл кластағы ұл балалар болып жинаған ақшамыз – 5 сом 40 тиын ғана. Оның 20 тиынына жаңа квас алып іштік. Ендігі қалғаны 5 сом 20 тиын... Ал мынау дүкенші әйел болса, «бар-жоғы сегіз-ақ сом» дейді. Тапқан екенсің!..

– Жоқ, – деді осы кезде Құралбек алдындағы қорапты кейін ысырып. – Бұған ақшамыз жетпейді. Бізге... біздің сыныптағы он бір қызға сыйлық алуымыз керек.

– Ә-ә, сыныпқа ма? – дүкенші басын шайқап, қорапты қайтадан орнына қойды. – Олай болса, өздерің тандандар.

Еһ! Біз үшін бұл машақаты көп, қиын іс болды. Құралбек екеуіміз дүкендегі айна, тарақ, қалам, блокнот сияқты ұсақ-түйек заттардың әрқайсысын бір ұстап көреміз де ақырын күбірлеп, ернімізді жыбыр-жыбыр еткізіп іштей есептей бастаймыз.

Уһ, ақыры дүкен жабылуға аз-ақ уақыт қалғанда әрбір қызға бір-бір блокнот, айна алып, қалтамыздағы «сынып бюджетін» толық жаратып біттік-ау, әйтеуір.

Енді міне, қолымыздағы барымызды беріп, есептесіп жатырмыз. Кенет менің назарым ортаңғы сөреде тұрған бір кітапқа түсті. Оның мұқабасында дәл біздің мектептегідей қара тақтаға: «Менің атым Қожа» деп жазып, күлімсіреп тұрған бір баланың суреті бар екен. Көзіме бірден жылыұшырай кетті.

– Апай, анау қандай кітап?

Дүкенші әйел арт жағындағы сөреге қарай бұрылды.

– Ә-ә, мынау ма? Бұл өте қызық кітап.

– Көрсетіңізші.

– Оны қайтесің, бәрібір ала қоятын ақшаң жоқ.

– Бар.

Шынымды айтсам, бұл сөздің аузымнан қалай шығып кеткенін өзім де білмеймін. Құралбек маған жалт қарады. Дәл қазір қалтамның түбінде, расында да, төрт бүктелген үш сомдық қағаз ақша жатқан болатын. Бірақ оны қыздарға сыйлық алуға жиналған ақшаға қоса қою мүлде ойымда жоқ еді. Өйткені бұл өмірде әркімнің-ақ өз арманы және соған қарай жасайтын ішкі есебі, қоры болады емес пе. Ал менің қазіргі арманым – анау көздің жауын алып, тізіліп тұрған белесеттердің біріне күндердің бір күнінде қол жеткізу. Сондықтан кездейсоқ қалтама түсе қалған ақша болса, оны жуық арада өз еркіммен біреуге бере қоюым екіталай. Бірақ... мынау кітапқа қызыққаным сондай, өзімді өзім ұмытып, қалтамдағы барымды соның жолына шашып жіберуге шақ тұрмын.

– Маған біреуін... жо-жоқ, екеуін беріңіз, – дедім сатушыға әлгі үш сомдықты ұсына беріп. Екеу деген себебім, соншама жерден бірге келген Құралбек досымның да көңілін аулап, сыйлық жасағым келген-ді. Несі бар, сегізінші наурыз қыздардың мерекесі болса бола берсін. Оған әлі екі күн бар. Әрі қыздардың мерекесі қарсаңында ұл балаға ешқандай сыйлық жасауға болмайды деген заң жоқ. Оның үстіне, Құралбек қандай бала десенізші! Біздің сыныптың нағыз атаманы. Бірақ солай бола

тұрса да өздігінен ешкімге тиіспейді. Мінезі салмақты. Сабақты жақсы оқиды.

Сағушы үш сомдықты алып, бізге енді қанша ақша қайтаруы керек екенін есептеуге кіріскенде менің Құралбек досым аяқ астынан тосын мінез көрсетіп:

– Осы ақшаның бәріне бере салыңыз, – дегені бар емес пе көздерінен бір өткір ұшқын жалт ете түсіп.

Менің ішім қылп ете қалды. Оның бәрін қайтеміз? Керек болса, бүкіл бала бір кітапты кезектесіп оқып шықсақ та болады емес пе?! Бірақ... үндемедім. Өйткені, Құралбек секілді күші де, беделі де мықты атаманға не айтарсың енді?..

Оның үстіне, өзімнің де мұндайда ұсақтық танытып, аяқ астынан абыройсыздыққа душар болғым келмейді.

* * *

Құралбек екеуміз «Культтовардан» алған дүние-мүліктерімізді көтеріп, енді Ақжарға қарай жүретін көлік күтіп тұрмыз. Ауыл шеті болғандықтан, айналада ешкім жоқ. Әлгінде алған қызық кітаптың алғашқы бетін ашып үңіліп қоямын. «Оллаһи, мақтанғаным емес, достарым, шындықты айтып отырмын – эттең жазушы болсам деген арман менің көкейіме ерте ұялады» деген әдепкі авторлық ашық-жарқын баяндаудан-ақ бұл дүниенің өте тартымды, шыншыл екендігін анық білуге болатын секілді.

Тек осы бақандай жетпіс бір тиын тұратын кітаптың бірден төртеуін алғызған Құралбек атаманға ғана іштей ренжулімін. Иә-ә... төртеуін бірдей неғылады десеңізші?.. Біреуі – маған, екіншісі – саған десек жетіп жатыр емес пе. Қалғандарын қайтеміз?..

Құралбекте үн жоқ. Екі көзін ауыл жақтан шығатын жолға қадап, үміттене қарайды. Бірақ әзірге ештеңе көрінбейді.

Ақыры ол да «Менің атым Қожаның» алғашқы бетін ашты.

Сол сол-ақ екен, Құралбек кітаптан бас көтермей жабысты да қалды. Тек анда-санда келесі бетке көшкенін білдіріп, сытыр ете қалған парақтың дыбысы ғана естіледі.

Күн батуға таяп қалған мезгілде мұржасынан қою түтіні бұрқырап, Монтайдың қақ ортасынан манағы, өзіміз келген тіркемелі трактор шыға келді. Біз енді не істерімізді білмей тұрмыз. Қол көтерсек пе, жоқ па?.. Әлде бұрынғысынша тіркемесіне жармасып, тракторшыға көрінбей кете берсек пе екен?.. Бі-

рак... Ол да енді сақ болуға тырысады ғой. Себебі, бүгін учаскелік милиционердің көзіне түсіп, айыпты болып қалды емес пе.

Біз де онбаймыз. Учаскелік милиционерден кешірім сұрап, кінәмізді мойындаудың орнына бет-бетімізге тұра қаштық.

Өрге қарай жүргендіктен трактордың даусы қаттырақ шығып, алдындағы мұржасынан көк түтінді будақ-будақ атады. Ал мұнда кітап бетіне үнілген күйі мүлде басқа дүниенің қызығына еніп кеткен Құралбек оған тіпті басын да көтеріп қарамайды.

Сәлден соң трактор салдыр-гүлдір етіп біздің тұсымыздан өте берді де кенет тоқтай қалды.

– Құралбек, – дедім мен оның иығынан тартып. Қуанғанымнан ба, әлде қорыққанымнан ба, білмеймін, даусым дірілдеп кетті. – Анау... анау тоқтады!..

Кабинадан басын шығарып, біз жаққа тесіле қараған тракторшы осы кезде кепкасын бұлғап, тіркемеге мініңдер дегендей белгі берді.

Бұл жолы тіркемеге бір-екі тонна арпа артылған екен. Құралбек екеуміз соның үстіне аунай кеттік. Ол біраздан соң жамбастап жатып алып, кітап оқуға кірісті. Ал мен болсам шалқамнан түсіп, қақ төбеміздегі түпсіз, терең кеңістікке қараймын. Көптен бері бір шөкім бұлт үйірілмеген зеңгір аспан кіржайғышта ұмытылып қалған бөз көйлектей боп, әбден кеуіп, күнсіп, түсі оңып кеткен секілді.

«Апыр-ай, өзі бір құдайға қараған адам екен» деймін тракторшыға іштей риза болып. Бүгінгі қылығымызға ызаланып, ұрсып, тіпті, сабап тастаса да оған қазір «қой, мұның не» дейтін ешкім жоқ қой. Бірақ ол болса адамгершілік жасап, бізді жолда қалдырмай алып келе жатыр. Өйткені...

Өйткені, мынау кең далада бүгін бізге басқа көлік кездеспеуі де мүмкін екенін ол жақсы біледі. Күн болса кешкіріп барады. Енді біраздан соң Ақжардағы әке-шешеміздің абыр-сабыр боп, бізді іздей бастайтыны айдан анық...

* * *

Ертеңіне, яғни 7-наурыз күні біз кешегі әкелген сыйлықтарымызды алып, артынып-тартынып мектепке келдік. Қыздар да, ұлдар да Құралбек екеумізге қарап жымындап, бүгін әдеттегіден өзгеше бір жаңалық күтіп жүр. Әйтсе де біз сабақтың аяқталуын тосып отырмыз. Бөз қалтаға салынған (Құралбектің оны қайдан алғанын білмеймін) сыйлықтар әзірге атаманның

партасының астында тұр. Оған ешкім де қол тигізбейді. Тек алыстан, көзінің астымен ұрлана қарайтындар ғана бар.

Уһ! Сабақ та аяқталды-ау бір кезде. Ағай шығып кетісімен Құралбек орнынан атып тұрып, сыныптағылардың бір сәтке бөгеле тұруын өтінді. Апыр-ай... өтінді деймін-ау, атаманның екі көзі жалт етіп, сыныптың ішін бір шолып өткенде-ақ бәрі тым-тырыс бола қалды.

Ол енді, бөз қалтаны көтеріп ортаға шықты. Сонсоң Қанат екеумізді қасына шақырып алып: «Сендер сыйлықты қыздарға жеткізіп беріп тұрасындар» деді құлағымызға сыбырлап.

Біз басымызды изедік. Атаман айтты – бітті, бұл – бұлжытпай орындайтын заң.

– Қыздар, – деді Құралбек бір кезде салтанатты түрде сөз бастап. – Ертең сендердің мерекелерің. Бұл бәріміз үшін қуаныш. Сондықтан да сендерді шын жүректен құттықтаймыз. Оқуда озат, еңбекте алда болуларыңа әрқашанда тілектеспіз. Енді... мынау... ұлдардың өздеріне арнаған азын-аулақ сыйлығын қабыл алыңдар!

Па, шіркін! Сөз-ақ! Шын айтам. Дәл мұндай сөзді жиынтойларда, үлкен мерекелерде дүйім жұрттың алдына шығып айтсаң да ұялмайсың. Қайта абыройың асып, мәртебең биіктей түседі. Бәрекелді, Құралбек!

Мен өзімнің ішімдегі осы ойдың ұшқынын сыныптағы басқа балалардың да көзінен көргендей болдым. Иә, қазір олар да жымыып, риза болып тұр.

Қанат екеуміз Құралбек аты-жөнін атаған қыздарға сыйлықтарын апарып, салтанатты түрде тапсырып жатырмыз. Әр блокноттың үстіне дөп-дөңгелек, алақандай қолайнаны қойып, тіп-тік жүріп барып ұсынамыз. Көз қысу, тіл шығару, орынсыз ыржалақтау деген сияқты жаман, орынсыз қылықтар мен әдеттерді бүгін есімізге де алмаймыз. Ал қыздар болса орындарынан тік тұрып, біздің қолымыздан бір үлкен мемлекеттік награда алып жатқандай қабылдайды.

Ал енді біттік-ау деп сыныптағылар еркін тыныстап, өз орындарына отыра берген сәтте Құралбек бөз қалтаның түбінен кешегі өзіміз сатып алған төрт кітаптың екеуін шығарып, үстелдің үстіне қойды. Балалар бұл қандай кітап деп мойындарын созып, алыстан үңіліп қарап жатыр. Өлгі кітаптың мұқабасындағы қара тақтаға бормен «Менің атым Қожа» деп жазып, жымыып тұрған өздері сияқты қара баланы көріп таңғалып, бастарын шайқап қояды.

«Бұ кім-ай?! Қожасы несі?..» дейтін сияқты іштей ынтығып.

Міне, осы сәтте Құралбек тағы да бір тапқырлық танытып, сыныптағы қыздардың да, ұлдардың да көзін ашып, ой сала-тындай бір қызық сөз айтты.

– Қыздар, – деді ол өте бір маңызды мәселе айтатын кезде жөткірініп, тамағын кенеп алатын үлкен кісілерше сәл мүдіріп, – біздің міндетіміз – жақсы оқу. Бірақ соны... өкінішке қарай, барлығымыз бірдей түсіне бермейміз. Тек арамыздағы бір-екі оқушы ғана өз міндеттерін жақсы біліп, үздік оқиды. Олар – Гүлайым мен Бағила. Сондықтан да біз бүгін екеуіне ерекше сыйлық жасамақпыз. Ол міне, мына кітап! Өте қызық. Мен өзім бас алмай оқып шықтым!

Сөйтгі де ол әлгі агтары аталған Гүлайым мен Бағилаға екі кітапты өз қолымен апарып тапсырды.

Ұл балалар түгел Құралбектің бұл тапқырлығына дән риза болғандай дуылдап қол соқты. Әсіресе мұндай айрықша сыйлық пен құрметті күтпеген екі қыздың жүзі қуаныштан бал-бұл жайнап, қып-қызыл боп: «Рахмет, рахмет!..» деп қысыла үн қатып жатыр.

«А-а, кеше оның неге: «Қалған ақшаның барлығына кітап алайық» дегенін енді түсіндім! – деп басымды шайқап қоямын мен. – Мына Құралбек неткен ақылды еді өзі!..»

Осыдан кейін кешегі үш сомдығымның тектен-текке кетпегеніне көзім жетіп, іштей марқайып қалғандай болдым.

* * *

Бірақ ертеңіне менің басыма күтпеген жерден бір қара бұлт үйіріле кетті.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, 8-наурыз жылда демалыс күні болып жарияланады. Бұл кезде оңтүстікте күн жылынып, қар еріп, көк шөп едәуір көтеріліп қалады.

Сондықтан да дәл мұндай демалыс күні біз ауыл шетіндегі жап-жасыл, жұп-жұмсақ алаңда армансыз доп теуіп, футбол ойнағаннан артық рақат нәрсе бұл дүниеде бар-ау деп ойламаймыз.

Күн бойы жүгіріп сілем қатып, кешкісін үйге әрең келсем, өзімнен кейінгі үш қарындасым есік алдында үрпиіп, маған үрейлене қарап тұр.

– Сені әжем іздеп жатыр, – дейді ақырын ғана сыбырлағандай үнмен.

– Не боп қалды?

– Білмейміз, – олар бір-біріне қарап, бастарын шайқады. –
Әжем қатты ашулы...

Түкке түсінсем бұйырмасын. Малды таңертең өріске айдап жібергенбіз. Бұзауды арқандап кеткем. Қораны тазалағанмын. (Әрине, бүгін асығыстау... өзіме тиесілі тірліктің бәрін де шалапұла жасағанмын). Бірақ әжем оған бола ашу шақыра қоймаушы еді. Не болды екен?

Аяғымды еппен басып, ішке кірдім. Не де болса әжемнің көзіне түспей ас үйге өтіп кетіп, қарнымды тойдырып алмақпын. Өйткені қарның аш кездегіге қарағанда тоқ кезде батылдау әрі төзімді боласың.

Бірақ мұның өзі де тап қазір оп-оңай іс бола қоймасы анық. Себебі, әжем ас үйге қарама-қарсы бөлмеде отырады. Бұл оның жеке меншігі десек те болады.

Әйткенмен, адам баласы аш кезде неге тәуекел етпейді дейсіз. Қажет болса қара басын қатерге де тікпей ме. Әжем отырған бөлменің алдынан аяғымның ұшымен қарғып өтіп ас үйге кірдім де, пеш үстінде тұрған қара қазанның қақпағын аша бергенім сол екен, қас қылғандай қаңғыр етіп жерге түсіп кетпесі бар ма.

– Бұ кім-әй?! – деген әжемнің даусы көп күттірген жоқ.

Енді қашуға жол, кірерге жер қалмағанын өзіңіз де сезіп отырған боларсыз. Демімді ішіме тартып, қазанның түбіндегі кеспе көжеден көз алмай телміре қараған күйі:

– Мен, әже, – дедім өзіме өзім сенімсіздеу үн қатып.

– Ә-ә! Сен болсаң, ендеше, бері кел, – деді әжем әдеттегіден зілді дауыспен.

Біреу қолымнан тартып сүйрегендей әзер кірдім. Әжем шай ішіп отыр екен. Кәдімгі қызылала кішкентай дастарқанын алдына жайып, қызыл шәйнекті жанына алыпты. Мені басымнан аяғыма шейін оқты көзімен бір атып өтіп:

– Кел, мында отыр, – деді қасындағы орынды нұсқап.

Үн-түңсіз тізе бүктім. Әжем қолындағы шай кесесін дастарқанның шетіне қойып, қарқарадай қып кимешек ораған басын жоғары көтерді.

– Әй, сен қаршадай болып алып адам алалау деген пәлені қайдан үйренгенсің, а?!

Нақ төбесінен төніп келіп, шаңқ ете түскен бүркітті енді ғана көрген байғұс көжектей бүрісе қалдым.

– Мен бүгін Сірнебайдың үйінде өткен құдайы тамақтан жерге кірердей боп ұялып қайттым. Анау Аққыздың сендермен

бірге оқитын қызы кеше үйіне жылап кепті. Ұлдар бізді бөліп, нашар оқисыңдар деп кемсітіп, екі қызға кітап сыйлады, ал бізге түк те жоқ депті. Бұл не?..

Мәссаған! Мен мұндай әңгімені күтпесем керек, әуелде әжеме не айтарымды білмей төмен қарап, екі көзіммен жер шұқи бердім. Бар болғаны: «Ә-ә, Аққыздың қызы дегені, біздің сыныптағы Әсем ғой, – деген ой ғана жүзіп өтті санамда. – Бірақ, бізге түк сыйлаған жоқ дегені несі оның? Блокнот пен айна ше?...»

«Әй, бірақ «Менің атым Қожамен» салыстырғанда, сол да сыйлық боп па? – дегендей басымдағы және бір ой қарсы шығады оған. – Оны өзің де біліп отырсың ғой».

Мен әжеме ештеңе айта алмадым. Бар болғаны басым салбырап, айтқан ақылын тыңдаумен ғана болдым.

– Біреу сабақты жақсы оқыр, біреу жаман оқыр, – деді әжем енді даусын жұмсартып, шай кесесін қайтадан қолына алып. – Білім қуғаны алысқа ұзап, көз көрмес, құлақ естімес жаққа кетер. Ал қумағаны ауылда қалып, еңбек етер. Бұ тіршілік сен – алда, анау – артта жүр екен демей-ақ, әркімнің де басынан өтер. Сондықтан көңіл деген болады адамда... Ең ауыры да сол, адамның жанын жаралау. Бұдан былай, қарағым, біреуді біреуден бөлмей, кемсітпей, көпшіл бол!..

* * *

Сол түні мен көпке дейін ұйықтай алмай, дөңбекшіп жаттым. Расында да, біздің кешегі қылығымыз теріс болған екен-ау деген ой мазамды ала берді.

ТАҢҒАЖАЙЫП БАҚША

Қаратастағы кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, ауылға келгеннен соң арада бір ай уақыт өткенде машина руліне отырдым. Әуелі шоферлық куәлігімді көрсетіп, қос танауым желпілдеп, наурызектей ұшып-қонып жеткенімде: «Бала, бізге келгеннің бәріне «мә» деп, көлденең тоса қоятын мәшинеміз жоқ. Әзірге көзің қанығып, қолың үйреніп дегендей, әрі мынау кәллектипке араласып-құраласа жүретін бір жұмыстың ыңғайын қарастырамыз. Оған дейін асықпа да, аптықпа. Аманшылық болса әлі талай мәшиненің өкпесін өшіріп, қаңқасын ғана қалдырарсың» деп, менің өрт сөндіргендей түріме мырс-мырс күлген бас инженердің сөзінен соң шеберханаға слесарь болып орналасқанмын. Бірақ «Қасқырдың күшігін қанша асырасаң да тоғайға қарап ұлуын қоймайды» демекші, күнде жұмысқа келген сайын, маған қай машинаны берер екен деп аlandaп жүретінмін. Осы бір ай уақыттың өзі тіпті ұзаққа созылғандай. Күндердің күнінде «Бұлар мені ұмытып кеткен жоқ па екен?» деген күдік те көңілімді жайлай бастаған. Бір күні бас инженер келіп: «Анау сары тұмсық «Газ – 52» бүгіннен бастап сенікі болады», – деп, аумағы ат шаптырымдай гараждың бір бұрышында тұрған осы «Жаңғалақты» нұсқады. Сыртынан көріп, бұрынғы алып-ұшқан көңілім су сепкендей басылып қалды. Несін жасырайын, қорабы аңғал-саңғал, кабинасының сыры кетіп әбден ескірген машина ғой. Бірақ моторына тағар кінә таппадым. Бас инженердің өзі от алдырып көрді. Кілтті бұрауы мұң екен, күні бітіп, үзілген сапарын енді қайтып жалғай алмастай мелшиіп тұрған машинаға жан бітіп, гүрілдей жөнелмесі бар ма. Одан мұндай оқыс мінезді бас инженердің өзі де күтпеген-ау, «от алып тұрған мәшине ме, әлде мен бе?..» дегендей біраз аңтарылып отырды да екі езуі құлағына қарай жайылып, ыржиып жерге түсті.

Сол күннен бастап мен өзге дүниенің бәрін де ұмыттым. Таң сәріде тұрып кетемін жұмысқа, қас қарая ораламын. Кейде үйге түннің бір уағында қайтатын да кездерім болады. Ондайда апам: «Неғып келдің? Сол кәрежіңде бір темірді басыңа жастанып қона салмадың ба?» – деп, сөйлеп жүріп есік ашады. Артынша-ақ ол ашуын ұмытып: «Күннен-күнге қылқиып жүдеп барасың ғой. Жансыз темірге тірі жан шыдай ма» деп жаны ашып, айналып-толғанып жүріп беймезгіл уақытта дастарқан жайып, тамақ әкеледі. «Шыдайды, апа, – деймін мен даудырап. –



Темір адамды емес, адам темірді тоздырады». «Қайдам шырағым, соны тоздырамын деп жүріп өзің бордай тозып кетпесең неғылсын». Мен апамның бұл аңғал сөзіне мәз болып күліп отырып, шайға шашалып қаламын.

Алғашқы күндері машинамың ұсақ-түйек тетіктері жиі-жиі сынып қала беретін. Бір жақсысы, қоймадан бірде жана, бірде ескілеу бөлшек табыла кетіп, жалма-жан ауыстырып жатамын. Әйтсе де соның өзіне көп уақытыңды зая кетіресің. Табылған бөлшектің өзі де бірде қажетті орнына салынбай жүйкенді тоздырады. Жаңа ғана барлық істі тындырып тастағандай-ақ гараждан зымырап шығып кеткенің сол, артынша әлдебір қажетті затын қалдырып кеткен ұмытшақ, жаңғалақ адамша амалсыз кері қайтып келесің. Бұл әдет бір рет қайталанса мейлі ғой, күніне он рет шығып, он рет ораласың. Сондықтан да мен бұған «Жаңғалақ» деп ат қойып алдым.

Дегенмен машинаның жүрегі – мотор ғой. Ол әзірге дін аман. Қай қиырға салсаң да мен дайынмын деп тұрғандай. Бірақ мені диспетчердің әлі күнге дейін алыс сапарға шығармайтыны қынжылтады. «Ескі мәшінеге сенім жоқ. Адырдағы бір шұқырда шоңқиып қалып, графікті бұзасың», – дейді алдындағы бір графин суға тесіле қарап отырып ыңырана сөйлеп. Сол судың ішінен балық көріп отырғандай-ақ үңіле қалғанын қайтерсің. Тіпті басын көтеріп, алдыма келіп тұрған бұл кім екен деп назар салып қарау да жоқ! Енді болмаса бас инженердің кабинетіне кіріп өтініш жасағалы жүргенімде ойламаған жерден оның да сәті түсе кетті.

Адырлы даланың сонау бір түкпірінде, Жылыбұлақ деген жерде тұратын шопанның атына телеграмма келіпті. Басқа машиналар шөп тасуға кеткендіктен, оны апарып беру ауыл арасында зырлап жүрген маған тапсырылды. Тойға шақырған қуанышты хабар екен. «Құрметті Жеңіс, Балақыз. Сіздерді ұлымның үйлену тойына шақырамын. Жұмағыз» деп жазылыпты. Бұл міндетті орындауға мен қуана-қуана келістім.

Сөйтіп май сіңіп, кір-қожалақ бола бастаған кепкімнің күнқағарын сәл басыңқырап қойып, жолға да шықтым. Қайнаған шілденің нақ ортасы. Күн қайнап тұр. Далада лүп еткен салқын леп жоқ. Машина қаттырақ жүргенде кабинеттің қос қапталындағы терезелердің тұсынан ып-ыстық жел гулейді. Басыңды сыртқа шығарып, бетінді тоссаң жалындай шарпиды. Кабинаның іші де от боп жанып барады. Бірақ менің көңілім көтеріңкі,

кең далаға, ұзақ сапарға шыққаным жаным жадырап, қуанышты отырмын. Сағымданып жатқан буалдыр көкжиегіне қарасаң көз талдыратын шөлейт даланың арқандай шұбатылған шаңдақ жолымен зымырап келе жатып, кенет алдымнан ой-шұқыр шыға келгенде жалма-жан тежегішті басамын. Машинаның соңынан шұбырған түйдек-түйдек қою шаң сол бір сәтте қуып жетіп, ішке лап қояды. Ыстықтап кеткен соң бағана жейдемнің омырауын аңқитып ашып тастап едім. Маңдайымнан, қос самайымнан шүмектеген тер мойныма ағып, одан омырауына сорғалап айғыз-айғыз боп қатып жатыр. Беті-ауызмды шаң қауып, жылтырап екі көзім ғана қалды. Не керек, шопан үйіне жеткенше түрім әбден «келіскен» болуы керек. Үсті қураймен жабылған аласа бастырмананың көлеңкесінде отырған бір-біріне тете екі кішкентай қыз мені көргенде ішек-сілесі қата сықылықтап күлді. Мен оларға қарап көзімді қысып қойдым да шашын күміс қырау шалған, орта жастағы шопанға телеграмманы ұсындым.

– Жеңіс ағай сіз боласыз ба?

– Иә, – бір жапырақ қағазды алғанда оның маңлайы қыртыстанып, қолдары дірілдеп кеткендей болды.

– Қорықпаңыз, Жәке, – дедім мен жымыып. – Қуанышты хабар ғой, сүйіншіңізді дайындай беріңіз.

Күнге күйген қара торы жүзі жадырап, маған күлімсірей қарады да телеграмманы оқымаған күйі қайта бүктеп, төс қалтасына салып қойды. Сірә, орысша сауаты жоқ болды-ау деп ойладым мен.

– Үйге жүр, інішек, – деді ол кісі киіз үйге қарай бастап. – Сусын іш. Жақсылық хабар болса тынығып отырып айтарсың. Сүйіншің дайын.

Жаратылысында осындай іске сабырлы, әр іске ой көзімен қарайтын жандарды жаным сүйеді. Ертеде, біздің мынау керім далаға, кең далаға жау келгенде қасқайып қарсы тұрған батырлар да осы балуан тұлғалы шопан сияқты болған шығар деп ойладым мен. Әлгінде аздап абдырап қалды. Алыстан келген бір жаманат хабар емес пе деп ойлады-ау. Ол салқын сабырмен қатар ыстық жүрек, мейірбан көңілдің иесі екендігінің белгісі ғой. Міне, енді, қуанышты хабар әкелгенімді білген соң сабырлы күйіне қайта оралып, алыс жолдан шаршап, шөлдеп жеттің-ау, сусыныңды басшы деп, алдымен үйіне келген жолаушының қамын ойлап жатыр.

Басына жасыл гүлі бар қызыл орамал байлаған шопан әйелі де мен әкелген хабарға айрықша қуанды. Күбіден үлкен тостағанға қымыз сүзіп құйып, ақ кәрлен кесемен ұсынып жатып:

– Соншама алыс жерден әдейі арнап бізді қуантуға келгенің қандай ғанибет. Өзің де осы тойға бірге жүр, – деп, ақ көңілімен ақтарылды.

Мен қос жастықты шынтағыма басып, төрде, қонақ келгенде ғана төселетін қызыл барқыт көрпешенің үстінде шәниіп жатырмын. Киіз үйдің іші қоңыр салқын, рақат екен. Сусап жеткен соң көзді жұмып сіміріп салған бір кесе қымыз бойыма түсіп, балбырай бастадым. Әлгінде есік алдында маған қарап сықылықтап күлетін екі қыз босаға жақта тізерлеп отырып алып, телеграмманы таласа оқиды.

– Апа, Жұмағыз апам қуанып жүрген болар, ә! – дейді шашын жіңішке қос бұрым етіп өріп, алдына түсіріп қойған ақ құба, жұқалтаң өндісі.

– Е-е, жүрегі жарыла қуанып жүр ғой. Осы күнге жетсем арманым жоқ деп отыратын, жетті ғой міне!

– Ағамның келіншегі сұлу ма екен? – деп, дөңгелек бет, тәм-піш мұрын, қара торысы қиялданып шаңыраққа қарайды.

– Барған соң көресіңдер ғой жеңешелеріңді, – дейді шай жабдығымен жүрген апасы. – Екеуің екі жағына шығып отырасыңдар, кәдімгі бойжеткен қыздарға ұқсап...

– Жиырма жетінші июль күні болады депті, оған әлі екі күн бар...

– Екі күн дегенің не тәйірі, көзді ашып-жұмғанша өтеді де шығады. Мен қайта, тілгірәмді кеш салыпты деп отырмын. Бұдан сәл ертерек алғанда киіт-миітімізді әзірлеп, тап-тұйнақтай боп дайын отыра ек.

– Апа-ау, киіт дегеніңізді түсіндік, миіт дегеніңіз немене?

– Әй, сен екеуіңді ме, сен екеуіңді... бүйте берсендер інтір-лэттарыңа қуып жіберемін.

– Күзге дейін бәрібір қабылдамайды, – дейді де ол екеуі сылқ-сылқ күледі.

– Біздің үйдің божеткендері ғой, – деп қалжындап, отағасы қыздарын таныстыра бастады. – Үлкеніміздің аты Мәруа. Алтыншыға көшті. Кішіміздің аты Дәруа, әпкесінің ізін басып ол да бесінші класқа өтті. Өзі маған ұқсаған қара торы. Ал Мәруа, апасына тартқан. Екеуі де беске оқып жүр.

Мәруа мен Дәруа үйге кіргелі бері де маған оқтын-оқтын көздерінің астымен қарап қойып, күлкіге булығып отырған

болатын. Түрімнің күлкілі екенін білсем де, су сұрап жуынып алуға бір түрлі ұялдым. Өйткені бұл өлкеде судың аса қат екенін жақсы білемін. Осыдан қырық-елу шақырым жердегі Тоғансайдан машинамен әкеледі. Әрі қайтар жолда бәрібір шаң боламын ғой деп ойлаймын.

Шай ішіліп болған соң мен қайтуға ыңғайландым. Олар үй ішімен ыстық ықылас білдіріп, қонақ боп кетуімді өтінді. Оған уақыт қайда деймін. Осыны айтқанда кеудемді мақтаныш сезімі кернейді. Ауылдағылардың бәрі қайта-қайта жол қарап, мені күтіп отырғандай көрінеді.

– Қап, қазанға тамақ салып қойып ем, сәл күткенінде пісіп те қалатын еді, – деп шопанның әйелі өкініш білдірді. – Қолың тигенде асықпай бір келерсің. Сыбағанды сақтап қоямын. Әлгі айтқаным айтқан, тойға бізбен бірге жүр. Жаңағы тілгірәмді салуға себеп боп, үйленіп жатқан бала да өзің қатарлы жас. Танысып араласып-құраласып кетерсіңдер. Аманшылық болса, біз де қойды көмекшіге қалдырып, бір-екі күнге барып қайтамыз Арысқа. Осы дайын мәшинемен мен орталыққа бара берейін десем, мына түріңмен елді шошытарсың, бойы-басыңды түзеп, ертең су таситын мәшинемен асықпай барарсың деп мына ағаң көнбей отыр.

– Ал, інішек, бұл апанды тыңдап тұра берсең кешке дейін сөйлейді, – деп күлді Жеңіс ағай. – Жол болса алыс, ертерек аттанамын дегенің де бір есептен дұрыс шығар.

– Әй, бұның не, үйге келген қонақты қуғандай боп!

– Түу, сенің осы мінезің-ай... Жөн сөзді бұрмалап...

Мәруа мен Дәруа да енді күлкілерін тыйып, мені қимағандай жаудырап қарай қалыпты. Жолда келе жатып олардың бейнесін көз алдыма елестеттім. «Қандай ақ көңіл, бауырмал жан-дар, – деп ойлаймын. – Жер бетінде жақсы адамдар көп қой!..» Өз-өзімнен көңілім көтеріліп, шалқып тасып, ән салғым келеді.

Көз тоқтатар бұта-қарайғаны жоқ, бір өңкей сұрқай дала. Аспан айналып жерге түсердей ыстық аптап. Жолдың тегістеу жеріне келгенде акселераторды қаттырақ басыңқырап та жіберемін. Ескі машина салдырлап-гүлдірлеп, шамасының жеткенінше зырлап-ақ бағады. Арт жақта шұбатылған түйдек-түйдек шаң қашан қуып жетер екенмін деп өршелене ұмтылады. Оған да бір қулық ойлап таптым. Жолдың кедір-бұдыр жеріне кезіккенде тежегішті сәл басамын да, оңға, не солға бұлт етіп бұрылып кетемін. Аңырайған айдалада жалғыз өзім. Жол тәрті-

бін бұздым-ау деп қымсынбаймын. Жолсызбен біраз зырлатып алып, қайта келіп жолға түсемін. Ал анталаған шаң машина қайқаң қағып шетке шыққанда адасып қалып, «бұл өзі қайда жүр» дегендей жан-жаққа жайылып кетеді де, жолға қайта түскенде тағы да соңымнан ентелеп қуа жөнеледі.

Қырсық шалайын десе аяқ астынан. Кенет, мотор күр-күр етіп барып сөнді де жылдамдық қосқыш мүлде бейтарап қалды. Машинаны тоқтатып, капотты ашқанымда бензин иісі аралас ып-ыстық леп бетімді шарпыды. Радиатордағы су сақырлап қайнап кетіпті. Мотордың суығанын күтіп, машинаның табалдырығына келіп отырдым.

Дала жым-жырт. Мынау ми қайнатар ыстық әбден қалжыратып, мүлгіп кеткендей. Оқта-текте жусан түбінен сарғалдақ шыққылықтайды. Мынау бел анау белге, мынау қыр ана қырға ұқсай береді ғой далада. Әйткенмен айналаға зер салып қараған сайын бойымды өзгеше бір сезім билей бастады. Осы маң маған бір түрлі таныс. Бұрын да бір рет келген жерім секілді, көзіме жылы ұшырайды. Жылыбұлақ деген атын естігенім болмаса, арнайы жолым түспегені өзіме аян. Бірақ айналадағы қыраттар, сарғайған бел-белестер біз сені танимыз дегендей күлімдеп, көзіме оттай басылады. Әсіресе анау түйе өркешіндей шошайған қос төбе тіпті таныс...

Орнымнан тұрып, мотордың о жер, бұ жерін шұқылап көрдім. Бәрі де қаз-қалпында секілді. Бір кезде барып, өзімнің жаңғалақтығымды түсініп, санымды бір-ақ соқтым. Мәссаған, керек болса! Мені де шопыр дейді-ау... Жердің шалғайлығын, орта бак бензиннің жетпей қалуы мүмкін екенін ауылдан шыққанда неге ойламағанмын. Өзіме де сол керек. Алыс сапарға жібермейсіз деп диспетчермен күнде айтысып жүріп шыққан жолға босқа алып-ұшып, аңқаландап кете беріпшін ғой. Қырсыққанда, бұл ескі машинаның май мөлшерін, су мөлшерін көрсетіп тұратын жабдықтары да жұмыс істемейді.

Көңілім құлазып қалды. Әлдеқалай бір үмітпен, сағымға шомып, бұлдырап жатқан маң далада қыбыр еткен тіршілік белгісі жоқ. Шопан үйінен жеті-сегіз шақырымдай ұзап кеттім-ау деймін. Бірақ оларға жаяу салпақтап қайтып барғанымның өзі ұят, Мәруа мен Дәруа тағы да күледі ғой маған. Не де болса кешке дейін күтейін. Су тасушы келіп қалар немесе бір жол машина кезігер...

– Әй, Жаңғалағым-ай! – деймін машинама қарап. – Екі жаңғалақ қосылып, тіпті келісіп қалған екенбіз!..

Кабинадан орындықтың арт жағында жататын ескі күпәйкемді алып, машинаның көлеңкесіне төседім де, арқамды доңғалаққа сүйеп отыра кеттім. Түйе өркешіндей егіз төбеге көз тоқтатып қараған сайын тағы да көңілімді алабөтен сезім биледі. Апырым-ау, осы маң маған ежелден таныс секілді ғой. Анау әрі қарай бұрылып бара жатқан пойыз тәрізді ұзынша бел, сонау бір қылта, шөгіп жатқан нар секілді шошақ төбе – бәрі де көңілімді баурап барады. Кенет мынау сиқырлы төңірек менің санама өзі сәуле түсірді. Анықтап зер салған сайын әлдеқашан жадымнан шығып, ұмыт болған бір сурет көз алдымда қайта оянып, есіме балалық шақтағы бір оқиға оралды. Иә, бұл маң маған расында да таныс екен-ау...

...Басына газеттен қалпақ жасап киген жазық маңдай, жалпақ бет сары бала шекесі шып-шып тершіп, тас төбеде шақырайған күнді бетке алып, безектеп барады. Қасқа жолдың май топырағын жалаң аяқ бассаң, шоқ басқандай шоршып түсесің. Бірақ соған қарамай ол жалаң аяқ. Табаны да табан-ақ, әбден беріштеніп, қалың қайысқа айналып кеткендей. Оның соңынан өкпем өшіп, алқынып әзер ілесіп келемін.

– Жаппас... Жаппас, тоқташы, – деймін. Үнім сондай жалынышты шығады.

– Не?! Жүрсенші, аз қалды ғой, – деп ол артына бұрылып қарап, мен қасына жеткенше күтіп тұрады. «Уһ!» деп енді қатарласа бергенімде ол және қаздаңдай жөнеледі. Шөл қысып, таңдайым құрғап, қаталап өліп-ақ келемін. Оның үстіне мынау Жаппастан қара үзіп қалмай, ілесіп жүрудің өзі де бір мұң болды. Қара саным талып, аяғымды түзу басуға да шамам жоқ.

– Жаппас... қашан жетеміз?

– Аз қалды.

Оның аз қалды деп келе жатқанына да біраз уақыт өтті. Алғашқыда даусы жарқын-жарқын шығатын еді, қазір мені жұбату үшін ғана айтып келе жатқандай.

Өз-өзімнен желігіп, осы қоңқақ мұрын, қысық көз, жалпақ бет Жаппасқа еріп, қайдағы бір ит арқасы қиянға барамын деп шыққаным өлердей өкініп келемін. Қоңыр салқын үйде әжеммен бірге терлеп-тепшіп шай ішіп алған соң аяғымды айқастырып тастап, кітап оқып неге жатпадым екен шалқайып. Том Сойер мен Гекльберри Финнің басынан кешкендерін бас көтермей оқып жатқаным екі күн болған. «Ол екеуі құпия қазынаны табады ғой, – деп ойлаймын теңселіп келе жатып. – Шіркін,

соларға рақат. Олар жүрген жерде көгілдір таулар, өзендер, ормандар бар... Гек екеуі ешқашан шөлдемейді».

Осынау шөл даладағы шағын ауылға біздің үй осыдан небәрі төрт күн бұрын көшіп келген-ді. Кеше мен басқа бала құрып қалғандай мынау жұқсыз Жаппаспен таныстым. Ол маған өзінің боялған асықтарын көрсетті. Екеуміз кешке дейін ойнадық. Бүгін таң сәріде жетіп келіпті.

– Сені қарбызға бір тойдырайын ба?! – дейді біреу естіп қоярдай сыбырлай сөйлеп.

– Қайда? Қарбыз қайда? – дедім қуанып кетіп.

– Мен сені Қалыбай атамның бақшасына ертіп апарамын. Кеттік пе?

– Алыс па? Машинамен барамыз ба?

– Жо-оқ. Онша алыс емес. Жаяу-ақ барамыз ғой.

– Қа... қалайша? – Екі көзім атыздай болды. – Сонда... сонда жақын маңда бақша бар ма? Осы шөл далада ма?

– Иә. Қалыбай атамның бақшасы бар. Сен оны білмейсің бе?

– Жо-оқ.

– Барамыз ба?

– Білмеймін... Апам ұрсатын шығар.

– Қорықпа. Көп болса екі-ақ сағаттық жол. Кешке дейін қайтып келеміз.

– Жарайды, кеттік!

Жол-жөнекей Жаппас мені әбден еліктіріп қойды. Былтыр жазда олар көкесі екеуі Қалыбай атасының бақшасында болыпты. Барарда машинаға мініпті, қайтарда атпен қайтыпты. Ауылға тез жеттік дейді. Шамамен бір сағаттай ғана уақыт жүріпті. Демек, Жаппастың ойынша, жаяу адамға небәрі екі сағаттық жол. Өйткені атта төрт аяқ, адамда екі аяқ. Ат адамға қарағанда екі есе аз уақыт жүреді. Немесе адам атқа қарағанда, екі есе ұзақ жүреді. Тура мәселе есептің шешуіндей. Бір көбейту екі. Ат бір сағат жүрсе, адам екі сағат жүреді.

– Жаппас, ол жақта сарқырап аққан өзен бар ма? – деп сұраймын мен қызығып. Көз алдыма мынау шөл даладағы бел-белестердің бірінен асақ, жайқалған жап-жасыл алқап, көгілдір өзен шыға келетіндей елестейді.

– Өзен жоқ, – дейді Жаппас мұрнын қорс еткізіп тартып қойып. – Жылымдап қана ағатын кішкентай бұлақ бар. Суы мөп-мөлдір, сап-салқын. Ішсең тісің сырқырайды. Бірақ ол бұлақтың суы бақшаның жартысын ғана суғаруға жетеді екен...

– Ал қалғаны ше?

– Жаңбырдың суын ішеді де... Атам шөл қарбыз да еккен ғой. Ондай қарбызды жеп көргенсің бе?

– Жоқ.

– Жаңбыр аз жауатын жылы олардың үлкендігі жұдырықтай ғана болады. Бірақ сондай тәтті. Бал жегендей боласың тура. Өйткені олар тек жаңбыр суынан ғана нәр алып, өте-мөте құнарлы топыраққа өседі.

... Мен сонда алғаш рет шөл қарбыз туралы Жаппастан естіп едім. Кейін өзім де талай рет жеп көрдім. Сірә, сулы жердің қарбызы ешқашан ондай тәтті болмайтын шығар деп ойлаймын. Олардың үлкендігі Жаппас айтқандай, жұдырықтай ғана. Тап қазір де мен шөл қарбызды аңсап бір жұтынып қойдым. Көз алдымнан өткен күндердің елесі тағы да тізбектеліп өте бастады...

... Біздің ауылдан шыққанымызға екі сағат емес, тіпті төрт сағат өткендей. Бірақ қарсы алдымыздан шыға келетін таңғажайып жап-жасыл алқаптың әлі шеті де көрінер емес.

Мен Жаппас екеуміздің бақшадан қарбыз тандап үзіп жүргенімізді, бір шетте Қалыбай атайдың кетпеніне сүйеніп, бізге қарап тұрғанын көз алдыма әлденеше рет елестетіп те үлгерген едім. Енді сол тәтті қиялымнан бірте-бірте күдер үзе бастағандаймын.

– Жаппас... қашан жетеміз? – деп, ескі әуеніме қайта бастым. Бұдан әрі қарай жүруге мүлде шамам жоқ. Әбден шаршадым, таңдайым құрғап шөлдедім.

– Жарайды, біраз дем алайық.

Ол жол жиегіндегі жусанның үстіне отыра кетті. Өзі де шаршаған болар. Тершіген маңдайын алақанымен бір сүртіп тастап, сұр жыланнның құйрығындай ирелендеп сұрқай даланың қойнына сіңіп кеткен шаңдақ жолдың бойына тесіліп, ұзақ қарап қалды.

– Осы жол тура апарады, – деді ол. Бұл жолы мені емес, өзін-өзі жұбатқандай көрінді. Үнінде торығу, мұң бар секілді. Екеуміз бағана ауылдан шығарда газеттен қалпақ жасап киіп алған едік. Мен қазір жалаң баспын. Қалпағымның қай жерде түсіп қалғанын да білмеймін. Жаппас осыдан біраз күн бұрын шашын ұстарамен алдырып тастаған екен. Оның құйқасына шөйін шып-шып терлеп, газет қалпағының жиегі дымқылданып тұр. Менің шашым жалбырап өсіп кеткен. Ыстық су құйған киіздей буланып, пысынап, әбден әбіржулімін.

– Жаппас, ауылға қайтайықшы, – деп мен жусан арасына етбетімнен сұлап жата кеттім. Бұрқыраған ашкылтым иіс мұрнымды жарып барады. Аузымды кере қарыс ашып, түшкіріп жібердім.

– Ауылға ма?.. – деп Жаппас сәл ойланды. – Қалыбай атамның үйі жақын қалған шығар. Ауылдан алыстап кеттік білем...

Оның «жақын қалған шығар» деп дүдәмал көңілмен айтқаны мені одан сайын шаршатып жіберді. Ауылға қайтуға да, Жаппастың Қалыбай атасының үйіне қарай жүруге де енді әлім жоқ секілді.

– Тұрсаңшы... жүрейік те, – дейді Жаппас иығымнан жүлқылап.

Біз тағы ілбіп келеміз. Бұрқыраған май топыраққа түскен ізімізді көрген адам, әй осылардың дені сау емес-ау деп ойлайтындай-ақ. Бірде жолдың о шетіне, енді бірде бұ шетіне шығады тәлтіректеп. Жаппас та бағанағыдай емес, жүрісі сылдыр тартып қалған. Шөл қысып, шыдатпай барады. Жанарым бұлдырап, жиі-жиі көз алдыма құбырдан аққан су елестейді. Кей-кейде есімнен адасқандай, «Апа... су...» – деп күбірлеймін. Еріндерім кезеріп, бір-біріне тіпті жанаспайды.

Бұрынғы ауылда жаз бойы өзенге шомылатынымыз есіме түседі. Ол кезде тап осындай қаңсыған шөл дала болар-ау деп мүлде ойламайтынмын да. Шақшиған күні қандай ыстық еді. Жарық сәуле емес, тура от шашып тұрғандай. Сірә, Жаппас екеуміз шөлдеп өлетін шығармыз...

Шіркін, суы салқын бұлақтан шөл қандырған, өзенге шомылған, жағасындағы құмның үстінде қыздырынып жатқан қандай рақат. Су ішінде қуаласпақ ойнаушы едік-ау... Кіші Келес өзені саяз болғандықтан бір ыңғайлы жерге тас қалап, тоған жасайтынбыз. Түс әлетінде, су жылынды-ау деген мезгілде ауылдағы бала біткен улап-шулап, шомылуға келеміз. Шағын тоғанның түп-тұнық айдынына күн сәулесі шағылысып, су бетіндегі майда толқындармен ойнап жалт-жұлт етіп, діріл қағып жатады. Біз апыл-ғұпыл шешініп, күмп беріп сүңгіп кетеміз. Алғашқыда су салқын көрініп, жалма-жан жағаға атып шығасың. Бірақ сәлден соң екінші, үшінші сүңгігенде бойың үйреніп, құлаштап жүзген сайын рақат сезімге бөленесің...

– Су... су...

Мен әлі күбірлеп келе жатыр екенмін. Сағымдай сылаңдап, санамды үйіріп алған тәтті елес, мысық көрген торғайдай пыр етіп ұша жөнелді. Аяғым өз ырқыма көнбей бүгіліп, жолдың

жиегіне отыра кеттім. Жаппас осы жолы «Тұр, жүр» деген жоқ. Үн-түнсіз келіп жаныма отырды. Содан соң алыс көкжиекке қарап:

– Ех! – деп күрсініп қойды.

– Жаппас... мен ауылға қайтамын. Шөлдедім...

– Ех, шіркін, Қалыбай атамның үйі жақтағы бұлақтың суынан қанып ішсең ғой. Осы шаршағаныңның бәрі де сап басылар еді. Мен де шөлдедім...

Ол ернін тілімен жалап қойды. Сосын алдымыздағы түйе өркешіндей егіз төбеге көз тігіп, бір түрлі жабырқап:

– Шіркін, анау төбеден ассақ қой, соның ар жағында Қалыбай атамның үйі көрінер еді, – деді де, жанары жасаурап, кірпіктерін жиі-жиі қағып, бетін бұрып әкетті.

Біз орнымыздан сүйретіле тұрып, алдымыздағы егіз төбеге үміт артып ілгері жылжыдық. Аз жүрдік пе, көп жүрдік пе білмеймін, әйтеуір маған сол жол мәңгі таусылмастай, егіз төбе ешқашан жеткізбестей көрініп еді. Оның басына көтерілгенше Жаппас мені әлсін-әлсін жұбатумен болды.

– Шыда, енді азғантай ғана шыда. Анау төбеден асамыз да Қалыбай атамның үйіне жетеміз, – дейді ол қайта-қайта қайталап. – Сосын Жылыбұлақтың суынан тойғанша ішеміз. Кешке дейін қарбыз жейміз. Сен енді сәл ғана шыда, жетіп қалдық қой. Атам бізді ауылға атпен апарып тастайды сосын. Қазір жетеміз... Жылыбұлақтың суын ішеміз. Әуелі сен қаңғаныңша ішіп ал, сосын мен ішемін...

Мені жұбатамын деп тынымсыз сөйлеп жүріп, оның өзі де қатты шаршады. Біз ол төбеге де шықтық. Бірақ ешқандай бұлақты да, бақшаны да, үйді де көре алмадық. Сол баяғы біріне-бірі ұқсаған төбелер, белдер, аңырайған айдала.

– Өтірікші! – деп кіжіндім мен Жаппасқа ызам келіп. Егер әлім жетсе жүндей түгіп жіберетін секілдімін. – Ө-ті-рік-ші-і!

– Кім... кім өтірікші! Мен бе?! – Ол шаршағанын ұмытып, маған көздерінен от шаша қарады. Оның бұл көзқарасында неден болса да тайынбайтын қайтпас қайсарлық, өзгеше бір өжеттілік бар еді.

– Сен... сен өтірікшісің! – дедім мен де тістеніп.

– Ах, со-лай ма?! Ендеше, қайта бер ауылға. Мен... мен Қалыбай атамның үйіне қайткенде де жетемін. Жалғыз өзім қарбызды тойғанымша жеймін, бұ... бұлақтан су ішем...

– Қарбызың да, бұлағың да өзіңе!

Ол бірдеңе айтқысы келгендей менің көздеріме тіке қарап тұрды да жалт бұрылып еніске қарай жүгіре жөнелді. Алғашқы екпінімен басындағы газет қалпағы ұшып түсті. Бірақ ол маған бұрылып қарамады...

Мен төбе басында біраз отырдым да ауылға қайтпақ болып орнымнан тұра бергенім сол еді, көз алдым қарауытып, түк көрмей қалдым. Басым айналып, жерге құлап түстім. Содан қанша жатқаным есімде жоқ. Бір кезде, «Суу... су» деп күбірлеп көзімді ашқанмын. Беймәлім үмітпен, алдыңғы жаққа, сағым торлаған қырқаларға қарағанмын. Сонау алыста, көз ұшында бір қарайған қыбырлайтындай. Жаппас болар, сірә...

Мен тағы да талықсып кеттім. Түс көрген секілдімін. Биік жартастың басынан құлай аққан сарқырамаға бетімді тосып, тамағым бүлкілдеп қылқ-қылқ су ішіп жаттымын. Жартастың басында қараң-құраң етіп біреу жүрген сияқты. Е-е, Жаппас екен ғой. Сонау биікке қалай шығып жүр-ей?! Сарқыраманың суын қанша ішсем де қанбаймын, қылқ-қылқ жұта бергім келеді. Кенет біреу иығымнан тартып, судан алыстата бастады. Сарқырамаға қарай жан-дәрменімді салып ұмтылғанымға қарамастан, жұлқылап әкетіп барады.

– Су... су ішем! – деп, мен алға қарай қолымды созып, жұлқына бастаймын. – Су... су ішем...

Қара терге түсіп, борша-борша боп, булығып жатыр екенмін. Көзімді ашып алсам, дәл жанымда мені иығымнан тартқылап Жаппас отыр. Беті-аузына тер қатып, сатпақ-сатпақ болыпты. Өзі жылаған ба, көзінің алды ісіп, қызарып тұр. Өбден шаршаған да болар, ырс-ырс етіп демін әзер алады. Әуелі не болғанын түсінбей, мен оған аңтарыла қарадым. Сосын Жаппас екеуміздің жапан дүз, шөл далада шаршап-шалдығып, орта жолда қалғанымыз, жанымызда бір тамшы су да жоқ екені есіме түсіп, бойымды үрей биледі. Апырым-ау, жаңа Жаппас та кетіп қалып еді ғой. Сонау алыста жүргені қайда? Мені тастауға қимай, қайтып келгені ме? Сірә, Жаппаста жан жоқ шығар, қалай шыдап жүр өзі?!

– Жұмағали... а, Жұмағали, тұршы орныңнан. Ауылға қайтайық...

– Сен... сен қайтып келдің бе?

– Иә. Алысқа ұзап кетіп ем, сенің көп уақыт орныңнан тұрмай қойғаныңды көріп, қайтадан қайттым...

Мен аз да болса тынығып қалғандаймын. Алғашқыда ауылға қарай өндіріп жүріп тастадық. Бірқ көп ұзамай тағы да шар-

шай бастадық. Мен жиі-жиі жол шетіне отыра кетіп, дем ала бергендіктен жүрісіміз мүлде өнбейді. Біраз жер жүріп, тағы да тынығып алу үшін жол шетіне шыға бергенімде Жаппас:

– Кел, арқама мін, – деп, жауырынын төсеп отыра қалды.

– Ө... өзің шар... шаршайсың ғой.

– Мін деп тұрған соң, мінсейші енді! Қорықпа, бәрібір шыдаймын.

Әбден сілем қатып келе жатқан мен ұялмай-ақ Жаппастың арқасына мініп алдым. Ол мықшындап, баяу болса да жүріп келеді. Кейде тәлтіректеп, жолдың екі шетіне кезек-кезек шығып кетеді. Біраздан соң мен:

– Түсір, өзім жүремін, – деймін. Ол май топыраққа отыра қалады. Оншақты қадамдай жер жүремін де, қайтадан Жаппастың арқасына мінімін. Сәлден кейін тағы да түсемін деймін. Кейде ол өзі «Сәл түсіші» дейді өтінгендей болып. Жазық маңдайынан тер шүмектеп ағып, ыр-ыр дем алады. Сөйтіп мен оның арқасына бірде мініп, бірде түсіп жүріп біршама жер алға жылжыдық...

Қайран, менің Жаппас досым! Қайда жүр екенсің қазір? Мынау түйенің өркешіндей егіз төбелер, айналадағы қыраттар, сонау бір қылта, май топырағы бұрқыраған шаңдақ жол бәрі де сол күндердегідей қаз-қалпында тұр ғой. Тек өзің ғана жетпей тұрсың. Бәлкім, сен содан кейін де бұл жолмен талай-талай жүріп өткен боларсың. Сонда мені, баяғы әлжуаз досыңды есіңе алған ба екенсің? Менің сондағы әлсіздігіме таң қалып сақылдап тұрып күлдің бе? Жо-жоқ... сен ондай бала емес едің ғой. Ер жеткен соң да сол баяғы бала күнгі ақ көңіл, аңғал мінезің қалмаған болар-ау... Әрине, балалық шағымызды есіңе алып күлімсірегеніңе, шын жүректен сағынғаныңа сенемін!..

Көз алдыма жалпақ бет сары бала, баяғы кішкентай Жаппас күлімдеп келіп тұра қалғандай болды. Көңіліме бір кимас сезім, сағыныш үйіріліп, қараптан-қарап отырып көзім жасаурады.

... Аз жүрдік пе, көп жүрдік пе есімде жоқ. Ауылдан тым ұзап кеткен екенбіз. Жуық арада жете қоятын түріміз көрінбейді. Екеуміз жол жиегінде ұзақ отырдық. Бұдан ары қарай жүруге енді мүлде әліміз қалмағандай. Қалыбай атаның үйіне әні жетеміз, міні жетеміз деп, алдамшы үмітке еріп ұзақ жүріппіз. Көз талдырып қанша қарасақ та жақын маңда еш нәрсе көзге шалынбайды. Сағым торлаған сарғыш дала ғана... Күн де шақырайып, бір орнында тапжылмай тұрып алғандай. Отша қа-

рыған демі құйқанды үйітіп, шекеңді солқылдатар қызыл аптап айналаны түгел қуырып тұр.

Сол күні кездейсоқ адасып, өздерінің жолынан бұрыс келе жатқан жолаушылар кезікпегенде біз ауылға жете алар ма едік, әлде қайтер ек... Алыстан бұрқыраған қою шанды көріп, екеуміз де бір мезетте орнымыздан атып тұрдық. Қолымызды бұлғап, айқайлап қуанып жатырмыз. Олар бізді шаңға көміп, дәл жанымызға келгенде машинасын тоқтатты.

Кабинаның ішінде екі кісі бар екен. Біреуі – шопыр. Борша-борша боп терлеп, жуан желкесін көлдей орамалмен қайта-қайта сүртіп отырған жанындағы семіз сары кісідей емес, ақ көңіл, кара торы жүзді қайырымды адам болатын.

– Әй, балалар, Монтайға қай жол барады.

Жаппас жолаушылар келген жақтағы биік қырға қарай саусағын шошайта бере, көзі бақырайып, асып-сасып қалды.

– Ағай, бізді Тоғансайға жеткізіп тастаңыздаршы. Әбден шаршадық, шөлдедік...

– Әй, сен сонда Тоғансай жаққа өтіп кеткенсің бе? – деп, семіз сары кісі шопырды жазғыра сөйледі. – Әйда, давай, кейін бұр мәшинені...

– Ағай, біз ше?!

– Ағатай, бізді ала кетіңіздер, – деп, екеуміз қосарлана шырылдап, жалына бастадық.

– Жәке, Тоғансайға жетіп, сосын темір жолды жағалап кейін қайтайық. Әйтпесе мынау адырдың жолында тағы да адасамыз ғой.

– Әй, «адасамыз ғойың» не сенің?! – Семіз сары кісі оған ашуланып, даусы шіңкілдеп жекіре бастады. – Күн жарықта адасып, есін ауысты ма? Анау бала айтып тұр ғой, қыр жақтағы жол апарады деп!

– Жәке-ау, біз осы бағаналы бері адасып келе жатқан жоқпыз ба?! Адырда не көп, қиыр-шиыр жол көп. Оның қайсысына түсеміз деп жүріп-ақ кеңкелес боп өлеміз ғой. Одан да осы жолмен тура Тоғансайға жетіп, темір жолды жағалап кейін қайтайық та...

– Әй, сен де «темір жол, темір жо-о-ол» деп қоймадың-ау! Әй, Исақ-ау, бұ түріңмен саған мәшине емес, пойыз айдау керек қой. Сонда жаның тыныш болады, ешқашан адаспайсың. Жар-райды, кеттік сол темір жолыңа. Күзіпке мін де ана қара сирақтарға!

Жаппас екеуміз тырмысып шығып, қорапқа адамдар отыру үшін көлденең қойылған тақтайға отыра кеттік. Енді уайым жоқ. Бағанағы шаршағанымыздың бәрін мен ұмытқанмын. Бі-

рақ неге екенін білмеймін, Жаппас бірден көңілсіз тартып сала берді. Үн-түнсіз, төмен қарап отырды да, кенет «Ө-ө-ө» – деп өкіріп жылап жіберді.

– Жаппас, неге жылайсың? Қазір үйге жетеміз ғой.

– Ба.. ба... – деді ол солқ-солқ етіп. – Ба... бағана, е... есіме түс-ті-і-і... А... атамның үйінен қа... қайтарда, жо... жолда ме-е-н көкемнің белінен тас қып ұстап отырып, ұйықтап қалған е... екенмін ғо-о-оой! Қа... Қалыбай атамның үйі ө... өте алыста е... еке-е-енн...

Ия, Жаппас Қалыбай атасының үйінен қайтып келе жатқанда жорғаның үстінде көкесінің белінен тас қып ұстап отырып, ұйықтап қалғаны рас болар. Сөйтіп ол жердің алыс екенін аңдамай, ауылға жақындағанда бір-ақ оянған ғой. Әйтпесе оның Қалыбай атасының үйі Тоғансайдан кем дегенде отыз-қырық шақырым жол екен...

– Оу, інішек, неге тоқтап қалдың?

Оқыс шыққан дауысқа жалт қарасам, бағана өзім телеграмма апарып берген шопан екен. Астында ауыздығымен алысқан күрең қызыл аты. Оның үйінен шыққанда қазанда қайнп жатқан етке де қарамай, асығып едім. Енді орта жолда тоқтап тұрғаныма қысылып, ұрлығы ашылып қалған баладай асып-сасып, қызарақтай бастадым.

– Бен... бензин таусылып, – деп мінгірледім желкемді қасып.

– Ештеңе етпес, – деп, шопан атынан түсті. – Жол мөлшерін шамалай алмай қалғансың ғой. Біздің бұл Жылыбұлақты жердің түбі десе де болғандай. Қазір су таситын машина келуі тиіс, содан күйіп аларсың.

Ол атын машинаның арт жағына байлап, менің қасыма келіп малдас құрып отырды. Шибарқыт пиджагінің қалтасынан шақшасын алып, насыбай атты.

– Ағай, соншама жерден әуре болып неге келдіңіз? – дедім мен, ыстық күнде атпен жеті-сегіз шақырым жүрудің де қиын екені есіме түсіп. Ол кісі астыңғы ернінің төменгі жағын сәл томпайтып, тілінің астындағы насыбайды «тіп» деп түкіріп тастады да:

– Тоқтап қалғаныңды анау жотаның басында тұрып көрдім, – деп, қамшысының сабымен алыстағы биік жотаны нұсқады. – Қашан жүріп кетер екенсің деп әрі-бері күттім. Жүре қоймадың. Сосын мәшинесінің бір жері бұзылған-ау дедім де бері қарай аяңдай бердім.

– Ағай, бұрынырақта осы маңда Қалыбай деген кісінің бақшасы болып па еді? – дедім мен, әңгіменің бағытын басқа жаққа бұрайын деп.

Неге екенін білмеймін, «... болып па еді?» деп сұрадым. Бір түрлі ол бақшаның осы күнге дейін де бар екеніне, иесінің тірі екендігіне көңілім сенбеді. Өйткені одан бері де он шақты жыл өтті ғой арада. Бір жағы, бұрынғы бала Жаппастың: «Атам жетпіске келсе де әлі тың. Кетпен шапқанда анау-мынау жігітіңе дес бермейді» деп мақтанғаны да есіме түсіп еді.

– Е-е, Қалекенді біледі екенсің ғой.

– Жо-оқ. Сол кісінің бақшасына арнайы келе жатып, жарты жолдан қайтқанымыз бар еді, – деп мен де езу тарттым.

– Иә, шөл далада да бір кездері таңғажайып бақша болғаны рас еді, – деп, шопан кісі сол бақшаны сонау буалдыр көкжиектің ар жағынан көріп отырғандай жанарын алысқа қадап, бір уақ ойланып отырды. – Қалекен қауын, қарбыз егетін. Және бір азғантай жерге, бұлақтың төңірегіне пияз, қияр, сәбіз де өсіретін. Марқұм өте еңбекқор, пейілі кең, қолы жомарт, сонымен қоса асқан кірпияз, сыпа кісі еді. Қалекенмен біз ағайын адамдармыз. Олар аға баласы, біз іні баласы боламыз.

– Жылыбұлақ бұл жерден алыс па?

– Он-он екі шақырымдай жер. Міне, осы жолмен кері қарай жүрсең, біздің үйдің тұсынан өтіп барып оңға бұрыласың. Одан әрі төрт-бес шақырым... Осы шөл даладағы жалғыз бұлақ сол болатын. Қалекен дүние салған жылы оның да суы тартылып қалды. Марқұм ылғи да: «Сендер қой бақсаңдар, мен көкөніс бағамын», – деп, кеңк-кеңк күліп отыратын. Өзі бұ дүниедағы көкөніс атаулының тілін жақсы білуші еді ғой. Сулы, нулы жерге көшіп кетейін десе, туған жерді, ағайын-туысты қимай, ой-мақтай ғана Жылыбұлақтың азғантай ғана суына бақша өсіріп, өмірінің соңына дейін айдалада жалғыз үй боп отырды... Иә, інішек, сонымен жарты жолға жеткенде неге кері қайттыңдар? Қайран Қалекен, үйіне барған кісіге қатты қуанып, бар ықылас, бейбілін көрсететін.

– Ол кезде баламыз ғой. Ұмытпасам, үшінші класта оқитынбыз, – деп бастап, мен ол кісіге Жаппас екеуіміздің бала кезде басымыздан кешкен оқиғаны баяндап бердім.

– Оу, інішек-ау, сен біздің Жаппасжанның досы болдың ғой, – деп, ол кісі тіпті қуанып қалды. – Ал енді, інішек, саған бір қызық айтайын. Мен сол бала кездегі досыңның, Жаппастың



нағашы ағасы боламын. Оның апасы Жұмағыз деген, біздің жаңағы Қалекеннің ортаншы кызы ғой.

– Солай ма еді?! – деп, мен аң-таң қалып, күліп жібердім. Ол кісі болса, «қызығы әлі алда, сен тек тыңдай бер» дегендей, күректтей алақанымен тіземнен бір басып қойып, жымыш отырып әңгімесін сабақтады.

– Ал енді өзің бізге бүгін тілгірәм әкелдің ғой. Әкелдің. Әйтеуір, тойға шақырған, жастардың үйлену тойына шақырған қуанышты хабар екенін білесің. Бірақ кімнің тойына шақырғанын білмейсің ғой. Білмейсің. Оу, қарағым-ау, Арыс деген қалада дүркіретіп той жасап, үйленіп жатқан сол баяғы өзіңнің досың Жаппас! – деп ол екі иығы селкілдеп, сылқ-сылқ күлді.

Бұндай да ғажап бола береді екен-ау. Менің аң-таң қалғаным сонша, тіпті аузым аңқиып қарап қалыппын. Шопан кісі әлі де сылқ-сылқ күліп отыр. Бір кезде барып мен де ыржалаңдап күліп, тілге келе бастадым.

– Жаппас қазір Арыста тұрады дейсіз бе?

– Иә. Сонда депода слесір болып жұмыс істейді.

– Оны көшеде кездейсоқ көріп қалсам таныр ма екенмін?..

– Танымай қалуың да мүмкін-ау. Жауырыны қақпақтай, дәу сары жігіт болған.

– Бала кезімізде де күшті еді.

– Ой, ол палуан ғой. Былтыр жазда келгенінде Сәрсенбай шабандоз екеуі бәстесіп, сонда бір құнажынды жалғыз өзі көтеріп, мәшиненің кузібіне артып жіберген.

– Демек, ол бұл жаққа келіп тұрады екен ғой.

– Иә, жылына бір келіп, бес-алты күн қолғабыс тигізіп кетеді. Пай-пай, ол палуан жұмысты жапырып істейді. Нағыз ер жігіт деп соны айт. Ал енді, інішек, Жаппас досыңның тойына қалай да баратын шығарсың?

– Білмеймін, аға, – деп мен шынымды айтып, ағымнан жарылдым. – Жұмысқа араласқаныма көп бола қойған жоқ. Келмей жатып, мені бір-екі күнге босатсаңыз екен дегенім қалай болады... Әйтсе де, бір ретін табармын. Ең бастысы, досымның амандығын, қайда тұратынын біліп алдым ғой. Баяғыда біздің үй Тоғансайдан көшіп кеткелі бері кездескен жоқ едік. Кейін реті келгенде барам ғой...

– Сөйт, айналайын... – деп ол кісі күректтей алақанымен аркамнан қағып қойды.

Көп ұзамай су таситын машина да келді. Үнемі шашын ұс-тарамен тақырлап алдырып, басына төбесін ғана жауып тұра-

тын ала тақия киіп жүретін Айдархан: «Әй, бала десе, баласын ғой әлі. Осындай құс шөлдеп өлетін далаға да адам деген аңкылдап босқа келе береді екен-ау! Қарашо што, бұл құла түзде киікше жортып жүрген мен секілді ағаң бар. Әйтпесе айлап, жылдап күтсең де ешбір техниканы кезіктіре алмас ең», – деп, мынау ұшқан құстың қанаты күйетін аптапты, шөл далада өзі ақыл айтатын жалғыз адам табылғанына қуанғандай даудырап, мақтанып жүріп, екі шелек бензин құйып берді.

«Әй, Жаңғалағым-ай, – деймін мен, жолда келе жатып. – Сен екеуімізге ақыл айтатындар көп-ау қазір. Өйткені, әрбір ісімізде шалағайлық бар. Бүгін де, міне, ең алғашқы сапарымызға шыққанда күлкіге ұшырай жаздадық. Әрине, өсте-өсте ширап, өмірге бейімделе береміз-дағы. Содан соң өзіміз де біреуге ақыл айтармыз. Бірақ Айдарханға ұқсап даурықпай, мақтанбай үйретерміз...» Содан соң көз алдыма Жаппасты елестетіп, онымен іштей сырласа бастадым. Бір қызығы, ол менің қиялымда сол баяғы газет қалпақ киген, жалаң аяқ бала Жаппас қалпында. «Жаппас, егер мен сенің тойыңа барсам, қуана қарсы алатын шығарсың. Әуелі танымай қалуың да мүмкін-ау. «Мен бұл жігітті қайдан көрдім» деп аңтарылып тұрарсың, артынша ақ бәрі де есіңе түсіп, қапсыра құшақтай аларсың. Төрге шақырып, құрметті қонағым бол дерсің. Бәлкім, олай демессің... Өйткені біз бір-бірімізді көрмегелі қаншама жыл өтті арада. Жо-оқ... Кешір, досым, мен сенің құшақ жая қарсы алатыныңа сенемін. Бұл әншейін, аздап күдіктенгенім-дағы. Әрине, келіншегіңе «Мынау менің бала кездегі досым» деп, таныстырасың ғой. Шынымды айтсам, Жаппас, бұл күнде сол балалық шағымызды қатты сағынып жүрмін».

Сарғайған шөл далада, құс қанаты күйетін аптапта өсетін Қалыбай атаның бақшасы секілді біздің балалық шағымыз да ғажап екен ғой. Әрине, ол бақшаны мен көре алғаным жоқ. Бірақ оның қиялымдағы суреті ғажап сұлу... Сонда да болса, сол таңғажайып бақшаны өз көзіммен көре алмағаным есіме түсіп, кейде көңілімді өкініш жайлайтыны бар. Бәлкім, мен оны көрмегеніме емес, сонау бір күндерде, шаңдақ жолдың үстінде сені өзім арқаламағаным өкінетін шығармын, мүмкін, шөл қарбыздай тәтті балалықтың байқалмай өте шыққанына қамығатын болармын...



БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР

НАУРЫЗ КӨЖЕ

Қатынасушылар:

Асан ата

Бидай

Тары

Күріш

Бұршақ

Қазы

Айран

«Тон-Тон» кеспесі

Дәрігер

Ас үй. Оргада үлкен қазан тұр. Асан ата ас қамына кіріспек болып, мұртын ширатып, ойланып қалыпты. Кенет залда отырған көрермендерді жаңа көргендей күлімсіреп, қолын кеудесіне қойып, басын иеді.

Асан ата. Амансыңдар ма, балалар. Наурыз құтты болсын! Мына біздің ауылдың сиырлары сүтті болсын. Ақ мол болсын, Ас көп болсын!..

Бүгін мен мынау дәу қазанға наурыз көже пісірмекпін. Құдай қаласа, осы отырған бәріңе жететін, қарындарың тырсыып тоятын мо-о-ол көже болады. Одан қалса, осы біздің өңірдің тұрғындары мен оларға келетін қонақтар да дәм татып, риза болсын деймін.

Е-еһ, әзірге бұл менің арманым ғой, балалар! Ал адам баласы өзінің арманына жету үшін не істеуі керек?.. А-а?..

Әрине, еңбек етуі керек.

Демек, мен де бүгін құр босқа қиялдай бермей, наурыз көже пісіруім керек.

Жылда-жылда бұл көжені Ақ кемпірім пісіруші еді. Ол биыл ойда-жоқта сырқаттанып қалды. Енді өзім пісірмекпін. О-о, бұл

көже бар ғой, бұл көже барлығымызға жететін мол көже, дәмді көже және өте маңызды көже болмақ!

Әне, солай балалар! Қой, мен тіпті мылжындап, көп сөйлеп кеттім, білем. Енді, іске кірісейін. Ім-м, иә!..

(Ойланып қалады. Содан соң әлдене есіне түскендей жан-жағына қарап дауыстайды).

Бида-а-ай! Ай, Бидай, қайдасың?!

Асан ата Бидайды іздеп, шкафтарды ашып қарай бастайды.

Асан ата. Оу, Бида-а-ай! Қайдасың? (Қолына ожауды алып, әндетіп қоя береді).

Ақ бидай, қара бидай,

Сары бидай, қызыл бидай!

Наурыз көже пісіреміз,

Бұрынғыдай, ау, бұрынғыдай, е-е-ей!

Осы сәтте ас үйдегі бір бөшкенің қақпағы ашылып, Ақбидайдың басы қылтияды.

Ақбидай. (Ақырын ғана). Мұндамын!..

Асан ата. (Қуанып). Ой, айналайын, Ақбидай, амансың ба?

Ақбидай. Аманмын, ата, аманмын! Ал өзіңіз қалайсыз? Ақ әжем қайда?

Асан ата. Біз де аманбыз. Бірақ... Ақ әжең сырқаттанып, төсек тартып жағып қалды. Биыл наурыз көже жасайтындай шамасы жоқ, сондықтан, бүгін соны өзім пісірсем бе деймін. Осы ойымды айналайын Ақбидайжан-ау, кеше Ақ әжеңе айтып ем: «Үйбай, шалым-ау, онда кәніки, сен пісірген наурыз көжеден бір ұрттасам, жазылып кетемін ғой!» деп қуанып қалды.

Ақбидай. О-о, бәрекелді-і, ата! Іске сәт.

Асан ата. Рақмет, айналайын, Ақбидай. Ал енді, осы істің мәнісін өзіңменен ақылдасып алсам ба деймін.

Ақбидай. Жақсы. Ақылдасып алыңыз.

Асан ата. Ау енді, ақылдасқанда бар ғой, бұл көжені... бұл көжені Ақ әжең баптап, дайындап, алдымызға әкеліп қойғанда әуп деп әуелі бір кесесін, содан соң тағы да әуп деп екінші кесесін сүйсініп ішіп, көзді жұмып, басты шайқап тамсанғаным болмаса, басқа шаруасын білмейді екенмін, айналайын.

Ақбидай. (Таңданып). Сонда қалай болғаны? Әуп деп ішесіз?..

Асан ата. Иә.

Ақбидай. Тағы да әуп деп ішесіз?..

Асан ата. Иә...

Ақбидай. Одан басқасын білмейсіз.

Асан ата. (Басын шайқайды). Иә, иә...

Ақбидай. Түсінбедім.

Асан ата. Ау, оның түсінбейтін несі бар?! Мен... мен наурыз көженің қалай жасалатынын сенен сұрап тұрғаным жоқ па?!

Ақбидай. А-а!.. Солай демейсіз бе?! Ендеше, тыңдаңыз. Оның түк те қиындығы жоқ.

Асан ата. Апыр-ай, ә?!

Ақбидай. Мына қазанды көріп тұрсыз ба?

Асан ата. Көріп тұрмын.

Ақбидай. Ендеше, оған бір шелек су құясыз. Оған қыс бойы ұнға салып, сүрлеп, сақтаған жылқының егін немесе қазысын «Біссімллә» деп саласыз. Бабымен қайнатып пісіресіз. Содан кейін сорпаға бидай, тары, күріш, бұршақ салып қайнатасыз. Дәндер пісе бастағанда, оған жұмыртқа қосып илеп, шаштай қылып кескен жіңішке кеспені бір «бұрқ» еткізесіз де, айран қатасыз, ата! Мінеки, жеті түрлі дәмнен құралған, жылы-жұмсақ наурыз көже дайын болады да шығады.

Асан ата. О-оу, айналайын, Ақбидайжан, өркенің өссін. Тұқымың көбейсін, айналайын. Тұқымың көбейсін! Мына біздің кең байтақ даламызда жайқалып өсе бер, өркендей бер!

Ақбидай. Әумин, ата. Айтқаныңыз келсін!

Асан ата. Ал онда, мен іске кірісейін.

Ақбидай. Кірісіңіз. Себебі... (Асан атаның көзіне қарап, сөзінің соңын жұтып қоя салады).

Асан ата. (Оған сұраулы жүзбен қарап). Иә?..

Ақбидай. Не?..

Асан ата. «Себебі...» дедің ғой.

Ақбидай. Себебі дегенім, «Құр сөзден көже қайнатқан» ешкімді көрген жоқпын әзірге.

Асан ата. Әй, қу бала, қу бала! Оның рас. Айран... айран... Бұл үйдің айраны қайда екен?

Ас үйдегі бір бөшкенің ішінен бүлк-бүлк етіп, ашыған айранның дыбысы естіледі.

Айран. Мен мұндамын, ата!

Асан ата. Әй, садағаң кетейін, «ата» деген даусыңнан айналайын! Келе ғой! Біз бүгін Наурыз көже пісірейін деп жатырмыз!

Айран. (Қуанып). Ур-ра!

Асан ата. Әй, айналайын, Айранжан қуанып кетті ғой.

Айран. Рас, ата! Неге қуанбайын, Наурыз көже жасау өте қызық қой! Бірақ...

Ақ бидай. Не, «бірақ»?

Айран. Наурыз көжені ылғи да Ақ әжем жасаушы еді ғой?!

Ақбидай. Иә.

Айран. Онда неге бүгін Асан ата айқайлап, абыр-сабыр болып жүр!

Ақбидай оның құлағына сыбырлап, бірдеме айтады. Айран оған тандана қарап, көзі бақырайып, басын шайқап қалады.

Айран. А-а, солай ма?.. Қап, әттеген-ай, ә!

Ақбидай. (Басын шұлғиды). Иә, солай!..

Айран. Жарайды. Ең бастысы, Ақ әжеміз көп ауырмай, тезірек жазылып кетсінші деп тілейік.

Ақбидай. Иә, сөйтеік.

Айран. Меніңше, Асан ата жасайтын наурыз көже де өте дәмді болып шығуға тиісті.

Ақбидай. Мен де солай ойлаймын. Содан соң... содан соң бар ғой, бәрі жақсы болады. Өйткені, Ақ әже: «Сен жасаған наурыз көжеден бір ұрттасам, жазылып кетемін» депті Асан ағамызға.

Айран. Ойпыр-ай, шынымен-ақ сөйдеп пе?!

Ақбидай. Иә. Жаңа маған Асан атаның өзі айтты.

Айран. Оу, ендеше, не тұрыс?! Көмектесейік!

Ақбидай. Иә, сөйтеік. Мен оған бір уыс ақ маржан дән саламын.

Айран. Мен де бір тостақ айран құямын қазанға. Және... және басқаларды да наурыз көже жасауға шақырамыз!

Ақбидай. Әрине, шақырамыз. Күріш қайда, күріш?

Айран. (Айқайлайды). Кү-рі-і-іш! Кү-ү-үрі-і-іш!

Асан ата. (Қуанып). Иә, иә, айналайын. Күрішті шақырындар, күрішті!

Ақбидай. Кү-рі-іш, қайдасың?

Айран. Кү-рі-іш!

Ас үйдің бұрышындағы бір қаптың ішінен Күріштің үн қатқан даусы естіледі.

Күріш. Не-е?

Айран. Бері кел!

Күріш. Уақытым жоқ. Базарға барайын деп жатырмын.

Айран. Не-ме-не? Ертең Наурыз мерекесі ғой!

Күріш. Не дейт? Рас па?

Ақбидай. Мәссаған! Сауданың қызығына беріліп кеткенің сондай, жылына бір келетін Наурыз мерекесі де есіңнен шығып кетіпті ғой.

Асан ата. Оқа емес! Ондай-ондай ұмытшақтық мына менде де бар, айналайын.

Күріш. Қазір барам, ата!

Асан ата. Келе ғой! Әй, Күреке, әлгі Бұршақ, Тары көршілеріңе де айта сал! Сөйтіп, үшеуің бірге келіндер!

Күріш. Мақұл. Бірақ ол көршілерімді өзімнің де көрмегеніме көп уақыт өтіпті.

Ақбидай. (Күліп). Соңғы кездері бәрінің есіл-дертің базар, бір-біріңді ұмытып та қалған шығарсындар әуелі?

Күріш. Кім білсін... (Ол өзі отырған қаптың жанында тұрған бөшкелердің бүйірін тықылдатып, есік қаққандай қаға бастайды. Бірақ ешкім жауап қатпайды). Әне, айтам ғой, бұлар таң атпай тағы да бір жаққа жортып кеткен болар.

Асан ата. Жарайды, Күрішжан, онда өзің келе бер. Ертең наурыз көжені қалай жасайтынымызды ақылдасып алайық.

Күріш. Міне, келе жатырмын!

Асан ата. Ал енді... (Ақбидай мен Айранға қарайды). Ақ әжелеріңнің қыстай сақтаған сұр қазысын шақырайық, ә?!

Ақбидай. Әрине!

Айран. Әй, осы қазы десе қариялардың сілекейі шұбырып қоя беретіні несі екен, а?!

Ақбидай. Тс-с-с! Ұят болады. Олай деме...

Айран. Жай әшейін, әзілдегенім ғой!..

Асан ата. (Кеңк-кеңк күліп). Әй, әзілің бар болсын, Айранбай. Әзілің бар болсын! Ақиқаты да сол ғой. «Ет дегенде бет бар ма» дейтін қазақ емеспіз бе баяғы.

Айран. Өте дұрыс. Қайран, Қазының дәмі ерекше ғой, шіркін!

Асан ата. Әп, бәрекелде-е! Олай болса, шақырайық.

Ақбидай. Шақырсақ, шақырайық!

Айран. Жо-жоқ, Ақбидай, сенің бұл «Шақырсақ, шақырайық» дегеніңе елпілдеп, жетіп келе салмайды ол. Қазекең өте салмақты, маңызды ас қой. Сондықтан да оған өзіміз барып, ертіп келгеніміз абзал.

Асан ата. Паһ-паһ, ақылыңнан айналайын, Айранжан! Дұрыс айтасың, барайық.

Олар шығып кетеді. Музыка ойнайды. Біз енді базардан қайтып келе жатқан Бұршақ пен Тарыны көреміз. Екеуі де көңілді. Бәлкім, әндетіп қояды.

Бұршақ. Тү-у, бүгінгі саудамыздың қызып тұрғанын айтсаңшы, Тареке! Базарға келген жұрт бас салып, бұршақ алды, бас салып тары алды! Сен екеуміздің тіпті табанымыз жерге тимей кетті ғой!

Тары. Иә, мұндай үлкен мереке жақындап келе жатқан кезде сен екеуміздің бағымыз да, беделіміз де артады.

Бұршақ. Бұл дегенің тамаша ғой, досым-ау! Сен екеуміз осыны пайдаланып, өтетін жерге өтіп, көшетін жерге көшіп, өсетін жерде өсіп, тіпті бар ғой, бөсетін жерде бөсіп алғанымыз жөн!

Тары. Ха-ха-ха! Мұның да дұрыс шығар. Бірақ, мен бүгін қатты шаршадым. Енді біраз көз шырымын алып, демалсам ба деймін.

Бұршақ. Ал менің базарға тағы да бір рет барып қайтқым келіп тұр.

Тары. Байқасаңшы... Былтырғыдай тағы да бармағыңды шайнап, шашылып қалып жүрме.

Бұршақ. Құдай сақтасын! Ондай-ондай қорқынышты, келеңсіз оқиғаларды ескі жылда қалдырып, енді мына жаңа жылдан тек қана жақсылық күтейікші! Есіме түссе жүрегім зырқ ете қалады.

Тары. Иә, солай-ақ болсын. Дегенмен, «Сақтықта қорлық жоқ» екенін әрдайым есте ұсталық. Өткеннің бәрін ұмытпа беруге болмайды. Қайта одан сабақ алуымыз қажет. Менің де былтыр бір рет аңдамай, қара басып көшеде шашылып қалғаным бар. Содан кейін есімді әзер жиып, өзімді өзім жинап алдым ғой әйтеуір.

Бұршақ. Иә, мен де базарда мақтанамын деп, ісіп-кеуіп, жарылып қалған кезде өзімді сондай ынғайсыз сезіндім. Әсіресе, әлгі балалардың мазағына қалғаным тіпті жаман болды. Әй, тары досым-ай, сен ақылдысың ғой. Сені тыңдайын. Биыл да бір бәлеге ұрынып қалмай тұрғанда, «Барға – қанағат, жоққа – мінәжат» дегенім жөн болар, сірә.

Олар қолтықтасып, ас үйге кірген кезде бір қызық көрініске тап болады.

Ас үйдің іші бұрқырап жатыр. Бет-аузына ұн жағылып, пысқырып-түшкіріп отырған Асан аға, Ақбидай, Күріш, Айран төртеуі бұларға сығырая қарайды. Қап ішінен жаңа ғана шыққан Қазы ұйқысын аша алмай мең-зең болып тұр ортада.

Тары. Оу, сіздерге не болған?

Асан ата. Айналайын, Тарыжан, сені де көретұғын күн бар екен-ау?!

Айран. Иә-ә, деймін-ау, Сіз тіпті, дефицит болып кеттіңіз ғой. Қайдан келесіз?

Тары. Бұршақ екеуміз бүгін базарға барып ек. Ал сіздер мұнда не істеп отырсыздар?

Айран. Әй!.. Не істеуші ек?! Бұрқыратып жатырмыз!..

Тары. Неге?.. Нені?

Күріш. (Мысқылдап). «Нені?..» «Неге?» Аспаннан түстіндер ме, немене?! Ертең Наурыз мейрамы емес пе?! Соған дайында-лып, Наурыз көже пісірейін деп жатырмыз?

Асан ата. Айналайын, Тарыжан. Ақ әжең аяқ астынан сыр-қаганып қалып, содан... биыл наурыз көжені өзіміз бірдеңе етіп, пісірсек пе деймін.

Міне, қыс бойы ұнның ішінде жатып, қалың ұйқыға батқан Қазыжанды үшеулеп жүріп әрең ояттық.

Бұршақ. Ха-ха-ха! Үсті-басы аппақ, бұрқырап тұрған бұ кім болды десем, пай-пай, өзіміздің Қазы ағамыз екен ғой!

Айран. (Ол да күліп). Ойбо-о-ой, бұ кісінің ұйқысының қатты-сын-ай! Ұн салған қаптың ана бүйірінен түртеміз, бұрқ-бұрқ. Оянбайды. Мына бүйірінен түртеміз, бұрқ-бұрқ! Оянбайды. Бір кезде Күрішекең қаптың ішіне үңіліп: «Қазеке! Тұрсаңызшы енді!» деп айқай салғанда бар ғой, мына бөлменің іші боз-боран, ақ түтек болды да кетті.

Бәріміз қақалып-шашалып, ұн жұтып, қиқылдап-шиқылдап өліп қала жаздадық!..

Қазы. Әй, қайран, Ақ әжем-ай!

Күріш. Оу, не болды?

Қазы. Ол кісі менің ұн-көрпемді ақырын ғана ысырып, құлағымға сыбырлап: «Айналайын Қазыжан, Наурыз келді!» деп ерекше бір мейірімді даусымен оятушы еді. Ал сендер... сендер болсаңдар, жан-жағымнан жау сияқты аттандап, қиқулап есімді шығардыңдар ғой!..

Асан ата. Кешір, айналайын. (Кеңк-кеңк күліп, көзінен аққан жасты сүртіп). Әй, бұл білместік дегенді қойсаңшы! Біздің мұнымыз шынында да әбестік болған екен.

Айран. Өзінен де бар, өмір бақи оянбайтындай, қатып ұйықтағаны несі?!

Бұршақ. Ойбай, бұл Қазекенмен ойнамаңдар! Ертең қазанға түсуін түскенмен, піспей жатып алуы да мүмкін.

Қазы. Жо-жоқ, мен Ақ әжемді ешқашан ұятқа қалдырған емеспін. Ол кісі наурыз көже дайындаған кезде: «Астың дәмін кіргізетін осы Қазы ғой!» деп, мені ылғи да мақтап отырады.

Асан ата. Ау, қарақтарым, біз осы басымыз қосылып, жиналып та қалған сияқтымыз. Олай болса, ертеңгі пісіретін көженің жайын ақылдасайық.

Ақбидай. Ақылдасайық!

Асан ата. Олай болса, Наурыз көже жасауға дайынсыңдар ма?

Ақбидай. Дайынбыз.

Асан ата. Ал, онда...

Айран. Сабыр!.. Сабыр, атеке!

Асан ата. Ау, не боп қалды?

Айран. Біз әуелі кім бар, кім жоқ екенін бір түгендеп алайық та.

Тары. Иә, Айран, дұрыс айтады. Ақ әжем ылғи да сөйтетін.

Асан ата. А-а, солай ма еді?.. Қайдан білейін! Өкінішке қарай мен әже емес, атамын ғой.

Бұршақ. (Сылқ-сылқ күледі). Онда сізге Ақ әжемнің көйлегін кигізіп, басыңызға кимешегін орап қояйық. Міне, сонда сіз нағыз әже болып шыға келесіз.

Бәрі күледі. Асан ата да кеңк-кеңк етіп, екі иығы селкілдеп, риза болады.

Асан ата. Ойпыр-ай, Бұршақжан-ай, қатырдың-ау, атанды! Әй, бірақ... Бүгін менің кемпір болмаған нем қалды осы?! Еркек шіркін, қолына ожау ұстаған күні құриды деуші еді бір ақсақал.

Тары. Жо-жоқ, сіз өйтіп қамықпаңыз, ата. Баяғы бір қысылтаяң заманда Сырым деген батыр: «Жауға шапсам, батырмын. Үйге келсем, қатынмын. Апаң ауру, бала жас, тары түйіп жатырмын!» деген екен. Міне, биыл сіздің де басыңызға Сырым батырдың басындағы жағдай туып тұр емес пе. Ендеше, қамықпаңыз. «Нар жолында жүк қалмас» деген.

Асан ата. Иә, иә... Солай болды. Ақылыңнан айналайын, Тарыжан. Сен маған қуат беріп тұрсың-ау!

Қазы. Ішінде тарысы бар өлең болған соң жаттап алған ғой! Әй, қу-ай!

Ақбидай. Достарым-ау, біз осы әңгімеге алданып, алтын уақытымызды босқа өткізіп тұрған жоқпыз ба?! Өні-міне дегенше, анау қырдың астынан кісінеп жылқы жылы шыға келмей ме?!

Бұршақ. Апыр-ай, солай екен-ау!.. Тездетейік, ендеше, тездетейік!

Айран. Иә, керіліп-созылмай жиналайық! Түгенделейік! Ақбидай – біреу. Тары – екеу. Күріш – үшеу. Бұршақ – төртеу. Қазы – бесеу. (Ойланып қалады). Тағы да кім қалып қойды?

Бұршақ. Айран – алтау.

Айран. (Аң-таң болып). Ә-ә, өзімді санамаған екенмін ғой! Апыр-ай, осы мен неге ылғи өзімді өзім ұмыта берем, а?!

Бұршақ. Ақ көңілің ғой, Айран-еке, ақ көңілің!

Қазы. Ұмытшақсың!

Айран. Жо-жок, маған ұмытшақ болуға болмайды! Өйткені, бірер күн ұмыт қалсам болды, ашып кетемін. Содан соң менің ешкімге керегім болмай қалады. Жә, жарайды!

Асан ата. (Қуанып). Бәрекелде-е, бәрекелде-е! Онда мен ертең мынау қара қазанның астына от жағайын!

Осы сәтте ас үйдегі сөренің бірі қозғалып, жып-жылпыр қағазға оралған бір шетелдік фирманың Кеспесі атып шығады.

Кеспе. Токтаңдар! Мені неге шақырмайсындар?

Бұршақ. Бұл кім өзі?

Қазы. Бөтен жақтан келген кеспе ғой! Өзі сондай сүйкімсіз...

Кеспе. Не-е?.. Кеспе болмаса, Қазының дәмі болушы ма еді?!

Бұршақ. Ха-ха-ха?

Қазы. Неге күлесің?

Бұршақ. Жо-жок. Қазеке, сенің сөзіңе емес, мы... мына Кеспектің сөзіне күліп тұрмын.

Кеспе. Менің атым Кеспек емес. «Тон-тон!» Мұхиттың ар жағынан келгенмін. Наурыз көже жасалатын жеті дәмнің құрамына кіруге толық құқым бар.

Асан ата. (Аң-таң болып). А-а...

Тары. Иә, ата. Ақ әжем жылда ұн илеп, жіп-жіңішке етіп кеспе кесуші еді.

Асан ата. Апыр-ай, ә, мен осы ауқат жегеннен басқа түк білмеймін бе деп қалдым!.. Олай болса, көжеге кеспе салайық.

Бұршақ. Қалай? Сіз ұн илей алмайсыз ғой.

Асан ата. Енді... Илей алмасақ, үйренеміз!

Бұршақ. Ха, үйренеміз! Бір күн қалғанда ма?

Асан ата. Е-е, несі бар?..

Кеспе. Сол да сөз болып па?! Дап-дайын кеспе – мына мен бар емеспін бе? Уыстап алыңыз да сала салыңыз! Қиналмаңыз, ата!

Асан ата. Жөн-ақ! Ой, айналайын! Әп, міне, енді көжеге қосылатын дәмнің саны да жетеу болды! Ертең наурыз көже пісіруге толық дайынбыз!

* * *

Түн. Асан ата өзінің биік кереуетінде қорылдап ұйықтап жатыр. Кенет үстінде жып-жылтыр қызыл көйлегі бар «Тон-Тон» кеспесі бір бұрыштан шыға келеді де жан-жағына менсінбей қарап, мұрнын шүйіреді.

Тон-Тон. Қарашы бұларды, күндерін көре алмай жүріп, қазандарын қызғанады. Өй, өңшең қара қаспақтар! Сендер менің кім екенімді білмей жүр екенсіңдер! Ха-ха, танығайын мен сендерге Тон-Тонның кім екенін?! Бастарыңды иіп, қолдарыңды қусырып, «Тон-Тон ханым, құзырыңызға құлдық!» деп, әлі-ақ алдыма келерсіңдер жорғалап.

Себебі, мен – төрт құрлыққа танымал Тон-Тонмын! Мұхиттың арғы жағындағы алпауыт елде туғанмын. Ал сендер кімсіңдер?! Тіп-фу! Майы сорғалаған қара Қазы! Тіп-титтей Тары! Су тисе болды, ісіп-кеуіп шыға келетін мақтаншақ Бұршақ! Ілмиген Бидай! Шіп-шидей Күріш! «Уф!» деп үрлеп жіберсем, аяқтарың көктен келеді!

(Ол енді жан-жағына ұрлана қарап, ақырын ғана дауыстайды).

Ау-у, қайдасындар менің продюсерлерім мен менеджерлерім, дилерлерім мен делдалдарым!.. Мына менің кім екенімді танытындар мынау ақымақ шалға!

Осы сәтте тауық шақырады. Таң атады. Асан ата ұйқысынан оянып, керіліп-созылып, радионы қосып, күнделікті денешынықтыруын жасай бастайды. Кенет радиодағы: «Бір, екі, үш! Оңға, солға!» деген музыка кілт үзіліп, жарнама басталады.

Жарнама. «Сіздер дүниедегі ең дәмді тамақты білесіздер ме?»

Асан ата. Ет болар.

Жарнама. Жо-жок. Таппадыңыздар! Ет емес. Балмұздақ та емес. Ол – «Тон-Тон» кеспесі!

Асан ата. Сөзіңе болайын!

Ол радионы өшіріп тастайды.

Асан ата. Осы күні бұлар «Жарнама, жарнама!» деп, радиодан не болса соны оттай беретін болып кетті өзі!

Енді ол телевизорды қосады. Онда да әлгі жарнама өтіп жатыр.

Жарнама. «Бұл дүниедегі ең дәмді, тіске жұмсақ, бойға сіңімді, денсаулыққа пайдалы ас – «Тон-Тон» кеспесі!

Асан ата телевизорға қарайды да аң-таң болады. Өйткені, дәл қазір телевизордан жып-жылтыр қызыл қағазға оралған «Тон-Тон» кеспесін көрсетіп жатыр еді.

Жарнама. «Тон-Тон» кеспесін жеген де арманда, жемеген де арманда! Өйткені, оның құрамында қойдың майлы еті, жылқының қазы-қартасы мен жал-жаясы, сондай-ақ, бидай, тары, бұршақ, күріш, айран, сүт, қаймақ, құрт, ірімшік – бәрі-бәрі бар! Өйткені, бұл таңғажайып «Тон-Тон» кеспесі ғой!

Осы сәтте жып-жылтыр қызыл көйлек киген «Тон-Тон» кеспесі бұрала басып, аң-таң болып отырған Асан атаның алдынан өте шығады. Тап бір сән үлгісін көрсетіп жүрген сұлу бойжеткен секілді.

Жарнама. Ол дүниедегі ең тез пісетін, ең дәмді тамақ!

«Тон-Тонды» пісіру үшін от жағып, қазан асып әуре болмайсыз!

Асан ата. Оу, сонда... Ол қалай піседі?!

Жарнама. «Тон-Тонды» қайнаған суға салсаңыз болды. Он минутта былбырап, хош иіс танауыңызды жарып, бұрқырап пісе қалады!

Асан ата. Oh-ho! «Піс «Тон-Тоным» піс. Кел, аузыма түс!» десең болғаны екен де! Қандай, ғажап, ә?!

Ас үйдегі «Тон-Тон» кеспесі Асан атаның көз алдында құлпырып сала береді.

Асан ата. (Оған таңдана қарап, басын шайқайды). Апыр-ай, сенің мұндай керемет екенінді кім білген?! Қане, қане... Тон-Тон-жан, бері келе қойшы өзің!

«Тон-тон» былқ-сылқ етіп, бұрала басып, Асан атаның алдынан сыландап тағы да бір өте шығады.

Асан ата. Пай-пай! Құрамында ет те, сүт те, бидай да, тары да, бәрі де бар дейді! Әй, мүмкін... мүмкін...

(Асан ата ойланып қалады).

Мүмкін, Наурыз көжені осы «Тон-Тонның» өзінен тез-ақ дайындап жіберсем қайтеді? Сонда...

«Тон-Тон» кеспесі. (Асан атаның жанына жүгіріп келеді). Иә, сонда кемпіріңіз де көзді ашып-жұмғанша жазылып кетеді!

Асан ата. (Оған риза болып). О, тоба! Он минутта Наурыз көже дайын болса, Ақ кемпірім, расында да, бір ұрттап жазылып кетеді-ау, ә?!

Тон-Тон. Әрине.

Асан ата. Олай болса, мен неғып тұрмын состыып?! Тезірек, иә, тезірек іске кірісейін!

Тон-Тон. (Қуанып). Ур-ра! Тезірек, тезірек!

Асан ата. (Асып-сасып). Әлгі іліктір шәуғімге су қайнатайын!

Тон-Тон. Қайнатыңыз!

Асан ата. Сөйтіп, оны... оны тостаққа құяйын!

«Тон-Тон» кеспесі. Қалауыңыз білсін! Бәлкім, суды қазанға құярсыз.

Асан ата. Онда көже көп болады-ау, ә!

Тон-Тон. (Қолын шапалақтап). Иә, иә! Бүкіл қалаға жетеді!

Асан ата. Асып-сасып, қолына электр шәуғімді алып, қалбақтап су қайнатуға кіреседі. «Тон-Тон» кеспесі болса, оның жанынан қалмай, бірге ілесіп, асықтыра бастайды.

Көңілді музыка ойнайды.

* * *

Ақбидай ұйқысынан оянып, бегін жуып, шашын тарап ас үйге кірген кезде ыстық су құйылған қазанда буы бұрқырап рақаттанып жатқан Тон-Тонды көреді.

Ақбидай. Өй, сен не істеп жатырсың?

Тон-Тон. Ванна қабылдап жатырмын!

Ақбидай. Ас үйде ме? Масқара-ай! Асан ата көрсе, не болады?! Мұның ұят емес пе?!

Тон-Тон. Ха-ха! Асан ата көрсе, не болады?! Ол шал қазір осында су алып келді. Сосын менің арқамды ысып береді. Сенбе-сең, көр де тұр!

Осы кезде қолында бір шәуғім суы бар Асан ата кіріп келеді қаупалақтап. Ол тіпті, Ақбидайды байқамай да қалады.

Асан ата. (Шәуғімдегі суды қазанға құйып жатып). Міне, міне!.. Қазір тағы да әкелемін. Осы үйдегі іліктірдің бәрін қосып су қайнатып жатырмын. Айналайын, Тон-Тонжан, сен мені бір үлкен әуре-сарсаңнан құтқардың-ау!

Тон-Тон. Саспаңыз ата, бәрі «шик» болады?

Асан ата. (Түсінбей қалып). А-а?!.

Тон-Тон. Бәрі жақсы болады! Бүкіл қала риза болсын десеңіз, тағы да су әкеліп құя беріңіз, құя беріңіз!

Асан ата. Мақұл, айналайын, мақұл! (Ол тағы да жүгіре басып шығып барады).

Тон-Тон. (Еркелеп). Асан ата!

Асан ата. Әу, айналайын!

Тон-Тон. Мені былай, аздап қозғап-қозғап жіберіңізші! Сонда мен дәмді болған үстіне дәмді бола түсемін.

Асан ата. Қазір, Тон-Тонжан, қазір! (Қолына үлкен ожауды алып, «ваннада» жаққан Тон-Тонды қозғап-қозғап жібереді).

Тон-Тон. (Рақаттанып). О-о, қандай тамаша! Тағы да, тағы да! Ой, рақат-ай!

Міне, осының бәріне таңғалып, көзі бақырайып қарап тұрған Ақбидай осы кезде ұялғанынан бетін басады.

Тон-Тон. (Оны мазақтап). Көрдің бе?! Асан атай менің арқамды қалай-қалай ысады, ә?! (Асан атаға қарап). Уһ, аташка, сіз тағы да ыстық су әкеліңіз!

Асан ата. Қазір, айналайын, қазір!

Жүгіре жөнеледі.

Ақбидай. (Айран-асыр болып). Бү... бүгін А... Асан атаға не болған өзі?! Мына Кеспектің алдында құрақ ұшып, жан-жағына қарауға мұршасы болмай, жас бала сияқты зыр жүгіріп жүргені несі?!

Тон-Тон. Әне, көрдің бе?! Ол енді менің әміріммен жүреді. Мен не айтсам соны істейді!

Ақбидай. (Мұңайып). Иә, көріп тұрмын! Бірақ... бірақ оның не істеп жүргенін түсінсем бұйырмасын. Бүгін Наурыз көже жасаймыз деп келісіп едік қой?!

Тон-Тон. Ха-ха! Наурыз көже!.. Сол да сөз болып па?! (Ол «ваннадан» шығып, халатын киіп, ортадағы орындыққа екі аяғын айқастырып отыра кетеді).

Осы кезде ас үйдегі Тары, Бұршақ, Күріш, Қазы, Айран оянады. Олар Тон-Тонның мына отырысына аң-таң болып, үрпиісіп қалады.

Айран. Оу, мына Кеспенің ас үйде керіліп отырғаны несі?!

Бұршақ. Мәссаған! Шомылған ба өзі, немене?!

Тон-Тон. Аһ! Қандай дөрекілік! (Оларға шекесінен қарап). Мен ванна қабылдап шықтым ғой!

Қазы. Не дейт?!

Тары. Ванна қабылдаған көрінеді!..

Қазы. О несі тағы?!

Күріш. Кір-қоңын жуған ғой!

Қазы. Астапыралла! Ас үйді харам қылды десеңші. Әй, мен мұны!..



Ол орындықта шалқайып отырған Тон-Тонға қарай ұмтыла бергенде, Ақбидай алдынан шығып, жолын кес-кестейді.

Ақбидай. Сабыр, Қазы, сабыр! Оған Асан ағайдың өзі рұқсат беріпті.

Бұршақ. Мүмкін емес.

Айран. Өгірік айтады!

Ақбидай. Ме... Мен оны жаңа өз көзіммен көрдім!

Күріш. Рас па?

Тон-Тон. Рас болғанда қандай!

Ақбидай. Иә, солай... Асан атаның өзі «ванна» дайындап, су тасып жүр!..

Тары. Апыр-ай, өз құлағыма өзім сенбей тұрмын.

Асан атаға бүгін не болған өзі?

Бұршақ. Алжыған шығар.

Айран. Тәйт әрі, өйтіп жаман сөз айтпа!

Бұршақ. Ау, енді, бұрын-соңды Кеспе шомылдырған шалды кім көріпті?!

Ақбидай. Әне, Асан атаның өзі де келе жатыр!

Күріш. Әй, қызық болсын, біз жасырынып қалайық!

Айран. Иә, сөйтіп, мына Кспекті қалай шомылдыратынын өз көзімізбен көрейік!

Олар жасырынып қалады. Ас үйге бір шәугім қайнаған су алып кірген Асан ата орындықта шалқайып отырған Тон-Тонға қарап, таңданып қалады.

Асан ата. Оу!.. Оу, айналайын, Тон-Тонжан, сен судан шығып кетіпсің ғой. Мұның не?

Тон-Тон. Мен жақсылап шом... (Тілін тістей қалды). Ә-ә, иә, мен әбден балбырап пістім, ата! Енді тек, үстімді бір шайып жіберсеңіз болғаны!

Асан ата. (Қауқылдап). Ә-ә, иә, келе ғой, Тон-Тонжан, келе ғой!

Тон-Тон үстіндегі халатын шешіп, бұрандай басып келіп, қазанға түседі. Асан ата оның үстінен су құйып тұрады.

Тон-Тон. Ой, рақат-ай!

Асан ата. (Қуанып). Қалай? Енді бабыңа келдің бе, Тон-Тонжан. Он минут та зымырап өте шықты. Бүкіл қалаға жететін Наурыз көже дайын боп қалған шығар.

Тон-Тон. Әрине. Құйып алыңыз да, тарата беріңіз!

Асан ата. Ау, олай болса, мен алдымен өзімнің Ақ кемпіріме апарып берейін. О, шіркін, бір ұрттасам болды, жазылып кетемін деп күтіп жатыр ғой!

Асан ата қазандағы судан бір кесе құйып алып, шыға жөнеледі. Осы кезде бұрыш-бұрышта жасырынып тұрған Ақбидай, Тары, Күріш, Бұршақ, Айран, Қазы шығады. Олар қазанның жанында керіліп-созылып, масаттанып тұрған Тон-Тонға сұраулы жүзбен сынай қарайды.

Айран. Ау, мынау Асан атаның Ақ кемпіріме Наурыз көже апарып берейін деп қалбалақтап жүргені несі? Менің құлағым жаңылыс естіген жоқ па, осы?!

Бұршақ. Апыр-ай, маған да солай естілген сияқты.

Күріш. Мен де...

Тары. Иә. Асан атаның Наурыз көже дегенін бәріміз де естідік. Сонда... (Ол қазан жаққа үрейлене қарайды).

Қазы. Иә, сондағы оның Наурыз көже деп жүргені мынау қойыртпақ па?!

Қазы сұқ саусағын қазанға батырып алып жалайды да, жиіркеніп түкіріп тастайды.

Тон-Тон. Ой, мәдениетсіз! Неге түкіресің?!

Бұршақ. (Қазанды нұсқап). Бұл немене?

Тон-Тон. Наурыз көже!

Күріш. Мәссаған, ішінде бірді-екілі қалқып жүрген кеспеден басқа түк жоқ, сылдыраған қара су ғой мынау!

Айран. (Қазанға үңіліп). Түрінің жаманын-ай! Боп-боз, сүп-сү-йық бірдеме!

Тон-Тон. Білем, білем! Сендердің іштерің күйіп тұр!

Айран. Не-ме-не?

Тон-Тон. Қызғаншақсындар!

Бұршақ. Біз бе?!

Тон-Тон. Иә-ә!

Айран. Оу, сонда біз сенен нені қызғанамыз?

Қазы. Мынау қойыртпақты ма?

Тон-Тон. Ол қойыртпақ емес! Наурыз көже?

Күріш. Астапыралла!

Тары. Сіз... сіз шынымен-ақ солай ойлайсыз ба?!

Тон-Тон. Ол жай ғана Наурыз көже емес, суперкөже! Өйткені, Тон-Тонның, яғни менің бойымда ең дәмді, қуатты, сіңімді, жылы да жұмсақ дәмге тән қасиеттердің бәрі бар!

Сондықтан да, Асан ата мені ғана таңдады!

Қазы. Не дейт!

Бұршақ. Сонда біз енді оған қажет болмай қалғанбыз ба, немене?..

Күріш. Солай болғаны ғой!..

Ақбидай. Бәсе, бәсе... Әлгінде атайдың наурыз көже он минутта дайын болды деп, зыр жүгіріп бара жатқанынан қорқып едім-ау!.. Қайран, Ақ әжем мына қойыртпақты ішкен соң жағдайың қалай болар екен?!

Айран. Уланып өлетін шығар!..

Тары. Тәйт әрі, Ақ әжем ондай ақымақ кісі емес. Дәмін татып көреді ғой әуелі!..

Айран. Ал Асан атамыз ше?.. Мен... мен ол кісіні ақылды, данышпан қария болар деп жүрсем!..

Ақбидай. «Білмеген у ішеді» деген осы да!

Осы сәтте таранып, сыланып, қасын керіп, бұрала басып ортаға шыққан Тон-Тон оларға шекесінен қарап, менсінбей тұрғанын анық байқатады.

Тон-Тон. Иә-ә!.. Енді неғып тұрсындар?! Наурыз көже әлдеқашан дайын болды. Супертехника! Суперкеспе! Суперкөже! Он-ақ минутта пісті!

Иә-ә, менің сендерге жаным ашып тұр. Өйткені, ескі заман өтті. Сендер сияқты жалқау, жайбасар, уақыт ағысына ілесе алмай қалған қарабайыр жұрттың енді ешкімге қажеті жоқ.

Барындар! Жолдарың әне, базарға барып күн көресіндер ме, көше кезіп, қайыр сұрап кетесіндер ме, жолдарың ашық!

Ақбидай, Тары, Бұршақ, Айран ақырын-ақырын шегініп, есікке қарай жылжиды. Тек қайсар Қазы ғана біраз уақытқа дейін өз орнынан тапжылмай, Тон-Тонға өшіге қарап тұрады. Осы кезде төрті бөлмеден асығып-үсігіп келе жатқан Асан атаның даусы естіледі. Оның бүгінгі тірлігіне қатты ренжіп тұрған Қазы кенет қолын бір сілтеп, басқалармен бірге шыға жөнеледі.

Асан ата. (Ас үйге енгізіп кіреді). Тон-Тонжан, әй, Тон-Тонжан!

Тон-Тон. Иә, ақсақал, не айтасыз?

Асан ата. Сен екеуіміз жасаған суперкөже менің Ақ кемпіріме ұнамай қалды білем, бір ұрттады да басын шайқап: «Апыр-ай, менің аузым дәм сезуден қалған білем!..» деп, сұлқ жата кетті. Енді қайттім?!.

Тон-Тон. Ха-ха, баяғыдан бері кемпірлердің бәрі сондай, керітартпа болып келеді. Ол байқұс суперкөженің қадірін қайдан білсін. Сол баяғы сасық көжесін аңсап жатқан да!..

Асан ата. Әй, әй!.. Тон-Тонжан, сенің сөзің қандай ащы еді!..

Тон-Тон. Айып етпеңіз, ақсақал, кейде осылай шындықты шырқыратып бетке айтатыным бар.

Асан ата. Апыр-ай, сонда менің кемпірімнің халі соншалықты мүшкіл болғаны ма?.. «Аузым дәм сезбей қалыпты» дейді...

Тон-Тон. Ауру адамға дәмнің қажеті қанша, дәрі беру керек қой.

Асан ата. Солай болар... (Уайымдап, күрсінеді). Қайдан білейін, әлгі суперкөже... а-а, не деп барамын өзі, наурыз көжеден бір ұрттасам, жазылып кетемін деп еді... Әй, өзімде де ес жоқ. Менің көңліме қарап айта салғаны болар. Қой, енді, дәрігер шақырайын!

Тон-Тон. Иә, сөйтіңіз, сөйтіңіз! Көже ішіп, жазыла салатындай жеңіл-желпі ауру емес-ау ол кісінікі.

Асан ата. Солай болар... Тездетіп қоңырау шалайын!

Сөйтіп, Асан ата шыға жөнеледі. Тон-Тон болса тағы да керіліп-созылып, орындыққа келіп отыра кетеді.

Тон-Тон. Уһ, шаршадым! Таң аппай тұрып, көже жасау оңай деймісің!..

Ас үйге бірінен соң бірі тізіліп Ақбидай, Тары, Бұршақ, Күріш, Айран және Қазы кіреді. Тон-Тон оларды ұнатпай, неге келдіңдер дегендей мұрнын шүйіреді.

Ақбидай. Біз бәрін де естідік.

Бұршақ. Ақ әжемізге сенің қойыртпағың ұнамапты.

Тары. Ол кісінің тәбеті таза ғой. Тамақты талғап ішеді.

Айран. Иә, сен сияқты көшенің тамағы жақпайды оған.

Күріш. Үйбай-ау, құр суға салған кеспе ауру тұрмақ, сау адамға да ас болмайды.

Қазы. Әй, бұның анау ақсақалдың миын әбден ашытып, әуре қылғанын айтамын-ау! Маған салса, желкесінен бір түйіп, келген жағына тырқыратып қуып жіберер ем!

Тон-Тон. Сендер не... сендер мені қорқытпақсындар ма? Қане, шығындар бұл жерден!

Қазы. Не-е?!

Тары. Сабыр, Қазы, сабыр! (Тон-Тонға қарап). Сен бізді ешқайда да қуа алмайсың!

Ақбидай. Қара шаңырақтың ежелден келе жатқан құты, ырысы мен берекесі біз боламыз.

Тон-Тон. Ха-ха! Сендердің замандарың өткен! Тю-тю! Бүгінгі жұрттың баяғыдай от жағып, қазан асып, қазы қашан піседі, күріш қашан жұмсарады деп сарыла күтіп отыратын уақыты жоқ. Олардың жұмысы көп. Сондықтан да, олар көзді ашып-жұмғанша-ақ пісетін біз сияқты супертамақтарды таңдайды.

Бүгінгінің ырысы мен құты, берекесі мен байлығы біз боламыз!

Тары. Олай болса, Ақ әжеміз сені неге ұнатпады?

Күріш. Иә, ол кісінің жұмысы аз ба еді, немене?

Бұршақ. Апыр-ау, десеңші!..

Тон-Тон. Менің білуімше, сендердің ақ әжелерің нағыз ескінің көзі. Көне заманның қалдығы. Әйтпесе, менің осы үйге келгеніме бақандай бес айдың жүзі болды. Байқұс кемпір қолына алып үңіліп қарайды да, мынау әдемі көйлегімнің сыртындағы ағылшынша жазуларды оқи алмай, қайтадан қоя салады. Сөйтіп күні бойы күйбеңдеп қамыр ашытады, нан илейді. Әй, надандық-ай десеңізші! Ыстық суға салса болды, буы бұрқырап, бойым балбырап, әп-сәтте пісе салатын Тон-Тонның ерекше қасиетін білмейді ғой ол, білмейді!

Осы кезде есік қоңырауы шылдырайды. Ас үйде өзара айтысып-тартысып жатқан жеті дәм бір-біріне қарап, үрпиісіп қалады. Бұршақ жүгіріп барып, терезеден сығалайды. Содан соң, ас үйдегілерге бұрылып қарайды.

Бұршақ. Ойбай, дәрігер келіп тұр! Қолында үлкен қобдишасы бар.

Айран. Апыр-ай, Ақ әжеміздің жағдайы қиын болғаны-ау, ә?!

Күріш. (Үрейленіп). Бұл.. бұл дәрігер жайдан-жай келмейді ғой. Айналайын, Ақ әжем... (Жыламырап). Айналайын, Ақ әжем қатты ауырып қалған ғой. Биыл тіпті наурыз көже жасауға да шамасы келмеді. Оны енді ауруханаға алып кететін шығар!..

Тон-Тон. (Басын шалқайтып, Күрішке мүсіркей қарап). Подумаешь, үйге дәрігер келді деп көзінен сорасын ағызып. Дәрігер келсе, несі бар екен?! Ол адамның жанын алуға келмейді. Керісінше, ауруын емдеп жазуға келеді.

Күріш. Кетші әрі! Осының бәріне сен кінәлісің. Ол... ол жылдағыдай дәмді, құнарлы наурыз көже ішсе жазылып кетер еді.

Тары. Сабыр ет, Күріш. Тон-Тон дұрыс айтады. Дәрігерден қорқудың қажеті жоқ.

Ақбидай. Жаратушы ием, Ақ әжемді сақтай гөр, сақтай гөр!..

Тон-Тон. (Ақбидайға жақтырмай қарап). Мынаны қара!..

Қазы. (Қабағын түйіп). Сен әуелі өзіңе қара! Ақ әжем бидай, күріш, тары, бұршақ, әрине, қазы салып, айран қатқан наурыз көже ішсе, расында да, жазылып кетер еді. Ал сен... сен оңбаған Асан ақсақалды алдап, өзің шомылған кір суды наурыз көже деп сендірдің. Міне, енді, соның зардабын Ақ әжеміз тартып жатыр!

Тон-Тон. Өгірік айтпа. Ол... ол «Тон-Тон» кеспесінен жасалған суперкөжені ішкен жоқ!

Қазы. Әрине, ішкен жоқ! Есі бар адам кір суды қалай ішеді?! Жиіркеніп, ұшық шығып, одан бетер ауырып қалмай ма? Әліне қарамай, әлгі жуындысын суперкөже дейді ғой тағы да!

Айран. Иә, Ақ әжем айтқандай, айран, құрт қатпаған көженің кара судан несі артық?!

Күріш. Әп, бәрекелді, айран қатқан көженің дәмін келтіретін Күрішті де ұмытпағайсың!

Бұршақ. Паһ, піркін, берекесі тасыған үй ол көжеге міндетті түрде бұршақ қосады ғой.

Ақбидай. Иә, бәріміз жиылғанда барып наурыз көженің маңызы артады. Дәмі тіл үйреді.

Тары. Сабыр етіндер, достарым, сабыр! Өне, дәрігер шығып келе жатыр. Не айтар екен, тыңдайық.

Есік ашылып, ас үйге Дәрігер мен Асан ата кіреді.

Асан ата. Иә, қалай?

Дәрігер. Шынымды айтсам, бәлендей бір қорқынышты ештеңе байқалмайды. Жай әншейін, салқын тигізіп алған ғой. Қарт адамға ол да, әрине, оңай емес. Ең бастысы, сұйық, дәмді ас ішуі қажет. Сөйтіп, әл жинап алса тез-ақ сауығып кетеді.

Асан ата. Иә, өзім де солай ойлап, бүгін тездетіп «Тон-Тон» кеспесінен супер... ә-ә, иә, наурыз көже жасап бердім емес пе?! Бірақ... соны ішпеді ғой. Қасықты аузына апарды да басын ақырын ғана шайқап, тәбетім болмай тұр деді.

Дәрігер. Бәлкім, әлгі... қалай еді? Кеспені айтамын.

Асан ата. Тон-Тон.

Дәрігер. Иә, сол Тон-Тоныңыз ұнамаған шығар. Дәмі қалай еді өзінің?

Асан ата. Білмеймін. Өзім тіпті ұрттап та көргенім жоқ. Ақ кемпірім тезірек жазылып кетсінші деп, алды-артыма қарамай ала жүгірдім емес пе! Бірақ, оның жарнамасы, ой-бай, керемет енді, керемет!

Дәрігер. Им-м, иә!.. Жарнамасы дейсіз бе?! Әйткенмен, осы күні жарнама жасап, тышқақ лағын тұлпар деп өткізіп жатқандар жеткілікті ғой. Сондықтан да, Асеке, өзімізге жақсы таныс, үйреншікті асқа ештеңе жетпейді. Мысалы, жылқының қазы-қартасы, дарқан даланың ақ бидайы, тарысы, күріші, тіпті бар ғой, бұршағына дейін ем емес пе?! Ал оған айран, құрт, қымыз, шұбат қосылса, тіпті керемет!

Асан ата. Дұрыс айтасыз, дәрігер. Айып менен болды. Қартайған кісінің есі бір кіріп, бір шығып жүреді екен ғой. Кеше осы, ақыл-есім бүтін кезде үйдегі жеті түрлі дәмнен қатырып тұрып наурыз көже жасамақ болғанмын. Содан кейін, таңертең әлгі жарнамасы құрғырды көрдім де, көңілімде бір желік пайда болды. Қаспен көздің арасында жасай қоятын көже дегенге сеніп, алды-артыма қарамай кірістім де кеттім!..

Дәрігер. Әлі де кеш емес, ақсақал! Үлгересіз. Дәмді көже ішсе, кемпіріңіз тез-ақ жазылып кетеді. Оған мен сенімдімін.

Асан ата. Бәрекемді, дәрігер, бәрекемді-і! Онда менікі не тұрыс, тездетіп іске кірісейін!

Дәрігер. (Күліп). Иә, сөйтіңіз. Бірақ, асықпаңыз. Алдын ала ойлап, кесіп, пішіп, содан соң, ерінбей, жалықпай жасаңыз. Ал, жақсы, мен жүрейін, енді! Наурыз құтты болсын!

Асан ата. Сиярларыңыз сүтті болсын!

Екеуі күліп, бірін-бірі құшақтап, қош айтысады. Асан ата дәрігерді шығарып салуға кетеді.

Олардың арасындағы әңгімені түп-түгел тыңдап, қуаныштары қойнына симай тұрған Ақбидай, Тары, Күріш, Бұршақ, Айран және Қазы бір-біріне қарап күліп, қолдарын бұлғайды.

Асан ата қайта кіреді ішке. Аз-кем демін алып, ес жиғысы келгендей орындыққа сылқ етіп отыра кетеді. Жан-жағына көз салып, ойға шомады. Кенет үстел үстінде тұрған тостаққа күдіктене қарайды.

Асан ата. Әй, осы Тон-тон кеспесінен жасалған суперкөжеден өзім расында да, бір қасық дәм татып көрмеппін-ау!..

Ол қолына қасықты алып, көжеден бір ұрттап көреді де түкке түсінбегендей бет-аузын тыржитып, үн-түнсіз отырып қалады.

Асан ата. Әй, мынау немене?! (Өзінен-өзі жиіркеніп). Масқара-ай! Онсыз да сырқаттанып, төсек тартып жатқан Ақ кемпіріме осыны іш деп апарған менде де тышқанның миындай ми жоқ!..

Алақтап жан-жағына қарайды. Көзі қабырғада ілулі тұрған сағатқа түседі.

Асан ата. Қой, ойбай, сағат он боп қапты ғой. Тездетіп наурыз көже жасауға кірісейін. Ау, ау, айналайын Ақбидай, Тарыжан, Күрішжан, Бұршақжан, Айранбай, Қазыбай, қайдасыңдар?!

Хор. Біз мұндамыз, ата!

Бәрі ортаға шығып, билей жөнеледі.

Соңы

МАЗМҰНЫ

Ақ ұлпа	3
Оралбай атам оралман емес.....	28
Бала-махаббат.....	43
Жұмбақ үй.....	81
Қашқын бала.....	115
Тасболат	147
Бақыршаның балалары	179
Ақшоқыдағы атты әскерлер.....	203
Сиқырлы апельсин.....	218
Канал жағасындағы ауыл.....	232
Әңгімелер	248
Менің інілерім.....	248
Таңсәріде оянған жұлдыздар	264
Жеңіс.....	272
Жол	280
Біз қыздарды қалай құттықтадық? ..	283
Таңғажайып бақша	294
Балаларға арналған қойылымдар.....	314
Наурыз көже	314

ОРАЗОВ НҰРҒАЛИ

АҚ ҰЛПА

Редакторы – Мейрманова Гульжан Асановна
Тех. редакторы – Сартаева Бахыт Алишимбекова
Дизайнері – Сырлыбаев Канатбек Аскарлович
Корректоры – Орынтаева Жанна Ескермесовна
Беттеген – Ақылова Ақиқат Төрбаевна

«Асыл сөз» баспасы
e-mail: asulsoz@mail.ru

Басуға 07.09.2022 ж. қол қойылды
Шартты баспа табағы 17,3
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$
Офсеттік басылым.
Қарпі түрі «Times New Roman»
Таралымы 3000 дана.

ISBN 978-601-80713-8-6



9|78 601 8|071 386